

**ҚР БҒМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚР МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РК
МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ РК
АССОЦИАЦИЯ СОЦИОЛОГОВ КАЗАХСТАНА**

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE RK
MINISTRY OF CULTURE OF THE RK
ASSOCIATION OF SOCIOLOGISTS OF KAZAKHSTAN**

**II ФОРУМ
МОЛОДЫХ СОЦИОЛОГОВ КАЗАХСТАНА**

(в рамках V Конгресса социологов Казахстана
«Стратегия «Казахстан-2050: социальное
развитие общества» и V Конгресса социологов
тюркоязычных стран «Национальные стратегии
развития тюркоязычных стран»)

**Алматы
2014**

УДК 316.3 (063)
ББК 60.5
М 34

Главный редактор:

Президент Ассоциации социологов Казахстана,
доктор социологических наук, профессор *М.М. Тажин*

Редакционная коллегия:

член-корреспондент НАН РК, доктор социологических наук,
профессор *З.К. Шаукенова* (отв. редактор),
доктор социологических наук, профессор *С.Т. Сейдуманов*,
доктор социологических наук, профессор *Г.С. Абдирайымова*,
доктор социологических наук, профессор *Ш.Е. Джаманбалаева*,
доктор социологических наук, профессор *Г.О. Абдикерова*,
доктор социологических наук, профессор *Н.У. Шеденова*,
кандидат социологических наук *С.А. Амитов*,
кандидат социологических наук *Ю.В. Кучинская*,
докторант PhD *Н.Ж. Биекенова*,
докторант PhD *А.А. Кокушева*

М 34 Материалы II Форума молодых социологов Казахстана (в рамках V Конгресса социологов Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050: социальное развитие общества» и V Конгресса социологов тюркоязычных стран «Национальные стратегии развития тюркоязычных стран»). – Алматы, 2014. – 600 с.

ISBN – 978-601-304-008-0

Данный сборник включает в себя научные статьи молодых казахстанских социологов, подготовленные в рамках тематики V Конгресса социологов Казахстана и V Конгресса социологов тюркоязычных стран.

Материалы адресуются органам государственного управления, а также научным сотрудникам, преподавателям, магистрантам и докторантам PhD, специализирующимся в области социологии и социально-гуманитарных наук.

УДК 316.3 (063)
ББК 60.5

ISBN – 978-601-304-008-0

© Институт философии, политологии
и религиоведения КН МОН РК
© Ассоциация социологов Казахстана, 2014
© Тажин М.М., 2014

СОДЕРЖАНИЕ

Алтынбеков А.Б., Шнарбекова М.К. Жастар мәселелерін зерттеудегі теориялар мен концепцияларға шолу.....	9
Ахметова И.Ә., Нурланова С.С., Туткышева Ғ.Т. Мақсатымыз – жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу.....	17
Аширбаева Ф. Қазақстан Республикасындағы шетелдік еңбек мигранттары.....	24
Байбахов Н.А. Қазақстандық патриотизм және жастардың діни дүниетанымын дамыту мәселелері.....	30
Байгабылов Н.О. Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық саласында оралмандардың әлеуметтік бейімделу мәселелері.....	35
Балықбаева А.Ш., Тленчиева Ш.М. XXI ғасырдың мамандарын дайындау: ЖОО-ы мен бизнес-қауымдастықтың әріптестігі Ресей білімінің бәсекеге қабілеттілігі мен сапа шарттары ретінде.....	41
Джанқадыров С.С. Жасөспірімдер арасындағы ауытқушылық мінез-құлықтың әлеуметтік себептері.....	47
Дүйсенова С.М., Болысбаева С.М. Жаһандық процестердің қазіргі жағдайдағы жоғары білім беру институтының дамуына әсері.....	58
Әлдибай И.Қ. Мүгедектерді жұмыспен қамсыздандыру.....	66
Желдибаева А.Т. Шағын және орта бизнесті дамытудың әлеуметтік мәнінің негіздері.....	74
Жолдасханова М.Б., Мырзабекова А.А. Жастар санасын қалыптастыру контекстіндегі интернеттің ықпалы.....	87
Жусупова А., Жаназарова З.Ж. Мүгедек балалары бар отбасылармен әлеуметтік жұмыстың маңыздылығы.....	94

Жұмагулов М.О. Тәуелсіз Қазақстан зайырлы және демократиялық мемлекет.....	102
Игенбай А.Н., Енсеєва В.Т. Әлеуметтанулық зерттеулердің негізгі объектісінің бірі – үй шаруашылығы.....	111
Ильясова Ф.Қ. «Коммуникациялық революция»: Қазақстандағы білім және тіл мәселесі.....	120
Көшекеев Е.А., Амитов С.А. Қазақстан дамуының басты негізі жастар және олардың білім деңгейі.....	127
Мамытқанов Д.Қ. Жасөспірімдердің өзіндік құндылық бағдарының қалыптасуын әлеуметтік талдау.....	135
Махмұтова З.Б., Биекенов К.Ү. Жалпы орта білім беру мектебі оқушыларының этносаралық қарым-қатынастарындағы толеранттық мінез-құлқы.....	144
Молдабекова А.Т. Интернеттегі әлеуметтік желілілердің жастардың әлеуметтенуіне әсері.....	153
Муталиев Б.А. Шетелдердегі ювеналды әділеттің модельдері.....	161
Мырзахметов С.Е. Қазақстан Республикасындағы халық санының өсуіне ықпал етуші факторларды социологиялық талдау.....	170
Нартаева М.А., Шеденова Н.У. Балалар үйінде тәрбиеленушілерге терапия әдістерін қолдану аясының қажеттілігі.....	177
Несипкалиев Д.Е. Оқушы жастардың өзін-өзі басқаруы мектеп оқушыларының азаматтық белсенділік факторы ретінде.....	184
Нусипова А.Ы. Студент-дефектологтарды инклюзивті білім беру жүйесіне дайындықтарын қалыптастырудың маңызы мен бағыттары.....	192
Нұран Д.Н. Ұлт денсаулығы – «Қазақстан-2050» стратегиясының негізгі құндылығы ретінде: қазіргі студент жастардың денсаулық мәселесі.....	199

Нурланова С.С., Ахметова И.А., Туткышева Г.Т. Жастарға патриоттық тәрбие берудің маңыздылығы.....	207
Омарова Ә.Т. Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді эмпирикалық зерттеу методологиясы.....	215
Оңдасынова М.У. Жастардың Қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне әлеуметтік бейімделуі.....	223
Отар Э.С. Қазақстан орта табының ұлғаюына білім беру жүйесінің әсері.....	231
Рахманова М.Т. «Қазақстан-2050» стратегиясындағы жаңғыртылу идеясын жүзеге асырудың негізгі әлеуметтік мәселелері.....	237
Сағындықова Б.Е. Қазақстан Республикасының еріктілік қызметі дамуындағы жастардың еріктілік бағдарламалары мен балалар қоғамдық ұйымдарының рөлі.....	244
Сарыбаев С.А. Қазақстан қоғамының экономикалық өзгерістері жағдайына жастардың әлеуметтенуі.....	251
Саясат А. Қазақстан жас ғалымдарының қазіргі қоғамдағы әлеуметтік орны.....	257
Сарыбаева И.С., Сұлтанова А.М. Әлеуметтік терапия және оны жүзеге асыру әдістері.....	264
Сембина Ж.Ж. ЖОО оқыту үдерісінде әлеуметтік жұмыстың кәсібилігін жетілдіру жолдары (әлеуметтік зерттеу нәтижелері).....	274
Сүлейменова Г.Т., Шымырбекова А.Ш. Жастардың денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін ұйымдастыру.....	283
Сүлейменова Г.Т., Мырзақұлова У.С. Жастармен әлеуметтік жұмыс мемлекеттік әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі ретінде.....	291
Торез Ш.Ә. Қазақстандық жас мамандардың ұлттық және шетелдік компанияларға жұмысқа орналасу мүмкіндіктері.....	299
Төрбекова А.А. Мәдени капиталдың әлеуметтік-экономикалық мазмұны.....	304

Турманова Ж.Е. Жастардың белсенділік құндылығын арттырудағы өзін-өзі тәрбиелеудің реттегіштік рөлі.....	311
Умирзаков М.Е. Дәстүр әлеуметтану пәні ретінде.....	318
Шнарбекова М.К. Өмір сапасы әлеуметтік дамудың көрсеткіші ретінде.....	326
Шнарбекова М.К., Алтынбеков А.Б. Әлеуметтік көңіл-күй категориясы: теориялық талдау.....	335
Әди Б. Ұлт зияларының бейнелеу өнері және жастар.....	346
Юсупов Қ.Е. Индустриалды-инновациялық даму стратегиясы инновациялық дамудың негізі ретінде.....	354
Кокушева Ә.А. Қазіргі Қазақстан жастарының саяси бағдарлары.....	361
Алтысбаева М.Б. Роль нравственно-духовного образования в системе ценностей современной молодежи.....	369
Апельганц Е. Некоторые аспекты функционирования католических общин Казахстана.....	375
Ашкенова Г.Т. Особенности религиозной идентичности молодых мусульман (по результатам социологического исследования).....	384
Базаркулова Ж.А. Влияние экстремизма на молодёжную среду.....	391
Баймуханова А.М., Алтысбаева М.Б. Субъективное благополучие как фактор успешной адаптации молодых специалистов к профессиональной деятельности.....	399
Байсалбаева Б.А. Проблемы академической осведомленности в процессе выбора профессии молодежью в современном обществе.....	406
Бейсенбаев А.К. Социодиагностика взаимодействия казахской и русской культур в Павлодарской области.....	416
Бейсенова А.А. Формирование религиозной идентичности в современном обществе.....	425

Бурханова Д.К. Доход и материальное положение казахстанского среднего класса: ограничения и оценки.....	432
Джумасова Г., Есимова Д.Г. Проблемы эффективной реализации механизма социального партнерства в сфере защиты и охраны трудовых прав работников в Республике Казахстан.....	440
Әбдібек А.М. Евразийский национальный университет им. Льва Николаевича Гумилёва – инновационный университет будущего.....	447
Жусипкалиева Ш.С. Состояние и перспективы развития молодежного общественного движения в Республике Казахстан.....	453
Варкентин Е.В. Типология новых религиозных движений в Казахстане.....	459
Каримова К.У. Патернализм как основной фактор в развитии у подростков иждивенческих взглядов на жизнь.....	469
Касимова Г. Бренд как новая тенденция в ценностных ориентациях казахстанской молодежи.....	475
Киалбекова А.Г. К вопросу о функциональности молодежных организаций в Казахстане.....	481
Қуатова А.С., Қуатов А.К. Программа адаптации студентов к условиям обучения в вузе при реализации кредитной технологии.....	484
Кулейменов Д.К. Современные сберегательные стратегии казахстанских домохозяйств в посттранзитный период (на примере домохозяйств г. Астаны и Акмолинской области).....	490
Қусаинова А.Н., Садырова М.С. Социология Интернета.....	498
Лёвина Т.С. Проблема трудоустройства казахстанской молодежи в условиях динамизации рынка труда.....	503
Мелихова О.Е. Роль гражданского образования в системе ценностей современного общества.....	511

Мурат А. Влияние социальных сетей на формирование «новой религиозности» молодежи.....	517
Нуркатова Л.Т., Абдыкаликова М.Н., Шонбаева А.Н. Актуализация подготовки социальноориентированных кадров в сфере государственного управления.....	525
Оспанова Г.Е. Ценностные ориентации китайской молодежи.....	533
Серикжанова С.С. Некоторые тенденции развития социально-пространственной структуры Алматы на современном этапе.....	539
Серикова А.Н. Деинституциализация семейных отношений как социальный вызов глобализации современного общества.....	547
Тесленко А.Н., Аязбаева А.Т. Моделирование ценностных ориентаций молодежи в системе высшего образования.....	553
Удербаетова Л.Д. Казахстан-2050: фактор образования и молодежи.....	562
Nikolayeva O.V. The role of governmentality in forming of values and lifestyles among youth.....	570
Zaki M.Y., Shedenova N.U. Development of women positions in afghanistan society as challenge of modernization.....	576
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты туралы мәлімет.....	585
Информация об Институте философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан.....	587
Information about the Institute of Philosophy, Political Science and Religion Studies of Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.....	589
Қазақстан әлеуметтанушылары қауымдастығы.....	591
Ассоциация социологов Казахстана.....	594
Association of Sociologists of Kazakhstan.....	597

ЖАСТАР МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТЕОРИЯЛАР МЕН КОНЦЕПЦИЯЛАРҒА ШОЛУ

А.Б. Алтынбеков,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD-докторанты,

М.К. Шнарбекова,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушысы

XXI ғасыр жастарын теориялық және қолданбалы тұрғыдан зерттеу мәселесі бүгінгі өзгеріске жылдам түсіп жатқан заманда өте өзекті мәселелердің қатарына жатады. Мәселен, жастарды аға ұрпақ, аға ұрпақты жастар түсінбейді. Дамушы қоғамдарда жастар өзін тәрбиелеуші ата-аналары мен ұстаздарынан технологиялық білім бойынша алда тұрса, саналық және психологиялық тұрғыда мінез-құлықтары құбылмалы болып келеді. Көп жастар физиологиялық тұрғыдан тез жетілгенімен, рухани өсу тұрғысында *инфантилизмге* ұшырап жатады. Бүгінгі күндері орасан ақпарат ағымы мен мәдениет жаһандануы барысында жастардың даму өзгерісін нақты бақылап үлгеру қиын мәселе болып отыр. Мұндай «*экспансия*» барысында пайда болатын жастар проблемаларын зерттеу, оның алдын алу өзекті деп ойлаймыз. Бұл мақаланың мақсаты – жастарға қатысты теориялар мен ойларды сараптау.

Батыс әлеуметтануында жастар проблемалары XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап зерттеле бастады. Алман әлеуметтанушысы К. Мангейм «Біздің заманымыздың диагнозы (Диагноз нашего времени)» атты еңбегінде жастар мәселелерін көтереді. Жастар қоғамның басқа топтарынан мобилділігімен, адам капиталы деңгейінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Әлеуметтанушы Карл Мангейм «Жастар кез-келген қоғамда болатын және оның өміршеңдігіне әсер етуші жасырын ресурстардың бірі» деп анықтама берген. Мангеймнің пікірінше, жастар әлеуметтік өмірді жандандырушы делдал қызметін атқарады. Жастар табиғатынан прогрессивті де, консервативті де емес, ол кез-келген бастамаға дайын тұратын күш. Ал өзгеріске баяу ұшырайтын дәстүрлі қоғамдар осы ресурстардың мобилизациялана, интеграциялана

алмағандығынан оларды қысымға ұшыратады. Ал қарқынды дамушы қоғам осы ресурстарды белсендендіріп қана қоймай, оны ұйымдастыруы қажет [1, 443–460 бб.]. Бұл тұста К. Мангеймнің ойы орынды және оған тек қосарымыз бар. Жастар мобильді, тәуекелшіл, жаңашылдыққа тез бейімделетін, санасы азат және өмірде жоғалтатынына қарағанда, жетер жетістігі алда болып табылатын адамдар. Осы тұста XX ғасыр басындағы Алаш Орда зиялыларының барлығы дерлік жастар болғандығын ескеру керек. Филологияны, психологияны, әдебиетті, математиканы, журналистиканы, құқықтануды және тағы басқа да ғылымдарды ешқандай базасыз жазып шыққандығынан жастар потенциалының жоғары екендігін байқауға болады. Бірақ, бұл барлық жастарға тән қасиет деп те айтуға келмейді.

КСРО уақытында қоғамдағы стандартты идеологияның ықпалынан көптеген зерттеулер, оның ішінде жастар мәселесі белгілі бір шекарадан шыға алмады. Жастар проблемаларын зерттеу негізгі екі топқа бөліп қарастырылды: «дұрыс» және «бұрыс» жастар. Бірінші категорияға, пионерлер, комсомолдар, коммунизмді құрушы жастар және басқа да белсенді жастар. Екінші категорияға, бұрыс бағытта жүрген девиантты жастар, батыстың өмір сүру стиліне бас ұрған, оны үлгі тұтатын және еңбектенбейтін жатып ішер жастарды жатқызды [2, 10 б.]. Бірақ, жастар тек белсенді және белсенді ғана болмайтындығын ескерсек, көптеген зерттеулерде бұқара жастар зерттелу объектісі ретінде қарастырылмайды. Дегенмен, ғалымдар арасында тиымдарға қарамастан өздерінің зерттеулерін жүргізген, қорытындыларын шығарған ғалымдар болды. В.Т. Лисовский жастар түсінігіне келесі анықтаманы береді: «жастар деп білімі, кәсіби, мәдени және әлеуметтік қызметтерді меңгеру мен әлеуметтену кезеңінен өтуші адамдардың ұрпағы [3]. Яғни, анықтамада айтып тұрғандай жастар барлық тұрғыдан өзгеріске түсіп отыратын және үнемі даму үдерісінде болатын адамдардың тобы. Сондай-ақ, В.Т. Лисовский жастарды әлеуметтанулық зерттеуді негізгі үш бағытқа бөледі:

1. Ғылыми әдіс. Жастардың өміріндегі нақты тарихи әлеуметтік жағдайларды ескере отырып құрылуы мен дамуын зерттейтін ғалымдардың зерттеулеріне тиесілі;

2. Сыни-бағлаушы немесе негативисттік әдіс. Ол жастарды «адасушы», «өз жолын таба алмаушы», «өмір ағымынан қалыс қалған», «сынғыш» және т. б. ұрпақ ретінде қарастыратын әлеуметтанушылардың әдісі;

3. Таңғаларлық-оптимисттік, жастарды мінсіз етіп, мақтаушы әдіс. Биологиялық және психологиялық теориялардан бастау ала отырып, жастардың қайсыбір негативті әрекеті болса да, физикалық дамудың өтпелі кезеңіне жатқызады [4].

С.Н. Иконникованың [5] пікірі бойынша жастардың қоғамға интеграциялануы өзін-өзі танудан басталады. С.Н. Иконникова жастарды әлеуметтік, тарихи, таптық категориядан тыс ретінде қарастыру теориялық тұрғыдан дұрыс емес дей келе, жастарды 16–30 жас аралығындағы әлеуметтік-демографиялық топ деп атап өтеді. Психикалық құрылымы қалыптасқан, өзінің қоғамдағы рөлін түсінген, рухани дамыған, өмірлік ұстанымдары мен көзқарастары, алға қойған жоспарлары айқындалған топ [6, 36–53 бб.]. Демек, өзін-өзі тану оқудан, білім алудан, қоршаған ортамен араласудан, қызықты жұмыспен айналысудан басталады. Жастардың үлкен өмірге сәтті қадам басуы жастық уақытта әлеуметтену үдерісінен қаншалықты дұрыс өтуіне, белсенді болуына, қабілеттерінің ашылу деңгейіне байланысты.

Ал әлеуметтанушы И.С. Кон «Жастар – жастық сипаттаманың жиынтығы мен әлеуметтік жағдайы ерекшелігіне негізделетін өзіндік әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері бар әлеуметтік-демографиялық топ» деген анықтама береді [7]. Жастық шақ адам өмірінің бір фазасы ретінде биологиялық тұрғыдан әмбебап. Жастарға берілетін жас шегі, әлеуметтік статусы мен әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері қоғамдық құрылымға, мәдениетке және сол қоғамға сәйкес әлеуметтенулік заңдылықтарға байланысты деп ойлаймыз.

В.И. Чупрова қоғамның ішкі тұрақтылығы мен тұтастығын қамтамасыз етуде жастардың үлесін атайды. Ол жастардың ерекшелігі оның мұрагер бола алуында дейді. Жастар қоғамдық мұраны одан әрі жаңа форматта жаңғыртады және келесі ұрпаққа әлеуметтік қатынас жүйесін таратады дейді [8]. В.И. Чупровамен көптеген зерттеулерді бірге жүргізген Ю.А. Зубок «жастардың әлеуметтік топ ретіндегі мәні әлеуметтік құрылымды жаңғырту

қызметін іске асыру үдерісінде ашыла түседі. Қалыптасқан қоғамдық қатынастарға мұрагер болады және оны жаңғырту арқылы, әр ұрпақ қоғамның тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді, инновациялық потенциал негізінде қоғамның өзгеруі мен шындалуына қатысады. Осы арқылы жастардың да, қоғамның да дамуы іске асады» дейді [9]. Ю.А. Зубок өзінің В.И. Чупровтың жетекшілігімен жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулерінде жастар категориясына 15–29 жас аралығындағы азаматтарды алады [9]. Ю.А. Зубоктың жастарға қатысты көзқарасы В.И. Чупровтың жастарға көзқарасы негізінде қалыптасқан деуге болады. Екі ғалым да жастардың негізгі рөлі ретінде қоғамдық мұраға мұрагер болуы мен оны жаңғыртуына баса назар аударады. Біздің ойымызша, жастардың қоғамдық мұраларға мұрагер болуы мен оны сәтті жаңғыртуы үшін жастардың интеллектуалды, рухани, физиологиялық тұрғыда жоғары деңгейде болуы шарт. Яғни, ата-ана, қоғам мен мемлекет жастардың жан-жақты өсуіне, дамуына үнемі жағдай жасап отыры керек. Мәселен, қазіргі уақытта адамдардың арасында өздерінің сәтсіздігі үшін билікті, өзге адамдарды кінәләу үрдістері байқалады. Бірақ, адамның өзі білім алмаса, жұмыс іздемесе, денсаулығын күтпесе, табысын сауатты жұмсамаса, өмірін жоспарламаса, балаларының болашағын ойламаса оған мемлекет пен билікті іске асырушы адамдарда қандай кінәсі болуы мүмкін?! Мемлекеттің атқаруы керек қызметі болса, адамның да өзінің, отбасының, қоғамның алдында атқаруы керек қызметі бар. Егер екі жақтың бірі өз жұмысын атқармаса онда мемлекет пен қоғам дамуының балансы бұзылады. Бұл жазылмаған аксиома!

Әлеуметтанушы В.А. Ядов жастарға үлкен сенім артады. В.А. Ядов «болашақтың қандай болатынын айту қиын, бірақ, жас ұрпақ бүгінде басқа. Олар нарыққа жақсы икемделе алады, аға ұрпаққа қарағанда басым жағдайда индивидуалист және өз күшіне сенеді» деп жазады [10].

Жастар мәселесін терең әрі жан-жақты зерттеген қазақ әлеуметтанушысы Г.С. Әбдірайымованың зерттеулерінің маңыздылығы жоғары. Ол «жастар белгілі бір нақты тарихи қоғамның субъектісі мен объектісі болып келетін әлеуметтік топ. Бұл әлеуметтік топ басқа топтарға қарағанда әлеуметтік

белсенділігімен және жұмыс істеуге қабілеттілігімен ерекшеленеді» дейді. Г.С. Әбдірайымова жастарды болашақтың негізі және болашаққа беретін баға тұрғысында қарастыруымыз керек деп жазады [11, 87 б.] . Яғни, жастардың адами және инновациялық потенциалы бүгінгі күннен бастау алады және болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Аталған көзқарастан кез-келген қоғамдық өзгерістерге ең тиімді және бірінші кезекте икемделе алатын топ жастар екендігін ұғуға болады. Жастар – қоғамдық дамудың авангарды. Көптеген ғылыми да, қоғамдық та өзгерістер осы жастардан бастау алғандығын тарихи фактілерден белгілі. Г.С. Әбдірайымованың пікірінше жастар қоғамда өзіндік әлеуметтік функцияларды атқарады:

1. Қоғам мен мемлекеттің дамудағы жеткен жетістіктерін мұраға алады;

2. Жастар экономикалық бастамаларға белсенді қатысатын әлеуметтік мобильді топ. Олар әлеуметтік-экономикалық қатынастарға толық қатысушы болып табылмауы да мүмкін;

3. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өркендеуінің басты негізі болып табылады [12].

О.В. Степанищенко жастардың әлеуметтік функциясы ержету мен әлеуметтену үдерісі кезінде елеусіз қалмай, мемлекеттік, қоғамдық, саяси, әлеуметтік институттар үшін маңызды болуы керектігін, себебі, ерекше субмәдениеттердің қалыптасуы үдерісінде көрініс табатын жастардың субъектілігі өмірлік тәжірибе барысында қалыптасатын тұлғалық және әлеуметтік құндылықтардың құрылуына әсер ететіндігін айтады. Жастардың құндылықтық бағыт-бағдарлары жеке дара қалыптаспайды, аға ұрпақтың тәжірибесінде жиналған әлеуметтік тәжірибе мен жетістіктерді «бағалау» негізінде пайда болады деп жазады [13]. О.В. Степанищенко жастардың құндылығы аға ұрпақтың тәжірибесі негізінде қалыптасады дейді. Біздің ойымызша бұл мәселенің екі қыры бар. Мәселен, қоғамдық тұрақтылық жағдайында жастар үшін аға ұрпақтың құндылықтары үлгі, өнеге болуы мүмкін. Себебі, қоғамдық жетістік ата-ананың, аға ұрпақтың жетістігі ретінде қабылданады. Ал қоғамның дағдарыс уақытысында ата-ана мен аға ұрпақтың құндылықтары жастар тарапынан қабылдана бермеуі мүмкін. Яғни, қоғамдық

қиыншылық жағдай аға ұрпақ еңбегінің нәтижесі ретінде қабылданады.

Жалпы «жастар әлеуметтануының» көптеген бағыттары жастардың құндылықты бағдарларын, кәсіби және әлеуметтік мобильділігін, топтардағы әлеуметтік рөлдерін, мақсаттары мен өмірлік жоспарларының қалыптасуын, өмір сүру ерекшеліктерін, үлкен өмірге жаңа қадам басып келе жатқан жастардың әлеуметтенуін зерттейтін әлеуметтанудың бір саласы.

Жастарға байланысты ғалымдардың көзқарасынан бөлек мемлекеттік құжаттардағы жастарға берілген анықтамалар да маңызды. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы 2004 жылғы 7 шілдедегі №581-II Қазақстан Республикасының Заңында «жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз (14–29) жасқа дейінгі азаматтары» деп анықтама береді. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жастардың рухани, мәдени дамуы, білім алуы, кәсіби қалыптасуы мен дене тәрбиесін дамытуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау, бүкіл қоғам мүддесі үшін олардың шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында жүзеге асырылады [14]. Бүгінгі күнге дейін түрлі сарапшылар мен мамандар бұл заңның орындалмай келе жатқандығын атайды. Заңның ішінде жастар, жас отбасы, талантты жас, кәсіпкер жас деген секілді категорияларға тоқталады. Мәселен, оқушылар, студенттер, еңбек ететін жастар, ғылыммен айналысатын жастар, жұмыссыз жастар, мүмкіндігі шектеулі жастар секілді категорияларды да жастардың қатарына қосуға болады. Бірақ, бұл категориялар заңда көрсетілмеген. Бұл заңның мазмұны заңға емес, концепцияға ұқсайды. Жастар құқығының қорғалу механизмі нақты рет-ретімен көрсетілмеген. Болашақта заң қайта қарастырылатын болса, жастардың категорияларын анықтау бірінші кезекте тұруы керек мәселе деп ойлаймыз.

Біздің ойымызша, жастар – жастық шекарасы бар, балалық пен жасөспірімдіктен өткен, әлеуметтік жауапкершілікті мойнына ала білетін және психологиялық даму тұрғысынан әлеуметтену үдерісіндегі ерекше (14–29 жас аралығындағы) әлеуметтік-жастық топ.

Мақала барысында жастардың үнемі дамып отыратындығы жөнінде ғалымдардың ойын жаздық. Біздің ойымызша, адамның

дамуы үнемі жүріп отыратын үдеріс деуге келмейді. Себебі, дамудың өзі салыстырмалы дүние. Мәселен, экономика не дамиды, не дамымайды. Жастар не даму жолында болады немесе дамымай құлдырайды. Яғни, жас адам өзін үнемі дамытып отырса ол адамда прогресс болады. Өзін дамытпаса, онда тұлғалық қасиеттері құлдырайды. Адам тіл оқыса біледі, оқымаса білмейді, білімін шыңдаса білімі өседі, шыңдамаса білімі азаяды. Демек, орта деңгей біздің ойымызша салыстырмалы нәрсе.

Қоғамдық санадағы өзгерістер мен экономикалық модернизация уақытысында көптеген мемлекеттерде «құндылықтық вакуум» орын алатыны белгілі. Осындай жағдайда «жалған құндылықтар» адам санасында басымдыққа ие бола бастайды. Мәселен, қазіргі уақытта жастар арасында жоғары жалақы, мансап жасау мен байлыққа тез қол жеткізу құндылығы байқалады. Жастардың көпшілігі өздерінің мақсаттарын білгенімен, мақсаттарға қалай және қандай механизмдер арқылы жетуге болатындығын көп ойлана бірмейтін секілді. Осындай себептерден жастар арасында мақсатқа жетуге деген дұрыс емес түсініктердің пайда болуына алып келеді. Материалдық құндылықтарды өмірдің басты құндылықтары ретінде қарастыратын жастар өздерінің мақсаттарына жылдам, қиыншылықсыз жетуге ұмтылады. Байлық культіне және мақсатқа қалай болғанда да жету ұстанымының жастар санасында орнығуы адал еңбек, адамгершілік, шығармашылық даму, өзін-өзі дамыту құндылықтарын ығыстырып келеді. Аталған құндылықтардың «құнсыздануы» қоғамдағы түрлі проблемалардың шешілуіне емес, пайда болуына алып келіп отыр.

Әдебиеттер

1. Мангейм К. Диагноз нашего времени // Хрестоматия по социологии / Сост. Аверьянов К.М. – М., 2009.
2. Омельченко Е.Л. Молодежные культуры и субкультуры. – М.: Институт социологии РАН, 2000. – 261 с.
3. Социология молодежи / Под ред. В.Т. Лисовского. – СПб.: Изд-во СПбГУ. 1996.
4. Лисовский В.Т. Динамика социальных изменений (опыт сравнительных социологических исследований российской молодежи). – 1998. – С. 98–104.

5. *Иконникова С.Н.* Социология о молодежи. – Л.: Знание, 1985. – 11–14 с.
6. *Иконникова С.Н.* Молодежь: Социологический и социально-психологический анализ / С.Н. Иконникова. – Л., 1974.
7. *Кон И.С.* Молодежь // Философский энциклопедический словарь. 2-е изд. / Ред. кол.: Аверинцев С.С. и др. – М., 1989.
8. *Чупров В.И.* Социальное развитие молодежи: теоретические и прикладные проблемы. – М., 1994. – 231 с.
9. *Зубок Ю.А.* Проблемы социального развития молодежи в условиях риска. – 2003. – С. 42.
10. *Ядов В.А.* Социология в современной России // Социология. – 1996. – № 12. – С. 12
11. Система ценностных ориентации молодежи в современном казахстанском обществе: социологический анализ. РК. – Алматы.: 2006. – 296 с.
12. *Абдирайымова Г.С.* Система ценностных ориентаций молодежи в современном казахстанском обществе: социологический анализ. – Алматы, 2006. – 296 с.
13. *Степанюченко О.В.* Исследование молодежи как особой социальной группы в социально-гуманитарных науках. Научный журнал КубГАУ, №73(09), 2011 года. – С. 13
14. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы.

Түйін

Мақалада жастар тақырыбын зерттеудегі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, жастар мәселесін зерттеудегі әдістер қарастырылған. Сондай-ақ, қоғам мен жастар арасындағы ықпалдастық сипатталып, авторлар өз түйінін ұсынады. Мақала теориялық зерттеулерге негізделген.

Резюме

В статье рассматриваются труды и методы исследования отечественных и зарубежных исследователей, касающиеся молодежи. Также, охарактеризована взаимосвязь между обществом и молодежью, и авторами представлены выводы по данной тематике. Статья основана на теоретических исследованиях.

Summary

The article examines the works and methods of domestic and foreign researchers about youth. Also described the relationship between society and youth and conclusions presented by the authors on the subject. The article is based on empirical studies.

МАҚСАТЫМЫЗ – ЖАСТАРДЫ ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

*И.Ә. Ахметова, С.С. Нурланова, Ф.Т. Туткышева,
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университетінің аға оқытушылары,
әлеуметтік жұмыс магистрлері*

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деп атап өткен болатын.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық отаншылдыққа, толеранттылыққа, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады [1].

Сол сияқты тәрбие тұжырымдамасында тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қағидаларында этникалық қағида этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасайтын мәдениет жасаушы ортаны қалыптастыруды, азаматтық келісім жөнінде атап көрсеткен.

Біз тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының бағыттарының ішінде мынадай бағыт айқындалғанын білеміз:

Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруы тиіс. Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру белгіленген. Қазіргі уақытта құқықтық мемлекет құру мақсатында азаматтық қоғамды жоғары дәрежеде дамы-

ту, жастардың құқықтық сана-сезімі мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру құқықтық тәрбиенің әдіс-тәсілдерімен жүзеге асырылады. Ал тұлғаның құқықтық санасы мен мәдениеті мектеп табалдырығынан бастау алатын құқықтық тәрбие үдерісінің өтілу сапасына байланысты дамиды.

Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мәселелеріндегі қазіргі проблемаларды шешу үшін тұтастай алғанда тәрбиеге принципті түрде жаңа тұрғы қажет.

Ел бейнесін және Отанымен ажырағысыз байланыс сезімін мемлекет пен қоғам түрлі тетіктер мен институттар, ең алдымен, білім беру арқылы қалыптастырады.

Осыған орай, білім алушыларды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, елдің мемлекеттік нышандарын танымал етуді қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа білім беру мекемелері мен ұйымдарын белсенді түрде тарту қажет.

Білім беру ұйымдарында қазіргі заманғы қазақстандық қоғамдық және мәдени шындықтарға негізделген және қазақстандықтардың ділімен байланысты дүниетаным мәдениеті мен төзімділігі жөніндегі сапалы, мазмұны жағынан тиімді ақпараттық-дидактикалық материалдардың жеткіліксіздігін, балалар мен жастарға арналған, олардың санасында патриоттық сезімді, өз Отанына деген сүйіспеншілікті оятуға, өз Отанына пайда келтіру ұмтылысын тудыруға ықпал ететін кітаптардың аздығын атап өткен жөн. Балалар мен жастарға арналған кітаптар негізінен батыстық мұраттар мен құндылықтарды насихаттауға бағдарланған немесе таза технократиялық түсінікті қалыптастырады.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жанаша көқарас тұрғысынан қарауды және жастардың отаншылдық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды. Қазіргі заман талабы жоғары. Әрбір маман тек дайын білім жүйесін қабылдап, оны қайталап қолдануға ғана емес, сонымен қатар күрделі стандартты емес мәселелерді шешу үшін

қажет болатын шығармашылық қызметті орындауда дайын болу керек. Жоғары кәсіби білім берудің негізгі міндеті - болашақ мамандардың өз бетімен жұмыс істеу білігін мақсатты түрде, біріділікпен дамыту керек. Сонымен қатар таба білу біліктілігімен жаңа білімді шығармашылықпен қолдана білу дағдылары да қалыптасуы тиіс.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу және патриоттық тәрбие саласындағы мемлекеттік саясатты табысты іске асыру үшін баспа түріндегі де және телевизиялық та БАҚ-пен ынтымақтастықты жандандырудың маңызы ерекше.

Жастарға патриоттық тәрбие беру барысын және мемлекеттік органдардың бұл бағыттағы қызметін ақпараттық-насихаттық айқын қамтамасыз ету, БАҚ-та нысаналы түрде көрсетіп отыру қажет болады. Бағдарламаны табысты іске асыру үшін азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысты насихаттау мен көрсету мәселелерінде республикалық және өңірлік БАҚ-тар ынтымақтастығының тетіктерін жасау қажет.

Сондай-ақ патриоттық бағыттағы қоғамдық ұйымдарының қызметін үйлестіру мақсатында қазіргі республикалық қоғамдық Ата-аналар кеңесінің жұмысы күшейтілетін болады, бұл өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісінде ата-аналар жұртшылығы қызметінің оңтайлы тетіктерін әзірлеуге септігін тигізеді.

Сондықтан жастарға жүйелі патриоттық тәрбие беру үшін тек білім мазмұны мен оқыту әдістерін ғана емес, ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастыру формаларын да жетілдіру керек. Мұның өзі мынадай оқу-тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі:

- оқу үрдісін дербестендіру;
- нақты әрекетке негізделген кері байланысты қамтамасыз етеді. Мәселен, компьютер арқылы әрбір оқушы өзінің білімін бақылауға, тексеруге және бағалауға мүмкіндік алады;
- материалды меңгеру жылдамдығын арттыруға болады.

Ақпараттық технологияны қолдану арқылы – ақпараттық технологияны қолдану арқылы елін, жерін құрметтеуге, ұлтымыздың тарихы мен өткен кезеңдерін, қазақ зиялылары мен ұлтжанды тұлғаларын үлгі тұту үшін насихаттық жұмыстарын жүргізу қажет.

Жалпы ақпараттық технологиялар – ақпараттық нарықта алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін саяси субъектілер қолданатын әртүрлі әдіс-тәсілдер мен технологиялар. Жастар бойында патриотизмді дамытуда елеулі орын алатын ақпараттық технологиялардың орны ерекше.

Әлемде азаматтардың бойында ұлттық нышандарға – Туға, Елтаңбаға, Әнұранға, ұлттық мерекелерге патриоттық сезімді, оларға құрметпен қарауды мақсатты түрде қалыптастырып отырған дамыған елдер аз емес. Көптеген елдерде мемлекеттік нышандар мемлекеттің оң бейнесін жасаудың негізі ретінде пайдаланылады, ұлттық мақтаныштың белгісі болып табылады, патриоттық сезім мен ерік-жігерді танытудың нысанасы ретінде пайдаланады. Мемлекеттік нышандардың көмегімен азаматтар бойына еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезім дәйекті де табанды тәрбиеленеді.

Елдің азаматын тәрбиелеудегі тежемелі факторлардың қатарында патриотизм мен демократиялық нанымдарды нысаналы қалыптастыру үшін жаңа қазіргі заманға технологияларды пайдалануға қабілетті, біліктілігі жоғары мамандардың жеткіліксіздігін, азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі әлеуметтік технологияларды әзірлеуде жеткілікті тәжірибесі бар гуманитарлық бейіндегі ғылыми-зерттеу ұйымдарының аздығын атаған жөн.

Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мәселелеріндегі қазіргі проблемаларды шешу үшін тұтастай алғанда тәрбиеге принципті түрде жаңа тұрғы қажет. Ел бейнесін және Отанымен ажырағысыз байланыс сезімін мемлекет пен қоғам түрлі тетіктер мен институттар, ең алдымен, білім беру арқылы қалыптастырады.

Осыған орай, ақпараттық технологиялар арқылы жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, елдің мемлекеттік нышандарын танымал студі қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа білім беру мекемелері мен ұйымдарын белсенді түрде тарту қажет. Жалпы Қазақстанда тұратын халықтардың, қазақ халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын дамыту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру оның патриоттық сезімін тәрбиелеуде негізгі бағдар болады [2].

Ал қазақстандық отаншылдық Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады. Қазақстанның патриоты дегеніміз:

1. Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарап, шын ниетімен қадірлеуі.

2. Қазақстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болуы.

3. Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық отаншылдыққа мақтаныш сезімінің болуы.

4. Қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға ынталы болуы.

Өз тарихын білу – ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарда жалғасын табуда маңызды. Қазіргі ұрпақтың өз халқымен бірлігін сезінушілігі және өзін оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирасқоры мен нақты сақтаушысы әрі жалғастырушысы ретінде сезінуінің мәні зор болмақ.

Қазірде Қазақстанда Отанға деген сүйіспеншілік қоғамдық қатынастарды демократияландыру және гуманизмдендіру негізінде отаншылдыққа тәрбиелеу қажет. Бұндай жаңарған қазақстандық отаншылдық мазмұнын қазіргі озық мәдениет құндылықтары ғана емес, сондай-ақ, қазақ мәдениетінің дәстүрлі құндылықтары, оның айрықша руханилық, азаматтық пен өнегелілікке ұдайы ұмтылушылық құндылықтары да құрайды. Өткеннің үздік дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы өркениеттің мейлінше озық бағыттарын игере отырып, қазақстандықтар өз елін ең алдыңғы қатарлы шепке қайта шығара алады. Бұған халқымыздың жоғалмаған, қайта, жаңа әлеуметтік өмір жағдайында жаңарған патриотизмі қайта кепіл бола алады [3].

Отаншылдық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдерінің негізінде азаматтық борыш ұстанымымен, жекебастық мүдделері қоғам-

дық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс. Қазірде қазақ халқының дәстүрлері негізінде жүзеге асырылатын отаншылдық тәрбие әлеуметтендіру процесін тұлғаға дәл осы Отанға, Атамекенге қызмет ету арқылы, өз тарихы үшін, өз Отанының әлеуметтік дүниенің ғылымына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына қосатын үлесі үшін мақтаныш сезімі арқылы өз қабілеттерін мейлінше терең ашуға мүмкіндік беретін деңгейге жеткізеді.

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен, белгілі бір ұлттың өкіліне сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан – ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру.

Жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы.

Отаншылдық міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады. Осы себепті, күрделі рухани және саяси-әлеуметтік құбылыс ретіндегі қазақстандық патриотизм Отанды қорғау, нығайту және гүлдендіру жолында онымен ажырамас тұтастығын саналы түрде ұғынатын тұлғаның руханилығы, азаматтығы және саяси-әлеуметтік белсенділігінің бірлігі болып табылады. Ал, бұл кез-келген мемлекеттің түбірлі саяси міндеті екендігі белгілі [4].

Қорытындылай келе, қазіргі жағдайда отаншылдық тәрбиеге ақпараттық, ұйымдастырушылық қолдау көрсету, жұртшылық, білім беру ұйымдары арасындағы өзара байланыстарды жақсарту патриоттық тәрбиелеу ісінде үйлестіруді күшейту және одан әрі нығайту қажет. Ел боламын деген мемлекеттер ең алдымен ұрпақ тәрбиесін бірінші орынға шығарған еді ғой. Осыны санасына құйып өскен жас ертең өз Отанының нағыз патриоты болып шығатыны анық. Әйтпесе, бөгде ағымдардың жетегіне еріп, Отан қорғаудан жалтаратын жастардың саны уақыт санап

өсе беретіні кәміл. Кеудесіне «бұл менің елім, менің жерім» дейтін сенім ұялата білген жас қана өз елінің шынайы патриоты бола білмек. Ол үшін «баланы жастан» дейтін халық даналығын естен шығармасақ болғаны. Жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу еліміздің өсіп-өркендеуі үшін қызмет ететіні еш күмән туғызбайды.

Әдебиеттер

1. *Назарбаев Н.* Қазақстан-2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Білім, 1998 ж.
2. ҚР азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006–2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы №200 Жарлығы.
3. *Серік Шалов.* «Егемен Қазақстан» газеті. Отанға деген сүйіспеншілік. Ол неден басталады? 15.10.2008ж.
4. *Кенжалин Ж.* Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – Алматы, 2005.

Түйін

Бұл мақалада білім беру мекемелерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы отаншылдыққа тәрбиелеу міндеттері қарастырылады. Аталған әдіс қазіргі Қазақстан жастарын отаншылдыққа тәрбиелеуде негізгі болып табылады. Себебі, қазіргі қоғамды ақпараттандыру үрдісінің басым бағыты білім беруді ақпараттандыру.

Резюме

В статье рассматривается решение задач патриотического воспитания в образовательных учреждениях с применением информационно-коммуникационных технологий. Данный метод является основополагающим в патриотическом воспитании молодежи современного Казахстана, так как приоритетным направлением процесса информатизации современного общества является информатизация образования.

Summary

The article is about using information-communication technologies in education duties through to patriotism education. This method is basic on to bring up to patriotism modern youth of Kazakhstan. Because, the main branch of information problem is to inform education.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫ

Ф. Аширбаева,

*Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ,
әлеуметтану мамандығы 4 курс студенті*

Қазақстандағы саяси тұрақтылыққа байланысты елге қоныс аударушылар саны күннен-күнге арта түсуде. 2011 жылы жүргізілген мигранттарды заңдастыру процесінің статистикалық көрсеткіштеріне жүгінетін болсақ, заңдастырылмаған мигранттардың басым көпшілігі мына мемлекеттердің азаматтары болып табылады: Өзбекстан азаматтары – 101743 (71,7%); Қырғызстан азаматтары – 19854 (13,9%); Ресей азаматтары – 9494 (6,6%); Тәжікстан азаматтары – 4111 (2,9%); өзге мемлекеттердің азаматтары 6749 (4,7%) [1, 8 б.].

Қазақстанда еңбек мигранттары негізінен құрылыста, саудада, қызмет көрсету саласында, ауыл шаруашылығында, үй шаруасында қызмет көрсету секторында жұмыс істейді. Соңғы бес жылдың көлемінде Қазақстанға сырттан келген жұмысшылар саны 3 еседен астам өсті. Бір ғана Астана қаласына келген 1 күннің ішінде мигранттардың қылмыстық жауапқа 73% тартылса, ал екінші тәуліктен кейін 2,7%, 2% төрт не алты тәуліктен кейін жауапқа тартылған. Астана қаласында жүргізілген зерттеуге сәйкес жасалған қылмыстардың 30,6% мигранттардың қатысымен жасалған. Оның ішінде мигранттар орташа ауырлықтағы қылмыстар – 18,7%, ал 11,7% ауыр қылмыстар, 11,2% аса ауыр қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауапқа тартылған. Мигранттар контингенті, сол қаланың немесе ауданның криминологиялық ахуалына ықпал етеді. Мысалы, еліміздің Шымкент, Астана және басқа мигранттар көп келетін қалалардың базарларында, дүкендерде коммерциялық мақсатта келген сауда мигранттары, әртүрлі заттарды, бұйымдарды, киім-кешекті, тағам өнімдерін және заңмен тыйым салынған дискілер және т. б. заттарды әкеліп сатуға.

ТМД елдерінен Қазақстанға келетін еңбек мигранттардың негізін өзбектер, қырғыздар, тәжіктер, түріктер және қытай азаматтары құрайды. Олардың еңбекке деген қабілеттігін

жас мөлшерін анықтайтын болсақ, ер адамдар – 18 жастан 59 жасқа дейін, ал әйелдер – 20 жастан 47 жас аралығында. Соның ішіндегі саны жағынан басымы – өзбекстандық еңбек мигранттары. Өзбекстаннан келетін мигранттар тұрғылықты халықтың демографиялық жағдайына, оның ішінде салт-дәстүр мен тілге, халықтың этномәдени бірегейлігінің сақталуына қатты әсер етеді. Көбінесе, еңбек мигранттары көктем-жаз мезгілінде 3 айдан 6 айға дейін жұмыс істеуге келеді. Сонымен қатар Тәжікстанның, Өзбекстанның және Қырғызстанның азаматтары Қазақстанға жұмыс іздеп келіп, жұмыс берушілер тарапынан алдаудың, алаяқтықтың және қанаудың құрбаны болып жатады.

Еңбек мигранттарының Қазақстанға келу себептері мен туындап отырған мәселелер қазақстандық қоғамға бейімделу процесін, сонымен қатар олардың құндылықтық бағдарларының өзгеруі, еңбек күші ретінде рөлін анықтау мақсатында 2013 жылғы қараша-желтоқсан айларында жүргізген зерттеуімізге Астана қаласының қызмет көрсету мен сауда саласында жұмыс жасап жүрген өзбекстандық азаматтар қатысты.

Астана қаласындағы «Астаналық» сауда орталығы (халық арасында «Артём базары» деген атаумен белгілі) маңындағы «жабайы» сауда және халыққа жедел және арзан қызмет көрсету салаларында жұмыс жасайтын өзбекстандық еңбек мигранттарынан сұқбат алуға сұрақтар дайындалды. Сұқбат үнтаспаға (диктофон) жазылды. Арнайы сұрақтар өзбекстандық еңбек мигранттарының Қазақстанға келу себептерін, қандай кәсіп түрімен айналысатындығын, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын, Астана қаласында қанша уақыттан бері жұмыс жасап жатқандығын, қазақстандық қоғам туралы көзқарасы мен қазақстандық ортаға бейімделуі, тілдік кеңістіктегі хал-ахуалын, құндылықтық бағдарларындағы өзгерістерді, жұмысқа орналасуда желілік байланыстың рөлін анықтау мақсатында дайындалды.

Осылайша, әлеуметтанулық зерттеу бағдарламасы мен құралнамасы, зерттеу болжамдары дайындалды. Ақпарат жинаудың негізгі әдістері – сұқбат және визуалды (фотоға түсіру). Зерттеу нәтижелерін тарихи-салыстырмалы, құрылымдық-функциялық, жүйелік әдістер арқылы интерпретация жасау және алынған нәтижелерді күнделікті өмір әлеуметтануы тұрғысынан сараптау арқылы зерттеу болжамдары тексерілді.

Сұқбатқа әртүрлі ұлт өкілі болып табылатын өзбекстандық 10 респондент қатысты. Олардың үшеуі – қазақ, бесеуі – өзбек, екеуі – қарақалпақ. Респонденттердің алтауы – ер азамат, төртеуі – әйел. Сұқбат нәтижесінде, жас шамасы 50-60 жастағы азаматтардың Өзбекстанға қайтып оралғысы келетіндігі анықталды, себебі – туыстары, балалары сол жақта, ал 25–30 жас аралығындағы жастар Қазақстанның азаматтығын алып қалғы-сы келеді, өйткені «Қазақстанда жастарға дамуға көп мүмкіндіктер жасалған» деп санайды.

Өзбекстандық еңбек мигранттарының басым бөлігі, оның ішінде өзбек ұлтының өкілдері, материалдық жағдайларын жақсартып, Өзбекстанға қайтқысы келетіндер. Өзбекстандық еңбек мигранттарының ішінде басым бөлігі орта білімділер болғандықтан, кәсіби біліктілікті талап етпейтін жұмыстарды жасайды және тұрғылықты баспанасы жоқ, пәтер жалдап тұрады (респонденттердің 80%).

Сұралған респонденттің 60% астамы Қазақстан мен Өзбекстанның шекарасынан еркін өтіп, келіп-кетіп жүргендер. Бұған дәлел – «Қазақстанның азаматтығын алғансыз ба?» деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі «шекарадан қиындықсыз өтетінін», сондықтан «азаматтық алу міндетті емес» екенін көрсетуі. «Алғаным жоқ. 18 жылдан бері қонаққа келгендей келіп жүрмін. Еркін келіп, кете береміз» (С.М., 45 жас-та, Ташкент қаласы, ұлты – өзбек, А.Т., Нүкіс маңы, 31 жаста, ұлты — қарақалпақ). Еңбек мигранттарының ішінде Қазақстан азаматтығын алған немесе алғысы келетіндер – негізінен қазақтар мен қарақалпақтар. Респонденттердің арасында Қазақстанға 20 жыл бойы келіп жүрсе де, қазақ тілін білмейтіндері бар, бірақ түсінеді. Ал керісінше, жақын арада келіп, жұмыс жасап жатқан жастар қазақ тілін тез үйреніп алуға тырысады. Респонденттердің «Қазақ тілін жетік білесіз бе?» деген сұраққа жауабы зерттеу болжамының бірін дұрыс ұсынғанымызды көрсетті. Респонденттер көбіне тілдік коммуникация процесінде қинала қоймайды. Мысалы, «қазақ тілін білемін. Өзбек тіліне ұқсайды. Қиындық жоқ. Тек орыс тілінен қиналамын» (М.У., 25 жаста, Жизақ облысынан, өзбек). Әлбетте, қазақтар мен қарақалпақтарда тілдік мәселеге қатысты қиындықтар туа қоймайды.

Өзбекстандық еңбек мигранттарының басым бөлігі Қазақстанға бейімделу басқа ТМД елдерімен салыстырғанда оңай дейді, себебі, «Ресейдегідей кемсіту жоқ» және «тұрғылықты өзбектер көп болғандықтан, бізді жақсы қабылдайды» деген мазмұндағы жауап бергендер жиі кездесті.

Респонденттердің 80% айналысып отырған кәсіптері өздерінің мамандықтарына сәйкес емес. «Өзіңіздің негізгі мамандығыңыз қандай?» деген сұраққа респонденттер «Мамандығым – медбике, бірақ шаштараз боп жасаймын», «Орта ғана білімім бар, қазір етікшімін» деп жауап берген. Еңбек мигранттарының 60% – орта білімділер, сондықтан олар өздерінен кәсіби білікті талап етпейтін кәсіптерде жұмыс жасайды.

Қазақстанның өңірлерінде өзбекстандықтарға деген көзқарас пен қарым-қатынас әртүрлі деген болжам дұрыс болып шықты. Бірақ өзбекстандықтар үшін оңтүстік өңірде жұмыс жасау қолайлы деген болжам расталмады. Өзбекстаннан келген азаматтар үшін Қазақстан қалаларының ішінде Астанаға қарағанда, Шымкент қаласында еңбек ету қолайсыз болып шықты. Оның себебі Шымкент қаласында өзбектер мен қазақтар арасындағы қарым-қатынастың ерекшелігінде жатыр. Бұл құбылысты оңтүстік өңірдегі нарықтық бәсекелестіктің күштілігімен түсіндіруге болады. Нарықтағы бәсекелестіктің кейбір жағдайда этникалық реңк алатынын жоққа шығаруға болмайды. Ал өзбекстандық қарақалпақтар мен қазақтар кез келген өңірде, соның ішінде Астанада жиі қоныстанған және олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтығын алуға мүдделі екені анықталды.

Өзбекстандық мигранттардың ТМД елдерімен салыстырғанда Қазақстанға келуге ұмтылуы ең алдымен, аймақты мекендейтін халықтардың тарихи, географиялық, мәдени және тілдік төркіндерінің ортақтығы мен отандық өзбек диаспорасының қазақстандық қоғамдағы орнымен байланысты деген болжамымыз дәлелденді. Бұл құбылысты түсіндіруде У. Томастың «әлеуметтік жағдай» теориясы қағидасына жүгінуге болады. Тұлға өзіне мәдени жағынан жақын ортаға тез бейімделеді. Сонымен қатар осы жерде П. Бергер мен Т. Лукманның білім әлеуметтануы мен күнделікті өмір әлеуметтану тұжырымдамаларына сәйкес, өзбекстандық еңбек мигранттарының Қазақстанға келіп жұмыс жасауы шекаралар-

дың жақындығы, қазақтардың өмір сүру философиясы мен стилінің, діни мәдениетінің ұқсас болуы, экономикалық тұрғыдан тиімді әрі бейімделу процестері тез жүруінен деп қорытынды жасауға болады.

Қазақстанның шетелдіктерге қолайлы алаң болуын елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі принциптерінің біріне айналған – толеранттылықпен байланыстыруға болады. Респонденттердің 53% Қазақстанның саясатын «ашық, барлық ұлт өкілдеріне келіп жұмыс жасауға қолайлы» деп санайды.

Зерттеу барысында жасалған болжамдардың бірі әлеуметтік желілер рөлі туралы болатын. Бұл болжамның дұрыстығы дәлелденді. Еңбек мигранттары жұмысқа осында тұрақты немесе уақытша орналасқан өзбекстандық таныстары, туыстары арқылы тұрады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда Қазақстан мыңдаған жоғары білімді мамандарынан айырылып қалды. Олардың ішінде техникалық, педагогикалық, экономика, архитектура, ауыл шаруашылығы, заң және басқа да мамандық иелері болды. Осы тұрғыда Қазақстан ең алдымен ұлттық кәсіби жұмысшы табын қалыптастыруға мән беруі тиіс. Кенес дәуірінде дайындалған кәсіби техникалық мамандықтардың базасы бұл күні нарықтық заманға сәйкес келмей қалды. Қазір жаңарған техниканың тілін білетін отандық мамандар жетіспейді. Сондықтан орта отандық кәсіби мамандарды жаңа технологияның тілін білуге бейімдеуі жөн.

Еңбек мигранттарының басым бөлігінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен еңбек нарығындағы орны әлеуметтанулық, саясаттанулық ғылыми терең сараптаманы қажет етеді. Себебі – кедейлік деңгейіндегі өмір әлеуметтік шиеленістердің жаңа түрлерінің қалыптасуына алып келуі мүмкін.

Еліміздің сауда нарығындағы сапасы жағынан емес, саны жағынан көбейіп жатқан коммерциялық айналымда жүрген сауда мигранттардың тауарларының шектен шығуына байланысты, олар жергілікті тауар өндірушілерге сенімді бәсеке болуда.

Квотаның төмен мөлшері мен оны алудағы проблемалар жұмыс берушілерді шетелдік жұмысшы күшін заңсыз пайдалануға мәжбүрлейді, бұл ретте заңнама мен еңбек мигранттарының

құқықтары бұзылады. Барлық жерде мигранттар құқықтарының бұзылуы фактілері бар. Еңбек мигранттарының жұмыспен қамтылуының жеткіліксіз тиімділігі еңбек көші-қонын реттеудің халықаралық және ұлттық нормативтік-құқықтық базаны талдау, сондай-ақ мигранттардың әлеуметтік және еңбек, мәдени құқықтарын іске асыру практикасын зерделеу міндеттерін қояды.

ҚР еңбек миграциясын реттеудің тиімді әдістерін қарастыру қажет. Заңсыз еңбек миграциясы мен қылмыстың арақатынасын және байланысына ықпал ететін факторларға үнемі назар аударған жөн. Шекаралас аудандардағы қозғалысты реттеуде өңірлік еңбек нарығы сұранысын ескере отырып, біршама жеңілдіктер қарастыру қажет.

Әдебиеттер

1. *Поладова (Гайдарова) Л.Т.* и др. Незаконная миграция: ключевые дефиниции// Научное обозрение.1 Серия. Экономика и право. – 2011. – № 6. – С. 8–18.
2. *Поладова (Гайдарова) Л.Т.* Нелегальная миграция и «теневая» экономика: проблемы и противоречия// Научное обозрение. 1 Серия. Экономика и право. – 2010. – № 5.
3. *Красинец Е., Кубишин Е., Тюрюканова Е.* Нелегальная миграция в Россию. – М.: АСАДЕМІА, 2000.
4. *Рязанцев С.В., Ткаченко М.Ф.* Мировой рынок труда и международная миграция. – М.: Экономика, 2009.

Түйін

Астана қаласындағы өзбекстандық еңбек мигранттары жағдайының мысалында автор Қазақстандағы шетелдік еңбек миграциясы мәселесін қарастырады.

Резюме

На примере положения узбекистанских трудовых мигрантов в городе Астане автор рассматривает проблемы иностранной трудовой миграции в Казахстане.

Summary

Author considers the issues of foreign labor migrants in Kazakhstan based on the case of Uzbekistan's labor migrants in Astana.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н.А. Байбахов,

*Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің оқытушысы, әлеуметтану магистрі*

Ұлтаралық қатынастарда көзге түсетін үш мықты қасиет бар: тіл, мәдениет, дін [1]. Бұл аталған элементтер ұлттың негізгі тірегі, мәйегі болып табылады. Бұл аталғандың әрбірі өз алдына әлеуметтік институт және ұлттық бірлік, ұлттық сана сезім, ұлттық рух осыларға тікелей тәуелді болып келеді. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Халыққа жолдауында өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек [2] деп атап өтті. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда, жастарға патриоттық тәрбие беруде діннің маңызды орын алатындығы белгілі. Бүгінгі таңда еліміздегі діни ахуал және халқымыздың діни сенім-нанымы ұлтымыздың тірегі, дінгегі ретінде қызмет етіп отырма-мәселе осыда және бұл мәселе терең зерттеп, саралауды, талдауды қажет етеді. Жалпы алғанда дін – бұл сенімнен, нанымнан, иланудан тұрады және идеологияның қызметін атқарады. Адамның іс-әрекетінде, мінез-құлқында, ниетінде, жалпы өмірінің барлық саласында діни сенім үлкен ықпалға ие. Кез келген адам өз әрекетінің дұрыстығына, сол әрекет қолынан келетіндігіне сенімі болғанда ғана әрекетке барады. Белгілі социолог Т. Парсонстың пікірінше қоғамда құқықтық нормаларға қарағанда моральдық нормалардың орны маңызды [3]. Дін моральдық нормалардың өзегі екендігі айтпаса да түсінікті.

Бүгінгі күні елімізде көзге көрінбейтін діни идеологиялық күрес майданы жүріп жатыр. Көне заманнан барлық идеологияның негізі діннен басталатынын білсек, тарихтағы және бүгінгі көптеген соғыстардың себептері діни қақтығыстар болғанын түсіне білсек, бұған жеңіл желпі қарауға болмайтынына көз жеткізуге болады.

Елімізде көп өкілдері мен діни сенімі әртүрлі адамдардың тату тәтті өмір сүріп отыруы үлкен мақтанышпен айтылып жүр. Дегенмен елімізде күн санап діни ұйымдар мен конфессиялар санының өсуі алаңдатарлық жайт. Мысалы 1989 жылы Қазақстанда барлығын қосқанда 700-дей діни бірлестік тіркелген болса, қазіргі таңда олардың саны 3 мыңнан асыпты. Республикада 42 діни конфессия әрекет етеді [4]. Аз ғана халқы бар Қазақстан үшін осынша діни бірлестіктердің шектен тыс көп екені өзінен-өзі түсінікті жағдай.

Діни ұйымдар мен мен конфессиялардың өз діндерін ашық насихаттауы, қазақ жастарының өз діндеріне алдап арбап тартулары, өз діндеріне кіргізіп алулары ол ұйымдардың қызметінің ешқандай қадағалаусыз болуы жағдайды ушықтырып отыр. Қазіргі таңда 500 мыңнан астам қандасымыз өзге дінге кіріп кеткендігі айтылуда [4] және бұл процес жалғасуда. Осы арада М. Тазабековтың:

«Өзге дінге көбейсе өтушілер

Сол болар тамырыңды қызған пышақ,

Бір-бірімізбен қырылысып жатпайық

Екі дінге бөлінген Ливанға ұқсап» – деген өлеңдері діннен

келетін қауіптің өте үлкен екенін аңғартса керек.

1960 жылдары тәуелсіздігін алған Африка, Азияның көптеген елдері 2000 жылы 40 жылдығын атап өтті. Оны «Сорок потерянных лет» деді. Бұлар аш емес, ептеп күндерін көріп жатыр. Бірақ білімі кем, жерінен айрылған, елінде миссионерлер қаптап кеткен, мәдениеті тозған [5]. Біздің де қырық жылдан кейін осындай жағдайға тап болмауымыз үшін қазір ойланып, шешім қабылдауымыз керек.

Әлемдегі ланкестік әрекеттердің күшеюіне байланысты қауіпті ланкестік, экстремистік ұйымдарға жатқызылған 12 ұйымның қызметіне республикада тым салынды. Олардың дені Ислам дінінің атымен байланысты ұйымдар. Бұдан республикаға қауіп тек исламшылардан төніп тұр деген пікір тұмауы керек. Еліміздегі біраз ғалымдар мен қоғам қайраткерлері бұл тізімге Евангалистер секталарын, «Иегово куәгерлері» ұйымын және т. б. секталарды кіргізу қажет деп санайды.

Жалпы еліміздегі халықтың діни сеніміне талдау жасайтын болсақ, Ислам дініне мойынсұнушылар 70%-ға тең болса, 28%-ы православие дінінің өкілдері, 1%-ы католиктер, 0,5%-ы

протестанттар, қалғандары 0,01%-дан екен [4]. Яғни, еліміздегі халықтар ұстанатын негізгі дін – Ислам діні. Тарихқа жүгінер болсақ Ислам діні қазақ жеріне таралуы VIII ғ. бастау алады.

Біздің мемлекетіміз зайырлы мемлекет болғанына қарамастан елімізде ислам дініне басымдық берілуі керек және қазақ ұлтының тірегі, ұлттық рухтың өзегі – ислам дінінде екенінде ешкімнің дауы жоқ деп есептейміз. Дегенмен Ислам діні ұлттың негізгі тірегі, ұлттық рухтың өзегі, ұлтты біріктіруші идеологиялық күш ретінде қызмет етіп, өзіне міндетін толық атқарып отырма – мәселе сонда болып отыр. Халқымыздың басым көпшілігінің ұстанатын діні – Ислам, қазақ ұлты өкілдерінің барлығы дерлік мұсылмандар бола тұрса да, еліміздегі діни ахуал сын көтермейтін жағдайда тұр деп айтуға жоғарыдағы келтірілген дәйектер толық негіз болады. Бұл мәселенің бір жағы болса, екінші жағы Ислам дінінің ішінен түрлі ағымдар мен сенімдердің пайда болып, халықты адастыруы. Осы мәселеге тереңірек үңілер болсақ, еліміздегі ислам дініндегілердің басым бөлігі өздерін мұсылманбыз, дініміз Ислам деп санағанымен, Құдайдың құлымыз, Мұхаммедтің үмбетіміз деп иман келтіргенімен Исламның шарттарын толық ұстанбайды. Осыған байланысты М. Тазабековтың:

«Бұл қазаққа Ислам, иман керек,

Кісі өлгенде немесе түс көргенде» – деп айтқан өлең шумақтарында толық негіз бар.

Жалпы еліміздің діни сенімін зерттеушілер бір тобы біздің сенім нанымымыз халқымыздың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына негізделген Ислам діні екенін айтады және бұл тенденцияны оңды бағалайды. Енді бір зерттеушілер тобы керісінше халықтың салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыппен діннің жігін ажырата алмауы халықты адасушылыққа, діннің негізінің бұрмалануына алып келеді және қандастарымыздың басқа дінге өтіп кетулерінің негізгі себебі де осы адасушылықтан дейді. Ислам дініне бет бұрушылардың ішінде жастардың үлесінің көбеюі, қазіргі кезде жұма намаздарына, айт намаздарына мешітке барушылардың дені жастар болуы қуантарлық жағдай. Бірақ, Ислам дініне бет бұрушылардың өзі қоғам тарапына біраз қиыншылықтарға душар болуда. Бес уақыт намаз оқып, аузынан Алланы тастамай жүретіндерге, сақал-мұрт қоюшыларға, хиджап киетін қыздарға, қоғамның барлық мүшелері оң көзбен қарайды деп

айту қиын. Өйткені әртүрлі Хизбуд-Тахир, Бахаббизм сияқты ағымдардың пайда болуы, терроризм, экстремизм және ланкестік әрекеттердің ислам дінімен байланыстырылуы оларға күдікпен қарауға алып келудің бір себебі болса, екінші себебі 70 жыл бойы дін апиын деп атеистік бағытта ұрпақ тәрбиелеген коммунистік идеологияда деп ойлаймыз. Сонымен қатар діни сауаты бар, ислам дінінің қыр сырын білетіндер, терең меңгергендер жастар арасында, білім ұйымдарында үгіт насихат жүргізе алмайды. Өйткені, көп адамдар оларға теріс көзқараста болса, екіншіден оларды тәртіп сақшылары республикамызда әрекет етуге тыйым салынған ланкестік ұйымдарға қатысы бар деп қыспаққа алуы мүмкін. Бұл заңды құбылыс, өйткені Ислам дінін ұстанушылардың қайсы бірі шынай дінді ұстанып Құдай жолында жүргендігін, қайсы бірі халықты іштей ірітіп шірітуді, мемлекетті құлатуды мақсат етіп, Халифат құруды көксейтінін ажырату өте қиын.

Еліміздегі «Еңбек туралы» заңға толықтырулар енгізіліп Құрбан айт мерекесінің алғашқы күнімен православие дінінің рождествосын мереке күндері етіп қабылдануы үлкен проблемалық мәселелерді алып келуі мүмкін. Жоғарыда халқымыздың 28%-ы православие дінінің өкілдері екендігін айтқанбыз. Үлесі жағынан біршама басымдыққа ие болып отырған православие өкілдеріне заң жүзінде статус беру елдегі діни жағдайды ушықтырады деген қауіп бостан босқа туған қауіп емес. Орыс тілін ресми тіл ретінде заң бойынша жариялануы мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілінің құшақ жаюна кедергі болып, қазақ тілінің аясын тарылтып отырғанын көре отырып, осы заңды қабылдау арқылы сол қателікті тағы қайталадық деп санаймыз. Осы аталған жайттардың барлығы негізсіз емес, сондықтан діни мәселерді шешуде батыл қадамдар жасалу керек. Ол үшін келесідей не шаралар қолға алынғаны дұрыс болар еді:

- ең алдымен шетелден ағылып келіп жатқан діни миссионерлердің келуіне тиым салу;

- елдегі діни ұйымдар мен конфессиялардың, бірлестіктердің қызметін мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алу, олардың санын барынша азайту;

- қабылданған еліміздің «Еңбек туралы» заңын қайта қарап, православие дінінің рождествосын мереке күні деп белгілемеу;

- ислам дінінің кеңінен насихатталуына мемлекет тарапынан ықпал ету және жұмысын қатаң қадағалап, бұрмалануына жол бермеу;

- ислам дініне басымдық бере отырып халықтың діни сауатын ашуға БАҚ-ты жұмылдыру.

Діннің ұлттың ұлт болып сақталып қалуының негізгі факторы екенін, діни бірлік болмай ұлттық бірлік, ұлттық рух, ұлттық сана болмайтынын ұғатын сәт жетті деп санаймыз. Жаһандану заманы әлемді жаулауына орай уақыт өте келе майда ұлттардың жойылып, жоғалып кететіні жайлы айтылуда. Қазақ ұлтының ұлт ретінде сақталуының, ұлттық келбетін сақтап қалуының бірден бір кілті – ол діни бірлігінде және ол діни бірлікті Ислам діні қамтамасыз етеді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1. *Айталы А.* Жаһандану және ұлт мәселесі // Егемен Қазақстан, №51-54 (25026) 27 ақпан 2008 ж.

2. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Халыққа жолдауы, Астана, 14.12.2012 ж.

3. *Волков Ю.Г., Мостовая И.В.* Социология в вопросах и ответах. Москва, 1999.

4. *Досалы Салқынбек.* Діни идеологиядан діни қақтығысқа дейін... // Егемен Қазақстан. 10 мамыр 2006 ж.

5. Ұлттық идея-ұлы ұйытқы // Егемен Қазақстан. 6 сәуір 2005 ж.

Түйін

Бұл мақалада Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және Қазақстан жастарының діни дүниетанымын сапалық дамыту мәселері қарастырылған.

Резюме

В этой статье рассматриваются проблемы формирования Казахстанского патриотизма и религиозного мировоззрения казахстанской молодежи.

Summary

This article discusses the problem of formation of Kazakhstan patriotism and religious worldview of Kazakhstan's youth.

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛАСЫНДА ОРАЛМАНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н.О. Байғабылов,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
«Әлеуметтану» кафедрасының аға оқытушысы*

XXI ғасырда тәуелсіз Қазақстан қоғамы жаңа сапаға ие болды. Жаһандану жағдайында нарықтық экономика мен жаңа саяси жүйе қалыптасып, Қазақстан әлемдік өркениетті мемлекеттер көшінің қатарына қосылды. «Стратегия-2030 қабылданғаннан бері 15 жыл ішінде мемлекет әлемдегі ең серпінді дамушы елдер бестігіне енді. Нәтижесінде, 2012 жылдың қорытындысы бойынша ЖӨ-нің көлемі жағынан Қазақстан Республикасы әлемнің 50 ірі экономикасының қатарына енді. Әлемнің барлық елдері өз дамуын салыстыратын мойындалған рейтингтер бар. Осыдан алты жыл бұрын мен алдымызға әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру жөнінде жалпыұлттық міндетін қойдым, Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингінде 51-орынды иеленді. Біз бүгін осы мақсатымызға таяқ тастама ғана қалдық» делінген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында [1].

Біздің тарапымыздан, Қазақстандағы мемлекет құрушы қазақ ұлты жаһандану заманында әлемдік адами құндылықтарды қабылдап, дамытып өзінің ұлттық мақсат-мұраттарын жоғары деңгейде жүзеге асыратынына толық үміт бар. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстандағы этнодемографиялық ахуал қазақ ұлты басым болып келе жатқанын көрсетеді. Мысалы, 1991 жылы қазақтардың саны 41 пайыз 6 млн. 800 мың адам, ал 2008 жылы 62 пайыз, немесе 9,2 млн. адам тіркелген. Мемлекет құрушы ұлт 17 жылда 21 пайызға артып 2 млн 400 мың адамға молайса, соңғы санақ нәтижесі бойынша қазақтар 63,9 пайызға жетіп отыр [2]. Бүгінде соңғы зерттеулер бойынша мектеп оқушыларының 71 пайызы қазақ ұлтының ұл-қыздары болып отыруы ертеңгі күнді болжауға негіз береді. 2012 жылы шілде-

желтоқсан аралығында біздің шығармашылық топ күшімен «Ғылыми қазына» бағдарламасы аясында жүргізілген «Социокультурная адаптация молодежи городов Казахстана» зерттеу жобасында келтірген деректерімізге дәйек болады [3].

Мұндай ұлттық басымдылыққа ие болуда елге оралған қандастардың сандық үлесі оң ықпал етті. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері әлемдік саясатта Германия, Израиль мен қатар өз қандастарын тарихи атамекеніне шақыруда белсенділік көрсетіп келеді. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан бері мөлшермен 1 миллион этникалық қазақтар (оралмандар) елімізге оралды. Қазақтардың басым көпшілігі Қазақстанмен шекаралас елдерді мекендейді. Әлемнің 44 мемлекетінен тұрақ тапқан сырттағы қазақтың саны шамамен 5 миллионға жуықтайды. Соның 4 миллионы үш елдің еншісінде: Қытайда 1,5 миллион, Өзбекстанда 1,5 миллион және 1 миллионға жуығы Ресейде шоғырланған. Қалған бөлігі Моңғолияда (130 мың), Түркіменстанда (70 мың), Қырғызстанда (45 мың), Ауғанстан (30 мың) мен Түркияда (25 мың) біршама тығыз және жинақы орналасқан [4].

Қазақстаннан тысқары елдерде өмір сүріп жатқан қазақтар қашан да өздерінің ұлттық болмысын сақтауға баса назар аударады. Олар өздерінің ұлттық тіл, дін, ділдерін (менталитет) жақсы сақтаумен қатар, дәстүрлі тұрмыс-салты мен қолөнер кәсіптерін де айтарлықтай жалғастырып, дамытып отырады. Сондай-ақ өздері тұрған елдің заманауи білім-ғылымы мен сауда-индустрия саласының менеджменттік өнерін де игерген. Әсіресе, этникалық қазақтар шоғырлы қоныстанған Моңғолия мен Қытай қазақтарында ұлттық дәстүрлі мәдениет айтарлықтай жақсы сақталған және дамыған. Осындай мәдени ортадан Отанға оралған қандастарымыз Қазақстан қоғамына тың күш, жаңа мәдени леп әкелді.

«Жебеу» Республикалық қоғамдық қорының өкілі Рақым Айыпұлының айтуынша «2011 жылғы 1 қаңтар бойынша 825 мың, ал, 2011 жылдың үш айында 10 491 оралман Қазақстанға көшіп келген. Қазақстандағы оралған қандастардың ішінде 74 ғылым докторы, 213 ғылым кандидаты, 1600 шығармашылық қызметкерлері, 12,5 мың білім беру саласының жұмысшылары

және шамамен 7 мың медицина қызметкерлері болса, жалпы 40777 оралман жоғары білімді, 2509-ының аяқталмаған жоғары және 93600-інің орта арнаулы білімі бар, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында 5508 оралман студент, ал дайындық курстарында 160 қыз-жігіт оқып жатыр, ал 620 адам Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарында қызмет атқаруда. Оралмандардың 4 пайызын ғана зейнеткерлер құрайды [5]. Аталған мәліметтер елге оралған қандастардың қазіргі Қазақстан қоғамындағы инновациялық дамуға елеулі ғылыми-практикалық үлес қосып отырғанын дәлелдейді.

Отандық ғылымға қандастардың атамекеніне қоныстануымен сирек мамандық иелері келді. Олар Шығыстың ескі қолжазбаларын түпнұсқадан тікелей оқып, пайдалана алатын тарихшы-лингвист мамандар: Зардыхан Қинаятұлы, Сартқожа Қаржаубайұлы, Нәпіл Пазілханұлы (екі моңғол, манчжур және түркі руникалық жазуларын оқитын тарихшы, филолог ғалымдар); Ислам Жеменей (ескі парсы жазбаларын оқитын филолог ғалым); Бақыт Еженханұлы, Сағынтай Сұғатайұлы, Жәнімхан Ошан және Нұрлан Кенжеахмет, Тұрсынхан Қайыркен, Дүкен Мәсімхан (ескі қытай жазбаларын оқтын тарихшы, филологтар) және т. б... Бұл ғалымдардың Отанға оралуымен бұрынғы ұлы державалардың шығыстанушыларының Қазақстандағы монополиясы біржолата аяқталды.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 2008 жылдан «Оралмандар кеңесі» атты қоғамдық бірлестік құрылды. Бүгінде, оралмандар кеңесі 300-ден астам оралман-студенттердің бейімделу мәселесін талқылау үшін айына бір рет Кеңес отырысына жиналады. Жыл сайын қалалық және республикалық Көші-қон және демография комитеті мен ҚР Парламентінің Мәжілісі жанындағы оралмандар мәселесі бойынша ғылыми-консультациялық кеңесімен бірлесе отырып «Оралман-студенттер құрылтайы» өтеді. Бұл кеңес атамекенге оралған жас қандастардың Қазақстандық ғылымның инновациялық дамуына үлес қосуларына бүгінгі күннен негіз қалауда.

Оралмандар өздерінің еңбекқорлығы және ізденгіштігімен ерекшеленіп, соның нәтижесінде нақты жетістіктерге қол жеткізуде. Олар қарапайым саудагерден кешенді өндіруші

кәсіпкерлерге айналған. Бүгінде өз жұмыстарын дөңгелетіп, қазынаға салық тапсырып, сан мыңдаған адамға жұмыс беріп отыр.

Кәсіпкер-ғалым Талғат Мамырұлы қоғамдық сұранысқа орай, 2007 жылы өз қаражатымен «Халықаралық қазақ-қытай тіл академиясы» колледжін ашып, «Аударма ісі», «Туризм», «Тігін өндірісі және киімді модельдеу», «Екі шет тілі» (қытай және ағылшын), «Іс қағаздарды жүргізу және мұрағаттану», «Киім дизайны» сияқты мамандықтар бойынша кәсіби техникалық мамандарды дайындап келеді. Бұл гуманитарлық білім беру мен кәсіптік-техникалық білім беруді ұштастырған алғашқы оқу орны болып табылады.

Медициналық емдеу саласында, бірнеше жүздеген білікті дәрігер мамандар Отанға оралды. Олардың қатарында медицина ғылымдарының докторы, профессор Сағындық Игісінов қатарлы белгілі мамандар бар. Олар өз қаражаттарымен емдеу орталықтарын ашып, шығыстық инемен емдеу және батыстық жаңа технологияны қолдану арқылы халыққа қызмет көрсетуде.

Қазіргі таңда шағын және орта бизнес саласында бірнеше жүздеген қандастарымыздың ашқан жеке кәсіпорындар табысты жұмыс жасауда. Қазіргі таңда оралман кәсіпкерлерден мемлекет қазынасына тұрақты түрде салық тапсырушылар шоғыры қалыптасты. Солардың ішінен мына кәсіпкерлер атап айтуға тұрады: Қайрат Бодауханұлы («Асар» ЖШС директоры), Шағанбек Қанжарбайұлы («Шымкент-КАШМИР» ЖШС директоры), Фарида Мерхамитқызы («Ерке-Нұр» ЖШС директоры), Төлеубай Нығарбайұлы («НАХ» ЖШС директоры), Асқар Жакулин («Асай» ЖШС директоры), Сабыржан Мұқаметханұлы («Алатау-Автоспец-техника» ЖШС директоры), Қамбар Әжіқадырұлы («Өз-Жер» ЖШС директоры), Рақаш Аманжолов («RBC GROUP BUILDING» ЖШС директоры), Баһаргүл Төлегенқызы («Әдем-ай PLUS» директоры), Думан Халмет («Марқатай» ЖШС директоры), Азат Кәрімұлы («КАНАН» ЖШС директоры) [6].

Шағын бизнес өкілдерін айтпағанда мемлекетке жылына миллиондап салық тапсырып, жүздеген адамды жұмыспен камтып отырған кәсіпкерлерде бар. Соның бірі – «Алатау-спец-

техника» ЖШС директоры Сабыржан Мұхаметхан. Кәсіпорында 240 адам тұрақты жұмыс жасайды. Жылына мемлекетке 100 миллион теңгеден аса салық төлеп отыр. Кәсіпорын жол жөндеу, су құбырларын ауыстыру, құрылыс салу, қаланы абаттандыру, техника сату және қызмет көрсету жұмыстарымен айналысады.

Қазақстан экономикасының дамуы өз тәуелсіздігін сақтап, ұлттық жаңғырудың (модернизацияның) кепілі ретінде барша халықтың әлеуметтік жағдайының деңгейін жақсарту мен рухани өсуіне толық мүмкіндік жасап, жер мен жер қойнауының байлығын халқының мүддесін қорғайтын деңгейде пайдаланып, шет елдік инвесторлар мен трансұлттық корпорациялардың экспансиясына жол бермеу керек. Осы бағытта бүгінгі оралған ағайындардың атқарып жатқан нақты істеріне қолдау көрсету қажет.

Бұл нақты мысалдар бүгінде қоғамда қалыптаса бастаған «сұрау сұрағаннан басқа осы оралмандар не берді?» деген сауалға тұщымды жауап деп санаймыз. Қазақстан үшін ең басты байлықтың бірі – ол таза қазақ тілін, қазақи салт дәстүрін ұмытпаған қандастармыздың елге келіп қосылуы. Ал олар өз кезегінде елдің индустриялық-инновациялық дамуына да өзіндік деңгейде қомақты үлес қосуда.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, 2012 жылғы 14 желтоқсан // www.akorda.kz.
2. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты // www.stat.kz
3. Социокультурная адаптация городской молодежи. – Астана: УПЦ ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. – 2013. – 175 с.
4. *Бақытбек Р.* Ассимиляция құрсауында қалу – қауіпті // www.abai.kz
5. *Баймолда Д.* Елге оралған оралмандардың берері көп // abai.kz ақпараттық порталы.
6. *Байғабылов Н.О.* Атамекеніне оралған қазақтардың мемлекет құрушы ұлт талаптарына әлеуметтік сәйкестенуі: Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2013. – 136 б.

Түйін

Мақалада Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық өмірдегі оралмандардың әлеуметтік бейімделуі қарастырылады. Қазақстан мемлекетінің инновациялық-индустриялық дамуына оралмандар үлесінің нақты мысалдары келтіріледі.

Резюме

В статье рассматривается социальная адаптация оралманов в сфере социально-экономической жизни казахстанского общества. Приводятся конкретные примеры вклада оралманов в инновационно-индустриальное развитие Республики Казахстан.

Summary

The article considers social adaptation repatriates in socio-economic life of Kazakhstan society. Specific examples the contribution of repatriates in innovation and industrial development of the Kazakh state.

XXI ҒАСЫРДЫҢ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ: ЖОО-Ы МЕН БИЗНЕС-ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ӘРІШТЕСТІГІ РЕСЕЙ БІЛІМІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ МЕН САПА ШАРТТАРЫ РЕТІНДЕ

*А.Ш. Балықбаева, Ш.М. Тленчиева,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, әлеуметтану мамандығының
II курс студенттері*

Инновациялық экономиканы дамытудағы жақын келешектегі өзекті ұлттық приоритеттер өз міндеттерін шешуде ресейлік жоғары мектептерді кірістіреді. Экономиканың әр саласында бәсекеге қабілеттілікті арттыру ресейлік білім мен ілім базасын тиімді пайдалануға байланысты.

Ресейдің ұзақ мерзімді қызығушылығы әлемдік экономикалық кеңістікке енгізілген заманауи экономиканың инновациялық типін қалыптастырудан тұрады. Мұндай ыңғай өндірістің өркендеуінсіз мүмкін емес, сондай-ақ, шаруашылық мамандығын өзгерту және оның жоғары технологиялық ғылыми секторын күшейту, қоғамның барлық өмір сүру жағдайларын, сонымен қатар, ұлттық жобаларды жүзеге асыру негізінде, сапалы өзгерістермен қамтамасыз ету, соның ішінде ең маңыздылары – білімді, денсаулық сақтауды және ауыл шаруашылық өндіріс комплекстерін дамыту.

Барлық аталған мәселелер стратегиялық сипатқа ие және білімді жаңаландыру жүйесі аясында кәсіби компетенцияларды игерген жоғары квалификацияланған мамандарды өндіру жүйесі қалыптаспайынша аталған мәселелерді шешу мүмкін емес. Ресейлік ЖОО-ның Болон үдерісіне енудегі өзгерістер, тек қана әлемдік білім нарығындағы университеттердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуда ғана емес, білім қызметтері нарығы мен еңбек нарығы арасындағы байланысты дамыту мәселелерін шешуде де маңызды рөл ойнауы керек. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, оқытуда инновациялық технологияларды қолдану, білім алуда жаңа формаларды қолдану арнайы салалар немесе аймақтарда алға жылжу шарттарын қалыптастыру арқылы университеттік акторларға қосымша клиенттер және инвесторлар тартады. Ресейде бұл экономикалық және әлеуметтік-саяси

дамудың маңызды ресурсы инновациялық дамудың потенциалды қайнар көзі ретінде дұрыс қолданылмайды.

Бұл жағдай дұрыс емес, және оны өзгерту үшін жұмыс берушілер мен ЖОО-ы арасындағы қалыптасқан қарым-қатынасты дамыту құралдары мен механизмін қайта қарау талап етіледі. Олар жай «тапсырыс беруші-сатушы» немесе «өндіруші-тұтынушы» ретінде ғана емес, тең дәрежелі әріптестік принциптеріне сүйеніп, заманауи экономикалық білімнің талаптарына сәйкес жасалынуы керек. ЖОО-ы мен бизнестің әріптестік қарым-қатынасқа көшу қажеттілігі бизнестің дамуын өзгеріспен қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар, инновациялық экономикаға сәйкес келетін жаңа типтегі мамандардың сұранысына байланысты. Мұндай ауысудың тәжірибелі жүзеге ауысуы – ЖОО-ның, аймақтардың қызығушылықтарының жан-жақтылығында.

1. Білім бағдарламасын жасаудағы модульдік принциптерді меңгеру.

ЖОО-ның тәжірибесі көрсеткендей, жалпы мақсаттан біреуіне дайындайтын білім бағдарламасынан 4–5 модульді бөліп алу мүмкіндігі бар. Әрбір осындай модуль мемлекеттік білім стандартының пәнінің цикліне кіруі мүмкін. Мұндай модульдер көлемі бойынша тең болмайды, алайда жұмыс беруде баланс сақталады. Осылайша, арнайы кәсіби компетенцияны қалыптастыруда алға қойған мақсатқа жету оқытудың нәтижесі мен мақсаты көзқарасынан әр пән модуліне анализ жасауды және жалпы модульдің мақсаттарымен сәйкес келуін талап етеді. Оқу жоспарына сәйкес әр семестрде және әр түрлі курстарда оқытылатын дисциплиналар әр модульдерге біріктірілгенде модульдердің «аралық» сипаты байқалады, яғни әр модуль жалпы білім бағдарламасының белгілі бір аралығында өткізіледі, осы кезде әр түрлі модульдер уақыт бойынша бір-бірімен параллельді түрде оқытылады. Осылайша, «аралық модуль» принципі тек қана жұмыс берушілерді қызықтыратын білім бағдарламасының «көрінбейтін» және түсінікті дұрыс сипаттамасын жасауға ғана емес, сондай-ақ, жалпы бағдарламаны және оның жеке бөлімдерін үнемі жақсартып тұруға және ішкі бағдарламаның саясатын жасауға, бағдарламаның сапасын басқаруға мүмкіндік беретін жақсы құрал болып табылады. Жекелей қарағанда, аталған ыңғайды жүзеге асыру бағдарламадан жалпы мақсатқа жұмыс істемейтін ұлттық-аймақтық компоненттегі пәндерді

алып тастауға, жеке пәндердің мазмұнын жөндеуге, пәндерді біріктіруге, пәндер мен пәнаралық байланысты орнатуда дұрыс логикалық тізбек орнатуға мүмкіндік береді.

1. Әрекетпен оқыту моделін енгізу.

Бұл модельдің маңызды принципі алдын ала оқыту болып табылады. 1970 жылы ағылшын экономисті және кеңесшісі Р.Реванс жасап шығарған: ұйымның оқыту темпі қоршаған ортаның өзгерістер темпінен жоғары немесе тең болмайынша өркендей береді. Әрекетпен оқыту моделінің мақсаты – болжамдаған әрекет теориясы мен тәжірибе арасындағы алшақтықты жеңу.

Әрекетпен оқыту моделінің сипаттамасының анализі келесідей негізгі сипаттарға ие:

- Студенттер жасанды жағдайлармен емес, шынайы міндеттермен жұмыс істейді;

- Оқытушы ақпарат трансляторы ретінде емес, әрекеттерді тануға мүмкіндік беретін шарттарды жасай отырып, мәселені шешуі мен талқылау процесінің ұйымдастырушысы ретінде қызмет атқарады;

- Шынайы жағдайлар кезінде әр түрлі шешім қабылдау мен тандау үшін студенттер жан-жақты ақпарат базасымен жұмыс істейді;

- Студенттер сыни ойлауға және шешім қабылдағаннан кейін жауапкершілікті өз мойнына алуға үйренеді.

ЖОО-да әрекетпен оқыту моделін жүзеге асыру нақты сипатқа ие және болашақ менеджерлерді дайындауда қолданады. Бұл модель әрдайымғы өзара байланыста мәселелік-дамытушылық, белсенділікте ойын әдістерін қолданатын, тыңдаушылар мен оқытушылардың өзара әрекетінің жоғары деңгейін сипаттайтын оқытуда белсенді технологиялар, интерактивті әдістерді қолданумен байланысты. Мұндай әдістерге оқу процесінде өзін көрсете алған дискуссияны, талқылауды, ресми және рөлдік ойындарды, кейс стадиді, және де білім жүйесіндегі жаңа ұжымдық оқытулар тренингтер, модерация, баскет-методты жатқызуға болады. Әрекетпен оқыту өзін студенттердің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыруда жақсы көрсете білді, әсіресе, бұл жағдайға сыртқы экономбанктің әріптестерінің белсенді қатысуы;

3. Кәсіби компетенцияларда кепілдік компетенттерін қалыптастыру механизмдеріне ие болған компетенттік форматтағы

оқу процесінде оқытушылық-әдістемелікті қамтамасыз етуді қалыптастыру. ЖОО әріптестерінің Ресей Федерациясы білім және ғылым министрлігінің гранты бойынша жұмыс істеуі жаңа басылымдарды, яғни, анықтамалық-ақпараттық блокты, сұрақтар мен жауаптарды, тәжірибелікті, теоретикалық материалдарды біріктіретін оқу-әдістемелік комплекс және оқыту курсы кәсіби компетенцияларды қалыптастыратын модель негізінде шығарылуы керек деген түсінікке әкелді. Студенттердің оқуға деген ынтасын жоғарылату үшін оқу құралдарында өзіндік жұмысты пайдалану жоспарланып отыр, оның мазмұнын түсіну этап бойынша жүреді. Ол этаптар келесідей: жұмыстың әдісін меңгеру этабы, оқу мәліметтерімен өндірістік жұмыс жасау этабы, тест және бақылау жұмыстарын орындауда өз-өзін бақылау этабы, жобалық жұмыстарды орындау этабы, оқытудың нәтижелерін оқытушыға ұсыну этабы. Мұндай оқу құралдарына рецензия алу мен жарыққа шығару үшін жұмыс берушілерді көптеп тарту керек.

4. Барлық оқу пәндері бойынша бақылаушылық-бағалаушылық шараларды өткізу және ұйымдастыру, жоспарлауды қосатын, жүйелік сипатқа ие, студенттердің кәсіби компетенцияларын қалыптастыруды бақылау. Мұндай бақылаудың тиімді инструменті ретінде нақты білімі, ілімі мен мүмкіншіліктерінің деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін тесттің жетістіктерін қолдану болып табылады. Қалыптасқан тәжірибе бойынша тесттің жетістіктерін қолданудың өз ерекшеліктері бар. Атап өтетін болсақ, тест кезінде нақты білім қолданылады және ойлау операциясы қатар жүреді. Мұндай тесттер нақты пән немесе циклге арналған білімді меңгергендігін бақылауға арналған. Тест базасын дамытудағы кәсіби жетістікке жету – жақын болашақтың ісі және бұған жұмыс берушілер де қызығушылық танытуы тиіс.

Алайда, инновациялық экономикада кәсіптерді дайындау үшін ЖОО және бизнес арасындағы өзара әрекет шарттарын жүзеге асыру үшін тек бір жақтың ғана, жоғары кәсіби білімнің, күші аздық етеді. Теңқұқықты әріптестік орнауы үшін бизнестің де еркі мен тілегі болуы тиіс. Сондай-ақ, қазіргі уақытта бизнес арнайы мамандарды дайындауда ең көп тапсырыс берушілердің бірі. Алайда, шығыстық бизнес өздері үшін мамандарды дайындауда ақысын төлеу мен тапсырыс беруді дұрыс қолдана

алмай жатыр. Мысалы, Орал аймақтарында бұл жағдай жақсы дамыған, университеттер абитуриенттерінің 30%-на дейінгілерін кәсіпорындармен арнайы келісімшарт бойынша қабылдайды. Ал, алыс шығыс өңірлерде, зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, ұзақ уақыттық білімді кредиттеудің арнайы бағдарламалары жоқ. Бұл міндеттерді тек университеттер ғана шеше алмайды, бұл мәселені шешу үшін өңірлік билік, университет және бизнес-қауымдастықтың күшін біріктіру керек. Аймақтардағы ВПО жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі жалпы аймақтардың бәсекеге қабілеттілігімен тығыз байланысты. Әсіресе, бұл білім қызметтерінің халықаралық нарыққа шыққан кезде байқалады. РФ-ның жағымды геосаяси жағдайы ЮВА елдерінде ресей білімінің экспортын дамыту үшін аймақтарда стратегиялық сызба ашу мүмкіндігін жасады. Бұл жердегі маңызды сұрақ, білім сапасымен қамтамасыз ету – бұл университеттердің мәселесі, яғни өмір сүру сапасы, аймақтардың инфрақұрылымдары, қауіпсіздік сұрақтары. Бұл тек университет, бизнес және биліктің өзара әріптестігі негізінде шешілетін өте қызықты және келешекті тапсырма.

Қорытындылай келе, тағы да айта кететініміз, дәстүрлі білім заманауи ғылым мен өндірістің шынайы қажеттіліктерінен артта қалуда: ресей университеттері жас мамандарға тек білім береді, ал бизнес олардан компетенциялар мен ілімдер күтеді. Міне, осы себептен ғана, ресейлік маман дайындау жүйесінде білім сапасы мен бәсекеге қабілеттілік тек университеттер мен бизнес арасындағы өзара байланыс кезінде ғана шешіледі. Қазіргі уақытта, РФ-да, оның жеке аймақтарында да білім мен бизнестің әріптестік деңгейі жеткілікті деңгейде дамымаған. Бұған объективті және субъективті себептер бар. Бизнес жағынан да, университет жағынан да келеңсіздіктер бар. Бизнес университеттермен арнайы мамандарды дайындауда ұзақ уақыттық әріптестік бағдарламаларын жасауға дайын емес. Экономикалық жағдай мен мемлекет тарапынан жеткіліксіз кепілдік сияқты жалпы қалыптасқан тұрақсыздық көптеген компаниялардың адам капиталына ұзақ уақыттық кіріс бағдарламасын жасауға кедергі келтіруде.

Түлек дайындауға қатысты жұмыс берушілердің қажеттіліктерін байқау үшін және университет жұмыстарының сапасын бағалау, олардың дамуының келешегін түсіну үшін

жоғары білім мәселелері бойынша университеттер мен жұмыс берушілер арасында интенсивті коммуникация болуы керек. Мұндай әріптестіктің негізгі формаларының бірі – кәсіби стандарттарды қалыптастыру, университеттердің рейтингісін жасау, мамандарды арнайы келісімшарт бойынша дайындау, университеттердің бірігуі, білімді кредиттеу, сондай-ақ, бизнесмендердің университеттерді қолдауы (өндірістік тәжірибе орындарын қалыптастыру, біріккен лаборатория жасау, университеттердің материалдық базасына қолдау көрсету). Жоғарыда ұсынылғандардың барлығы, елдің дамуына, әсіресе, сапалы мамандар қатарының көбеюіне жағымды әсерін тигізеді.

Әдебиеттер

1. *Филиппов В.М.* Сравнительный анализ систем управления в вузах, организации и экономики образования // Университетское управление. – 1998. – №1. <http://www.umj.ru/index.php/pub/inside/65> (дата обращения: 27.08.11).

2. *Рисин И.Е.* Расширение форм сотрудничества ВУЗов и бизнеса как основа развития инновационного потенциала: опыт для России // Российско-Германский центр трансфера технологий – Официальный сайт. 29 апреля 2009 [Электронный ресурс].

3. *Джуринский А.Н.* Развитие образования в современном мире / А.Н. Джуринский. – М., 2003.

4. *Ван дер Венде М.* Болонская декларация: расширение доступности и усиление конкурентоспособности высшего образования в Европе / М. Ван дер Венде // Высшее образование в Европе. – 2000. – № 3. С. 45–53.

Түйін

Бұл мақалада Ресей ЖОО-лары мен кәсіпорындар арасындағы байланыстың тиімді үлгілері мен жағымды жақтары қарастырылған.

Резюме

В данной статье рассматриваются образовательные модели и положительные стороны взаимосвязи между вузами и предприятиями Казахстана и России.

Summary

This article explores the educational model and positives relationship between universities and enterprises in Russia.

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ АУЫТҚУШЫЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕБЕПТЕРІ

С.С. Джанқадыров,

Абай атындағы ҚазҰПУ,

магистратура және PhD-докторантура институты,

әлеуметтану мамандығы магистранты

Жасөспірім кезіндегі дағдарыс барлық балаларда кездеседі. Кейбір балалар дағдарстан жеңіл өтеді, ал кейбіреулер үлкен қиындықпен өтеді. Дағдарыстың жеңіл түрде өтуіне ата-аналардың балаларға көп көңіл бөлуі, ата-аналық сүйспеншілік сезімінің толық берілуі бірден-бір ықпал етеді. Жасөспірімдер арасында ауытқыған психологияның кездесуінің бір себебі ата-аналардың өз балаларының мінез ерекшеліктері туралы дұрыс түсінігі болмауы салдарынан «қате» көзқараста болуы немесе, артық талап қоятыны. Осыдан келіп түсінбеушілік пен пікір қайшылығы туындайды. Сондықтан жасөспірімдердің мінез типтерінің ерекшеліктері мен ауытқушылықтарды анықтаудың бір жолы әлеуметтік-психологиялық терапия мен отбасылық қарым-қатынасы психологиялық түзетуді дұрыс жолға салуға жұмысы. Психологиялық ауытқушылықтардың алдын өту тиімді бір шарасы- мектептерде тәрбие туралы жасөспірімдерге, ата-аналарға психологиялық дәрістер оқып осы тұрғыда жаттығулар жүргізілуі: Жасөспірім кезіндегі дағдарыстардың ерекшелігі. Жасөспірімдердің жыныстық жетілуі. Еліктеу және оның маңызы туралы талдаулар өте өзекті.

Аталмыш кезеңдегі бала психологиясындағы өзгерістерге мән беріп психодиагностикалық әдістер жүргізіп, дер кезінде кеңес беріп, түзету жаттығулары арқылы көмек беру әр мәтін психологінің әлеуметтік қызметкерінің, ұстаздың міндеті [1].

Яғни әрбір девиантты мінез-құлық жасөспірімнің өзіне ғана тән емес қайшылықтар болатындықтан, оны тәрбиелейтін мұғалімнен, ата-аналардан, қоршаған әлеуметтік ортадан ептілік, тапқырлық жан-жақты білімдар ұстаз бен ата-ана болу тәрбиелік ықпалды тікелей де, жанамалай да жасай білу, өз ісіне шығармашылықпен қарау шиеленістерді шешерде сәтті

құбылыстарды қолдану сөзсіз іс-әрекетте нәтижелі еткен болар еді.

Яғни, жасөспірім тәрбиесі балалардың жасына, мінезіне қарай әрекет етуді, үлкен ұстамдылықты, нағыз шеберлікті талап етеді. Мектептен тыс уақытта, жазғы демалыс кезінде де ата-ананың дұрыс тәрбиесі жасөспірімдердің ұжымшыл болуына әлеуметтік ықпал жауаптылығын жасайды.

Демек, жасөспірімдердің бойында ауытқымалы мінез-құлық нышандарын дер кезінде дұрыс айқындау бірқатар көрініс беріп отырған әлеуметтік проблемалардың алдын алуға болады.

Мектеп оқушылары арасында сабақтан көп қалатын, тәртібі нашар, білім деңгейі төмен, ашуланшақ, ата-аналар мен ұстаздарды тыңдамайтын, бұзақылықтар жасайтын балалармен жиі кездеседі. Зерттеушілер мұндай оқушыларды «Қиын оқушылар», «Мінез-құлқында ауытқуы бар балалар», «Девиантты балалар» деп қарастырып жүр.

Девианттылық тұтасымен алғанда Қазақстанда күннен-күнге жасарып келе жатыр. Сондықтан жасөспірімдердің жат мінез-құлықтарымен күресу және олардың алдын алу мәселесі жас мемлекетіміздің алдында тұрған күрделі әлеуметтік мәселе болып табылады.

Девиантты мінез-құлық деп әлеуметтік нормадан ауытқуды айтады. Оны қоғамда қабылданған нормаға қарама-қайшы әрекет жүйесі ретінде анықтайды.

Ауытқушы (девианттық) мінез-құлық деп қоғамда қалыптасқан мінез-құлық нормаларына сәйкес емес әлеуметтік мінез-құлықты айтамыз (И. Невский). Белгілі әлеуметтанушы И. Кон девианттық мінез-құлықты психикалық денсаулық, құқық, мәдениет немесе адами қалыптарының жалпы қабылданған қалыптардан ауытқыған іс-әрекет жүйелері ретінде қарастырады. Бейімделуші мінез-құлықтың тұжырымына сәйкес кез келген ауытқушылық бейімделудің бұзылуына алып келеді (психикалық, әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық, қоғамдық) [2].

Балалар мен жеткіншектердің мінез-құлқындағы ауытқушылық көріністері олардың адамгершілік және әлеуметтік дамуы жағынан дара ерекшеліктер мен тұлғалық көріністеріне, нақты өмір жағдайларына және іс-әрекеттеріне қарай әртүрлі болуы мүмкін.

Девиантты мінез-құлық деп әлеуметтік нормадан ауытқуды айтады. Оны қоғамда қабылданған нормаға қарама-қайшы әрекет жүйесі ретінде анықтайды.

Ең алғаш бұл мәселе бойынша зерттеу жүргізген ғалымдар (П.П. Блонский т. б.) ол өз зерттеулерінде девиантты деп мінез-қылығы шамасынан ауытқыған, кәмелетке толмаған балаларды қарастырды.

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықты мәселесін қазақстандық педагог-психологтар мен әлеуметтанушылар да қарастырып жүр (А. Жұмабаев, Л.К. Керімов, Э.И. Шыныбекова, Г.А. Уманов, Ш.Е. Жаманбалаева, Р.С. Саиықжанов, Д. Қазымбетова, Т.М. Шалғымбаев, А.М. Қарабаева, Т.Ж. Жакиянов, т. б.). Бұл зерттеушілер девиантты сияқты жағымсыз қасиеттің қалыптасуына әлеуметтік-педагогикалық факторлардың әсер ететінін де зерттеген. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықтарын қызықты өзіндік істерге ұйымдастыру, мектеп ықпалын күшейту, бойындағы белсенділікті арттыру, ұжымдағы әлеуметтік-мәдени әрекеттерге араластыру арқылы жеңудің әртүрлі жолдарын көрсетіп берген.

Дж. Смелзер девиантты мінез-құлықты жекеленуге, емделуге, түрмеде қамалуына және басқада құқық бұзудың жазалауларына әкелетін топтық нормадан ауытқу деп санады [3]. Әлеуметтанушылар В.И. Добреньков және А.Н. Кравченко «қоғамдық көзқараста мақұлданбайтын әрбір қылықты девиантты мінез-құлық» деп атады [4].

Әлеуметтік-психологиялық әдебиеттерде балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының қалыптасуына әсер ететін факторларды төмендегідей бөліп көрсетеді:

- агрессивтілік;
- өзін-өзі басқарудың төменділігі;
- әлеуметтік нормаларды түсіну дәрежесінің төмендігі;
- ата-аналардың бақылауының жетіспеушілігі;
- ата-аналардың әсер етуінің тиімсіздігі;
- физикалық жазалау;
- жасөспірімнің отбасымен және құрдастарымен келіспеушілігі;
- отбасының құлдырауы;
- ерте ішімдікке салыну, таксикомания, нашақорлық;
- әлеуметтік қанағатсыздану;
- асоциальды топтарға қосылу.

Девиантты мінез-құлықты көбіне жасөспірімдер арасында кездестіреміз. Себебі жасөспірімдік кезең-ең қиын, әр түрлі бұзақылықтардың пайда болатын және сонымен қатар достық нормаларды игеруіне сәтті кезең болып табылады [5].

Жасөспірімге тән әлеуметтік-психологияның қасиеттің бірі-өзіндік тәуелсіздік, дербестік, басқаға бағынышты болмауға ұмтылыс. Сол себептен, өзінің күш-қуатын, жеке басының мән-мағынасын түсінуге ұмтылыс жасайды. Оны ұғынуға ұмтылыстын мектепегі оқу-тәрбие мен еңбек процесіне қатынастарынан байқауға болады. Өкінішке орай дәл осындай ұмтылыс жағдайларында қиыншылықты мінез-құлықты балалар типтік ерекшеліктеріне байланысты түсінік тауып, қолдау ала алмаймыз ішкі жай-күйінен шығу жолын таба алмай, әлеуметтік тұрғыдан қорғалынбайды. Содан девиантты мінез-құлықты бала ешкімге керегім жоқ деген сезімге беріліп, кінәны айналасындағы үлкендерге теліп, айналасымен жан-жалдасуға, ұрыс-төбелеске бейімделеді. Қажеттіліктің орнын толықтырудың жолын бос уақытын мақсатсыз пайдалану, мектеп тәртібін ұстамау, заң нормаларын бұзу, қылмыстық істер жасаудан көреді.

Мінез-құлықтың реакция бір рет немесе жүйелі түрде әсер ететін өмірдің жағымсыз жағдайларымен және шарттарыменде негізделеді. Нәтижесі мінез-құлықтағы өзгерістерге орынсыз ұялуды кою, агрессияны тудырады. Бұл реакциялардың көрінуі алғышарттары көп болуы мүмкін. Ондай жағдайлар жиі қайталанып, бірінің үстіне бірі қатпарлана берсе, онда реакциялар беки түседі және басқа типтегі күрделенген мінез-құлықтың дамуына алып келетін тұрақты психологиялық кешендер туындайды.

Жасөспірімдердің мінезіндегі ауытқушылықтың жиі кездесетін себептері мен факторларына тоқталып өтсек, олар төмендегідей:

- тәрбиенің дұрыс болмағандығынан туйндаған қажетті білімнің, біліктіліктің, дағдылардың жоқтығы нәтижесінде жеткіншектің өзін дұрыс ұстамайтындығынан туындайтын әлеуметтік-педагогикалық олқылықтар;

- жайсыз отбасылық өзара қарым-қатынастар, жағымсыз психологиялық ахуал, оқудағы жүйелі сәтсіздіктер, сынып ұжымдарындағы құрбылармен өзара қарым-қатынастың қалыптаспағандығы, ата-аналарының, мұғалімдердің сыныптас жол-

дастарының тарапынан дұрыс емес (әділетсіз, дәрекі, қатал) қатынастары нәтижесінде терең психологиялық жайсыздықтар;

- психикалық және физикалық денсаулығы мен дамуы жағдайындағы ауытқушылықтар, жас ерекшелік дағдарыстарындағы, мінез акцентуациясы және басқа да физиологиялық, психоневрологиялық ерекшеліктер себептері;

- ішкі және сыртқы белсенділігінің саналы көріністеріне, өзін-өзі көрсетуіне жағдай жасалмағандығынан, іс-әрекеттердің пайдалы түрлерімен айналыспайтығынан, жағымды және маңызды әлеуметтік, сондай-ақ, жеке өмірлік мақсаттары мен жоспарларының болмауынан;

- қараусыз қалумен, қоршаған ортаның кері ықпал етуімен және осының негізінде дамитын әлеуметтік-психологиялық дезадаптациямен, әлеуметтік және жеке құндылықтарының жағымсыз түрде ауысуы және жағымсыз жайттар [6].

Жасөспірімдер мен балаларға қоршаған әлеуметтік ортаның адамдардың немқұрайдылығы, зейін қоймауы негізінде дамитын әлеуметтік-педгогикалық бақылаусыздық елеспескеріле берілмейтін негізгі себептердің бір. Нәтижесінде жалғыздық, қараусыз қалғандық, қажетсіздік, қорғансыздық сезімдері жасөспірімдерді өз бетінше тапқан, кез болған ұйымға, кооперацияға, өзін-өзі ұйымдастыруға ұмтылуына алып келеді.

Қазіргі кездегі жасөспірімдердің жүрген ортасы қолайлы емес. Өйткені, бала ауытқушылық мінез-құлықтың әр түрлі нысандарын мектепке бара жатқанда да, аула мен қоғамдық орындарында да, тіпті үйде де тікелей немесе ақпарат көздерінен көреді. Дәстүрлі ұлттық құндылықтар нормасы ықпалы босақсып, ата-ананың, әсіресе, отбасындағы әке беделінің төмендеуі, мінез-құлықтың тұрақты үлгілері мен интернет, телехабарлар мен кино туындыларында моральдық шекаралардың жоқтығы, әлеуметтік бақылаудың босаңсуы жасөспірімдер ортасындағы ауытқушы және өзін-өзі жоюға мінез-құлықтың өсуіне ықпал етеді. Оған қоса, қоғамдық құндылықтар ирерархиясын жиі өзгерістері, айқындалған жағымды мемлекеттік идеологияның және жасөспірімдер мүддесіне бағдарланған заңдардың және құқық қорғаушы орындардың жетілмегендігі, қылмыстардың тиісінше жазаланбауы; жұмыссыздық (нақты және жасырын); экономикалық тұрмысы төмен балалы отбасыларға әлеуметтік кепілдіктермен және мемлекеттік қолдаудың жет-

кіліксіздігі; өскелең ұпақтың әлеуметтенуінің дәстүрлі бұрын болған институттарының күйреуі мен дағдарысқа ұшырауы; бұқаралық ақпарат құралдары арқылы зорлық-зомбылық және қатігездікті насихатталуы; балалардың денелік және психикалық денсаулығының бұзылуын, ауытқуды, соған сәйкес жедел арада көмек көрсетудің және білікті диспансеризациясының маманданған жүйесінің болмауы; темекіге, ішімдікке, нашақорлық заттарға жолдың ашықтығы мен адамгершілікпен үйлеспейтін бизнес түрлерінің дамуы.

Оған отбасындағы қатыгездіктер мен ата-аналардың өз арасындағы ішімдікті, нашақорлық заттарды жұтынууды қосының. Жалпы алғанда әңгіме мектеп жасындағы балалар тұралы болып отырғандықтан жасөспірімдер өміріне мектеп білімі мен тәрбиесінен тыс қарастыру мүмкін емес.

Ауытқудың басты себебінің бірі мектепшілік өмірдің жеткіліксіз ұйымдастырылуы. Оның қатарында оқу және тәрбие үрдісін басқаруды ұйымдастырудың толық жетілмегендігі; мектептің материалдық қамтамасыз етілуінің нашарлығы; қоғам арқылы балаларымен айналыспайтын ата-аналарға ықпал ететін тетіктердің және мектептің оқушылар отбасыларымен жүйелі байланысының жоқтығы; пәндік мұғалімдердің жетіспеушілігі; сабақтардың жиі болмай қалуы; сабақтан тыс жұмыстардың қанағаттандырғысыз ұйымдастырылуы; мектепте балалар ұйымдарының болмауы; мұғалімдердің бала және жас ерекшелік психологиясын білмейтіндігінен көрінетін кәсіптік деңгейінің төмендігі; «оқушы-мұғалім» жүйесіндегі өзара қарым-қатынастарының авторитарлық немесе бетімен кетушілік деңгейі бірқатар мұғалімдердің оқу еңбегін ұйымдастыру шеберлігінің төмендігі және т. б. [7].

90-жылдардағы экономикалық дағдарыс жылдары және рыноктық қатынастық қалыптасуы жағдайында жасөспірімдер қылмыстық топтардың назарына жиі түсетін әлеуметтік топқа айналды, қылмысқа тартылып, дағдыландырылды. Жоғарыда айтылған себептермен қатар бұл жағдай балалар, жасөспірімдер қылмысын арттырған елеулі фактор. Ресми статистика деректері баяндағандай бірқатар ел өңірлерінде жасөспірімдер арасындағы қылмыс саны артып, түрлене түсті. Айталық №1 кестеде көрсетілгендей.

Қылмыс жасалған тұлғалар саны*

	2003			2009		
	барлығы	одан кәмелетке толмағандарға қатысты		барлығы	одан кәмелетке толмағандарға қатысты	
		%			%	
Қазақстан Республикасы	80932	8,1	6609	78673	8,4	6651
Ақмола	4518	9,2	419	5074	9,6	488
Ақтөбе	4668	7,1	333	3442	7,8	269
Алматы	5691	5,2	301	6610	7,3	488
Атырау	1960	6,7	133	2267	6,6	151
Шығыс Қазақстан	10063	9,7	977	10681	10,4	1112
Жамбыл	3897	5,9	233	3689	9,9	368
Батыс Қазақстан	3185	10,7	343	3083	10,6	328
Қарағанды	8729	9,9	866	6974	9,5	664
Қостанай	6469	12,4	804	5624	10,4	588
Қызылорда	2265	6,2	141	2841	6,4	184
Маңғыстау	1971	10,8	214	2051	10,5	216
Павлодар	4564	3,5	620	5021	10,1	511
Солтүстік Қазақстан	3283	9,5	315	3135	6,6	207
Оңтүстік Қазақстан	4876	5,8	287	5711	8,9	513
Астана қаласы	2283	9,4	216	2421	5,5	135
Алматы қаласы	6594	3,6	243	5420	5,4	296

* ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

2003 жылғы Қазақстанда қылмыс жасаған тұлғалардың 8,1%, 2009 жылғы қылмыс жасағандық 8,4% кәмелетке толмаған жастар болды. Соның ішінде жасөспірімдік қылмыстың жасалуы жағынан алдыңғы орында пайыздық көрсеткішпен тұрған облыстар: Павлодар – 13,5, Манғыстау – 10,8%, Батыс Қазақстан – 10,7%, Қарағанды – 9,9%, Шығыс Қазақстан – 9,7% тұрды.

Пайыздық көрсеткіші жағынан салыстырғанда төмен көрсеткіш Алматы қаласына (3,6 %), Алматы облысы (5,2%),

Оңтүстік Қазақстан (5,8%) келеді. Ал, 2009 жылы қылмыс жасаушылардың қатарындағы жасөспірімдердің үлес салмағы жағынан жоғары көрсеткіш Батыс Қазақстан (10,6%), Маңғыстау (10,5%), Шығыс Қазақстан (10,4%), Павлодар (10,1%) облыстары алдыңғы шепте тұрды.

Яғни, жеткіштер арасындағы қылмыстың көбеюі фактісі еліміздің батыс өңірлерінде ерекшелене түсті. Бұл дегеніміз аталған өңірде әлеуметтік, экономикалық, мәдени тіршілік проблемаларының жоғырлана түскенін байқатады.

2-кесте

Сотталғандар саны*

Қазақстан Республикасы	барлығы	2003		барлығы	2006	
		одан кәмелетке толмағандар			одан кәмелетке толмағандар	
		%			%	
	50271	6,5	3287	32582	7,3	2406
Ақмола	3557	8,1	288	2286	8,4	184
Ақтөбе	2386	5,5	133	1182	8,2	98
Алматы	3924	3,8	151	2386	4,9	118
Атырау	1545	4,3	67	962	6,8	66
Шығыс Қазақстан	5697	6,6	379	4326	7,6	329
Жамбыл	3527	5,4	193	1356	5,7	78
Батыс Қазақстан	1966	8,5	168	1312	9,1	120
Қарағанды	5869	8,2	471	3648	7,3	269
Қостанай	3846	9,5	366	2436	8,3	204
Қызылорда	1204	3,9	48	922	6,7	62
Маңғыстау	1789	8,6	154	1197	10,3	124
Павлодар	3039	12,6	384	2228	11,9	267
Солтүстік Қазақстан	2379	6,6	159	1468	8,5	125
Оңтүстік Қазақстан	3510	3,5	125	2611	6,2	162
Астана қаласы	1451	6,6	96	1076	7,2	78
Алматы қаласы	4582	2,3	105	3186	3,8	122

*ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті.


№2 кесте мәліметтері байқатып отырғандай, жасөспірімдер айыптары айқындалып, сотталғандар санынында елеулі бөлігін құрауда. Егер, 2003 жылы бұл жастағылар республика бойынша сотталғандардың 6,5% құраса, бұл көрсеткіш 2006 жылы 0,8% артты, 7,3 пайызды көрсетті. Ал осы жылы сотталған жасөспірімдердің пайыздық көрсеткіштері бойынша мына облыс озық орнында тұрды: Павлодар, көрсетілгендей, 12,6% және 11,9%; Маңғыстау – 8,6% және 10,3%; Қостанай – 9,5% және 8,3%; Батыс Қазақстан – 8,5% және 9,1%.

Қорыта айтқанда, қылмыс пен соттаудың негізінде біз жоғары атап көрсеткен әлеуметтік, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық, ақпараттық, т. б. себептер жатыр.

Ал енді, жастардың өз арасындағы ауытқушылықтар негізінде сотталғандардың қатарындағы жасөспірімдердің үлес салмағы да аз емес. Оған дәлел ретінде 2009 жылы ресми статистика мәліметтерін келтіруге болады.

3-кесте

Жас топтары бойынша сотталғандар құрамы 2009 жылы, пайызбен



Осы жылы жас топтарына карағанда республикада сотталғандардың 5,9 пайызы 14 пен 17 арасындағы жасөспірімдер құрады. Ал, 18 бен 29 арасындағы жастар осы жасалған қылмыстың 32,5 пайызын құрап отыр. Бұл дегеніміз мектеп жасындағы жасөспірімдер арасында қылмыс жасау фактісінің елеулі болып қалып отырғанын көрсетеді. Сонымен бірге біз 18–29 арасындағы жасалған қылмыстарды, яғни әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық ауытқушылықты, оның себеп-салдарын бұл жасқа дейінгі жасөспірімдердің өміртіршілігімен тікелей байланыстырамыз. Себебі, егер жасөспірімдік кезеңдегі дамуы мен тіршілігі дұрыс болса, ондай жасөспірімнен қылмыс жасаушы жас адам шыға қалмас еді. Біздіңше 18-ге дейінгі жас тіршілігі мен 18-ге толған жас адам өміртіршілігі өзара тығыз байланыста. Жалпы, жастар немесе жасөспірімдер, олардың арасында кездесіп отырған ауытқушылықтар, қылмыс түрлері туралы сөз болғанда, зерттеу жүргізгенде осы екі жас шамасын бір-бірінен бөлектеп қарастыру теориялық, әдіснамалық және әдістік тұрғыда дұрыс емес деп ойлаймыз.

Ойымызды қорытындылай келе айтарымыз жасөспірімдердің тұлғалық дамуын дер кезінде қамтамасыз етудің басты жолы – олардың әлеуметтік-психологиялық ауытқуына алып келетін факторлардан қоғамдық ортаның тазартылуы, әлеуметтік қоршаған ортаның өзінің әлеуметтік және психологиялық, адамгершілік денсаулығының тазалығы, ауытқуға себепші факторлардың дер кезінде алдын алу.

Әдебиеттер

1. *Әлқожаева Н.С., Ергазықызы Д.* Жасөспірімдер девиантты мінез-құлықтың пайда болуының әлеуметтік-педагогикалық себептері // ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2012. – №1. – 102 б.
2. *Кон И.С.* Социология личности. – М., 1967. – 121 б.
3. *Смелзер Н.* Социология / Пер. с англ. – М: Феникс, 1994. – 294 б.
4. *Добреньков В.И., Кравченко А.И.* Методы социологического исследования. – М.: Инфра-М, 2011. – 268 б.
5. *Бейсебаева С.Б.* «Жастардың девианттық мінез – құлқының дамуына әсер ететін факторлар» // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2003. – № 3. – 135–135 бб.

6. Қайырова Ж. «Ауытқушы мінез-құлықтың шығу себептері мен факторлары» // Қазақстан мектебі. – 2006. – №1. – 63 б.

7. Бұл да сонда. – 65–67 бб.

Түйін

Бұл мақалада жасөспірімдер арасындағы ауытқушылық мінез-құлықтардың пайда болу себептері, жасөспірімдік кезеңі әлеуметтік-психологиялық қиындықтары мен оның алдын-алу жолдары қарастырылған.

Резюме

В статье рассматриваются основные причины девиантного поведения подростков, социально-психологические трудности возраста и пути их предупреждения.

Summary

The article discusses the main causes of deviant behavior among adolescents, socio-psychological problems of age and ways to prevent them.

ЖАҒАНДЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

С.М. Дүйсенова,
ҚазҰУ-нің PhD докторанты;
С.М. Болысбаева,
ҚазҰУ оқытушысы

Қазіргі білім берудің әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени мәселелерін қарастыратын болсақ, бұл институт қазіргі қоғамның дамуында, әлеуметтік ұдайы өндіріс жүйесінде, индивидтің әлеуметтік-мәдени тәжірибе иесі ретінде дамуында қандай рөл атқарады деген мәселені алға тарту қажеттілігі туындайды. Қазіргі қоғамдағы маңызды әлеуметтік процестердің жүру ерекшелігі, ең алдымен, жаһандану үрдісімен байланысты.

Бүгінгі әлемдегі әлеуметтік, экономикалық, саяси процестер бұрын-соңды орын алған жүйе әлеуметтік-тарихи ағзалардың ортақ бүкіләлемдік әлеуметтік-тарихи ағзаға айналуын немесе қалыптасуын білдіреді. Жаһандану барлық елдердің экономикасын трансұлттық корпорациялар сияқты экономикалық құрылымның жетекшілігімен бір ортақ экономикалық жүйеге жұмылдыруды көздейді. Трансұлттық кәсіпорындар бүкіләлемдік масштабта іс-әрекет ете отырып, уақыт өткен сайын экономикалық тәжірибе шарттарын орындауды талап етеді. Ең алдымен, бұл өндіріс, ақпарат тарату, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану, бизнесті дамытуға арналған жаңа желілік мүмкіндіктерді жасаумен байланысты экономиканың салаларына қатысты.

Жалпы, әр елдің технологиялық дамуының деңгейіне оның экономикалық мүмкіндіктері мен өмір сүру деңгейі ғана емес, жалпы ол елдің әлемдік қауымдастықтағы жағдайы, басқа елдермен экономикалық және саяси бірігу, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздік мәселелерін шешу мүмкіндіктері де байланысты болып келеді. Және қандай да елде заманауи технологияларды қолдану және оны дамыту тек материалдық базаны дамы-

тумен ғана емес, ең бастысы, қоғамды интеллектуалдандыру деңгейімен, оның өндіру мүмкіндігімен және жаңа білімдерді меңгеріп, оны пайдалана алуымен анықталады. Осы аталғанның барлығы білімді дамыту деңгейімен тығыз байланысты [1].

Жаһандану және әлемдік интеграция процестері ұлттық экономика мен қоғамның әлеуметтік құрылым үлгілерінің қызметі жағдайларын өзгертіп, түрлі елдердің экономикалық және әлеуметтік саясатын үйлестіруді талап етеді. Мұндай өзгерістер қоғам мен оның жеке институттарын елеулі түрде өзгертегін морфогенетикалық әлеуметтік процестердің алғышарты да және нәтижесі де болып табылады. Олардың қатарына білім беру институты да жатады.

Мұндағы ескеретін жағдай, жаһанданудың социологиялық теориялары әлі аяқталмаған халықаралық процестерді суреттейді. Сондықтан қандай да қорытынды жасау әзірге қиындық туғызады.

Бірақ «жаһандану» терминінің өзі де әзірше жаңа терминдердің қатарында және бұл құбылыстың өзіндік тарихы бар. Мемлекеттер арасындағы интеграция және бірігу үрдісі қашан да болған, бірақ бұл үрдіс екі тарихи кезеңде әсіресе көрініс тапқан болатын. Біріншісі – XIX ғ. ортасынан бірінші дүниежүзілік соғыстың басына дейін, екіншісі – XX ғ. 90-шы жылдары. Талдауларға сүйенсек, қазіргі кезеңдегі жаһандану неолибералды әлеуметтік-экономикалық қағидаларға сәйкес жүзеге асуда, ал ол өз кезегінде бай және кедей елдер арасындағы алшақтықтың ұлғаюына, әлеуметтік бөлінуге, бүкіл әлемдегі стратификациялық процестердің өзгеруіне әкеледі [2].

Жаһандану барлық әлемдік қауымдастық, биосфера мен ноосфераны қамтитын объективті, кешенді, әмбебап процесс. Оның жағымсыз үрдістері мен салдарларын барынша азайтып, оны реттеу халықаралық іс-әрекеттегі мемлекеттердің үкіметі мен мемлекеттік емес субъектілердің, ең алдымен, түрлі халықаралық ұйымдардың бірігіп әрекет етуі арқылы ғана мүмкін болады [3].

Негізгі жағымсыз салдарлардың қатарына жұмысбастылықтың азаюын, орта тап дағдарысын, аз қамтылғандар арасындағы криминализация, кіріс сәйкессіздігі сияқты мәселелер жатады [4].

Бірқатар танымал әлеуметтанушылардың пікірінше, жаһандану жағдайында трансұлттық экономика қазіргі экономикалық, саяси және институционалданған әлеуметтік қатынастарды жаңа қатынастардың пайда болғанынша жоғалтып жіберетін өзгерістерге дейін әкеп соғады. Онда әлемдік тәртіптің орнына бейберекеттіктің келу қаупі бар [5].

Жаһандану ұлттық шекаралар, құбылыстар, процестер мен шешімдердің өзара сіңісуі арқылы экономикалық, саяси, әлеуметтік белсенділіктің «өту» процесін жүзеге асыратын ішкіұлттық және ұлтүсті қатынастар мен институттардың шиеленісуі, ішкі және сыртқы факторлардың өзара іс-әрекетімен сипатталады. Мұндағы мемлекеттердің бір-бірімен және қазіргі әлемді қалыптастырушы ұлттық және ұлтүсті қауымдастықтар мен институттармен байланысы мен өзара әсер етуінің күрделенуі мен қарқыны ұлттық, жергілікті, аймақтық және жаһандық факторлар мен процестердің бірігуі және олардың арасындағы байланыспен тең. Мұның барлығы, әлеуметтанушылардың ойынша, қазіргі әлеуметтік-саяси құрылымның өзгеру үрдісіне (мемлекетшілік және әлемдік деңгейдегі), атап айтқанда, қоғам-торға алып келеді [6]. Осылай, жаһандану – бұл желілік процесс емес, ол өз кезегінде әлеуметтік механизмдерді жетілдіру және оларды реттеу мәселесін мәселе ретінде өзектейтін, қалыптасқан тұлға мен социум қатынастары үлгісін өзгертуге мүмкіндігі бар, кері бағытталған әлеуметтік процестерге ие диалектикалық кешен.

Бір жағынан, жаһандану адамның тұлғалық әлеуметтік параметрлерінің әмбебаптану және олардың пайда болу формалары мәселесін алға тартатын әлеуметтік тәжірибенің трансұлттық формаларының дамуына және институционализациялануына алып келсе, екінші жағынан, әлеуметтік қатынастар жаһандық ұзақтыққа ие болған кезде біз жергілікті автономия мен аймақтық мәдени сәйкестікке деген қажеттіліктің артуын байқаймыз.

Жаһанданушы әлемнің қарама-қайшылықтар кешені ЮНЕСКО-да ұсынылған «Білім: Жасырын қазына» атты ХХІ ғасырдың білім беру бойынша Халықаралық Комиссиясының Баяндамасында жақсы тұжырымдалған. Мұндай қайшылықтарға баяндама авторлары келесілерді жатқызады: жаһандық және жергілікті мәселелер арасындағы қайшылықтар: адам өз ұлты

мен қауымының өміріне белсенді атсалыса отырып, өзінің түп-тамырын жоғалтпай бірте-бірте азамат болып қалыптасуы тиіс;

әмбебап және индивидуалды арасындағы қайшылық. Мәдениеттің жаһандану жағдайында әр тұлғаның бірегей мінезін ұмыту қаупі бар. Оның өз тағдырын таңдауы, барлық бар мүмкіндіктерін жүзеге асыруы;

дәстүрлер мен қазіргі үрдістер арасындағы қайшылықтар: өзінің түп-тамырын жоққа шығармай бейімделу, тәуелсіздіктің басқалардың дамуы мен еркіндігі арасындағы диалектикалық байланыс, техникалық прогресті басқару. Дәл осы тұста ақпарат саласындағы технологияларды дамытумен байланысты мәселелерді шешу керек;

- ұзақ мерзімді және қысқамерзімді міндеттер арасындағы қайшылықтар;

- жарысқа түсу қажеттілігі мен мүмкіндіктер теңдігіне деген ұмтылыс арасындағы қайшылықтар;

- білімнің көрінбей дамуы мен адамдардың оларды меңгеру мүмкіндіктері арасындағы қайшылықтар; Осыған байланысты реформаның нақты стратегиясын жасап, базалық білім берудің негізгі элементтерін сақтау шартымен артықшылықтарды анықтау қажет;

- рухани және материалдық арасындағы қайшылықтар; «Адамзат идеал мен моральдық құндылықтарды қажет етеді. Білім беру алдындағы ең басты міндет әр адамның дәстүрі, көзқарасын есепке ала отырып, плюрализмді құрметтей отырып, рух пен ойды әлемнің әмбебаптылығын сезінуге дейін көтеру болып табылады» [7].

Қоғамдық жүйенің түріне байланысты білім берудің рөлі мен қызметтері түрлі сипатта болады. Н.Л. Сорокина оны білімнің әлеуметтік-бөлінуші және әлеуметтік-құрушы қызметі негізінде жақсы көрсеткен. Аталмыш дәстүрлі қоғамда – мұндайларды сословиелік-иерархиялық құрылымды жабық әлеуметтік жүйелер деуге болады. Олардың ішіндегі әлеуметтік шығу тегі, жеке байланыстарды әлеуметтік мобильділіктің маңызды «каналдарының» бірі және әлеуметтік бөліну факторы ретінде санауға болады. Білім берудің маңыздылығы оларға қарағанда әлдеқайда төмен. Индустриалды қоғамда білім берудің шешуші

рөлі кәсіпорын иелеріне, бизнесмендерге тиесілі. Сәйкесінше, білім берудің әлеуметтік-бөлуші қызметтерінің мәні артады. Сословиелік аралықтар жойылып, білім арқылы қоғамдағы жағдайын өзгерту мүмкіндіктері артады. Білім дәстүрлі қоғамға қарағанда қолжетімді болып келе жатыр. Бірақ мықты «сүзгі» құралы ретінде әлеуметтік шығу тегі, экономикалық және саяси капиталдың болуы қала береді. Бұл – қоғамның тұрақты емес қалпы, үлкен қозғалыстары, мобильділігі жолындағы кедергілер.

Постиндустриалды қоғамда бірінші орында қызмет көрсету саласы, маңызды рөлге білім, университеттер, ғалымдар, менеджерлер, ақпаратты алушы және таратушылар ие. Ақпаратты алу мен тарату мұндай қоғамның қалыпты сипаты болып келе жатыр. Жаһандық ақпараттық желілердің қарқынды дамуы көптеген адамдардың өмір сүру салын өзгертті және әлі де өзгертеді. Жаңа әлеуметтік қоғамдастық пайда болуда: ақпараттық қауымдастық немесе әлемнің ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан шекараларын бұзушы киберкеңістік. Осылайша, киберкеңістік қоғамдық қатынастардың жаңа формасы болып қалыптасып келеді. Оған ашықтық, қоғамдық құрылымның жетілуі, қоғамдық пікірдің болуы тән болып келеді. Әлеуметтік мобильділік, әлеуметтік кеңістікті құру процесінде білімнің рөлі артып келеді. Сонымен қатар, өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері артқан сайын білім алу өзімен өзі қандай да бір әлеуметтік дәрежені алудың нәтижесі емес, бірақ әлеуметтік жүйенің тәрбие және ретсіздік синтезінде маңызды рөл атқарады. Жалпы, қоғамның дамуына қарай, әлеуметтік кеңістікті құру процесіндегі білімнің рөлі арта түседі. Бірақ бұл да кейде елес сияқты көрінеді. Осылайша, бір жағынан, білім қоғамды тұрақсыз ете отырып, әлеуметтік мобильділікті күшейтуге әсер етеді. Екінші жағынан, білім теңсіздікті бекітуге де септігін тигізеді. Бірақ ол мобильділіктің кәсіби және басқа да формаларының мүмкіндігін кеңейте алмайды [8].

Нақты жаһандану кезеңінде қалыптасушы қоғамды көп жағдайда ақпараттық немесе постиндустриалды деп атайды. Бұл мағынасында ақпараттық іс-әрекет адамның әлеммен, заттармен, басқа адамдармен, тіпті адамда қалыптасқан мүмкіндіктер, білім, дағдылар сияқты әдістер комбинациясында өзара әрекеттесудің нақты әдісін тасушы ретінде көрініс таба-

ды. Ис-әрекеттің дәл осы жоспары өндіріс, оны тұтыну; адамдар арасындағы өзара әрекет, адамдардың заттармен қатынасы деңгейіндегі сапалы жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Әлеуметтік сапа иесі, тасушы және жасаушысы болып заттар емес, анонимді құрылымдар емес, адамдардың өзі табылады. Өйткені олар субъекті ретінде әрекет етеді. Сондықтан ақпараттық қоғамдағы адамның мәртебесі жиналған материалдық игіліктердің санымен емес, мәдениет, білім және заманауи жоғары технологияларға байланысты әрекет ету мүмкіндіктері деңгейімен анықталады. Сондықтан «егер бұрын-соңды мемлекет пен ұлттың дамуында негізгі рөлді табиғи ресурстар мен қаржы атқарса, қазіргі кезде бірінші орынға адамдық ресурстарды дамыту жағдайлары шығып отыр («адамдық капитал»). Тарихи сахнаның алдыңғы қатарына білім берудің, тәрбие берудің және оның барлық салаларындағы шеберлікпен қамтамасыз ете алатын, білім мен стандартты емес шешімдерді іздей білетін елдер мен халықтар шығуда» [9].

Ақпарат пен білімге негізделген қоғамның қалыптасуы жоғары мектеп алдына жаңа міндеттер қояды. Көп жағдайда Бүкіләлемдік банк эксперттерімен келісуге болады. Олардың айтуынша, жоғарыда айтылғандай, жаңа жаһандық үрдістердің соңынан жағымды және жағымсыз да салдарларды байқауға болады. Жалпы, жағымсыз салдарлар әлеуметтік теңсіздіктің жаңа формаларының пайда болуымен, тұлғаның әлеуметтенуінің қарама-қайшы үрдістерімен, адамның рухани өмірінің дағдарысымен байланысты [10].

Бір жағынан, әлеуметтік, атап айтқанда, мәдениетаралық сипаттағы байланыстардың санының артуы адамдардан қоғам және мәдениет туралы терең, сараланған білімді талап етеді. Сондықтан осындай білімнің негізгі тасушысы ретінде тұлға мен азаматтық қоғамның дамуында жоғары мектептің рөлі аса маңызды. Нақты адамдардың білімі мен дағдыларын дамытуға қажетті, өндіріс пен білімді қолдану, сонымен қатар үздіксіз білім беру тәжірибесін дамытуға байланысты интеллектуалды потенциалды қалыптастыруда социогуманитарлық білімнің маңызы артып келеді. Осы тұста жаһандану дәуірінің болмысына жауап беретін ұлттық мемлекеттер мен жоғары білім беру

жүйесінің өзара байланысындағы тепе-теңдікке жету нәтижесі талап етіледі [11]. Екінші жағынан, кейбір зерттеушілердің пікірінше, жаһандандудың басты жағымсыз әлеуметтік, әлеуметтік психологиялық, сонымен қатар, мүмкін мәдени салдарлары болып адам мен әлеуметтік байланыстардың және коммуникацияның ішкі өмірінің жеңілдетіліп, кедейленуіне әкеле жатқан және қазіргі қоғамда бой көтеріп келе жатқан индивидуализация табылады [12]. Әлеуметтік байланыстардың саны артып, оның құрылымы күрделенуде. Бірақ олар ресми және үстіртін болып қала беруде.

Әдебиеттер

1. *Дююю И.А.* Международные интеграционные процессы в образовании / И.А. Дююю. – Санкт-Петербург: Издательство Санкт-Петербургского государственного университета экономики и финансов, 2003. – 58 б. (104 б.).
2. Сущность и характеристики процессов глобализации в их отношении к состоянию общества, социальных и политических институтов современной России. – СПб, 2002. 103–108 б.
3. *Иванов Н.П.* Глобализация и проблемы социально-экономического развития России. – М., 2002. – 4–5 бб.
4. *Мотрошилова Н.В.* Идеи единой Европы // Вопросы философии. 2004. № 12. Маркарян Э.С. Мировые институты и стратегические императивы выживания-развития. – Ереван, 2003
5. Социальная стратификация российского общества. – М., 2002. – 359 б.
6. Социальная стратификация российского общества. – М., 2002. – 360 б.
7. *Дююю И.А.* Международные интеграционные процессы в образовании. – СПб., 2003. – 58–59 б.
8. *Сорокина Н.Д.* Образование в современном мире. Социологический анализ. – М., 2004. – 79–80 бб.
9. *Савельев А.* Новый вызов? // Высшее образование в России. – 2002. – №1. – 113 б.
10. *Слепухин А.Ю.* Высшее образование в эпоху глобализации: проблемы, противоречия, тенденции. – М., 2004. 79 б; *Мальшевский А.Ф.* Социология образования. Российская образовательная система: мониторинг, прогнозирование, управление. – СПб, 2004. – 454–456 бб.
11. *Мельникова Н.И.* Состояние и перспективы высшего образования в эпоху глобализации. – Саратов, 2003. – 21 б.

12. *Дилигенский Г.Г.* Глобализация в человеческом измерении // Глобализация в социально-философском измерении: сб. мат. конф. – СПб., 2003. – 5 б.

Түйін

Мақала жаһандық процестердің жоғары білім беру институтының дамуына әсері мәселесіне арналған. Мақалада қазіргі білім берудің әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени мәселелері, білім беру институтының қоғам дамуындағы рөлі сияқты мәселелер көрініс табады. Тұлға мен азаматтық қоғамның дамуындағы жоғары мектептің орны анықталып, негізделген. Сонымен қатар, жаһандандудың қоғамға жағымсыз және жағымды жақтары анықталған.

Резюме

Статья посвящена проблеме влияния глобализационных процессов на развитие института высшего образования. В статье рассматриваются социальная и социокультурная проблематика современного образования, роль института образования в развитии общества. Выявлено и обосновано место высшей школы в развитии личности и гражданского общества. Также определены негативные и положительные последствия глобализации на общество в целом.

Summary

The article deals with the impact of globalization processes on the development of the institution of higher education. The article discusses social and socio-cultural issues of contemporary education, the role of the institution of education in the development of society. Identified and justified place in the Graduate School and the development of personality civil society. As well defined and negative positive effects of globalization on society as a whole.

МҮГЕДЕКТЕРДІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

И.Қ. Әлдибай,

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Әлеуметтік жұмыс»
бөлімінің студенті;*

***Ғылыми жетекші:** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
«Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс»
кафедрасының аға оқытушысы **Нұран Динара Нұранқызы***

Мүгедектер – ауру немесе жарақат алу нәтижесінде, өмір бойына немесе белгісіз бір уақытқа еңбек қабілетін (толық немесе жартылай) жоғалтқан адамдар.

Қазіргі қоғамда түрлі себептерге байланысты мүмкіндігі шектеулі жандардың саны артып келеді. Қазақстанда 572,7 мыңға жуық мүгедек, соның ішінде 64,9 мың мүгедек бала тұрады [1]. Олардың қоғамға әлеуметтік дұрыс бейімделуі мен әлеуметтік жағдайын жақсарту мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектерге негізделеді. Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз еткен күшті әлеуметтік саясат туралы айта келіп, «Біз әлеуметтік бағдарланған қоғамның негіздерін қаладық» деп атап көрсетті. Тәуелсіздік алған 21 жыл ішінде қоғамның әлеуметтік жағынан қолдауды қажет ететін топтарына ұдайы жылма-жыл көмекпен қамқорлық жасау біздің елімізде игі дәстүрге айналған. Елбасы Н. Назарбаев Жолдауда «Мемлекет қоғамның әлеуметтік жағдайы төмен топтарына – зейнеткерлерге, мүгедектерге, еңбекке жарамсыздарға, науқас балаларға және тағы басқа атаулы көмек үшін толық жауапкершілік алатын болады» деген [2].

Мүгедектіктің болмысын, мүгедек пен қоғамның қарым-қатынасын түсіну барысында ғылыми әдебиет пен әлеуметтік практикада түрлі түсініктер қалыптасты. Ол түсініктерді «мүгедектік моделі» деп атау енгізілген. Модельді екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топта мүгедектік жеке проблема (медициналық немесе «административтік» модель) ретінде түсінікке ие.

Осы модельге сәйкес, мүгедектік – бұл медициналық патология. Заманауи әдебиеттер мен сәйкес әлеуметтік практикада «disabilism» – «дизабелизм» деген терминмен бекітілген. Бұл мүмкіндігі шектеулі жандардың дискриминациясын көрсетеді. Адамның құндылығы оның қоғамға тигізер пайдасына қарай анықталады.

Екінші топта мүгедектік әлеуметтік проблема («әлеуметтік» модель) ретінде қарастырылады. Бұл жерде басты орынға адам мен оны қоршаған орта арасындағы қарым-қатынас ие. Мүмкіндіктердің шектелуі әлеуметтік жағдайдың (қоғамдық мораль, психологиялық климат, әлеуметтік ұйым, инфрақұрылым және т. б.) мүгедектердің өзін-өзі қалыптастыруына кедергі жасауының нәтижесі ретінде қарастырылады. Осы модельге сүйенетін болсақ, мүгедектік проблемасының негізі ортақ құқықтардың теңдігін жариялаған кездегі мүмкіндіктер теңсіздігінде. Ал әлеуметтік жұмыстың осы жердегі мақсаты – мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік реабилитациялау және олардың өз әлеуметтік құқықтарын білуін қамтамасыз ету [3, 52 б.].

Мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік көмек көрсету түрлі салаларда жүзеге асырылады. Қазіргі таңдағы барлық елдерде талқыланатын мәселелердің бірі – мүгедектерді жұмыспен қамсыздандыру. Мысалы, Францияда мүгедектердің ұзақ уақыт жұмыссыз отырған адамдарға арналған бағдарламалар мен мамандандырылған институттарда өтетін курстарға қатысуға мүмкіндіктері бар. Мамандандыруға байланысты білім беру екі бағдарлама бойынша жүзеге асырылады: жұмыскерлерді дайындау орталығы немесе мамандарды дайындау орталығы. Мүгедектерге бағытталған бұл ұйымдардың іс-әрекетін қаржыландыру мүгедектерді әлеуметтендіру Ассоциациясы тарапынан жүргізіледі. Мүгедектерге жұмыс берушілер жұмыс орнында оқыту үшін жыл сайын 1527 евро көлемінде қаржы алып отырады. Францияда тек бірнеше ұйымдар ғана мүгедектерді мақсатты бағытталған түрде еңбек нарығына шығарады. Сол ұйымдардың бірі – PaysduMontbeliard 2006 жылы 112 адамды еңбекпен қамтамасыз ете алды. Ұйым бірнеше донорлық институттармен қаржыландырылады.

Германияда мүгедекті кәсіби оқытудағы басты мақсат – қоғамда сұранысқа ие мамандарды дайындау. Мүмкіндігіне орай, оқыту үрдісі жұмыс орындарында қарапайым сау адамдармен қатар жүргізіледі. Санасында ақауы бар мүгедектер мүгедектерді бастапқы оқыту Институттарына (Berufsbildungswerke) түсе алады. Германияда мүгедектерді бастапқы оқытуға бағытталған 52 Институт бар, ол жерде 12 мың адамды оқытуға арналған орын қарастырылған. Мүгедектер ары қарай білім алу немесе басқа мамандықты оқуға талаптары болса, онда олар мүгедектерді ары қарай оқытуға бағытталған 28 Институттардың біріне түсе алады. Ол Институттарда 15 мың адамға орын қарастырылған.

Ирландияда мүгедектерді жұмысқа орналастыруға бағытталған ұлттық бағдарлама дамудың Ұлттық жоспарымен қаржыландырылады. 2002 жылы мүгедектерді жұмыспен қамсыздандыруға бағытталған Ұлттық бағдарлама 1918 адамға көмек көрсетті, олардың ішіндегі 735 адам жұмысқа орналастырылды.

Италияда еңбек нарығын реттестіретін федералды және аймақтық заңнама қабылданған. № 68/99 заңына сәйкес жұмыс іздеп жүрген мүмкіндігі шектеулі адамдар ASL-дың жергілікті мекемесінде тіркелуі тиіс. Тіркелгеннен кейін (функционалды диагноз, әлеуметтік-кәсіби құжат және қорытынды есеп) сол адамның негізгі потенциалы анықталады. Анықталған потенциалға сәйкес адамдар жұмысты күтушілер тізіміне тіркеледі (бір провинцияға бір тізім бекітілген). Жұмыс берушілердің мүгедектер үшін төленген салықтарын өтеу мақсатында заңнамаға сәйкес жыл сайын бюджеттен 31 миллион еуро бөлінеді. Компенсацияның ең жоғарғы деңгейі жұмыс потенциалы бар адамдарға, сонымен қатар, психиатриялық немесе интеллектуалдық мүгедектігі бар адамдарға қарастырылған.

Ұлыбританиядағы мүгедектердің бірнеше мүмкіндіктері бар. Егер адам жұмысқа орналасқысы келсе, JobCentrePlus ұйымына барып тіркеледі. Ұйымда мүгедектерді маманға – мүгедектерді жұмыспен қамсыздандыруға байланысты сұрақтармен айналысатын кеңесшіге жібереді. Кеңесші оларға жоспар құрастыруға көмек көрсетеді. Кеңесшілер тобы толығырақ анализ жасау үшін қосымша аймақтық эксперттерді

шақыра алады. Олардың қатарына физиотерапевттер, еңбек терапевттері, жүйелік администраторлар, қолдау және бейімделу саласындағы мамандар жатады. Кенесшілер мүгедектерді жұмысқа орналастыруға байланысты сұрақтарға баға беріп, іс-әрекет жоспарын құрастырады.

Мүгедектерге арналған жаңа мүмкіндіктер – еңбекпен қамсыздандыру брокерлері. Мүгедектер бұл, жұмысқа қабілетсіз адамдарға бағытталған, бағдарламаға тікелей өтініш жасай алады. Ол бірнеше еріктілер (волонтерсих) ұйымдары, мемлекеттік және жеке ұйымдар арқылы JobCentrePlus-пен бекітілген контракт негізінде жүзеге асырылады. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі адамдардың жұмыс іздеу немесе жұмысқа орналасу кезіндегі қиындықтарды шешуге көмектесу болып табылады [4].

Дамыған мемлекеттердің тәжірибесін қарастыра отырып мүгедектерді жұмыспен қамтамасыз ету өте күрделі процесс екенін байқауға болады. Саясаты жағынан Қазақстанға жақын Ресей Федерациясының мүгедектерді жұмыспен қамту саласын қарастыратын болсақ, Ресей Федерациясында мүгедектерді жұмыспен қамтамасыз ету 24.11.1995 жылы бекітілген 20 Федералды заңның «Ресей Федерациясындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау» туралы бөліміне негізделген. Ресей Федерациясында келесі іс-шаралар арқылы мүгедектерді жұмыспен қамсыздандыру кепілдемесі көрсетіледі:

- ұйыми-құқықтық түр мен жеке меншік түріне қарамастан ұйымдарда мүгедектерді жұмысқа орналастыру квотасын енгізу;
- мүгедектерді жұмысқа орналастыруға сәйкес келетін жұмыс орындарын сақтап қою;
- кәсіпорын, мекеме, ұйымдарда мүгедектерді жұмысқа орналастыруға бағытталған қосымша жұмыс орындарын құруға стимул беру;
- мүгедектерді реабилитациялау бағдарламасына сәйкес мүгедектерге қолайлы жағдай жасау;
- мүгедектердің кәсіпкерлік қызмет етуіне жағдай жасау;
- мүгедектерге жаңа мамандықтарды үйретуді ұйымдастыру;
- мүгедектерді жұмысқа қабылдау квоталары және олардың көлемі.

Мүгедектерге арналған арнайы жұмыс орындарын құрудың негізгі мақсаттары:

- мүгедектердің өмір сүру жағдайын жақсарту;
- мемлекеттің мүгедектерді әлеуметтік қорғау және қолдау саясатын іске асырудағы жұмыс берушілердің іске араласуын қадағалау [5].

Ресей Федерациясының мүгедектерді жұмыспен қамтамасыз ету саясаты шетелдік дамыған елдердің саясатына қарағанда өзгеше. Шетелде мүгедектерді қамсыздандыру тікелей мемлекет тарапынан қаржыландыру арқылы жүргізілетін ұйымдар бағдарламасына негізделген. Ал Ресейде тек мемлекет тарапынан ғана емес, сонымен қатар, жеке кәсіпкерліктер де мүгедектерді қамсыздандыру саясатының бір құрамы болып табылады.

Мүгедектердің Қазақстандағы жұмыспен қамтылу шарасы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңына негізделеді [6]. Заңда Ресей Федерациясының заңдарына сәйкес бөлімдер қарастырылады. Мысалы, кез-келген ұйымда мүгедектерге арналған арнайы жұмыс орнының қарастырылуы, арнайы квоталардың болуы.

Қазақстанда мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру саласы әлемдік тәжірибеге сай енді жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауында мүгедектерді жұмыспен қамсыздандыруға байланысты болашақтағы жоспарды былай деп баяндады: «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады. Мен барлық кәсіпкерлерге оларды жұмысқа орналастыруға көмектесіңіздер деп тағы да айтқым келеді. Сондай-ақ 5–10 адамға арналған арнайы квотаны енгізу мүмкіндігін қарастыруға болады.

Біз оларды белсенді өмірге тартамыз, олар тек жәрдемақы алып қана қоймайды, сонымен бірге, өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінетін болады. Біздің барлық әлеуметтік институттар, үкіметтік емес ұйымдар, «Нұр Отан» партиясы осы жұмысты қолға алғандары жөн. Егер қажет болған жағдайда Үкімет бұл мәселені барлық компаниялармен бірлесе пысықтап, тиісті шешім қабылдауы керек. Мүгедектігіне және асыраушысынан айырылуына байланысты әлеуметтік жәрдемақы көлемін Үкіметке 2015 жылғы 1 шілдеден бастап 25 пайызға арттыруды тапсырамын. Мүгедектер бірлестіктері қызметінің құқықтық базасын жетілдірген жөн.

Үкіметтен бастап жергілікті әкімдерге дейінгі барлық мемлекеттік органдардың олармен жұмысын күшейткен маңызды. Кедейлік деңгейін одан әрі төмендетіп, жұмыссыздықтың өсуін тежеген жөн. Бұл ретте масылдық пиғылдың өрістеуіне жол бермеу маңызды.

Мемлекеттік көмек алушылардың барлығы үшін жұмыспен қамту және әлеуметтік бейімделуге көмектесетін бағдарламаларға міндетті қатысу туралы ереже енгізу керек» [7].

Елбасының биылғы халыққа Жолдауы мүмкіндігі шектеулі жандарға үлкен мүмкіндік ашты. Енді оларды қоғамдағы белсенді өмірге тарту, жұмыс қабілетін ашу көзделген. Меншік түріне қарамастан әр мекемеде жұмысшалар санының 3 пайызын мүгедектерге беру жөнінде үкімет талабы толықтай орындалған жоқ. Қоғамдық өмірге араласып, басқа азаматтармен қатар жұмыс істеуге мүгедектердің құлшынысы бар. Биылғы Елбасы Жолдауы мүгедектердің қабілетіне қарай жұмыс табуына серпін береді.

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру мақсатында былтыр 109 адам қоғамдық жұмысқа тартылып, 103 мүгедек жұмысқа орналастырылды. Әлеуметтік жұмыс орындарында еңбек ететін мүгедектердің саны – 55 [8].

Осы күнге дейін елімізде мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамның тек осал топтары ретінде ғана қарастырылып келді. Заманауи технологиялардың дамуы мен адам санасының өзгеруі мүгедектердің қоғамға белсенді түрде араласатын мүше болып енуге көптеген мүмкіндіктердің тууына себепкер болып отыр.

Мүгедектер басқа адамдармен қатар жұмыс істеу мен басқа да қоғамдық қатынастарға араласу үшін толықтай құқықтарға ие. Заманауи технологиялар мүмкіндігі шектеулі жандарға түрлі технологияның көмегімен жағдайларын жақсартуға көмек көрсетеді. Мысалы, қол-аяғы жоқтарға жасанды қол-аяқ орнату арқылы олардың қимылдарын жеңілдету, естімейтіндерге арнайы есту аппараттары олардың кішкене болса да естуіне мүмкіндік береді және т.б. Сол аппараттардың көмегімен немесе оларсыз да мүгедек адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету мемлекет саясатының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан дамушы ел болғандықтан немесе тәжірибенің мол болмауына байланысты мүгедектерді жұмыспен қамтамасыз ету саласында әлі жас. Мемлекеттік заңнамада бекітілген заңдардың, өкінішке орай, толықтай іске аспауы да мүмкіндігі шектеулі жандар құқықтарының қорғалуына кедергі болып отыр. Адамның алдыға қойған мақсатына жету үшін кедергі – тек материалдық жағдай мен мүмкіндіктің болмауы ғана емес, адам құлшынысының болмауы да бірден бір себеп. Еліміздегі мүгедектерді осы өмірге қызықтыру, құлшыныстарын ашу арқылы біз олардан жақсы нәтиже күте аламыз. Мемлекет тарапынан мүгедектердің құқығы қорғалынып, олардың өмір сүру жағдайын жақсартуды ғана талап ете аламыз.

Әдебиеттер

1. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Әбденов мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің көшбасшыларымен кездесті // <http://www.enbek.gov.kz/>
2. [http://bag.kz/regional media/post](http://bag.kz/regional%20media/post)
3. *Ярская-Смирнова Е.Р.* Социальная работа с инвалидами. – Питер, 2005. – 289 б.
4. *Галлямова З.Х.* Зарубежный опыт трудоустройства инвалидов // <http://do.teleclinica.ru/>
5. <http://paralife.narod.ru/>
6. <http://adilet.zan.kz/>
7. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегисы, 2014 ж.
8. «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы: жұмыс пен жоспар // www.enbek.kz/ru/node

Түйін

Мүгедектерді жұмыспен қамтамасыз ету өзекті мәселеге айналуда. Мақалада мүгедектерді жұмыспен қамтамасыз ету саласындағы шетелдік тәжірибе мен мүгедектердің Қазақстандағы жағдайы қарастырылған. Қазіргі таңда көптеген инновациялық технологиялардың көмегімен мүгедектердің басқа адамдармен қатар жұмыс істеуіне, өмір сүруіне көптеген мүмкіндіктер тууда.

Резюме

Занятость инвалидов стала очень важной в настоящее время. Поскольку это заявлено в политике разных стран, помощь инвалидам выполняется в различных сферах. В статье рассматриваются иностранная практика в сфере занятости инвалидов и положение инвалидов в Казахстане. Сейчас с помощью различных инновационных технологий инвалидам предоставляется много возможностей.

Summary

Employment of disabled people became very actual presently. As it is provided in policy of the different countries, the help to disabled people is carried out in different spheres. In article it is considered foreign practice in the sphere of employment of disabled people and present position of disabled people in Kazakhstan. Now by means of technologies many opportunities are provided to disabled people.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

А.Т. Желдибаева,

Халықаралық бизнес академиясы оқытушысы

Шағын және орта бизнес нарық экономикасында белгілі бір экономикалық және әлеуметтік қызмет атқарады, қазіргі қоғамда маңызды роль атқарады. Барлық экономикалық дамыған елдер қаржылық тұрақтылық пен әлеуметтік қолайлы жағдайға кәсіпкерліктің дамуы арқылы жетті. Нарықтық экономикаға көшкен кез келген елдің экономикалық тарихы осы шындықты дәлелдейді.

Сонымен қатар, батыс еуропалық пост-социалды мемлекеттері нарықты экономикаға бизнестің маңызды роль атқаратындығын дәлелдеп отыр. Қазақстан экономикасында оның қызмет етуінің актуалдығын болжамдау қиын емес. Біздің елімізде шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына объективті қажеттіліктен туындаған қалтқысыз қадағалау қойылды.

Шағын және орта кәсіпорындар – экономиканың негізі, өйткені кәсіпкерлер нарық конъюктурасының өзгеруіне жедел жауап береді, өз қорларын, тұрып қалған күштері мен адамдарын жұмылдырады. Сондықтан, Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау Қазақстан экономикасының қазіргі кезеңінде тұрақтандыруға әсер етеді. Шағын және орта бизнеске мемлекеттік көмек көрсету Қазақстан Республикасының Президенті жарлығына да және өкіметтік құжаттарда көрсетілгендей, экономика реформасы бағытында маңызы зор. Бәсекелестің дамуына әсер етіп, қызмет және тауармен тұтынушы нарығын толтырып, жаңа жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлер мен меншік иелерінің кең топтарының дамуына әсер етті [2].

Шағын және орта бизнес түріндегі кәсіпкерлік біздің елімізде зор болашаққа ие болуы тиіс. Осыған байланысты, барлық деңгейдегі мемлекеттік құрылымдарға әлі де бизнес кең тыныс алу үшін және мемлекеттегі тұрақтылықтың негізі болуы үшін көп істер атқаруы қажет болып отыр.

2009 жылдың 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына жолдаған жолдауында Үкімет шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру жөнінде дәйекті жұмысты жалғастыруы тиіс, – деп атап көрсетілді. Бұл кәсіпкерліктің экономикадағы рөлінің жоғарылығын, оны ұйымдастыру, дамыту мен қолдауға назар аудару қажеттігін көрсетеді [3]. Мемлекет деңгейіндегі нарықты экономикаға өткен елдерде шағын және орта бизнеске өту және оны дамыту жүздеген жылдарға созылды. Қазақстанда экономиканың осы секторы санаулы жылдарда дамыды. Шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бағытындағы мемлекеттік бағдарламаның Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы мен құрылымдарының негізін қалады және осы қайтымсыз процесстер тенденциясын жасады.

Шағын және орта кәсіпкерліктің құрылуы мен дамуы өнеркәсіп секторының диверсификациясымен бірлесуі «Қазақстан-2030» стратегиясының негізін құрайды. Бизнеске бейімделу экономикаға ерекше сипат беріп, оның дамуының шешуші факторы болып табылады, бірақ шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына бас-мектеп сараптама жасау тұрақты түрде бақылау жүргізуі қажет.

Өндірістің дамуымен адамдар әртүрлі экономикалық проблемалармен кездесті. Шағын және орта кәсіпкерліктің даму тарихы орта ғасырдан басталды. Сол кездің өзінде көпестер, саудагерлер бастаушы кәсіпкерлерге жатқан. Шағын және орта кәсіпкерліктің даму тарихы бір мезгілде айырбас қатынасының, қоғамдық еңбек бөлінісінің, біртұтас нарықтық қатынастарының даму тарихы болып табылады. Бұл проблемалар бір-бірімен тығыз байланысты, олардың біреуі дамыса, қалғанының дамығанын білдіреді.

Шағын және орта бизнес іске қатысушылар арасындағы іскерлік қатынасты сипаттайды. Қандай да бір іспен айналысқан адам – іскерлік адам, бизнесмен болып табылады. Іс деген түсінік астында экономикалық іс-әрекет жатыр.

Бизнес – материалдық игілік өндіретін және қызмет көрсету арқылы жүзеге асатын шарушылық іс-әрекет. Ал, бизнес-

мен қызметті жүзеге асыру барысында өзімшілдік пайда табу мақсатын ұстанады.

Шағын және орта бизнес материалдық игілікті өндіру немесе қызмет көрсету арқылы табыс табуға бағытталған тұлғаның атқаратын экономикалық қызметі.

Нарықтық жүйенің маңызды ерекшелігінің бірі – кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлер өндірісте, халыққа қызмет көрсетуде жаңа идеялар ойлап табады және жаңа тауарлар ойлап шығаруға ұмтылады. Олар басқалардың энергиясын шоғырландырып, ортақ мақсатқа жетуге бағыттайды.

Шағын және орта бизнес – коммерциялық нәтижеге жету үшін іскер адамдардың ішінен шығатын энергия. Оның мәні бастаған істі толық тәуекел арқылы алып жүру.

Бизнесмендер – іскерлік әлемде коммерциялық мүмкіндікті көре алатын, керекті капиталды сала алатын, операцияны қалай жүргізу керек екенін білетін және тәуекелге бел буа білетін, табысқа және шығынның шығуына жауапты болатын тұлғалар [4].

Егер «бизнес» терминінің эволюциясының қалай қалыптасқанын қарастыратын болсақ; 1723ж. Парижде басылып шыққан «Коммерцияның жалпылай сөздігінде ең алғаш «кәсіпкер» ұғымы, яғни «объектіні өндіру немесе құруда өзіне міндеттеме алатын адам» пайда болған [5].

Шағын кәсіпкерлік – бұл нарықтық экономика субъектілерінің белгілі бір анықталған критерийлер, көрсеткіштер және заңдар негізінде жүзеге асырлатын кәсіпкерлік қызметі. Әлемдік және отандық тәжірибе көрсетіп отырғандай, әр түрлі ұйымдық-құқықтық нысандардағы кәсіпорындардың шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызылуының негізгі критерийі жұмысшылардың саны болып табылады.

Кәсіпкер ұғымының эволюциясы

Автор	Түсінік
1725ж. Р. Кантильон:	Кәсіпкер – ол нарық жағдайында тәуекел етуімен байланысты іс-әрекеттер жиынтығын жүзеге асыратын адам
1776 ж. А. Смит:	Бизнес – кәсіпорының меншік иесі
1797 ж. К. Бодо:	Кәсіпкер – ол белгілі бір жүзеге асырылатын іске жауапкершілігі бар адам
1803 ж. Ж.Б. Сэй:	Бизнес – екі өндіріс факторлары еңбек пен капиталдық тәуекел жағдайындағы шағармашылық үйлесуі;
1876 ж. Ф. Уокер:	Кәсіпкер – ол өзінің ұйымдастырушы-лық қабілеттілігімен пайда табатын адам
1934 ж. И. Шумпетер:	Кәсіпкер – инновациялардың көзі және дамудың қозғаушы күші, новаторлар
1964 ж. П.Друкер:	Кәсіпкер – белгілі бір мүмкіндіктерден мейлінше көп пайда түсіретін адам
1975 ж. А. Шапиро:	Кәсіпкер – ол әлеуметтік-экономикалық механизмдерді ұйымдастырушы

«Бизнес» ұғымымен «кәсіпкерлік» түсінігі тығыз байланысты. Көп жағдайда оларды синонимдер ретінде қолданады, бірақ ол дұрыс емес, себебі бұл ұғымдардың мазмұнының көптеген айырмашылықтары бар. Кәсіпкерлік жаңа өнім түрлерін, жұмыстар мен қызметтерді жасау және игеру үшін мүмкіндіктер іздеу мен жүзеге асыруға, тәуекелге байланысты жаңашыл, ынталы шаруашылық қызмет деп түсіндіріледі. Барлық жаңаны іздейтін, басқалар жасамаған немесе басқаша жасайтын іскер адамдар кәсіпкерлер болып саналады.

Бұл жаңа және күрделі идеялардың жүзеге асуы, материалдық құндылықтар арқылы, бизнесті ұйымдастыру үшін зияткер және іскер адамның белсендігі. Шағын және орта бизнес – пайда әкелетін кез-келген өзіндік, дербес іс-әрекет.

Шағын және орта кәсіпкерліктің мәні оның принциптерінде жақсы көрінеді: адамдарға бағытталғаны, сатып алушыларға қызмет көрсетуі, фирманың мәдени ортасын қолдау, серіктестік рухтың, өзара сыйластықтың және үнемі алға шығуға ұмтылыстың болуы.

Шағын және орта бизнес – бұл экономикалық белсенділіктің ерекше түрі. Ол өзіндік бастамашылыққа, жауапкершілікке негізделген инновациялық кәсіпкерлік идея.

Экономикалық белсенділік – қоғамдық өндіріске жеке адамның қатысу нысанын және өзінің, жанұя мүшелерінің өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қаражат табу тәсілі. Жеке адамның қоғамдық өндіріске қатысуының бұл нысаны функционалды міндеттеме немесе олардың комбинациясы болады. Егер ол келесі тұлға ретінде қатысса:

- Үнемі және кепілді табыс әкелетін объектінің, жылжымайтын мүліктің және тағы басқа меншік иесі ретінде (жалға берілетін үйдің иесі).

- Еңбек күшін сататын жалдамалы жұмыскер ретінде (сварщик, сатушы, автокөлік жуушы және т. б.).

- Жеке дара өндіруші ретінде (өз еңбектерін өткізу арқылы табатын табысына өмір сүретін «дербес» суретші немесе автокөлікті такси ретінде қолдану арқылы табысына өмір сүретін жүргізуші және т. б.).

- Менеджер ретінде (біреудің кәсіпорынын басқарушы).

- Қорғаныс – күзет қызметкері ретінде (қарашын, күзетші т. б.).

Шағын және орта бизнес жаңа тауарды өндіру болсын, қызметті басқа профильге ауыстыру және жаңа кәсіпорын ашу болсын инновациялық мезеттің болуын талап етеді. Өндірісті басқарудың жаңа жүйесі, өндірісті ұйымдастырудың жаңа тәсілін және жаңа технологияны енгізу – бұлардың барлығы инновациялық мезет болып есептеледі.

Кәсіпкерлік белсенділіктің негізгі субъектісі – кәсіпкер болып табылады. Бірақ, кәсіпкер жалғасу субъектісі бола алмайды. Өйткені, ол тұтынушымен үнемі қарым-қатынаста болады. Сонымен қатар бұл жерде көмекші немесе қарсы шығушы ретінде мемлекет те қатынасқа түседі. Тұтынушы да, мемлекет те, жалдамалы жұмысшы да (егер кәсіпкер жалғыз жұмыс істемесе), бизнес бойынша әріптестер де кәсіпкерлік субъектілер категориясына жатады [5].

Бизнесмен мен тұтынушы арасындағы қарым-қатынаста кәсіпкер белсенді субъект категориясына жатады, ал тұтынушыға әрекетсіздік қасиет тән. Осы қатынасты талдай келе, тұтынушы

кәсіпкерлік процестің индикаторын атқаратындығын айта кеткен жөн. Бұл түсінікті. Өйткені, кәсіпкер қызметінің пәнін құрайтын заттарға тұтынушы оң баға бергенде ғана бұл заттар өтімді болады. Мұндай бағалау тұтынушы арқылы жүзеге асады және қандай да бір тауарды сатып алуға дайын екенін білдіреді. Кәсіпкер өз қызметін ұйымдастыруда тұтынушының көңіл-күйін, қалауын және күтуін елемей қоймайды.

Кәсіпкердің тұтынушыға әсер ету тәсілдерінің негізгі факторлары:

- Тауардың тұтынушы мүддесіне сай келуі;
- Сапасы;
- Тауар бағасы және қол жетімділігі;
- Тауар әмбебаптығының деңгейі;
- Сыртқы түрі және буып-түюі;
- Басқа өндірушілер тауарынан жағымды айырмашылықтары және тұтынушының олармен танысуға мүмкіндігі;
- Сатудан кейінгі қызмет көрсетуді пайдалану мүмкіндігі;
- Жалпы қабылданған және мемлекеттік стандарттарға тауардың сәйкестігі;
- Тауар жарнамасының тартымдылығы және престижділігі және т. б.

Қарастырылған мәселелерді тұжырымдай келсек: қоғамдық өндіріс көзқарасынан бизнесмен белсенді субъект рөлін атқарса, кәсіпкерлік процесс көзқарасынан белсенді рөлді тұтынушы атқарады және кәсіпкер бұл деректі елемей қоя алмайды.

Кәсіпкерлік процесс субъектісі ретіндегі мемлекеттің рөлі, іскерлік белсенділік ортада пайда болатын қоғамдық жағдайларға, ахуалдарға және мемлекеттің өз алдына қойған мақсатына байланысты әртүрлі болады.

Нақты жағдайларға байланысты мемлекет болуы мүмкін:

- Шағын және орта бизнес дамуына қолайсыз жағдай жасаса, немесе оны шектесе, кәсіпкерлік дамуының тежеуіші;
- Мемлекет шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына тікелей қарсы іс-әрекет жасамаса, оның дамуына мүмкіндік жасамаса, бөгде бақылаушы;
- Мемлекет кәсіпкерлік процеске тарту үшін жаңа агенттерді үнемі белсенді іздесе, кәсіпкерлік процесті жеделдетуші бола алады.

Жалдамалы жұмысшы да кәсіпкерлік идеяны жүзеге асырушы ретінде кәсіпкерлік процестің субъектілер тобына жатады. Кәсіпкерлік идеяның жүзеге асу нәтижелігі және сапасы жалдамалы жұмысшыға байланысты [8].

Әрбір экономикалық субъектінің өз мүддесі болатындығы мәлім. Ал, кәсіпкер мен жалдамалы жұмысшының жоспарларының бір бөлігі сәйкес келеді (табыс жоғарылаған сайын, жалақы да жоғарылайды), ал бір бөлігі қарама-қайшы сипатқа ие (кәсіпкер жоғары жалақы төлеуге мүдделі емес, ал жалдамалы жұмысшы жалақы жоғары болғанын қалайды). Мұндай жағдайда екі жақ өздерін қанағаттандыратын келісімге келеді. Осындай келісімдер кәсіпкерлік процестің екі субъектісінің қатынасының негізін құрайды.

Қазақстан республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңының қабылдауына (1996 жыл) байланысты осыған дейін қолданылып келген «шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» Заң (1997 жыл) өз күшін жойды. Мұны айтып отырған себебіміз, шағын кәсіпкерлік субъектілері 2010 жылға дейін «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» Заңында көрсетілген критерийлерге сәйкес анықталса, 2011 жылдан бастап «Жеке кәсіпкерлік туралы» заң бойынша анықталып келеді. Осы заңда анықталған критерийлерге сәйкес шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін анықтауға қол жеткізеді.

Шағын және ірі кәсіпкерліктің негізгі айырмашылықтары төмендегі 2-кестеден көріп отырғандарыңыздай: шағын және ірі кәсіпкерліктің негізгі айырмашылық белгілері және олардың әрқайсысы үшін өзгешеліктері қарастырылған.

Еңбек бөлінісі негізінде қазіргі заман жағдайында әрбір бизнесмен терең мамандандырылған өндірісте қызмет атқарады.

Кез-келген кәсіпкер эффективті әріптестік байланыстарды қажет етеді: тек осы жағдайда ғана ол тұтас өндірістік процесте нәтижелі қызмет жасайды. Кәсіпкерлер жалпы экономикалық процестен салыстырмалы оқшауланған әріптестік байланысты ұстанғанда жағдай идеалды болады. Талдау үшін тұтас өндірістік процесті алсақ, ол көптеген фрагменттерден тұрады, олардың әрқайсысы кәсіпкерлік қызметте нақты орын табады.

Шағын және ірі кәсіпкерліктің негізгі айырмашылық белгілері

Айырмашылық белгілері	Ірі кәсіпкерлік	Шағын кәсіпкерлік
Өндіріс және қызмет көрсету саласы	Ірі өнеркісіп салалары, жылу энергетикалық және мұнай газ кешендері	Өндіріс, сауда және қызмет көрсету
Стратегияны өзгерту	3–5 жыл	6 айдан 1 жылға дейін
Қызмет сферасы	Ірі қалалар мен өнеркәсіптік кешендер	Ірі және шағын қалалар
Бәсекелік органы құру	Нарықтың белгілі бір бөлігін жауап алғандықтан бәсеке шектеулі болады	Шағын кәсіпорындар саны көп болғандықтан бәсекелік орта күшті болады
Кәсіпорынды құру және тіркеу	Едәуір қаржылық шығындардың қажеттігі және тіркеу тәртібінің ұзақтығы	Бастапқы шығындардың аз болуы және тіркеудің оңайлығы
Жаңа жұмыс орындарын құру	Жаңа жұмыс орнын құру қарқыны едәуір төмен	Жаңа жұмыс орындары едәуір жоғары қарқынмен құрылады.
Басқару құрылымы	Күрделі	Қарапайым
Шешім қабылдау	Ұзақ уақытты қажет етеді	Аз уақытта және ұтымды шешім қабылдау мүмкіндігі
Басқару жүйесіндегі мүдделердің үйлесуі	Құрылтайшылар мен басқарушылар мүдделерінің арасында қайшылықтың туындау мүмкіндігі	Басқарушы және құрылтайшы бір адам болуы мүмкін, басқару жүйесіндегі мүдде қайшылығының жоқтығы

Нарықтық жағдайда кәсіпкер үнемі басқа кәсіпкерлермен байланыста болып, үнемі нәтижелі әріптестік қарым-қатынас іздеу үстінде болады.

Сонымен, бизнесмен өз қызметін ұйымдастыру кезінде әріптестерін кәсіпкерлік процесс субъектісі ретінде қарастырады. Әріптестердің қарым-қатынастарының нысанына кәсіпкердің қызметінің нәтижелілігі тәуелді.

Шағын және орта бизнес белсенділігінің мақсаты – сұранысқа ие және пайда әкелетін тауарды өндіру және нарықта сату немесе ұсыныс жасау. Пайда – өндіріс және нарыққа тауар шығару барысында және кәсіпкерлік шешімді дұрыс қабылдап, жүзеге асыру нәтижесінде түскен табыстың шығыннан кейін қалған бөлігі [6].

Бірақ, пайда алу тек бизнеске ғана емес, сонымен қатар басқа да іскерлік белсенділік нысандарына да тән нәрсе. Осыған байланысты кәсіпкерлік пайда және кәсіпкерлік табыс сияқты экономикалық категорияларға көңіл аудару керек. Инновациялық қызметтен түскен табыстар, яғни, өндірісті ұйымдастырудың жаңа әдістерін енгізуден түскен табыстар кәсіпкерлік табысты құрайды. Кәсіпкерлік табыс дегенде біз кәсіпкердің табиғи қасиетіне байланысты немесе сыртқы жағдайларға байланысты өндіріс факторларын жаңаша комбинациялау және талдай білуі арқылы түсетін қосымша табыс, басқарудан түскен табыс, артық табысты түсінуіміз керек.

Басқаша айтқанда, кәсіпкер пайдасы екі элементтен құрылады:

- іскер адамның әдеттегі пайдасы;
- іскер адамның әдеттегі пайдасынан артықшылық.

Екінші элемент кәсіпкерлік табыс (пайда) ретінде қарастырылады, яғни, инновациялық қызмет үшін және өндірістегі жаңашылдық үшін қоғамдық марапаттау нысандары.

Қазақстандағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санының тұрақты өсуі және онда жұмыс істейтіндердің көлемінің артуына қарамастан шағын бизнес секторы мемлекет экономикасының мәселелерін шешуде айтарлықтай үлесі көп емес. Ол осы экономика секторының проблемаларымен түсіндіріледі: салық салу, несиелендіру, мемлекеттік органдармен өзара әрекеті және т. б. салалардағы мәселелер.

Сондықтан кәсіпкерлер алдында несиені алу кезіндегі немесе қаржылық көмек жағдайында әртүрлі кедергілер орын алады. Сол проблеманың ең бастыларының бірі – заң шығарушылық базаның тұрақсыздығы. Әрине, заңдар қабылданған, мысалы: «Жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау» Заңы; «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы заңы»; «Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар

туралы ҚР-ның Президентінің жарлығы және бүгінгі күні де қабылдануда. Бірақ бұл нормативтік құқықтық актілер іс-жүзінде толық жүзеге асырылмағандықтан еліміздің кәсіпкерлері үшін біршама қиындықтар туады. Ол нормативтік-құқықтық актілердің орындалмауы, шағын кәсіпорындардың ісіне араласу, көптеген тексеруші және қадағалаушы басқару органдарына тексерушілік қызметтері шағын кәсіпкерлер жұмысының тоқтатылуына әсерін тигізеді. Бұл кедергілермен қатар, кәсіпкерлік қызметті бақылайтын салық инспекциясы, жергілікті әкімшілік бөлімдері, санитарлық-экологиялық инспекциялар, өрттен қорғау орталықтары және тағы басқасы кәсіпкерлердің мүдделерімен көзқарасына кеміте отырып, көп жағдайда заңдық және заң шығаушылық пен сот органдарының функцияларымен өкілеттіліктеріне иемденіп алды.

Бұл өз кезегінде бюрократизмге ұштасады, яғни ол дегеніміз заңсыз ақша талап етудің тиімді құралы болып табылады. Ауыр салық екі түрде жүргізіледі: Жартылай жария және жасырын. Жартылай жарияға, жергілікті өкілетті бастамасымен жүргізілетін кәсіпорындарға заң шеңберінен шығып кететін шекте, ақшалай санада салық салуы. Екінші форма – жасырын ауыр салық, нақтылы шенеуніктердің қалтасына тікелей пара түрінде түседі. Ол өз деңгейінде кәсіпкерлерге теріс ықпал етіп, олардың жұмысын жүзеге асыруға кедергі болады.

Келесі негізгі мәселе – ол тиімді қаржылық қолдауы, яғни кәсіпкерлердің инвестициялық несиелерді алуы болып табылады. Кәсіпкерлер Республиканың банк жүйесінен; шағын кәсіпкерлікті дамыту қорынан; Еуропалық Қайта құру мен дамыту банкісінің ашық несиелік тізбегінен; шағын кәсіпкерлікті қолдайтын басқа да қаржы көздерінен ала алады. Бірақ шағын бизнесті қолдау көздері анықталғанымен, оны қолдану инвестициялау механизмінің жетілдіруінің қажет етеді. Бұл тұрғыда несие алу кезінде кәсіпкерлер алдында жиі кездесетін кедергілерге жататындар: жоғарғы пайыз мөлшерлемесі; несиені қайтарудың қысқа мерзімділігі; несие алудағы құжаттар санының көптігі; кепілдікпен қамтамасыз ету проблемалары.

Несие алудың негізгі мәселелерін келесі факторларда да толықтырады: несие алу кезіндегі банктерге тапсыратын құжаттарды толтыру білімінің жетілмеуі; ақпаратпен толық қамтылмауы; бизнес – жоспарды жасаудың толықсыздығы;

елдегі шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған несиелердің көздері туралы шетелдік, отандық бағдарламалардың ақпаратпен қамтамасыз етілмеуі. Аталған барлық факторлар кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне несие алуға кедергі келтіреді.


Ел Президенті атап көрсеткендей: «Даму банкі мен Инвестициялық қорға барлық кәсіпкерлердің қолы жете бермейді. Сондықтан «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» өзіндік бір «үлкен қаржылық маркетке айналуы тиіс».

Осыған байланысты шағын бизнес субъектілерін қаржыландыру мәселесіне келетін болсақ, бүгінгі таңда еліміздегі шағын кәсіпкерлердің қаражат көздерінің 75%-жеке жинақтары мен туыстарының қаржы құралдарынан, 15%-сыртқы көздер, 10% – банктерден құралады.

Шағын кәсіпкерлікті дамытудағы негізгі проблемалардың ең маңыздыларының бірі – салық саясатының жетілмеуі болып табылады. Бұл мәселен заңдылық нормативті фактілердің жиі өзгеруі, салық салу қойылымдарының жоғары болуы, салық түрлерінің өте көпжақтылығы және салықтар мен төлемдерді жинаудың күрделі жүйесін жатқызуға болады. Ал шағын және орта бизнесті дамытуда салықтың маңызы зор. Салық кодексі қабылдағаннан кейін бұл кәсіпорындардың құрылуы мен жүзеге асуы қысқартылды. Негізгі себеп – кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру бойынша шаралар жүйесінің жоқтығы болды.

1-сурет

Қазақстанда шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қаржыландыру көздері




*ҚР-ның Статистика жөніндегі Агенттігінің мәліметі бойынша

Қазақстанда жылдан жылға шағын бизнесті дамыту бойынша ілгері қадамдар жасалуда. Мәселен, біз Қазақстанда жаңа бизнесті тіркеу үшін кейде қырыққа және одан да көп күнге созылатын кезенді бастан кештік, ал бүгінде бұл рәсімдер 10 күнді алады. Бұл біздің еліміз үшін, әрине, үлкен прогресс. Сонымен қатар құқықтық қамтамасыз етілу тұрғысынан да айтарлықтай ілгерілеушіліктер байқалып отыр. Сонымен, шағын бизнестің құқықтық және ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз етілуін саралау негізінде бизнестің осы түрінің дамуындағы артықшылықтар мен кемшіліктерді айқындадық, сонымен бірге оның құқықтық та, ұйымдастырушылық та сипатта қамтамасыз етілу барысына қатысты бірқатар мәліметтерді айқындадық. Бұл айқындалған мәселелер жұмыстың келесі тарауларында қарастырылатын мәселелер үшін негіз болып табылады [7].

2-сурет

Шағын кәсіпкерлікті ұйымдастыру нысандарының кеңейтілген сызбасы



Сонымен, әрбір кәсіпкер, іскер адам ретінде қарастырылады. Бірақ, нағыз кәсіпкер феномені туралы сөз болса, барлық іскер адамдарды кәсіпкерлер категориясына жатқызуға болмайды.

Әдебиеттер

1. Закон РК «О государственной поддержке малого предпринимательства» от 19.06.1997 г. – С. 4.
2. Сборник «Предприниматель и право», Издательский дом «БИКО». – Алматы, 2010.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2011.
4. *Мамыров Н.К.* «Основы предпринимательства». – Алматы: Экономика, 2003.
5. *Попов В.М., Ляпунов С.И.* Практика малого бизнеса. – М., 2001.
6. *Виленский А.* Этапы развития малого бизнеса. Вопросы экономики. – 2009.
7. *Гайнутдинов Э.М.* «Основы предпринимательства». – Минск, Высшая школа, 2011.

Түйін

Мақалада автор шағын кәсіпкерліктің әлеуметтік және теориялық мәселелерін қарастырады.

Резюме

В статье автор рассматривает социальные и теоретические проблемы развития малого предпринимательства.

Summary

In this article the autor considers social and theoretical problems of development of small business

ЖАСТАР САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КОНТЕКСТІНДЕГІ ИНТЕРНЕТТІҢ ЫҚПАЛЫ

*М.Б. Жолдасханова, А.А. Мырзабекова,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Әлеуметтік жұмыс»
бөлімінің студенттері;*

*Ғылыми жетекшіі: «Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс»
кафедрасының аға оқытушысы Нұран Динара Нұранқызы*

Жастарға арнаған сөзінің бірінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым мен білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» деген болатын. Жастардың сәтті әлеуметтенуінде жаңа технологиялардың орын алатындығы және ұрпақ тәрбиесінде өзгерістер орнайтындығы анық үрдіс. Технологиялық жетістіктер үлкен мүмкіндіктермен қатар, жаңа «әлеуметтік аурулар» да алып келуде. Таңдалынып алынған мақала тақырыбы жастардың білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалана білуіне ықпал ету мақсатын көздейді. Нақтырақ айтсақ, тақырыбтың проблематикасы – мүмкіндіктері күн сайын кеңейіп, экономика, ақпарат, ғылым мен білім, жалпы әлеуметтік саланың дамуына ықпалы артып, жеке адам мен қоғамның қауіпсіздігіне деген әсері күшейіп келе жатқан, күнделікті қолданысқа енген интернеттің жастар қауымына әсері жайындағы талдау жұмысы.

Гуглдың негізін қалаушылардың бірі, әрі оның басшысы Эрик Шмидтың, Интернеттің ықпалы бар барлық саланың мамандары асыға күткен, «Жаңа сандық дәуір» атты кітабында Интернет пен оның төңірегіндегі технологиялар сарапталып, қоғам, мемлекет пен бизнестің болашағына жаңа көзқарас ұсынады. Шмидтың айтуынша, адамзат Интернетті өз қолымен жасаса да, оның табиғаты мен болмысын терең түсінбейді. Бір кездері үлкен бөлмеге әрең сиятын бір компьютер мен екінші тура сондай компьютер арасында байланыс орнатып, шағын ғана ақпарат жеткізу үшін жасалған құрал еді. Енді, міне, кез келген жерден

табылатын, мүмкіндігі шексіз тарихта бұрын-соңды болмаған ерекше құбылысқа айналды. Ол әр секунд сайын көлемі өсіп, мазмұны өзгеріп, тоқтаусыз мутация негізінде өз бетінше дамиды. Ол адам өміріне керемет пайдалы құрал, сонымен бірге ақылға сыйымсыз зиян әкелетін құбыжық та болуы мүмкін. Қазір біз сол пайда мен ықтимал кеселдің алғашқы белгілерімен ғана таныса бастадық. Интернет саласындағы көшбасшысының ойын түйіндесек, кеселдердің қатары әлі жалғасады және жаңа ұрпаққа алдын ала болжауға қиын соғатын сан түрлі эффект көрсетеді [1].

Байқап қарасақ, бүгінде ғаламтор жастардың айнымас бір бөлігіне айналғандай. Өйткені, жолда, жұмыста, тіпті ас ішіп отырса да ұялы телефонға немесе агентке телмірген жастарды көретін болдық. Басым көпшілігін сыртқы орта, айналасы, ата-анасы, достары, оқу мәселесі қызықтырмайтыны соншалық, ғаламторға сүйеніп, кітап оқуды, ізденуді қойды десек те болады. Өйткені, ғаламторға кіріп, керекті мағлұматтың атын жазсаңыз болғаны, түрлі рефераттар, зерттеулерді тауып, дайын нәрсені шығарып, мұғалімге өткізе салады. Бұрындары бесік жырын, әжесінің ертегісін тыңдайтын бала, қазір компьютердің ойындарын, ғаламтордың мағлұматтарын тыңдайды. Көзінің майын тауысып кітап оқып, кітапхана табалдырығын тоздыратын оқушы, бүгінде интернет клубтың табалдырығын тоздыруда.

Компьютерден бөлінетін ультра-күлгін сәулесі көзге кері әсерін тигізіп қана қоймай, баланың ұдайы отырғанынан түрлі ауруларға шалдығатынын жақсы біледі. Онымен қоса, компьютерге енгізілген ойындар атыс-шабыс, қан төгу және жауыздыққа бағытталған болып келеді. Осы ойындарды бала ойнағаннан, оның психологиясына қандай жаман әсер беретінін өздеріңізде білесіздер. Сөйте тұра, көп ата-аналар балалардың қолына ақша беріп немесе компьютер әперіп, тіпті ғаламторға да қосып қойып жатады. Ұдайы компьютердің алдында отырып, аталмыш ойындарды ойнаған баланың миында ойынның мазмұны, әдіс-тәсілдері еніп, жаман қылық, тіпті қылмысқа да баратынын дәлелдеген.

Интернет әлеміне таза ауа, көпшілікпен араласуды қойып, әлдеқашан еніп кеткен жастар көп. Оған дәлел, статистикалық мәліметтер бойынша күніне интернет клубтарға 200 адамға жуық

кіреді екен. Оның дерлік көпшілігі он-он алты жас аралығындағы балалар, ең кіші келушілердің жас шамасы бес-алты жастағы бүлдіршіндеріміз екен. Көпшілігі үш сағат шамасына үзіліс жасамай тапжылмай отыратын көрінеді. Егер де әрбір екінші адамның үйінде компьютер барын ескерсек, ол балалардың болашағы қалай болады деп еріксіз ойға батасың. Әрине, адам өмірінде өте пайдалы, керекті құрал екеніне ешкімнің дауы жоқ. Дегенмен, сол ғаламтордың пайдасынан гөрі зияны көп екендігі жөн [2].

Такырып аясында сараптама жасау барысында қазіргі жастар арасында интернетті пайдалану мәдениетінде келесідей «жастар типтерін» байқадық:

- «Әуесқой көрермен» – бұл типтегі жастар көбінесе интернет парақтарынан қызықты жаңалықтар мен ақпараттар іздейді. Интернет оны алдандыру, уақытын өткізу, көңілін көтеру үшін жаралған деп санайды, оған көп уақыт жұмсайды, қажетсіз ақпаратты көп қабылдайды.

- «Белсенді Лидер» – интернет аумағы оның тұлғалық қасиеттерін мойындататын бірден-бір орын. Олар әсіресе блоггер жастар немесе интернет ағымдардың администраторлары. Жаңа идеялар, бастамлар көтереді.

- «Сөзқұмар дүлдүл» – интернеттегі мақсатын адамдармен араласу, ой бөлісу, комментарий қалдыру, жаңа таныстар жинау деп біледі. Осы типтегі жастар «интернеттік тәуелділік» ауыруына көп ұшырайды, өйткені бүкіл әлеуметтік қарым-қатынастары виртуалды мекен жайға көшіп кеткен. Коммуникативті қасиеттері жақсы дамыған.

- «Қажымайтын даукес» – интернет алаңын негативті жағынан басымырақ қабылдайды. Ол өзіне қажетті деп таныған ақпаратты ғана алады, қалғанын мойындамайды, тіпті қарсы шығады. Агрессияны көп білдіреді, интернеттегі ақпараттық этиканы сақтамағандықтан көп ресурстарға жолы жабылған.

Кейбір мамандар виртуалды ортаны «бесінші билік» деп атап, біз білетін «төрт биліктің» қатарына қояды. Мұның өзі онлайн ортаның барлығы санасуға мәжбүр болатын, аса маңызды саяси және әлеуметтік институт екендігін көрсетеді.

Интернеттің адамзат тарихындағы ең үлкен эксперимент екендігі айтылды. Ол эксперименттің нәтижесі қандай болады

немесе қандай болуы тиіс деген сұраққа жауап жоқ. Аталған үлкен эксперименттің аясында саяси билік, бизнес, білім беру мен мәдениет және тағы басқа көптеген салаларды қамтитын сала-сала бойынша шағын эксперименттер қатар жүріп жатыр.

Әлеуметтік желілердің адамзатқа, әсіресе, жас ұрпаққа әсері соңғы кезде барлық елдерде ғалымдарды, билік өкілдерін, жастар тәрбиесімен айналысатын ұстаздарды аландатып отыр. Интернеттегі әлеуметтік желілердің қолданушыларының орта жасы 7-ден 48-ге дейін болып отыр. massaget.kz сайтының мәліметтері бойынша:

- Әр 20 минут сайын facebook-те бір миллион сілтеме таралады;

- Әр секунд сайын 8 адам қандайда бір әлеуметтік желіге тіркеледі;

- Google-дегі іздеу саны күніне 1 миллиардтан асады;

- Адам саны жағынан Facebook Қытай, Үндістан елдерінен кейінгі әлемдегі үшінші «мемлекет»;

- Орта есеппен алғанда әрбір қолданушы өз аккаунтына күніне 2 рет кіреді;

- Жыл сайын әлемде шамамен 100 адам әлеуметтік желіде қалдырған хаты үшін өмірден озады;

- Балалардың 80 пайызында әлеуметтік желілерде өздерінің жеке аккаунты бар;

- Жаңалықтар адамдарға басқа каналдар арқылы әсіресе, интернет арқылы келетін болғандықтан, әлемдік 25 газеттің 24-інде тираж саны азайған;

- Facebook бар болғаны бір жыл ішінде 200 миллион қолданушы жинаған, ал телеөндіріске 60 миллион көрермен жинауға 13 жыл уақыт кетті;

- Бүгінде 5 компанияның төртеуі жұмысшыларды іздеу кезінде интернет көмегіне жүгінеді.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми мәліметтерінде қызметіне көптеген елдерде тыйым салынған діни-экстремистік ұйымдардың әлеуметтік желілер мен түрлі сайттарды (оның ішінде порнографиялық сайттар да бар) пайдаланып, негізінен 18–25 жас аралығындағы жастарды арбап, өз қатарларына тарту фактілері көрсетілген. Ал әлеуметтік сайттарда жеке адамдар туралы небір биографиялық мәліметтер болатындықтан,

кейбір елдердің арнайы қызметтері, қылмыстық топтар сайттағы мәліметтерді өз мүдделеріне пайдалану фактілері кездесіп жатады. Бұл өз кезегінде жеке адамдардың, қоғамның, ұйымдардың қауіпсіздігіне залал тигізеді.

Қазіргі кездегі компьютерлік, интернет клубтар жастар үшін спорт секцияларын, басқа да денсаулыққа пайдалы шараларды, тіпті таза ауадағы жай қыдыруды да ауыстыра алмайды. Ал компьютерлік ойындарға, интернетке деген аса қызығушылық, одан туындайтын тәуелділік материалдық шығындарды айтпағанның өзінде, басқа да орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін.

Бұдан басқа, интернетте елдің конституциялық құрылымын, тұтастығын күштеп бұзуға шақыратын, нәсілшілдікті, рушылдықты, діншілдікті, өзге ұлт өкілдеріне төзбеушілікті уағыздайтын материалдар да кездеседі. Араб елдерінде әлеуметтік желілер көмегімен болған «твиттерлік төңкеріс», Жаңаөзен оқиғасы осыны тағы бір дәлелдеп берді. Біріншіден, интернеттегі ақпараттың барлығы шынайы бола бермейтіні белгілі. Екіншіден, ақпарат жылдам әрі көп адамға тарап кетеді.

Кез келген мемлекет өзінің ұлттық қауіпсіздігіне аса көңіл бөледі. Қазақстан да демократиялық бағыт ұстанған, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде өзінің қауіпсіздігін, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүдделі. Сондықтан да ақпараттық қауіпсіздіктің нормативтік-құқықтық қамтамасын дамыту мақсатында «Ақпараттандыру туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы», «Жарнама туралы», «Байланыс туралы», т. б. заңдар, «Ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасын қабылдады». Ал қоғамдық ұйымдар, Журналистер одағы мен конгресі тарапынан бірқатар келіспеушілік тудырған 2009 жылы 10 шілдеде қабылданған «Ақпараттық-коммуникациялық тораптардың мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңда негізінен, интернет желісінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келетін ақпаратты таратпау, осы мақсатта провайдерлердің жауапкершілігін күшейту мәселелерін реттейді.

Алайда қоғамның дұрыс дамуы үшін, жас ұрпақтың адами келбетіне, денсаулығына, ой-өрісіне келетін зиянды азайту мақсатында:

– Отандық әлеуметтік желілерді дамытып, оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсету;

– Интернеттің ұлттық ресурстарын, әсіресе, қазақ тілінде балаларға арналған ресурстарды дамыту;

– Педагог ғалымдар тарапынан компьютерлік оқыту формаларын зерттеп, әдістемелік нұсқаулар жасау, сонымен бірге балалар, жасөспірімдер, ата-аналар арасында жүйелі түрде компьютерлік ойындармен, әлеуметтік желілермен аса әуестенудің зияндығы туралы түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

– Жасөспірімдер арасында ақпараттық мәдениет тақырыбына зерттеулер, арнайы курстар өткізу қажет деп есептейміз [3].

Осы күнге дейін Интернет арқылы қаншама нәрсені оқып білдік, көрдік, естідік, сол арқылы қанша жақсы адаммен таныстық, қанша тамаша жаңалыққа қол жеткіздік, қанша асқақ арман мен қиял туды, қандай үлкен жұмыс істеліп, жобалар іске асты. Жақсы-ақ, бірақ еш бақылаусыз, бейберекетсіз, жөн-жосықсыз әрекеттің салдары туралы да ұмытпағанымыз абзал. Тексерілмеген ақпарат, дәйексіз пікір, кез келген адамды ретсіз қаралау, дәлелсіз жала жабу – соның басы ғана. Онлайн алаяқтықтың түр-түрін жасауға болатын, ұят пен абыройды ұмытқан ойын-сауық табуға болатын, бұзақы да, баскесер қылмыскер де еркін кіріп, басқаларға ақыл айтатын, ешкім бақыламайтын, қадағаламайтын орта іздеген адам Интернетке келеді [4, 35 б.].

Ерте ме, кеш пе, осы орта кеңейе түскен сайын біздің Интернет туралы түсінігіміз де өзгеруі тиіс. Өйткені, ол күнделікті өмірді тек жеңілдететін, көңіл көтеретін, уақыт өткізетін қызыққа толы, зияны жоқ құрал ғана емес, өміріміздің кез келген саласына тікелей қатысы бар, жеке басымыздың еркіндігі мен қауіпсіздігіне де ықпал ететін күшке айналып келеді.

Бұл технологияның арқасында адамдардың қиялы мен мүмкіндіктеріне тосқауыл қоятын ресми шекара, географиялық қашықтық, тіл білмеу, ақпарат жетіспеушілігі секілді шектеулер маңызын жоғалта бастады. Оның адам өміріне дендеп кіруі тарихта бұрын-соңды болмаған әлеуметтік, мәдени және саяси трансформацияға әкелмек. Жаңа технология негізіндегі өзгерістердің бұрын да болғаны рас, бірақ бұл жолғы өзгерістер адамзат атаулыны толық қамтып, шын мәнінде ғаламдық құбылыс болмақшы.

Әдебиеттер

1. Байназарова М., Бектас Г. 6-маусым 2013. «Жастар және ғаламтор» // <http://www.turkystan.kz/kz/articles/view/23679>
2. Рзаева Ә. 6-сәуір, 2011. «Ғаламторға қамалған жастар» // <http://www.qazaquni.kz/6569.html>
3. Бердібаев Р. «Әбігерге салған әлеуметтік желілер». «Айқын» газеті №10(2404) 23.01.2014 – 24 б.
4. Стратегии социализации молодежи в глобальном мире: Сб. науч. трудов / Под ред. проф. В.Н. Белова. – Саратов: Издат. центр «Наука», 2011. – 336 с.

Түйін

Соңғы жиырмажылдықта Интернет жүйесі жастар қауымының әлеуметтенуінде салмақты орын алып үлгергендігі ақиқат. Ғаламтор парақтары және әлеуметтік желілер жастардың өмір сүру қалпына ғана емес, мәніне де айналып бара жатыр. Бұл құбылысқа көптеген статистикалық мәліметтер көрсеткіші дәлел болып отыр. Осы тақырып деңгейінде мақалада интернетті қолдану мақсаты мен пайда болу мәні, жастардың интернетті белсенді пайдалануының оң және теріс жақтары, интернеттегі жастардың типтері және т. б. маңызды мәселелер қарастырылған.

Резюме

В последнем двадцатилетии Интернет сыграл важную роль в социализации молодежи. Социальные сети и интернет-страницы становятся для них не только образом, но и смыслом жизни. В связи с этим, в статье описывается становление Интернета, цель его использования, плюсы и минусы активного использования интернет-ресурсов среди молодежи, типы молодежи и др. важные проблемы.

Summary

In the last twenty years the Internet has played an important role in the socialization of young people. Social networks and Internet pages for them becomes not only a life style, but also the meaning of life. In this regard, the article describes the emergence of the internet, the purpose of its use, the pros and cons of active use of Internet resources among youth, young people and other types of important issues.

МҮГЕДЕК БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А. Жусупова,

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
«Әлеуметтік жұмыс» бөлімінің 1 курс магистранты;*

З.Ж. Жаназарова,

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
«Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының
профессоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы*

Отбасы үшін ең қиыны – балалардың мүгедек болуы. Қазіргі таңда мүгедек балалар күн санап артып келе жатқаны жаңалық емес. Оның ішінде күрделі кемістігі бар балалар көбеюде. Мүгедектердің себебі толып жатқан зиянды факторлармен түсіндіріледі. Кемшіліктері бар балаларды әлеуметтендіруде үлкен жұмыстар атқарылуда. Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы мекемелердің барлық түрлері бар. Себебі мүмкіндігі шектеулі балалар санының артуы арнайы мекемелер түрлерінің ашылу қажеттіліктерін туғызады. Олар: арнайы балабақшалар, арнайы мектеп-интернаттар, реабилитациялық орталықтар, педагогикалық-психологиялық түзету кабинеттері, логопедиялық кабинеттер, түзету орталықтары, т. б. Барлық арнайы мекемелердің мақсаты мүмкіндігі шектеулі балаларға педагогикалық, психологиялық, медициналық және әлеуметтік қолдау жасау, олардың кемістіктерін түзету, қоғамға бейімдеу және оңалту, кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүзеге асыру болып табылады.

Мүгедек – бұл тіршілік әрекеті шектелген, әлеуметтік қолдау қажет ететін, денсаулығында кемістігі бар тұлға. Бар әрекеттері үнемі шектеліп, өз – өзіне қызмет көрсете алмай, оқуға да қабілеті жоқ болады. Ондай балаларға үкімет өзінің міндетті көмегін көрсетеді. Мүгедек балалары бар отбасыларына пәтерақы, коммуналдық қызмет төлеміне, сонымен қатар жылынбайтын үйлерге отынның құнымен жеңілдік көрсетіледі. Әлеуметтік қызметкер мүгедек балалары бар отбасыларына ерекше қамқорлық жасайды. Баланы есепке қана алып қоймай,

отбасындағы әлеуметтік жағдайды талдау да маңызды. Мүгедек балалар үнемі күтімді қажет етеді [1, 53 б.].

Мүгедектің мынадай құқықтары бар:

- әлеуметтік қорғалу, соның ішінде сауықтыру, қоғамға бейімделу;
 - әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына кірумен қамтамасыз етілу;
 - ақпаратты алуға мүмкіндік берумен қамтамасыз етілу;
 - білім беру, қызмет түрін еркін таңдау, соның ішінде еңбекке байланысты;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталатын тәртіппен көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілденген көлеміне ие болу;
 - кәсіби дайындық және қайта дайындау, еңбекке жарамдылығын қалпына келтіру және жұмысқа орналасу;
 - Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес үй алу;
 - Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет саласында бірінші кезекте қызмет көрсетіледі;
 - Мүгедектердің шығармашылық мүмкіндіктерін қолдау.
- Мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік көмектердің түрлері:
- Мемлекеттік жәрдемақы, өтемақы және басқа да төлемдер;
 - Жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін қосымша әлеуметтік төлемдер;
 - Жұмыс берушілердің көрсететін қосымша әлеуметтік көмек түрлері [2, 120 б.].

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау және оларды оңалту бойынша шаралар ҚР-ның «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының аясында жүзеге асырылады. Ал ҚР-ның «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңына сәйкес мүгедектерге мемлекеттік және мемлекеттік емес сектор арқылы әлеуметтік қызметтер көрсетілуде.

Мүгедек балалары бар отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында үкіметтік емес сектордың жартылай стационар жағдайындағы күндізгі уақытта болу бөлімшелері жұмыс істейді. Балалардың құқықтары мен мүдделерін сақтау

саласындағы ұлттық саясаттың негізгі бағыттарының бірі мүгедек балаларды әлеуметтік оңалту болып табылады, ол мүгедек балалардың тіршілік әрекетінің шектелуін еңсеруі, әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруі, әлеуметтік-тұрмыстық және еңбекке бейімделуі және материалдық тәуелсіздікке қол жеткізуі үшін жағдайлар жасау арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта елімізде 47 мыңнан астам мүгедек бала тұрады.

Осыған байланысты мүгедектерді оңалту жөніндегі әлеуметтік қызметтерді көрсететін медициналық-әлеуметтік мекемелер санын арттыру өріс алып келеді. Мүгедек балаларды медициналық-әлеуметтік мекемелерде ұстауға бюджеттен бөлінетін шығыстар жыл сайын артып келеді. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің бағдарламасы әлеуметтік көмекті ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында балалы отбасыларына бала туғандағы біржолғы жәрдемақылармен қатар бала бір жасқа толғанға дейінгі бала күтімі жөніндегі жәрдемақыларды және тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақыларын төлеуді, ұсынылатын әлеуметтік қызметтердің тізбесін кеңейтуді жорамалдап отыр. Мектепте білім беру жүйесінде мүгедектерді кәдімгі және арнаулы мектептерде, үйде (жеке бағдарламалар бойынша) оқыту жорамалданып отыр. Мүгедектерді мемлекеттік тапсырыс негізінде жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында оқытуға квоталар белгіленген.

Мүгедек балалардың әлеуметтенуіне әсер ететін факторлардың бірі оның отбасы. Отбасының мүгедек баласына жұмсалатын қосымша шығындарына байланысты туындайтын материалдық мәселелерден басқа, мұндай отбасыларында ажырау саны өте жоғары. Толық емес отбасыларында мүгедек балаларды тәрбиелеу қиындыққа әкеліп соғады.

Жанұяда мүмкіндігі шектеулі баланың өмірге келуі бірінші кезекте ата-ананың және жанұя мүшелерінің өмірге көзқарасын, өзгелерге және өзіне деген қарым-қатынасын өзгертпей қоймайды. Отбасында бала үшін де, ата-ана мен жанұя мүшелері үшін де ауыр психологиялық атмосфера қалыптасатыны белгілі. Әйгілі ғалым Л.С. Выготский баланың өсіп-дамуы бірінші кезекте әлеуметтік даму жағдайына негізделгенін дәлелдеген [3, 87 б.].

Дамуында ауытқуы бар баланың кейінгі тағдыры өзі туып, тәрбиеленіп жатқан отбасының жағдайына байланысты. Яғни, баланың дамуы көбінесе медицина және педагогикалық қызметкерлердің назарынан тыс қалып, басты ықпал етуші күш ата-ана болып табылады. Сондықтан мүгедек бала тәрбиелеуші отбасы қандай да болмасын медициналық, педагогикалық, психологиялық, құқықтық ақпарттық қолдауды қажет етеді. Дер кезінде алынған қандай да қолдау түрі баланың немесе отбасының кез-келген әлеуметтік-психологиялық мәселесінің шешілуіне әсерін тигізеді. Шындығында да, ауру баланың әртүрлі проблемаларына байланысты күтімнің қажеттілігінен ата-ананың (ең болмағанда біреуінің) жұмыс істеу мүмкіндігі шектеледі. Бұл жанұяның әлеуметтік және экономикалық статусына кері әсерін тигізбей қоймайды. Осыған байланысты туындайтын ішкі жанұялық қарым-қатынастың бұзылуы баланың онсыз да бұзылған психофизикалық жағдайына жағымсыз әсер етіп, оның психикасының ауытқуына әкеп соғады.

Баланың кішкентай кезінен өзін қоршаған жандармен қарым-қатынасынан үйренген тәжірибесі оның психикалық дамуының ірге тасы болатынын және кейінгі тағдыры осыған байланысты анықталатынын терең түсіне бермейміз. Яғни, жанұя баланың (оның органикалық бұзылуларынан тыс) психикалық дамуының негізгі ошағы болып табылады. Осыған байланысты мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде ата-ана бауырларының ролі мен жауапкершілігі бірнеше есе өсіп отырады. Ол тек баланы өмірлік қажеттіліктермен қамтамасыз етуден ғана тұрмайды, оны үнемі сүйіспеншілікпен қамқорлық аясына алу, сезімталдықпен қолдау қажет. Бірақ ол баланың өзінің өмірлік тәжірибесін меңгеруіне жағдай жасауы үшін өзіндік белсенділігін қолдау және қалыптастыруға бағытталған болуы керек. Түсініктірек айтқанда баланың әлеуметтік дағдылары жас және жалпы даму деңгейіне қарай мүмкіндігінше ересек адамдар мен балалар арасындағы өзара іс-әрекет арқылы қалыптасады.

Ата-аналар тарапынан болатын жоғары дәрежедегі қамқорлық та баланың өздігінен жуыну, киіну, тамақтану, қажетін өтеу дағдыларын игере алмауына себеп болады. Төгіп-шашады, бүлдіреді деген сылтаулармен көп жағдайда ата-аналар баласы

үшін өздері істегенді тиімді көреді. Осындай себептермен балада өз-өзіне қызмет ету дағдысының қалыптасуы қиындайды. Түзету, әлеуметтік бейімдеу орталықтарына осындай бағытта жүргізілетін нәтижелі жұмыстар ата-ана тарапынан қолдауды бекітілуді қажет етеді [4, 71 б.].

Мүгедек бала тәрбиелеу, отбасының шаруасы әртүрлі жанұялық проблемалар кей жағдайда баланың болашағын, оның кейінгі тағдыры туралы ойлануға мойын бұрғызбайды. Дегенмен де, ата-ана түзете-дамыту үрдісінен тыс қалмай белсенді қатысушы болып, мамандармен, медициналық, психологиялық кеңес алып отырса, баласының өмірлік қажеттілік дағдыларды меңгеруіне сауатты түрде ықпал етер еді.

Медициналық әлеуметтік және еңбекпен оңалту сұрақтарын әлеуметтік қызметкерлердің араласуынсыз іске асыру мүмкін емес. Әлеуметтік қызметкердің атқаратын жұмысының негізгі функцияларына заңгерлік, медициналық, психологтік, педагогтік және басқа да мамандықтар бойынша кеңес беру, материалдық көмектер ұйымдастыру жатады. Әлеуметтік қызметкер мүгедек балалар мен отбасының мүшелеріне жүргізілетін психологиялық, психокоррекциалық қызмет әдістерін негіздеп сараптайды және өндейді. Социумдағы әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау арқылы отбасы мен мүгедек балаларға әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық нақты көмек формаларын және түрлерін ұсынады. Жаңа қоғамдағы бала мүгедектігің мәселелерінің шешімін екі жақты қарастырылуы керек. Біріншіден-мүгедектіктің алдын алу, бұл аяғы ауыр әйелдерге, сәбилерге көрсетілетін медициналық қызмет санасын жоғарлату арқылы, алдын ала кеңес алатын медициналық-генетикалық мекемелер ашу арқылы іске асыру. Екіншіден – мүгедек баларды әлеуметтік оңалту, бұл-әлеуметтік оңалту орталықтарын ашу арқылы іске асыруда.

Дене кемістігінің қай түрі болса да, мейлі ол соқыр, не саңырау, не туғаннан кем ақыл болса да оның өмірге деген көзқарасы өзгеріп қана қоймай, айналасындағы адамдармен де қарым-қатынас жасауын қиындатады. Дене кемістігімен ауру адамның әлеуметтік өміріндегі мінез-құлқының ауытқуына әкеп соқтырады. Әлеуметтегі мүгедек балаға көбірек қамқорлық

көрсетіп, оған басқа балаларға қарағанда ерекше көңіл бөлінеді. Бала басындағы бақытсыздық бәрінен бұрын оның маңындағы жақын адамдардың жанашырлық сезімін оятып, оған деген көзқарасты өзгертеді. Кез келген отбасында мүгедек балаға деген көзқарас оны басқа түскен масыл, не тағдыр жазасы деп санамай, қамқорлық пен мейірімділік құшағында болады. Балаға деген мұндай қамқорлық оған күшті әсер етіп, ол өзін басқа балалардан бөлексіткендей сезінеді. Адамның қарым-қатынасы, әлеумет ортасы болмаса жалаң күйінде жүзеге асуы мүмкін емес. Көзбен құлақтың кемістігі ең алдымен әлеуметтік қызмет атқаратын органдардың қатардан шығып, қоғаммен байланыстың үзілуі деп тусіну керек. Мұндай мүгедек адамның мінез-құлқының белгілі қалыпты жағдайдан ауытқуы болып та саналады.

Психология мен педагогикада балалардың кемтарлығы жайында мәселені әлеуметтік маңызды мәселе ретінде қарастырып, оны әдеттегі екінші кезектегі іс деп санамай, адам тіршілігіндегі басты мәселе ретінде бағалауды қажет етеді. Кемтар баланың психологиялық ерекшеліктерінің негізі биологиялық фактор емес, әлеуметтік фактор екендігін көрсетеді. Кемтар баланың әлеуметтік тәрбиесінің негізі оның табиғи жетіспеушілігін –әлеуметтік жолмен толықтыру әдісі – бірден-бір ең дұрыс жол. Арнаулы тәрбие әлеуметтік талапқа бағынуы керек. Сөйтіп біртұтас мәселенің белгілі құрамды бөлігі ретінде қаралуға тиіс. Кемтар балаларға ерекше тәрбие беріп оқыту қажеттілік біз бекерлей алмаймыз, керісінше соқырды оқып үйренуге, саңырауды ауызша сөйлеуге үйренуге үшін арнаулы педагогикалық техника, ерекше әдіс керек. Ерте ме, кеш пе адамзат соқырлықты да, саңыраулықты да, кемақылдықты да женуге тиіс деген сенімдеміз. Бұл мәселеде медицинамен биологияға қарағанда, әлеуметтік және педагогикалық жағынан жеңіске бұрынырақ жетуі мүмкін.

Әлеуметтік тәрбие баланың кемтарлығын толықтырады. Бір кезде соқыр баланы кемтар десек, біздің жанымыздағылар бұл ойымызды қостай қоймайтын сәтке жетеміз. Бірақ соқыр деп, саңырауды саңырау деп атау ғана қалуы мүмкін. Қазіргі таңда еліміздегі мүмкіндігі шектеулі балалар өзінің қадір-қасиетін қамтамасыз ететін, өзіне деген сенімділігін артты-

рып және қоғамдық өмірге белсене араласуына жәрдемдесетін толыққанды жағдайларда өмір сүруде. Әлеуметтік қызметкердің отбасымен жүргізетін жүйесі қалай жасалғанын, олардың қызмет істеуі отбасы жағдайына қалай әсер ететінін түсіну қажеттігімен аяқталады. Әлеуметтік қызметкердің міндеті осы жағдайдың балама түрін игеруі, яғни, нақты қандай отбасылар, олардың қандай проблемалары бар екендігі туралы ұғым болуы тиіс. Кез келген мемлекеттегі әлеуметтік саясаттың негізгі бағыты қоғамның қажетті мәселелері болып табылатын мүгедек балаларға барынша әлеуметтік қолдау көрсету.

Әдебиеттер

1. Биекенов К.Ү, Жаназарова З.Ж, Нұрбекова Ж.А. Отбасымен әлеуметтік жұмыс. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 133–135 бб.
2. Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңы. – 2005. – 56 б.
3. Холостова Е.И. Теория социальной работы. – М.: Юрист, 1999. – 157 б.
4. Бизақова Ф, Мамашбаева Ш. Отбасылық дағдарыс психологиясы. – Астана: Фолиант, 2010. – 98 б.

Түйін

Бұл мақалада мүгедек балалары бар отбасылармен әлеуметтік жұмыстың маңыздылығы туралы айтылады. Қазіргі таңда мүгедек балалар күн санап артып келе жатқаны жаңалық емес. Оның ішінде күрделі кемістігі бар балалар көбеюде. Кемшіліктері бар балаларды әлеуметтендіруде үлкен жұмыстар атқарылуда. Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы мекемелердің барлық түрлері қызмет көрсетілетіні, мүмкіндігі шектеулі балалар санының артуымен түсіндіріледі. Мүгедек бала тәрбиелеу, отбасының шаруасы әртүрлі жанұялық проблемалар, кей жағдайда баланың болашағын, оның кейінгі тағдыры туралы ойлануға мойын бұрғызбайды. Дегенмен де, ата-ана түзете-дамыту үрдісінен тыс қалмай белсенді қатысушы болып, мамандармен, медициналық, психологиялық кеңес алып отырса, баласының өмірлік қажеттілік дағдыларды меңгеруіне сауатты түрде ықпал етеді.

Резюме

В данной статье говорится о семьях, имеющих детей-инвалидов, вынужденных преодолевать экономические трудности. Дети-инвалиды вообще весьма ограничены в своей жизнедеятельности. Проблема детской инвалидности является актуальной во всем мире. Семья – ближайшее окружение ребенка с ограниченными возможностями. Когда в семье есть ребёнок-инвалид, это может повлиять на создание более жёсткого окружения, необходимого членам семьи для выполнения своих функций.

Summary

In this article they say about the families who have children with disabilities are forced to overcome economic difficulties. Children with disabilities are generally quite limited in their ability to live. The problem of child disability is relevant all over the world. Family - immediate environment of a disabled child. When a family has a child with a disability can affect the creation of a more rigid environment, the required family members to carry out their functions.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЗАЙЫРЛЫ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ

М.О. Жұмағұлов,

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық
университеті магистранты*

Қазақстан Республикасы президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050 стратегиясы: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы Қазақстан халқына жолдауыда «Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек. Біз өзін өзі ұстаудың ерекше үлгілерін алуға тиіспіз» – деп атап көрсеткен [1].

Еліміздің Ата Заңындағы Жалпы ережелер аталатын 1 бөлімінің 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деп көрсетілген. Оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Қазақстан унитарлы мемлекет болғанымен, біздің қоғамымыз этностық, діни және мәдени тұрғыда әртекті. Демек, елдегі заманауи әлеуметтік-мәдени ахуал да, дүниетанымдық алуан түрлілік те зайырлылықты мемлекет сипатының конституциялық негізіне жатқызуға итермелейді. Яғни біздің республикамызда ешқандай дін мемлекеттік дін деп жарияланбаған, дін өмір тәртібі ретінде мәжбүрлеп таңыла алмайды және әрбір азаматтың ар-ождан бостандығына құқы бар [2].

Сонымен зайырлы мемлекет пен дін өзінше бөлек, автономды өмір сүреді, мектеп діннен ажыратылған. Мемлекеттің қарекеттері азаматтық заң нормаларымен реттелінеді де дін істеріне араласпайды. Ал діннің тіршілігі діни нормалармен реттелінеді, мемлекет жұмысына араласпайды. Адам, азамат қандай көзқарас, наным не сенім ұстанамын десе де өз еркі. Конституцияда көрсетілген ар мен ұждан бостандығы талапта-

ры адамды сеніміне және көзқарасына байланысты қудалауға тиым салады. Яғни, дін заңмен қорғалады. Алайда дін нормалары мен тәжірибесі азаматтық заң нормаларына қайшы келмеуі керек. Дін саясатпен шұғылданбауы тиіс. Бір сөзбен айтқанда дін құрылымдары мен институттары Конституциямен баянды етілген мемлекет жұмысына ешбір кедергі келтірмеуі тиіс.

«Зайырлы мемлекеттер діннің үстемдігіне де, дінді мансұқтауға да заң бойынша жол бермейді. Дегенмен, зайырлы мемлекет пен атеистік мемлекеттің арасын ажырата алмайтын жағдай ТМД елдерінде, қазақстандық қоғамда да жиі кездеседі. Төркініміз – кеңес үкіметі ұлт десе ұлтшыл деп айыптауға дайын тұратын еді. Енді бүгін дін десе, әсіресе ислам діні туралы сөз бола қалса, ол дінді ұстанушыларға «экстремист», «террорист», «ваххабист» дейтіндер көбейді. Шындығында мұндай анықтаманы тек сот бере алады, – деп тұжырымдайды белгілі қоғам қайраткері, философия ғылымдары докторы, профессор А. Айталы [3].

Ғалымның пікірінше, діншілдікті – «фанатизм», радикалдық іс-әрекеттермен байланыстыратын психология өз ішімізде әлі де көрініс беріп қалады. Дін ата-бабаларымыздың құндылығының негізі дегенімізбен, әлі оның парқына бара алмай жүрміз. Орыс ақыны А. Вознесенский айтқандай, «мы некрещенные дети советской империи» дегендей бүгінгі қазақтардың да ересек ұрпағы атеистік танымы басым елде тәрбиеленгендер. Сондықтан да зайырлы мемлекеттің не екенін біреу біліп, біреуі білмей атеистік мемлекетке теңеуі де байқалуда.

Сол себепті, елімізде ислам тым асқынып бара жатыр, мешіттер тым көбейіп кетті, қалаларда діни рәміздер басым, бұл зайырлы мемлекетке сәйкес емес деушілер кездеседі. Осылай мемлекетіміз клерикалданып немесе дінге бой ұсынып бара жатыр деп те айтушылар бар.

Қазақстан – көп дінді мемлекет. Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында сөйлеген сөзінде Нұрсұлтан Назарбаев: «Тәуелсіздіктің 20 жылында Қазақстан аумағында жұмыс істейтін діни қауымдастықтардың саны жеті жүзден төрт жарым мыңға дейін өсті» деген еді.

Елімізде дінді танып білуге талпыныс өсті, себебі, біріншіден дін қоғамның рухани өмірімінің негіздерінің бірі бо-

лып қалыптасып жатса, екіншіден шынайы діндер мен жалған діни бірлестіктердің аражігін айыра білу қажеттілігі артып отыр. Бұл бағытта мемлекет заңы негізінде діни ұйымдарының тіркелуі зор роль атқарады.

1-кесте

Осы кестеде Қазақстан Республикасында діни ұйымдардың сандық көрсеткіші берілген

	Тіркелгенге дейін	Тіркелгеннен кейін
Ислам	2811	2229
Провославие	304	280
Пятидесятник шіркеуі	400	189
Евангелиелік христиан-баптистер	364	100
Католицизм	118	79
Иегова куәгерлері	70	59
Пресвитериандық шіркеу	229	55
Жетінші күн адвентистері	67	42
Евангелиелік-лютерандық шіркеу	32	13
Методистер	18	11
Новоапостолдық шіркеу	46	8
Кришнаиттер	14	8
Бахаилер	20	6
Иудаизм	26	4
Буддизм	4	2
Қасиетті соңғы күндердегі Иисус Христос шіркеуі (мормондар)	1	2
Меннониттер	6	1
Барлығы	4551	3088

2013 жылғы халық санағы бойынша Қазақстан халқының 70,2%-ы мұсылмандар, 26,3%-ы христиандар, 0,1%-ы буддистер, 2,8%-ы ешқандай дінге сенбейтіндер, 0,5%-ы жауап беруден бас тартқан. Әдетте түркі тілді халықтарды мұсылман дініне ойланбай жатқызылды. Бірақ халық санағы көрсеткендей, қазақтардың 0,4%-ы (39172 адам) христиан дініне, 1923 адам иудаизмге, 749 адам буддизмге, 1612 адам басқа діндерге өткен.

98 511 қазақ ешқандай дінде жоқ. 26 085 адам жауап бермеген. Сонымен бірге өзбектердің 0,4%-ы, ұйғырлардың – 0,5%-ы, татарлардың – 10,2%, түріктердің – 0,3%, әзербайжандардың – 2,5%-ы, қырғыздардың – 0,9%-ы христиандар. Сондай-ақ Қазақстандық орыстардың – 1,4%, украиндықтардың – 0,9%, немістердің – 1,6%, кәрістердің – 5,2%, белорустардың – 0,8%, поляктардың – 0,7%, басқа ұсақ этникалық топтардың – 34,7% исламды қабылдаған. Қазақстандықтардың дін таңдауына, сөз жоқ, аралас некенің де ықпалы бар. Тағы бір назар аударарлық мәселе бар: украиндықтардың 7,3%, немістердің – 14%, кәрістердің 28,5%, белорустардың 7,8% – ешқандай дінде жоқ. Кәрістер әртүрлі дінге бөлінуде: 5,2%-ы – мұсылмандар, 49,4%-ы – христиандар, негізінен протестанттар, 11,4%-ы – буддистер, 0,2%-ы иудаизмді қабылдаған. Тарихи отанынан жырақтағылар ана тілінен айырылып орыстанған. Аралас некеде тұратындар дініне, дәстүріне бейжай қарайды [5].

«Отан отбасынан басталады» деген ата-бабамыздан қалған мұра сөзінің астында терең ой жатыр. Алайда қазіргі таңда бір отбасының құрамын алып қарасақ әр түрлі дінді мойындайтын мүшелерді көрумізге болады, яғни әр діннің өздерінің ағымдары, сенімдері, заңдылықтары бар. Әрине бұндай жанұяда қайдан ауызбіршілік, бауырмашылдық, ұлтжандылық болады? Өкінішке орай қазіргі Қазақстандық қоғамда ондай жанұялар көбейіп барады.

Бүгінгі күні кең қолданысқа ие «Зайырлылық» сөзінің мағынасы мемлекет пен дін арақатынасын тарихи және қазіргі заманғы парадигмада айқындаудан келіп шығады. Дәстүрлі қазақ қоғамында бұл терминнің қазіргідей өзектілік әлеуеті бола қойған жоқ, өйткені дін салт-санаға сіңіп кеткенімен, мемлекеттік басқарумен қайшылыққа келмей, үйлесімді арақатынаста болды. Батыстық түбірге ие зайырлы мемлекет туралы түсінік алғаш рет XVIII–XIX ғасырларда Франция мен АҚШ-та қалыптасты. Оның қалыптасуына ақыл мен сенімді, дін мен ғылымды бір-біріне қарсы қою үрдісін күшейткен еуропалық жаңа замандық материалистік, позитивистік философия мен ағартушылық құбылысы зор ықпал етті.

Еуропа мемлекеттері барлық діни топтармен ынтымақтасуға ықыласты, бірақ барлығына бірдей бейімді емес, діндерге

үлкен таңдау, талғампаздық танытады. Қоғамның іргелі тарихи құндылықтары, мәдениетімен үйлесетін діни бірлестіктермен жарасымды қарым-қатынас орнату басты мақсатқа айналса, басқаларына тек төзімділік қана танытады, кейде қысым да жасайды.

Еуроодақ елдеріндегі мемлекеттер шартты түрде зайырлы және ресми діні бар мемлекет деп бөлінеді. Еуропа және қазақстандық ғалымдар діндердің хұқық мәртебесін пирамидаға теңеп жатады.

1. Пирамиданың төбесінде сол ресми дінді мемлекеттер тұр: Олар Ұлыбритания, Дания, Норвегия, Грекия, Болгария сияқты мемлекеттер, олардың шіркеулерін, дәстүрлі діндерін мемлекет толық қаржыландырады.

Нақтылай түссек, Норвегияда дін мен мемлекет бөлінбеген. Ресми діні – евангелистік-лютерандық шіркеу. Норвегиялықтар өз дінін жарнамалауға әуес емес, діни шараларға қатысуға аса белсенділік танытпайды. Ресми дінді ел халқының 88 пайызы қолдайды, балалардың 75,7 пайызы шіркеуде шоқындырылады. Халқының 6,2 пайызы қай дінге болса да бейжай қарайды, олар атеист те емес. Елде жүз мыңға жуық мұсылмандар бар. Норвегия королі – шіркеудің де басшысы. Шіркеуді қаржылай қолдауға дін ахуалына жауапты мәдениет және шіркеу істері жөніндегі министрлік қатысады. Епископтар мен священниктерді осы министрлік тағайындайды. Парламент депутаттарының басым көпшілігі де евангелистік-лютерандық діндегілер. Мектептерде заң бойынша «Христиандық діндер және дүниетаным» пәні міндетті түрде жүргізіледі, сабаққа оқушылардың қатысуы талап етіледі. Бұл пәннің енгізілуі туралы қоғамда пікір әр түрлі: қолдаушылар да, қарсыластар да бар. Бірақ білім туралы Заң христиандық, басқа әлемдік діндер, өмір философиясы туралы жастардың білуін талап етеді. Дін Христиандық-Батыс өркениетінің мәдени мұрасы ретінде жоғары бағаланады.

2. Ал Германия, Франция, Испания, Австрия, Италия сияқты зайырлы елдер пирамиданың бел ортасында, дәстүрлі діндерін қолдау үшін әр түрлі конфессияларды қатал түрде жіктеп саралайды, артықшылықтар христиан шіркеуіне берілген. Германия, Румыния, Бельгия, Чехияда оның қызметі қаржыландырылады.

Бельгия мен Германияда мектептерде діни тәрбие беріледі. Италия, Бельгия, Польша, Нидерланды, Австрия, басқа елдерде христиандық-демократиялық партиялар жұмыс жасайды. Германия, Грекия, Польша, Италияда әскерде діни қызметкерлер ұстайды. Испания, Чехия, Словакияда шіркеуде тіркелген некенің заң күші бар. Бірқатар елдерде діни қауымдастықтар салықтан жеңілдіктер алады. Сонымен, Еуропаның зайырлы елдері саяси өмірде, дін тәрбиесінде және әскерде дінді ашық қолдап отыр.

Сондықтан шіркеу мәртебесін алу, оны тіркелу өте қиын, ол үшін Австрияда – он алты мың, Румынияда – жиырма мың, Чехияда – он мың мүшелері болу қажет және діни дәстүрден айнымайтын, осы мемлекетте 10, тіпті кейбір мемлекеттерде 20 жыл өмір сүрген, қоғамға пайдалы, адамгершілік қағидаларына қайшы келмейтін қауымдастықтар тіркеледі. Қазақстанда қауымдастық он адам болса тіркеле береді.

Еуропаның бірқатар елдері Ватиканмен келісім арқылы түрмелер мен ауруханаларда діни салт-жоралар өткізуге, өздерінің жеке балалар бақшалары, мектептер, жоғары оқу орындары, денсаулық мекемелелерін ашуға мемлекет есебінен білім мекемелерінде дін пәнін оқытуға хұқық береді және діни неке мен мемлекеттік некенің бірдейлігін мойындайды. Айта кету керек, осындай келісім Ватикан мен Қазақстан арасында да бар, ол еліміздегі католиктерге жақсы жағдай туғызып отыр.

Сондай-ақ арнаулы комиссиялар секталардың қызметін қадағалап, елдегі жағдайды талдап, шешімдер қабылдайды. Әсіресе, адамдарды таза жолдан адастыратын секталарға қарсы заң қатаюда. Діни салттар мен дәстүрлерді қолдауда негізінен отбасына зор мән беріледі. Балаларды ата-аналарының дінін қабылдауға бейімдеп, жастардың басқа діндерге өтуінен сақтандырады. Діни дәстүрлерді дәріптеуде салтанатты діни мерекелердің орны бөлек.

3. Пирамиданың табанында мемлекет қаржылық қолдау көрсетпейтін, бұқаралық ақпарат құралдарына қол жетімсіз, өз дінін мектептерде оқытуға тыйым салынған діни ұйымдар, олардың ішінде мұсылман қауымдастықтары бар.

Сондықтан Біріккен Ұлттар Ұйымы қоғамда орын алып отырған еуропалық мұсылмандарға деген нәсілдік, ұлттық

жеккөрушілдік, исламмен лаңкестікті, зорлық-зомбылықты байланыстыру сияқты көзқарастарға тыйым салуды талап етіп отыр.

Бүкіл Орталық Азияда да, Кавказ халықтарында қазіргі кезде уаххабилік және салафилік ағымдар ең алдымен қазақтардың салт-дәстүр, әдет-ғұрпына шабуыл жасауда. Сол арқылы халқымыздың дәстүрлі исламдық бағытын өзгертпек. Мұның өзі қарапайым халықтың наразылығын тудырып отыр [4].

Сонымен, түйіндеп айтқанда, классикалық зайырлы мемлекетте діни ұйымдар мемлекеттен ажыратылған (бірақ қоғамнан оқшауланбаған) және заң алдында бәрі тең. Зайырлы мемлекеттің бұл үлгісі барлық діни ұйымдарға бейтарап қатынаста болуды, мемлекеттің діннен және діни ұйымдардан оқшау болуын көздейді. Зайырлылық мемлекеттің клерикалдануы мен секулярилануы аралығындағы баланысты ұстап тұрады. Зайырлық түсінігі аясында мемлекет төмендегі ұстындарға сүйенеді: азаматтардың қандай да бір дін және діни ұйымдарға жататындығына қарамастан, өмірдің барлық саласында тең құқығын қамтамасыз етеді; азаматтардың дінге деген қатынастарына бейтарап қарап, олардың таңдауларын мадақтап, сөгіп немесе насихаттамайды; діни ұйымдар мен бірлестіктердің істеріне, діни ағартушылық, ішкі тәртіптік, діни, кадрлық істеріне мүлдем араласпайды; азаматтардың дінге деген қатынасын анықтауда мемлекеттік білім беру стандартының бейтараптығын қамтамасыз етеді; адам құқығы мен еркіндігін шектейтін, азаматтардың дінге деген қатынасын күшпен өзгерту мақсатында арнайы мекемелерді қолдануға рұқсат бермейді.

Қазақстан бүгінгі таңда зайырлы мемлекет ретінде гуманистік құндылықтарды басшылыққа алып, осы бағыттағы саясатын жылдан-жылға жетілдіріп келеді. Елімізде дін бостандығы нақты іске асып, діни бірлестіктер қоғамның діни, мәдени-рухани, әлеуметтік салаларындағы мәселелердің шешімін табуына қолғабыс көрсетіп отыр. Өзінің өміршеңдігін дәлелдеген еліміздегі мемлекет пен дәстүрлі діндер және өзара сенімге негізделген қызметтері алдағы уақытта да жалғасын таба береді деп санаймыз. Алайда, қазіргі Қазақстандық қоғамның зайырлылығын қамтамасыз етудің бірқатар алғышарттары бар.

Қазақстанда білім беру зайырлы сипатта болғанымен, қазіргі әлеуметтік жағдайда ғылымның да, діннің де гуманитарлық қызметінің жалпы міндеті ағарту қызметі екенін барлығымыз да түсінеміз. Қазақстанда қалыптасқан діндарлық пен зайырлықтың идеялық бірлігі мемлекет негізін құрушы этностың, сол сияқты қоғамдағы басқа да этникалық топтардың тарихи және мәдени дәстүрлері арқасында мүмкін болып отыр.

Елдегі діни жағдайды білу, сонымен қатар, оны бақылау қоғамдық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар қызметінің құрамдас бөлігі болып табылады. Діни негізде зорлық пен зомбылық, жеккөрушілік жүйелі түрде іске аспай тұрғанда, ол ұйымдасқан террорға ауыспай тұрған уақытта олар оған қарсы тұра алатын шараларды дайындауы керек.

Зайырлы білім беру жүйесінде «Дінтану» пәні міндетті пәннің бірі болуы тиіс және ол оқушылар мен студенттерді ақпараттандыруға, дін түрлерінің көптігі туралы білімдерін қалыптастыруға, әлемдік діндердің мәдени дамудағы рөлін, діннің тарихтағы және қазіргі уақыттағы рөлін көрсетуге, сонымен қатар дінді саяси мақсатта пайдаланудың бағыттары мен салдарлары түсінуге бағытталған. Пән базалық матрица ретінде жалпы адами құндылықтар жүйесін қабылдауға көмектесуі керек.

Осындай талаптардың орындалып, қоғамдық ортаның әлеуметтік мәдениетіне айналған жағдайда тәуелсіз Қазақстан елін, зайырлы және демократиялық мемлекет болып қалыптасатыны күмән тудырмайды.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы. – Астана, 2014.
2. ҚР конституциясы 1995 жыл 30 тамыз 1-бабы;
3. Ақтөбе облыстық қоғамдық саяси газет «Мемлекет және дін» проф., ф. ғ. д. Амангелді Айталы. – 15-қыркүйек, 2011.
4. *Косыченко А.* Әлемдегі діни ахуалдың дамуының негізгі үрдістері. – Алматы, 2013.

5. Қазақстан Республикасындағы діни ахуалды дамытудың өзекті мәселелері / З.К. Шәукенова мен С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 135 б.

Түйін

Әлеуметтанушы жас ғалымның мақаласы мемлекеттің зайырлығы, оның әлеуметтік-мәдени мәні туралы өз ойын білдірген.

Резюме

Молодой ученый-социолог изложил свои размышления о социально-культурной сущности светскости государства.

Summary

Young scientist, sociologist outlined his thoughts on the socio-cultural essence of secularity of the state.

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ ОБЪЕКТИСІНІҢ БІРІ – ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

А.Н. Игенбай, В.Т. Енсеева,

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы

Осы уақытқа дейін үй шаруашылығының ішкі құрылымы экономистердің зерттеу пәні болды. Ал қазіргі кезде үй шаруашылығын әлеуметтанушылар да зерттейтін дәрежеде. Үй шаруашылығы неоклассикалық парадигма аясында қандайда бір тұтас қызметтің барынша максималдауына тырысушы рационалды субъект ретінде қарастырылады. Тек крестьяндық шаруашылық теориясында ғана басқа міндеттер қарастырылды, солардың ең негізгілерінің бірі экологиялық тепе-теңдікті сақтайтау және өмір үшін күрес.

Алайда қазіргі заманғы ғылыми басылымдарда үй шаруашылығын жеке әлеуметтік-экономикалық агент ретінде қарастыру қайта қызығушылық тудырды, сонымен қатар формалды емес экономиканың, этикалық экономиканың, локалды қауымдастықтардың шаруашылық механизмі, кіші экономикалық құрылымның ашылуы тұспа-тұс келді. Шынымен де, көп ғалымдардың пайымдауынша, үй шаруашылығы тек дамушы мемлекеттерде, яғни «үшінші әлем» елдерінде ғана емес, сонымен қатар дамыған елдерде де жаһандану үрдісіне, урбанизация, технологиялық экспанцияға қарамастан өмір сүріп қана қоймайды, ол сонымен бірге жеке әлеуметтік-экономикалық агент ретінде өз дамуын жалғастыруда [1, 8 б.].

Әлеуметтанушылардың пайымдауынша, үй шаруашылығы дегеніміз бір мекемеде (үй, пәтерде немесе т. б.) бірге тұратын және бір шаруашылық қызметпен байланысты бір немесе бірнеше адамдар тобы. Олар үй шаруашылығын екі түрі бар деп санайды, ол: отбасылық және отбасылық емес. Отбасылық деп біз үй шаруашылығындағы адамдардың туыстық байланыста болғанын айтсақ, ал отбасылық емес деп соған кері байланыстағыларды айтамыз. Үй шаруашылығы әлеуметтанудың, экономиканың, психология және т. б. қоғамдық ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады [4].

Үй шаруашылығының негізін әдетте отбасылық шаруашылық құрайды. Алайда бұл түсініктер жақын болғанымен олар сәйкес келмейді. Бұған мысал БҰҰ-ның үй шаруашылығының статистикалық есептеріне арналған ұсынысында оған мынадай анықтама беріледі: «өмірге қажетті барлық қажеттіліктермен қамсыздандыру мақсатындағы біріккен адам немесе адамдар тобы». Бұл жерден көріп тұрғанымыздай отбасы еш жерде айтылмаған. Отбасы мен үй шаруашылығын ажырата білудегі негізгі критерийлердің бірі әр үй шаруашылығының оқшау бюджеттерінің болуы болып табылады. Мысалы үш ұрпақтан құралған туыстардан тұратын отбасы (атасы, апасы, әкесі, шешесі және немерелері) өзінің қызметін бір үй шаруашылығында жүзеге асырады, және де бөлек тұра отырып және әртүрлі бюджетке ие бола отырып бірнеше үй шаруашылығында өз шаруашылығын жүзеге асыра алады. Бірінші жағдайда, отбасы үй шаруашылығымен сәйкес келеді, ал екіншісінде – бірнеше үй шаруашылығынан тұрады [2].

«Отбасы» және «үй шаруашылығы» түсініктерінің бір-біріне жақын болуы қоғамның социомәдени ерекшеліктерімен, қоғамдағы үлкен адамдарға деген қатынастармен байланысты, ол сонымен қатар, дінмен, үстемдік етуші моральмен және экономикалық менталдылықпен де байланысты [3].

Сондықтан үй шаруашылығының тар мағынасында біз «жұмысбастылық саласын қарастырамыз, онда отбасы мүшелері немесе отбасыаралық жинақтың мүшелері өзінің еңбегі арқылы табиғи өнімдер мен қызметтер формасында жеке қажеттіліктерін қамсыздандырады, ол нарықтық (дербестік және ұйымдастырушылық) және мемлекеттік мобилизацияланған жұмысбастылыққа (әскер және т.с.с) қарсы тұруға мүмкіндік береді. Қоғам мен отбасы арасында оның тарихи дамуының әрбір кезеңінде өндірістік функцияларды бөлуде белгілі бір паритет бар. Алайда, қазіргі кезеңде өндіруші ұяшық ретіндегі отбасының рөлі едәуір төмендеп кетті, ол өз артынан шаруашылық-тұрмыстық және экономикалық қызметтің көптеген элементтерін сақтап қалды. Сонымен қатар, соңғы уақытта экономикалық қызметтің бұл «периферийлы» саласына зерттеушілік қызығушылық белсенді бола түсті, үй шаруашылығын экономикалық және әлеуметтік қолдау күшейді, онда өзінің теңсіздік жағдайы, соның

ішінде тұрмыс саласындағы да мәселелерін әйелдердің саяси деңгейге көтеруінің арқасында болды [2].

Үй шаруашылығының типологиялық мінездемесінде Қазақстанда енді ғана қалыптасқан қасиеттерді анықтауға болады. Біріншіден, «жаңа экономиканың» экономикалық міндеттерінің арасында экономикалық өсімнің жоғары ағымы болмады, осы міндеттерге қол жеткізу үшін жаңа экономика «бір қалыпты даму» міндеттерінің комплексін шешуі керек. Осындай міндеттерді – өмір сүруге күрес және даму, кез-келген жағдайда өзіндік адами капиталды өндіруді үй шаруашылығы шешеді [5].

Екіншіден, бірінші себептің салдары ретінде, қазіргі заманғы экономиканың барлық назары өндірістік процесстерден тұтыныс сферасына өтеді. Соған сәйкес, өндіріске кетірген уақыттың маңыздылығы тұтынуға кетірген уақыттың маңыздылығына жақындай түседі.

Үшіншіден, «ақпараттық» қасиеттерді иелене отыра, жаңа қоғам әр жеке адамның рухани өмірімен де, материалдық жағдайымен де тығыз байланыста болады. Бұл ақпарат жеке адамның тек материалдық (инновациялық технологиялар, компьютерлік программалар, телекоммуникациялық хаттамалар және т. б. рөлінде) ортасын ғана қалыптастырмайды, сонымен қатар, тұлғааралық қарым-қатынастардың негізгі құралы ретінде қызмет атқарады.

Төртіншіден, жаңа экономиканың экономикалық субъектісі қоғамда кең тараған нормалар мен тәртіптер бағынуы тиіс және онымен қарым-қатынаста болатын ақпараттың барлық көлемін өз бойына сіндіре алмайды. Үй шаруашылығында, басқа себептердің салдарынан, адамдардың мінез-құлқы да утилитаризм мен рационалдылыққа қарағанда дәстүрлермен және әдеттермен жиі байланысқан [5].

Бұл жерден біз үшінші және төртінші қасиеттердің бір-біріне қарсы келетінін тенденция екендігін көре аламыз: бірінші жағдайда, ақпараттың өсуі коммуникацияның желілерімен жаулап алу жолымен адамдарды байланыстыратын негіз ретінде қарастырылса, екінші жағынан, осы фактор шынайы адамдардың рационалды қасиеттеріне шектеу қоятын себеп болып табылады.

Бұл қазіргі заманғы постнеоклассикалық ғылымның талдау жасайтын жалғыз қарама-қайшылықты мысалы емес. Олардың көп бөлігі жұмысшылардың мінез-құлқының болжамдарын алу-

мен байланысты – еңбек нарығындағы үй шаруашылығының мүшелері, үй шаруашылығының өздерімен экономикалық стратегия таңдауы [2].

Жалпы әдіснамалық жоспарда еңбек – индивидуум мен қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті заттарды құру мақсатында табиғат элементтерінің пайда болуына ғана бағытталмаған, сонымен қатар, сол тұтыныстың өзін ұйымдастыруға бағытталған кең мақсатты қызмет. Үй еңбегінің бұл түсінігі қоғамда да, отбасына да қатысты және еңбек қызметі жүйесіндегі жағдайымен байланысты орындалатын үй еңбегі функциясының мәнін ұғынуға алып келеді.

Үй шаруашылығы қоғамдық-пайдалы еңбектің ажырамас бөлігі болып табылады, не болмаса ол қоғамдық өндіріс пен жеке тұтыныс арасындағы байланысты құрады. Қоғамдық еңбек тұтынушылық тауарларды құрады және оларды дайындықтың белгілі бір деңгейіне жеткізеді, ал үй еңбегі өнімдерді өндеуді жүзеге асыру мен тұтынушылық үрдісіне қызмет көрсете отырып, оны аяқтайды. Сәйкесінше, үй шаруашылығынсыз қоғамдық еңбекпен өндірілетін тұтыныстық тауарлар мен қызметтер тұтынушыға қолжетімді болмас еді және сондықтан да пайдасыз болар еді. Сонымен қатар, үй еңбегінің көптеген түрлері тұтынушылық тауарлар мен қызметтерді өндірудегі қоғамдық еңбектің мазмұны бойынша бара-бар (киім жуу мен тазалау, тамақ дайындау және т. б.).

Үй шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық рөлі отбасы шығындарын азайтады, оларды оптимизациялайды және сол арқылы отбасылық бюджетті ұтымды қолдануға әсер етеді деп анықталады. Ақша құралдарын үнемдеудің бұл түрінің ерекше мағынасы бүгінгі күнде көптеген қазақстандық отбасыларға тән төменгі отбасылық кірістер болады. Кенестік зерттеушілер қатары екі ересек жұмыс істеуші мен бір баладан тұратын қала отбасының үй еңбегі көлемінің ақшалай формасын бағалауға тырысты. Сондықтан өндірілген өнім саны мен үй шаруашылығында өндірілген қызметтер көлемін айқындау қиынға соғады, олар уақытылы шығындарды ақшалай бағалау жолымен жүрді. Отбасы үй шаруашылығын енгізуде отбасы жарты айлық жалақыға эквивалентті соманы үнемдеген болып шықты [1].

Алғашқы жағдайда үй шаруашылығына жұмсалған уақыт құны альтернативті шығындар арқылы – адамның еңбек

нарығында сол уақытта ала алатын жалақысы өлшенеді. Алайда, нарықтық құн әр кезде бара-бар өлшем бола бермейді, еңбек өнімділігі мұнда белгілі бір шекаралармен берілмейді, оның субъективті құндылығы да әр түрлі, сондықтан уақыттық ресурс арқылы еңбек өнімін бағалау қиын. Отбасы өндірістік қызметін бағалаудың екінші жолы үй шаруашылығының жемістеріне сол өнім немесе қызметтер түріне нарық бекіткен баға берумен байланысты. Алайда, үй шаруашылығында өз-өзіне қызмет көрсетуге жұмсалған өзіндік уақыт, және еңбек нарығында қызмет көрсетуге жұмсалған басқаның уақыты, көбінде әртүрлі бағаланады.

1993 жылы МОТ өндеп шығарған ұлттық есептер Жүйелері (ҰЕЖ) концепциясына сәйкес, үй шаруашылығындағы жалақысыз еңбекті үш тип бойынша классификациялауға болады:

- отбасымен байланысты, ҰЕЖ-мен мойындалмаған экономикалық қызмет ретіндегі үйдегі жұмыс, балаларға қарау және басқа да қызметтер;

- үй шаруашылығындағы тұтындағы ауылшаруашылық өнімді өндіру сияқты тұрмыспен байланыссыз, аналогиялы сатылушы тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны негізінде бағаланатын табиғи шаруашылық пен қызметті енгізу;

- үй шаруашылығының бір мүшесі ақысыз жұмыс істейтін нарыққа өндіретін өнімді үй шаруашылықтарының кәсіпкерлігі, мұнда олардың өнімінің құны және үй шаруашылықтарының кірісі есепке алынады [5].

Қазір жалақы төленбейтін үй шаруашылығының экономикалық мәнін мойындау тенденциясы, ол қоғам тарапынан оған қатынасты өзгертеді, оның қоғамдық мойындалуын және олармен жұмысбасты, үй қызметкерлерін қоса алғандағы әлеуметтік мәртебесін жоғарылатады.

Үй шаруашылығының сапалы спецификасы осы салада өндірістің тұлғалылықпен, экономикалықтың әлеуметтікпен үйлесуі болып табылады. Индустриалды қоғамда үй шаруашылығындағы қызмет ұзақ уақыт бойы өндірістік емес сипаттағы және нарықтық еңбекпен сәйкессіздігі ретінде қарастырылды. Алайда, үй өндірісінің жаңа экономикалық теориясы – отбасылық экономика, 60-шы жылдардың ортасының бастап пайда болған және Г. Беккер, Я. Минсер өндеп шығарған, үй

шаруашылығына деген көзқарасты өзгертті, отбасыға әлеуметтік-экономикалық бірлік ретіндегі субъектілігін қайтарып берді [6].

Г. Беккер ұсынған уақытты бөлу теориясының мәні – үй шаруашылығы өндірушілері де, сол сияқты тұтынушылары да болып табылатындығында. Олар өзінің игі жағдайын екі негізгі шектеулер аясында максимизациялайды: ақшалық бюджет және уақыт бюджеті. Отбасының әр мүшесі өз уақытын қолданудың қандай жолы оған көбірек пайда алып келеді, құндырақ болатынын шешеді: нарықтық жұмысбастылық пайдасына қарай үй шаруашылығының қысқаруы немесе керісінше [7].

Бұл теория көптеген құбылыстарды түсіндіруде қызықты, ерекше көзқарастарды ұсынады. Келесі байланыс осылай айқындалған: басты кіріс ретінде олардың өсу рөліне сәйкес жалақылардың көтерілуі тұтынысқа қолданатын уақыт көлемінің қысқаруын тудырады. Қазіргі әлемде еңбек өнімділігінің жаһанды көтерілуі жағдайында жұмыс уақыты тұтынушының уақытына қатысты қымбаттап келеді, ол алғашқының үнемді қолдануына алып келеді. Мысалы, әйел-ананың еңбек уақыты құнының жоғарылауы оны жұмыс істеуге немесе тамақ дайындаудағы уақыттық шығындарын жартылай фабрикаттар қолданумен немесе бала тәрбиесін балабақшалар, лагерь немесе бала тәрбиешілер көмегіне жүгіне отырып, уақыттық қысқарту мотиві оянуы мүмкін [7].

Біз қарастырып отырған отбасының экономикалық теориясы экономикалық талдаудың саласына отбасының әлеуметтік өмірінің көптеген аспектілерін енгізуге тырысады. Бізге қызығушылық тудырып отырған әйелдердің үй еңбегі мәселесі уақытты ішкі отбасылық бөлудің тиімділігі ұстанымы тұрғысынан қарастырады. Г. Беккер және оның ізбасарлары күйеуі мен әйелінің арасындағы үй еңбегі бойынша қысымның теңсіздігін келесідей түсіндіреді. Биологиялық себептер күшімен әйелдер балаларға қарауға күштірек бейімделген және осыған байланысты үйдегі міндеттерге бейім келеді. Олар уақытының көп бөлігін осы салаға жұмсаған соң, сәйкесінше, оларда нарықтық адами капиталға емес, олардың үй шаруашылығындағы еңбегінің тиімділігін көтеретін жұмыс түрлеріне үлес қосады. Сәйкесінше, ерлерге мұндай жағдайда нарықтық адами капиталға инвестиция салу және жиынтықты отбасылық пайдалылықты максимизациялау үшін нарықта

жоғары марапаттар алу ұтымдырақ келеді. Биологиялық айырмашылықтар күшейіп, экономикалық қызметтер тарапынан күшейетін тұйық орта осылай пайда болады [7].

Дамушы елдерде үй шаруашылығының ішіндегі табиғи шаруашылық өнімі, өндіріс және қызметтер, отбасының тіршілік етуінің басты қайнар көздері болып қала беруде. Қызмет көрсетудің үлкен нарығы дамыған аймақтарда өзінің қажеттіліктерін отбасы мүшелерінің өзіндік қызмет көрсетуді (балалар мен қарт адамдарға қарау, азық әзірлеу және т.с.с., сонымен қатар бос уақытты ұйымдастыру) алға шығарды, жалықысыз еңбек өзінің мағынасын сақтап қалады. Бұл фактордың болуы әйелдер мен ерлердің өндірістік үлес қосуының толықтай бейнесін береді.

Үй еңбегінің болуы еңбек топтарына халықтың көптеген топтарын тартуға мүмкіндік береді, олар еңбек қызметінің басқа да салаларына тиімді қатыса алмуы мүмкін – мүгедектер, зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер, кіші жастағы балалар мен т.б. қоса алғанда. Олар үшін өзін-өзі көрсету мен өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асыру көбінде үй шаруашылығында қанағаттандырылады. Яғни, үй еңбегі қоғамға халықтың әр түрлі топтары арасында еңбек қысымы жиынтығын икемді бөлуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, үй еңбегіне қатысу еңбектің ауысуына себеп болады, яғни, қоғамдық-ұйымдық еңбек саласында жүзеге асырылатын жұмыстың біркелкілігінің төмендеуіне алып келеді [1].

Үй шаруашылығының үлкен әлеуметтік мәні бар. Оның басты әлеуметтік функциясы отбасы мен қоғамның тиімді қалыптасуын жүзеге асырудағы оның жағымды ролі: ол адамдардың физикалық және рухани күштерінің қалпына келуі мен қабілеттіліктерінің дамуына жағдай жасайды. Үй еңбегінің тәрбиелік функциясын да ескере өткен жөн: олар арқылы ата-аналар балаларда дағдылар, тәжірибелер, уақыттық ресурстарды ұтымды пайдалану ептілігіне үйретеді. Өз еңбегін ұйымдастыруды қалыптастырады, ол шығармашылық ойлауды дамытады және олардың өз күші мен қабілеттіліктеріне деген сенімділігін тудырады [6].

Отбасы мүшелерінің әр түрлі қажеттілігіне қызмет көрсетудегі тұрмыстық қызмет келесі факторларға тәуелді:

- гендерлік, адамға жынысына байланысты әлеуметтік-тұрмыстық рөлдер беріледі (ерлер мен әйелдердің, күйеуі мен әйелінің әр түрлі үйдегі еңбек үлесі);

- отбасыдағы балалар саны мен жасын кешенді бейнелейтін адам мен отбасының тұтасымен өмірлік циклінің кезеңіне (мысалы, баласыз жұбайлармен салыстырғанда кәмелет жасқа толмаған балалары бар жұбайлардың үлесі жоғары);

- отбасыдан тыс еңбек қызметіндегі жұмыс бастылыққа (оған тұрақты және жоғары деңгейде үй шаруасындағы әйелдер және жұмыс істемейтін әйелдер тартылады – 9 сағаттан көп, яғни толық «еңбек күні»);

- жұмыс істеуші халық үшін – апта күні сипатына байланысты (жұмыс емес күндері әйелдер уақытын екі есе жұмсайды).

Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, білім, таптық жіктелу, ұлттық, әлеуметтік байланыстардың ұзақтығы мен тығыздығы сияқты әлеуметтік-мәдени ерекшеліктер, сонымен қатар тұрғын үй жағдайы, кіріс, жинақталған мүліктің көлемі мен құрамы және басқалары үй шаруашылығында еңбектің дифференциациясына мәнді әсер етпейді [5].

Сонымен, жеке тұтынушылыққа қызмет көрсетудің үлесінің ұзақтылығы мен таратылуы әр түрлі факторларға тәуелді. Бұл факторлар тобы бір жағынан, қажеттіліктердің, индивидтердің сұраныстарының деңгейі мен құрылымын, басқа жағынан – еңбектік және басқа да шаруашылық мүмкіндіктерін анықтайды. Бірақ, тұтасымен, үй шаруашылығы үшін басты детерминант оның әлеуметтік-демографиялық композициясы болып табылады (отбасы мүшелері саны, олардың жынысы мен жасы, жалпы құрамдағы жұмысшылар пайызы).

Үй шаруашылығының мүліктеріне және оның тұтыныс көлеміне әсер ететін факторлар жайында және олардың ұлттық кірістің динамикасымен байланысы жайында Дж. М. Кейнс және оның ізбасарлары қарастырған [2].

Үй шаруашылығының құрылу мәселелерінің әлеуметтік аспектісі Г. Ахиновтың, С. Струмилинның, Т. Заславскийдің, Н. Римашевскийдің, Р. Рыбкинаның, В. Радаевтың жұмыстарында кеңінен қарастырылған.

Бұл мәселенің аз зерттелген аспектілеріне жеке меншік және қоғамдық өндіріс жүйесі қатынастарындағы үй шаруашылығының орны мен рөлін анықтау жатады. Осылай-

ша, ғылыми сипаттағы үй шаруашылығының қызметтерінің түрлі аспектілеріне арналған көптеген зерттеулердің болуына қарамастан, қазақстандық экономиканың нарықтық трансформациясы жағдайындағы үй шаруашылығының қызметтері толық зерттелмеген болып табылады. Сол себепті де қазіргі таңда үй шаруашылығы әлеуметтік зерттеулердің де объектісі болуда.

Әдебиеттер

1. Антонов А. Микросоциология семьи. Методология исследования структур и процессов. – М., 1998. – 360 с.
2. Беккер Г.С. человеческое поведение: экономический подход. Избранные труды по экономической теории / Пер. с англ. Сост., науч. ред., послесл. Р.И. Капелюшников; предисл. М.И. Левин. – М.: ГУ ВШЭ, 2003.
3. Беккер Г.С. Теория распределения времени // США: экономика, политика, идеология. – 1996. – № 2. – С. 114–127.
4. Волков А.Г., Сороко Е.Т. Типология семей и домохозяйств в России: развитие и анализ (по данным микропереписи 1994 г.) // Вопросы статистики. – 1999. – №5. – С. 53–63.
5. Домохозяйства, семья и семейная политика / Под. ред. Елизарова В.В., Зверевой Н.В. – М.: Диалог-МГУ, 1997. – 187 с.
6. Елизаров В.В. Демографические и социально-экономические факторы семейной политики в условиях перехода к рынку // Семья в России. – 1994. – № 1. – С. 80–99.
7. Құлпыбаев С., Ынтықбаев С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы. – А.: «экономика» баспасы, ЖШС, 2010. – 521 б.

Түйін

Мақалада үй шаруашылығының әлеуметтік мәні және қоғам өміріндегі негізі қарастырылады.

Резюме

В данной статье рассматривается социальное значение домашнего хозяйства и само оно как основа в жизни общества.

Summary

In this article social value house economy and its basis in society life is considered.

«КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ»: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Ф.Қ. Ильясова,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты

Қазақстан қоғамындағы «ақпараттық революция» немесе «коммуникациялық революция» (интернеттің, ұялы телефон байланысының кең тарауы) жаңа ақпараттық кеңістіктің пайда болуына, байланыс аясының кеңеюіне алып келді және бұл кеңістікке ену үнемі байланыста болуға, яғни, қоғамнан тысқары қалмай, заман талабына сай жаңа серпінмен өмір сүруді талап етеді. Адамдардың ақпараттық технологияны жиі қолдануы – «адам және технология» тұжырымын дәлелдей түскендей.

«Коммуникация» терминіне терең талдау жасайтын болсақ, оның лингвистикалық, яғни тілді пайдалану арқылы белгілі бір ақпаратты жеткізумен шектейтін мәнімен қоса әлеуметтік-психологиялық мағынасы бар екендігін көреміз – тұлғаның эмоциялық, аффективті-құндылықтық реңкі басым қатынас жасауы, қоян-қолтық араласуын білдіретіндігін көреміз.

Қазіргі ақпараттық қоғамда интернеттік желі коммуникацияның негізгі құралына айналды. Интернет тек коммуникация құралы ретінде емес, сонымен қатар, кез-келген ақпарат көзіне жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, электронды оқулықтарды тұтыну деңгейі жыл сайын өсіп келеді, өйткені электронды оқулықтың ерекшелігі – модулдікке сәйкестілігі, жоғары мобилдігі мен оқуға, үйренуге икемділігі.

Коммуникация құралдары күрделене отырып, адам мен қоршаған ортаны ғана өзгертіп қоймайды, сонымен бірге адамның ойлау жүйесіне, дүниетанымына, іс-әрекетіне, менталитетіне өзгерістер енгізеді. Нәтижесінде, бытыраңқы әріптер сияқты, адамдар қауымдастықтан, бірлестіктен алыстай берді. Жазу-сызудың пайда болуынан басталған жатсыну немесе оқшаулану процестері Еуропадағы тұңғыш баспа станогының дүниеге келуімен одан әрі тереңдей түсті. Христиандық Еуропада XV ғасырдың екінші жартысында Иоганн Гуттенберг өзінің ойлап

тапқан баспа станогын іске қосты. М. Маклюэн айтпақшы, «Гуттенберг галактикасы» – баспа ісі нағыз ақпараттық төңкеріске алып келді. «Гуттенберг галактикасының» арқасында тұңғыш көпшілік-конвейерлік тауар – кітап жарық көрді және ол бұрын-соңды болмаған көп мүмкіндіктерге жол ашты [1, 21 б.].

М. Маклюэннің айтуынша, қатынас құралдарының өзгерісіне байланысты болатын мәдени кезеңдердің біреуінен екіншісіне атап өту барысында көптеген үйреншікті мәдени элементтердің жоғалуы және өзінің басты маңызынан айырылуы мүмкін, бірақ оны ешқашан күйреу, дағдарыс нәтижесі деп қарастырмау керек. Сын құбылыстар орын алғанымен, жалпы прогресшіл идеяны жоққа шығаруға болмайды. Дағдарысты міндетті түрде қаралауға, теріс пиғылдармен толтыруға болмайды, себебі, дағдарыс, кейде керек десеңіз, жемісті болуы әбден мүмкін.

М. Маклюэн көрсеткен аудио-визуалды кеңістік жаңа қарым-қатынас құралдарын – телеграфты, радионы, телефонды, теледидарды, компьютерді және тағы т. б. ғылыми-техникалық прогрестің соңғы жетістіктерін ала келді [2, 157–161 бб.].

Коммуникация түрі тек қана сезіммен қабылдауды ғана емес, сонымен бірге, әлеуметтік құрылым түрін де анықтайды. Адамзат тарихы, түптеп келгенде, бір коммуникация құралдарын екіншілерінің жалмау тарихы арқылы сипатталады.

М. Маклюэн адамзаттың тарихи даму барысында негізгі қарым-қатынас құралдарының өзгеруіне байланысты үш кезеңді бөліп көрсетті:

- Ауызекі сөйлеуге негізделген тіл мәдениетінен әліпбиге негізделген хат мәдениетіне өту;
- Жазылған сөзден қағазға басылған кітап мәдениетіне өту;
- Баспаға негізделген «Гутенберг ғаламынан» электронды коммуникация құралдарына өту деп үшсатылы бейнелеуге болады.

Ақпараттық коммуникация құралдарын тұтыну мәдениеті қазіргі жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайға қарай бейімделіп келеді. Атап айтқанда, қоғамдағы туындайтын жаңа ақпараттық құбылыстардың рөлі мен факторлары ақпараттық қажеттіліктің қайшылықтары мен үйлесімділік жүйесін анықтайды. Бұл бағыттағы зерттеулердің даму деңгейі ғылым мен практиканың қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауда.

Ақпараттық қоғамның қарқынымен өзгеріске ұшыраған тіл және білім мәселесін зерттеудегі негізгі мақсат – әлеуметтанулық талдауды жүзеге асыру негізінде Қазақстан Республикасындағы ақпараттық технологияны тұтынудың тіл және білім аспектілері мен адамның құндылықтар жүйесіне ықпалын көрсету.

2013 жылдың қазан-қараша айларында «Ақпараттық технологияның тұтыну мәдениетіне ықпалы» тақырыбында әлеуметтанулық зерттеу жүргізілген. Зерттеу барысында респонденттердің ең жиі қолданатын ақпараттық құралы, ақпараттық технологияны қаншалықты жиі тұтынады, ақпараттық технологияны демонстрациялық тұтыну деңгейі, жаңа үлгідегі қымбат, сапалы технологияның адам өмірінде алатын мәртебесі, интернет-дүкеннің даму деңгейі, виртуалды коммуникацияда тілдік қолданыс және ақпараттық теңсіздік мәселелері анықталды. Осы зерттеу барысында қарастырылған мәселелердің бірі ақпараттық технологияның білімге және тілдік қолданысқа ықпалы. Зерттеу Қазақстанның барлық аймағын қамтыды. Онлайн-сауалнама әдісін таңдауымыздың себебі – зерттеудің репрезентативті болуына, яғни, қазақстанның оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс және орталық аймақтарын қамту мүмкіндігі. Екіншіден, жас ерекшеліктеріне қарай іріктеу жасау барысында өте тиімді. Үшіншіден, зерттеуіміздің негізгі объектісі күнделікті өмірде ақпараттық технологияларды белсенді тұтынушылар болғандықтан әлеуметтік желіде «отырушыларды» таңдадық. Жалпы респонденттер саны – 120. Іріктеу бойынша 15–45 жас аралығындағы ақпараттық технологияны тұтынушылар алынды. Жас ерекшеліктері бойынша 15–25, 26–35 және 36–45 жас деп бөлініп, әр жас топтамасына 40 респонденттен іріктелінді. Респонденттердің 50% ер болса, 50% әйел.

Ғаламтор постмодерн заманының ұлы гипермәтіні деуге болады, себебі ол – бірнеше миллиондаған компьютерлер басын қосып отырған ашық жүйе. Ғаламтор либералды мәнге ие. Онда көп нәрсеге рұқсат етілген. Ғаламторға «ілінген» мәтін еркін пайдалануға берілген мәтін, сондықтан мәтін авторы ғаламторға «ілінген» өзінің шығармасын өзінен оқшаулауға пара-пар әрекет жасайды деген сөз. Нәтижесінде авторлық құқық, гонорар сын-

ды баспа мәдениетіне тән ұғымдар өзінің бұрынғы мәнінен айырылады.

Виртуалды әлем мәтін оқудың ғана емес, мәтін жасаудың да жаңа жолдарын ұсынып отыр. Бүгінгі заманда азаматтардың басым бөлігі шығарма жазбайды, мәтін құрастырады. Құрастыру – интермәтінділікпен анықталатын жаңа шығармашылық түрі. «Интермәтін» дегеніміз – мәтіндердің өзгеріске түскен нұсқасы, мәтіндердің бір-біріне кірігуі. Бұл ұғым мәтінді жаңаша пайымдауға жол ашады. Интермәтіннің негізгі қасиеті оның іштей әртектілігі, ашықтығы, көпнұсқалығы.

Қазақстанда электронды коммуникация құралын пайдалану басталған сәттен әліпбидің өзіндік қолданыс мәселесі пайда болды. Мысалы, орыс тілінде жазса латын әліпбиін немесе қазақ тілінде жазса, қазақ тіліне тән 9 төл әріптің орнына кириллицаны қолдану сауатсыз жастарды қалыптастыруы мүмкін деген қауіп бар. Осы мәселені талқыламас бұрын респонденттердің қандай әліпбиді жиі қолданатындарын анықтау мақсатында «Сіз әлеуметтік желіде отырғанда, ұялы телефон арқылы хат жазысқанда, қай әліпбиді жиі пайдаланасыз?» деген сұрақ қойылды. Зерттеу қорытындысы екі әліпби арасындағы теңдікті көрсетті десек болады. Себебі, 120 респонденттің кириллицаны пайдаланғаны – 34, латын әліпбиін пайдаланғаны – 42, екі әліпбиді де қолданатыны – 44 респондент.

Қазіргі кезде қазақ әліпбиінің мәселесі өзекті. Латын әліпбиіне көшуден бөлек, коммуникация құралдары ретінде ақпараттық технологияларды тұтыну салдарынан қазақ әліпбиіндегі «Ә, Ғ, Қ, Ң, Ө, Ұ, Ү, Һ, І» әріптердің қолданыстан қалып бара жатқаны. Мысалы, поштада, әлеуметтік желілерде немесе ұялы телефондарда хат жазысу барысында «Ә, Ғ, Қ, Ң, Ө, Ұ, Ү, Һ, І» әріптерінің орнына кириллицаның «А, Г, К, Н, О, У, Х, И» әріптерін қолдану грамматикалық сауатсыздықтың туындауына алып келеді. Респонденттерге осы мәселе бойынша «Сіз әлеуметтік желі, ұялы телефон арқылы қазақша хат жазысқанда «Ә, Ғ, Қ, Ң, Ө, Ұ, Ү, Һ, І» әріптерін қолданасыз ба?» деген сұрақ қойылды. Респонденттердің басым бөлігі, яғни, 41 респондент «Жоқ, мүлде қолданбаймын» деп жауап берген. Сонымен қатар, «Жоқ, сирек қолданамын» – 28, «Иә, көп жағдайда қолданамын»

– 26, «Иә, міндетті түрде қолданамын» – 25 деп жауап берген респонденттерді ескере отырып, бұл үлкен мәселе екенін мойындау қажет. Жас ерекшеліктері бойынша қарастырсақ, жастар жағы қазақтың « Ә, Ғ, Қ, Ң, Ө, Ұ, Ү, Һ, І» әріптерін сирек қолданады десек болады. Болашақ тіл мәселесі жастардың қолында болғандықтан, жастар қазақ тілінде сауатты жазуы тиіс.

Әлеуметтік желілерде, ұялы телефондарда көңіл-күйді жеткізуде сөзді ғана емес, «смайлик» немесе «жақшаны» қолдану кең тараған. Осыған қатысты респонденттерден «Сіз достарыңыз, таныстарыңызбен сөйлескенде көңіл-күйіңізді қалай білдіресіз?» деген сұрақ қойылған болатын. Нәтижесінде «жақшаны» пайдаланушылар саны басым екен. Нақтырақ айтсақ, 61 респондент өз көңіл-күйлерін «жақшамен» жеткізетіндерін білдірді. Екінші кезекте – смайликтер. 37 респондент эмоцияларын осылайша білдіреді екен. Ал, сөзбен жеткізушілер саны – 22.

Көңіл-күйді білдіруде жас ерекшеліктері де маңызды рөл атқарады. Мысалы, 15–25 жас аралығындағы жастар «жақшаны» жиі пайдаланады екен. 26–35 жас аралығындағылар да сөз бен смайликпен салыстырғанда жақшаны жиірек қолданады. Орта жастағы респонденттер, яғни, 36–45 жастағылар арасында 4 респондент «жақша» қолданамыз десе, қалған 19 смайликті, 17 сөзді қолданатындарын көрсетті.

Келесі сауал арқылы респонденттердің ақпаратты интернеттен алуы туралы пікірлерімен бөлісуін сұрадық және ұсынылған нұсқалар бойынша үш жауап нұсқасын белгілеуді сұраған болатынбыз. Нәтижесінде, 46 респондент интернеттен ақпарат алу салдарынан «интернет аясына байлану пайда болады» деп есептейді. Ал, 44 респондент «шынайы өмірден алшақ кету мәселесінің туындайтынын» айтса, 37 респондент «уақытты үнемдеу», 28 «респондент барлық ресурстарға қол жетімділігі» сияқты тиімді тұстарын айтты. Ал, ақпаратты интернеттен алудың жағымсыз тұстарының бірі басқа қажетсіз сайттарға кіруі туралы 33 респондент ескертсе, 30 респондент жастар басқа жауапты істерді ысырып тастайды деп есептейді. Тағы да жастардың ақпаратты интернеттен алуының тиімсіз тұстары ретінде: 29 респондент «жаппай сауатсыздыққа алып келеді»; 24 респондент «керекті мағлұматты толық алмау»; 22 респондент

«денсаулыққа зиянды»; 11 респондент «жастардың оқуға деген қызығушылығын арттырудың орнына, әлеуметтік желілерге байланып қалуынан» қауіптенеді; 12 респондент «жастар оқығаны мен білгенін зерделей алмайды» деп санайды.

Жоғарыда жастардың ақпаратты интернеттен алуы туралы тиімді және тиімсіз тұстарына әлеуметтанулық зерттеу бойынша талдау жасап өттік. Енді, сол респонденттердің өздері интернетті не үшін пайдаланатындарын анықтау мақсатымен «Интернетті Сіз көбіне не үшін қолданасыз?» деген сауал қойылды. Сауалнама барысында респонденттерге бірнеше жауап нұсқасын белгілеуге рұқсат берілді. Сауалнама қорытындысында интернетті тұтынушылардың басым көпшілігі әлеуметтік желіде отыратындары анықталды. 80 респондент әлеуметтік желі үшін интернет қажет екенін айтса, 68 респондент жұмыс бабы бойынша интернеттің маңыздылығын ескертті. Музыка тыңдау және қажетті ақпаратты алу үшін интернетті пайдаланушылар 53 респондентті құрады. Фильм көру, үй тапсырмасын орындау, ойын ойнау, кітап оқу, жаңалықтар тыңдау, видео көру сынды мақсаттар бойынша интернет желісіне қосылатындар да бар. Ең сирек қолданылатын интернеттің функциясы радио екен. Себебі, тек 16 респондент радио тыңдау үшін интернетті қолданады.

Интернетті тұтыну жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі екені айқын. Себебі, жасқа байланысты қызығушылық деңгейінде біршама айырмашылықтар болады. Мұны зерттеу қорытындысы дәлелдей түсті. Мысалы, интернетті әлеуметтік желі үшін пайдаланатын 88 респонденттің басым көпшілігі, яғни, 52 респондент 15–25 аралығындағы жастар немесе жұмысқа байланысты интернетті пайдаланушы 68 жауап берушінің отыз бірі 26–35 жастағылар және жиырма төрті 36–45 жастағы жұмысқа қабілетті азаматтар. Сонымен қатар, қажетті ақпаратты іздеу, видео көру, үй тапсырмасын орындау немесе музыка тыңдау сынды функцияларды пайдаланушылардың басым бөлігі 15–25 жастағылар. Ал, ойын ойнау үшін интернетке «кірушілердің» басым бөлігі де 15–25 жастағылар. Әрине, 36–45 жастағылар үшін интернетте ойын ойнау – жат дүние. Алайда, осы жастағы 2 респондент интернет-ойындарға қатысатындарын айтты. Бұл жерде әңгіме ақшаға ойнау жөнінде болуы әбден мүмкін. Интернетке

кітап оқу үшін кірушілер арасында 36–45 жастағы респонденттер саны аз. Бұл осы топтағылардың баспаханалық өнімдерді пайдаланатын дәстүрден бас тартпағанын көрсетеді

Интернет негізгі білім көзіне айналғаны дәлелденіп отыр, алайда ақпараттық технологияны пайдаланудың әр қоғамда әртүрлі екені анық. Интернетті пайдаланудың қол жетімділігі, оны пайдаланудың деңгейі, оның ақпараттық ресурстарын сипаттайды. Ақпараттық қолжетімділік бәсекеге қабілетті, сапалы адами капиталды қалыптастырудың маңызды факторларының бірі болып табылады.

Адами капиталдың тиімді қалыптасуын қамтамасыз ететін білім, мәлімет және ақпараттық технологиялар түріндегі ақпараттық ресурс адами капиталдың ядросы және негізгі құраушысы болып табылады. Қазіргі таңда ақпараттық коммуникация құралдары – адами капиталдың қозғаушы күші, негізі.

Әдебиеттер

1. *Маклюэн М. Галактика Гутенберга.* – М.: Академический проект, 2005. – С. 496
2. М15 Понимание Медиа: Внешние расширения человека / Пер. с англ. В. Николаева; Закл. ст. М. Вавилова. – М.; Жуковский: «КАНОН-пресс-Ц», «Кучково поле», 2003. – С. 157–161.

Түйін

Мақалада «коммуникациялық революция» нәтижесінде қазақстандық қоғамда туындаған білім және тіл мәселелері қарастырылады.

Резюме

В статье изложены проблемы знаний и языка в казахстанском обществе, возникшие в результате «коммуникационной революции».

Summary

The article presents the problem of knowledge and language in Kazakhstan society resulting from «communications revolution».

ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ НЕГІЗІ ЖАСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ

Е.А. Көшекеев,

*«Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс»
кафедрасының I курс магистранты,*

С.А. Амитов,

әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент

Білім әлемнің барлық дамыған мемлекеттерінде негізгі ба-
сым бағыт және дамудың негізгі индикаторы болып табылады.
Жоғарғы білім алу адам өмірінде ең маңызды межелердің бірі
болған және болып қала береді.

2012 жылдың 14 желтоқсанында Елбасымыз Н.Ә. Назар-
баев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің
жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын жария-
лады. Осы Жолдауында Президент «бәсекеге қабілетті дамыған
мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз
керек» деп баса меңзеп айтты [1].

Жалпы Елбасымыз білім беру саласында мектепке
дейінгі оқыту үрдісінен бастап жоғарғы оқу орнындағы оқу
жүйесін дамытуға ерекше назар аударды. Атап айтар болсақ,
мемлекетімізде мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне
көшу, заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, көп
сатылы оқу гранттар жүйесін әзірлеу, мемлекеттегі ғылыми
зерттеушілік және қолданбалы білім беруді дамытуға негізделген
оқу орындары жүйесін құру, жоғары оқу орындарының екінші
курсынан бастап өндірістік тәжірибеге кеңінен тартуға байланы-
сты жұмыстар жүргізілетіндігін атап айтты..

Әлемдегі әрбір мемлекет өзінің білім беру жүйесімен си-
патталады. Әлемдегі мемлекеттердің білім беру жүйесінің
моделдерінің айырмашылық критерийлерін келесідей;

- білімнің тегін және ақылығының пропорциясы;
- элитарлығы мен жаппайлығының ара қатынасы;
- жоғары білімнің құрылымы мен мазмұнындағы фун-
даменталдылықтың және практикалық бағыттылығының про-
порциясы.

Әлемдік білім жүйесі екіге бөлініп қарастырылады.

Еуропалық жүйе – мемлекеттік және ақысыз білім басым болатын жүйе. Онда оқу орындарын басқаруда академиялық органның рөлі айтарлықтай. Білім мазмұнында америкалыққа қарағанда орталықтанудың, сонымен қатар білімнің фундамен-талдылығының деңгейі жоғары.

Америкалық жүйе де – білімді қаржыландыруда мемлекеттің рөлі айтарлықтай, бірақ жеке бизнес бұл жерде белсенді. Білімді қаржыландыруда ұлттық көздерден бірден жергілікті (аймақтық) қаражат көздерінің басымдылығы байқалады. Орта білім негізінен тегін, ал жоғары білім көбіне ақылы. Бірақ, білім беру қызметтерінің төлемінде студенттерге көмек жүйесі жақсы ұйымдастырылған. Жалпы және ішінара экономикалық теория бойынша университеттік білімді дамытуда, қазір жалпы танымал лидер болып АҚШ табылады. АҚШ университеттері өз елінен тыс жерлерде экономикалық білім стандарттарын қалыптастыруда негізгі рөл атқарады.

Қазақстан әлемдегі осы екі озық білім беру моделдерінің негізінде білім берудің өзіміздің мемлекетімізге тән ұлттық моделін қалыптастырды.

Сонымен қатар мемлекеттің білім беру жүйесінде білімнің фундаменталдылығы және ғылыми сипаты сияқты Кеңестік жүйенің онды жақтары бұл моделде сақталған. Білім беру грант-тары және кредиттердің формасы батыс моделінің сипатында қалыптасқан.

Білім берудің қазақстандық моделінде басқа посткеңестік моделдермен салыстырғанда айырмашылығы жоғары білімнің мемлекеттік және мемлекеттік емес секторлары үлестерінің екіншісінің пайдасына интенсивті қайта бөлінуінде болып табы-лады.

2010 жылдың наурыз айында Қазақстан ресми түрде Болон декларациясына қосылып, Еуропалық жоғарғы білім аймағының 47-нші толық құқықты мүшесі атанды. 60 қазақстандық уни-верситет Ұлы университеттер Хартиясына қол қойды. Осылай мамандарды даярлаудың Болондық декларация ұстанымдарына негізделген (сонымен қатар Ұлы университеттер Хартиясы ретінде де танымал, 1999 жыл 19 маусым) үш деңгейлі моделіне өту жүзеге асырылды: бакалавр – магистр – Ph.D докторы.

Болондық декларация аясында бірыңғай европалық жоғарғы білім кеңістігін қалыптастыру мақсатында Европа мемлекеттерінің білім жүйелерін жақындату мен үйлестіру үрдісі қазіргі уақытта Қазақстан да белсенді қатысатын Болондық үрдіс атағын алды.

Қазақстандық университеттердің қазіргі таңда әлемнің 650 университеті қол қойған Ұлы университеттер хартиясына қосылуы отандық білім беруді европалық стандарттарға жақындатуға мүмкіндік береді.

Биылғы жылы мемлекетіміз тәуелсіздігінің 23 жылына қадам басты.

Осы жылдар арасында мемлекеттің білім беру жүйесінде бірқатар өзгерістер орын алды. Білім жүйесін дамытуға арналған бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылды. Нақтырақ айтатын болсақ Қазақстан Республикасында білім берудің дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Бағдарламада білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканың тұрақты өсуі үшін сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту стратегиялық міндет ретінде анықталды.

Бүгінгі кезге дейінгі білім беру жүйесін дамыту аясында жүргізілген жұмыстар барысына тоқталып кетсек.

Елбасы өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясында атап айтқан мектепке дейінгі оқу жүйесін дамытуға байланысты бүгінгі күнде бірқатар істер атқарылды. 2013 жылғы 15 қаңтардағы жағдай бойынша 8590 мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс істейді (3128 балабақшалар және 5462 шағын орталықтар), ондағы балалар саны 644,3 мың. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда желі 999 бірлікке артты (537 балабақша, 462 шағын орталық), балаларды қамту – 6,2 %-ға өсіп, 71,5%-ды құрады. Бұдан шығатын қорытынды осы бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде атқарылып жатыр деп айтсақ болады. Ал арнайы техникалық және кәсіптік білім саласында 888 колледж қызмет жасайды, оның ішінде 499-ы мемлекеттік болып табылады. Колледждердің күндізгі бөлімдерінде 466,9 мың адам оқиды, оның ішінде 241,9 мың адам мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды (120,4 мың адам сырттай бөлімде оқиды). Оқыту 181 мамандық және 476 біліктілік бой-

ынша жүргізіледі (310,1 мың адам), техникалық, технологиялық, ауылшаруашылық мамандықтары бойынша оқиды [2].

Сондай-ақ бүгінгі күнде техникалық және кәсіптік білім беру саласында кәсіпорындар мен оқу орындары арасында 22,1 мың келісім-шартқа қол қойылып, іске асырылуда, оқитындардың практикадан өтуіне 170,3 мың жұмыс орны берілді. Жұмыс берушілер 5,5 мыңнан аса стипендиялар бөлді. Статистикалық мәліметтерді саралайтын болсақ кәсіптік білім беру саласын дамытуға мемлекет тарапынан бірқатар маңызды іс-шаралардың жүргізіліп жатқандығын аңғарамыз.

Бүгінгі таңда кәсіптік тұрғыдағы мамандар мемлекет бойынша тапшы болып отыр. Осы себептен де кәсіптік білім беру саласын дамыту мемлекетіміз үшін аса қажет.

Мемлекеттің білім беру жүйесінде аса маңызды орын алатын оқу процесі бұл жоғарғы оқу орындарында сапалы білім беріп, бүгінгі заман талабына сай бәсекеге қабілетті мамандар даярлап шығару. Жалпы бүгінгі таңда мемлекеттегі ЖОО саны 139, оның ішінде: ұлттық – 9, халықаралық – 1, «Назарбаев Университет» ДБҰ – 1, мемлекеттік – 33, акционерленген – 16, жеке меншік – 66, азаматтық емес – 13. Осы оқу орындарында бүгінде кәсіби мамандар даярланып, еңбек нарығында қызмет етуде.

Шетелдік білім беру жүйесінде білім берудің сапасын бағалауда бірқатар көрсеткіштер назарға алынады. Мысал ретінде айтып кететін болсақ Франция мемлекетіне университеттердің қызметтерін бағалау үшін 30 көрсеткіш негізге алынады [3].

Атап айтар болсақ:

- студенттердің санына байланысты сипаттама;
- әлеуметтік-кәсіби санаттың жіктелуі;
- грант иегерлерінің пайыздық көрсеткіші;
- осы университетте оқығысы келетін шетелдік студенттердің үлесі;
- екінші немесе үшінші деңгейлі дәрежені алуды қалайтындардың пайыздық көрсеткіші(магистратура, докторантура) және т. б.

Алайда мемлекетіміздің білім беру жүйесінде әлемнің басқа дамыған мемлекеттерімен салыстырғанда бірқатар кемшіліктер

бар. Негізінен бұндай кемшіліктерге төмендегі белгілерді жатқызуға болады.

- білім сапасын соңғы бағалауда субъективтіліктің басым болуы;

- жаңалық енгізуде білім жүйесінің жеткілікті қабылдамауы және оқытудың сапалық жүйесін енгізуге қажетті ынтаның болмауы;

- негізінде мемлекет тарихын, мемлекеттік тілді, халықтардың ұлттық-мәдени құндылықтарын білу керек болатын этномәдени және азаматтық бірыңғайлықтың қалыптасу механизмінің тиімділігінің жеткіліксіздігі;

- білімнің жоғарғы сапасын қамтамасыз етуде ынтаның жоқтығы, кадрлардың кетуі;

- жаңа талаптарға материалды-техникалық, оқу лабораториялық жабдықтардың, оқу-әдістемелік әдебиеттердің сәйкессіздігі және т. б.

Осы себептер бүгінде мемлекетіміздің білім беру жүйесін дамытуда кедергілер тудыруда. Нәтижесінде ЖОО аяқтаған жас түлектер жұмыспен қамтылуда қиыншылықтарға тап болуда.

Негізінен алғанда білім беру қызметтері нарығында азаматтар сұранысты, ЖОО ұсынысты білдіреді. Еңбек нарығында жұмыс орындарына сұранысты тағыда сол азаматтар, ал ұсынысты жұмыс берушілер білдіреді. Осы себептерден де жас түлектер бәсекеге барынша қабілетті болып, жұмыс беруші тараптың талаптарын қанағаттандыруы тиіс [4].

Бүгінде білімге тар кәсіби көзқарас жеткіліксіз, қоғамға сындарлы ойлай білетін, өзінің ойын анық жеткізетін, ұжымда жұмыс істей алатын, үзіліссіз оқудың дағдысын қалыптастыратын құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің байлығын сақтай білетін білімді азамат қажет.

Қазақстанның 2050 жылға қарай әлем елдері арасында қарқынды дамыған мемлекет ретінде танылуында аса маңызды рөл ойнайтын бағдарлама бұл 1993 жылы Елбасымыздың тікелей басшылық етуімен қабылданған «Болашақ» бағдарламасы.

Осы бағдарламаның негізінде шетелдерде білім алған жастарымыз қазіргі заман талабына сай білімді бойларына сіңіріп, мемлекеттің дамуына өз үлестерін қосуда. XXI ғасыр білімнің,

ғылым мен техниканың дамыған ғасыры. Сондықтан да бұл бағдарламаның мемлекетіміздің дамуына берер үлесі орасан зор.

Негізінен алғанда «болашақ» бағдарламасы төрт кезең бойынша жүзеге асырылды.

Бірінші кезең, негізі қаланған сәттен бастап 2000 жылға дейінгі аралық. Осы кезеңде «Болашақ» халықаралық стипендиясын жүзеге асыратын нормативтік актілер дайындалды. 1994 мен 1997 жылдары әлемнің 13 елінде 700 стипендиат экономикалық, гуманитарлық және техникалық-инженерлік мамандықтар бойынша білім алды.

Екінші кезең, 2000–2004 жылдар, бұл тұста бағдарлама мемлекеттің басым бағыттарына негізделді. 1997 жылы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі және 2003–2015 жылдардағы индустриялық-инновациялық даму стратегиялары бекітілді. Осыған байланысты «Болашақ» бағдарламасының түлектері докторантура бойынша білім ала бастады.

Үшінші кезең, 2005–2007 жылдары 3000 стипендиат әлем елдерінде білімдерін жалғастырды. 2005 жылы Елбасы өзінің халыққа жыл сайынғы Жолдауында үш мың қазақстандық талантты жасқа «Болашақ» стипендиясының берілгендігі жайында айтты. Осыған орай, шетелдерде мамандар даярлау бойынша республикалық комиссияның арнайы отырысында «Болашақ» халықаралық бағдарламасын дамытудың 2011–2015 жылдарға арналған нақты жоспары қабылданды.

Төртінші кезең, бұл бағдарламаны жүзеге асыруға арналды. Бакалавриат бағдарламасы бойынша мамандар әзірлеу тоқтатылды. Негізгі салмақ магистратура және доктор PhD дайындауға түсті. «Болашақ» түлектерін жұмыспен қамтудың бағдарламалық-мақсатты шаралары жүзеге асырылды. Түлектерді мемлекеттік органдарда, компаниялар мен жоғары оқу орындарында, денсаулық сақтау салаларында жұмысқа орналастыру ісінде ұйымдармен үш жақты келісімге отыру, бітіріп келген жас маманның кәсіби көрсеткіштерін ескеріп, жаңа жұмыс орындарын жасақтау алдыңғы кезекке шықты.

Жалпы алғанда «болашақ» бағдарламасының арқасында бүгінгі күндегі еңбек нарығындағы талаптарға жауап беретін,

бәсекелестікке төтеп бере алатын мамандарды даярлауға қол жеткізіліп жатыр.

Қорытындылай келген мемлекеттегі жас буынның сауаттылық деңгейін, танымдық мүмкіндіктерін, білімділігін арттыру үшін келесідегідей жұмыстар атқарылуы қажет:

- интеллектуалды дамуды ынталандыру және ғылыми танымды игеру арқылы студенттердің ойлай білуін дамыту;

- нақты мәдени, соның ішінде техногенді және компьютерленген ортаға сіңісуінде адамның нақты түрде әлеуметтенуіне қол жеткізу;

- адамды белсенді және тығыз ақпараттық кеңістік жағдайында өмір сүруге үйрету, үзіліссіз өзіндік білім алуға алғышарттар мен жағдай жасау;

- кәсіби қызметтің жалғасымды аясында тез шешім қабылдай білуіне мүмкіндік беретін кең базалық білім алу үшін жағдай туғызу.

Жалпы біз осы шараларды білім беру үрдістерін жүзеге асыру барысында ескере отырып, тиімді, әрі нәтижелі жұмыстар жүргізе білуіміз керек.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы.

2. ҚР білім және ғылыми министрлігінің ресми сайты: www.edu.gov.kz

3. *Киясова Б.А., Байжикенова Г.К.* Цель образовательных реформ-эффективность, результативность и высокое качество. Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының кеңейтілген сессиясы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы. 2011. – 264 б.

4. *Сарбасова Т.С., Сарбасова А.Қ., Бимендиева Л.А.* Білім беру сапасының әлеуметтанулық-экономикалық мәселелері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.

Түйін

Мақалада Қазақстанның бүгінгі күндегі білім беру жүйесінің ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері талданған. Сонымен қатар Президенттің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауының негізінде білім беруді дамыту және жастардың біліктілік дәрежесін арттыру мәселесі қаралған.

Резюме

В этой статье описаны особенности, достоинства и недостатки системы образования Казахстана на сегодняшний день. В том числе, согласно Стратегии Президента РК «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» затронута проблема улучшения образования и повышения квалификации молодежи.

Summary

The article deals with the analysis of peculiarities, advantages and disadvantages of today's educational system in Kazakhstan. In addition, it concerns with the issues on developing education and level of youth professionalism, which are based on President's address «Strategy Kazakhstan-2050»: new political course of the established state».

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫН ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ

Д.Қ. Мамытқанов,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

*«Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс» кафедрасы,
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент*

Қоғамдық жаңару кезеңінде, Қазақстанға әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастардың сипатының өзгеруі өз кезегінде қоғамдық білім, тәрбие институттардың да өз бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Осының өзі қоғамдағы отбасының орны, оның басты міндеті – бала тәрбиесінде болған көзқарасты өзгертіп, жаңа тұрғыдан тану мәселесін туындатты.

Қоғам өмірінің түбегейлі өзгеріп жатқан қазіргі заманда, өмірлік тәжірибесі жоқ, әлі өмірге, ортаға толық көзқарас қалыптаса қоймаған жасөспірімдер үшін қалыпты тіршілік ағымынан ауытқуы жиі кездесетін құбылыс. Мұндай әрекеттердің белең алуынан бастап-ақ оларды алдын алмаса, қоғам үшін өте қауіп тудыруы ықтимал.

Жасөспірімдік кезең адамның өз болашағына айрықша үңіліп қарайтын кезең, яғни өзімен-өзі ақылдасып, «жан дүниесіне үңілуге құштар» шағы деуге болады. Адам өзінің сыртқы табиғатын біліп, оның күшін өз игілігіне пайдалану үстінде өз жан дүниесінің жұмбақты сырларын да білгісі келеді. Өзінің ішкі жан дүниесін, алуан түрлі сырларын адам өзі жақсы білсе, ол сыртқы дүниеге күнбе-күн жасайтын ықпалын түсініп, адамзат қоғамына пайдалы істер жасауға тырысады.

Жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психикалық дамуының қозғаушы күші мектеп пен отбасының қоятын талаптары мен балалардың психикалық даму дәрежесінің арасындағы қайшылықты айтады. Бұл қайшылық өскелең жастардың адамгершілік қасиеттерін, ақыл-ой және шығармашылық күштерін үйлесімді дамыту жолымен шешіледі. Әрбір жасөспірімдердің өзіндік санасын дамыту арқылы моральдық-психикалық қасиеттерін бағалап толық түсінуіне бірыңғай та-

лаптар игі әсер етеді. Жасөспірім өзінің жеке өміріне; қабілетіне назар аударады, қойылатын талаптарға мінез-құлығына сәйкес немесе сәйкес еместігін сезеді. Әртүрлі іс-әрекеттерінің барысында балалардың кейбір ерекшеліктері еске алынады. Олар: өзін-өзі тәрбиелеу, келешек мамандықты таңдау, жолдастық, сезім, достық қарым-қатынас, алғашқы махаббат сезімі т. б.

Өмірдегі еңбектің, білім алудың, тіпті өмір сүру формасының адамгершілік-рухани қалыптасуы ондағы қарым-қатынас бірлігінің беріктігіне, тұрақтылығына байланысты. Адамның өз мінез-құлығын аңғара алуы оның ар-ұжданына байланысты. Егер адам өз ар-ұжданының деңгейін біліп, оған кір келтірмей жүрсе оның көңілі ылғи да көтеріңкі болады, өзіне-өзі сенімі арта түседі.

Осы кезеңге дейін мектеп оқушысының оқуға, сабаққа, тәртіпке, жолдастарына, үлкен адамдарға, ата-анасына деген сияқты қатынастарға жиі көңіл бөлініп келді. Алдағы уақытта, білім беру қызметкерлері, тәрбиешілер, ата-аналар баланың жеке өміріне көбірек көңіл аударып, оларға көмектесу, дұрыс педагогикалық көңіл, әсіресе баланың өзіне-өзі көңіл аударуын қадағалауы қажет. Атап айтқанда, баланың өзін-өзі дұрыс бағалай білуін, өзін-өзі құрметтеу және сыйлауы, өзін-өзі реттеуі, т. б. Жасөспірімдердің өзін-өзі бағаламауы немесе құрметтемеуі өзінің тұлғалық қасиеттерін немесе құндылықтарын кемітуіне әкеліп соғады. Мәселен, өзінің бағыт бағдарын анықтай алмай, өзін құрметтемей, абыройын ойламайтын дәрежеде ол нашақорлыққа, ішімдікке, жезөкшелікке салынуына, қылмысқа қол ұруына себепкер болады. Кейде оларға ешқандай жазалау, қорқыныш, дәлел әсер етпейді, себебі ол өзінің болашағына сенбей, пессимисттік, эгоисттік тұрғыда қарап, өзін-өзі құрметтеуден қалады.

Сондықтан да оқушының, яғни жас жеткіншектердің өзін-өзі құрметтей білуге үйрететін бірден-бір жол, осы білім беру саласындағы «өзін-өзі тану» бағдарламасы деп ойлаймын. Жасөспірімді өзін-өзі құрметтей білуге үйретуді сөзбен немесе үндеу арқылы емес, тек баланың адамгершілік-рухани қасиеттерін дамыту арқылы және олардың тұлғалық абыройын біз үлкендер құрмет ете отырып қалыптастыра аламыз.

Жасөспірімдердің адамгершілік-рухани қасиеттер арқылы өзін-өзі реттеу олардың өзін-өзі тәрбиелеуі арқылы жүзеге асырылады. Тұлғаның өзін-өзі реттеуі кезінде сыртқы ортаға, өз міндеттеріне саналы қатынасы және өз болашағына көз жүгіртіп, талаптанушылығының негізінде пайда болған қажеттілік – бұл өзін-өзі тәрбиелеу факторы. Адамның бойындағы қажеттілік, жауапкершілік, қызығушылық, абырой сияқты рухани сезімдердің дұрыс қалыптасуы – тұлғаның өзін-өзі реттеуге толық мүмкіндіктер береді. Педагогикалық-психологиялық процесте оқуға, тәрбиеге күштеу, бағындыру сияқты әрекеттер баланы ынтықсыз, жігерсіз, яғни өзін-өзі реттеуден безіндіреді. Қазіргі жаңа оқыту технологиялары мен әдістемелері көбірек өзін-өзі реттеу жұмыстарына бағытталуы тиіс (В. Шаталов, И. Волков, В. Краковский).

Жасөспірімдерге өзіндік жоспар құруға үйрету, яғни ол жоспар арқылы өзіне-өзі есеп беру арқылы іс-әрекетін реттеу, болашағын жоспалай, мақсатқа талпынушылығын арттыра алады, өз бетінше іс-әрекетін орындауға дайын болып, мүмкіншіліктерді иеленеді.

Ұлы ойшыл Абай адамның өсіп-жетілуіндегі тәрбиенің рөліне ерекше тоқтала келе, өзінің он тоғызыншы қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, татып, естелердің айтқандарын есте сақтап қана естелер қатарында болады», – деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді, әдептілікті, сыпайылықты, құмарлықты, тәуелсіздікті, беріктікті жақсы мінезге жатқызса, сенгіштікті, арсыздықты, жауыздықты т. б. жаман мінез деп есептейді. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір, болмаса жұмасында немесе айында бір рет өмірді қалай өткізгендігі жайында өзіңнен-өзің есеп ал», – дейді [1].

Жасөспірімдік кезеңдегі жастар өз өмірінің тиімді өткеніне баға бере бастайды және мектепті бітірер алдында өзіне маңызды сұрақтар қоя бастайды, мысалы «Мен 16 жастамын, ал мен Отан, мемлекет үшін не істедім?», «Мен кімін?», «Мен қалай істеуім керек?», «Отбасының ата-ананың алдындағы менің борышым

неде?» т. б. Мұндай сұрақтар жасөспірімдерді ойландырып, өз бойларына талдау жасайды. Қайталанбас дара тұлға ретінде жасөспірімнің өзін-өзі ашуы – осы адамдар өмір сүруге тиісті әлеуметтік дүниені ашумен байланысты. Жасөспірімдік рефлексия, біріншіден – өзінің «Менін» ұғынуы, яғни «Мен кімін?», «Мен қандаймын?», «Менің қабілеттерім қандай?», «Мен өзімді не үшін сыйлаймын?» т. б., екіншіден – дүниедегі өзінің жағдайын ұғынуы мен өзіндік реттеуі, яғни «Менің өмірлік мұратым қандай?», «Менің достарым немесе дұшпандарым кім?», «Кім болғым келеді?», «Өзім де, айналамдағы дүние де жақсы болуы үшін мен не істеуім керек?» т. б. осы сияқты психологиялық көріністерге ие.

Жасөспірім өзіне-өзі сұрақтар қояды. Осыған орай ол өзіне-өзі талдау жасау, әлеуметтік-адамгершілік тұрғыдан өзін-өзі анықтаудың, реттеудің элементтеріне айналады. Педагогикалық-психологиялық зерттеулер бойынша жеке адамның жасөспірімдік шақта қалыптасатын ерекше маңызды белгісі – өзін-өзі сыйлау, яғни өзін-өзі бағалау, өзін жеке адам ретінде қабылдау немесе қабылдамау дәрежесі. Өзін-өзі барынша сыйлау оның өзгелерге менменсуімен немесе сын тұрғысынан қарамау емес. Мұның мәнісі адам өзін өзгелерден нашармын не төменмін деп санамайды, өзін жақсы көреді деуге болады. Керісінше, өзін-өзі сыйлаудың төменгі деңгейін – үнемі көңіл толмаушылықты, өзін жек көруді, өз күшіне сенбеуді көрсетеді. Өзін-өзі реттеудің дұрыс жүзеге асырылуына кішкене кезінде-ақ көптеген себептер әсер етеді (ата-аналарының көзқарасы, құрдастарының арасындағы жағдай т. б.). Жасөспірім кезде бұрынғы ұғымдар жүйесінің бұзылуына және өзінің жеке қасиеттерін жаңадан ұғынуға байланысты өзінің жеке басы туралы түсінік қайтадан қаралады. Жасөспірімдер көбіне көтеріңкі, болмысқа сай келмейтін талаптар қояды, өз қабілеттерін, ұжымдағы алатын орнын т.б. асыра бағалауы мүмкін және керісінше. Өзіне деген осындай негізсіз сенімділік көбіне айналасындағыларды мезі етіп, көптеген тартыстар мен түсінбеушіліктер туғызады. Жас жеткіншек өзінің нақты мүмкіндіктерінің шамасын көптеген сынаулар мен қателесулерден кейін барып, әдетте мектепті аяқтағаннан кейін біліп жатады. Тәлімгер-тәрбиешілердің

ескеріп жүретін жағдайлардың бірі – жасөспірімнің өзіне деген сенімі қаншалықты жағымсыз болғанымен, психологиялық тұрғыдан өзін-өзі сыйлаудың кемдігі бұдан анағұрлым қауіптірек. Себебі, мұның өзі адамның өзі туралы түсінігін қарама-қарсы қайшылықтарға ұшыратады әрі орынсыз етеді. Өзін-өзі сыйлауы төмен жас жігіттер мен қыздар қарым-қатынаста қиыншылықты көп көреді, жалған бет-перде жасап алып, қоршаған әлеуметтік ортадан аулақ жүруге тырысады. Олардың басқа рөлде көріну қажеттігі ішкі қарбаластықты күшейтеді. Мұндай кезде олар сынағанды, күлгенді, жазғырғанды өте ауыр алады, басқалардың өзі туралы не ойлайтынына мазасызданады. Жеке адамның өзін-өзі сыйлауы неғұрлым төмен болса, оның бөлектенуі, жалғызсырап қиналуы соғұрлым көбірек болады. Өзін-өзі сыйлаудың төмендігінен барып адамдардың әлеуметтік талаптарының деңгейі барынша төмен болады, оны жасыру – адам бар іс-әрекет атаулысынан тартыншақ етеді. Мұндай адамдар көбіне өз күштеріне сенбегендіктен алға қойған мақсаттарына жетуден бас тартады. Ал мұның өзі олардың өзін-өзі төмен бағалауын нығайта түседі. Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби жаман мінез-құлық рухани кесел, егер адам өз бойындағы жоқ нәрселерді өзіне таға беретін болса, онда ол адамда көлгірсушілік пайда болады.

Жасөспірімдермен жүргізілген М. Рокич ұсынған «құндылық бағдары» әдісінің нәтижесін – Сен өз бойыңа ең алдымен қандай мінез қасиеттерін дарытқан болар едің?. Өз бойыңда қандай жаман қасиеттерің бар, олардан қалай құтылған болар едің? т. б. сияқты сауалдар арқылы анықтағанда, олар өз бойындағы қасиеттерін саналы түрде сезініп, оларға белгілі бір қатынастарын білдірді.

Жоғарыда көрсетілгендей, «Меннің» бейнелері күрделі, әрі бір мағынада болмайды. Тіпті толық қалыптасқан жеке адамның өзін-өзі ұғынуы да қарама-қайшылықсыз болмайды және өзін-өзі бағалаудың бірі деп түсініп жатпайды.

Өзін білу, өзін-өзі сәл басып тану адам жанының тереңдігін тілейді. «Мен, менен, менікінің» мағынасы екі деп ұлы Абай айтқандай «мен» дегеннің мағынасы әртүрлі. Адам бойында «меншіктік мен» және «әлеуметтік мен» бар.

«Меншік Мен» – бұл менің отбасым, әке-шешем, олардың қуаныш-қайғысы, менің де қуаныш-қайғым болады, сондай-ақ менің кітабым, менің жан-дүнием, рухым.

Жеке адамның өзінің ең қадірлі жағы болып көрінетіні, ол менің ең алдыңғы орынға қоятын мұраттық жағым. Дәлірек айтқанда, «Дүниеде неге сенемін», «Не үшін өмір сүремін», «Не үшін жұмыс, қызмет істеймін» т. б. Мұндайда жасөспірімдерде «болашақ», яғни сол болашағындағы, келешегіндегі үміт үшін жан қиюға дейін барады. Өзі туралы өзгелердің жақсы пікірде болуын күте берсе еріксіз солардың пікіріне бағынышты болады. Айналадағы өзгелерге қарай, біздің «әлеуметтік Мен» де сан түрлі болады. Өзгелердің мысы баса берсе, соғұрлым «Мендік» меннен айырылып, өзгелердің пікірлерінің ықпалы күшейеді. Өзгелердің «Мен» туралы пікірі ұшқары болса, өзімді қалай тануым керек? қалай да болса, өзіммен-өзім жекеленіп, өзімді білемін? Бұл өте күрделі мәселе. Осы жағдайда адамның ішкі жан сырының неше алуан көріністерін еңбектің, оқудың, білім мен өнердің тұлғаға тән ынсап, рақым, ар-ұят, сабырлық, ой-талаптық ортаға, өзіне тигізер пайдасы, әрі ықпалы туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы былай деген: – ынсап, рақым, ар-ұят, сабыр-сақтық, талапқа алты түрлі нөқта тақтық... Осылай атай отырып, ол жастардың қоғамдағы орнын жоғары пайымдай келе оларға көп сенім артып, мақсат-міндет қояды, олардың орындалуына қажет шарттарды, жолдарын былай деп нұсқайды: «Анық па?» деп айтарлық үш нәрсе бар – кірсіз рақым, мінсіз сөз, адал еңбек» [2].

Жастық шақ – баланың сана-сезімінің жан-жақта толысып, дүниеге көзқарасының өзгеріп, үлкен өмірге дайындағанының аяқталатын кезеңі. Жастық шақ өтпелі кезеңмен тығыз байланысты. Жасөспірімнің жастық шаққа өтер кезеңі (11–13–15 жас) оның өміріне көп өзгерістер әкелері хақ. 12–13 жастағы балалар организмі толық қалыптаспағандықтан, бұл оның сыртқы бет-әлпетіне ле көп өзгерістер енгізеді. Сондықтан, жастық шақ өтпелі кезең аталып, кейде ата-аналар мен педагогтар үшін «қиын» баланың қалыптасуына әсер етсе, кейде «қиын» жас деген атауға иеленеді. Жасөспірімдердің алып-ұшпа саналатын өтпелі кезеңде не нәрсеге болсын еліктегіш келетінін жан-жақты зерттеген ғалым Т.М. Якобсон, бұл жаста олардың құқық бұзушылыққа тез еріп кететінін ашып берді.

Адам белгілі бір қоғамның мүшесі, ол қандай болмасын бір іспен айналысады, оның азды-көпті тәжірибесі, білімі, өзіне тән өзгешеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны «жеке адам» етеді. Мәселен, жаңа туған нәрестені адам деп атауға толық болады, бірақ әлі де жеке адам емес. Өйткені, онда жоғарыда аталған компоненттер: тәжірибе, білім, іс-әрекет, т. б. жоқ. Жеке адамның өзіндік ерекшелігі дүниетанымынан, сенімінен, талғам, мұратынан, бағытынан, қабілет, қызығуынан жақсы байқалады. Жеке адам – тарихи-әлеуметтік жағдайдың жемісі. Ол әлеуметтік ортада (белгілі қоғамда, коллективте) ғана қалыптасады. К. Маркстің айтуынша, жеке адам – «барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы».

Адамның көптеген психологиялық ерекшеліктері, оның өмір сүретін ортасына қоғамдық қатынастардың (экономикалық, идеологиялық т. т.) тікелей әсер етуінен қалыптасып отырады. Жеке адамның психикалық қасиеттері бір сыдырғы тұрақты және тұрлаулы ерекшеліктер болып табылады. Жеке адамның психикалық тұрақты да, тұрлаулы ерекшеліктері өмір ағымында жетіліп қалыптасады. Бұлардың өзгеруі қиын немесе бұл ерекшеліктер өзгермейді деу де қате. Демек, адамның айналасын қоршаған дүние үнемі өзгеріп отыратындықтан, осымен бірге оның түрлі ерекшеліктері де дамып, өзгеріп отырады. Мұндай қасиеттер адам өмірге келісімен пайда болмайды. Адам белгілі дәрежеде өсу, жетілу процесінде дамиды.

Адамның психикалық өмірінің жан-жақты дамуы белгілі әрекетпен айналысуына байланысты болады. Адам өмір сүру барысында өз психикасын түрлі жолмен жарыққа шығарады. Мәселен, мектеп жасына дейінгі бала өз психологиясын ойын арқылы білдірсе, ересек адам өзіне тән ерекшеліктерін еңбек процесінің сан алуан салаларында көрсетеді. Әрекет дегеніміз түрлі қажеттерді өтуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процесс.

Адам іс-әрекетінің қашан да қоғамдық әлеуметтік мәні зор. Іс-әрекеттің саналылығы мен мақсаттылығы, жоспарлылығы миенжүйелілігі оның ең басты белгілері болса, алда тұрған міндетті шешу, яғни ойлаған істен бір нәтиже шығару – оның екінші бір басты белгісі болып табылады. Адамның сана-сезімі өскен сайын оның әрекеті де жаңамазмұнға ие болып отырады.

Адам психикасының дамуында іс-әрекеттің шешуші орнымен қатар, біз сананың да күрделене түсуіне ықпал жасайтынын еске алуымыз қажет. Сөйтіп, сана мен іс-әрекеттің бірлігі, психиканың іс-әрекет үстінде дамитындығы жайлы мәселе психологияның басты принциптері болып табылады. Адам әрекеті сан алуан. Оның негізгі түрлері : ойын, оқу, еңбек әр уақытта белгілі бір мақсат, міндеттерге бағыттталып отырады.

Әрбір жеке адамның өмір бағытын көрсететін компоненттер аз емес. Олардың ең бастыларын психология ғылымы мына түрге бөледі: қажеттілік (потребность), түрткі (мотив), бейімділік пен қызығу, дүниетаным мен сенім, мұрат пен талғам. Адамды әрбір қимыл әрекетке бағыттайтын, қажетін өтеуге талаптандыратын бір түрткі болады. Бұл түрткіні психологияда мотив (себеп) деп атайды. Қандай болмасын объектінің себепін білмей тұрып, адамның бір мақсатқа жетем деген ойын қалайша тоқтата алатынын және оның мінез-құлқының мән-жайын толық түсіну қиын болады.

Түрлі жағдайлардың әсер етуіне қарай адам психологиясы әртүрлі өзгеріске түсіп отырады. Осыған орай оның түрткілері де, мақсатқа жету үшін қажетті шаралары да өзгеріске түседі. Түрткінің өзгеруі іс-әрекеттің нәтижесіне әсер етеді. Мәселен, қоғамдық мәні күшті түрткі іс-әрекет нәтижесіне ерекше әсер етеді.

Жеке адамның қандай болмасын әрекетке итермелейтін негізгі қозғаушы мотив – оның түрлі қажеттері, яғни бір нәрсеге мұқтаждануы. Адамның қажеттері қоғамдық еңбекте, еңбек ету процессінде қалыптасқан. Сыртқы ортамен байланыс жасауда адамның өмір сүруі үшін ең алдымен ерекше маңыз алған материалдық қажеттер (тамақ, баспана, киім, еңбек құралдары т. б.) болады. Адам баласының тарихи даму жағдайында туған еңбек әрекеті еңбек құралдарымен пайдалану секілді негізгі материалдық қажеттері біртіндеп дами келе, қажеттердің жаңа тобын – рухани қажеттерді (білім, көркемөнер т. б.) туғызады. Рухани қажеттердің дамуы – материалдық қажеттерінің қанағаттандырылуына байланысты. Адам қажеттерінің дамуы – тарихи дамудың елеулі бір кезеңі. Олар адамның алдына әр түрлі мақсаттар қойып отыруына себепші болатын негізгі түрткілер.

Көпшілікті жастар тәрбиесі, оның ішінде кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер тағдыры көбірек алаңдатууда. Жастар

тәрбиесіне қажетті спорттық клубтар, жастардың тәрбие алатын секциялары мен мәдениет үйлерін жасақтауға, солар үшін арнайы мамандар дайындауға «қаражат жоқ» деп, атқарушы органдардың басшылары ауыздарын қу шөппен сүртуден арылмайынша жастар тәрбиесі туралы жүргізіліп жатқан қағаз бетіндегі іс-шаралардан жеміс күтуге болмайды және ол жағдай жастар арасында құқықтық, қылмыстық іс-әрекеттерді өршіте түседі. Сол себепті кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс үлкен дертке айналмай тұрып оның алдын-алу шараларын қолға алып, жастарда құндылықтық бағыт-бағдарын қалыптастырудың маңыздылығы артып отыр.

Әдебиеттер

1. Қалиев С., Жарықбаев. «Қазақ тәлім тәрбиесі. – А.,1993. – 187 б.
2. Тұрманова Ж. «Жасөспірімдердің өзін-өзі реттеуі және өзіндік құндылық бағдары. Педагогика журналы. – 2005. – 21–23 бб.
3. Степанов В.Г. «Психология трудного школьника». – М.,1998. – С. 226–227.
4. Бондура А., Уолтерс Р. «Подростковая агрессия. Изучение влияния и семейных отношений. – М.,ЭКМО-Пресс, 1999. – С. 512.

Түйін

Бұл мақалада жасөспірімдердің әлеуметтік топ ретінде ерекшеліктері қарастырылады. Қазіргі жағдайда жасөспірімдердің құндылықтық бағыт бағдарының қалыптасу мәселеріне талдау жасалады.

Резюме

В этой статье рассмотрены особенности подростков как социальной группы, а также проанализированы проблемы формирования ценностных ориентаций подростков в нынешнее время.

Summary

This article discusses the characteristics of adolescents as a social group, and analyzes the problems of value formation among adolescents in the present time.

**ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ТОЛЕРАНТТЫҚ
МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ**

З.Б. Махмутова,

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,

әлеуметтік жұмыс мамандығының 4 курс студенті;

К.Ү. Биекенов,

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,

*«Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының
профессоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы*

Толерантты мінез-құлықты қалыптастыру мәселесін зерттеу үшін жасөспірімдік шақ таңдалды. Бұл жаста адамның бағалау қабілеті туындайды, мінез-құлықтың біршама тұрақты үлгілері қалыптасады. «Мен және қоғам» қағидасы белсенді қалыптасады [1]. Өсіп келе жатқан тұлға қоршаған ортаға позитивтік тұрғыда әрекет етеді. «Қоғамнан ұлттық, саяси, діни тұрғыдағы шаблондарды және өзге идеяларды ала отырып, ой-өрісі дамыған оқушы әлеуметтік маңызы бар кез-келген ситуацияларды шешу үшін саналы түрде танымдық тұрғыдан өзіндік шешім іздейді». Егер педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасында ғана дамиды, оқушының танымдық негізіне сүйенбесе, оның тұлғасы деформацияланып, оқушылық даралығы бұзылуы мүмкін немесе керісінше, эгоцентрилік формаға айналуы анық.

Жасөспірімдік шақты зерттеуде Т.В. Драгунов, Д.Б. Эльконин сияқты белгілі ғалымдар оқушының портретін беруде төмендегідей нәрселерге назар аудару керектігін атап айтады:

- Оқушыларға өзінің есейгендігін айналасындағылардың байқағаны маңызды;

- Оқушы үшін мінез-құлқының көрінісі балалық қылықтардай болып көрінбеуі маңызды;

- Оқушы үшін оның кейбір істерінің құндылығы «ересектігімен» анықталады (яғни ересектік туралы кейбір түсінікке сәйкестігімен);

- Оқушы үшін «сүйікті кейіпкер – белсенді, мақсатқа ұмтылатын, үлкен, шешуі қиын, тосқауылдарды шеше білетін адам».

- Кез-келген бастамада ол бақылаушы емес, қайраткер болғысы келеді;

- Өзінің нағыз (немесе ойдан шығарылған) істерін арманы мен қиялына байланыстырып, әңгімелеуге қабілетті;

- Мінез-құлық өлшемдері туралы пайда болған түсінік ересектердің мінез-құлқын талқылауға әкеледі.

Оқушының өзіне, өз мүмкіндіктері мен іс-әрекетіне, айналасындағыларға деген көп қабатты көзқарасын көрсететін өзін-өзі бағалаушылық зерттеулер әлеуметтік жауапкершілік деген тұлғалық құрылымның даму сипаттамасын түсінуге мүмкіндік береді.

Жасөспірімдік шақтың бірінші кезеңінде – (10–11 жас) бала бойында өзіне деген ерекше қасиеттер көрінеді: өзін-өзі бағалауда жағымсыз қасиеттер мен қылықтар жиі орын алады. Сонымен бірге өзін-өзі бағалауға деген өткір қажеттілік пайда болады, ал өзін-өзі бағалай алмаушылық қатты қиналыс туғызады.

Екінші кезеңде – (12–13 жас) оқушының айналасындағы адамдардың, әсіресе, құрдастарының бағалауынан туған тәуелділік сияқты өзіне деген жағымсыз көзқараспен қатар өзін сол күйінде қабылдау қасиеті сақталады. Оқушының өзіне сыни көзқарасы, өзіне-өзі риза болмауы тұлға ретінде өзіне жағымды көзқарас, құрмет қалыптастыру сияқты қажеттіліктердің өзектілігімен қатар тұрады.

Үшінші кезеңде – (14–15 жас) өзін-өзі «оперативті бағалау» пайда болады; оқушының өзіне деген көзқарасы осы шақта анықталады. Бұл өзін-өзі бағалау оқушының өзінің тұлғалық ерекшеліктерін, мінез-құлық формаларын қабылдаған белгілі бір өлшемдермен салыстыруға негізделеді [2].

Д.И. Фельдштейн оқушылар қарым-қатынасының үш түрін атап көрсетеді: жыныстық-тұлғалық, стихиялық-топтық және әлеуметтік-нысаналық. Біріншісі тұлғалық ұнатуға негізделеді («Мен және сен»), екіншісі кездейсоқ қатынастарға негізделеді («Мен және кездейсоқ олар»), үшіншісі тұлғаның кең қоғамдық салаларға шығуына мүмкіндік беретін әлеуметтік-

маңызды істерді орындауға негізделеді («Мен және қоғам»). Қарым-қатынас оқушының бүкіл өміріне, атап айтқанда сабағына, сабақтан тыс істеріне, ата-анасымен байланысына өз қолтаңбасын қалдырады. Бұл кездегі басты әрекет жыныстық-тұлғалық қатынас болып табылады [3].

Кез-келген оқушы үшін өз құрдастары арасындағы қатынас-элеуметтік дауындағы қажетті кезең. Бұл жерде мектеп пен жанұя ұсынған ересектердің өмір сүру өлшемі тексеріліп қана қоймайды. Сонымен бірге оқушының өзіндік мінез-құлқы қалыптасады. Өзімен қатарластар арасында өзін-өзі танытуға қажеттілік-компанияда болуға ұмтылыстың бір себебі. Кейде оқушы өзін ересек адаммын деп есептейді де, өзіне ересек адам сияқты қарауды талап етеді. Әйтсе де оның іс-әрекеті әлі ересектік талабына жауап бермейді.

Оқушылардың қарым-қатынасындағы эмоционалдық-мазмұндық доминат іс-әрекет субъектісі ретіндегі оқушының өзі. Бұл оқушылардың әріптестерімен қарым-қатынасының мазмұны мен сипаты өмірдің барлық саласында өсіп отыратындығын көрсетеді және оның өмір сүру субъектісі ретіндегі көрінісі болып табылады.

Оқушылардың қарым-қатынас шеңбері ересектерден (ата-аналар, тума-туыстар, мұғалімдер), құрдастарынан (өз жынысы мен қарама-қарсы жынысты), кейде өзінен үлкен немесе кіші балалардан тұрады.

Оқушылардың ересектермен қарым-қатынасы ересектер мен кіші жастағы жасөспірім оқушылардың қарым-қатынасынан айтарлықтай өзгеше оқушылар көп жағдайда ересектерді еркін пікір алысудағы әріптестер ретінде танымайды, олар үлкендерді өмірлерін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету көздері ретінде таниды, көп жағдайда үлкендердегі ұйымдастырушылық қызметті оқушылар шектеуші-үйлестіруші функция ретінде қабылдайды.

Оқушылар арасындағы қатынас – бұл оқушының диалог түрінде өтетін басқа «мендермен» ғана емес, қатынасы негізіндегі рухани құндылықтар мен алмасуы. Бұл айырбас жас ерекшеліктеріне тән, яғни жас ерекшеліктері бір жағынан стихиялық әсер етсе, екінші жағынан белгілі бір педагогикалық

бағыт беріп, жалпы топтың, ұжымның және оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына әсер етеді.

Қарым-қатынас оқушының өмір сүруінің жеке дара бөлігі ғана емес, ол сонымен бірге басқа жақтарға айтарлықтай әсер етеді. Осының өзі қарым-қатынастың жеке тұлғаның қалыптасуы мен өмір сүруіндегі маңызды рөлін анықтайды. Қарым-қатынаста әр оқушы өзінің жеке көзқарасын тапқысы келеді. Ол үшін өзінің ортадағы орнын табу дайындық және жалпы өзінің өмірдегі жолын табудағы алғашқы қадам [4].

Оқушылар жоғары сыныптарда ересектермен қарым-қатынастан қашады, ересектерді қажет етпейді, олардан өз өмірлерін мәселелері мен қиналыстарын жасырады деген пікір кең тараған. Бұл пікірдің толық объективті негізі бар. Бәрімізде ересектер мен жастардың көптеген мәселелерде пікірлері әртүрлі болатындығын әртүрлі жағдайда олардың арасында жанжалдың жиі болатындығын білеміз.

Соған қарамастан, жоғары сыныптарда көптеген жігіттер мен қыздар ересектермен жақын, сенімділікке негізделген қарым-қатынастың қажеттілігін аңғаратындығын зерттеулер көрсетіп отыр. Бірақ бұл қажеттілік кез-келген ересекпен емес тек өздері құрметтейтіндермен ғана жүзеге асырылады. Ал оқушылар алдымен өздеріне құрметпен қарайтын ересектерді құрметтейді. Тек «қиын» оқушы ғана емес, жалпы кез-келген оқушылар өзіне немқұрайлы қараушылыққа күйзеле қарайды. Оқушылар өз мәселелер мен эмоцияларының ата-аналары тарапынан оң бағаланғанын қажет етеді.

Оқушыға байланысты сәттілік өте керек, себебі дәл осы кезде оқушылардың өмірдің салмақты мәселелеріне деген моральдық-этикалық көзқарастар қалыптасады, болашақпен байланысты мақсаттар мен жоспарлар пайда болады, өзін-өзі тәрбиелеу мен өздігінен білім алу мақсаттары шешімді, өз мақсаттары мен көзқарастарына сәйкес әрекет етуге талпынысы артады. Ата-аналарымен жанжалдық қарым-қатынас оқушылардың ересектерден амалсыз «кетуіне» жағдай жасайды. Ал ересектер оларға тұлғаның жалпы әлеуметтік моральдық құрылымы қалыптасатын ең жауапты уақытта әсер ету мүмкіндігінен айырылады.

Жолдастарымен қарым-қатынас – оқушы үшін үлкен құндылық. Оның көп жағдайда тартымды болатыны сондай, оқу екінші орынға шығады, ал әке-шешемен қарым-қатынас мүмкіндігі онша тартымды да көрінбейді. Оқушы ата-анадан алыстап, өзінше өмір сүре бастайды. Өзі туралы көп әңгімелемейді, көп нәрсені жасырады, үйден достарына қарай асығады.

Оқушы санасыз түрде ата-аналарының төзімділігіне, олардың шыдамдылығы мен даналығына сенеді, өздерінің бүлігінен оқушы ата-анасынан да қорқады және олардың көмегіне бұрынғыдан да зәру болады [5].

Ұлтаралық қақтығыстарды шешудің бір формасы ретінде П.З. Тобуков толеранттылықты қарастырды. Осыған орай негізінде ол төмендегідей жағдайларды атап көрсетеді:

Біріншіден, толеранттылық бірін-бірі өзара байытатын, берік және жан- жақты этникааралық тәуелділіктердің болмауына қарамастан полиэтникалық мемлекеттегі ұлтаралық саясаттың негізгі қағидасы болып табылуы тиіс;

Екіншіден, толеранттылықты қағида ретінде тану этностар арасындағы өзара қарым-қатынастың қажетті және күнделікті сақталып отырылуына әкелуі тиіс;

Үшіншіден, толеранттылық тұлға үшін мінез-құлық императивті болып табылуы тиіс;

Төртіншіден, этнос санасының оянуы жағдайында тұлғааралық және ұлтаралық қарым-қатынастарды адамзаттандыру қажеттілігі туады. «Тұлғаның адамгершілік қасиетінің ажырамас бір бөлігі болып табылатын толеранттылықты оның мәдени дамуының, мәдени қарым-қатынасының өлшемі деп есептеуге болады. Дәл осы жағдайда, яғни толеранттылық мәдениетпен біріккенде, ол ұлтаралық қақтығыстар сияқты қарама-қайшылықтарды шешудің тиімді құралы мен формасы бола алады» [6].

О.Б. Скрябина жоғары класс оқушыларында коммуникативті толеранттықты қалыптастыратын жағдайларды қарастыра келіп, толеранттылықты «индивидтің өзге адамдармен қарым-қатынасын анықтайтын ерекше тип» ретінде анықтайды.

З.Ф. Мубинованың еңбегі ұлттық жалпыға білім беретін мектеп жағдайында қоғамдық пәндері оқуы барысында ұлтаралық толеранттылыққа тәрбиелеу мәселесіне арналған [7].

Шиеленісті жағдайларда өзін-өзі ұстай білетін, қақтығыс жағдайларынан бейбіт жолмен шаға білетін, өзгенің пікіріне, мінез-құлқына шыдай алатын, қарым-қатынасқа әр уақытта дайын, өз ұстанымын қайта қарауға икемді тұлғаны – *толерантты тұлға* дейміз.

Толеранттық қағидаларының кез-келген тұрғыдағы бұзылуы қарым-қатынастың дисгармониясы мен социумның бұзылуына әкеп соғады. Яғни қазіргі қоғам толеранттық мінез-құлықтың қалыптасу технологиясын жасау үшін әлеуметтік тапсырыс береді.

Тұлғада толеранттылықтың қалыптасуы үшін ол рухани дамудың белгілі бір сатыларынан өтуі тиіс, ал ол әлеуметтік мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламаларында» қазақстандық патриотизмге, толеранттылыққа, биік мәдениетке адам құқықтары мен бостандықтарына құрметтеуге тәрбиелеу отандық білім беру жүйесінің негізгі міндеттері ретінде көрсетіледі. Яғни, білім беру мазмұны адамдардың нәсілі мен ұлтынан, мәдени және конфессионалдық белгілерінен тәуелсіз олардың арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа, тұлғаның жалпыадамзаттық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс [8].

Білім беру жүйесі «менталитет» және «толеранттылық» категорияларына тікелей қатысты. Өйткені, ол адам мен социумның менталдық қасиеттерін белсенді әрі мақсатты қалыптастырады.

Толеранттылыққа қол жеткізудің қиындығы сол (*tolerantia* – шыдамдылық, мейірбандық) оның екінші жағынан қажеттілігі де бар. Біз бір жер шарында өмір сүреміз және көптеген жалпы түрдегі мәселелерді шешуіміз керек, бізге тіпті де таныс емес әртүрлі көзқарастар мен әрекеттер, өздерінің «жаттығымен» бізді өзінен алшақтатып тұратын өмір сүру дәстүрлері онсыз мүмкін емес. Толеранттық тек қана көнуге болмайтын жағдайда ғана қажет. «Түсінік түсінбеушілік болмаған жағдайда ғана қажет (дұрысы мынау – басқа адам, басқа рухани әлем, ол менің тұрмысыма таныс емес), алайда ... тек менің тұрмысыма, ойлауыма өте қажет» деп В.С. Библер анықтама берді. Осыдан ба-

рып мәселе туындайды және ол парадокс болады. Келісім мен консенсус қарама-қарсы интеллектуалдық, мәдениеттер, саяси, мәдени сенімдегі көзқарастағы адамдардың өзара әрекеттесуі барысында қажет, ал әрекеттестіктердегі альтернативалар мен бірге өмір сүру жоқ [9].

Толеранттылық дегеніміз – өте нәзік, адамдық, профессионалдық, әлеуметтік, мемлекеттік қарым-қатынастарда абсолютті түрде қажетті конструкция. Төзім және мәдениетті адамдардың өзіне деген және өзінің жанындағы адамдарға деген шыдамдылық көрсетуден – өзіндегі бөтендікпен ішкі келіспеушілікті жоюдан басталады.

Этносаралық қарым-қатынас жағдайында педагог, әлеуметтік қызметкерлер өзінің кәсіби іс-әрекетінде «басқа», «бөтен», әртекгі ортада жұмыс жасауға дайын, басқа мәдениеттің құндылықтарын құрметтеуге қабілетті болуы тиіс. Сол себептен оқу-тәрбие процесінің субъектілері мен объектілерінде толеранттылық қалыптастыру қажеттігі туындайды. Осы қажеттілікті қанағаттандырудың бір жолы – мамандарды кәсіби даярлау барысында толеранттылықты қалыптастыру және оның деңгейін көтеру міндетін шешу болып табылады.

Толеранттылық тұлға қасиеті және қоғамдық тұрмыс феномені ретінде ең жоғарғы мәдени құндылықтар қатарына жатады. Ол толеранттылық мәдениеттің өмірлік практикасынан туындайтын білім беру процесінің үлгісін құруды қажет етеді. Сол процеске қатысушылардың толеранттылық қарым-қатынастарының субъектік тәжірибесіне негізделуі тиіс. Соның барысында оқушылар «өзгеше ойлаушылардың» позициясын қабылдамаса да, оның мәнін түсінуге ұмтылуы тиіс. Тұлғалық мәнділік негізде толеранттылық сананы тәрбиелеу, полимәдени білім беру кеңістігі үлгісінде тиімді іске асырылуы мүмкін.

Қазіргі заманғы білім беру (ашық және жасырын формада) оқушылардың бойына интолеранттық сана қалыптастыруда. Алайда, еркін тәрбиелеу идеясында әзірленген, педагогикалық қызметтестік принципіне, білім берудің табиғатпен үйлестігіне негізделген оқыту мен тәрбие берудің гуманистикалық тенденцияларынан көрініп тұр. Егер интолерантты сана бір беткей бір мағынада, «басқаларға» шыдамсыз болған болса, онда қарама-

қарсы жақтан сыйластықты, қайырымдылықты, альтруизмді көру ақылға сыйымды.

Қорыта айтқанда, толеранттылыққа тәрбиелеу бір мақсатпен жүргізіледі, әртүрлі нәсілдегі адамдар арасында сыйластықты және діни түсінушілікті, тәжірибе алмасуды қалыптастырады. Осылар адамзаттың бірлікте өмір сүруінің басты негізгі құралы болып табылады. Қандай ұлт болмасын әрбір дінге шыдамдылық, төзімділік таныту қажет. Сонда ғана ұлттардың ынтымақтастығы мен бірлігі артып, күннен күнге гүлдене береді демекпіз.

Әдебиеттер

1. Хрестоматия по возрастной психологии. Учебное пособие для студентов / Сост. Л.М. Семенюк / Под ред. Д.И. Фельдштейна. – Изд-ие 2-е. – М.: Институт практической психологии, 2002. – С. 304–97.
2. Рабочая книга школьного психолога./ под ред. И.В. Дубровиной. – М., 2007. – С. 256.
3. *Фельдштейн Д.И.* Формирование личности ребенка в подростковом возрасте. – Душанбе: Дониш, 1999. – С. 77.
4. *Леонтьев А.А.* Психология общения. – М., 2004. – С. 44.
5. *Семенюк Л.М.* Психологические особенности агрессивного поведения подростков и условия его коррекции: Автореф.канд.психол. наук. – М.: Московский психолого-социальный институт, 2001. – С. 53.
6. *Тобуков П.З.* Толерантность как форма разрешения межэтнических противоречий / В кн.: Толерантность. Материалы региональной научно-практической конференции. – Якутск: ЯНЦ СО РАН, 2000. – С. 121–122.
7. *Мубинова З.Ф.* Воспитание национального самосознания и межэтнической толерантности в процессе преподавания обществоведческих наук в национальной городской школе (на примере школ Республики Башкортостан): автореф. дисс. канд. пед. наук. – Уфа, 2003. – С. 23.
8. *Қарабасов Қ.* Қазақстан жастарына толеранттық тәрбие беру мәселелері. Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. – Алматы, 2012. – №5(115). 29–31 бб.
9. *Масанов Н.Е., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В., Алексеенко А.Н., Баратова Г.С.* История Казахстана: народы и культуры. – Алматы, 2000. – С. 13.

Түйін

Жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушыларда этносаралық қарым-қатынасында толерантты мінез-құлықты қалыптастыратын тәрбие беру жүйесін теориялық тұрғыдан негіздеу, эксперимент арқылы тексеру және оның өлшемдерін дайындап әлеуметтік тәжірибеге енгізу.

Резюме

Данное исследование открывает новое направление в теории и практике воспитания школьников и намечает дальнейшие перспективы: в теоретическом плане – это разработка структурно-динамической модели формирования, этнотолерантного сознания в учебных заведениях в процессе изучения мировой художественной культуры; в практическом плане – изучение возможностей использования разработанной структурно-динамической модели и ее модификаций в различных технологиях обучения и воспитания, а также совершенствование системы подготовки социального работника к решению рассмотренных в данном исследовании задач.

Summary

This research opens the new direction in the theory and practice: education of school students also plans further prospects: in the theoretical plan is a development of structural and dynamic model of formation; ethnotolerant consciousness of educational institutions in the course of studying of world art culture; on the practical level — studying of opportunities of use of the developed structural and dynamic model and its modifications in various technologies of training and education, and also improvement of system of training of the social worker to the solution of the tasks considered in this research.

ИНТЕРНЕТТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛІЛЕРДІҢ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНЕ ӘСЕРІ

А.Т. Молдабекова,

*ҚР Білім және Ғылым министрлігі, Ғылым комитеті,
Экономика институтының кіші ғылыми қызметкері*

Желілік талдаудың алғашқы элементтері классикалық әлеуметтанудан бастау алады. Г.Зиммель әлеуметтік қатынастарды «формальділік» тұрғысынан зерттеуді ұсынды. Ол әлеуметтік қатынастағы мазмұндар белгілі бір біртұтастықты құрайды, ал олар форма (пішін) күйіне енеді, формалар бір-бірінен мазмұнымен ерекшелінетінін көрсетті [1]. Сонымен қатар, теориялық әлеуметтанудағы құрылымдық-функционалдық талдау желілік жүйенің негізі бола алады. Э. Дюркгеймнің «әлеуметтік морфологиясы» да желілік талдаумен ұштасып жатыр: әлеуметтік морфология дегеніміз әлеуметтік біртұтастық бөліктерінің – белгілі бір «тәртібі, табиғаты, көлемі және әрекеттестігі» [2].

Антропологиялық зерттеулерде дәстүрлі қоғамның құрылымын талдауда да желі мәселесі көтерілген болатын. А. Радклифф-Браун әлеуметтік құрылымдағы доминантты сызықтың әсерін ерекшелеу арқылы туыстық байланыстарға талдау әдісін жасады [3].


Желілік талдау социометриялық зерттеулерде пайдаланылды. Шағын қауымдардағы тұлға аралық қарым-қатынастың құрылымына талдау жасаудың негізін салған Ж. Морено болатын [4]. Ол шағын топтардағы қарым-қатынаста адамдардың бірін-бірі «тартуы» мен «тебуін» өлшеуді ұсынды. Ол бүгінгі желілік талдаумен сәйкес келетін қарым-қатынастар картасын ойлап тапқан болатын.

90-жылдары желі концепциясын әлеуметтану теориясында қолдану М. Кастельстің еңбектерінен көрініс табады. Ол жаһанданудың желілік әсерлерін қарастырып, «желілік кеңістік», «желілік қоғам» ұғымдарын ғылымға енгізді. Желілік кеңістікте негізгі компонент ресурстар, онымен желінің актор-

лары бір-бірімен алмасады, ал акторлардың орналған жері ресурстарды тарату орталығынан алыстығымен анықталады. М. Кастельстің пайымынша микро- және макрожелілердің функционалды әрекеттестігі қазіргі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын көрсетеді [5].


1969 жылы американдық психологтар Stanley Milgram және Jeffrey Travers ұсынған «6 қол алысу теориясы» желілік байланыстың қалай жұмыс істейтінін көрсеткен болатын. Олар АҚШ-тың екі қаласында мынадай эксперимент жүргізеді. Бірінші қаланың тұрғындарына 300 хат таратылып, келесі қалада тұратын бір адамға ол хаттарды тек өздерінің туыстарын пайдаланып жеткізу керек болады. Бостондағы мекен-жайға дейін 60 хат жетеді, орташа есеппен әр хат 5 адамның қолынан өткен екен [6].

Милан университеті мен Facebook әлеуметтік желісі де аталмыш теорияны тексеріп көрді. Facebook-тың барлық аккаунттары зерттелінеді. Нәтижесінде әрбір екі қолданушыны 6 емес, орташа есеппен 4,74 байланыс деңгейі арқылы жалғап жатыр екен [7]. Демек, өмірдегі желілік байланыстың ғаламтордағы үлгісі бір-бірімен сәйкес келеді, бір ұстаным бойынша жұмыс жасайтындығын білдіреді.



Сурет-1. Ғаламтордағы желілік байланыс. Дерек көзі: [7]

Жоғарыдағы талдаулар шынайы өмірдегі (оффлайн) адамдардың қарым-қатынасындағы желілік байланыстың негіздерін айқындайды. Осы шынайы өмірдің үлгісіндегі қарым-қатынастардағы ерекшеліктерді үлгіге (модель) ала отырып ғаламтор кеңістігінде 90-жылдары «әлеуметтік желілік сайттар» (Social network sites (SNSs) пайда бола бастады. Көп жылдан бері әлеуметтік медианың жастарға әсерін зерттеп жүрген Microsoft Research-тің ғылыми қызметкері және Нью-Йорк университетінің профессоры Danah Boyd берген анықтама бойынша, «әлеуметтік желілік сайттар» дегеніміз – жеке адамдарға шектеулі жүйені пайдалана отырып, жария не жартылай жария профайл құруға, басқа қолданушылардың (users) тізімімен байланыс орнату арқылы қатынас жасауға және олардың байланыстарын көруге, басқалармен де жүйені қолдану арқылы осындай қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін веб-базалық қызмет» [8]. Байланыстардың қызметі мен түрлері әр сайттың ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырады. Әлеуметтік желілік сайттардың тарихына үңілетін болсақ, ең алғашқы ӘЖС SixDegrees.com деген АҚШ-та 1997 жылы ашылған, ол профайл құруға, достардың тізімін жасауға мүмкіндік берді. 1997 жыл мен 2001 жылдар аралығында байланыс құралдары жария мәліметтер қоюға, т. б. қызметтер көрсетіп кенейе бастады: AsianAvenue, BlackPlanet, MiGente және т.б. Likewise, LiveJournal қолданушылардың жеке парағын ашып, жазбалар жазуға болатындай сервистер жасады. 2002-ден бастап Friendster, MySpace, Youtube, Facebook сияқты универсалды әлеуметтік желілер пайда болды. Бір айта кетерлігі, аталмыш сайттар жыл өте жетіліп отырды.



Сурет-1. Әлеуметтік желілердің ашылған және ӘЖС айналып қайта ашылған жылдары. Дерек көзі: [8]

ICT-Marketing зерттеулеріне сәйкес Қазақстанда 70 мыңнан аса халқы бар қалаларда 16 мен 24 жас аралығындағы жастардың 66 пайызы, ал 25 пен 44 жас аралығындағы азаматтардың 52 пайызы, 45 пен 54 жас аралығындағылардың 35 пайызы, ал 55-тен жоғары жастағылардың 10 пайызы ғана интернет қолданады» [9].

Әлеуметтік желілердің де тұтынушыларының көп бөлігін жастар құрайды. Мәселен, TNS Central Asia Алматы қаласында 12 жастан жоғары 2500 адамға сұрау салған. Интернет қолданушылардың 54 пайызы 18–34 жас аралығындағы азаматтар екендігін анықтаған. Қоолданушылар орташа есеппен күніне 1,5–2,5 сағат отырады. Ең танымал ресурстар Mail.ru, Vkontakte, Yandex.ru. Ал, Қазақстан бойынша әлеуметтік желілік сайттардың танымалдығы және қолданушылары көптігі жағынан бірінші орында ресейлік желілер Мой мир (54%), ВКонтакте (26%), Одноклассники (14 %), одан кейін Facebook (3%), Twitter (2%) [10].

Қолданушылар көбіне жеке қарым-қатынас және көңіл көтеру, бос уақытын өткізу үшін әлеуметтік желілерге кіреді. «Әлеуметтік желіде не істейсіз?» деген сұраққа «видеоролик, фильмдер, сериалдар қараймын», «музыка тыңдаймын», «ойындар ойнаймын» деген жауаптар ең жиі кездескен [11].

Әлеуметтік желілердегі жастарды бірінғай деп қарастыруға болмайды. Мындай ерекшеліктерімен оларды топтарға жіктеуге және олардың негізінен қандай әлеуметтік желілерді қолданатындығын белгілеуге болады.

1-кесте

Жастардың әлеуметтік желілік сайттарды пайдаланудағы ерекшеліктері

Жіктеу критерийлері	Топтар	Әлеуметтік статусы					
Жас ерекшеліктері+ әлеуметтік статусы	14–16	оқушы	+	+			
	17–21	студент	+	+	+		
	21–25	Жұмыс істейтін	+	+		+	+
	25–29	Жұмыссыз				+	+
		Жұмыссыз	+	+	+		
Тұрғылықты жері		Ауыл тұрғыны	+	+	+		
		Қала тұрғыны		+	+	+	+

*Автормен құрастырылған

Әлеуметтену процесі дегеніміз адамның әлеуметтік құндылықтарды, нормаларды, қоғамға тән мінез-құлық үлгілерін игеруі мен білім алуы, тәрбиеленуі, тұлға болып қалыптасуын білдіреді. Ч. Кули пікірінше, әлеуметтену үш стадиядан өтеді:

- 1) имитациялау – балалардың ересектердің мінез-құлқын көшіруі;
- 2) ойындық – рөлді білгілі бір мағына беріп орындайтын балалардың мінез-құлқы сияқты;
- 3) топтық ойындар – роль адамнан күтілетін мінез-құлқы жиынтығы ретінде.

Адамның әлеуметтенуінде отбасы, мектеп, достарының ортасы және т. б. әлеуметтік институттардың атқаратын ролі зор. Ал интернеттегі әлеуметтік желілер жастардың қалыпты әлеуметтенуіне кері әсерін тигізеді. Шынайы өмірден гөрі өмірді виртуалды қабылдауға көшеді: реалды өмірінен алшақ (оның алшақтығы әртүрлі) өзінің виртуалды образын, мінез-құлқының үлгісін, т.б. жасайды. Бұл, біріншіден шынайы және виртуалды өмір арасындағы қайшылықтарға, психологиялық көңіл-күйіндегі үйлесімсіздікке, екіншіден, виртуалды өмірге тәуелділікке ұшырайды. Сонымен қатар, психологтардың зерттеуінше, әлеуметтік желілерде адамдар өздерін фотолар қойып, жазбалар жазып «жарнамалау» арқылы көпшіліктің бағамын алуға тырысып отырады (бағалар қою, ұнату белгілерін басу, бөлісу, т. б.) және бұл бағамның ролі реалды өмірдегіден маңыздырақ болып көрінеді. Осылайша жастар өмірлерінің біраз бөлігін әлеуметтік желілер арқылы байланысқа арнайды.

Осы тұста интернеттегі әлеуметтік желілердің контентін толықтыру немесе түрлі қоғамдық шаралар ұйымдастыру арқылы әлеуметтік желілік сайттарды жастар саясатында тиімді қолдануға болады. Батыста әлеуметтік медиа маркетинг SMM (Social Media Marketing) белгілі бір тауарды жарнамалау мен өткізуге, әлеуметтік желілер арқылы мақсатты аудиторияларға стауға кеңінен қолданылады. Бізде бұл сала енді дамып келеді. Бұл сала мамандарын дайындауды Қазақстанның ЖОО-ларының журналистика, әлеуметтану, маркетинг сияқты мамандықтарының сала етіп енгізген жөн. Себебі, күн өткен сайын әлеуметтік желілер белгілі бір күшке айналып келеді. Қазір Facebook әлеуметтік желісінде жастардың өзара қызығушылықтарымен түрлі қоғамдық шаралар өткізіліп тұрады: фейсбукшілер жиыны (түрлі номинациялар тағайындау), әсіресе, «Dombuga Party» шарасы Қазақстанның әр қалада жалғасын тауып жатты.

Біздің ойымызша, әлеуметтік желілерді жастардың әлеуметтенуінде тиімді құрал ету мақсатында төмендегідей бағыттарда жұмыстарды жетілдіру тиіс:

1) БАҚ құралдарының жоғарыда аталған әлеуметтік желілік сайттардағы парақшалары арқылы мазмұнды ақпараттарды тарату;

2) мемлекет қайраткерлерінің, лауазымды тұлғалардың беттерін ашып, олардың халықпен тікелей диалогқа шығуы (қазір көбіне өнер адамдары белсенділік танытуда);

3) онлайн-қолданушыларды біріктіретін шараларды көптеп ұйымдастыру (қазір ру бойынша бөлінген қауымдастықтар көп), жастар ұйымдары осы бағыт бойынша тіпті жобаларды жүзеге асырса болады;

4) ЖОО-ларда оқыту курстарының әлеуметтік желілерде бетерін ашып, оқу материалдарын орналастыру (бұл ЖОО сайтында жасалынуы мүмкін, алайды әлеуметтік желілерде ашқан тиімдірек, әрі жылдам кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді);

5) тарихи, әдеби, мәдени бағытта онлайн-жобалар ұйымдастыру.

Қорыта айтқанда, бүгінде әлеуметтік желілік сайттар жастардың әлеуметтену процесіне тікелей әсер етіп отыр. Интернеттегі әлеуметтік желілерді жастардың интеллектуалдық капиталын арттырып, мәдениетін көтеріп, тұлғалық қалыптасуына әсер ететін, патриотизмді насихаттайтын ақпараттық коммуникациялық құрал ретінде қолданудың маңыздылығы жоғары.

Әдебиеттер

1. История социологии в Западной Европе и США / Отв. ред. Г.В. Осипов. – М.: НОРМА-ИНФРА, 2001. – С. 123.

2. Дюркгейм Э. Социология. Ее предмет, метод и назначение. http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Sociolog/Durkgeim/_Soc_01.php

3. Рэдклифф-Браун А.Р. Структура и функция в примитивном обществе. Очерки и лекции / Пер. с англ. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2001. – С. 280.

4. Moreno J.L. Sociometry, experimental method and science of society. – New York: Beacon House, 1951.

5. Castells M. The rise of the network society. – Oxford Blackwell Publisher, 1996.

6. Instant-Messagers Really Are About Six Degrees from Kevin Bacon. <http://www.washingtonpost.com/wp-dyn/content/article/2008/08/01/AR2008080103718.html>

7. Anatomy of Facebook <https://www.facebook.com/notes/facebook-data-team/anatomy-of-facebook/10150388519243859>

8. Social Network Sites: Definition, History, and Scholarship. <http://www.danah.org/papers/JCMCIntro.pdf>

9. ICT-Marketing посчитала интернет-пользователей в Казахстане <http://profit.kz/news/5501/ICT-Marketing-poschitala-internet-polzovatelej-v-Kazahstane/>

10. Какая социальная сеть самая популярная в Казахстане? <http://normal.kz/2012/02/kakaya-sotsial-naya-set-samaya-populyarnaya-v-kazahstane/>

11. Бум в сетях <http://expertonline.kz/a10319/>

12. Социализация личности <http://www.nuru.ru/socio/039.htm>

Ескерту: интернет-ресурстар 15.01.2014 ж. қаралды

Түйін

Мақалада жастардың әлеуметтану процесіне әлеуметтік желілік сайттардың әсері қарастырылады. «Желілік қоғам» теориялық негізі көрсетілген, қазақстандық интернет-аудиторияның ерекшеліктері анықталып, жастардың әлеуметтік капиталын жоғарылату үшін Интернетте әлеуметтік желіні пайдалануға ұсыныс беріледі.

Резюме

В статье рассматривается влияние социальных сетевых сайтов (Social Network Sites) на процесс социализации молодежи. Представлены теоретические основы «сетевого общества», выявлены особенности казахстанской интернет-аудитории и предлагаются рекомендации по использованию социальных сетей в Интернете для повышения социального капитала молодежи.

Summary

In this article we researched the impact of SMS (Social Network Sites) to process of socialization of young people. We investigated the theoretical aspects of «network society» and specific features of internet- audience and offered recommendations for using the social network to increase the social capital of youth.

ШЕТЕЛДЕРДЕГІ ЮВЕНАЛДЫ ӘДІЛЕТТІҢ МОДЕЛЬДЕРІ

Б.А. Муталиев,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

әлеуметтану мамандығының 2 курс магистранты

Ювеналды әділет – кәмелеттік жасқа толмағандар үшін ерекше заңдылық жүйесі. Ювеналды әділеттің міндеті – жасөспірімдердің құқық – бұзушылығы туралы істерді жай ғана қарау емес, нақты балалар құқығын қорғау. Ювеналды әділет кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау кепілі болып, ел заңнамаларында, халықаралық шарттарда бала құқықтарының заңды мүдделерінің қорғалуын, сақталуын қадағалау көзделген. Бала құқығын қамтамасыз ету қазіргі заманның ауқымды проблемасы, оның шешіміне барлық дүниежүзілік қауымдастық мүдделі. Бала құқығының сақталуын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Конституциясында, халықаралық шарттарда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде бекітілген әлеуметтік-экономикалық, саяси, жеке құқықтары мен бостандықтарын толығымен тану мемлекеттік әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады және олардың құқықтарын қорғаумен тікелей байланысты.

Әлеуметтану мен психологияда қылмыс жасаған жасөспірімдердің мінез-құлқы ерекше мәнге ие. Қылмыс жасаған жасөспірімдердің мінез-құлқын әлеуметтануда делинквентті мінез-құлықтар қатарынан деп қарастырады. Жалпы қылмысқа барған жасөспірімнің делинквенттілігі – бұл заңның немесе қоғамдық нормалардың бұзылуында жүзеге асырылатын әрекеттердің кең ауқымы үшін нақты емес түсінік болып табылады. Ол әлеуметтану, медициналық психология және заң салаларында жан-жақты қарастырылады. Ювеналды әділетті талдағанда оның тарихына, оның модельдеріне аса мән беру керек. Оның шетелдердегі модельдерін талдап қарастыру елімізде ювеналды әділеттің қалыптасуы мен дұрыс моделін таңдауға мүмкіндік береді.

Кәмелет жасқа толмағандар қылмысын жазалауға байланысты тәрбиелік іс-шаралардың модельдеріне келер болсақ, Ба-

тыс Европада ювеналды әділеттің қалыптасуына бұрын мұндай іс-шаралар католик шіркеуімен жүзеге асырылған, яғни сол кезде католик шіркеуі мемлекеттен тыс жекешіл институт ретінде қалыптасқан болып есептелінетін, ол діни сұрақтармен қатар, білім беру және мораль мен адамгершілікке қатысты сұрақтармен де айналысты. Реформадан кейін тәрбие қызметтерімен, соның ішінде, жасөспірімдер мен бала құқық бұзуларына қатысты жұмысты протестанттық қауымдар өз мойнына ала бастады. Ал XIX ғасырдың соңынан бастап тәрбие қызметіне кеңестік үкіметтік емес ұйымдар да араласа бастады.

Католиктік шіркеудің бала тәрбиесіне байланысты қызметі, сонымен бірге құқық бұзған жасөспірімдер тәрбиесіне де байланысты қызметі бойынша ашылған мекеме ең алғаш Европада теократтық Паптық мемлекетте болды. Теократтық Паптық мемлекетте Климент папасы Рим қаласында Әулие Михаил атты түзету үйін ашты, ол өзінің контингенттік жасөспірімдер деп алып, олардың тәрбиесін түзеуге және оларды асырауға жауапкершілік алды.

Басқа да мемлекеттерде католиктік шіркеулер балалар тәрбиесіне байланысты ерекше орынға ие болды, сонымен қатар, қылмыс жасаған жасөспірімдер мен заңмен проблемасы бар балалардың тәрбиесімен де осы шіркеу айналысты. Көптеген зерттеушілердің пайымдауынша, әсіресе Э. Вейяр-Цибульскаяның айтуынша Польша мемлекетіндегі жасөспірімдер қылмысын шынайы соттау жүйесімен тығыз байланысты әлеуметтік көмек жүйесі де толықтай тәжірибе жүзінде шіркеудің құзыретінде болды. Польша үшін маңыздысы діни ағымдағы көп санды балалар мен жасөспірімдерді және қолайсыз жағдайда өмір сүретін адамдарды қорғайтын патронажды қауым құру болды. Кейбір мекемелер осындай балаларды тәрбиелеуге арналған мекемелер ашуға қажетті материалдық қаражат жинай алды. 1871 жылы құрылған ауыл шаруашылығы және қол өнер кәсібі 1876 жылы қылмыс жасаған жасөспірімдерге арналған түзету үйін ашты. Бұл түзету үйінің мақсаты қылмыс жасаған балаларға өздерінің үйі секілді жағдай жасап, оларды дұрыс жолға қоятын тәрбие беру болды [1].

Білім берудің маңыздылығы мен оның құндылық екендігін түсініп, оның дамуына үлкен рөл қосқан Ағарту кезеңі болды. Ағарту идеясы көп кезеңде XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында педагогиканың дамуына алып келді.

Педагогикаға сүйене отырып қылмыс жасаған жасөспірімдермен, сонымен қатар, девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс жүргізудің әдісі мен әдіснамасы жасалына бастады. Осыған байланысты XIX ғасырда әртүрлі мемлекеттерде қылмыскер балаларға арналған түзету мекемелері қарқынды жұмыс жасай бастады. Олармен қатар, балалар мен жасөспірімдердің қылмысын алдын алатын үкіметтік емес ұйымдар қатары да арта түсті. Осы ұйымдардан алынған тәжірибе қылмыс жасаған жасөспірімдердің ісімен арнайы айналысатын соттардың қажеттілігін көрсетті. Сонымен бірге, тек сот төрағалары ғана емес соттың жаңа реформасы қажет етілді, жаңа реформа ювеналды сот атауына алып келді.

Әлемде ең бірінші ювеналды сот 1895 жылы сол кезде Ұлыбританияның бір калониясы болған, кейінірек Австралиялық Кеңестің бір штаты болған Оңтүстік Австралияда пайда болды. Алғашқы ювеналды сот болып тарихта Оңтүстік Австралиядағы қалды.

В.Р. Шмидттың пайымдауынша ювеналды әділеттің даму кезеңдері төмендегідей кезеңдерден өтті:

- XX ғасырдың бірінші жартысы – ювеналды әділеттің классикалық моделінің қалыптасуы, оны батыс зерттеушілері «гуманитарлық патернализм»деп айтады.

- XX ғасырдың 60–70 жылдары – ювеналды әділеттің классикалық моделінің дағдарысы, заңдық реализмнің туындауы және жасөспірімдерге қатынаста караельді қызметтің өсуі;

- XX ғасырдың 70–90 жылдары – қылмыстық әділ соттың және әлеуметтік мәселелерді шешуді басқару жүйесінің либерализациясының әсерінен ювеналды әділеттің менелдериялизациялануы;

- XX ғасырдың 90 жылдарынан қазіргі уақытқа дейін – ювеналды әділеттің жаңа формаларының дамуы: декриминализациялау, қайта қалыпқа келтіретін әділетті сот, отбасылық-орталықтанған ыңғайлар және т. б. [2].

Әрине, ювеналды әділеттің бұл кезеңдері бүкіл әлемдегі модель, алайда әр мемлекетте ювеналды әділеттің қалыптасу тарихы мен кезеңдері әртүрлі екендігін ескерген жөн. Мысалы, АҚШ-та ювеналды әділеттің қалыптасуының ерекшелігі мынадай: АҚШ-та ювеналды әділет ересек қылмыскерлер жазалау мекемелерінен басқа жасөспірімдерге арналған түзету

мекемелерінің ашылуымен бастау алды. Ол жерде жасөспірімдерге арнайы қылмыс жасағандары үшін жаза берілді, ол жаза ересектер жазасынан жеңілдетілген, алайда өзінің ерекшелігі бар арнайы әдістерді пайдаланатын жаза болды. Бұл жаза жазалауға емес түзетуге бағытталған, оған себеп бұл мекемеден шыққан балалардың қайта қылмысқа бармауын тоқтату. 1824 жылы Нью-Йоркте балаларға арналған бірінші реформаторий ашылды, оған себеп балаларды ересектер түрмесінен босату болды. 1831 жылдан бастап Иллинойс штатының заңы қылмыстың кей түріне қатысты жасөспірімдерге берілетін жазаны ересектерге берілетін жазадан қайта қарастыратын болды. Сонымен бірге, 1869 жылы Бостонда ең алғаш жасөспірімдер қылмысын қарастыратын арнайы сот отырысы болды, сонымен бірге, ең алғаш рет жасөспірімдерге пробация режимі қолданылды. Бұл режим американдықтардың пікірінше жасөспірімдерді қылмысы үшін жазалауда ең көп тараған әдіс болып табылады. АҚШ-тың Федералды Заңы бойынша 1899 жылы 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер қылмысын ересектер қылмысынан бөліп қарастыру жазылған.

АҚШ-та ювеналды әділетті ұйымдастыру және оны жүзеге асыру саласындағы эволюция соттық және қамқоршы қызметінің бір-бірімен арақатынасының жетілуімен болған және болады да. Қазіргі таңда АҚШ-та ювеналды әділет қызметі әр штатта әртүрлі. Олардың кейбірінде ювеналды әділет жеке өзі жұмыс жасайды және ол әлеуметтік жұмыспен басқарылады, сонымен бірге пробация қызметтері жұмыс жасайды. Жасөспірімдер қылмыс жасаған болса, олар ювеналды соттың саласына түседі немесе олармен болған жағдайға байланысты сәйкесінше формалды емес нақты бір құқық бұзуға байланысты арнайы жұмыс қарастырылады, жасөспірімдермен олардың өздерінің тұратын жерлеріне байланысты оларды қызықтыратын іс және хобби табуға көмек беретін реабилитациялық бағдарламалар қолданылады. Сонымен бірге, кейбір штаттарда жасөспірімдерге арналған сайланып қойылған заседательдер арнайы соттар кездеседі. Ол жерде пробация қызметімен және арнайы сотпен, құқық бұзушы жасөспірімдермен жұмыс жасауға байланысты арнайы индивидуалды жоспар қарастырылады [3].

Алайда кей штаттарда кейбір қылмыстарға байланысты жасөспірім құқық бұзуларын ересектерге арналған сотқа беру ту-

ралы заң бекітілген. Алайда мұндай жағдайда да, яғни жасөспірім қылмысын ересектерге арналған сотқа берген уақытта да, бастапқы кезінде, тәртіп бойынша істі шешудің формалды емес түрлері пайдаланылады, шағымданушымен татуласу әрекеттері, шығынды төлеттіру, сонымен бірге, коррекциялық жұмыс секілді формалды емес шешу жолдары қолданылады, осыдан кейін шешімі шықпаған жағдайда ғана жасөспірімдердің ісін ересектер соты қарайды. Алайда оған қарамастан, пробация уақыты ашық болуы мүмкін, жасөспірім – тұратын жеріне байланысты арнайы ашық немесе жабық түзету мекемесіне жатқызылуы мүмкін, оған реабилитациялық мекемелерге, семинарлар мен тренингтерге барып тұруға жазуы мүмкін. Барлық зерттеушілердің пікірінше, АҚШ-та кәмелет жасқа толмағандармен жұмыс жүргізу өзіндік ерекшелікке ие, олар заң бұзушы жасөспірімдерге байланысты арнайы психо-әлеуметтік бағдарламалар жүргізеді.

АҚШ-та тағы бір жасөспірімдер қылмысына байланысты тенденциялардың бірі аралас жазаның қолдануы. Аралас жаза қолдану 1990 жылдан бастап ене бастады. 1990 жылдың ортасына қарай АҚШ-та 18 штатта осы модель қолданыла бастады. Бұл модель АҚШ-тың 18 шатының ювеналды әділеттің заңдарына кірікті. Сонымен, зерттеушілер аралас жазалаудың үш түрін бөліп көрсетеді:

- Араластықты шектететін ювеналды сот(іс тек бір ғана, яғни не жасөспірімдер сотымен не болмаса тек ересектер сотымен қарастырылу керек);

- Араластықты өз құрамына кіргізетін ювеналды сот (бір іс бойынша екі типтің де санкцияларын қолдана алады);

- Арнайы араласу пайдаланатын ювеналды сот (бастапқыда жасөспірімге арналған санкцияны пайдалану, рецидив болған жағдайда ғана ересектерге арналған санкцияна пайдалану).

2000 жылы мемлекеттік соттарға арналған Ұлттық орталық аралас жазалаулардың тиімділігіне баға берді. Олардың бағалаулары бойынша аралас жазалау жүйесінің қорытындысы жақсы. Алайда көптеген мамандардың пікірлері бойынша, АҚШ-тағы ювеналды соттың дамуы аралас жазалау жолы мен ересектерге арналған соттармен байланысына байланысты болады дейді.

Ал, Шотландияда ювеналды соттар жоқ, оларда кәмелет жасқа толмағандардың құқық бұзуымен административті ор-

гандар жұмыс жасайды, алайда әртүрлі сипаттағы және оларды шешуде жастық ерекшелік ескерілетін істер қаралады, соған қарамастан, оларда жақсы тәжірибе жинақталған. Ұлыбританияны толығымен қарастырсақ ол жерде ювеналды әділет әртүрлі типте, біз Англияны қарастырып көрелік. Англияның негізгі постулаты болып деликвентті мінез-құлықты алдын-ала ескерту болып табылады. Ол білім беру саласындағы кемшіліктер мен материалдық жағдайы төмен отбасыдан шыққан балалар мәселелеріне байланысты сұрақтарды шешу дегенді білдіреді. Британдық мамандардың мағлұматтар бойынша, бұл салаға ерте бастан араласу мемлекет үшін жылына 20 млн. фунтты сақтап қалуға көмектеседі. Жастар үшін келесідей профилактикалық бағыттардағы бағдарламалар жұмыс жасайды.

Біріншіден, инклюзия бағдарламасын айтуға болады немесе қылмыс саны бойынша жоғары көрсеткіштегі 110 райондағы 8–17 жас аралығындағы жастардың социумға кіруі.

Екіншіден, қиын балалардың ата-аналарына арналған, тұрғылықты жерге байланысты бағдарламалар бар. Бұл бағдарламалардың мақсаты қиын балалардың ата-аналарымен балаларының қылмыс жасауларына азайтуға арналған тәрбие беру туралы семинарлар өткізу.

Үшіншіден, мектепте қауіпсіздік әріптестік деген бағдарлама жұмыс жасайды, яғни олардың құрамына полиция қызметкерлерінің қызметтері кіреді.

Англияда ювеналды әділет ұзақ уақыт бойы жалпы ересектер сотымен қарастырылды. 1933 жылы қабылданған ең бірінші балалар туралы Заң, балалардың құқықтарын қорғауда, оларды отбасынан алып, арнайы маманданған мекемеге жатқызуды көздеген. Ал, қазіргі кездегі жаңа Заң ювеналды әділеттің декриминализациялық жүйесіне бағытталған, ол асоциалды мінез-құлықтардың жаңа қайнар көзін түсіну бойынша пайда болды және әлеуметтік қызметтің қарқынды жұмысын талап етті, ол сонымен бірге, полицияның рөлін төмендетуді және соттың, атқарушы қызметтің рөлін төмендетуді көздеді, алайда ол сол күйде жүзеге аспай қалды.

1990 жылдан бастап Англияда кәмелет жасқа толмағандар қылмысы көбейе бастады, сәйкесінше сол уақытта жабық институттардың рөлі асты. 1994 жылы қылмыстық сот төрелігі туралы Заңы 14 жасқа дейінгі ауыр не орта қылмыс жасаған

балаларға арналған түзету мекемелерін ашу қарастырылды. Соттың үкімінің кешігуіне сын, профилактиканың жеткіліксіздігі, кооперацияның нашар тәрбие беруі Заңда өзгертулер мен толықтырулар енгізуге алып келді. Мұндай толықтырулар 1997 жылы енгізілді. Осы Заңға сәйкес, жасөспірім қылмыскерлердің профилактикасы бойынша олармен жұмыс жасауға арналған арнайы топ құрылды, ол топ полиция қызметкерлерінен, әлеуметтік қызметкерлерден, пробация қызметінің офицерлерінен, денсаулық сақтау және білім беру департаменттерінің қызметкерлерінен құралды.

Ювеналды әділеттің Ұлыбританиядағы жаңа төңкерілісі зерттеушілердің пікірінше 1998 жылда қабылданған адам құқықтары туралы Заң келеді. Жаңа заң әлеуметтік жұмыстың жаңаруына алып келді.

Франциядағы ювеналды әділет қызметі 1945 жылы қабылданған кәмелет жасқа толмағандар қылмысы туралы Заңның негізінде жүзеге асады. Бұл Заң өз құрамына тергеуден бастап тәрбие іс-шараларына дейінгі кезеңді қамтиды. Ювеналды әділет жүйесі өз бойына ювеналды соттарды, ювеналды трибуналды, сотта отыратын адамдарды кіргізеді. Бала құқығын қорғау жүйесі Франция мемлекетінде екі бағытта жұмыс жасайды, яғни екі мақсатты көздейді. Біріншісі, «қамқорлықты ұйымдастыру» бойынша профилактика жұмыстары: бұл жерде отбасы өз отбасында пайда болған мәселелер жөнінде өзі шағым айтып, арнайы түзететін мекемелердің араласуына жол береді;

Екіншісі, «заңдық қамқорлық» бойынша балалар құқықтарының сақталуы: сот олардың отбасына белгілі бір талаптарды орындауға міндеттейді. Бұл мемлекетте жүйе айтарлықтай күрделі, мысалы, балалар құқығын қорғаумен Бас кеңес айналысады, оның қол астында мынадай мекемелер жұмыс жасайды: балаларға арналған әлеуметтік көмек көрсету қызметі, жергілікті әлеуметтік көмек көрсететін мекеме, мектептік әлеуметтік жұмыс қызметкерлері, балалар мен жасөспірімдерге психотерапиялық көмек көрсететін мекемелер. Егер бала немесе жасөспірім құқық бұзған жағдайда, оның ісін ювеналды әділетке қарайтын ювеналды прокурор қарайды, ол ювеналды сотпен байланысып, баланы отбасынан алып түзету мекемесіне беру қажеттілік деңгейін шешеді. Тергеу барысында баланың құқығын қорғайтын қорғаушының қатысуы міндетті. Сонымен бірге жасөспірімді ар-

найы «әлеуметтік зерттеуден» өткізу қарастырылған, бұл зерттеу балаға досые жинайды. Бұл зерттеу баланың өмір сүру стилін, оның мінез-құлқының ерекшелігін анықтауға бағытталған. Онымен осы ювеналды әділетке қызмет ететін мамандар айналысады. Тек жоғарыда айтылған іс-шаралардың бәрі толықтай орындалған кезде ғана сот істі қарайды.

2009 жылы Францияда қылмысқа байланысты Заңнаң қабылдануы ювеналды әділетте бірнеше өзгеріске алып келді. Ювеналды сот төралығы енді ювеналды прокуратураға берілді [4].

Ресей мен Қазақстандаң ювеналды әділеттің тарихы мен моделі бір-біріне ұқсас. Қазақстанда кәмелетке толмағандардың мамандандырылған соттарының құрылуы – балалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сот – құқығы реформасының қамтамасыздандыру бөлігінің басты бағыты. Халықаралық пилоттық жоба «Қазақстандағы ювенальдық әділет» кәмелетке толмағандар сотының құрылуына алғашқы кадам болды [1].

2005 жылдың 3 шілдедегі халықаралық IV құрылтайда елбасы елімізде кәмелетке толмағандар жөніндегі мамандандырылған соттарын құру туралы тапсырма қойды. 2007 жылы 23 тамызда ҚР Президентінің № 395 жарлығымен «Кәмелетке толмағандардың мамандандырылған ауданаралық соттарының құрылуы туралы» қабылданып, сынақ тәртібі ретінде Астана және Алматы қалаларында мамандандырылған соттар құрылды.

2008 жылы 5 шілде № 64-IV «Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты сұрақтары бойынша сот актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істердің соттылығын анықтап, Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылды.

Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі сотына соттылығы бойынша ауыр емес, орташа ауыр, ауыр қылмыстар санаты бойынша ҚР Қылмыстық Кодексінің 30 бабы қарауына жатады [5].

Қазіргі уақытта Қазақстанда балалар мен жасөспірімдер құқық бұзушылықтарының алдын-алу жөніндегі қызметке көзқарас түбегейлі өзгерді: өскелең ұрпақты дамыту үшін жағдай жасалды, балалардың құқықтарын қорғау, олардың қадағалаусыз қалуының және құқық бұзушылықтарының алдын-алу жүйесі жұмыс істейді. Бірақ, оған қарамастан, балалар

мен жасөспірімдер қылмыстылығы ахуалын талдау – алдын-алу саласында да, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде де қосымша шаралар қолдану қажеттігін білдіреді.

Әдебиеттер

1. *Автономов А.С.* Ювенальная юстиция. Учебное пособие. – М.: Российский благотворительный фонд «Нет алкоголизму и наркомании» (НАН), 2009. – 186 с.
2. Создание основы ювенальной юстиции в Москве: концепция, практика, законодательство. Аналитический доклад. – М., 2008. – С. 31.
3. *Шмидт В.Р.* Интеграция подростков в конфликте с законом: зарубежный опыт. – М., 2007. – С. 84.
4. *Бертранд У.* Защита прав несовершеннолетних во Франции. История вопроса // Демографические и экономические аспекты ювенальной юстиции. – М., 2008. – С. 44.
5. <http://juvencourt.kz>

Түйін

Автор мақалада ювеналды әділеттің түсінігі, органдар жүйесі, ювеналды әділеттің мекемелері және өзінің қызметін іске асыру принциптері қарастырады. Шетелдердегі модельдері мен оның қалыптасу механизмдеріне талдау жасалынады.

Резюме

В статье автором рассматривается понятие ювенальной юстиции, система органов, учреждений ювенальной юстиции и принципы осуществления ими своей деятельности. Анализируются модели, используемые за рубежом и механизм их становления.

Summary

In this article the author discusses the concept of the juvenile justice system agencies, institutions of juvenile justice and the principles of its activities. Analyze its model abroad and mechanism of formation.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ӨСУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУШІ ФАКТОРЛАРДЫ СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

С.Е. Мырзахметов,

*Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің МСК-211 тобының магистранты;
Ғылыми жетекшісі: әлеуметтану ғылымдарының докторы,
профессор О.Н. Нұсқабаев*

Жаһандық демографиялық теңгермесіздік күн өткен сайын күшейе түсуде. Жалпыәлемдік тренд – адамзаттың қартаюуы. Енді 40 жылдан кейін алпыс жастан асқан адамдардың саны 15-ке толмағандардан асып түседі. Туудың азаюы және адамзаттың қартаюуы көптеген елдерде еңбек нарығындағы проблемаларға, атап айтқанда, еңбек ресурстарының жетіспеушілігіне сөзсіз әкеледі.

Күрделене түскен демографиялық теңгерімсіздік жаңа көш-қон толқындарын туғызып, күллі әлемде әлеуметтік шиеленісті күшейте түсуде.

Біз, Қазақстанда бүгінгі күннің өзінде-ақ, заңсыз еңбек мигранттары жергілікті еңбек нарықтарын тұрақсыздыққа әкелген елдің жекелеген өңірлеріндегі көші-қон қысымымен бетпе-бет келіп отырмыз.

Біз жас ұлтпыз. Еліміздегі орташа жас – 35. Бұл біздің адамдық әлеуетімізді сақтауға, әлемде өзіміздің дұрыс орнығуымызға зор мүмкіндік береді. Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайының түбегейлі жақсы жаққа қарап өзгеруі, әл-ауқатының артуы, өмір сүру жағдайының жақсаруы туылымды да күрт көтеріп отыр.

Соңғы 15 жылда Қазақстан халқының саны 14 млн-нан – 17 млн. адамға дейін өсті. Өмір сүру ұзақтығы 70 жасқа дейін өсті.

Десек те, табиғи өсім бойынша Қазақстан Орталық Азия мемлекеттеріндегі табиғи өсіммен салыстырғанда әлі де болса төменгі көрсеткішке ие. Ал, ел экономикасының қарыштап дамуы өндіріс саласында еңбек етуге қабілетті адамдар санының алдағы жылдары жеткілікті деңгейде болғанын қалайды. Демек, Қазақстанға ел халқы санының өсімділігі ауадай қажетті жағдай.

Оның үстіне Қазақстанда халық санының өсуіне барлық жағдай жасалған. Ел халқының әл-ауқаты жоғары. Сапалы және қол жетімді медициналық қызметтер көрсетумен республика халқы толық қамтамасыз етілген. Аурулар түрінің барынша алдын-алу, диагностикалау және емдеу шаралары дұрыс жолға қойылған. Туу мен көп балалы болуға ынталандыру жүйесі жасақталған [1].

Ол аз дегендей, кешегі, яғни өткен ғасырдың 90-жылдары орын алған дағдарысты жылдардың өзінде Қазақстан халқы қиын жағдайларға қарамастан өзінің демографиялық көрсеткішін алға қарай дамытпаса да, жеткілікті деңгейде сақтай білді.

Оған себеп:

- жергілікті халықтың генетикалық қорының өте бай екендігінде, қанының тазалығында болуы. Бұл қасиет Қазақстан сонау бағызы заманнан бері небір қасіретті жағдайлардан, қолдан жасалған жасанды зұлматтардан сақтап қалды.

- Қазақстан халқының демографиялық күш-қуаты жас, баржоғы – 35 жас. Демек, туылым күш-қуаты жоғары. Ал, керсінше Еуропа халықтары, мысалы, Германия, Швеция, Норвегия және басқа да батыстық елдерде егде адамдар саны өте жоғары. Бұл Еуропа мемлекеттерінің қол күші еңбегінде көп дамушы елдерден жалданып жұмыс істейтін мигранттардың еңбегіне тәуелділікті тудырып отыр. Демек, елімізде мұндай ақуалдың орын алмауы үшін халық санының балжанғандай деңгейде өсіп отыруы мәні зор қажеттілік. Бүгінгі таңның өзінде Қазақстанға көрші Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Тәжікстаннан ағылып келіп, нәпақасын тауып жүргендер жетерлік. Әрі бұл құбылыс жылдан жылға арта түседі деп болжамдалуда.

Халық санының өсуі негізінен екі факторға табиғи өсу мен механикалық өсуге байланысты. Табиғи өсім халықтың көбеюінің негізгі көзі болып табылады. Табиғи өсім республикада қазақ халқы арасында біршама жоғары болғанымен, басқа тұрғындар арасында әр келкі. Мысалы, бұл көрсеткіш өзбектер арасындағы әрбір 1000 адамға шаққанда 24,7 пайызды құрағанымен, басқалар арасында 18,6 пайыздан аспайды. Ал, кейбір халықтардың, мысалы, орыстардың, украиндардың және белорустардың соңғы жылдары табиғи азаюы байқалуда.

Бұл көрсеткіш олардың барлығын қоса есептегенде 14–15 мың адамға жетіп жығылады.

Туу үрдісін сөз етсек, бүгінгі күні әрбір жас әйелдің 4 бала табуы ерлікке саналады. Көбісі 1 немесе 2 баламен шектеліп қалуда. Ал, әрбір қазақстандық отбасында шамамен 3 баладан келгеннің өзінде шамамен 16–17 жылдан кейін халық саны 25 млн-нан асып жығылуы мүмкін деп болжамдалуда.

Осыған байланысты туылымның көтерілуі үшін бұрыннан бар материалдық игіліктермен ынталандыру саясатын арттырып, дүниеге жаңадан келген әрбір бала үшін 50 мыңға дейін сыйақы төленетін болса нұр үстіне нұр жауар ма еді.

Халық санының артуына белсенді иммиграциялық саясат та, шетелдердегі қазақ азаматтарының елге жаппай қоныс аударуы да өз көмегін тигізері анық.

Халық санының өсуіне ықпал ететін басты фактор, әрине, бұл халықтың табиғи өсімі [2].

Ол үшін халықтың әл-ауқаты байып, денсаулығы зор болуы керек. Бұл біріншіден, ал екіншіден, халық арасында өлім-жетімді барынша азайту қажет. Туылымды көбейту үшін оған ынталандыру тетіктерін күшейте түсу لازым. Мұндай шаралар барлық дамыған елдерде тәжірибеден өтіп, өзін ақтаған жағдаяттар. Мысалы, Жапонияда тууды ынталандыру 4 балаға дейін қоса санағанда, прогрессивті өсу жүйесі бойынша сыйақыланады. Бала дүниеге келген кездегі бір жолғы, сонымен қатар ай сайынғы төлемдер (мысалы, жүктілік уақыты, баланы туу, күтіп-бағу, т.с. мемлекет есебінен төленетін жәрдемақы және кәсіпорын қосымша сыйақылайтын еңбек ақысы) төленеді.

Үйсіз жүрген жас отбасылар тұрғын үймен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл да өркениетті елдерде тәжірибеден өткен игілікті үдеріс.

Сонымен қатар, тұрғын халықтың денсаулығы мен өмірге жаңадан келіп, өсіп, өніп келе жатқан жеткіншек ұрпақтың денсаулығын жоғары деңгейде сақтау – атқарылуы тиісті іс-шаралардың ең өзектісі болуы тиіс. Жаңадан өмірге келген сәби денсаулығының жай-күйі ана денсаулығының жай-күйіне байланысты. Жаңа тіршілік иесінен айрылып қалмау үшін біз ананың денсаулығын қорғау жөніндегі күллі шараларды қамтамасыз ету-

ге тиіспіз. Осы орайда жүкті әйелді гинеколог дәрігердің тұрақты медициналық бақылауы міндетті болып есептеледі. Алайда, бұл ретте жүкті әйелдердің барлығы бірдей тәртіпті сақтай бермейді, сондықтан да жүкті әйелдердің мамандарға ертерек қаралуын ынталандыру қажет.

Көші-қон процестерін реттеудің де берері көп. Халық өсімінің проблемаларын көптеген елдерде көші – қон ағынын реттеу жолымен шешті. Мысалы, Австралия, Канада, Израиль және АҚШ тәрізді елдер елді жалпы дамыту мақсатында иммиграцияны көтермелесе, ал Бельгия, Франция және Нидерланды сияқты елдер еңбекке қабілетті халықтың іріктеліп көшіп келуін қолдады. Бүгінгі күні иммиграция кейбір елдерде, мысалы, Австралияда, Бельгияда, Канадада, Израильде, Германияда және АҚШ-та халықты толықтырудың негізгі көзі болып саналады. Әрине, көшіп келудің барлық елдерде этникалық реңкі бар. Батыс Еуропада да оңтүстіктен солтүстікке, неғұрлым дамыған индустриалды аймақтарға көш-қон ағыны байқалады. Еңбекке қабілетті халықтың тиісінше табыс табуына мүмкіндік беретін жағдайлармен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар эмиграциялық процестерді тежеу ісінде өзекті шаралар болып есептеледі. Кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі, шағын кредит беруді қоса алғанда, кредит беру жүйесінің әр түрлі нысандарын дамыту жөніндегі арнайы бағдарламалар кеңейтілуге және тиімді іске асырылуы тиіс. Иммиграциялық саясатта көшіп келушілердің әлеуметтік және тұрғын үй-тұрмыстық проблемаларын шешу, көшіп келушілердің Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық жүйесіне тезірек кірігуі үшін жағдай жасау жөнінде нақты қолдау көрсету жөнінде шаралар қолдану қажет.

Десек те халық өсімінің табиғи өсімі негізінен жергілікті, сонда да, ең алдымен, ауыл халқының әл-ауқатын көтеріп, денсаулығын арттыруға тікелей тәуелді. Осыны терең түсінген ел басшылығы, қаржылық дағдарыстың қиыншылығына қарамастан, 2011 жылы «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын қабылдады. Ондағы мақсат – тұрақты және өнімді жұмыспен қамту арқылы халық кірісін арттыру. Бағдарлама негізгі төрт бағыттан тұрады. Біріншісі, білім беру және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, жалақы төлемдерін субсиди-

ялау арқылы жұмысқа қабылдауды ынталандыру. Екінші – ауыл тұрғындарын шағын несиелемен қамтамасыз ете отырып, ауыл ішінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу. Үшінші бағыт еңбек ресурстарының тиімділігін арттыру. Төртіншісі – инфрақұрылымды дамыту арқылы халық көп шоғырланған ауылдарды дамыту. Бағдарламаның негізгі қатысушыларын жұмыссыздар, оқу орындарының түлектері, еңбекке қабілеттігін жоғалтпаған мүгедектер, балалар үйінің тәрбиеленушілері, ата-анасының қарауынсыз қалған балалар, 23-жасқа дейінгілер, зейнеткерлер, жалпыға ортақ жаста зейнетке шыққандар, этностық мигранттар және басқалар құрады.

Үшінші бағыт бойынша 2011–2013 жылдары бағдарламаға бөлінген қаражат есебінен 4516 пәтерден тұратын 1211 тұрғын үйдің құрылысы жоспарланған болатын. Бүгінде 789 тұрғын үй, яғни 2864 пәтер (65,2 пайыз) тапсырылды. Бұл бағыттыңда қызығын көптеген қазақстандықтар көрді. Мысал келтіре кетейік. Олжас Қалқатаев ШҚО Күршім ауданының Жылы тау ауылында өскен. Оның жұбайы Ақмарал Қасымханова мамандығы бойынша мұғалім. Өз мамандығы бойынша ауыл ішінде жұмыс таппаған. Зырян және Күршім аудандарының жұмыспен қамту орталықтарының қызметкерлері ұйымдастырған ауыл жиналысында бағдарлама аясында мекенжайды ауыстыру мүмкіндігі туралы естиді [3].

Сөйтіп өткен жылдың 17 қазанында өтініш жазып Зырян қаласына отбасы, әйелі, ата-анасымен көшіп келген. Орналасқан бойда отбасына 3 бөлмелі пәтер берілді. Олжас жаңа мекенжайы бойынша «Өскемен пласт» ЖШС «өңдеуші» мамандығы бойынша жұмысқа алып, 65000 теңге жалақы тағайындады. Ал зайыбы Ақмарал мамандығы бойынша кішігірім орталыққа тәрбиеші болып жұмысқа тұрған. Бүгінде ай сайын тұрақты түрде 40000 теңге көлемінде жалақы алады.

Жалпы бағдарламаның төртінші бағыты бойынша 2700 отбасы (9,8 мың адам) әлеуметтік ахуалы төмен ауылдардан дамуы жоғары елді мекендерге қоныс аударған.

Былыр төртінші бағыт бойынша «Халық көп қоныстанған ауылдарды дамыту» бағдарламасының іске асыру кезеңі басталды. Оның мақсаты инфрақұрылымдық жоспарларын жүзеге

асыруда орташа немесе жоғары керсеткіштерге ие әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы ауыл халқын жұмыспен қамту. Жалпы 565 жоба жүзеге асырылып, ауылды жерлерде 7,3 мың жұмыс орындары ашылды. Жұмыспен қамту бағдарламасын іске асыруда 1,1 млрд доллар (169,4 млрд теңге), оның 360,9 млн.доллар (54,5 млрд теңге) кәсіптік білім беру ұйымдары мен жұмысқа орналастыруға, 217,9 млн доллар (32,9 млрд теңге) кәсіпкерлікті дамытуға, 178,1 млн доллар (26,9 млрд теңге) еңбек ресурстарының тиімділігін арттыруға, 280,1 млн доллар (42,3 млрд теңге) халық көп шоғырланған ауылдарды дамытуға бөлінді.

Еңбек нарығын дамытуда жеке секторларды тарату саясатын ұсыну мақсатында кәсіпкерлікті қолдау шараларымен қамтамасыз ету, банктерден несие алар кезде пайыздық құнын субсидиялау, қажетті құрылғыларды жеңілдетілген шарттармен лизингке алу, технологиялар трансферті, несиенің белгілі бір бөлігін қайтарып беру кепілділігі, дамымай жатқан инженерлік инфрақұрылымды мемлекет есебінен дамыту, гранттар қарастыру, экспортталған ұйымдарды қаржылық және техникалық жағынан қолдау, сервистік қолдау, мамандарды шетелдерде оқыту және шетелдік инвестицияларды ынталандыру шаралары жүзеге асырылды.

Жалпы «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы өз кезегінде бұрынғы бағдарламалар легін толықтырды. Ел экономикасын алға сүйреп, халықтың тұрмысын жақсартты. Мемлекеттің негізін күшейтіп, қазақ елін әлемдік қауымдастық алдында айбынды мемлекет болып қалыптасуына әсер етті. Бағдарламаны іске асыру кезеңінен бері 161418 адаммен әлеуметтік шарт жасалған. Оның 130 мыңы (80,5 пайыз) жұмыссыздар, 55700-ден астамы (34,5 пайыз) өзін-өзі қамтығандар, сондай-ақ шамамен 11 мыңы (5,6 пайыз) аз қамтылған адамдар болды [3].

Жалпы, экономикалық белсенді халық саны 1991 жылы 7,7 млн.адамды құраса, 2013 жылы шамамен 9 млн.адамға жетіп жығылып отыр. Бүгінгі таңда жұмыспен қамтылған халық саны 8,5 млн.адамды құрайды.

Осындай игілікті істердің арқасында халықтың әл-ауқаты жақсарып, денсаулығының жоғары деңгейде болу көрметкіші

жоғарылап келеді. Ал, мұның өзі елімізде туылымның көбейіп, халық санының артуына ықпалды әсерін тигізеді.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы–Алматы: ЮРИСТ, 2013. – 44 б.

2. *Нұсқабаев О., Мүсірепова Н.* Жаһандану жағдайындағы ұлттық қауіпсіздік қағидаттары // Ақиқат. – 2013. – № 5. – 99–101 бб.

3. *Егемберді Е.* «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы бізге не берді? // Егемен Қазақстан, 2013, 12 шілде.

Түйін

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының халық санының өсуіне ықпал етуші факторлар мен демографиялық ахуалына әлеуметтік талдау жасалады.

Резюме

В этой статье рассматриваются основные факторы, влияющие на рост населения и анализируется демографическая ситуация, сложившаяся в Республике Казахстан на данный момент.

Summary

This article discusses the main influencing factors on population growth and analyzes the demographic situation in the Republic of Kazakhstan.

БАЛАЛАР ҮЙІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРГЕ ТЕРАПИЯ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ АЯСЫНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

М.А. Нартаева,

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
«Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс»
кафедрасының магистранты,*

Н.У. Шеденова,

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
«Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының
профессоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы*

Қазіргі таңда ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар күн санап артып келе жатқаны жаңалық емес. Ата-ана қамқорынсыз қалғандардың балалар үйінен кейінгі жағдайы қиынға соғып отыр. Олардың қоғамға бейімделу, жұмысқа орналасу, баспанамен қамтамасыз етілу мәселелері әлі шешімін таппаған. Ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларды әлеуметтендіру үлкен жұмыстар атқаруды қажет етеді. Қазақстанда ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға арналған арнайы мекемелер қызмет көрсетеді. Бала тәрбиелеу, отбасының шаруасы әртүрлі жанұялық проблемалар, кей жағдайда баланың болашағын, оның кейінгі тағдыры туралы ойлануға мойын бұрғызбайды. Дегенмен де, әр түрлі жағдайларға байланысты баланы балалар үйінде қалдыруға мәжбүр болатын жағдайлар да бар. Отбасынан тыс тәрбиеленген балаларда материалдық жағдайдың, тәрбиенің жетіспеушілігі, әлеуметтік қажеттіліктің қанағаттандырылмауының салдарынан оларда жеке өмірге бейімделуде көптеген қиындықтар туындайды. Оларды әлеуметтік белсендіру, қоғаммен араластыру, өмірге позитивті көзқарастарын қалыптастыру үшін, терапия әдістерін қолданудың орны ерекше. Еліміздегі жариялылық дәуірі қоршаған ортаның көптеген «қара дақтарын» айқындады. Солардың бірі: балалар үйінде тәрбиеленетін балалар мәселесі. Қазіргі таңда баспасөз беттерінде балалар үйі мен мектеп-интернаттардағы жағдай туралы, ондағы тәртіп пен материалдық жағдай жайлы ашық әрі көптеп жазылып жүр. Бұл жайында, Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы

Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты халыққа жолдауында да атап өткен. «Бейбіт өмірдің өзінде бізде мыңдаған жетімдер бар – балалар үйлері толы. Бұл, өкінішке қарай, жалпы әлемдік үрдіс және жаһанданудың сынағы. Бірақ біз бұл үрдіспен күресуіміз керек. Мемлекетіміз бен қоғамымыз жетімдерді асырап алуды және отбасы типіндегі балалар үйлері салынуын көтермелеуі қажет» [1].

Деп, балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің мәселелері аса қиын жағдайда екендігін еске салады. Бұл жағдайға қатысты негізгі мәселелердің қомақтылары мыналар: жетім балалар денсаулығына деген әлеуметтік қамқорлықты күшейту, олардың құқығына қол сұқпау, қоғам өмірінің барлық салаларына толық орналасуына жағдай жасау, әлеуметтік ортаға бейімделуін жетілдіру. Осы мәселелер әлеуметтік жұмыстың жаңа әдіс-тәсілдерін дамытуды және қолданысқа еңгізуді қажет етеді.

Қазір 2014 ж әлеуметтік жетім тұл жетімге қарағанда 80 пайызды құрап отыр. Қалған пайызы ғана тұл жетімдер. Республика бойынша жетім және әлеуметтік жетімдер саны 400 мыңнан астам. Бұл сан жыл сайын 8 мыңға толығады. Сондай-ақ балалар үйлерінде және білім беру жүйесінің басқа да ұйымдарында 11612 бала болса, олардың тек 2106-сы тұл жетім. Қалған 9506 баланың ата-анасы бар. Яғни, әлеуметтік жетімдер [2].

Демек, балалар үйіндегі тәрбиеленушілер дамуының ерекшеліктері қазіргі заманның маңызды да, қызықты мәселенің бірі болып отыр. Бұл мәселенің көкейкестілігі, қаракөз жетімдер санының күннен-күнге қарқынды өсуімен және соған байланысты әртүрлі құрылымдағы балалар үйінің пайда болуымен аса түсті. Балаланың әлеуметтік мәнді қатынастар жүйесіне енуіне даярлық ретінде жас дамуының түрлі кезеңдерінде психологиялық тұрғыдан дамуын басты орынға қою қажеттілігі туындап отыр. Психологиялық еңбектерді қарастыру баланың психикалық дамуын қамтамасыз ететін әртүрлі көзқарастардың бар екендігін көрсетеді.

Бала психикасының дұрыс қалыптасуында жанұяның ерекше орын алатыны белгілі. Жанұяның мәні баланың тәжірибе жинақтауға жасалатын жағдайларымен анықталады. Адам ерте балалық шағынан бастап, ересектерден тек жүру, сөйлеу, заттарды дұрыс қолдану, ойлану, білім алу, еңбек етуге ғана емес,

сезімдерге, ойлауға, күйзеліске, өзіне және өзге адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Жанұяда бала табиғи жағдайда өмірге бейімделе алады, себебі күнделікті, таңертеңнен кешке дейін ата-аналары, аға-апайлары, апа-аталары баланың алдында мінез-құлық, жүріс-тұрыстың әртүрлі үлгілерін ұсынады: сөйлеу және ым-ишара мәселелері, еңбекке баулу, адамдармен қарым-қатынас жасау, саясатқа деген көзқарасын қалыптастыру, т. б.

Ресейлік ғалымдар А.М. Прихожан, Н.Н. Толстых зерттеулерінде отбасынан тыс тәрбиеленген балаларда әлеуметтік, материалдық жағдайдың жетіспеушілігінен оларда өзін дискомфортты сезіну күйі пайда болады. Сондықтан, жеке өмірге қадам басқанда оларда агрессивтілік байқалатындығын көрсеткен. Балалар үйінде тәрбиеленушілердің жиі жағдайда өздерінің жеке құндылықтары жайлы ұғымдары жоқ болады, бұл терең эмоционалды дискомфортқа әкеліп соғады, ал ол өз кезегінде агрессия мен мазасызданудың пайда болуына себепші болады. Мазасыздану дегеніміз, бұл болатын қауіп-қатерді күтуге орай эмоционалды дискомфортты бастан кешу жағдайы [3].

Жанұяда бала тек қалай өмір сүру керектігін ғана емес, нені білу керегі мен шын мәніндегі өмірді түсінуді естіп-біледі: адамның өзара және өзге адамдармен қарым-қатынасы олардың бағалаулары мен пікірлері, күйзелістері мен ой толғаулары т.б. Жанұя тәрбиесінің ерекшелігі туыстық сезімге негізделген ата-ананың балаға деген сүйіспеншілігінен көрінетін эмоционалды мінез-құлық, жүріс-тұрыстан тұрады. Баланың туғаннан мектепке дейінгі кезеңді туыстық эмоционалды байланысқа сүйене отырып, бірінші кезекте ана мен бала байланысы қарастырылады. Мектепке дейінгі кезеңде баланың қарым-қатынасқа түсетін адамдары ортасының өзіндік ерекшеліктері бар. Психологтар мен педагогтардың пікірінше, сүйіспеншілікке, сенімге, өзара қызығушылыққа негізделген ересектермен жақын қарым-қатынас, жанұялық тәрбиені сипаттайтын басты көрсеткіш болып табылады. Олай болса, жеке адам дамуының негізгі шарты – баланың адамдармен қарым-қатынасқа түсуі болып табылады. А.Г. Харчевтің тұжырымдамасы: «бала туғаннан бастап өз ортасы мен қоғамдық дәстүрлі мәдениетін, өнегеліктің біртұтас жүйесін жанұядан меңгереді. Дәл осы нәрестелік кезеңнен бастап балада адамдар мен қоршаған ортасына деген

сенім, қоршаған орта мен өзге адамдардан қорқыныш сезімі мен мазасыздық қалыптаса бастайды. Осы кезеңде қалыптасқан сезімдер адамда өмір бойы сақталып, басқа адамдармен қарым-қатынастағы эмоционалды үндестігінен, ерекше стилінен көрініп, отыратындығын зерттеулер нәтижелері анықтаған» [4].

З.Ж. Жаназарова отбасында және отбасынан тыс тәрбиеленген балалардың әлеуметтік дамуын салыстыра келе, жас ерекшеліктері және дара айырмашылықтарына қарамастан олардың әрқайсысы жалпы ортақ қасиеттерге ие екендігін айтады. Отбасында тәрбиеленген жасөспірімдердің бойында кездесетін біршама тұрақты әлеуметтік ерекшеліктер балалар үйінде тәрбиеленген жасөспірімдерде жетіспей жатады [5].

Р. Спиц жазбаларынан анасынан бөлініп, жабық түрдегі мекемелерге келген сәбилердің бір жасқа деңгейінің 70% шегінетінін, ал қалған бөлігінің ақыл-ойлары артта қалатындығын көруімізге болады [5].

Ана бала үшін жалғыз ғана жақын адамы, қамқоршысы болады. Балалар үйінде де бірнеше қамқоршы-тәрбиешілер бар, олар сондағы балалардың туған анасын алмастыруға әрекеттер жасайды. Балалар үйі тәрбиешілерінің жұмысының тиімділігі, балалардың жеке адам болып қалыптасып, дамуы, мінез-құлқы, жүріс-тұрысына тигізетін әсері туралы мәселелерді көптеген ғалымдар жан-жақты қарастырған. Г.Х. Рейнгольд пен Н. Бейли «Қанша адамның қамқор болуы бала үшін маңызды емес, аса маңыздысы әр баланың қамқорлық пен сүйіспеншілікті біліп, сезініп өсуінде», – дейді [7].

Мектеп интернаттарында балалар дамуындағы шынайы қауіп – оларды «өзгелердің ақылымен» басқарыла отырып, өмір сүруінде. Үнемі қатарластарының ішінде жүруі, шулы уақытта бос өткізетін ортада жүруі, ересектердің оларға сирек көңіл аударуы, балалардың жүйкесінің шаршауына себепші болады. Бұл тәрбиенің жетіспеушілігі болып табылады.

Жалпы айтқанда балалар үйінде тәрбиеленушілер психикасы жағынан кейін қалып отырады және де ауытқулары да байқалады. Ағылшын психотерапевті Мелвин Роуз былай деп жазады: «Арнайы мектеп пен терапевтикалық қоғамдастық арасындағы негізгі айырмашылық эмоционалды ауытқу мен тұрақсыз мінез-құлқық себептерін түсінуде болып табылады. Терапевтикалық

көзқарас ең бірінші жоспарға балалар мен жасөспірімдердің санадан тыс ұмтылыстарын анықтау міндетін қояды. Ал, арнайы мектеп тәрбиеленушілердің әлеуметтік мінез-құлқын зорлықпен жақсарту жолымен өзгерту жасауға тырысады» [8].

Сондықтан терапия әдістерін пайдалану жеткіншектердің әлеуметтік мінез құлқын тиімді қалыптастыруға алып келеді. Терапия әдістерін қолданбастан бұрын дұрыс тіл табысу үшін сөйлеудің этикалық нормаларын білуіміз қажет. Танысудің келесі ережелері бар: «Менің сізбен танысқым келеді», «Келіңіз танысайық», «Таныстас болайық», «Өзімді таныстыруға рұқсат етіңіз». Сәлемдесу және қарым-қатынасқа тартуының келесі ережелері бар: «Сәлеметсіз бе», «Қайырлы күн», «Сізді көргеніме қуаныштымын», «Қош келдіңіз» [9]. Бұл терапия әдістерін тәжірибеде тиімді қолдануға үлкен жол ашатын қағидалар десек те болады.

«Терапия» сөзі грек тілінен аударғанда «қамқорлық, күтім, емдеу» деген мағынаны береді. Әлеуметтік терапия клиенттің жеке әлеміне араласудың белгілі бір формасы ретінде, организмнің психикалық және соматикалық қызметіне ықпал ететін «емдеу» әдісі, кәсіби бағыттылық және оқытумен байланысты әсер ету әдісі, әлеуметтік бақылау және коммуникация құралы ретінде қарастырылады.

Ойын терапиясына келетін болсақ, ойынтерапиясы интеллектуалды дамуы артта қалғандармен жүргізілетін терапия түрі. Балалар қалай ойынауды білмейді: оларға ойдан құрастырылған ситуациялық ойынды жүргізу оларға мүмкін емес. Ойын ойнау барысында балалар бірден беріліп кетпейді, олардың түсінуі қиынға соғады. Кейін келе ол жағдай қайталанғандықтан бала біртіндеп келе еліктеп, ересек адамға (тәрбиеші, психолог, жаттықтырушы) сенімін білдіріп, Коррекциялық жұмыстың алғашқы сатысынан бастап, баланың ересекпен немесе тәрбиеші, жүргізушімен қатынасы мен түсінуін байқап, оларды тіркеп отыру қажет. Ойын терапиясы арқылы баланың коммуникативті дағдысы дамиды, олардың сезімі мен эмоциясы, көңіл-күйі сыртқа шығады. Сонымен қатар психокоррекциялық процесс баланың өзіндік ойын жеткізу мен оның әлеуметтенуін дамытады.

Қиын балалармен жұмыс жасағанда арт-терапиялық техниканың көрсеткіші бойынша, жетім балалармен жұмыс жүргізуде өзектілік болып мыналар есептеледі: Эмоционалды

дамудың қиындығы, өзекті стресс, эмоционалды депривация, өзін-өзі бағалаудың бұзылуы. Бұндай жұмыс кезінде бала өзінің сезімі мен ойын сөзбен емес, қандайда бір бейнені жасаумен білдіруге мүмкіндік туғызады. Арт-терапия процесінде қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсуге ниеттену сезімі туындайды.

Табиғи психотерапия немесе табиғатпен емдеу әдісі. Кей жағдайда бұл әдісті ландшафт терапия деп те атайды. Бұл әдістің маңыздылығы әлеуметтік орта урбанизациясы салдарынан жоғарылай береді, экологиялық жағдайдың төмендеуі, адамның табиғаттан шеттетілуінің жоғарылауынан көрінеді.

Логотерапия немесе сөйлеу психотерапиясы. Арнайы маман клиентпен әңгімелесу барысында, оның бойында қиындықтарын жеңе алу қабілетін қалыптастыруға ұмтылады. Клиент тұлғасында қайта қалыптасу болуы тиіс, себебі клиент өзінің бойынан конструктивті өзгерістерді өз бетімен көруі қажет. Бұл адамның өзіне деген қанағаттану сезімін тудырады, өзін-өзі сыйлау деңгейі жоғарылайды, толыққанды тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

Имаготерапия – терапия мақсатында бейнелермен ойнау қолданылады (латын тілінен *imago* – бейне). Адам өзінің динамикалық бейнесін қалыптастырады. Мұнда әртүрлі нақты тәсілдер қолданылады: алдын ала берілген ситуацияға байланысты әдеби туындыны баяндап беру, халық ертегілерін драмалау және баяндау, хикаяны театрландыру, классикалық және қазіргі драматургияны жаңғырту, қойылымда рөлді орындау.

Қорыта келгенде, жақсы әлеуметтік қызметкер болып терапевтік әдістер мен тәсілдерді жай ғана оқыған емес, осы әдіс тәсілдерді өз тәжірибемізде нақты қолдансақ, мәселенің шешілуіне тиімді әрекет болар еді. Жабық түрдегі мекемеде тәрбиеленген жасөспірімдерге қоғаммен байланыс жетіспейді. Қоршаған ортаға енуі үшін психикалық дамуындағы өзгерістерінің орнын басуға мүмкіндік беретін дамытушы, терапия әдістерін пайдалану балалар үйінде тәрбиеленушілердің көптеген мәселелерінің шешімдерінің бірі. Бұл тек әлеуметтік қызметкерлердің емес, бүкіл қоғам тарапынан балалар үйінде тәрбиеленушілерге деген қамқорлықты қажет етеді. Жеке өмірге қадам басқан кездерінде әлеуметтік, психикалық дамуының, материалдық жағдайының, білім алу сапасының, еңбек

пен айналысуының, дұрыс көзқарастары қалыптасып, қоғамда отбасы құрып өз орындарын табуына осы жоғарыда көрсетілген арнайы ұйымдасқан терапия әдістерін қолдану жеке өмірге дайындығына үлкен септігін тигізеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы.

2. *Ахметова Н.* Жетімдер саны жыл сайын 8 мыңға көбейеді // http://kaztrk.kz/gus/news/obschestvo/Zhetimder_sani_azajar_emes.html

3. *Прихожан А.М., Толстых Н.Н.* Дети без семьи. – М.: Педагогика, 1990. – С. 23.

4. *Выготский Л.С.* Проблема возрастной периодизации детского развития // Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. – СПб, 1997. – С. 3–21.

5. *Биекенов К.У., Жаназарова З.Ж., Нұрбекова Ж.А.* Отбасымен әлеуметтік жұмыс. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 12 б.

6. *Рыбинский Е.М.* Управление системой социальной защиты детства: социально-правовые проблемы. – М., 2004. – С. 20.

7. Проблема становления личности детей-сирот и их взаимоотношения со взрослыми // Кадровые ресурсы инновационного развития образовательной системы. Материалы I Всероссийского педагогического конгресса. – М., 2007. – С. 264–268.

8. *Елубай. О.* Жетім балалармен әлеуметтік жұмыс – өзекті мәселе. – Алматы: Қазақстан жоғары мектебі, 2005. – № 4. – 233–235 бб.

9. *Григорьева Н.Ю., Герасимова Е.Ю., Горбунова М.Ю., Наберушкина Э.К., Чернецкая А.А.* Технология социальной работы: Учеб.пособие. – Саратов: Саратов. Гос.техн.ун-т, 2003. – С. 83.

Түйін

Мақалада балалар үйінде тәрбиеленушілерді жеке өмірге дайындауда тиімді терапия әдістерін қолданудың маңыздылығы туралы айтылады.

Резюме

В статье раскрывается значимость применения соответствующих методов терапии для подготовки воспитанников детского дома к самостоятельной жизни.

Summary

The article explains the importance of the application of appropriate therapies to prepare a orphans for independent living.

ОҚУШЫ ЖАСТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Д.Е. Несипкалиев,

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
магистратура және PhD докторантура институты,
элеуметтану мамандығының I курс магистранты*

«Мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқаруы» терминін анықтағанда қазіргі заманғы теориялық және әдістемелік әдебиеттерде ешқандай анықтама берілмеген. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы – сұрақтарды шешуге, қызықты шараларды өткізуге, өз тұлғасының бірегейлігін таныту, қарым-қатынас тәжіребесін меңгеру, жинақтау, қиындықтарды еңсеру, өз ісіне деген жауапкершілікті сезіну мүмкіндігі.

Өзін-өзі басқару – өзін-өзі басқарып, қатаң түрде өзінің парызын өтеуін білу, алдына қойған мақсатына жету. Әрбір адамның үкіметтің көмегінен тәртiптiң болуына қатысуы. XII ғасырдан бастау алған өзін-өзі басқару ұғымы білім саласына патшаларға, императорларға және рим папаларына бағынғысы келмеген бірінші университеттердің тәжірибесінен келген. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы белсенді азаматтық тұрғыдан тәрбиелеуге және көшбасшылыққа үйренуге жақсы тәрбие ошағы болып табылады. Өзін-өзі басқару тарихы екі ғасырдың жалғасын алып жатыр. Батыста пайда болып 18 ғасырдың аяғынан бастап көптеген еуропалық мектептерде қолданыста бар. Кейбір жерлерде осы жергілікті мектеп қауымдастықтары ойын элементі ретінде қаланың өмірін модельдеу арқасында өзіндік өмірді тануға тырысты. Бұл өте дұрыс болған екен [1].

Сол кездерде педагогтар мектепте баланы оқытудың негізгі міндеті ғылым, білім негізінде оқытып қана қоймай, оларға маңызды мәселелердің шешімін таба білетін азаматты тәрбиелеу үшін мол тәжірибе беру керектігін түсінген. Осы жерде батыстың демократиялық мәдениетінің спецификасын еске түсуге болады: олар біз сияқты жаһандану

мәселелерімен бірге өмір сүрмейді. Оларды әлемдік қаржы дағдарысында қызықтырмайды егер өзіне қатысты ғана болмаса. Бірақ адам баласын неге көше осындай сапада, неге ауруханалар сапасыз қызмет көрсетеді және неге шериф өз міндеттерін атқармайды деген қызықтырады. Азамат немесе азаматша мәселелер өз шешімін табу үшін міндетті түрде қол жеткізеді. XVI ғасырда латын мектебінің педагогы Валентин Тротцендорф мектептегі өзін-өзі басқаруды азаматтық тәрбие беру мақсатында бірінші рет қолданған. Мектепте өзі ұйымдастырған өзін-өзі басқаруды арнайы азаматтық тәрбиеде қолданған бірінші педагог болған. Мектепте туындаған конфликтілерді шешетін және қарастыратын ай сайын 15 оқушыдан тұратын сенат сайланатын. Оқушыларды әртүрлі қоғамдық жұмыстармен айналысуға тартатын. Сонымен қатар, мектептегі өзін-өзі басқарудың пайда болу теориясының ежелгі педагогтардың прогрессивті еңбектері, ойлары, білім саласындағы өтілінен тәжірибеден қорытындылары құрамдас бөлігі ғана болып табылады. Оның ішінде ежелгі грек ойшылы Платонның оң үлгідегі тәрбие туралы ойлары, оның отандасы Аристотельдің физикалық, адамгершілік және ақыл-ой тұрғысынан тәрбиелеудің тығыз байланысы, итальяндық педагог – гуманист Витторино да Фельтрдің ұстанымдары, ағылшын ойшылы Томас Мордың идеялары және тағы басқаларының ойлары бар еді [2]. Славян педагогы Я.А. Каменскийдің («Законы хорошо организованной школы») бірыңғай мектептерде демократиялық ұстанымды дамыту туралы, М.В. Ломоносовтың «Регламенте московских гимназий» еңбегінде балалардың өзін-өзі басқару элементтері туралы бар. К.Д. Ушинскийдің, С.Т. Шацкінің еңбектері қоғамға үлкен әсерін тигізді. «Өзін-өзі басқару» ұғымы А.С. Макаренко, Н.К. Крупскийдің педагогикалық еңбек өтілі кезеңінен пайда болған. Өзін-өзі басқару бойынша енгізулерде қайта қарау жұмыстары жасалынды, мысалы: бұйрық беру формасын дамыту емес, өзін-өзі басқаруды жоғарыдан емес төменнен бастап қайта құру, жүйенің бұзылмауы, өзін-өзі басқарудың органдарында коллектив болып ұйымның іс атқаруы туралы. Н.К. Крупскаяның (О коммунистическом воспитании школьников. – М., 1978. – 97 б.) «Мүшелері аз комиссия құрамы жоғарыдан жұмыс жасайды, ал қалған оқушылардың көпшілігі пассивті түрде қалады... Көп нәрсені жақсылап ойлану керек

және, коллектив болып бірге жұмыс істеуге, коллектив болып өмір сүре алуға тәрбие беретін өзін-өзі басқарудың жаңа формаларына көшу керек. Қазіргі заман педагогикасында «өзін-өзі басқару» ұғымына азаматтық қоғамдағы біріккен және қоғамдық ұйымдарды, кіші қауымдастықтарды автономиялық басқару ұстанымы сияқты анықтама берілген. Жалпы білім беретін мекемедегі өзін-өзі басқару – бірыңғай бастамамен барлық теңқұқылы оқыту үдерісіне қатысатын заңнаманың негізінде білім беретін мекемені басқаруға қатысуға құқығы бар (педагогтар, ата-аналар, оқушылар) жалпы білім беретін мекемені (мектеп, гимназия, лицей) басқару ұстанымы. «Оқушылардың өзін-өзі басқаруы» әлеуметті белсенді тұлға ретінде, азаматтық қоғамның толық қабілетті мүшесі болып жеткіншектердің жетілуіне әсер етеді [3].

«Оқушылардың өзін-өзі басқаруы» оқушыларда адамгершілік түсінігін және тәжірибесін, бағалы гуманистті бағыттарды қалыптастыруға септігі мол:

✓ Жеке тұлға болуға адамның өмірі, оның мәртебесі және құқығы;

✓ Туған және туысқан адамдары, олардың махаббаты мен қамқорлығы;

✓ Қоршаған адамдармен ақ көңіл болу, түсіне білу, достық;

✓ Мектеп – құрылғыларымен, салт-дәстүрімен және оны мекендейтін айрықша белгілерімен ерекшеленетін өз тарихы бар кішкентай үй – дамудың көзі және мақтаныш пәні.

Мақсаты:

- Балалардың жалпы ұйымы әрбір жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі бекіту, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі негіздеу, өзін-өзі бақылау қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін;

- Әрбір оқушының өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі бекіту, өзін-өзі дамыту үшін әртүрлі мағыналы жеке және ұжыммен іс-әрекетке түскенде педагогикалық, әлеуметтік ұйымдастырылған шарттардың құрылуы; оқушыларды әлеуметтік белсінділікке және шығармашылыққа ынталандыру; жоғары демократиялық мәдениетті азаматты тәрбиелеу;

- Қазіргі заман талабына сай жоғары білімді деңгейде және бүкіл әлемді таныту мақсатында оқыту деңгейіне қалыптастыру;

- Оқушылардың өзін-өзі басқару және басқару ұстанымдарын қалыптастыру;
- Жалпы мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- Өздігінен білім алу дағдылары мен қажеттіліктерін қалыптастыру;
- Мамандандырылған білім бағдарламаларын таңдау және игеру үшін негізін қалау;
- Қазіргі заман қоғамында интеграцияланған және сол қоғамды дамытуға үлес қосуға бағытталған адамгершілігі жоғары деңгейдегі азамат(ша) адамды тәрбиелеу;

Міндеті:

- Әрбір оқушының позитивті әлеуметін қамтитын өзін-өзі басқару жүйесін құру;
- Әрбір оқушының шығармашылық жеке потенциалын айқындау және дамыту;
- Мектептің басқару жүйесіндегі педагогтар мен бірге оқушыларға (болжау жасау, ұйымдастыру, орындау және оқу-тәрбие үдерісін анализдеу) үшін моделдеу мүмкіндіктерін беру;
- Көшбасшылық тәртіптің дағдыларын, жетекшілік және ұжымдық іс әрекеттің бастапқы дағдыларының ұйымдастырушылық білімін, шеберлігін дамыту;
- Құрдастарымен және ересектермен құрылымдық жүйелі қарым қатынастың амал, тәсілдерін және дағдыларын дамыту;
- Өзінің ниетін жүзеге асыруда адекватты формаларын қолдану;
- Оқушының және оны қоршағандардың іс әрекетінің нәтижесін анализдеу және диагностикалау;
- Оқушының жеке тұлғалық шығармашылығының бастамасын дамыту;
- Қойылған мәселелердің шешімін табуда құрдастарымен және педагогтармен диалогқа түсе білу дағдыларын дамыту;
- Өзінің дүниетанымын көрсете білу, ситуацияны анализдеуге тырысу оған өзінің қатынасын білдіре алу;
- Өздігінен жұмыс жасай алуға, белсенді болуға дайындығын дамыту;

Жоғары нәтижеге Л.С. Выготскийдің пікірі бойынша жеке тұлға ретінде емес, қоғамдық іс әрекетіне мінездеме жасағанда

қол жеткізуге болады. Оқушылардың қоғамдық іс әрекетке қатысуының нәтижесі ретінде мына қасиеттерді жауапкершілік, өз бетімен болу, әлеуметтік белсенділік, қарым-қатынаста болу, бейімделуге дағдылануды қалыптастыру және дамыту болып табылады. **Педагогтың міндеті** – оқушылардың іс әрекеті мақұлданып және мойындалуы үшін қызметіне дұрыс бағыт бағдар беруі керек. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы осы механизммен шығады. *«Оқушылардың өзін-өзі басқаруы»* өзектілігіне – оқушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру, ең алдымен олардың азаматтық құқықтары мен қызығушылықтарын қорғауға бағытталған, жалпы білім беретін мекеменің мәселелерін шешуге қатысу арналады. Оқушылардың өзін-өзі басқаруға қатысуы – азаматтық тұрғыдан сезінуді, өзіне және басқаларға деген құрметпен қарым қатынасты қалыптастыру; әлеуметтік құзіреттілікті көтеруге, әлеуметтік мәселелері бар ситуацияларда өздігінен шешім қабылдауға тәртіп және қаулылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға мол әсерін тигізеді. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы өз бастамасын көрсетуге мүмкіндік береді: өздігінен шешім қабылдауға және оқушылар ұжымының қызығушылығына байланысты оларды жүзеге асыру. Ережеге сай, өзін-өзі басқару ұжымның іс-әрекетін, осы іс-әрекеттердің ұйымдарын, өзінің жұмысын анализдеуде, атқарылған жұмысты қорытындылау және сәйкес шешімдерді қабылданғанды жоспарлауда көрініс табады.[4]

Оқушылардың өзін-өзі басқару іс-әрекеті мына ұстанымдарға негізделеді:

- теңдік ұстанымы – шешім қабылдауда барлығы шешетін дауыс құқығына ие болу керек;
- таңдау ұстанымы – таңдау нәтижесінде өкілеттілігі пайда болады;
- заңдылық ұстанымы – құқықтық және нормативтік актілердің сақталуы;
- мақсаттылық ұстанымы – оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының іс-әрекеті, оқушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын жүзеге асыруға бағытталуы керек;
- жауапкершілік ұстанымы – өз сайлаушыларының алдында үнемі атқарылған жұмыстар бойынша және оның нәтижесі туралы есеп беру қажет;

- белсенділік және шығармашылық ұстанымы;
- ашық дауыстау ұстанымы – өзін-өзі басқару органдарының жұмысы барлық оқушылар үшін ашық болу керек;

Оқушылардың өзін-өзі басқарудың әлеуметтік-психологиялық шарттарын дамыту

Жалпы білім беретін мектеп әкімшілігіне оқушылардың өзін-өзі басқаруының дамуына күмән келтіретін немесе наразылық тудыратын педагогтар арасында жүйелі түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізуге кеңес беріледі. Бұл тәрбие бағдарламасын күшпен немесе жасанды түрде енгізудің қажеті жоқ, педагогикалық ұжым оқушылармен бірге тығыз жұмыс жасаудың қажет екендігін түсінуі үшін, ең алдымен оқушылардың өзін-өзі басқару органдары оқушылардың құқығын қорғай алатын және сауатты түрде өз айтқанынан қайытпайтын деңгейде болуы керек. Педагогикалық іс-әрекеттің бұл түріне немқұрайлы қарауға жол бермеу керек. Директор және оның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары әрдайым зерттеу жұмыстарын жүргізетін, өз тәжірибесімен бөлісетін, әріптестеріне көмектесетін, өзін-өзі басқару жүйесінің тиімділігін көтеруде жұмыс істейтін педагогтарды қолдау қажет. Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін ұйымдастыру бойынша педагогтар мен оқушылардың нәтижелі және тиімді жұмыс жасауы үшін моральді және материалды тұрғыда білдіретін мотивация жүйесі қажет [5].

Білім алу үдерісіне қатынасушы оқушылардың өзін-өзі басқаруы не береді?

- командамен, топпен жұмыс жасау дағдыларын дамыту;
- оқушылардың оқыту және үйрену сапасының деңгейін көтеруге әкеледі;
- тәртіптің жақсаруына әкеліп соғады, себепсізден қалуды азайтады;
- оқушылардың өзін-өзі басқару органдарында өзінің бейімделуіне және қызығушылығына сәйкес келетін рольдерді таңдау;
- баланың құқығын қорғайды;
- конфликті ситуацияларды мәдениетті түрде шешуге үйретеді;
- кейінгі жолын таңдауда өзін-өзі анықтауға көмектеседі.

Ата-аналардың да оқушылармен арақатынасын дұрыс ұйымдастыру ісінде олардың да өзіндік ұйымдастыру мәдениеті қажеттілік. Отбасының өзін-өзі басқару нәтижесінде:

- балалардың бос уақытын ұйымдастырады;
- балалардың оқу нәтижесінің жақсаруына әкеледі;
- жанұяда конфликттің болуын төмендетеді;
- мектеп өміріне белсенді қатысуға мүмкіндік береді;

Ал педагогтардың өзін-өзі бақылап, өз ісін басқару мәдениеті

- балаларды ұйымдастыруға көмектеседі;
- балалар ұжымын ұйымшыл етуге;
- сыныптағы тәртіпті, оқушылардың жасаған іс-әрекетіне жауапкершілігін көтереді;
- баланың көшбасшылық, ұйымдастырушылық, шығармашылық қабілеттерін ашады;
- инновациялық технологияларды тәжірибеден өткізу;
- экспериментті – тәжірибелі жұмыс арқылы мәселеге тереңдету;

Сонымен, өзін-өзі басқару қоғамдағы білім-тәрбие жүйесіндегі – бұл әлеуметтік қатынастар, әлеуметтік арабайланыстар мәдениеті, әлеуметтік әріптестік пен өзіндік әлеуметтік бақылау және ұйымдастыру мәселесі болып табылады. Ұйымдастырушылық кепілдіктері өзін-өзі басқару органдарының қызметтерін, идеологиялық кепілдіктері – осы органдардың құқықтарымен міндеттерін ұжымның тіршілік әрекетінде мойындау, ал әдістемелік кепілдіктер өзін-өзі басқару органдарының өз іс-әрекеттері нұсқау беру үдерісі арқылы жүзеге асады. [6]

Қорыта айтқанда, азаматтық ұстанымы қалыптасқан қоғамдық істерге белсене қатынасушы, демократиялық қоғамның әлеуметтік қатынастары нормаларын меңгерген, мемлекет, отаны мүддесін жоғары ұстап, оны өз ісінде өз санасымен шешуге даяр тұлғаларды өсіріп шығаратын басты әлеуметтік институт, ол – жалпыға бірдей білім беретін орта мектептер. Орта мектептерде шынайы азаматтық, әлеуметтік қоғамның негізі қаланады. Оның басты адами, әлеуметтік тетігі – оқушылардың өзін-өзі басқару мәдениетінің дер кезінде дамыталуы.

Әдебиеттер

1. *Рогаткин, Д.В.* Школьное ученическое самоуправление / Что может самоуправление? Право на участие в управлении школой. – Петрозаводск, Юниорский союз «Дорога», 2004. – 92 б.
2. *Кабуш В.Т.* Ученическое самоуправление: Пособие для классных руководителей и педагогов-организаторов. – Мн.: «Польмя», 1998.
3. *Селевко Г.* Воспитательная система саморазвития школьника завоевывает признание практиков // Народное образование. – 2004. – № 8. – 155 б.
4. *Иванов В.Д.* Самодеятельность, самостоятельность, самоуправление. Книга для старшеклассников. – М.: Просвещение, 1991.
5. *Нечаев М.П.* Методика создания и развития системы школьного самоуправления // Методист № 4/2006.
6. Классному руководителю о самоуправлении в классе: Методические рекомендации / Авт. сост. М.А. Александрова, Е.И. Баранова, Е.В. Володина, Е.Н. Степанов. – М.: ТЦ Сфера, 2005. – 96 б.

Түйін

Бұл мақала оқушылардың өзін-өзі басқаруы туралы қызығушылығы бар ізденушілерге бағытталған. Автордың міндеті – қазіргі мектептерде оқушылардың өзін-өзі басқару қажеттілігін азаматтық білім берудің жүйесі ретінде негіздеу.

Резюме

Данная статья ориентирована на тех, кто интересуется вопросами ученического самоуправления. Задача автора – обосновать необходимость ученического самоуправления как одной из составляющих системы гражданского образования в современной школе.

Summary

This article is focused on those who is interested in questions of student's self-government. Task of the author – to prove need of student's self-government as one of components of system of civic education at modern school.

СТУДЕНТ-ДЕФЕКТОЛОГТАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ДАЙЫНДЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

А.Ы. Нусипова,

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, магистрант

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» дегендей біздің басты міндетіміз – жаңа заман талаптарына сәйкес, экономикалық әлеуметімізді молайту үшін қажыр-қайрат көрсете білетін, ғылымның мол жетістіктерімен қаруланған, білім беру жүйесін дамытумен қатар басқара алатын жастарымызды тәрбиелеп, білім беру болып табылады. Сонымен қатар нағыз ұлттың ұлт болып қалыптасуы үшін тілі мен діні, жері қаншалықты маңызды болса, оның рухани дүниесі де соншалықты мән-мағынаға ие. Бүгінде сапалы білім алу мәселесінің мәні артуда. Оны жаңа сапаға көтеру – қоғамдық мәселеге айналу. Жолдауда адами капиталдың сапалы дамуына баса назар аударылып, оқыту процесіне қазіргі заман талабына сай технологиялар мен әдістемелерді енгізу, педагогтар сапасын көтеру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, тәрбие мәселесін күшейту бағыттары нақты қарастырылған. Елбасы білім алушыларға тек білім беріп қана қоймай, алған білімін әрі қарай әлеуметтік бейімдеу процесімен жетілдіру жолдарын белгіледі, осы бағытта балалардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық жұмыс жоспарын қабылдауды тапсырып отыр [1]. Халықаралық білім беру кеңістігіне табысты бірігу қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың негізгі міндеттерінің бірі. 2005–2010 жылдары Қазақстан Республикасында Мемлекеттік білім беруді дамытудың аталмыш бағдарламасына сай көп деңгейлі білім берудің ұлттық жүйесін модернизациялау жолдары белгіленген болатын. Мемлекеттік бағдарламада студенттердің академиялық мобильділігіне, олардың жеке тұлғалық әлеуетін толыққанды жүзеге асыруына жағдай жасау қажеттігі айтылып, студенттің оқу іс-әрекетін жекелендіруді, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту

мен тәрбиелеуді қамтамасыз ететін вариативті бағдарлама құру ресми мәлімделді. Бұл бағдарламаның басымдықтарының бірі кәсіби міндеттерді өз бетінше, шығармашылық тұрғыда шеше алатын, кәсіби қызметінің тұлғалық және қоғамдық маңыздылығын ұғынатын, өз ісіне жауапты, кәсіби-құзыретті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау сапасын арттыру болып табылады. Зерттеушілердің айтуынша, студенттерде академиялық білімді қалыптастыру, өзгермелі қоғамға оңай бейімделіп, табысты еңбек ете алатын мамандар даярлау – білім берудің маңызды міндеттерінің бірі [1]. Жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйрету үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдау үшін психологқа, логопедке, арнаулы педагогқа, әлеуметтік педагогқа арналған кабинеттерді арнайы жабдықтаумен қатар жоғары білікті дефектолог мамандарын дайындау қажет. Қазақстан Республикасында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне шығуы – білім беру саласында, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арнайы мамандарды дайындау уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр. Ендеше қазіргі таңда еліміздің биікке шарықтауында адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен жаңа технологиялар, сонымен қатар білім беру жүйесіндегі өзгерістер қаншалықты маңызды болса, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқыту саласын да заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді толық жүзеге асыратын кез келді.

Енді бір ерекше тоқталып кететін мәселе ол осы мүмкіндігі шектеулі жандардың білім алу жүйесінде инклюзивті оқыту жүйесінің енуі және бұл жүйеге педагог немесе арнайы мамандардың даярлығы. Инклюзивті оқыту дегенді қалай түсінуге болады? Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқытудың негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр [2].

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады [3]. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді. Инклюзивтік білім беру – барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру болып табылады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, қазіргі таңда инклюзивті білім беру үдерісін енгізу ісі кешенді сипатқа ие, ол мемлекеттік құрылымдардың, ата-аналардың, отбасының, ең бастысы білім беру жүйесі мен мемлекеттік емес ұйымдардың қатысуын, тікелей араласуын және белсенділігін қажет етеді. Бүгінде ерекше назарды студент-дефектологтарды тәрбиеші әрі педагог ретінде дайындықтарын қалыптастыруға аудару керек, өйткені ол қалыпты топқа қарағанда инклюзивті топтағы балаларға одан да зор ықпалға иеленеді. Студентдефектолог инклюзивті топпен тиімді жұмыс жасау үшін төмендегідей құзыреттіліктер қажет:

1. Балаға байқау жүргізуді, оның дамуының жеке жоспарын түзете білу.

2. Балалармен әріптестік дағдыларын меңгеру және ұйымдастыруға көмек көрсете отырып, олардың белсенділігін арттыруға жағдай жасай отырып, ойындық өзара әрекетін дамытуға белгісіз бола отырып балаларға көмектесу.

3. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, сонымен қатар балалардың бірлескен ойын әрекетіне жағдай жасайтын әртүрлі «мазмұнды» пәндік орта құра білу.

4. Бірлескен әрекеттің түрлерін ұйымдастыру арқылы топтық ортақтық құру

5. Ата аналармен өзара қызметтестікті құру.

Зерттеуімізге арқау болып отырған студент-дефектологтарды дайындау сапасы – мамандарды даярлаудың білім беру мақсаттарына, тұтынушылардың нормаларына, стандарттары мен талаптарына тең дәрежеде сай болуы, бұл жерде тұтынушылар сұранысы кәсіби мінездемелерге берілетін нақты тапсырыспен анықталады.

Жоғары білім сапасы – жоғары білімнің барлық аспектілерінің мақсатқа, қажеттіліктерге, талаптарға, нормалар мен стандарттарға сәйкестілігі [3].

Мамандарды даярлау сапасын арттыру мәселесіне көптеген зерттеушілер, соның ішінде С.И. Архангельский, В.П. Беспалько, П.И. Пидкасистый, О.А. Абдуллина, Е.В. Бондаревская, Т.А. Воронова, Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенин, Н.М. Яковлева және т. б. ғалымдар баса назар аударады. Аталған ғалымдар білім беру үрдісі құрылымындағы педагогикалық бақылау, оның қызметтері, формалары мен әдістерін ғылыми дәлелдеген. Сонымен қатар, олар болашақ педагог мамандардың кәсіби дайындығы сапасын арттыру мәселесін шешудің әр түрлі бағыттары мен жолдарын ұсынады. А.Н. Майоров, Г.К. Селевко, Г.А. Цукерман еңбектерінде студенттерді кәсіби даярлау сапасы мониторингін ұйымдастыру технологиясы мен жүргізу әдістемесі мәселесі қозғалған. Г.Н. Александров, С.М. Василевский, Г.И. Вергелис, А.Н. Небаба, И.И. Малкин, В.Г. Разумовский, Н.А. Половникова сынды ғалымдардың ой-пікірлері бойынша студенттерді кәсіби дайындау сапасын бақылаудың альтернативті дәстүрлі құралдары оқу (дидактикалық) ойындары, проблемалық жағдаяттар жасау, педагогикалық тапсырмаларды шешу, модульдік және тестілік бақылау болып табылады[4].

Соңғы уақытта білім беру сапасы қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму қарқынымен байланысты болғандықтан бұл мәселені зерттеуге бірқатар еңбектер арналған. Бұл зерттеулерде ғаламдық экономиканың дамуы жағдайында қазіргі жоғары білім берудің әлеуметтік-экономикалық даму келешегін жақсартуда маңызды рөл атқаратындығы көрсетіледі.

Қазіргі уақытта студенттерді сапалы дайындау мыналарды көздейді:

1. Студенттерді білімнің пәндік саласына терең бойлату, оларға танымның зерттеп жатқан саласына «ену» тәсілдерін меңгерту;
2. Студенттерді беймәлімді тануға ішкі қажеттіліктерін және үдемелі қызығушылықтарын қалыптастыру;
3. Студенттердің таңдалған мамандықтың шығармашылық сипатына мотивациясын зерттеу;
4. Студенттердің өзіндік жұмысын қалыптастырушы іскерліктер мен дағдыларды, стимулдарды анықтау;
5. Мамандарды кәсіби даярлау сапасына ықпал етуші факторларды бөлу [5].

Бүгінгі маман – бұл жалпы және арнайы білімі терең, техника және ғылымда жүріп жатқан өзгерістерге оңай бейімделе алатын, жаңа технологиялар талаптарына сай адам яғни қазіргі маманға базалық білім, проблемалық, аналитикалық ойлау, әлеуметтік-психологиялық компетенттілік, интеллектуалды мәдениет қажет.

Ескеретін жайт болашақ дефектологтардың теориялық және практикалық дайындығының бірлігін қамтамасыз ету үшін арнайы яғни түзету мектебіндегі ұйымдармен, жалпы білім беру ұйымдарымен, сонымен қатар инклюзивті білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын және асырушы ұйымдармен тығыз қарым қатынаста болудың маңызы зор. Осыған байланысты республикамызда жалпы және арнайы білім беру ұйымдарында, кәсіптік және жоғары оқу орындарында іс тәжірибеден өтуші студенттердің жүйесін қамту мен бірлескен оқытуды жүзеге асыру үшін педагогтарды даярлаудың вариативті жүйесі белсенді әзірленуде. Сонымен қатар студент дефектологтарды даярлау барысында инклюзивті білім берудің әлеуметтік психологиялық аспектісіне ерекше назар аудару аса маңызды. Себебі әдеттегі емес баланың білім беру интеграциясыф әлеуметтік ретінде де, топтың психологиялық портреті ретінде де өзгертеді. Бұл оқыту барысында әртүрлі даулы, есеңкіреген тәуекелді, психологиялық зақымданған жағдайларды туғызуға ықпал етуі мүмкін, мұндай жағдайларда студент алдын ала білуі және дұрыс шешім жасай білуі қажет. Сонымен қатар олардың әрқайсысы әдеттегідей

емес, балаға қатысты өзін анықтай білу мәселесін шеше білуі, оның жеке күшіне қалай сенуге болатындығына көмектесу, ішкі потенциалын жұмылдыру немесе сендіру, әр баланың өз дамуында «шарықтау шегі» болатындығын және одан жоғары қадам басу керек еместігін түсіну маңызды. Болашақ дефектолог үшін мүмкіндігі шектелген баланың өмірінде кездесетін қиыншылықты түсінуі, дамуында кемістігі бар балаларды және қалыпты балаларды өз ортасына қабылдауы және көмек көрсетуге тілек білдіруі, ортаға бейімделуі және тапсырмаларды тез меңгеруі үшін, болашақ дефектолог тек педагог қана емес психолог бола білуі керек. Осындай жан жақты болудың нәтижесінде балалар арасындағы қарым қатынас жақсара түсіп, бала тұлғасын түзету, оның тәртіптік және эмоциялық еріктік өрісі кеңейе түседі. Біріккен қарым қатынас ортасы дефектологтың қызметіне зор әсер етеді. Оның әр балаға деген көзқарасы өзгереді. Енді ол басқарушы ғана емес, баланың көмекшісі және кеңесшісі. Дефектолог тәлім формаларын іске асырады, ол немқұрайлы адамдарға деген шыдамдылықты өңдейді, адами қарым өатынастың құндылықтарын жария етеді және егер адамдар бірін бірі қолдаса туындаған мәселелердің қалай шешуге болатындығын өз әрекеттерәнәі үлгісінде көрсете ала білуі маңызды. Инклюзивті білім беру дефектолог және идеялары бір мамандардың инклюзивті топтарда болу мүмкіндіктері, олардың жұмыстарын бақылау, жылдар бойы жинақталған әдістемені терең меңгеріп және түсініп алу, инклюзивті білім беруге жан тәнімен берілу үшін мұндай ортаның болашақ дефектолог мамандарына маңызы зор. Бұл ең оңтайлы вариант болашақ дефектологтарға серіктестіктерді тарту және оларды үйрету. Осындай мекемелердің базасында денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысқа болашақ дефектологтарды даярлау мәселесін шешу елімізде инклюзивті оқытуды интенсивті енгізуге мүмкіндік береді. Студент-дефектологтардың яғни болашақ дефектологтардың кәсіби құзыреттілік деңгейін жоғарылату, демек барлық білім беру тұтынушыларының тұлға, қоғам, мемлекет сұраныстарын қанағаттандыру. Сонымен, сапалы деңгейде даярланған студент-дефектологтар болашақта жоғары білімді дефектолог атанып өзінің жеке және кәсіби қызметінде табысты жетістіктерге қол жеткізіп қана қоймай,

мемлекетіміздің ұлттық экономикасының дамуына сүбелі үлесін қосып, инклюзивті білім беру жүйесін барынша дамытып, Қазақстанның әлемдік қауымдастықта таңдаулы орын алуын қамтамасыз ете алады деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер

1. Оценка качества профессионального образования. Доклад 5 / Под общей редакцией В.И. Байденко, Дж.Ван Зантворта. – М.: Мамандарды даярлау жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы, 2001. – 186 б.
2. *Рымханова А.Р.* т. б. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру жүйесі // Особенности профессиональной подготовки педагогических кадров в условиях перехода в 12-летнее обучение: Респ. Ғыл.-практ. конф. материалдары. – Карағанды, 2009. – 107–109 бб.
3. *Долженко О.В.* Обеспечение качества высшего образования // Жоғары мектеп хабаршысы. – 2001. – №6. – 15–23 бб.
4. *Андрюеш В.А.* Педагогическое тестирование как средство повышения качества профессиональной подготовки студентов в вузе: – рел, 2009. – 24 б.
5. Пути повышения качества подготовки специалистов: V Университетшілік ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Тверь: ТГУ, 1993. – 152 б.

Түйін

Бұл мақалада авторлар инклюзивті білім беру жүйесі және студент-дефектологтардың инклюзивті білім беру жүйесіне дайындықтарын қалыптастыра отырып, кәсіби құзыреттілік деңгейін жоғарылату жайлы ойды ортаға салады.

Резюме

В статье рассматриваются способы подготовки студентов-дефектологов через инклюзивное образование.

Summary

In the article author considered the methods of student-defectologist studying through inclusive education.

**ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ – «ҚАЗАҚСТАН-2050»
СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ РЕТІНДЕ:
ҚАЗІРГІ СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ
МӘСЕЛЕСІ**

*Д.Н. Нұран,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
«Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс»
кафедрасының аға оқытушысы*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі» деп, Қазақстан-2050 стратегиясының бірден бір бағытын, құндылығын айқындап көрсетті. Әсіресе, саламатты өмір салты ұлт денсаулығының кілті болып саналатындығына аса екпін жасады.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының анықтамасы бойынша, денсаулық дегеніміз – тек аурудың немесе дене бітімдік кемістігінің жоқ болуы ғана емес, сонымен қатар адамның физиологиялық, рухани және әлеуметтік саулығы. Денсаулық бұл – ең жоғарғы дәрежедегі индивидуалды және әлеуметтік құндылық. Мұның орнын ешқандай да құндылық баса да, алмастыра да алмайды. Сондай-ақ денсаулықтың жетіспеушілігі индивидуалды және әлеуметтік тұрғыда өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігіне нұсқан келтіреді.

Қазіргі таңда денсаулықты құрайтын негізгі компоненттер ретінде мыналар қарастырылады:

1. Дене бітімдік – ағза мүшелері мен жүйесінің жұмыс істеушілік мүмкіндігін дамыту деңгейі. Дене бітімдік денсаулықтың негізі – бұл әр түрлі факторлардың ықпалына физиологиялық жұмыс қабілеті мен ағзаның бейімделушілігін қамтамасыз ететін жасуша, ұлпа, мүшелер мен мүше жүйелерінің морфологиялық және функционалды қорлары.

2. Психологиялық – бұл адамның психикалық саласының жағдайы. Психикалық денсаулықтың негізін мінез-құлықтың адекватты реттелуін қамтамасыз ететін жалпы көңіл жайлылығының жағдайы құрайды.

3. Мінез-құлықтық – адамның сыртқы өзін-өзі көрсетуі. Оны әдетте қоршаған социумның басқа қатысушыларының іс-қимылынан және олармен араласуынан көруге болады [1].

Денсаулыққа негізінен биологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен сипатталатын көптеген факторлар әсер етеді. Бұл ықпал етуші факторлар бір-бірімен тығыз байланысты. Сонымен қатар бұл факторлар қатарына ұлт денсаулығына ықпал ететін бұрын-соңды болмаған, яғни соңғы ғасырларда қоршаған ортаның радиациялық, химиялық, микроэлементтік ластануы да қосылып отыр.

Ұлт денсаулығына әсер етуші негізгі факторларға мыналар жатқызылады:

- еңбек жағдайы, оның төлену сипаты мен деңгейі;
- жұмысбастылық пен жұмыссыздықтың арақатынас деңгейі, жұмыс орны мен әлеуметтік мәртебеден айырылудың потенциалды және өзекті қаупі;
- кәсіби зияндылық, яғни іс-әрекеттің ұйымдасуы және/немесе технологиясымен байланысты зиянды агенттердің әсері;
- тамақтану деңгейі мен сапасы;
- тұрғын-үй жағдайы;
- өмір сүру салтының ерекшеліктері;
- зиянды әдеттер (немесе тәуелділіктер: ішімділік, нашакорлық, тағамдық және т. б.)
- қоршаған ортаның жағдайы;
- денсаулық сақтауды және санитарлық жағдайды дамытудың деңгейі мен сапасы [2].

Бұл факторлар барлық демографиялық топ өкілдеріне тікелей байланысты. Қоғамдағы өмір жағдайының нашарлауы мен тұрақтылықтың төмендеуі басқа жас өкілдеріне қарағанда әсіресе, студент жастарда күйзеліс жағдайының ушығуына алып келеді. Мақаланың мақсаты студент жастардың денсаулығына әсер ететін факторларды анықтау болып табылады.

Денсаулық және салауатты өмір салты – жастардың болашақта өзін-өзі жүзеге асырудың, олардың белсенді ұзақ өмір сүруінің, отбасы құру және бала сүю, қиын оқу және кәсіби еңбек мүмкіндігінің, қоғамдық-саяси және шығармашылық белсенділіктің сапалы алғышарты [3].

Студенттер белгілі жас аралығындағы ерекше еңбек және өмір жағдайымен біріккен әлеуметтік топты құрайды. Студенттер үшін ұзақ уақыт бойы психикалық және физиологиялық механизмдерге бейімделуден туындайтын бірнеше факторлардың әсері тән. Бұл факторлар кейіннен түрлі аурулардың пайда болуына алып келеді.

Бұл факторлардың жиынтығы студенттердің денсаулығын нығайту және алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша мақсатқа бағытталған іс-шараларды жоспарлаудың әлеуметтік-медициналық басымдықтарын анықтауды ескертеді.

Жоғары оқу орындарының жаңа әлеуметтік және психофизиологиялық жағдайларында, әсіресе жаңа климаттық ортада, студент ағзаларының компенсаторлы-бейімделгіш жүйелерінің көптеп күш салынумен сипатталатын күрделі көп деңгейлі әлеуметтік-психофизиологиялық процестер өріс алады. Үздіксіз ақыл-ой және психозэмоционалды күш салу, сондай-ақ еңбек, демалу және тамақтану тәртібінің бұзылуы бейімделу процесінің тоқтап қалуына және бірнеше аурулардың дамуына алып келеді [4].

Жоғары оқу орны мектеп қабырғасынан өте ерекшеленеді. Ол адамды қоғамға бейімдеуші, ендіруші, қоғам іс-әрекетінің механизмін түсіндіруші әлеуметтенудің негізгі агенттерінің бірі болып табылады.

Білім – бұл тек жас ұрпаққа білім беріп қана қоймай, сондай-ақ ол студенттерге оқуда, еңбекте, оның оқытушымен қарым-қатынасында, құрдастарымен байланысында бірнеше жылдар бойы тікелей адамзатпен қалыптасқан тәжірибемен жеке тұлғаны қалыптастырады және дамытады. Сондықтан да жоғарғы оқу орны жауапкершілік, шыдамдылық, қамқорлық, әлеуметтік белсенділік, азаматтық позиция, еңбексүйгіштік сияқты тұлғаның жан-жақты дамуына қолайлы жағдай, қарым-қатынастар тудыратын орта болып табылады. Олардың оқу орнынан өмірдің қай қырларымен танысатыны (оқу, бос уақыт, еңбек, қарым-қатынас), қандай әлеуметтік қасиеттерді игеретіндері, негізінен мамандықтарына да тікелей байланысты болып келеді [5, 173 б.].

Қазіргі таңдағы жоғарғы білімді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі – тұлғаның тиімді кәсіби сапасы мен

тиімді кәсіби іс-әрекетін қамтамасыз ететін студенттердің танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, тұлғаның еріктік және кәсіби қасиеттерін тәрбиелеу болып табылады. Жоғарғы білім мазмұны барлық ұлттық-мәдени және ғылыми байлықтарды меңгеруді игере отырып, адам құқығы мен мүдде қажеттіліктеріне назар аудару, жалпы адамдық құндылық басымдылықты алға қоюды қамтиды.

Білім мен мәдениеттің жоғарғы деңгейі қоғамның рухани-адамгершіліктік деңгейін көтеретін өзекті мәселелерді рационалды шешуге ықпал етеді. Тұлғаның толеранттылығын қалыптастыруда оқу орындарының маңыздылығы жоғары. Тұлғаны интеллектуалды, этикалық, эстетикалық дамыту бойынша тікелей мақсатқа бағыттап жүргізсе, тұлғаның толеранттылығын қалыптастыру тиімді болады [6, 197 б.].

Студенттердің әлеуметтену процесінде әлеуметтік-психологиялық феноменнің де алар орны ерекше. Әрбір студент ЖОО-на түсе салысымен-ақ іс-әрекеттің жаңа жағдайындағы жаңа әлеуметтік рөлмен бейімделу кезінде бірнеше мәселелер қатарына тап болады. Студенттер жаңа ортаға бейімделумен қатар, үлкен қоғамдық өмірге ену процесін бастайды. Студент жастардың оқу процесінде әлеуметтенуіне әлеуметтік-экономикалық (студенттің және оның отбасысының материалдық-қаржылық жағдайы), саяси (мемлекет саясатының азаматтарына тікелей әсері), адамгершіліктік және мәдени факторлар да тікелей әсер етеді. Сондай-ақ, студенттердің бейімделу процесі сыртқы факторлардан басқа студенттердің өзіндік жеке индивидуалдық, яғни мінез-құлқы, тәрбиесіне де байланысты. Қоғамдық өмірдегі жағдайларды қабылдау, баға беру, қорытынды жасау сияқты құбылыстарды басынан кешіреді. Осының негізінде құндылықтық қоғамдық сана қалыптасады. Жастардың қоғамдық санасының фундаменті болып әлеуметтік құндылықтар, яғни жалпы қалыптасқан мақсаттар мен мінез-құлық нормалары табылады. Студенттік құндылықтық бағыттар жаңа білім, әлеуметтік-психологиялық тәжірибені меңгеру барысындағы, сондай-ақ тұлғаның іс-әрекетіндегі мақсаты, мүддесі, сенімі, айналасындағылармен қарым-қатынасы негізіндегі әлеуметтік процесте қалыптасады. Дәл осы жеке тәжірибе негізінде сту-

дент әлеуметтік орта жағдайына адекватты немесе адекватсыз болып қалыптасады. Тікелей студенттік топтағы әлеуметтік-психологиялық климат, оның топтағы орны, қоғамның білім және мәдени жетістіктеріне қол жеткізу мүмкіндігі, діни сенімі де әсер етеді. Сондай-ақ болашақ маманның тұлға болып қалыптасуына оның университет қабырғасынан тыс бос уақытында өзін жеке-лей дамытуға бағыттауы да тікелей байланысты. Көптеген студенттер қазіргі таңда қоғам сұранысына байланысты ағылшын, қытай, түрік, корей, араб және т. б. тілдерді меңгеруге тырысады. Сондай-ақ әр түрлі спорт түрлерімен айналысады. Бұл да тікелей жастардың құндылығымен түсіндіріледі.

Студенттердің әлеуметтік потенциалы – бұл тек қана білім емес, сонымен қатар денсаулық, өзін-өзі сезінуі, студенттің өзін-өзі тұлғалық жан-жақты дамытуы. Олардың биологиялық және әлеуметтік жетілуі, үйлесімді қоғаммен дамуы, әлеуметтік қорғалуы – бұлардың бәрі педагог және дәрігерлердің, ЖОО-ы мен әлеуметтік қызметтердің, спорт және мәдениет мекемелерінің, отбасы, болашақ жұмыс берушілердің еншісіне тиесілі.

Сондай-ақ, студенттердің әлеуметтену процесіндегі оқытушылардың рөлін айтпай кету мүмкін емес. Оқытушы студентті елінің патриоты, азаматы болуға тәрбиелейді. Дұрыс бағытты, идеологияны қалыптастырады. Болашақ маманның тұлға болып қалыптасуына да бағыт-бағдар беруші негізгі субъект болып табылады. ЖОО-ның сапасы оның профессорлық-оқытушылық құрамымен де тікелей байланысты. Оқытушылар қаншалықты білікті болса, студенттердің де білікті болашақ маман иесі ретінде қалыптасуларына көп мүмкіндіктер бар. Сондай-ақ әрбір академиялық топтардағы қазіргі эдвайзерлердің де ролі маңызды. Эдвайзер тек оқу процесін қадағалап қана қоймай, сонымен қатар оқу процесінде туындаған әр түрлі қиындықтарды шешеді. Эдвайзер әрбір студент өзін көрсете алатындай мәдени-бұқаралық және білім беру іс-шараларын ұйымдастырады.

II. Сорокин білім беру жүйесі тұлғаны әлеуметтендіру, білім берумен ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар қабілетті және дарынды балалардың әлеуметтік иерархияның жоғарғы баспалдағына шығуға жағдай жасайтындығын айтады [6, 195 б.].

Дегенмен, әрбір кезеңнің өз қызығы мен шыжығы бар демекші, студенттік өмірдің де өз қиындықтары бар. Жоғары оқу орны студенттерден тек жақсы оқуды ғана емес, сонымен қатар жоғарғы моральдық-психологиялық дайындықтың болуын да қажет етеді. Қазіргі кредиттік технология бойынша білім беру жүйесі студенттердің негізінен өз бетінше көптеп жұмыс істеулерін, атап айтар болсақ, семинар, студенттің өзіндік жұмысы, студенттің оқытушымен өзіндік жұмысын талап етіп, студенттің оқу жүктемесін қиындата түседі.

Студенттер оқу материалдарын игеру үшін өз уақыттарын жоспарлау қажеттілігі туындайды. Сондай-ақ, қазіргі таңда ақпараттың өте көп болуы студенттердің оқу процесі барысында оларды қабылдау, өңдеу және сақтау мүмкіндігін нашарлатады. Бұл бейімделу кезеңі, әсіресе, бірінші курс студенттері үшін ауыр болып табылады. Бағалаудың жаңа жүйесі, оқу бағдарламаларының күрделене түсуі, ғылыми тіл, жан-жақтан жиналған жаңа орта, олардың арасындағы әр түрлі білім деңгейі, профессорлық-оқытушылық құрам, қоғамдық өмірге араласу және өз бюджетін өзі құру сияқты көптеген факторлар студенттерге тікелей әсер етеді. Сәйкесінше, бұл қиындықтарды жеңу ағзаның күш жұмсауын қажет етеді. Жаңа оқу жүйесінің қиындықтарын жеңуде туындайтын қиындықтар, материалдық жағдайда туындайтын біршама мәселелер біртіндеп әлсіздік, ашушаңдық, мазасыздық, еріктік белсендіктің төмендеуіне алып келеді.

Тағы айта кететін жайт студенттердің ұйқы режиміне мән бермеуі. Кеш жатып, ерте тұру, яғни үнемі ұйқының қанбауы да адам денсаулығын нашарлата түседі. Сондай-ақ, сессия кезеңі. Он күн бойы студенттер күні-түні ауқымды материалдарды игеруге ұмтылып, үлкен стресске тап болады.

Жалпы оқу процесінде студент жастардың денсаулығының қалыптасуына әсер ететін факторларды екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топ – оқу процесімен (оқу күнінің ұзақтығы, оқу жүктемесі, шартты сабақ кестесі, сабақтардың арасындағы үзілістер, оқу аудиторияларының жағдайы және т. б.) тікелей байланысты объективті факторлар. Екінші топқа субъективті, тұлғалық сипаттамалар (тамақтану тәртібі, қозғалу

белсенділігі, көңіл көтеруді ұйымдастыру, зиянды әдеттерінің бар немесе жоқ болуы және т. б.) жатады.

Студенттердің өмір салтын сипаттайтын екінші топтағы факторлар олардың денсаулығына көптеп әсер етеді [3].

Сондықтан да әрбір студент салауатты өмір салтын ұстануға, яғни дұрыс тамақтану, спортпен айналысу, компьютердің алдында көп отырмауға тырысу қажет. Сондай-ақ, дұрыс тайм менеджментті құрастыра білу де өте маңызды болып табылады. Дұрыс құрастырылған тайм менеджмент студенттердің оқу процесіне үлгеруге, бос уақытын дұрыс үлестіруге, яғни артық стрестің болмауына басты себепші болады.

Әдебиеттер

1. *Бароненко В.А., Рапопорт Л.А.* Здоровье и физическая культура студента / Под ред. В.А. Бароненко: Учеб. пособие. – М.: ИНФРА-М, 2006. – 352 с.

2. Здоровье как социальная ценность. Факторы, влияющие на здоровье // <http://socialpol.ru/otvety-k-gosam-po-socialnoj-rabote-zdorove-kak-socialnaya-cennost-factory-vliyayushhie-na.html>

3. *Ушакова Я.В.* Здоровье студентов и факторы его формирования // http://www.unn.ru/pages/issues/vestnik/99999999_west_2007_4/36.pdf

4. *Новак Е.С.* Здоровье студенческой молодежи как социальная проблема // <http://meebooks.com/book/315-zdorove-studencheskoj-molodezhi-kak-socialnaya-problema-nauchnaya-statya-es-novak/2-zdorove-studencheskoj-molodezhi-kak-socialnaya-problema.html>

5. *Мамыканова Б.К.* Стратегия индустриально-инновационного развития Республики Казахстан и новое содержание образования // Материалы международного теоретико-методологического семинара «Основные приоритеты продвижения Казахстана в числе наиболее конкурентоспособных государств». – Актөбе, 2006. – 380 б.

6. *Абдикерова Г.О.* Социализация современной личности. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 281 б.

Түйін

Мақалада ұлт денсаулығы, студент жастардың денсаулық мәселелері қарастырылады. Мақала барысында ұлт денсаулығында рөл ойнаушы факторлар, студенттердің жоғары оқу орнына бейімделу

процесінің ерекшелігі, сондай-ақ студенттердің денсаулықтарына әсер ететін негізгі факторлар келтірілген.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы здоровья нации и студенческой молодежи. Целью статьи является выявление факторов, влияющих на здоровье студентов. Определены основные факторы, которые играют роль формирования здоровья нации в целом, особенности адаптации студентов к высшим учебным заведениям, а также факторы, являющиеся основными причинами проблем со здоровьем студентов.

Summary

This article discusses the health of the nation and students. The purpose of this article is to identify factors that affect the health of students. Identified the main factors that play a role in the health of the nation as a whole, particularly adaptation of students to higher education institutions, as well as the factors that are the main causes of health problems of students.

ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*С.С. Нұрланова, И.А. Ахметова, Г.Т. Туткышева,
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университетінің аға оқытушылары,
әлеуметтік жұмыс магистрлері*

Болашақ ұлттық мемлекеттің іргетасы осы тарихи кезеңдерде қаланған болатын, сондықтан да азаттық жолындағы қасиеттері де қасіретті күресте еңбегі ерен азаматтарымыздың артына қалдырған мол мұрасымен тарихын зерттеу қазіргі таңда зор маңызға ие болып отыр. «Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз», – деп Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев айтқандай, біздің алдымызда «бабаларының игі дәстүрін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары» болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеттері жатыр [1].

Жастарға патриоттық тәрбие берудің маңызы зор. Өйткені, жастар болашақтың кепілі, мемлекетіміздің дамуын жалғастыратын жастардың болашақтарынан зор үміт күтеміз. Жастарды өз Отанын, тілін, дінін, халқын, ұлтын, жерін құрметтеуге бейімдеуіміз керек. Отансүйгіштікке тәрбиелеуіміз керек. Отанына адал, халқы үшін қызмет ететіндіктерін саналарына құйып өсіруіміз керек. Жастарымыз еліміздің рәміздеріне құрметпен қарап, өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ат салысулары қажет. Өз ана тілдерін, яғни қазақ тілін құрметтеп, жетік меңгерулеріне жан-жақты қолдау көрсетуіміз қажет. Мемлекет тарапынан жастарға әлеуметтік, материалдық қолдаулар көрсетілуі тиіс.

Ата-бабамыздың тәрбиеге өте үлкен жауапкершілікпен қарағаны баршамызға аян. Өткен тарихымызға көз жүгіртіп қарасақ, қазақ халқындағы небір шешен, ақын, жыршы, зергер, сәулетші, қара қылды қақ жарған билер мен қазылардың ата-

дан балаға мирас болған тәлімін көреміз. Кез келген халықтың тәрбие беру ісінде өзіне тән ерекшеліктері болатыны секілді, қазақ халқында да, сан ғасырлар бойы жас ұрпақты имандылық пен ізгілікке, адалдық пен әділеттілікке, қарапайымдылық пен мейірбандылыққа, ерлік пен батырлыққа тәрбиелеген ғұлама ғалымдары, шешендері мен билері, батырлары мен ақын-жыраулары болғаны баршаға мәлім. Ғалымдар халқымыздың сан ғасырлардағы рухани мұрасын, әсіресе оқу, тәлім-тәрбие мәселесін философия, социология, мәдениеттану психология, педагогика ғылымдарының зор жетістіктерін пайдаланып, асыл қазыналарын жоғары теориялық биіктен талдап, ғылыми көзін ашуда.

Кемеңгер ойшыл бабаларымыз Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Махмұт Қашғари, Ахмет Жүйнеки, Сайф Сарай, Қадырғали Жалайри, Дулати, Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрім, т. б. ғұлама-ғалымдар өздерінің шығармаларында ел мен жер, Отанды сүю, ар-ождан, намысты қорғау, ғылым, білімді халық игілігіне жұмсау секілді ұлттық рухтың өзекті мәселелеріне ерекше мән берген.

Бүгінгі таңда көп ұлтты Қазақстан халқының болашағын қамтамасыз ету үшін жеткіншек жас ұрпақтарды, жастарды мемлекеттік рәміздер мен «Мәдени мұра» нысандарына, жалпы ұлттық құндылықтарды құрметтеп, қастерлеуге бағдарланған патриоттық тәрбие беру өзекті мәселеге айналууда. Бұл жөнінде еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан-2030» атты Қазақстан халқына жолдауында «Оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет», – деп атап көрсетті.

Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясында «Патриотизм» – Отаншылдық, отансүйгіштік, адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүріне, мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі», – деп анықтама берілген [2].

Р.А. Жаңабаеваның пікірінше: «Патриотизм ұғымы азаматтардың қоғамдық өмірдің саяси құрылымына және басқа да компоненттеріне деген идеологиялық қарым-қатынасын білдіреді. Әрбір адам осы бір жоғары да ізгілікті сезімді әр түрлі түсінетіні белгілі: біреулер бұл ұғымды өз отбасы, істеп жүрген

жұмысы, туып-өскен және мекен ететін жерімен астастырса, ал екінші біреулер үшін бұл мемлекет, ел, қоғам, қоршаған ортаны тұтасымен қамтитын аса кең мағыналы ұғым. Патриотизм, жалпы алғанда, ұлттық мәдениеттің, ал, жекелей алып қарағанда, саяси мәдениеттің элементі болып табылады», – деп тұжырымдаса.

Ал, С. Иманбаева: «көпұлтты Қазақстан үшін қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі бағыттары: бірінші – ұлттық экономиканың дамуы, қалыптасуы мен оның халыққа қызмет етуі, екінші – Қазақстанды мекендейтін халықтардың еркін дамуы, тілі, діні, мәдениеті, әдет-ғұрпы және мемлекетке атын берген ұлттың тілін, дінін құрметтеу мен сол елді Отаным деп тану, тәуелсіздігі мен егемендігін сақтауға бір адамдай ат салысу, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарау, үшіншіден – өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты дамыту және т. б.» – деген анықтаманы береді.

Д. Құсайынова «патриотизм» дегеніміз – адамның туа біткен, биологиялық қасиеті емес, ол – әлеуметтік, тарихи қалыптасқан, Отанға деген сүйіспеншілік сезім, ол Отанға қызмет етуден көрінеді, – деп анықтап, Патриотизмнің мазмұнына мыналарды жатқызған жөн: адамның өзі туып-өскен жеріне сүйіспеншілік сезімі; ана тіліне құрметпен қарау; Отан мүдделеріне қамқорлық жасау; азаматтық сезімдердің көрініс беруі және Отанға адалдықты сақтау, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау; әлеуметтік және мәдени жетістіктерге деген мақтаныш; Отанның тарихи өткеніне және одан қалған мұраларға, дәстүрлерге құрметпен қарау; өз еңбегін, күш-жігері мен қабілеттерін Отанның гүлденуіне арнауға ұмтылу», – деп мазмұндық сипаттама береді.

Қ.Ә. Ибрагим «Қазақстандық патриотизм жоғары азаматтық сезім, өскелең ұрпақтың адамгершілігін қалыптастырудың рухани тірегі болып табылады», – деп, анықтайды.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде халықтар арасындағы бірлікті нығайту, отансүйгіштікке тәрбиелеу, тіл мәдениетін орнықтыру мәселелеріне тоқталып: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – Қазақстандық Отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін

қалыптастыру. Шынайы Отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді» – делінген [3].

Тәрбиедегі ең басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болуы керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымғы тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық әлемге аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезі мен өткеннің талаптары, объективті факторлары негізінде жас ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған бай тәжірибе арқылы тәрбиелей отырып, өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игере түсуі керек» [4].

Патриотизм – туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілік. Оның негізгі элементтері: туған жер, ана тілі, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі және оларды құрмет тұту.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан. Патриоттық тәрбиенің негізгі мазмұны: туған жердің табиғаты, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар болып табылады.

Патриоттық тәрбие – қоғамдық дамудың әрқилы кезеңдерін бастан өткізіп келе жатқан тарихи құбылыс. Ол қазақ халқымен бірге жасалып жатқан сезім болып табылады. Отаншылдық сезім – адамда жүре пайда болатын жеке тұлғаның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, әлеуметтік құбылыс.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың патриоттық тәрбиесі ең алдымен отбасы мен бастауыш сыныптардағы білім мен тәрбиеге байланысты болса, екіншіден балаға жақын ұлттық көркем шығарманы оқу арқылы қалыптасады. Яғни, патриоттық тәрбиені бастауыш сыныптан бастап жүзеге асырудың маңызы зор. Оның себебі, бастауыш сағыдағы кезең – бала дамуының ұйытқысы, іргетасы болып, оқу әрекеті қалыптасуының өте қолайлы кезең. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбиені көркем шығармалар арқылы жүзеге асыруға болады.

Қазақстандық патриотизм – біздің мемлекетіміз сияқты жаңа әлеуметтік, психологиялық және саяси құбылыс. Қазақстандық патриотизмнің тарихи тамыры терең, ол ғасырлар бойы қалыптасқан Қазақстан халықтары арасындағы демократиялық дүниетанымға, адамгершілікке және дәстүрлік пен өзгелерді жатырқамайтын қазақ ұлтының менталитентіне негізделген.

«Татулық, достықтың киелі белгісі – Мейірбан Ұлы Отан, қазақтың даласы!» – деп еліміздің Әнұранында айтылғандай, Қазақстандық патриотизм тарихи ұлы мұра – халықтар достығына сүйенеді.

Қазақстандық патриотизм халықтық болмыстан бойға дарып, ой сананы жетілдіретін құбылыс. Елжандылық, Отансүйгіштік қасиетті сақтай білу, қазақ мемлекеттігін нығайту жолындағы үрдіс пен оны үйлестіруге үлес қосу әрбір алаш азаматының, әрбір Қазақстан азаматының парызына айналуы тиіс.

Қазақстандық патриотизмге келсек, ол тек қазақтардың ғана өз Отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние .

Өркениетті ұлт ең алдымен өзінің тарихымен, мәдениетімен көрінеді. Ендеше сол ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп келер ұрпаққа аманаттау – «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты болып, ал оның алға қойған міндетінің түпкі мәні ұлттық құндылықтарды түгендеп, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу болып отыр. Бұл тұрғыда кешенді тарихи туристік-өлкетану нысандары (тарихи кешендер) ерекше маңызға ие болады. Олар оқушыларға патриоттық тәрбие берудің міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі, білімдерін нығайтуға мүмкіндік жасап, оларды қоғамдық өмірмен байланыстыруға жағдай тудырады. Патриотизм – адам тұлғасының, оның рухани дүниесі мен тіршілік іс-әрекетінің барлық жақтарымен байланыстағы маңызды, түпкілікті қасиеттерінің бірі деп есептейміз. Патриотизмде тұлғаның дүниетанымдық жетілуі, адамгершілік сенімділігі, құндылықтарды бағалай білу біліктілігі, азаматтық бағыт-бағдары, оның өмірлік көзқарасы тәжірибелік мінез-құлқы көрсетіледі. Сондай-ақ, шығармашылық байқау ән, жыр, авторлық

кештер адамға жан-жақты әсер ете алатын танымдық қасиеті болғандықтан, ол оған барлық осы аспектілерді, патриоттық сана, сезім және іс-әрекетті қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Қазіргі әлеуметтік әрекет кеңістігінде плюрализм әр адам үшін негізгі әлеуметтік бағдарға өмір сүру стилінің эталонына айналды. Сондықтан кешегі рухани өмірдегі аномальді құбылыстар, бүгін жоғары мәртебеге ие болуда. Сайып келгенде, плюрализм қоғамдағы патриоттық сезімдер мен гуманистік қатынастарға өзінің елеулі ықыласын тигізуде. Осының салдарынан халықтағы ерекше бұқаралық көңіл-күйдің әдеттегіден де көтеріңкі болуын, осыдан туындайтын тобырлық сананың басымдығына патриоттық сезімнің орнына космополитизм «пендешілік» пиғылдардың үстем болуын байқауға болады.

Зерттеуші ғалым Ә. Қалмырзаев халықтың патриоттық сезімін қалыптастыру үшін алғышарттар пісіп-жетілуі керек дей келе, оларды атап көрсетеді.

«Қазақстан халықтарының ұлтына, жынысына, тегіне, дініне қарамастан Заң алдындағы теңдігі, бірдей құқықтығы қоғамдағы саяси тұрақтылық пен бірлікті қамтамасыз етудің шарты ғана емес, қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың бірден-бірі іргелі алғышарты болып табылады.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың екінші арнасы – экономикалық негіз жұмыссыздық пен кедейлік – елдің бірінші жауы. Сырттан жау алмайды. Негізгі ішкі жау – жұмыссыздықпен кедейлік, күйсіздік. Бұл екеуі тұрғанда ешқандай патриотизмге жол жоқ. Отаншылдық сезімді қалыптастырудың тағы бір алғышарты – халық пен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайту».

Осы алғышарттардың әрқайсысын талдай отырып, автор мұның бәрі ұлттық қауіпсіздікке әкелетінін еске алады. Өз ойын түйіндей келе автор ел басының жыл сайын халыққа жолдайтын жолдауымен байланыстырады. Ұлттық қауіпсіздікті отаншылдық идеясымен, абстрактылы идеализммен, адамның психологиялық көңіл күйімен байланысты қарастырады. Өйткені ұлттық қауіпсіздікті тек найзаның ұшымен қару-жарақтың күшімен ғана сақтап қалуға болмайды. Суық қару күшті болғанымен, ұлттың рухы төмен болса, әскердің қай түрі болса да әлсіздік көрсетеді.

Патриоттық сезім ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. Сол себептен де Елбасы өзінің халыққа жолдауында азаматтардың отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуды ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың негізгі элементтерінің бірі ретінде таниды» – деп ой қорытады.

Патриоттық тәрбие дегеніміз – ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрі негізінде оқушылардың ерік-жігерін табандылық, батылдық қасиеттерімен бірге ұлттық сана, парыз, намысты қалыптастыра отырып, елін, жерін, Отанына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдердің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың анасына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, патриоттық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр.

Ұлттық және жалпы қазақстандық намысты ояту мәселесіне келгенде қазіргі қоғамда демократиялық өзгерістерге орай жаңаша патриоттық мазмұн, студенттердің рухани азығына айналып отыр.

Жалпы патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, мемлекет алдындағы борышын жанқиярлықпен орындау.

Ұлттық патриоттық білім беру құралдары болып саналады: ұлттық тіл, ұлттық-әдеп ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, ұлттық тарих, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар, тағы басқалар, ұлттық патриотизм ерекшеліктерін айқындайтын маңызды мәні.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттер, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие-ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілікпен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды.

Патриоттық сезімі бар жастарға болашағымызды нық сеніммен тапсыруымызға болады. Біздің болашағымыз патриоттық жастар. Мемлекетімізде патриотты жастар, яғни Отанына адал жастар көбейе берсін демекпіз.

Әдебиеттер

1. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде. – Алматы, 1993. – 32 б.
2. Қазақстан Республикасының орта білімнің тәлім-тәрбие тұжырымдамасын // Егемен Қазақстан. – Алматы, 2003, 26 желтоқсан.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – Алматы, 2004
4. Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» Жолдауы // Егемен Қазақстан. – Алматы, 2004

Түйін

Бұл мақалада жастарға патриоттық тәрбие берудің маңыздылығы мен жолдары қарастырылған. Патриоттық тәрбиелеудің арқасында жастарды Отансүйгіштікке, халқына адал қызмет етулеріне, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарап, ана тілін, дінін, құрметтеулеріне негізделеді. Себебі, біздің болашағымыз патриоттық жастар.

Резюме

В статье рассматриваются основные пути патриотического воспитания молодежи. Посредством патриотического воспитания решаются задачи любви к Родине, преданности своему народу, уважительного отношения к символике своей страны, родному языку, религии. Патриотически воспитанная молодежь является нашим будущим.

Summary

The article system is considered the main ways of patriotic education of youth. Through patriotic education solves problems of love of country, devotion to the people, respect for the symbols of the country, native language, religion. Since patriotic educated youth is our future.

ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗІН-ӨЗІ СЕЗІНУДІ ӘМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

Ә.Т. Омарова,

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ, PhD-докторанты

Әлеуметтік өзгерістерді қоғамда әлеуметтік құбылыс ретінде екі деңгейде қарастыруға болады – объективті және субъективті. Сондықтан да, бұл құбылыстарды әлеуметтанулық талдаудың логикасы мен интерпретациясы тұрғысынан қарастырсақ, әр түрлі әлеуметтік топтар өкілдерінің әлеуметтік өзгерістерді бағалау арқылы анықтау қажет.

Көптеген заманауи әлеуметтік процестер мен құбылыстарды зерттеуде пәнаралық ыңғай қолданылып келеді, әсіресе, әлеуметтік-психологиялық түсініктер кеңінен қолданылады. Олардың ішінде «әлеуметтік көңіл-күй», «әлеуметтік перцепция», «әлеуметтік сезім» және «әлеуметтік өзін-өзі сезінуді» бөліп көрсетуге болады. Аталған терминдер, психологиялық кеңістік шеңберінен шықса да, олар тек қана психологиялық емес, сонымен қоса әлеуметтік сипаттаманы өлшеуде қолданылады. Адамдардың өзінің өмірін субъективті қабылдауы тек психологиялық зерттеулердің құзыреттілігі болуынан қалды, себебі адамдардың өмірлік іс-әрекеттеріне объективті факторлардың да әсері зор.

«Әлеуметтік өзін-өзі сезіну» түсінігінің әлеуметтанулық мағынасын анықтау мен оны зерттеудің әлеуметтанулық ыңғайының ерекшелігін анықтау жеңілдірек болды, өйткені, отандық және шет елдік әлеуметтануда оны анықтаудың методологиялық базасы қалыптасқан. Әлеуметтік-психологиялық, субъективті феномендердің сипаттамасына және олардың әлеуметтануда қолданылу тәжірибесіне арналған бірқатар жариялымдарды айтуға болады.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінуді зерттеудің алғышарты ретінде қоғамдық сана-сезімді зерттеген ресейлік, отандық зерттеушілердің – психологтардың, философтардың және әлеуметтанушылардың еңбектері табылады. Бұл жерде ХХ ғ. Ресей

ғалымдары В.М. Бехтерев, П.П. Викторов, Л.Н. Войтоловский және Л.И. Петражицкийдің еңбектерін атасақ болады, олар әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде қоғамның көңіл-күйін қарастырған. 1960 жылдың ортасында жарық көрген Б.Д. Парыгиннің «Қоғамдық көңіл-күй» атты монографиясы күні бүгінге дейін әлеуметтік өзін-өзі сезінуді құрылымдауда методологиялық мәнін сақтап келеді.

1980 жылдардың ортасында әлеуметтік өзін-өзі сезіну мәселесіне тікелей арналған, өмір бейнесі концепциясы арнасына бағытталған теоретикалық еңбектер пайда бола бастайды. Индивидтің өмірлік жағдайы оның объективті параметрлері тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге, субъектінің қабылдауы мен бағалауы тұрғысынан қарастырылуы керек дейтін болсақ, зерттеушілер өзін-өзі сезінудің құрылымдық бірліктері ретінде эмоция, сезім, индивидтің көңіл-күйін қарастырған.

Келесі онжылдық – 90 жылдар әлеуметтанудағы эмпирикалық зерттеулердің серпілісімен мәлім. Әлеуметтік өзін-өзі сезіну термині жиі қолданыла бастады және анықсыздық, тұрақсыз мәндерге ие болды. Ұғымның қарапайымдылығы мен әйгілілігі көптеген зерттеушілердің назарын аударып, осы тақырыптағы эмпирикалық зерттеулердің белсендірілуіне әсер етті. Осы кезеңдегі көптеген жариялымдар эмпиризммен, әлеуметтік өзін-өзі сезінудің кешенді сипатын бағалаумен белгілі. Осы тұрғыда әлеуметтік өзін-өзі сезінуді зерттеудің методологиялық амалды қолданған профессор Л.Я. Рубиннің жетекшілігімен жүргізілген зерттеуді атасақ болады [1].

«Әлеуметтік өзін-өзі сезінуге» қатынасында комплексарлы түсінігіне арнаған Ж. Тощенко мен С. Харченконың «Әлеуметтік көңіл-күй» еңбегінің шығуы маңызды болды [2]. Автор адамның санасы мен мінез-құлқы нақты тарихи жағдайда қоғамдық өмірдің әр түрлі әлеуметтік құрылымдарының, процестер мен құбылыстардың пайда болуы мен қалыптасуын қамтамасыз етеді деп көрсетеді. Мұндай көзқарас әлеуметтік өзін-өзі сезіну концепциясын қазіргі қоғамды зерттеуге эвристикалық қолдануға мүмкіндіктер туғызады. Бұған әлеуметтік өзін-өзі сезінудің интегралды индексіне бағытталған украиналық әлеуметтанушылар Е.И. Головахи мен Н.В. Паниннің еңбектері дәле бола алады [3].

Әлеуметтік өзін-өзі зерттеудің қалыптасқан теориялық және методологиялық бағытын талдау, бұл түсініктің әлеуметтанулық зерттеу тәжірибесінде белгілі бір мазмұнға ие қажет деген қорытындыға әкеледі.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің талдауда детерминациялық талдау әдіснемесі қолданылады. Детерминация социумды мен мәдениетті жалпы түсінумен анықталады. «Адам өмірінің мәдени детерминациясы» механизмі ретінде ереже, норма, құндылық, салт-дәстүр және басқа да шектеулер алынады. Заманауи әлеуметтанулық білімнің трансформациясы процесінде детерминацияның мәні мен мазмұны қайта қарастырылады: детерминацияның себеп-салдарлы байланыстармен түйіспеуі; кездейсоқтық, ықтималдылық есебі; детерминацияның бірімәнділігі; еркіндік және адам іс-әрекетінің детерминациясы; детерминация түрлерінің шектелуі (генетикалық, құрылымдық, функционалдық және т. б.).

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің басқару іс-әрекетінің детерминанты: оның оптимизациясы – саясаттың мақсаты; экономикалық және әлеуметтік мәселелердің шешілмегендігін көрсете отырып, әлеуметтік басқаруды детерминанттайды, сол арқылы басқарушыларды белсенді іс-әрекетке, жаңа ресурстар іздеуге, нақты басқарушылық шешім қабылдауға, кей-кезде тәуекелділікке де итермелейді; сонымен бір уақытта, ол қандай да бір әлеуметтік реформаларға халықтың реакция индикаторы болып табылады; әлеуметтік қауымдастықтардың және нақты тұлғаның өз өміріне қанағаттануы (қанағаттанбау) әлеуметтік басқарудың тиімді көрсеткіштері болып табылады, оның мүмкіндіктері мемлекеттік биліктің құрылымдарымен таңдалған саяси бағыттарды түзету мен өзгерту қажеттілігін негіздей отырып, мәселелерді шешеді.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің детерминациялық рөлі келесі кезеңдерде көрінеді. Біріншіден, ол халық үшін өзекті болып табылатын қажеттіліктердің мазмұнын анықтайды. Соған орай, халықтың қажеттілік мазмұнын да, халықтың бір тобының мінез-құлқы мен қажеттіліктерінің басқа топқа әсерін анықтайтын негізгі факторлар анықталады.

Әлеуметтану әлеуметтік өзін-өзі сезінуді түсінудің өзіндік амалын жасайды. Бұл категория – қазіргі әлеуметтанудың

ұғымдар аппаратының ажырамас бөлігі. Бұл әлеуметтік құбылыстың көпқырлылығы оның әлеуметтанулық амалдағы анықтамаларының әртүрлілігін анықтайды: әлеуметтанулық және әлеуметтік-психологиялық амалдардың бірлігі; әлеуметтік топтың және тұлғаның өмірлік жағдайға тұрақты эмоционалды-психологиялық реакциясы, соған сәйкес, субъектінің белсенділігі, оның өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі ұстай білуі, әлеуметтік процесстерге қосылуы ерекшеленеді; өмір жолының әр түрлі аспектілеріне қанағаттану деңгейі мен әлеуметтік субъектілердің жеке мүмкіндіктерін бағалауы интегралды сипаттамасы. Бұл бағытқа деген қызығушылық әлеуметтік өзін-өзі сезінудің материалды-биліктік ресурсын зерттеуді көрсетеді. Әлеуметтік өзін-өзі сезіну ұғымының әртүрлі әлеуметтанулық анықтамасына ортақ белгісі – оның жүйелілігі, тұтастығы және интегративтілігі. Оны талдау сараптамасының басты аспектісі – берілген феноменді анықтаушы детерминант жүйесін ұғыну табылады. Әлеуметтік өзін-өзі сезінуде әлеуметтік субъектінің өмірлік жоспарлары мен өмірлік стратегияларының табыстылығы (табыссыздығы) нақтыланады және сипатталады. Мұндай түсініктің астарында индивидтің қазіргі реформаларға әлеуметтік-мәдени қарым-қатынасы жатады. Әлеуметтік диагностика адамдардың қанағаттанбауын тудыратын әлеуметтік мәселелер динамикасымен тығыз байланысты. Адамдардың әлеуметтік игіліктердің жетіспеушілігін сезінуі оның әлеуметтік өзін-өзі сезінуін нашарлатады. Бұл адамдардың өзінің әлеуметтік амандығын бағалауымен байланысты өзін-өзі сезінуін өлшеуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің басты индикаторы ретінде өмірдің түрлі аспектілеріне қанағаттану (қанағаттанбау), ертеңгі күнге сенімділік (сенімсіздік), экономикалық және саяси реформалардың әлеуметтік мәнділігін бағасы, жаңа қиындықтарға дайындылық деңгейі, билік құрылымдарының іс-әрекетіне қатынас алынады. Осындай амалдар арқылы әлеуметтанушы әлеуметтік ойларды құрылымдау саласына енеді, сол арқылы әлеуметтік өзін-өзі сезінудің ішкі бейнесін береді, яғни түрлі әлеуметтік топтардың әлеуметтік игілікті объективті сипаттамасы мен субъективті бағалаулардың сандық және сапалық сипаттамсын анықтайды.

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну құрылымында эммоционалды, когнитивті және мінез-құлықтық компоненттері бөліп көрсетіледі. Әлеуметтік өзін-өзі сезіну – әлеуметтік іс-әрекеттер агенттерінің әлеуметтік өмірді ұйымдастыруда қолданатын рефлексивті әлеуметтік білімнің маңызды механизмі, бұл әлеуметтанулық мәселелердің мысалы бола алады.

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну ұғымының теориялық мәні оның көрінетін салаларын белгілейді, оған материалдық, экономикалық жағдай; еңбек, жұмысбастылық, кәсіп; әлеуметтік инфрақұрылым; ұрпақ аралық қарым-қатынастар; отбасылық қатынастар; өндірістік ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық климат; экологиялық жағдай және қылмыстық жағдай жатқызылады.

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің сараптамасына мағыналары жақын әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық түсініктерді қосуымызға болады, мысалы, *әлеуметтік көңіл-күй*, *әлеуметтік өзін-өзі бағалау*, *жұмыспен қанағаттану*.

Сонымен қоса әлеуметтік өзін-өзі сезіну индивидтің заманауи трансформациялық процестерге енуі мен оларды тәжірибеде игеру деңгейін көрсететін бірқатар амалдардың типологиясын көрсетуге болады.


Әлеуметтік-психологиялық амал өкілдері әлеуметтік өзін-өзі сезінуді екі басты позицияда қарастырады: біріншіден, психиканың тобырлық құбылысы ретіндегі қоғамдық сананың формасы ретінде, екіншіден, индивидтің жеке өзінің өмір бейнесіне рефлексиясы ретінде, әртүрлі жақтарына қанағаттануы ретінде.

Әлеуметтік-антропологиялық амал адамның әлеуметтік өзін-өзі сезінуін қажеттілік ретінде, яғни индивидтің өзін қоғам мен топ мүшесі ретінде өзін-өзі сақтауы ретінде қарастырады.

Әлеуметтік процессуалды бағыт өкілдері әлеуметтік өзін-өзі сезінуді социумда орын алып отырған экономикалық, саяси, әлеуметтік процестердің «айнасы» ретінде қабылдайды. «Классикалық емес» әлеуметтану шеңберінде төртінші әлеуметтік-энергетикалық бағыттың негізі қалыптасады. Амалдың базалық түсінігі болып виталистік концепцияға бағытталған (С.И. Григорьев және т. б.), «адамның өмірлік күші» ұғымы

табылады. Бұл парадигмада маңызды нәрсе адамның өзінің өмірін қоғамның барлық саласында жақсарту алу мүмкіншілігі адамдардың индивидуалды-тұлғалық және қоғамдық іс-әрекеттерімен де, әлеуметтік өмірдің мәдени дамуымен де байланыстырылады.

Жалпы тұрғыда әлеуметтік өзін-өзі сезіну құрылымының сызбалық бейнесі төмендегідей мәнде берілген (Сызба 1):



Сызба 1. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің құрылымы [4]

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің энергетикалық компоненті әлеуметтік субъектизмде көрінетін индивидтің, әлеуметтік топтың өмірлік күш деңгейін түсіндіреді. Өмірлік күш негізінде индивидтің әлеуметтік рөлдер жүйесі қалыптасады. Энергетикалық компонент әлеуметтік өзін-өзі сезінудің базалық элементтеріне негізделеді:

– когнитивті (жеке өмірінді базалық әлеуметтік ортада және қатынастарда: экономика, саясат, әлеуметтік-тұрмыстық өмір және т. б. бағалай алу мүмкіндігі);

– эмоционалды (әлеуметтік бейімделуге, әлеуметтік потенциалға қатысты уайымдау);

– мінез-құлықтық (қоғамның нақты қызметтерінде өзін-өзі дамытуға дайындық).

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің аксиологиялық компоненті өмірлік жолында саналы түрде таңдаған құралдар мен объектілері арқылы субъектінің өзінің тұрмысы мен қызметінің қырым-қатынасын көрсетеді. Құндылықты бағдарлар идеалдарда, өмірдің жеке мағыналарында нақты көрінеді және индивидтің (топтың) әлеуметтік мінез-құлқында алға шығады. Құндылықты бағдарлар жеке негізінде когнитивті, эмоционалды және мінез-құлық механизмдеріне ие.

Адамның әлеуметтік өзін-өзі сезіну конструктивті қарастыру тұтас қалыптасқан эмоционалды ерекше қалып күйінде, яғни адамның орын алып отырған жағдайды қабылдау мен бағалай алу қасиетін көрсетеді.

Мұндай көрсеткіштер қатарына біздің пікірімізше, ертеңгі күнінен сенімділікпен және өмірге толық қанағаттана білуі;

- әлеуметтік дискомфортты жеке уайымдау деңгейінің бағасы, яғни өмірдің бірқалыпта тұрмауы;

- қалыптасқан мінез-құлықтың өмірлік стратегиясын бейнелейтін эмоционалды-динамикалық мінездеме жатады.

Адамның толықтай әлеуметтік өзін-өзі сезіну көрсеткіштеріне назар аудара отырып, адамның бір уақытта социумның бірнеше кезеңдерінің субъектісі болатынын айтуымыз керек.

Қазіргі кезеңде көбірек қолдануға ие болып жүрген Н.И. Лапина мен Л.А. Беляеваның әдістемесі бойынша әлеуметтік өзін-өзі сезіну үш негізгі құраушылардың көмегімен өлшенеді: 10 әлеуметтік қауіптен қорғалу деңгейі, жалпы өзінің өміріне толық қанағаттану деңгейі және әлеуметтік оптимизм деңгейі (өмір сүру деңгейін өткен жылмен салыстыру, болашақтан күту, болашаққа сеніммен қарау) [5].

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну сезімтал көрсеткіш, ол тек индивидуалды өмірлік тонусты ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы жеке орнын, сонымен бірге, индивид өмір сүретін социумның жағдайын қабылдауын көрсетеді. Сол себептен де оның базалық эмпирикалық индикаторы болып келесілер алынады: индивидтің өзіне қатынасында – көңіл-күйін, эмоционалды жағдайын, өмірлік қанағаттану және материалдық әл-ауқатын өзіндік бағалау; қоғамға қарым-қатынасында – еліміздегі экономикалық потенциалдың және саяси ахуал бағалау [6].

Сондықтан да, әлеуметтік өзін-өзі сезіну социумның өмірлік қанағаттануының және болашаққа деген сенімділіктің интегралды көрсеткіші ретінде, аумақтағы және еліміздегі әлеуметтік тұрақтылықтың жағдайының индикаторы ретінде қатыса отырып, индивидтің, топтың, социумның жалпы кешенді ішкі жағдайын сипаттайды. Оны қазіргі қоғамда әр түрлі әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік зерттеулер арқылы қарастыру, индивидтің тек эмоционалды-іскерлік жағдайын ғана емес, жеке топтардың, жалпы ел халқының жағдайын зерделеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. *Рубина Л.Я.* Профессиональное и социальное самочувствие учителей // Социс. – 1996. – № 6. С. 63–75.
2. *Тощенко, Ж.Т.* Социальное настроение / Ж.Т. Тощенко, С.В. Харченко. – М., 1996. – 195 с.
3. *Головаха Е.И.* Интегральный индекс социального самочувствия (ИИСС): конструирование и применение социологического теста в массовых опросах / Е.И. Головаха, Н.В. Панина. – Киев : Ин-т социологии, 1997. – 300 с.
4. *Баталова Н.Л.* Социальное самочувствие молодежи в условиях изменяющегося общества (региональный аспект) // Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата социологических наук. – Тюмень, 2009. – 26 с.
5. *Лапин Н.И., Беляева Л.А.* Программа и типовой инструментарий «Социокультурный портрет региона России» (Модификация 2010); Рос. акад. наук, Ин-т философии. – М.: ИФРАН, 2010. – 135 с.
6. *Асланова О.А.* Социальное самочувствие: измерительный инструментарий, показатели и социальные критерии // Теория и практика общественного развития. – 2012. – № 2. – С. 59–63.

Түйін

Мақалада әлеуметтік өзін-өзі сезінудің әртүрлі ғылыми амалдардағы және әлеуметтану ғылымындағы интерпретациясы мен өлшеу әдісі қарастырылады. Әртүрлі индикаторлар, көрсеткіштер және әлеуметтік критерийлер арқылы халықтың қазіргі қоғамдық өмірдегі әлеуметтік өзін-өзі сезінуіне әсер ететін негізгі факторлар айқындалады.

Резюме

В статье исследуются различные научные подходы, методики измерения и интерпретации социального самочувствия в социологической науке. Через различные индикаторы, показатели и социальные критерии раскрываются основные факторы, влияющие на социальное самочувствие населения в условиях современной общественной жизни.

Summary

This article investigates the various scientific approaches, methodic of measurement and interpretation of social well-being of sociological science. Through the different indicators and social criteria the main factors affecting the social well-being of the population in conditions of modern social life are revealed.

ЖАСТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ӨЗГЕРІСТЕРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ

М.У. Оңдасынова,

Абай атындағы ҚазҰПУ,

«Мәдениеттану» мамандығының 1 курс магистранты

Биылғы жылдың басты жаңалығы барлығымызға маңызды бастама беріп, даму жолын көрсетіп берген Елбасымыздың «Мәңгілік ел-2050» стратегиялық жолы болды. Қазақ елінің өркениетті ел болып қалыптасу сатысында бұл жобаның мәні біз үшін қажет. Жүрер жолымызды бір арнаға біріктіретін, үлкен-кіші боп атсалысатын бастамада әрине жастардың еңбегі өз алдына. Талапта көрсетілген «жастардың қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне әлеуметтік бейімделуі» деген тақырып мені қатты қызықтырады. Себебі, тал бесіктен – жер бесікке дейінгі аралықты қамтығанда бөбек, бүлдіршін, жасөспірім, жастар, азаматтар болып сатыланған адами қалыптасуда бүлдіршіннен кейінгі жасөспірімдерге тоқталайықшы. Жасөспірім шақтан жақсы тәрбиемен шыққан бала студент болғанда да мәдениетті жастардың қатарын толықтырады емес пе? Қоғамдағы әлеуметтік мәдениет жасөспірімдерге қаншалықты деңгейде дәріптеліп жатқанына тоқтала кеткен жөн болар. Жасөспірімдердің тәрбиесімен кімдер айналысады, ата-аналар ма, ұстаздар ма? Ал, балалар отбасы мен мектептің арасында ғана жүрмейді ғой. Сонда қоғамдық орта қандай тәрбие береді? Әлеуметтік мәдениет дегеніміздің өзі қоғамның тәрбиесі. Жақсы тәрбие тек ата-аналармен, ұстаздармен шектелмей, әлеуметтік қоршаған ортамен де тығыз байланысты. Сондықтан да әлеуметтік-мәдени өзгерістерге әлеуметтік бейімделу жағдайы қандай? Қалай болып келді, ары қарай не болады?

Ия, жасөспірімдердің әлеуметтік мәселесі жеткілікті. Құқықбұзушылық, қылмыс, тонаушылық, тұтынушылардың көзі, яғни тауары, жасөспірім қыздардың кәмелетке толмай жүктілікті бастан кешуі, жасөспірімдер арасындағы суицид. Айта берсең ауытқушылықтар жан ауыртады. Жағдайдың қандай

болып келгендігі сосын қандай болатындығына тоқталып, әлеуметтік мәдени өзгерістеріне әлеуметтік бейімделуін ойластырайық. Алдымен қыздар мәселесін аздап зерттеп қарайықшы!

*Қыз өссе елдің көркі,
Гүл өссе жердің көркі.*

«Қызды қырық үйден тыю» – деп, қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген қазақ халқы әрқашанда қызды құтты қонақ деп төрінен орын берген. Қай ата-ана болмасын өз баласы үшін еш нәрсені аямайтыны анық. Баласы үшін үй салып, жұмыс істеп, мал жинап, таңның атысы кештің батысы үй бетін көрмей күйбеңдеп тіршілік қамымен жүретіні рас. Бірақ осы тіршілік қамымен балаға дұрыс тәрбие беруге уақыт аз бөлінетін сияқты. Әсіресе жасөспірім қыз балаларды салт-дәстүрімізден алшақтатып, ұлттық мәдени тәрбие беруді уысымыздан шығарып, ұмыт қалдырып бара жатқан сияқтымыз. Әсіресе қазіргі батысқа еліктеушілік заманда қаракөз қыздарымыздың тәрбиесі мені қатты алаңдатады. Себебі өзім де қыз өсіріп отырған соң, олардың болашақтағы құрбыларының тәрбиесі де қандай болатынына немқұрайды қарай алмаймын. Қазір жасөспірім қыздарымыздың тәрбиесі өте төмендеп кетті. Одан қалса жасөспірімдерді тауар ретінде тұтынушылар да көбейіп барады. Тұтынушылар демекші, 1998 жылы Стокгольм қаласында жасөспірімдерді қанаудан, тұтынушылардан қорғау мақсатында ТМД елдерінен басқа шет мемлекеттердің қатысуымен өткен халықаралық Конгресте осы мәселе қарастырылған болатын. Сол жиында Ұлыбританиялық «Экономика» газетінде жарияланған статистикалық зерттеу нәтижесі ортаға шығарып, жасөспірімдерді тұтынушылардың ең басты субъектілері – полицейлер, дін мекемелері, саясаткерлер мен мұғалімдер болып келгені көрсетілген еді. Ал мұндай сұмдыққа біз таңдана аламыз ба?. Себебі мұндай мәселелер қазіргі уақытта біздің елімізде де баршылық. Олай деп айтатынымыз жасөспірімдерді қоршаған ортада азғындық арта түсуде. Осындай жағдайда тек үйдегі ғана емес, үйден тыс орындардағы берілетін мәдени тәрбие мүлдем төмен. Үлкендер мен қоғамның жасөспірімдерге дұрыс бағыт, бағдар көрсете алмауынан өз ұрпағымызға өзіміз жауапкершілігімізді дұрыс сезінбеуден осындай күйге жетіп отырмыз. Айтпағымыз – егер 2000 жыл-

дары Америкада жылына 3 мың жасөспірім жүктілікті басынан өткерсе, біздің Қазақстанда қазір жылына 22 мың жасөспірім жүктілікті басынан өткізіп отырғаны. Сонда 15 млн халықтың 29 пайызы жастар болса, осы жантүршігерлік оқиғаны бастан кешіріп отыр. Бұл масқараның соңы неге апарып соғатынын жасөспірім жастар түсіне ме екен? Бұлар елдегі жасанды түсіктің санын арттырып отыр. Баланы дүниеге әкелетіні көп емес. Ал мұның азабы – біріншіден жастарды бедеулікке әкеп сокса, екіншіден тастанды балалар, әлеуметтік жетімдердің саны көбеюде. Дәл қазіргі уақытта біздің елде осы мәселе ушығып тұр. Ненің кесірінен осы жағдайлар белең алуда? Тек батыстың өмір салтына еліктеушілік пе, әлде ересек ортадағы әлеуметтік мәдениеттің жастар алдындағы жауапсыздықтың артуынан ба? Осы тұрғыдан біз моральдік ауруға шалдыққан қоғамға айналып отырмыз.

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық қылмыстар да өршіп тұр. Тоғызыншы сыныптан соң қалаға колледжге оқуға түсетін жасөспірімдер өте көп. Ата-анасының қасынан алыстап өз бетімен кеткен бала қалаға келіп неге ұрынатынын кім білсін. Бар жиған тергенін баласының оқуына төлеп, әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз ете алмайтын отбасы қаншама. Әлеуметтік тұрғыдан деп отырғаным күнделікті жүріс-тұрысына, тамағына, жалдап тұратын пәтеріне қаражат жеткізе алмаған ата-ананың жағдайын ойлайтын балалардың жұмыс істеп өз алдына нан-пұл тапқанымен бірге, қылмыспен айналысып күн көретіндері қаншама. Қаладағы колледждердің көпшілігінде мүлдем жатақханалар жоқ. Жатақханасы барларында орын жетіспейді. Міне әлеуметтік кемшіліктің бір себебі. Білім алушы жастардың үйі үшін жер телімін сұрап, осы істі кең ауқымда қолға алатын болса, инженерлік коммуникациялық желілер көмек көрсетсе жақсы болар еді. Жасөспірім – ертеңгі болашағымыз, оған бүкіл қоғам әлеуметі болып жанымыз ашу керек. Сондықтан да олардың тұратын үйлерін – жатақханаларды көбейту қажет. Әлеуметтік тұрғыдан өзін жақсы сезіне алмаған жасөспірімдер арасында «суйцид» те көбейіп кетті. «Суйцид» латын тілінен алынған «қасақана өзін-өзі өлтіру» деген мағынаны білдіретін сөз. Жасөспірімдер мәселесінде бұл жоғары көрсеткішті алып тұр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өзін-өзі өлтіру

көрсеткіші бойынша әлем елдерін жоғары, орта, төмен деп үш топқа бөлген. 100 мың адамға шаққанда өлім көрсеткіші жылына 20 адамнан асса жоғары, 10–20 адам аралығында болса орта, 10 адамнан аспаса төмен болып есептеледі. Ақпараттық құралдардың бірі «namys.kz»-тегі мына деректерге және жоғарыдағы ұйымның деректеріне сенсек, 100 мың адамға шаққанда әлемдегі ең көп суицидтік жағдайлар тіркелген елдер:

бірінші орында – Латвия (96–99 адам),

екінші орында – Венгрия (88 адам),

үшінші орында – Қазақстан (53 адам).

Ары қарай Жапония (47,1 адам), Эстония (50 адам), Ресей (49,4 адам), деп кете береді. Төменгі көрсеткіштегі елдер: Грекия, Италия, Армения (2,3), Гватемала (2-3), Филиппин (2), Албания (1,4), Доминикан республикасы (2,1) екен.

Ал мұсылман мемлекеттері мен Африка елдерінде бұл көрсеткіш жоққа тән. Себебі бұл елдерде діни тәрбиенің басымы болғаны немесе мұндай деректерді таратпайды деген сөз. Соңғы жылдары «Жасөспірімдер суициді» деген ұғым өз алдына бөлек отау тікті. Бұл дерт өмірдің балдай дәмін енді ғана татып келе жатқан жас балалар арасында белең алуда. Таяуда шведтердің «өзін-өзі өлтіру ісін» зерттеу орталығы 15 пен 19 жас аралығындағы жастардың өзіне қол жұмсауы жағынан Ресей дүниежүзі бойынша бірінші орынға шықты деп хабарлады. Ресейде жыл сайын шамамен 2500 кәмелетке толмаған бала өзіне қол жұмсайды екен. Екінші орынды АҚШ (1800 бала) тұр. Ал, жан басына шаққандағы көрсеткіш бойынша бірінші орында Шри-Ланка (46,55), екінші орынды Қазақстан иеленген (24,02).

Мамандар болса жасөспірімдер арасында суицид оқиғаларының жиілеуіне көбінесе, отбасылық және қоғамдық тәрбиенің жетіспеушілігі, зорлық-зомбылық, есірткі қолдану, әртүрлі компьютерлік ойындар, атыс-шабыс, қантөгіске толы фильмдердің тікелей әсері бар дейді. Теледидардан көрсетілетін шым-шытырық оқиғалардан тұратын сериалдар, будданы насихаттайтын дінсіз үнділердің телехикаялары біртіндеп балалардың санасын улап, ішімізге кіріп барады. Осыларға тосқауыл қажет. Ұлттық тәрбиені насихаттай алмайтын кейбір телеарналар мүлдем жауып тасталса. Ал «Қазақстан» ұлттық телеарнасына не айтамыз. Көрсетіп жүрген «Келін» сериалынан не үлгі алуға

болады. Неге отандық киноларымызды көру мүмкіншілігі төмен. Оның орнына балаларға, әсіресе жасөспірім қыздарға арналған ұлттық мәдени тәрбие беретін бағдарламаларды неге түсірмеске. Ал, ғалымдар бұл абыройсыз өлім көбінесе өмірдегі таршылық, материалдық тапшылықтан, одан қалса ақыл-есі кемдіктен болады деген болжам айтады. Қасіреттен қара жамылған қауымның жағдайын халық қалаулылары енді ғана қозғай бастады. Бірақ ол нәтижелі болар ма екен? Айтпасқа амал да қалмай бара жатыр. Өйткені оқушылар арасындағы суицид жылдан жылға тез өсіп келеді. Ресми деректерге сүйенсек: 2010 жылы елімізде 237 жасөспірімнің балғын өмірі қиылған. Бұл құзырлы органдарда ресми тіркелгені ғана. Шындығында бұдан екі есе көп. Соңғы бес жылда (аман қалғандарын қоспағанда) өз-өзіне қол жұмсаған 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер саны 7 пайызға өскен.

Қасиетті Құранда: **«өз өздеріңді өлтірмендер (және соған апаратын бұзықтыққа бармаңдар). Расында (сендерді бұдан тыйған) Алла сендерге ерекше мейірімді»** («Ниса» сүресі, 29-аят) дейді. Ендеше, бұл қасіреттен құтылудың бір жолы – балаларымызға ерте бастан шынайы ислам тәрбиесін үйретіп, жүректерін тыныштандыру. Ол үшін жастарға имандылық ілімін үйрету қажет. Мүмкін оны орта мектептерде оқытылатын «Дінтану» сабағы негізінде жүргізген дұрыс шығар.

Жасөспірімдер ортасында жағымсыз мінез-құлық пен эгоистік психология басым екендігін де айтып кетейік. Мамандардың айтуынша бұл ең алдымен, ата-аналардың бала тәрбиесіне немқұрайлы қарап, тәртібін шектен шығарып алғандығынан екен. Әрине ешбір ата-ана баласын жаман болсын демейді. Алайда күнкөрістің қамымен үй бетін көрмейтін ата-ананың жағдайын түсініп, мемлекет тарапынан, қоғам болып қолдау көрсетуіміз керек. Қадағалап, бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беруіміз керек. Ата-анасы қадағаламайтын кәмелетке толмаған баланың бос уақыты заңмен жүретін құрдастарынан гөрі 2–3 есе көп болады. Бос уақыты неғұрлым көп болса, соғұрлым құқық бұзушылық та орын алары анық. Сондықтан жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізуге аса мән беріле түссе. Жасөспірімдерге қатысты заңға өзгертулер енгізсе артық болмайды. Сонымен қатар Мәдениет министрлігі тарапынан, мәдениет басқармалары тарапынан жасөспірімдердің

бос уақытын тиімді қамтамасыз ететін жаңа жобалар керек. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Ендеше құқық қорғау органдары, білім беру саласы, қоғам, ата-аналар бірігіп – әрқайсысы өз тарапымыздан жасөспірімдерді қадағалауы абзал. Өзім мәдениет тынығу жұмыстарын ұйымдастырушы педагог, әрі мәдениеттанушы жас ғалым ретінде жасөспірімдерді отбасынан тыс қоғамдық орындарда тәрбиелейтін мынадай тәрбиелік мәні бар жобалар іске асырылса. Оны мәдениет министрлігі, мәдениет басқармаларының қалауымен атқарылатын шара деп ойлаймын. Осындай жобаларды ұйымдастыру барысында өнер, мәдениет саласында оқып жүрген тәжірибеден өтуші (практикант) студенттерді де жұмылдыруға болады.

Қазір қазақстанның қай қаласында болмасын ойын-сауық кешендері көп. Халық өз бос уақыттарын осындай кешенде өткізгенді жақсы көреді. Әрине олар көпшілік отбасылар үшін қолжетімді болса. Жалдамалы пәтерлерде тұратын қарапайым халықтың мұндай кешендерде демалуға қалтасы көтере бермейді. Жарайды үлкендерін қоя берелік, жаңа өсіп келе жатқан жасөспірім жастар үшін керемет кешенде қыдыру қызықты ғой. Көпбалалы отбасылар тіпті бара алмайды. Осы себептен ересектер мен студенттер емес тек жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануы мақсатында біраз жеңілдіктер жасау қажет-ақ. Мысалы, аптаның бір демалысын **«жасөспірімдерге арналған әлеуметтік күн»** деп белгілеп, апта сайын ұйымдастырып, осы күнгі кешендегі қызметтердің бағасын жас ерекшеліктерін ескере отырып 50 пайызға төмендетіп жеңілдік жасалып отырса. Бұл үшін әрине қалалық, аудандық мәдениет басқармаларының басшылары тарапынан ойын-сауық кешендерінің басшыларына ұсыныс хат жолдап, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдаланып, дұрыс мәдени тәрбие беру мақсатында бірігіп көмек көрсетіп, демеуші болуын өзара келіссе үлкен іс болар еді. Себебі балалар ойын-сауық кешендеріне қыдыруды, бос уақыттарында сонда демалғанды өте ұнатады. Егер **«жасөспірімдерге арналған әлеуметтік күн»** деп қабылданып, жарияланса барлығы қуанар еді. Бос уақыттарында осында демалуға асығар еді.

Ал ойын-сауық кешендері үшін тағы бір ұсыныс – жоспар бойынша қызықты киноларды көрсетпес бұрын жасөспірімдерге «не жаман, не жақсы» екенін түсіндіруге бағдарланған неме-

се қыздар тәрбиесіне байланысты түсірілген әртүрлі шағын нұсқадағы фильмдер көрсетілсе болатын еді. Кинодан шыққан соң жан-жақты қызықты ойындар ұйымдастырып, арасында қыздар тәрбиесіне байланысты пікір-талас ойындары, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты меңгеруге арналған ойындар, діни тұрғыда тәрбиелік пікір таластар өткізіп, сырғанағын ойнатып, жеңілдетілген бағадағы түрлі ұлттық тағамдарды насихаттай отырып ұсынса, соңында кішігірім қысқа уақытты би кешін ұйымдастырып, шағын концерттік бағдарламалар ұсынса, әрі қызықты, әлеуметтік маңызы бар мәдени іс-шара болар еді. Ол кезде тек балалар ғана емес ересектер де көптеп келіп кешен саудасын қыздыра түсетін еді. Сонда отбасынан алатын тәрбиеден тыс әлеуметтік-мәдени тәрбие алып шығар еді. Тәрбиенің осы түрлерін басты міндетке қойып, барлық мәдени тәрбиелік жүйесі арқылы да білім беруге болатын еді. Бұл мәдени жүйе мынадай:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие мәдениеті;

2. Құқықтық мәдениет;

3. Саяси мәдениет;

4. Экономикалық мәдениет;

5. Кәсіби таңдауға дайындық;

6. Адамгершілік мәдениет;

7. Этникалық мәдениет;

8. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті;

9. Толеранттық;

10. Эстетикалық мәдениет;

11. Экологиялық мәдениет;

12. Салауатты өмір салты;

Міне осы мәдени жүйе арқылы жасөспірімдер қанағаттанарлық тәрбие алып шығады деп ойлаймын. Жалпы айтқанда бұл тек қана ойын-сауық кешені ғана емес, ұлттық дәстүрлі қазақи тәрбие беретін ғылыми орталыққа да айналатын еді. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары мен байлар, зиялы қауым өкілдерінің балалары да теңдей жүріп, бірдей тәрбие алатын орын болар еді. Сондықтан мұндай кешен, осындай іс-шара біздің қоғамымызға, жасөспірімдерімізге өте керек. Елбасымыздың «Мәңгілік ел-2050» стратегиялық жолында көрсетілген «Жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін беру керек» деген үндеуіне қазақ елінің жасөспірімдері,

оның ішінде қыздар тәрбиесін қарастыра отырып, **рекреация** жүйесіне (демалыс, бос уақытты ұйымдастыру) осындай жаңартулар енгізілсе деймін. «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз.

Бүгінгі қоғам – жаңа қоғам. Ал қоғамның негізгі байлығы-адам, оның ішінде жас ұрпақ. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деген еді.

Тәрбие беруде ұлттық дәстүріміз арқылы жол көрсетер болсақ, жастарымыз қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне жоғары мәдениетті деңгейде бейімделе алады деп айта аламын. Сонда ғана Мағжан Жұмабаев айтқандай: «**Мен жастарға сенемін!**».

Әдебиеттер

1. Депутаттық сауалнама. Хабар телеарнасы, 05.02.2014ж.
2. «namys.kz» суицидтік туралы деректер.
3. «namys.kz» жасөспірімдер арасындағы суицид деректері.

Түйін

Мақалада жастардың қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне әлеуметтік бейімделуі және жасөспірімдердің бос уақытын пайдаланудың тиімді жолдары мен рухани-мәдени тәрбие беру мәселесі қарастырылған.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы социальной адаптации молодежи к социально-культурным изменениям, происходящим в стране, а также вопросы духовного воспитания молодежи через организацию досуга подрастающего поколения.

Summary

This article discusses the issues of social adaptation of young people to the socio-cultural changes taking place in Kazakhstan and raise questions of culture through recreation of the younger generation.

ҚАЗАҚСТАН ОРТА ТАБЫНЫҢ ҰЛҒАЮЫНА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӘСЕРІ

Э.С. Омар,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
докторант, әлеуметтану магистрі*

Қазақстан Республикасының бәсекелестікке тұра алу қабілеті ішкі маңызды міндеттердің шешілуіне байланысты. Ол міндеттердің ішіндегі ұзақ мерзімді қажет ететін және мемлекеттің қадағалауына көп бағына бермейтіндердің бірі – ол жаппай орта тапты қалыптастыру міндеті. Дамыған нарықтық экономикасы мен демократиялық саяси құрылымы бар елдерде орта тап әлеуметтік топтың ең көбін құрап, бірнеше басты функцияларды жүзеге асырады. Олардың ең маңыздысы – қоғамның әлеуметтік «тұрақтандырғышы» мен біліктілік еңбек ресурсының ұдайы өндірісінің қайнар көзі қызметі болып табылады. Орта тап мемлекеттің адамдық әлеуеті сапасын және жалпы ұлттық сәйкестілікке тән белгіні анықтайды. Бұл тек қана Қазақстан орта табының психикалық пен физикалық денсаулығына ғана емес, сонымен қатар оның білім алушылық және біліктілік әлеуетіне байланысты.

«Орта тап» ұғымы «жоғары мен төменгі тап аралығында орта мәртебелік позицияны иемденген қоғам бөлігі» ретінде анықталады [1]. Немесе «орта тап – ой еңбегімен айналысатын жоғары мен жұмысшы тап аралығында орын алатын кәсіби топ» [2]. «Орта» термині мәртебелер иерархиясының кең таралғандығын бейнелейді. Мұнда ой еңбегі қол еңбегіне қарағанда біршама мәртебелі болып, бірақ ірі жеке меншікке ие топқа қатысты әлеуметтік төменірек келеді.

Жаппай орта таптың пайда болуы соңғы индустриалды қоғамға өтумен байланысты. Бұл өту байға да, кедейге де жатқызуға болмайтын халық қабатының ұлғаюына алып келді. Өндірістің өсуі жоғары маманданған жұмысшылар мен жоғары дәрежелі білімі бар сарапшыларды қажет етті. Әлеуметтік инфрақұрылымның, білім беру және денсаулық сақтау жүйесінің

дамуы дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлердің санының ұлғаюына алып келді.

Қазақстан Республикасындағы жаңа әлеуметтік объект болып табылатын орта таптың өсуіне мемлекеттің жүргізіп отырған экономикалық және әлеуметтік саясаты әсер етті. Тәуелсіздік алғаннан бастап ірі экономикалық пен саяси қайта құрулар орын алды, сонымен қатар осы кезеңде Қазақстан қоғамының экономикасының командалық түрінен жеке меншік пен бәсекелістікке негізделген нарықтық түріне өту үрдісі басталды. Барлық осы қайта құрулар қазақстандық қоғам құрылымының өзгеруіне алып келді.

Қазақстанда қазіргі кезде орта тап екі топтан құралады. Көне орта тап немесе посткеңестік орта тап деп атауға болады. Олар жаңа жағдайға тез бейімделген, әкімшілік функциясын өз артынан сақтап қалған өкімшілер. Әкімшілік қызметі қосымша және барынша жоғары табысқа пара мен «комиссиялық» түрінде қол жеткізуге мүмкіндік береді, сонымен қатар жекешелендіру нәтижесінде кәсіпорындардың ірі акциялар пакетіне немесе белгілі бір жылжымайтын мүлікке иеленгендер болып саналады. Орта таптың екінші түріне жоғары білім деңгейіне негізделген жаңа мамандықтар пайда болуы нәтижесінде қалыптасқан жаңа орта тапты жатқызамыз [3].

Кеңес үкіметі кезінде орта тап сапа жағынан да саны жағынан да әлемдегі ең мықты орта тап болды, себебі сол кездегі орта таптың білім деңгейі мен мәдени тұтыну көрсеткіштері әлемдегі ең жоғарылардың бірі болды. Х. Балзер зерттеулері бойынша кеңестік орта тап – «арнайы білімі бар 40 миллион кәсіпқой» [4], сонымен қатар «жоғары қызметтегі партия қызметкерлері, экономика саласындағы басқармалар, ғалымдар, ресми танылған суретшілер, жазушылар және басқа мәдениет қайраткерлері, олардың қатарында оқытушылар, дәрігерлер мен басқа да кеңестік мамандарды құрайтын «жүз сомдық» зиялылар да бар. Ең көп топ инженерлер болды: ірі кәсіпорындардың техникалық директорларынан бастап «социалистік жарыстың инженерлеріне» дейін. Бұл жерде кеңестік кезде білім алудағы этникалық кемсітушілікті атап өткен жөн. Мысалы, техникалық жоғары жалақымен төленетін мамандықтарға қазақтарға

қарағанда орыстарға түсу мүмкіндігі жоғары болып, қазақтарға көбіне сол кезде мәртебелі болып табылмайтын гуманитарлық, филологиялық мамандықтар таңдауға тура келді.

80 жылдары кеңестік қоғамның идеологиялық қағидалары күрт құлдырады, біртіндеп «рұқсат етілмегендер рұқсат етілді». Бір мезгілде жеке кәсіпкерлік туралы заңдардың қабылдануы жаңа экономикалық іс-әрекеттер үлгісінің қалыптасуына алғаш жол салды. Бірақ, өкінішке орай, бұл үрдіс жаппай сипатқа ие болмады. Ізінше ілескен реформалар қатары Қазақстанның әлеуметтік құрылымына өзгеріс алып келді.

Технологиялар мен ғылымның қарқынды дамуы, қызмет көрсету саласының өркендеуі, сонымен қатар заманауі мемлекеттің барлық саланы қамтитын іс-әрекеті өндіріс құралдарына иеленбеген, бірақ жеке жұмыс күші мен білімін сатумен күнін көретін қызметкерлер, техниктер, интеллигенция қатарының пайда болуына жол ашты. Олардың жағдайы дене еңбегіндегі жұмысшыларына қарағанда біршама жоғары болып келеді: жақсы еңбек жағдайы, жоғары табыс пен зейнетақы, ұзаққа созылған демалыс. Бұл үрдістің ерекшелігі жаңа қабаттың саны өскен сайын бұрын білім дәрежесі берген артықшылықтардың қамтамыз етілмеуінде болып табылады. Қазір білім едәуір тез көнеріп отырады, ал дипломы бар мамандар мемлекетке не ірі корпорацияларға тәуелді болып келеді. Өнеркәсіп революциясы жоғары кәсіпқой қолөнершілерді жалдамалы жұмысшыларға айналдырып, олардың құндылығын жойды, сол тәрізді ғылыми-техникалық революция қызметкерлер мен мамандарды дәл сондай жағдайға алып келіп отыр. Технология мен еңбекті ұйымдастырумен айналысатын жаңа қабат пайда болды. Бұл қабат жаңа өндірістік және жаңа басқарушылық функцияларды қамтиды. Орта таптың көбісін тек қана жеке меншік иегерлері, шағын буржуазия емес, сонымен қатар экономикалық қоры жеке еңбегі мен білімі болып табылатын әлеуметтік категориялар құрайды.

Көріп отырғанымыздай, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтуде білім маңызды белгі болып табылады. Қазақстандық басшылық мемлекеттің әлемдік тәртіпте адамдық капитал құндылығының маңыздылығын түсінді, сөйтіп, білім

бері жүйесінде және жұмыспен қамту жүйесінде білім сапасын жоғарылату мен алдыңғы қатарлы әлем университеттерінде маңызды шәкіртақылық оқу бағдарламаларын ашу арқылы шешуші қадамдардың пайда болуына алып келді. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардың өзінде білім беру жүйесі толығымен қайта қаралғанын және білім берудің барлық деңгейлері жетілдірілгенін атап өткен жөн. Қазақстан Республикасы елдің білім беру жүйесіне жаңа инновациялық тәжірибелерді енгізу мақсатында шетелдік білім беру мекемелерімен белсенді қызмет ете бастады. 1992 жылдан бастап жеке меншік оқу орындары ашыла бастады. Егер университеттер санының өзгеру динамикасын қарастыратын болсақ, 1992–1996 жыл аралығының өзінде университеттер саны екі есе көбейген. Ал білім алушылар саны, егер тәуелсіздік алған бастапқы жылдарды қазіргі кезеңмен салыстыратын болсақ, 2,2-ге көбейген (1990/91 оқу жылы – 287 367, 2011/12 оқу жылы – 629 507) [5]. Орта табысты үй шаруашылықтарында салыстырмалы түрде жоғары білімділік жиі кездеседі, яғни бұл олардың кәсіби дағдыларының және кәсіби деңгейдегі табыстың бар екеніне сілтейді. Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің 2009 жылғы мәліметтеріне сәйкес Қазақстанда халықтың 71,8%-нда жоғары және орта білім бар [6]. Жоғары білім экономикалық, саяси мен әлеуметтік капиталға қол жеткізу үрдісін көптеген адам үшін жеңілдетеді. 1993 жылы Қазақстан Үкіметімен «Болашақ» шәкіртақылық бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарлама шетелдік жоғары оқу орындарында білім алуға және академиялық дәреже иемденуге қаржылық жәрдем ақы ұсынады. Халықаралық шәкіртақы шеңберінде 2640 қазақстандық 27 мемлекетте білім алады [7]. «Назарбаев Университеті» мен «Зияткерлік мектептері» сияқты инновациялық жобаларды да атап өту маңызды болып табылады. Бұл бағдарламалардың түлектері екпінді түрде орта тап қатарына қосылу үстінде.

Байқап отырғанымыздай, қазіргі кезде Қазақстан білім беру жүйесі бойынша Батыс елдері жолымен еріп келеді. Халықаралық тілдерді игеру және ақпарат пен мәдени капиталды жетік меңгеру сияқты жаһандық дағдылар мен міндеттер Қазақстанның XXI ғасырда ілгері дамуы үшін маңызды болып

табылады. Жоғары білім алу – қазақстандық жаңа орта тапты зерттеуде қазіргі кезде міндетті түрдегі өмірлік талабы, себебі білім «мансап» концептісінің ажырамас бөлігі болып келеді. Білім беру жүйесінің өрлеуі сауда мен әлеуметтік-экономикалық қорларымен тиімді жұмыс істеуді қамтамасыз етіп, Қазақстан Республикасының тұрақты дамуына мүмкіншілік береді. Бұл үрдістердің барлығын білім қамтамасыз ететін ақыл-ой тетігінсіз жүзеге асыру мүмкін емес.

Сөйтіп, заманауи Қазақстан қоғамында жаңа таптық құрылымдардың қалыптасуы кәсіпқойлар қабаты мен зиялылар табының өсуімен тығыз байланысты [8]. Кәсіптік факторлар рөлінің өсуі, профессионализация ақпараттық қоғам дамуының басты өзіндік ерекшелігі болып табылады [9]. Соған сәйкес орта тапты ең алдымен кәсіби белгілерімен қалыптасады деп түсіну қоғам өркендеуінің негізгі келешегін айқындайды.

Әдебиеттер

1. A Dictionary of Sociology. John Scott and Gordon Marshall. – Oxford University Press, 2009. – P. 816.
2. Большой толковый социологический словарь (Collins). Том 2 (П-Я): / Пер. с англ. – М.: Вече, АСТ, 2001. – 528 с.
3. *Лепехин В.А.* Стратификация в современной России и новый средний класс // *Общественные науки и современность* – 2003. – № 4. – С. 30–40.
4. *Balzer H.* Russia's Middle Classes // *Post-Soviet Affairs*. 1998. V. 14. No 2. 73. – P. 165, 166, 168.
5. *Beissenova A.A.* et al. Influence of Education on Social Structure of Society (on Materials of Focus Group Research and in-Depth Interviews). / *Procedia – Social and Behavioral Sciences* 82 (2013). P. 813–817.
6. *Analiticheskii otchet* (2011). *Itogi Nasionalnoi Perepisi Naseleniya Respubliki Kazakhstan 2009 goda*. Pod.re. Smailova A.A. – Astana. – P. 65.
7. *Svoju ocenku sisteme obrazovaniya Kazahstana dali zarubezhnye jeksperty* (2012). // <http://www.zakon.kz/4487320-svoju-ocenku-sisteme-obrazovaniya.html>
8. *Иноземцев В.Л.* «Класс интеллектуалов» в постиндустриальном обществе // *Социол. исслед.* 2000. – № 6.
9. *Уэбстер Ф.* Теории информационного общества / Пер. с англ. – М.: Аспект Пресс, 2004.

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасының бәсекелестікке тұра алу қабілеті жаппай орта таптың қалыптасуымен тығыз байланысты екендігі түсіндіріледі. Бұл халықтың білім алу және біліктілік әлеуетіне байланыстылығы көрсетіледі.

Резюме

В статье рассматривается значимость формирования массового среднего класса для конкурентоспособности Республики Казахстан. Это отражается в образовательном и профессиональном потенциале народа Казахстана.

Summary

The article considers the importance of formation of mass middle class for competitiveness of the Republic of Kazakhstan. It is reflected in the educational and professional potential of the people of Kazakhstan.

«ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫНДАҒЫ ЖАҢҒЫРТЫЛУ ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.Т. Рахманова,

*Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық Университеті,
«Әлеуметтану» мамандығының 2 курс магистранты*

Қазақстанның бүгінгі жетістіктері – бұл соңғы 20 жылдағы елдің экономикалық, әлеуметтік, саяси және басқа салаларда нақты мақсат қойып, оларға қол жеткізу үшін барынша еңбектенудің нәтижесі екендігі белгілі. Өзінің айқын бағдары арқасында Қазақстан аз уақыт ішінде бұрынғы Кеңес одағының көп мемлекетінің бірінен әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылуды мақсат ететін қарқынды даму үстіндегі мемлекетке айналды.

Посткеңестік кеңістікте Қазақстан бірінші болып елдің дамуын алдағы бірнеше онжылдыққа жоспарлау жүйесін пайдаланды (1997 жылы «2030-Стратегиясы» қабылданды). Мұндай жүйе қазіргі күні өзінің тиімділігін дәлелдеп отыр – Бүкіләлемдік экономикалық форумның рейтингісіне сәйкес Қазақстан бәсекеге қабілеттілігі бойынша 144 елдің ішінде 51-і орынға ие болды [1]. Халықтың тұрмыс деңгейі рейтингісі бойынша Қазақстан соңғы бес жыл ішінде өзінің жағдайын айтарлықтай жақсартқан. Егер 2006 жылы біздің ел 79-ы орында болса, 2012 жылы бірінші 50 елдің қатарынан табылған (49 орын). Ресей және Украина секілді бұрынғы одақтас елдер тек 66 және 71 орындарды иеленіп отырғандығы да жақсы көрсеткіш бола алады.

2012 жылдың аяғында Қазақстан 2050 жыл межесін көздейтін жаңа даму Стратегиясын қабылдады. Бұл құжатта келесі асқақ мүдде белгіленген – әлемдегі озық отыз елдің қатарына кіру [2]. Сонымен бірге мұнда жақын болашақтың даму көрсеткіштері көрсетілген. Жалпы алғанда 2050 Стратегиясы алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің жолдарын анық белгілейтін Қазақстанның жол картасы болып табылады.

Ұзақ мерзімді стратегияны жүзеге асыру қашанда түрлі қиындықтарға тап болады. Глобалды үрдістерге байланысты

туындайтын кедергілермен қатар мемлекеттік және қоғамдық институттардың тиімсіз әрекет етуі белгіленген жоспарға түрлі өзгерістер алып келуі мүмкін. Оған қоса жоспарды жасау барысында қателіктердің болуы да ғажап емес.

Шет елдік эксперттердің бағамдауы бойынша, 2050 Стратегиясы ұзақ мерзімге жоспарлаудың жарқын мысалы бола алады. «Постдағдарыстық әлем» Қорының халықаралық зерттеуінің нәтижесіне сәйкес Қазақстан жақын болашақта «жаңа жолбарыстар» – Таяу Шығыс және Азия аймағындағы экономикалық лидерлер роліне үміткер 5 елдің қатарына кіреді. Қазақстанның табысқа жетуінің факторлары ретінде халықтың білім деңгейінің жоғары болуы, өнеркәсіптің қарқынды дамуы, Евразияда ыңғайлы орналасуы, бай табиғи ресурстарының болуымен қатар мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудың тиімді жүйесінің болуы да аталады.

«Постдағдарыстық әлем» сараптамалық Қорының директоры Екатерина Шипова «Қазақстан-2050» Стратегиясы туралы келесі пікір білдіреді:

«Егер мен өз ойымды айтар болсам, бұл құжат мені өзінің тереңдігімен және қамту деңгейімен таң қалдырды. Біз түрлі елдердің стратегияларын алып, салыстырмалы талдау жүргіздік. «Қазақстан-2050» Стратегиясы Қазақстан үшін жаңа ұлттық идея болып табылады. Мұнда қалай жұмыс істеуді көрсететін мақсаттар, өмір сүру салты және оның белгілері көрсетіледі. Менің ойымша, бұл ұзақ мерзімді стратегияның жарқын мысалы. Бұл белгілі бір мәдениетті қалыптастырады, даңғыл жолды анықтайды. Бұл сіздердің дұрыс жолмен келе жатқандарыңызды білдіреді» [3].

2050 Стратегиясы елдің қоғамдық-саяси өмірінде маңызды оқиға болды. Белсенді түрде жүргізілген ақпараттық жұмыстардың арқасында және халықтың Елбасы жолдауына деген қызығушылығының жоғары болуына байланысты бұл құжат қоғамда тез танымал болды. «Қазақстан-2050» Стратегиясының ерекшелігі оның қоғамның барлық салаларында нақты нәтижелерге жетуге бағытталуы. Онда елдің даму бағытының жеке тармақтары бойынша алдағы бірнеше жылға тапсырмалар көрсетілген. Сонымен қатар Стратегияны жүзеге асырудың

Жалпыұлттық жоспары жасалынған. Бұл жоспарда әр тапсырманы орындаудың нақты уақыты және оларға жауапты органдар белгіленген.

Кез келген стратегияны жүзеге асыру объективті қиындықтарға тап болады, себебі жобаны қалыптастыру барысында шынайы өмірде болатын жағдайдың барлығын ескеру мүмкін емес. «Қазақстан-2050» Стратегиясындағы әлеуметтік жаңғырту идеясын жүзеге асыру үшін жалпы алғанда тиімді жағдай қалыптасқан. Қазақстан табиғи ресурстарға бай, әрі экономикалық ілгерілеудің маңызды алғышарты болатын Азия мен Еуропа ортасындағы транзиттік аймақта орналасқан. Бірақ, сонымен бірге барлық тиімді жағдайдың барлығын жоққа шығаратын субъективті себептердің болатынын ескерген жөн.

Әлеуметтік жаңғыртылу мүмкіндігі, ең алдымен, елдің экономикалық тұрғыдан тұрақты өсу мүмкіндігін қамтамасыз етуге, ішкі және сыртқы қауіп-қатерлердің алдын алуға және ұлттық мүддені сақтай білуге негізделеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының мазмұнын талдау арқылы қазіргі уақыттағы әлеуметтік жаңғыртуға кедергі болатын факторлардың тізімін анықтауға мүмкіндік бар. Соңғы 1–2 жыл ішінде әлеуметтік жаңғыртуға байланысты бірнеше мақала және эксперттік пікірлер айтылды, жалпы бұл тақырып жан-жақты талқыланды.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында айтылған әлеуметтік жаңғыртылудың негізгі мәселелерін әлеуметтік қатерлер тұрғысынан талдама жасап көрелік.

Ең бірінші мәселе ретінде қоғамдағы тұрмыстық және әлеуметтік теңсіздікті атауға болады, себебі әлеуметтік жіктелу әлемдік ғалымдардың болжамынша жақын болашақта күшейе түседі. Қазірше қоғамның ең бай және ең кедей топтары арасындағы айырмашылық айтарлықтай жоғары емес. Қазақстан Республикасының статистика Агенттігінің мәліметі бойынша 2012 жылы елдегі Джини коэффициенті 28 пайызды құраған және 2002 жылмен салыстырғанда бұл едәуір аз көрсеткіш (33%) [4]. Алайда, бұл мәселенің өз шешімін таппауы алдағы уақытта қоғамда әлеуметтік наразылықты тудыруы мүмкін.

Келесі өзекті әлеуметтік мәселе – елден мамандардың шет елге кетуі. Алдағы бірнеше жыл ішінде еңбек нарығының

жаһандануы және Ресеймен интеграцияның күшеюі бұл үрдісті күшейте түсуі мүмкін. Қазақстан үшін мамандардың шет елге кетуі өте қауіпті құбылыс, себебі қазірдің өзінде экономиканың өндіріс және өнеркәсіп салаларында білікті мамандардың тапшылығы сезілуде.

Қылмыстың өсуі соңғы 2–3 жыл ішінде құқық қорғау саласының мамандарын ғана емес, бүкіл жұртшылықты алаңдатып отырған бірден бір мәселе болып табылады. Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2012 жылы Қазақстанда тіркелген қылмыстың саны 290 мың бірлікті құраған, бұл 2002 жылмен салыстырғанда 2,2 есе көп [5]. Қылмыскерліктің ең жоғарғы көрсеткіштері республикалық деңгейдегі қала болып есептелетін Алматы және Астана қалаларына тиесілі, ал ұрлық және тонау секілді әлеуметтік сипаттағы қылмыс түрлері бірінші кезекте артып отыр.

Қазақстанда радикалды ислам идеяларының таралуы және қоғамның діни тұрғыдан жіктелуі де ұзақ мерзімде қауіпті үрдіс болып табылады. Әзірше, бұл үрдіс әлеуметтік өмірге аса ықпал етіп отырған жоқ, дегенмен алдағы болашақта халықтың діни белгі бойынша фундаменталды исламның жақтастары мен қарсыластары болып жіктелуі әбден мүмкін. Көптеген эксперттер аймақтағы исламдану үрдісіне баға беру барысында осындай тоқтамға келеді. Қазақстандағы халықтың діни білімінің таяз болуы және дінге деген жастардың қызығушылығының артуы исламданудың қауіптілігін арттыра түседі.

Елдегі жемқорлықтың артуы да, талдау нәтижесіне сәйкес, әлеуметтік жаңғыртуға бірден бір кесірін тигізетін қатерлі құбылыс болып табылады. Қазақстан жағдайында жемқорлық мәселесі жылдан жылға ушығып бара жатыр. Transparency International зерттеуінің нәтижесіне сәйкес Қазақстан 2013 жылы жемқорлық деңгейі бойынша әлемде 140-ы орынға аяқ тіреген. Осылайша алдыңғы жылмен салыстырғанда біздің елдің көрсеткіші айтарлықтай төмендеген (133 орын) [6]. Жемқорлықтың зардабы ең алдымен экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру саласына тиіп отыр. Сонымен қатар елдегі «көлеңкелі экономиканың» дамуы, мемлекеттік басқару сапасының төмендеуі, халықтың

наразылығының артуы, әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуі секілді мәселелер тікелей жемқорлықтың салдары ретінде қарастырылады.

Аталған мәселелер алдағы болашақта халықтың наразылығының артуына алып келуі мүмкін. Эксперттердің пайымдауынш ел жағдайында локалды әлеуметтік қақтығыстар тұрақты түрде орын алып тұрады. Негізінен, олар әлеуметтік-құқықтық себептерге және еңбек қатынастарына байланысты туындайды. Қазақстанда әлі күнге шейін осы тектес жанжалдарды тұрақтандырудың тетіктері қарастырылмаған, сондықтан мұндай қайшылықтар болашақта күшейе береді. Кез келген әлеуметтік қақтығыс елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді және қоғамда наразылықтың тууына алып келеді.

Жалпы алғанда әлеуметтік мәселелер, бірінші кезекте, экономикалық себептерге байланысты туындайды. Әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі, білікті мамандардың елден кетуі, қылмыстың артуы және әлеуметтік наразылық – бұл экономикалық дағдарыстың салдары болып табылады. Экономикалық дағдарыстан дербес тұрған жалғыз фактор – қоғамда радикалды ислам идеяларының кең таралуы.

Келесі кестеде әлеуметтік жаңғыртуды жүзеге асырудың Қазақстандағы тиімді жақтары мен әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қатерлерін қарастыратын SWOT талдаудың нәтижелері берілген. Көріп тұрғанымыздай, әзірше бұл идеяны жүзеге асырудың әлсіз жақтары мен қатерлері басымырақ. Ал тиімді жақтарының жеткіліксіз, мүмкіндіктерінің шектеулі болуы әлеуметтік жаңғыртуды жақын арада орындай алатындығымызға күмән ұялатады.

**Қазақстанда әлеуметтік жаңғыртуды жүзеге асыруға
SWOT-талдау жүргізу**

Тиімді жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> – Ұзақ мерзімді даму стратегиясының болуы – Табиғи ресурстардың болуы – Елдің геосаяси орналасуы – Интеграциялық жобаларға қатысу – Мемлекеттік резерв болып табылатын Ұлттық қордың болуы 	<ul style="list-style-type: none"> – Басқарушы және бюрократиялық аппараттың сапасы – Саяси және партиялы жүйенің ерекшелігі – Негізгі қорлардың жағдайы – Шағын және орта бизнестің даму деңгейі – Халықтың әлеуметтік құрылымы
Мүмкіндіктер	Қатерлер
<ul style="list-style-type: none"> – Мемлекеттік бюджетке тұрақты табыстың түсуі – Транзиттік әлеуеттің дамуы – Қосымша өткізу нарығының болуы – Экономикалық қауіпсіздік «жастығының» болуы 	<ul style="list-style-type: none"> – Жемқорлықтың өсуі – Ішкіэлиталық қарама-қайшылықтар – Саяси тұрақсыздық – Негізгі қорлардың нашарлауы – Экономикалық белсенділіктің төмен болуы – Тұрмыстық деңгейдің айырмашылығының артуы

Бұл жағдайда әлеуметтік жаңғыртуды жүзеге асыру сыртқы мәселелерге емес, мемлекеттік басқару жүйесінің сапасына келіп тірелетіндігі анық. Қазіргі басқарушы аппарат артылған жауапкершілікті ақтай алатын біліктілікке ие деп айту қиын. Мұндай қорытындыға атқарушы органдардың әлеуметтік немесе экономикалық мәселелерді шешуде тиімсіз қызмет атқаруы итермелейді. Өкінішке орай, қазіргі күні мемлекеттік аппараттың жұмысы оң өзгерістерге алып келген мысалдары өте аз. Керісінше, мемлекеттік бастамалар соңғы кезде тек қаржылық шығындарға алып келіп отыр.

Сонымен, «Қазақстан-2050» Стратегиясы аясында әлеуметтік жаңғыртуға қол жеткізу ең алдымен мемлекеттік басқару сапасын арттыруды және жемқорлықты жоюды қажет етеді. Сондықтан аталған Стратегияны жүзеге асыру барысында жемқорлықпен күресу тетіктерін қарастырған жөн. Шенеуніктер арасындағы бұл теріс құбылысты жою үшін қоғам мен мемлекеттің бірігіп әрекет етуі маңызды.

Әдебиеттер

1. <http://www.minplan.gov.kz/pressservice/77/45845/>
2. <http://strategy2050.kz/ru/>
3. <http://www.inform.kz/rus/article/2570321>
4. <http://taldau.stat.kz/ru/NewIndex/GetIndex/704502>
5. <http://www.stat.gov.kz/>
6. http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/uoven-korrupsii-v-kazahstane-v-2013-godu-uvelichilsya-246582/

Түйін

Мақалада Қазақстандағы әлеуметтік жаңғыртудың ұзақ мерзімде жүзеге асу мәселесіне талдау жасалынады. «Қазақстан-2050» Стратегиясының негізгі пайымдамаларына сүйене отырып, бұл мақсатқа қол жеткізуге кедергі болатын әлеуметтік құбылыстар қарастырылады. Бұқаралық ақпарат құралдарының мазмұнына талдау жасау арқылы түрлі әлеуметтік қатерлерге сипаттама беріледі және олардың жақын болашақта даму үрдістері сарапталады. Мақаланың маңызды қорытындысы – әлеуметтік жаңғырту ішкі мәселелерге, оның ішінде жемқорлықты жою және мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету секілді мәселелергі тәуелді.

Резюме

В статье анализируется проблема реализации идеи социальной модернизации в Казахстане в долгосрочной перспективе. На основе ключевых положений Стратегии «Казахстан-2050» рассматриваются главные препятствия на пути решения этой задачи. Через анализ содержания средств массовой информации предлагается описание различных социальных рисков и пути их развития в дальнейшей перспективе. Важный итог статьи – это утверждение о зависимости социальной модернизации от решения внутренних проблем, таких, как устранение коррупции и повышение эффективности государственного аппарата.

Summary

In this article analysed the problem of realization of idea of social modernisation in Kazakhstan in a long-term prospect. On the basis of key positions of Strategy «Kazakhstan-2050» are examined the main obstacles on the way of decision of this task. Through the analysis of maintenance of mass medias offered description of different social risks and their development in a further prospect. An important result of the article is this statement about dependence of social modernisation on the decision of internal problems as a removal of corruption and increase of efficiency of state machine.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРІКТІЛІК ҚЫЗМЕТІ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ЕРІКТІЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН БАЛАЛАР ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Б.Е. Сағындықова,

*ОҚМПИ, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,
аға оқытушы*

Еріктілер идеясы жастар ортасында өте табысты түрде іске асырылуда және сондықтан да мектеп оқушылары мен студенттер арасындағы еріктілік қозғалысының дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Еріктілік жастардың ұйымдасуының белсенділігінің және өздігінен жүзеге асырылуының онтайлы формаларының бірі болып табылады [1].

Қазақстандық қоғамның дамуының қазіргі заманғы кезеңінде еріктілік идеяларына негізделген, әлеуметтік даму үдерісіне және қоғамның жауапты мүшелері ретінде балалар мен жастар тәрбиесіне айтарлықтай үлес қосуға қабілетті, бытыраңқылықтың кедергісін төмендететін, қоғамның барлық мүшелері арасында сенім мен ынтымақтастықты нығайтатын еріктілік қызметі өте үлкен танымдылыққа ие.

Жастар еріктілігінің өзектілігі Біріккен Ұлттар ұйымының бағдарламалық материалдарында өзінің қолдауын тапты, онда еріктілік бастамасындағы жұмыс кедейшілікті азайту, тұрақты даму, денсаулық сақтау, кедейшіліктің алдын – алу, кедейшілікке жауап қайтару мен әлеуметтік интеграциясы сияқты аймақтарда және әсіресе әлеуметтік теңсіздік пен қанаушылықты жою проблемаларын шешуге бағытталған қандай да болсын стратегияның маңызды құрамдас бөлігі болуы тиіс. БҰҰ А /RES/56/38 Резолюциясына сәйкес және оған арнайы түрде жасалынған нұсқауларға сай, БҰҰ барлық елдер үкіметтеріне еріктілікті тұрақты дамудың мақсаттарына қол жеткізу бойынша болатын жастардың құрамдас бөлігі ретінде дамудың ұлттық жоспарларына қосуды ұсынды [2].

Жүйелі, мақсатты түрде бағыттталып ұйымдасқан, білім беру жүйесіндегі еріктілік қызметі бос уақыт орындарында жастар ұйымдарында соған сай жағдайлар мен әрбір жасқа өзінің жақсы сапалары мен қабілеттерін көрсетуге мүмкіндіктер жасалады, өзін бағалау мүмкіндігін және өз жұмысының нәтижелері көрініс береді. Осындай көрініспен, еріктілік қызметіне қосылу жастардың кәсіби түрде қалыптасуына, әлеуметтік белсенді өмірлік ұстанымдары мен жауапкершіліктерінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Еріктілік еңбегіне қатыса отырып, жастар білім мен тәжірибе, және де белсенді және жауапты азаматтылық үшін қажетті болатын тәжірибелік дағдылар мен құндылықтарды қалыптастырады.

Жастардың мінез – құлқына өте мәнді әсерді ерікті және соның ізінше толыққанды өмірлік іс – әрекеттілік үшін қажетті өмірлік дағдылардың қалыптасуына үш негізгі институт: а) отбасы; б) мектеп; в) жастардың қоғамдық ұйымдары көрсетеді.

Отбасы – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы басталатын, оның рухани – адамгершілік бағытары, отбасылық құндылықтары орын алатын ерекше институт. Осындай көрініспен, егер де отбасында отбасылық еріктілік дәстүрлері қаланған болса онда бала еліктеу үшін қайырымдылықтың көрініс берулерінің позитивті (жағымды) мысалдарынан қамтамасыз етілген болады. Ата – аналардың еріктілік іс – әрекетіне қатысу балалық шақта көмектесу әдетін меңгерген бала ересек өмірінде басқа адамадармен қарым – қатынасын жоғары моральдық ізгіліктік идеалдардың ұстанымында құратын болатындығына сенімділікті айтарлықтай жоғарылатады [3].

Мектеп – жас буында оның өзі тиесілі болатын жеке тұлғалық қатынастар, ұжымды, бұйрықты түйсіну, қауымдастық сезімі пайда болатын және дами алатын жас буындағы институционалды ортаны құруға лайықты жастардың әлеуметтенуі үшін басты аймақ.

Жастардың қоғамдық ұйымдары – отбасы және мектеппен қатар жастардың еріктілік қызметіне қатысуына айтарлықтай ықпал ететін маңызды институционалды ортаны қалыптастырады. Еріктілік жұмыс арқылы қоғамдық ұйымдарда жастар қауымдастықтың мәселелерін шешуге, шешім қабылдауға

қатысады. Қоғамдық ұйымдар бұл да шешім қабылдауға өз бетінше қатысуға, өзіндік идеялар мен жобаларды жасау мен іске асыру үшін бастапқы деңгей.

Осындай көрініспен, еріктіліктің жүйелік дамуы мен оның қолдау табуы қоғамдық құндылық ретінде және, осымен бір мезгілде, адам ресурстарының дамуы аймағындағы бөлімдер жүйесі мен технологияның жан – жақтылығы ретінде барлық жастағы жастардың, азаматтардың қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге қатысудың белсенді жауапкершілігі үшін жағдайлар жасау бойынша болатын міндеттерді шешудің тиімді және әрекет үстіндегі құралдарының бірі ретінде көрінеді. Және де бұл барлық әлемде мойындалған қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік міндеттерді шешуде, қоғамдық бастамаларды мобилизациялауда, қоғамның әлеуметтік консолидациясында әлеуметтік саясаттың тиімділігін көтеру бойынша және толығымен алғанда – халықтың игілігіне қол жеткізуіне деген күш жігерді біріктірудің тиімді тәсілі.

Сонғы онжылдықтарда Қазақстанда мемлекеттік органдардың ұйымдары мен білім беру мекемелерінің біріккен күш жігерлерінің іске асырылатын жастар еріктілігінің бағдарламасы белсенді түрде дамуда. Жастардың еріктілік қызметі жастардың әртүрлі байқауларға белсенді түрде қатысуының, өзінің қауымдастығына көмек беруге бағытталған, жастар мен жеткіншектер арасында ВИЧ инфекциясы мен СПИД тің тарауының алдын – алу мен профилактикасына, алуан спорттық іс – шаралар мен бұқаралық жарыстарға қатысуға бағытталған, әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыруда белсене қатысуының көптеген типтерін қамтиды және т. б. [4].

Жастарды қоғамдық пайдалы іске тартудың позитивтік тәжірибесінің мысалдарын Қазақстанның барлық аймақтарында іс – жүзінде табуға болады. Сондықтан да бағдарламаның бірқатары ұлттық бастамалар ретінде дамуда. Яғни, қалалардың бірінде бастау алған олардың дамуын басқа да қалалардан табуға болады.

Сонымен, мысалыға, мемлекет басшысының бастамасы бойынша 2005 жылы Қазақстанда «Жасыл ел» бағдарламасы кең түрде өріс алды, «Жасыл ел» жастардың еңбек отрядтарының

республикалық штабы әкімшілік ететін ол республиканың 14 облысында және Алматы мен Асатана қалаларында өрістеген.

Бүкіл ел бойынша жалпы территориясы 38 млн. га жалпы аумақтық территориядағы саябақтар мен скверлер қайта құрылып жаратандыррылды. Еріктілер «Таза әлем», «Менің атымдағы ағаш», «Жасыл күн», «Менің жасыл қалам», «Жасыл бау – таза қала», «Ел болашағы – тазалықта» атты ірі көлемді экологиялық акцияларға қатысты.

Жыл сайын «Жасыл ел» филиалдары республикалық штабының – жетекшілігімен «Жасыл ел» жастар бастамасын әйгілендіру бойынша болытын ірі көлемді іс – шаралар жүргізеді. «Жасыл елдің» туған күнін, еңбек маусымының ашылуын, турнирлер, КВН, жазғы дискотекалар мен басқа да жастар үшін арналған бос уақыттың іс – шараларды кең түрде мерекелеу дәстүрге айналды.

«Жасыл ел» еріктілері Қазақстанның жоғары және орта оқу орындарының жүздеген студенттері мен оқушылары болды. «Жасыл ел» жауынгерлері республикалық, облыстық және халықтық іс – шараларда белсенді түрде қатыса отырып, өзінің өмірлік және қоғамдық ұстанымын көрсетуде.

«Жасыл ел» бригадасымен барлық жастардың еңбек отрядтары (студенттік құрылыс отрядтарын қосы алғанда) біріккен «Жасыл ел» қызметінің жаңа бағыттары – темір жолдық, педагогикалық, экологиялық отрядтар және т. б. құрылуда. Еріктілер ауылдар мен қалалардағы жол генераторларының құрылғысы, күн батареялары, энергоқұрылғысы сияқты заманауи энергия үнемдеуші нысандардың құрылысына қатысуды жоспарлауда. Жасыл майданның жауынгерлері баламасы технология біздің республикадағы белсенді өскелең ұрпақтың қатысуымен құрылған болуы тиіс деп санайды.

Жастарды еріктілік қызметке тартудың басқа мысалына Қазақстан жастарының Конгресі жанындағы «Өрлеу» еріктілер клубы дәлел бола лады. Клубтың негізгі мақсаты еріктілерді мемлекеттік жастар саясатының іске асыруға тікелей тарту, жастар бастамасының дамуы, шығармашылық дағдалар мен азаматтық белсенділігі болып табылады.

Жастардың еріктілігі жастар үшін маңызды мотиві: әлеуметтік түрде пайдалы адамдар болу тілегі, қоғамдық

позитивтік өзгерістерге қабілетті болу, еріктілік әрекеттер арқылы өзінің дербес бастамасын іске асыру, ой – пікірлестерін табу, жаңа білімдер мен дағдыларды алу, бос уақытты қызықты өткізу, достар табу болып табылады. Ерікті жастар қозғалысының өкілдері атап көрсеткеніндей, еріктілер қозғалысының міндеті – жақындары туралы қамқорлық және басқаларға шын ниетті ерікті көмек болып табылады. Есесіне ерікті құрмет пен танымалдылық, жалғыздықтан қашу, өзінің білімдерін тиімді түрде қолдану мүмкіндігі, өмірде әлеуметтік бағыттылықтың жобаларын орнықтыруды алады. «Өрлеу» клубы әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыруға көмектесу мен қолдауды, қарым – қатынас ортасын кеңейтуді, көмекті қажетсінетін адамдарды қолдауды, өзінің күш жігері мен мүмкіншіліктерін есептеуді үйренеді.

Осындай көрініспен, жастардың еріктілік бағдарламасы жеткіншіктер мен жастардың мүдделерін стимулдау арқылы, еріктілік қызметіне қатысу мен олар үшін ерікті болу мен еріктілік қызметінің майданында маңызды болатын мүмкіншіліктер болуы мен іске асырылады. Жастар еріктілігінің бағдарламаларының айрықша ерекшеліктері, білім беру орындары немесе тұрғылықты орны бойынша да болсын, қандай да болсын мәжбүрлік немесе қарым – қатынас мәжбүрліктік түрдегі еріктілік қызметіне тарту тәсілдері болып табылады. Берілген бағдарламалардың тиімділігі қажетті құрал – жабдықтаумен қамтамасыз етуді қарастыратын әкімшіліктену үдерісінің санымен қамтылған, жастардың өздерінің дербес идеяларын өзінше өңдеудің дағдыларын алу, жобалардың іске асырылуын, оларды логикалық аяқталуына дейін бағалау мен жеткізу үшін құжаттардың қажетті жабдықталуымен, тренингтермен, кешенімен қамтамасыз етілуін қарастырумен қамтылған.

Осымен қатар, жағдайдың талдануы көрсеткеніндей, Қазақстанның аймақтарында іске асырылатын акциялар мен бағдарламалар тек жеткіншіктер мен жастардың шектелінген санын ғана тартады. Білім беру мекемелеріндегі жастар еріктілігінің тиімді бағдарламаларының әлсіз түрде дамуы және бос уақыт орталықтарында, жастардың басын көпшілігі үшін бағдарламаларға қатысу мүмкіншілігі туралы ақпаратқа деген тікелей рұқсатының болмауы жастардың позитивті дамуының

маңызды факторы ретіндегі қоғамдық пайдалы қызметіне қатысу үшін айтарлықтай кедергілерді жасайды.

Өз кезегінде жастардың айтарлықтай бөлігі үшін қоғамдық пайдалы бос уақытына деген жағдайдың болмауы жастарды криминогендік ортаға араласуын, наркотиктерді, алкогольді тұтынуды, қоғамға қарсы әрекеттер жасау қаупінің жоғары дәрежесін туындатады.

Осы шұғыл түрдегі қауіпті жағдай күн тәртібіне қалыптасқан жағдайларды өзгертуге қабілетті, білім беру мекемелеріндегі жұмысшының жаңа әдістері мен формаларын іздеу қажеттілігін қояды. Сөз ең алдымен қолданушы жастардың салауатты өмір салты үшін нақтылы жағдайларды жасай алатын жолдар мен тәсілдерді табуы туралы болуда. Яғни, өмірдің әлеуметтік – енжар, тұтынушылық стиліне деген рухани – адамгершіліктің, құндылықтардың және жоғары әлеуметтік бағыттардың жоғалуына әкелетін түрі туралы болуда. Басқаша сөзбен айтқанда, мінез – құлықтың баламалы өзіндік бұзылымы (алкоголь, наркомания, ойынпаздық және т.с.с.) нақтылыққа деген шығармашылық қатынастар, ортақ жасампаздық іс – әрекет, жастарды өмірлік дағдыларды белсенділікті – позитивтік өмірлік дағдыларды қолдайтын және тәрбиелеуші әрекет болуы тиіс.

Осымен бір уақытта жеткіншектер мен жастарды еріктілік қызметке тарту бойынша болатын жұмыстар Қазақстандағы салыстырмалы түрдегі жаңа дәстүрлер екендігін нақтылау қажет, ол балалар мен жастардың қоғамдық пайдалы бос уақытын ұйымдастырудың маңызды формаларының бірі ретінде қоғамдық және мемлекеттік деңгейлерде ғана пайымдауды бастады. Басқа жағынан алғанда, Қазақстанда жастар мен олардың еріктілігін тиімді түрде алға жылжыту аймағында, жеткіншектер мен жастардың еріктілік қызметіне қатысуа және олар үшін ерікті болу мүмкіндігін жасау мүддесін реттеудің әдістерімен жұмыс жасаушы мамандарды тәжірибе мен білім әзірге жеткіліктісіз.

Осының бәрі жастардың жаңа білімдер мен дағдыларды алуының, болашақ мамандыққа деген дайындығын, дарындарды ашуын, өзіндік түрде нақтылану мен көшбасшылық өсуін кеңейтудің тиімді тәсілі ретіндегі еріктілік қызметіне кең түрде тартудың мәселесін шұғыл түрде өзекті мәселе етеді.

Әдебиеттер

1. *Накипова К.* История Благотворительности в Казахстане – Алматы, 2003.

2. Резолюции Генеральной Ассамблеи ООН A/RES/56/38, 2002 г., A/L8, 2002 г.

3. *Кобякова, Т.Г., Смердов О.А.* Теория и практика организации подростковой добровольческой службы по первичной профилактике нарко-алкогольной зависимости / Т.Г. Кобякова, О.А. Смердов. – Кемерово, 1997. – 287 с.

4. *Арғынов А.Х., Жумаканова Р.А.* Учебная программа «Мы народ... Проект гражданин»: Пособие по гражданскому образованию школьников. – Алматы, Научно-информационный центр гражданского образования, 2008. – 76 с.

Түйін

Мақалада жастардың ерікті қозғалысының көкейкесті сұрақтары, жастардың белсенділігінің жүзеге асуының тиімді стратегиясы, Қазақстан республикасының азаматтық қоғамының мәселесі қарастырылған.

Резюме

В статье исследованы актуальные вопросы молодежного добровольческого движения как эффективной стратегии реализации молодежной активности в сфере гражданского общества Республики Казахстан.

Summary

The article explores current issues of the youth volunteer movement as an effective strategy for the implementation of youth activities in the sphere of civil society in the Republic of Kazakhstan.

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ ЖАҒДАЙЫНА ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ

С.А. Сарыбаев,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

әлеуметтану мамандығының I курс магистранты

Жастар – бұл мемлекеттің негізгі тірегі, «ертеңімізді жасайтын бүгіміз». Келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға тікелей байланысты екендігі де айқын. Елдің қуаты мен қозғаушы күші де – осы жастар. Сондықтан да жастардың сапалы білім, саналы тәлім-тәрбие алып, саламатты болып өсуі өте маңызды.

Біздің ел дамудың жаңа жолына түскен. Мемлекет алдында жаңғыртудың жаңа, көлемді міндеттері тұр. Қазақстан басқа дамыған елдермен терезесі тең қарым-қатынас орнатып, «әлемдік көштен» қалмай жүруі үшін еліміздің әрбір азаматы мемлекеттің жаңа келбетін қалыптастырып, жаңа идеяларды бағыттап, Қазақстанның дамуына алып баратын негізгі күш ретінде көрінуі қажет. Осындай міндетті жүзеге асыруда еліміздің 30% халқын құрайтын, белсенді, жалынды жастардың үлесі ерекше екені анық.

Қазіргі Қазақстан қоғамында жас қазақстандықтардың түрлі салалардағы инновациялық жобалар мен технологияларды игеруге бейімделуі, жаңа білім мен идеяларды қуаттауда белсенділік танытуы анық байқалып отыр.

Қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістер кезінде, қазіргі қоғамда нарықтық қатынастар берік орнаған уақытта жастардың экономикалық әлеуметтенуі туралы айтып өткен жөн.

Жалпы экономикалық әлеуметтену дегеніміз адамның қоғамдағы экономикалық өмірге ену процесі, яғни, экономикалық құндылықтарды, нормаларды, экономикалық іс-әрекет пен мінез-құлық әдіс-тәсілдерін меңгеру және олармен шығармашылық белсенді қатынас орнату.

Индивидтің экономикалық әлеуметтену факторлары мен жағдайына келесілерді жатқызуға болады:

Макрофакторға – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, этностардың өмір сүру жағдайы, қоғамның жалпы дамуы, азаматтардың әлеуметтенуіне әсер ететін экономикалық міндеттерді шешуді жүзеге асырушы реформаларды жүргізудегі мемлекеттің және оның органдарының белсенді ұстанатын позициялары жатады.

Мезофакторларға, атап айтқанда, өздері тұратын (аймақ, ауыл, қала) орынға байланысты; бұқаралық коммуникация желілерінің аудиторияларына қатыстылығына (радио, теледидар және т. б.); субмәдениетке қатыстылығына байланысты адамдардың үлкен топтарының экономикалық әлеуметтену жағдайлары жатады.

Микрофакторларға нақты адамға тікелей әсер ететін тұрмыста онымен тұрақты өзара қатынас орнататын факторлар жатады. Бұл факторларға маңызды құндылықтар туралы көзқарас қалыптасатын, тұтыну нормасы туралы, өмірлік игіліктер туралы экономикалық қондырулар, стереотиптер қалыптасатын отбасы мен туысқандар, достары мен жақын араласатын ортаның экономикалық жағдайы жатады [1].

Жоғарыда аталған индивидтің экономикалық әлеуметтенуіне әсер ететін макрофакторға мемлекетіміздің ұстанған саясаты, бағдары жатады. Осы жерде айтып өту абзал, мемлекетімізде экономиканы дамытуға ерекше назар аударылатындығын, «алдымен экономика, сосын саясат» ұстанымын ұстанатындығы еліміз үшін экономиканың маңыздылығын және оның дамуы үшін зор мүмкіндіктер қарастырылғандығын аңғарамыз. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жыл 17 қаңтарда халыққа арнаған «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында экономиканың ғылыми қамтымды моделін енгізу, әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру жолдары, шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесін 20%-дан 50%-ға дейін жоғарылату сынды міндеттер қойды. Бұл деректерден Қазақстанда азаматтардың экономикалық әлеуметтенуінде оң макрофакторлар қалыптасқанын білеміз.

Экономикалық әлеуметтену дегеніміз, экономикада әрекет етуді үйрену, яғни, бюджетті қалай жоспарлау, ақша алу, үнемдеу, сатып алу, жарнаманы қабылдау және т.б іс-әрекеттерді өз бойына

сіңіруі. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасындағы жастардың экономикалық әлеуметтенуінде екі жақты тенденция байқалып отырғандығын айтуға болады.

Біріншісі, жастардың экономикалық әлеуметтенуінде оң өзгерістердің байқалуы. Мұнда жастардың рационалды ойлауы, кәсіпкерлікпен айналысудағы жастардың белсенділік танытуы сынды жағдайларға ерекше назар аударуға болады. Осы жерде экономикамыздың дамуы, азаматтарымыздың кәсіпкерлікпен айналысуы үшін елімізде жасалған қолайлы жағдайлар туралы айтып өткен жөн. Яғни, тиісінше барлық заңдық құжаттар қабылданып, Президент Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы жолдауында экономикамызды дамыту негізгі бағдарға алынады. Мәселен, «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында шағын және орта бизнесті дамытуға бөгет жасайтын барлық кедергілерді жою қажеттігі, халықтың әл-ауқатын көтеру, экономикалық дамыған 30 елдің құрамына кіру міндетін қойды. Нақты бағыт-бағдар беріп, жағдай жасап тұрғанын көрген ел азаматтары аянып қалмас.

Екіншісі, жастар ортасында оңай олжаны көздеп, ешқандай іс-әрекет жасамайтын және қаржыларын оңды-солды шашып, дұрыс жұмсамайтын жастар саны да артып келеді. Осы тұста кейін пайда болған букмекерлік кеңселердің зияны шаш етектен. Қазіргі қазақ жастары арасында букмекерлік кеңсеге барып, бәс тігу кең белең алған. Жастар оңай олжаға кенеліп қалуды ғана ойлап, өз еңбектерімен ақша табуды ойламайтын қалге жетті. Бұл қазақ жастарының экономикалық әлеуметтенуіне кері әсерін тигізіп отырғандығы анық.

Қазіргі қоғамға өздігінен шешім қабылдай алатын, ынтымақтастықта жұмыс жасай алатын, мобильді, елінің тағдыры үшін аландайтын білімді, тапқыр адамдар қажет. Осы бағытта қазіргі Қазақстанда жастарға білім беру саласында кешенді жұмыстар атқарылып жатыр. Сонымен қатар, адамдарда экономикалық мәдениет қалыптастырып, экономикалық білім мен экономикалық ойлауға дағдыландырудың да маңызы зор.

Азаматтардың әлеуметтік өмірдің қарапайым экономикалық заңдары мен түсініктері туралы білімі болмаса ол елдің экономикалық жағдайына ерекше әсер етеді. Осы орайда,

экономикалық ойлауды мектеп уақытынан бастап қалыптасудың маңызы зор.

И. Алешинаның пайымдауы бойынша мектеп уақытынан басталатын тұтынушылық әлеуметтену бірнеше кезеңнен тұрады.

1. Операция алдындағы кезең. (3–7 жас) бұл кезеңде балаларда жаңа нәрселермен танысу өтеді. Бұл кезеңде ата-аналар тек қана аз көлемде таңдауға мүмкіндік береді.

2. Нақты операциялық кезең. (8–11 жас) бұл кезеңде нақты проблема туралы логикалық ойлауда күрделі қабілеттілік қалыптасады.

3. Формальді операциялық кезең. (12–15) абстракттілі ойлау және идеялар мен концепциялар шоғырлануы қалыптасады. Балалар көптеген сұрақтарды шешуде қаржы ресурстары мен когнитивті қабілеттіліктерге ие болады [2].

Аталған кезеңдерде ата-аналар өз балаларының экономикалық әлеуметтенуіне, яғни, ақшаны орнымен жұмсауға, дұрыс пайдалануға үйретіп, еркін қызмет жасауға үйретуі еліміз үшін де өте маңызы зор.

Түрлі жас кезеңдеріне байланысты экономикалық әлеуметтену процесі күнделікті тұрмыстық мәселелермен қатар, қоғамдағы жалпы әлеуметтік-экономикалық мәселелермен де байланысты. Мұнда субъектінің экономикалық білім мен экономикалық мінез-құлық тәжірибесін меңгеру жүретін, экономиканың негізгі процестері қалыптасатын (өндіріс, тұтыну, айырбас) ортаға енуі маңызды рөл атқарады. Мысалы, балалық жастағы экономикалық әлеуметтену жаңа экономикалық феномендер (жарнама, банк, кедейлік, байлық, инфляция) туралы түсініктердің қалыптасуына бағытталған. Балалық шақтағы тұтынушылық әлеуметтенуінің мақсаты тұтынушылық мінез-құлық дағдыларына ие болу және тұтынуды сипаттайтын ақша, сату, сауда орны сияқты түрлі аспектілер және экономикалық түсініктер туралы білімді меңгеру болып табылады.

Осы орайда, жастарымыздың қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге қарсы тұруы үшін оларды мектеп жасынан бастап экономикалық ойлауға, рационалдылыққа баулу қажет.

Осы тұрғыда, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жастарға арналған мына бір сөздері әр жас

азаматтың санасында жаңғырып тұратыны анық: «Жастарға айтарым – сендер халықаралық кеңістіктегі бәсекелестік күрестен сырт қалмауға ұмтылыңдар. Ол үшін тиянақты білім керек. Сосын сол білімдеріңді өмірде жарата білуді, оны нақты пайдалана білуді үйреніңдер. Әсіресе не істеу керектігін жете түсінулерің қажет. Сонымен бірге, сендер қандай да бір өзгерістерге қашанда дайын тұруларың керек. Әйтпесе, ғаламдық деңгейдегі Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі әншейін бос сөз болып қалады».

Нарық заманында Қазақстанның әрбір азаматы экономикамыздың дамуына жұмыс жасап, мемлекет барлық проблемаларын шешіп беруін күтпей, өзін бизнесте сынап көруге, елде жасалып жатқан экономикалық өзгерістерге толыққанды қатысулары қажет.

Қазақстан жаңа экономикалық саясат жолына түсті. Бұл туралы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауда былай деп келтіреді:

«Жаңа бағыт экономикалық саясатының мәні – түгел қамтитын экономикалық прагматизм, шын мәнінде бұл біздің бүгінгі көзқарастарымыз бен ұстанымдарымызды түбегейлі өзгерту. Бұл нені білдіреді?

Бірінші. Экономикалық және басқару шешімдерін түгелдей экономикалық мақсаттылық және ұзақ мерзімді мүдделер тұрғысында қабылдау.

Екінші. Қазақстан толыққанды бизнес-серіктестік ретінде қатыса алатын жаңа нарықтық тауашаларды айқындау. Экономикалық дамудың жаңа тіректерін құру.

Үшінші. Экономикалық әлеуетті арттыру мақсатында қолайлы инвестициялық ахуал құру. Инвестициядан алынатын кірістілік пен қайтарым.

Төртінші. Экономиканың тиімді жеке секторын құру және мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті дамыту. Экспортты мемлекеттік ынталандыру» [3].

Міне, осы бағытта ел экономикасын дамыта отырып, әр азамат экономикалық әлеуметтену процесін дұрыс өтіп, экономикалық ойлау мен білімді меңгерсе еліміз әлемдік көштен қалмас.

Әдебиеттер

1. *Васильева Т.А., Васильева Ю.В.* Социальная педагогика: учебное пособие. – М.: Крокос, 2010. – 240 с.
2. *Посытанова О.* Экономическая психология: психологические аспекты поведения потребителей. http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Psihol/posup/
3. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

Түйін

Аталған мақалада қоғамдағы өзгерістер жағдайында жастардың экономикалық әлеуметтенуі туралы баяндалған. Яғни, жастардың экономикалық әлеуметтенуіндегі негізгі тенденциялар және экономикалық сауаттылықты арттыру мақсатында мемлекеттің ұстанған саясаты қарастырылған.

Резюме

В данной статье рассматривается экономическая социализация молодежи в общественных переменнах. То есть, рассматривается государственная политическая программа, направленная на основные тенденции и расширение экономической грамотности при экономической социализации молодежи.

Summary

In this article economic socialization of youth in public changes is considered. That is the state political program directed on the main to tendencies and economic literacy is considered at economic socialization of youth.

ҚАЗАҚСТАН ЖАС ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОРНЫ

А. Саясат,

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
әлеуметтану мамандығының 1 курс студенті*

«Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, келешек жас ұрпақтың саналы, білімді, толыққанды зиялы азамат болып қалыптасуы білімге деген ізденісінің арқасында жүзеге асатыны анық. Бәсекелестікті талап ететін, яғни өмір сүрудің өзі бәсекеге айналған мына заманда біліммен қаруланған әрбір азамат жарқын келешек үшін жұмыла еңбек етуі қажет. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келелі мәселе – білім беру, ғылымды дамыту екені рас. Бүгінде оқу жүйесіне тың жаңалықтар енгізе отырып, жас ұрпаққа сапалы білім ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда.

Кез келген елдегі Жоғарғы білім беру ісі елдің ішкі ерекшеліктерімен қатар, дүниежүзілік ортақ стандарттарға сай келуі тиіс. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында да білім беру жүйесін әлемдік стандарттармен сәйкестендіру мақсатында оқу ісін реформалау жұмыстары жүргізіліп келеді. Шет елдердің көпшілігінде Қазақстанда берілген Жоғарғы білім мойындалады. Елімізде Жоғарғы білім берудің бес жылдық, жеті жылдық үлгілерімен қатар, төрт жылдық бакалавриат және екі жылдық магистратуралық оқу мерзімі енгізілді. Бакалавр дәрежесіндегі Жоғарғы білімді маман кәсіби тұрғыдан даяр кадр есебінде әр түрлі салаларда еңбек ете алатын болса, жекелеген ғылым салаларын тереңдетіп оқытатын магистратураны бітірушілер аспирантураның екінші жылына қабылдану мүмкіндігіне ие болады. Алайда, бұрынғы кеңестік жүйе кезеңінде қалыптасқан Жоғарғы білім берудің кейбір ерекшеліктері ішінара сақталып қалды. Мысалы, магистратура мен докторантура аралығындағы аспирантураның құрылымдық жағының шетелдік Жоғарғы білім жүйесінен айырмашылық-

тары бар. Қазіргі уақытта қазақстандық Жоғарғы білім беру жүйесі қарқынды дамып келеді. Докторантура – жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды – ғылым докторларын даярлау бөлімі.

Докторантура ведомстволық бағыныштылыққа, меншік түріне тәуелсіз, қазіргі заманға лайық зерттеу және эксперименттік базасы, белгілі бір салада ғылыми мектебі бар, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды жасауға және жүзеге асыруға белсенді түрде қатысып жүрген жоғары оқу орындарында, ғылыми және ғылыми-өндірістік мекемелерде ашылады. Докторантураға ғылым кандидаты дәрежесі бар Қазақстаназаматтары «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру туралы Ережеге» сәйкес қабылданады

Алғашқы рет екі ЖОО-да: әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде жүргізілді. Жыл сайын осы қатарға қосылып отырған ЖОО-лар саны көбейіп келеді. Қазіргі уақытта 29 ЖОО, оның ішінде 16-сы мемлекеттік тапсырыс білім беруді қамтамасыз етеді.

2008–2010 жылдар аралығында алғашқы 184 PhD докторы бітіріп шықты: оның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан – 112 адам, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-ден – 72 адам.

Қазіргі таңда докторантурада білім алушылардың саны – 540 адам, оның ішінде 497 адам мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алады. 2010–2011 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын бір докторантқа бөлінген қаржының орташа құны 1270,0 мың теңгені құрады.

PhD докторларын дайындаудағы алғашқы тәжірибе жетістіктермен қатар кемшіліктердің де бар екендігін көрсетті.

Жетістіктері:

- халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;
- қазақстандық білім беру бағдарламасын әлемдік деңгейге көтеру;
- докторантураның білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда шетелдік профессура, ірі ұлттық және шетелдік компаниялардың эксперт-практиктерін тарту;

- шетелдік инновациялық білім беру әдістемесін пайдалану және оның қазақстандық ЖОО-дан кейінгі білім беру стандартына бейімдеу.

Ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындауда тиімді өзгерістермен қатар магистратура мен докторантура жүйесінде төмендегідей проблемалар да бар:

- білім беру жүйесін ұйымдастырудың әлсіздігі, себебі барлық оқу материалы өз бетінше оқуға беріледі;

- магистранттар мен докторанттардың көпшілігі шетел тілін қажетті деңгейде меңгермеген, бұл мәселе олар үшін алдыңғы қатарлы ғылыми негіздерге қол жеткізуге кедергі жасайды, олардың халықаралық деңгейдегі тиімділігін төмендетеді;

- қорғалған магистрлік және докторлық диссертациялар нақтылы ғылыми нәтижеге бағытталмағандығына байланысты сапасы нашар болып отыр.

Сараптамалар көрсеткендей, ЖОО-лар PhD докторларын дайындау деңгейіне қойылатын талаптарды сақтамайды, жоғары академиялық дәреже тағайындауға берілген мүмкіндік барлық жағдайда жауапкершілікпен атқарылмайды.

Академиялық ұтқырлық – бұл білім алушылардың немесе оқытушы-зерттеушілердің білім алуға немесе зерттеу жүргізуге байланысты өз ЖОО-да кредиттік жүйеге негізделген білім беру бағдарламасының міндетті қайта сынақтан өту тәртібіне және ережеге сәйкес семестр немесе оқу жылына белгілі академиялық кезеңге өтуі. Қазіргі таңда білім алушылардың академиялық ұтқырлығы Tempus, Erasmus Mundus, Erasmus Mundus Partnership және т. б. айырбастау бағдарламалары арқылы қамтамасыз етіледі.

Студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығынан Erasmus бағдарламасына 1987 жылдан бастап 1,9 млн. адам қатысты. Қазіргі таңда бұл бағдарламаға әлемнің 30 елі, Еуропа университеттерінің 90%, 31 мемлекеттен 3100-дан астам ЖОО қатысады.

Erasmus Mundus бағдарламасы стипендиясының екінші консорциумы аумағында 2009–2010 жж. Қазақстанға 20 стипендия тағайындалды (бакалавриат – 9, магистратура – 5, докторантура – 3, докторантурадан кейін – 1, оқытушылық – 2).

Tempus IV бағдарламасының 10 жобасына 2008 жылдан бері қазақстандық 15 жоғары оқу орны, 67 студент, магистранттар мен оқытушылар қатысып келеді. Сонымен қатар, ЖОО тарапынан шетелдік университеттермен (Ұлыбритания, Испания, Германия, Чехия, АҚШ, Канада, Ресей және т. б.) 80 меморандум негізінде бірлескен білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып отыр.

Адами құндылықтар мен академиялық ұтқырлықты дамытуда дарынды жас қазақстандықтарға әлемнің үздік университеттерінде білім алуға мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» бағдарламасы айтарлықтай үлес қосып келеді.

Сапалы білім алуға ұмтылған студенттер саны өсіп келеді. Шетелде 20 мыңнан астам қазақстандық білім алуда. Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясының 3000-дай иегері әлемнің 27 елінде білім алуда. Бұл қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі академиялық және мәдени интернационализациялауды нығайтуға, білім беру бағдарламалары мен ғылыми-зерттеу сапаларын жақсартуға әсер етеді.

Академиялық ұтқырлық жеке даму мен еңбекке орналасу мүмкіндігі үшін маңызды және ол жан-жақтылыққа, сыйластыққа тәрбиелейді, өзге мәдениеттерді игеруге мүмкіндік береді. Ол лингвистикалық плюрализм мен жоғары оқу орнының бәсекелестік қабілетін көтеруге ынталандырады. Академиялық ұтқырлыққа нормативтік-құқықтық және институционалдық қолдау жасау басты шарт.

Ғылыми қызметкер – ғылыммен және ғылымның белгілі бір саласымен айналысатын ғалымдардың жалпы атауы. Қызметтеріне сай талаптар:

- Мәселелер бойынша ғылыми шешімдерді өндейді, зерттеулер мен өндеулерді өткізудің әдістерін қарастырады және ол үшін қажетті құрал таңдайды.

- Жаңа зерттеулер мен өндеулердің орындалуының бағыттарын негіздейді, ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы жоспарларға қосымша ұсыныс енгізеді.

- Жұмыстардың программасын құрастыруын ұйымдастырады.

- Ғылыми зерттеулер мен өңдеулердің нәтижелерінің қолданылу аясын анықтайды және бұл нәтижелерді іске асыруды ұйымдастырады.

- Ғылыми кадрлардың әзірлеуін жүзеге асырады және олардың біліктілігін жоғарылатуына ықпал етеді.

Ғалымдарды әлеуметтік қолдау бойынша шаралар қабылданылуда. 2007 жылдан бастап ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтың мәртебесі өсті, сонымен қатар материалдық мазмұны өзгерді (ҚР Президентінің 2007 жылғы 3 желтоқсандағы № 451 Жарлығы). Тек соңғы 10 жылда ғылым, техника саласындағы мемлекеттік сыйлық 24 жұмысқа берілді, 137 автор Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағын иеленді.

Ғылым саласының әртүрлі саласында жеткен жетістіктері үшін 2002 жылдан бастап теоретикалық және практикалық маңызы бар, мазмұны жағынан терең мағыналы, қойылған ғылыми мәселелері мәселелерді шешуде тың шешімдер тапқан атаулы сыйлықтар беріледі. Тағайындалған уақыттан бері бұл атаулы сыйлықтар 108 жұмысқа берілді, 167 автор лауреат атанды.

Мемлекеттік ғылыми стипендиялар еліміздің 2925 жетекші ғалымға, оның ішінде 1950 жас ғалымға берілді және жас ғалымдардың әлеуметтік-экономикалық өмір жағдайындағы басты мәселе – баспана. «Зерттеу кезінде сауалнамаға қатысқан 40 жасқа дейінгі жас ғалымдардың 44 пайызы баспанамен қамтамасыз етілгені анықталды. 25 пайызы пәтер жалдап тұратыны, 21 пайызы ата-анасымен өмір сүретіндігі, 6 пайызы жатақханада тұратыны және 1 пайыздан төмені ипотекаға үй алғаны белгілі болды», – дейді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы Айдос Алтынбеков. Әлеуметтанушының айтуынша, жас ғалымдарды баспанамен қамтамасыз етуде ең жоғарғы көрсеткіш Батыс Қазақстан облысында (75 пайыз) тіркелді. Пәтер жалдап жүргендер Алматы қаласы мен Ақтөбе облысында жоғары болса, ең аз көрсеткіш Оңтүстік Қазақстан облысында болып отыр. Жас ғалымдар арасында өзінің өмір-сүру жағдайына толық қанағаттанамын деп жауап бергендер 2008 жылы 26 пайыз болса, 2012 жылы 33,6 пайызды құрады. Ал қанағаттанбайтындардың үлесі 22,7 пай-

ыздан 19,5 пайызға дейін төмендеді. Бұл жас ғалымдарға деген әлеуметтік қолдау болып табылады.

«Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңы инновациялық және зерттеу процестерін басқаруды, ұйымдастыруды, одан әрі жетілдірудің, кадрлар даярлаудың, отандық ғылымды әлемдік ғылыми қауымдастыққа интеграциялаудың негізін қалаушы құжат болды.

Соңғы жылдардағы ғалымдар жүргізген ғылыми зерттеулер отандық ғылым мен технологияның бәсекелестік мүмкіндіктерін жоғары көтеретін жаңа іргелі білімге бағытталып келеді. Ғылыммен тығыз байланысты өндірістердің қалыптасуы үшін ғылыми базалардың құрылуы табиғи және минералды ресурстарды ұтымды пайдалану, жаңа материалдар мен препараттар жасау, техногендік қалдықтарды қайта өңдеуге тарту, тау-кен металлургиясы кешенінің тұрақты жұмыс істеуі мен тиімділігін көтеру, молекулалық және клеткалық биология нәтижелерін биотехнологияда, медицинада, ауыл шаруашылығында қолдану, денсаулық және тамақтану сапасы, телекоммуникация мен байланыстың қазіргі заманғы жүйесін құру, атом энергетикасын дамыту сияқты қажетті шаралардан тұрады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауын іске асырудың маңызды тетігі ретінде «Болашақ» бағдарламасының негізгі міндеті өңірлер үшін кадрлар даярлау болып табылады. Бұл мемлекетіміз үшін жас ғалымдар мен ғылым дамуының жаңа бағыты болып табылады.

Әдебиеттер

1. «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңы
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Халыққа Жолдауы.
3. Орысша-қазақшатүсіндірмесөздік: Ғылымтану. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын. – Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006.

4. <http://kaznui.kz/kz/services/detail.php?e=733>

5. <http://inform.kz/kaz/article/2530968>

Түйін

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының жас ғалымдарының ғылыми және әлеуметтік статусы қарастырылады.

Резюме

В данной статье рассматривается научный и социальный статус молодых ученых Республики Казахстан.

Summary

This article examines the scientific status of Young Scientists of the Republic of Kazakhstan.

ӘЛЕУМЕТТІК ТЕРАПИЯ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ӘДІСТЕРІ

И.С. Сарыбаева,

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы,
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,*

А.М. Сұлтанова,

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы

Қоғамның экономика мен рухани саласындағы түбегейлі өзгерістері мен олардың негативті салдары көптеген адамдарда үрей туғызады, ертеңгі күнге деген сенімсіздік пайда болады, адамның ішкі әлемі ауыр уайымдарға толады, ал бұлардың барлығы отбасылық қарым-қатынасқа кедергі келтіреді. Бұл дегеніміз халыққа әлеуметтік көмек көрсету формалары мен әдістерін жан-жақты дамытуға қажеттіліктің жоғарылауын білдіреді.

Жалпы, Қазақстанда әлеуметтік жұмыстың кәсіби бағыттылығы терапия саласында енді ғана алғашқы қадамдарын жасауда. Сондықтан да, әлеуметтік қызметтегі ең жақсы технологияларды адамның әлеуметтік көңіл-күйін жақсарту үшін кәсіби сауатты қолдану қажет.

Әлеуметтік-тұрмыстық ретсіздік, стрестік ситуациялар адамның әлеуметтік, соматикалық және психологиялық көңіл-күйін төмендетеді. Бүгінгі күні адамдардың көпшілігі қоршаған орта арқылы көптеген жағымсыз жағдайлардың ықпалын тікелей және жанама түрде басынан өткізеді. Әлеуметтік терапиялық көмектің әртүрлі әдістері мен түрлерін қолданған әлеуметтік қызметкер, өз жұмысын, ең алдымен адамдардың жас ерекшелігіне, кәсіби және тұлғалық ерекшеліктеріне сай құруы қажет.

«Терапия» сөзі грек тілінен аударғанда «қамқорлық, күтім, емдеу» деген мағынаны береді.

Біз білетіндей, медицина саласында терапиялық емдеудің көптеген түрлері қолданылады: дәрі-дәрмектік құрал, физиотерапия, фитотерапия, мануалды терапия және т. б. Дәстүрлі

әдістерді қолданумен қатар, емдеудің басқа түрлерін табуға тырысуда, мысалы, ине терапиясы немесе емдеудің экзотикалық түрі – «дельфинотерапия» пайдаланылады. Кейбір мамандардың айтуынша, балалардың дельфинмен сөйлесу арқылы қозғалу қабілеттері қайта қалпына келеді, қан айналымы жақсарып, ауру төмендейді. АҚШ-та бұл әдіс 30 жылдан аса қолданылып келеді.

Әлеуметтік терапия психикаға ықпал ету әдісін қолданатын психотерапиямен тығыз байланысты. Бұл ықпал ету пациенттің мазасыздығын тудыратын сезімдерін, ойларын, импульсін, қатынасын және психологиялық симптомын ретке келтіруге байланысты, адамға немесе топтарға көмек көрсетудің мақсатты бағытталған, жүйелі шараларды қамтиды және де психологиялық теориялар мен әдістерге негізделген болып табылады. Психотерапевт-дәрігер негізінен жүйке жүйесі ауыратындармен және адамның басқа да жүйке-психологиялық патологияларымен жұмыс жасайды.

Әлеуметтік қызметкер индивидттермен немесе әлеуметтік топтармен жұмыс барысында психологиялық және соматикалық мәселелермен жиі кездесіп отырады, сондықтан да, психотерапияда қолданылатын негізгі терапевтік және тәжірибелік әдістерін игергені жөн. Бұл оған адамның ішкі факторларын, яғни оның мінез-құлқына түрткі болатын себептерін анықтауға септігін тигізеді. Әлеуметтік қызметкердің клиентпен жұмысының бірінші сатысы терапевтік кеңес беру және әңгімелесу арқылы жүзеге асады. Оған көмек беру үшін әлеуметтік қызметкер өзі терапевтік жұмысты жүргізуі тиіс немесе басқа мамандармен бірігіп ұйымдастыруы қажет. Егер пациенттің денсаулығында күрделі ауытқулар байқалатын болса, онда әлеуметтік қызметкер, оны толық қажетті ем алу үшін дәрігерге немесе психотерапевтке көрінуіне ұсыныс береді.

Алайда клиникалық бағыттар біздің нақты өміріміздегі болып жатқан оқиғаларды, индивид өмірінің әлеуметтік-экономикалық, рухани-адамгершілік жағдайларына назар аудармайды, сондықтан да кей уақытта емдеу әдістері нәтижелі болмауы мүмкін. Кейбір жағдайларда, медициналық тұрғыдан шешімі табылуы қиын белгісіз асқазан ауруымен ауыратын адамға, «Сіздің үйіңіздегі жағдай қандай?» деген қарапайым сұрақ қою

арқылы оның бойынан нақты осы күрделі жағдайына себепші болған уайымды, эмоцияны және сезімдерді көруге болады. Жалпы, өмірдің өзі адамдардың денсаулығының жақсы болуына әсер ететін бірнеше «терапевтік» ситуациялар қатарынан тұрады, олар: өмірдің мәнін түсінуге көмектесетін бақытты балалық шақ, достық және сүйіспеншілік қарым-қатынас, жұмыстан алатын қанағаттану сезімі, сенім және наным және т. б.

Сонымен, «терапия» термині қазіргі уақытта кең әлеуметтік мағына және психотерапевт-дәрігерлердің қолданатын терапевтік әдістері салыстырмалы сипатқа ие болып отыр, яғни адамның шешілмеген мәселелері бар немесе болатын болса, онда әлеуметтік жұмыс мамандарына белсенді түрде жұмыс жасау керек дегенді білдіреді.

Әлеуметтік жұмыс саласындағы маман ғана қазіргі терапевтік ықпал ету әдістерін меңгере отырып, соматикалық және психикалық ауытқулардың шешімін түсіндіре алады. Адамды өзінің мәселелерімен, уайымдарымен, қиындықтарымен бірге индивидуалды біртұтастық ретінде қабылдау арқылы, әлеуметтік қызметкер өз тәжірибесінде мақұлданған әдістерді пайдаланумен терапевтік көмекті әсерлі ете алады.

Қазіргі уақытта әлеуметтік жұмыстың әртүрлі функционалды бағыттарға негізделген бірнеше ағымдары бар.

Көптеген батыс елдерінің әлеуметтік қызметкерлері қолданатын бірінші бағыт әлеуметтік жұмыстың емдеу қызметіне негізделеді. АҚШ-та әлеуметтік қызметкерлер психикалық денсаулық орталықтары мен клиникаларда жиі жұмыс жасайды. Мұндағы әлеуметтік қызметкердің рөлі дәрігерлермен біріге отырып, клиентке оның мәселелерін шешуге көмектесу болып табылады.

Әлеуметтік жұмыстағы екінші бағыт – әлеуметтік даму. Бұл модель клиентті белсенді топ қызметіне енгізуді білдіреді, яғни баспана мәселесін, жұмыстағы мәселесін және т. б. шешуге көмектеседі. Мұндай топтардың қызметі клиенттің денсаулығына жағымды әсер ететін «біріккен даму» процесі ретінде қарастырылады.

Әлеуметтік жұмыстағы үшінші бағыт – клиенттің мүддесін қорғау қызметіне негізделген. Мұндағы негізгі міндет әлеуметтік әлсіз адамдардың немесе жәбірленушілердің мұқтаждықтарын

қоғамға түсіндіру, мысалы, олар жұмыс жасайтын ұйымға және олар бірге тұратын адамдарға түсіндіру.

Әлеуметтік терапия клиенттің жеке әлеміне араласудың белгілі бір формасы ретінде, организмнің психикалық және соматикалық қызметіне ықпал ететін «емдеу» әдісі, кәсіби бағыттылық және оқытумен байланысты әсер ету әдісі, әлеуметтік бақылау және коммуникация құралы ретінде қарастырылады. Әлеуметтік терапияның объектісі ретінде өз қиындықтарымен бірге клиенттің өзі ғана емес, сонымен бірге оның туысқандары, жұмысы, баспанасы, көршілері, достары және таныстары да болады.

Әлеуметтік қызметкер мазмұндық аспектіде терапевтік әдістерді психология, психиатрия және психотерапияның жетістіктеріне сүйене отырып қолданады. Клиентке ықпал ету әдістерінің мұндай пәнаралық сипаты әлеуметтік терапия технологиясының күрделілігін көрсетеді.

Терапевтік жетістік қамқорлыққа алынушыны өзіне сендіре алу, мейірімділік пен шынайы жаны ашушылық қасиеттері және әлеуметтік қызметкердің кәсібилігіне тәуелді. Терапевтік ықпал ету әдістері 2 компонентті қамтиды: интеллектуалды – сөздің ақпараттық ықпал етуімен байланыстылығы; эмционалды – әлеуметтік қызметкердің дене қимыл ерекшеліктері мен мінез-құлқы, бет әлпеті, дауыс ырғағы. Ол клиент үшін терапевтік процесс шенберінде пайда болған «байланыс» арқылы мінез-құлық үлгісі, эксперт және эмоционалды жақын адам болуы тиіс.

Жалпы алғанда, әлеуметтік терапия әдістері екі түрге негізделеді – индивидуалды және топтық. Бұлардың әрқайсысының әлеуметтік қызметкер мен клиент арасындағы өзара ықпал етуді қалыптастырудың белгілі бір технологиясы бар. Мұндай ықпал етудің мақсаты белгілі бір эмоционалды мәселелерді шешу, ақпаратпен алмасу, әлеуметтік және кәсіптік дағдыларды дамыту, құндылықты бағдарларының өзгеруі, асоциалды бағыттарды конструктивті ағымға салу және т. б. болып табылады. Араласу тәсілдері бақыланатын терапевтік пікірталастар, әңгімелесулер және т.б. қамтиды.

Индивидуалды терапия топтық терапияға қатысқысы келмеген кезде, қоғаммен мақұлданбаған немесе клиенттің

мінез-құлқын қорлайтын жыныстық өмір сияқты мәселелерді шешуде конфиденциалдылықты (зорлау, отбасылық кикілжің) талап ететін жағдайға бағытталады. Мұндай уақытта клиентке мәселе туралы сұрақ қойып, талқылап, қысым жасалмауы тиіс. Кейбір жағдайда ата-анасы, отбасы мүшелері, туысқандары шақырылуы, қоғамдық ұйымдармен және мекеме әкімшілігімен байланыс орнатылуы мүмкін. Екі-үш рет индивидуалды терапияны қабылдағаннан кейін, клиент топтық терапияға ауыстырылады.

Топтық терапия индивидуалды терапиямен біріге отырып, терапевтік ықпал етуді толықтырады, яғни клиентке өзіне топтың көзімен қарауға және мінез-құлқын реттеуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік мәселелерді шешуде топтық процестерді қалыптастыру мен іске қосу үшін психотерапевтік процедуралардың маңызы зор болып табылады. Бұл жалпы жаттығу болуы мүмкін (релаксация, пантомимикалық көріністер, «конструктивті спортқа» қатысу, рөлдік ойындар ойнау, өмірбаянын айту, анонимді ауру тарихын талқылау, түстің мазмұнын суреттеу, фантазия және ассоциация, гештальттерапияны қолдану). Мұндай процедураларға қатысу топ мүшелерінің белсенді қатысушы және бақылаушы рөлін атқаруына, интеллектуалды талдау жүргізуіне, бегілі-бір мінез-құлық түрлерін жаттықтыруына мүмкіндік береді.

Топ құрамы сипаты және мақсатына қарай әртүрлі болуы мүмкін:

- оқу топтары. Мұнда білім алудан басқа, өз пікірін айтып немесе тұлғалық мәселесін талқылау мүмкіндігі бар;

- бірігіп әрекет ету топтары. Бірігіп әрекет ету ерқашан да сенімді байланыс орнатудың және қызметтестік, қатынас қабілетін дамыту, жанжалды шешу мен шешім қабылдаудың тиімді әдісі болған. Мысалы, спортпен айналысу, театрға бару және алған әсерлерін талқылау және т. б.;

- ата-аналарға арналған топтар. Оқу тобының бір түрі болып табылады, бірақ оған қарағанда алға қойған мақсаттары кеңірек болады. Мысалы, балаларды тәрбиелеу, «Жыныстық қатынас және бірігіп өмір сүру» сияқты тақырыптарды талдау және т.б.;

- ерлер және әйелдер топтары. Мысалы, қазіргі қоғамдағы әйелдердің рөлі мәселесі: жәбірлеуден босату, ынтымақтастықты

дамыту. Дағдарысты сәттері: зорлау, қатал қарым-қатынас, ажырасу, жас ерекшелік мәселелер.

Топтағы жұмыс технологиясы келесі міндеттерді шешеді:

- оның бір немесе бірнеше мүшелеріне қатысты болған жағдайда мақсатты реттеу, жөндеу;
- дисфункцияны ескерту (мұндай қауіп төнген жағдайда);
- әсіресе өсудің сыни кезеңдерінде топ мүшелерінің қалыпты дамуын қамтамасыз ету;
- тұлғаны қабылдау;
- азаматтылық сезімге тәрбиелеу.

Еңбек терапиясы. Ол адамға еңбек арқылы әсер етуге негізделеді. Жұмыс адамның өмір сүруге деген ұмтылысын көтереді. Емдеудің қайта қалпына келтіру әдісі ретінде аурудың күнделікті өмір ырғағына біртіндеп оралуы үшін маңызды және адамның әлеуметтік мәртебесін көтереді. Бұл мәселе көпшілігінде зейнет жасына келгендерде болады, яғни «қажетсіздік» комплексінің пайда болуы. Бұл терапия мақсатына қарай міндетті компонент ретінде қарт адамдармен жүргізілетін әлеуметтік-терапевтік іс-шаралар кешеніне кіруі тиіс.

Психикалық ауытқу кезінде еңбек терапиясы ерекше мәнге ие болады. Еңбек терапиясы біріккен қызметті ұйымдастыруға себепші, сонымен бірге адамдар арасындағы қысымшылық жағдайды жеңілдетеді. Жалпы алғанда, еңбек терапиясы халықтың барлық категориясына көмек пен қолдаудың, әлеуметтік дамудың әмбебап түрі болып табылады.

Өзін-өзі тәрбиелеу терапиясы. Өзін-өзі тәрбиелеу – бұл адамның өзін тұлға ретінде қалыптастыру процесі.

Өзін-өзі тәрбиелеу әдісі аутогенді жаттықтыру негізінде қолданылатын болса тиімді болып табылады. Бұл әдіс технологиялық аспектіде: 1) өзін-өзі оқыту, өзін-өзі бағалау; 2) өз тұлғасын асыра бағалау; 3) өз-өзіне талдау, өткенді асыра бағалау, индивидуалды «психологиялық кедергілерді» айқындау; 4) қалауындағы «Мен» бейнесін қалыптастыру; 5) индивидуалды мақсатының формуласын қалыптастыру; 6) өзін-өзі сендіру және өзін-өзі ынталандыру тәсілдерін қолдану; 7) «Мен» бейнесінің әртүрлі іс-әрекет және қарым-қатынас жағдайындағы мінез-құлықтың сюжетті сенсорлы репродукциясы; 8) «Мен» бейнесі

стереотипін күнделікті өмір және іс-әрекет жағдайында нақты мінез-құлыққа таңу тәсілдерін қамтиды.

Зерттеулердің нәтижесі бойынша өзін-өзі тәрбиелеу әдісін жүйелі қолданғаннан кейін бір ай ішінде клиенттің бойында жағымды өзгерістер байқалады.

Топтағы мінез-құлықтық терапия әдісі. Бұл топтар арасында кеңінен қолданылады және әлеуметтік дағдыларды қалыптастырады. Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға келесі әдістерді жатқызамыз:

- клиенттің терапевтік қауымдастықта бағыну, тәртіп орнату, тазалық бойынша кезекшілікке тұру сияқты қызметтерді атқаруы; өзін-өзі басқарудағы басқарушы қызметтер және осы қызметпен байланысты жауапкершілік пен басқаларды басқара алу қабілеті, сонымен бірге ұжыммен қызметтесе алу қабілеті (топтағы кезекшілік, топтың белсенділігі туралы есеп);

- жалпы көңіл көтеру шаралары негізінде өзінің және басқалардың бос уақытын ұйымдастыру;

- жұмысбастылық терапиясы, өз бетінше атқаруы, қызметтестік, инициативтілік, қызығушылық;

- кәсібі жайлы әңгімелесу, клиенттер жиналысында өз кәсібі, атқаратын лауазымы, өзінің ұмтылысы, жұмыстағы жетістіктері, көпшілік алдындағы баяндамасы туралы әңгімелеу.

Бұл жерде маңызды рөлді әртүрлі тренингтік сабақтар атқарады. Мысалы, жасқаншақтықты жеңу тренингі, белсенділік тренингі, өз пікірін айту, сырттай берілген сынды қабылдай алу немесе топ ішінде алдын-ала белгіленген тақырыпқа пікірталас өткізу және т. б. Бұл мінез-құлықтық тренингтердің көпшілігі клиенттерге арналған әртүрлі жаттығуларды қамтиды.

Пікірталастық терапия әлеуметтік қызметкердің негізгі әдістерінің бірі және әртүрлі клиенттермен жиі қолданылады. Іс жүзінде топтың белсенділігі әртүрлі болады; пікірталаста өзекті мәселелер және биографиялық мәліметтермен байланысты сұрақтар қозғалуы мүмкін.

Социотерапия – клиенттің әлеуметтік қоршаған ортасына мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар арқылы ықпал ету. Мысалы, ата-аналарына қатысты ассоциалды мінез-құлықтар және т.б. қолданылады.

Музыкотерапия – емдеу мақсатында қолданылатын, адам психикасына ықпал ететін ескі әдістердің бірі болып табылады. Топтық, индивидуалды музыкотерапия сабағы топтағы тыңдаушылардың қазіргісі, өткені және болашағымен байланысты өзекті музыкалық тақырып таңдалады. Егер музыкалық шығарманы терапевтің өзі орындайтын болса, онда ол спонтанды өзара әрекет жағдайының және сенімділіктің пайда болуына ықпалын тигізетін тиімді әдістердің бірі болып табылады. Сонымен бірге мұнда, клиенттің бойында қобалжу сияқты, шаршағандық және ашушаңдық жағымсыз жақтары да байқалуы мүмкін. Егер қамқорлықтағы клиенттің музыкалық білімі немесе музыкадан хабары болмаса, онда музыкотерапия әдісі олар үшін емдеудің күрделі тәсілі болуы ықтимал.

Ритмотерапия музыкотерапиямен және басқа да өнер құралдарымен, табиғи ритммен, яғни адамға тән өмірдің табиғи биоритмімен тығыз байланысты. Мысалы, әдемі, құлаққа жағымды ритмді музыка адамның еңбектегі, тұрмыстағы эмоционалды дамуына ықпал етеді. Жалпы ритмотерапия клиенттердің әртүрлі әлеуметтік рөлдерді орындауына және эмоционалды қажеттіліктерін қанағаттандыруға, эстетикалық қажеттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді.

Арттерапия – өнермен емдеу әдісі. Бұл әдістің бірнеше нұсқалары бар:

- бұрыннан бар өнер туындыларын клиенттің талдауы мен интерпретациясы арқылы қолдану;
- клиенттерді өзіндік шығармашылыққа итермелеу;
- клиенттің өзіндік шығармашылығы мен өнер туындыларын қолдану;
- арнайы маман шығармасы – мүсіндеу, сурет салу және т.б. клиентпен өзара әрекетке бағытталған шығармашылық.

Түр-түс терапиясы. Психологтардың тұжырымдауы бойынша еңбек өнімділігіне түстің әсері өте үлкен. Мысалы, қызыл түсте еңбек өнімділігі қысқа уақыт ішінде жоғарылайды, ал көк түсте төмендейді. Мұндай әсер ету ой еңбегі түрінде де байқалады. Әрбір адамның кезкелген түске өзінің қалыптасқан көзқарасы бар. Бұл түстік қалауды диагностикалық әдіс ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Диагностика тұрғысынан келетін

болсақ, клиенттердің өздерінің түсі де маңызды болып табылады. Біз ақпаратты тек тестілеу және сұрау әдісі арқылы ғана емес, бақылау әдісі (киімінің, галстугінің түсі және т.б.) арқылы да ала аламыз. Кей жағдайда клиенттің таңдаған киіміне назар аудары керек, себебі ол да көңіл-күйге тікелей әсер етуші фактор болып табылады. Сондықтан да өз көңіл-күйін реттеу үшін клиентке жағымды түсті таңдау керектігін түсіндіру қажет.

Кітап терапиясы. Кітап оқу барысында клиент өзінің жағдайын бағалауға көмектесетін талдау мен жазбалар жүргізеді. Психотерапевт кітап тізімін клиенттің мәселесімен байланысты етіп таңдап береді.

Имаготерапия – терапия мақсатында бейнелермен ойнау қолданылады (латын тілінен imago – бейне). Адам өзінің динамикалық бейнесін қалыптастырады. Мұнда әртүрлі нақты тәсілдер қолданылады: алдын ала берілген ситуацияға байланысты әдеби туындыны баяндап беру, халық ертегілерін драмалау және баяндау, хикаяны театрландыру, классикалық және қазіргі драматургияны жаңғырту, қойылымда рөлді орындау.

Жоғарыда аталғандар психоәлеуметтік жұмыста қолданылатын жалпы әдістер болып табылады. Әлеуметтік жұмыс технологиясында нақты бір терапевтік әдісті ерекше деп айтуға болмайды.

Қазіргі уақытта әлеуметтік терапия саласында арнайы мамандарды дайындау жүйесі әлі де болса толығымен қалыптасқан жоқ. Сонда да бұл сала бойынша мамандар қажеттігі қоғамда күннен-күнге өсу үстінде. Сондықтан да, әрбір әлеуметтік қызметкер клиентпен психотерапиялық байланыс орната білуі және «дәрігерлік» әңгімелесу деп аталатын технологиялық дағдылар мен білімді игеруі тиіс. Терапевтік әдістерге үйрету – бұл қоғамның өзгермелі жағдайына және адамның білім деңгейінің қалыптасуына тәуелді үздіксіз жүріп отыратын процесс. Қорыта келгенде, жақсы әлеуметтік қызметкер болып терапевтік әдістер мен тәсілдерді жай ғана оқыған адам емес, оны өз тәжірибесінде нақты қолданып, клиентке мәселесін шешуге көмек бере алған адам болып табылады.

Әдебиеттер

1. *Холостова Е.И.* Теория социальной работы. – М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 1999.
2. *Зайнышев И.Г.* Технология социальной работы / Под ред. И.Г. Зайнышева. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2002.
3. *Костина Е.Ю.* История социальной работы: Учебное пособие. – Владивосток: ТИДОТ ДВГУ, 2003.
4. *Кузнецова Л.П.* Основные технологии социальной работы: Учебное пособие. – Владивосток: Изд-во ДВГТУ, 2002.
5. Социальная работа за рубежом: Учебное пособие / Сост. Е.С. Новак, Е.Г. Лозовская, М.А. Кузнецова / Под общ. ред. Е.С. Новак. – Волгоград: Издательство ВолГУ, 2001.

Түйін

Мақалада клиентпен әлеуметтік жұмыста қолданылатын әлеуметтік терапия мен оны жүзеге асыру жолдары қарастырылған.

Резюме

В статье рассматриваются методы и технологии применения социальной терапии в социальной работе с клиентами.

Summary

In article methods and technologies of application of social therapy in social work with clients are considered.

ЖОО ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ КӘСІБИЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ (ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ)

Ж.Ж. Сембина,

*Қазақ гуманитарлық-заң университетінің
аға оқытушысы, әлеуметтік ғылымдарының магистрі*

Елімізде әлеуметтік жұмыстың пайда болған уақытынан қазіргі уақытқа дейін әлеуметтік педагогиканың басымды рөлі тән. «Әлеуметтік педагог», «әлеуметтік жұмыс маманы» мамандықтары адамның және қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешу үшін құрылған.

Әлеуметтік жұмыскерлерді дайындаудың қазіргі ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, әлеуметтік жұмыскердің кәсібінің және әлеуметтік қызмет жүйесінің дамуы және әлеуметтік басқару органдарының және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері жетекшілерінің алдына халықтың белгілі санаттарына көмек көрсету құрылымын білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесін қойды. Нәтижесінде әлеуметтік сала жоғары білімді, коммуникативті әрекетінің жақсы тәжірибесімен, жағымды тұрақты мотивациялы, бірақ өкінішке орай, білімдері техникалық немесе әлеуметтік саладан алшақ кадрлармен толықты.

Кәсіби біліктілік мәселесінің қоғамдық маңыздылығынан басқа, тұлғалық маңыздылығы да аса елеулі болып келеді. Кәсіби білім туралы құжаттың жоқтығы қызметкердің лауазымының өсуіне қиындық тудырады, әділетсіз төмен еңбекақының өсуіне үміттенуге жол бермейді.

Әлеуметтік жұмыскер маманын дайындау және қайта дайындауды кең жүйеде күшейту қажеттілігі объективті болып келеді. Бірақ, қазіргі уақытта жұмыс жасап жатқан жоғары оқу орнының күшімен әлеуметтік жұмыс мамандарының тапшылығын он жыл ішінде ғана жоюға болады. Сонымен қатар, әлеуметтік жұмыс курсына жататын пән жүйесіндегі білімді тез жетілдіру кадрларды жүйелі түрде кәсіби қайта дайындау және біліктілігін жоғарылату қажет екенін ескертеді.

Талапкер және студенттер өздерінің мінез-құлқын жоғары оқу орнында дипломды тез және ешқандай шығынсыз таңдауға тиімді етеді. Өкінішке орай, білімді коммерциялау кең жайылып келеді, осыған байланысты жоғары ғана емес, орта арнаулы білімі бар, кей жағдайда орта білімді алу құқығы оқушының әлеуметтік қажеттілігі немесе отбасымен, оның қаражат ауқаттылығымен байланысты болып табылады.

Әлеуметтік жұмыстың Қазақстанда дамуы, жинақталған алдын-ала жоспарланған және Ресей мен басқа әлемдегі елдердің тәжірибесімен анықталады. Әлеуметтік жұмыстың әрқилы түрлерінің топтастығы әрқилы елдерде өзінің спецификалық ерекшеліктерімен анықталады. Әлеуметтік жұмыс әр елде әр түрлі болып келеді, қарастырып көрейік.

XX ғасыр 90 жылдары «әлеуметтік жұмыс» мамандық ретінде тәрбиешілер, психологтар, мәдениет қызметкерлері, денсаулық сақтау және спорт, әлеуметтік қамтамасыз ету органдары және тәртіп сақшылары, яғни халықты әр түрлі әлеуметтік қорғау жақтарын қарастырған, әлеуметтік жұмыстың тәжірибелік әдістері мен формалары құрылған. Осыдан келіп қазіргі заманғы әлеуметтік жұмыс 3 кезеңнен тұрады (В.Г. Богачева бойынша):

1) XX ғ. 60 жылдар; I кезең – тәжірибенің жинақталуы, іздеу, зерттеу, әлеуметтік-педагогикалық тәжірибе, яғни қызметкерлер дәрежесін реттеу, сыныптан және мектептен тыс жүргізілген жұмыстар қатары қарастырылып, әр түрлі категориялы қызметкерлердің күннен күнге пайда болуы;

2) 70–80 жылдар; II кезең – қоғамдық қажеттілік, әлеуметтік тәрбие, қиындықты шешу жаңа кезеңге алып келді. Сол кезден бастап әлемде әр түрлі кешендер жүйесі дами бастады: әлеуметтік-педагогикалық, ағартушылық-мәдени, денсаулықтырушылық және т. б.

3) 80 жылдардың аяғы мен қазіргі заман [1, 117–122 бб.].

Тағы да айтып кететін болсақ, әлеуметтік жұмыскердің дайындығы толеранттылық, адамгершілік, қолданбалы бағыттылық және тағыда басқа принциптер негізінде құрылған. Оның әрбір деңгейі өзінің мақсатын, мәселесін, жүзеге асудың әдісін және амалдарын иемденген көп деңгейлі үдеріс болып келеді. Сонымен қоса, тест өткізумен анықталатын, мақсатқа

тиісті тәжірибені игеру, болашақ маманның тәжірибелік қызмет мәселелеріне және жұмыс деңгейіне студенттің тұлғалық сапасының сәйкес келуі жүйені құраушы фактор болып табылады.

Әлеуметтік салада әр түрлі әлеуметтік көмек көрсету жағынан әлеуметтік жұмыскерлерді кадрлық дайындау үлгісі күннен-күнге өзін жетілдіре түсуде. Жалпы әдістер мен технологияларды пайдалану арқылы әлеуметтік жұмыс әрі қарай өз дамуын жалғастыруда.

Қазақстан Республикасында Ресейден біршама уақыттан кейін ЖОО-да әлеуметтік жұмыскерлерді дайындау басталды. Мамандық бойынша алғашқы стандарттар 90-жылдардың екінші жартысында жарыққа шықты. Мұнда оқу жүктемесінің нормативтері, «специалитет» үшін пәндердің барлық блогы үшін оқу процесінің мазмұны анықталды. Кеңес Одағының білім кеңістігіндегі дәстүрлі болып келген жоғары мектепте мамандарды дайындау жүйесін дәл осылай атады. «Специалитет» дефинициясының енгізілуі қажеттілігі посткеңестік білім кеңістігі мен жоғары мектеп жүйесінде білім беру қызметтерінің нарығында «Бакалавриат» және «Магистратура», «Докторантура Ph.D.» деп аталатын жаңа «проеуропалық» дайындық форматының пайда болуымен шарттастырылған. Қазіргі уақытта Қазақстанда бұл мамандық бойынша бакалавриат пен магистратураны қосқанда мемлекеттік стандарттардың үш буыны жасалған. 2010 жылдың ақпанынан бері елімізде әлеуметтік жұмыс бойынша Ph.D докторанттарын дайындау басталды. Әлеуметтік жұмыс бойынша Ph.D академиялық дәрежесін алу бойынша аталған білім жобасының негізіне АҚШ стандарты алынған. Бұл жобаның бастамашылары болып Құрама Штаттарда үш жылдық профессорлық тәжірибе өткен профессорлық-оқытушылық құрамның өкілдері болды. Республикада бакалаврлар мен магистрларды дайындау 2004 жылдан басталды. Қазақстандық жоғары мектептің кәсіби ғылыми-педагогикалық қоғамдастығында дискуссиялар Ресейдегідей өте өткір сипатта болды. Мемлекеттік жалпыға міндетті бакалавр мен магистрлардың жаңа стандарты жасалды, елдегі барлық ЖОО-да ҚР Білім және ғылым министрлігінің классификаторының барлық мамандықтары бойынша бакалавр мен магистр дайындау басталды. Бакалавриат пен магистратура Қазақстанның

жоғары мектебінде сол уақыттан бері жемісті жұмыс жасап келеді, сондықтан жұмыстың нәтижесін қорытындылап көруге болады. Бакалавриат пен магистратураны енгізудің бірінші кезеңінде жоғары мектептерде кәсіби дайындаудың «ескі» және «жаңа» форматтарының адекваттылығы мәселесі туындады. Бакалавриатты енгізудің бастапқы кезеңіне тән бірінші мәселе – білім нарығындағы, әсіресе бәсекелестік күрес жағдайындағы меншік формасы әртүрлі специалитет бағдарламалары бойынша дайындайтын ЖОО студенттерді тарту мақсатында бакалавриат дегеніміз аяқталмаған жоғары білім деп дәлелді. Бірақ бакалавриат пен магистратураның қабылданған мемлекеттік стандарттары жағдайдың керісінше екенін дәлелдеді.

5B090500 – «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша ҚР МЖМББ стандартын талдау кезінде, Қазақстан Республикасында бұл мамандық бойынша студенттерді дайындаудың білім берушілік процесі дайындаудың жалпы әлемдік талаптарына сәйкес келетіндігі және қажетті кәсіби сапаларды қалыптастыруға мүмкіндік беретіні айқындалды. ҚР-да әлеуметтік жұмыскерлерді дайындаумен айналысатын ЖОО тізімі бойынша ұлттық ЖОО – 2, мемлекеттік ЖОО – 9, жеке меншік ЖОО – 11.

Қазақстандық ғалымдардың (Л.Т. Қожамкулова, З.Ж. Жаназарова, А.Н. Агафонов, Г.Г. Черная, Г.Ж. Меңлібекова, Р.И. Бурганова, М.Т. Баймуканова, Ж.Х. Кендирбекова, К.М. Туганбекова және т. б.) зерттеулеріне сәйкес Қазақстан Республикасында әлеуметтік жұмыскерлерді дайындау процесі халықпен жұмыс және әлеуметтік қорғау жүйесінің қалыптасуымен қатар жүріп жатыр.

Жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу әлеуметтік жұмыс мамандығын таңдаудың негізділігі мен оқыту процесінің тартымдылығы арасында тікелей тәуелділікті көрсетеді. Зерттеу нәтижелерінің негізінде әлеуметтік жұмыс бойынша маман дайындаудағы академизмді болдырмау үшін төмендегі ұсыныстарды енгізу қажет:

1) Оқу процесіне оқу қызметінің ұжымдық формасын енгізу. Әлеуметтік жұмыс теориясы мен тәжірибесінің пәні болып кең мағынада қоғам мен нақты адамның өзара әрекеттесуі жатыр. Саяси, экономикалық, демографиялық және психологиялық кеңістіктегі адамның нақты әлеуметтік қатынастары әлеуметтік

жұмыскер қызметінің кәсіби фокусын көрсетеді, түрлі кәсіби міндеттерді шешу үнемі клиент тұлғасының әлеуметтік әлеуетін күшейту және мобилизациямен байланысты. Мамандарды дайындаудың батыстық тәжірибесінде сабақтардың көпшілігі арнайы ұйымдасқан топтық жұмыс аясында өткізіледі.

Тек топтық өзара әрекеттесуде студенттер әлеуметтік-тұлғалық сезімдерін көрсетіп және талқылай алады, топтық динамиканың феноменін көре және зерттей алады. Топ бір жағынан, өз спецификасы бойынша әлеуметтік болатын оқу қызметінің пәнін жасаудың шарты, екіншіден, тұлғаның кәсіби маңызды (әлеуметтік) сапаларын қалыптастыру құралы ретінде көрінеді. Мамандыққа көмектесетін мамандарды дайындауда кеңінен қолданылатыны оқытудың тренингтік формасы, мұнда студенттер аз ғана уақыт ішінде ұжымдық қызметті рефлекстейтін және жасай алады, ұжымдық сезімдерді басынан кешіре алады, типтік емес жағдайда (мысалы, Нидерланды тәжірибесінде – көп күндік теңіз саяхаты) көп күндік семинар өткізуге, тікелей және кері байланысты (мысалы, бейнетехникамен) қолдануға мүмкіндік береді. Топтық өзара әрекеттесуде айрықша рөлді оқытушыға беру керек. Жұмыстың топтық формасы жағдайында ол өзіне супервизор рөлін иеленеді. Студенттердің оқытушының азғантай қолдау көрсетуінің өзінде оқу процесін реттеп, өздері ұйымдастырады, мәселені талдауға негізделген (Еуропада кеңінен қолданылатын мәселеге бағдарланып оқыту тәжірибесі) оқыту барысында оқу дискуссиясына қатысушы, хатшы, жүргізуші рөлін кезегімен игеріп отырады.

Маман дайындаудың оқу жоспарына – «Коммуникативті дағдылар тренингі», «Жазбаша қарым-қатынас тренингі», «Психодрама» және т.б. тренинг курстары енгізілген. Мамандану курстарында өз пәні ретінде шығармашылық бағыты бар әлеуметтік акциялар мен жобаларды жоспарлау мен ұйымдастыруда студенттердің қызметін ұжымдық бөлу сценарийін жасау мен жүзеге асыру қажет. Оқу қызметінің ұжымдық формаларын кеңінен енгізу студенттердің әлеуметтік белсенділігінің, оқудағы жауапкершілік позициясының өсуіне әкеледі, коммуникативті дағдылардың репертуарын айтарлықтай кеңейтуге және кәсіби білімді игерудің жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2) Жобалау әдісі. Жобалау әдіс ретінде әлеуметтік жұмыс мамандарын кәсіби дайындауда шет елдерде кеңінен қолданылады. Жобалау дегеніміз бұл процесте тәжірибелік және оқу мақсаттарына қол жеткізіліп, шынайы әлеуметтік-жобалау қызметінің формасына студенттердің араласуы тән оқыту типі. Жоба Ресейдегі оқу процесін ұйымдастырудың негізі ретінде болуы шарт.

Жобалау әдісі бір жағынан әлеуметтік жұмыс теориясы мен тәжірибесін, екінші жағынын оқытушылардың пәнішілік және пәнаралық әріптестікке қажеттілігін өзектендіретін әлеуметтік жұмыскерлерді кәсіби дайындаудың жекелеген пәндерінің мазмұнын интеграциялауға мүмкіндік береді. Жобаны жасау студенттердің топтық жұмысын көрсетеді. Шынайы мәселені талдау, мүмкін қадамдарды, тәжірибелік әрекеттерді басқа студенттермен, оқытушылармен, кәсіби әлеуметтік жұмыскерлермен, мақсаттық топ өкілдерімен (балалармен, жастармен, мүгедектермен және т. б.) тығыз байланыста жүзеге асырылады. Жобалық оқыту мамандықтың технологиялық дайындығына бағдарлануы қажет. Нақты бір жобаны жасау мен дайындау процесінде нақты тәжірибелік алаңда студент әлеуметтік мәселені шешудің жалпылама технологиясын, түрлі әлеуметтік мәселелерді шешудегі түрлі кәсіби алаңдарда қолданатын білімдерді игереді.

Жобалау қызметіне қатысу студенттің тұлғалық тәжірибесін байыту мен өзектендіруге әкеледі; оның өзіндік жұмысын ынталандырады; нақты әлеуметтік тәжірибелік қызметке қатысуын қамтамасыз етеді.

3) Көркем-шығармашылық технологиялар. Нидерландыдағы мамандарды дайындау тәжірибесімен танысу әлеуметтік жұмыскерлердің шығармашылық мамандануына үлкен мүмкіндіктерді ескеруге мүмкіндік береді. Жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері дайындаған шығармашылық әлеуметтік жобалар – уақыт көлемімен, ұйымдастырушылар мен орындаушылардың профессионализм деңгейімен, халықтың түрлі категориясын қамтуы қайран қалдырады. Ресейдің әлеуметтік жұмыс бойынша мамандарды дайындау жүйесінде жаңа «Әлеуметтік жұмыстағы көркем-шығармашылық технологиялар» пәнін енгізу қажет. Студенттердің кәсіби-тұлғалық

дамуында айтарлықтай әлеуеті бар театрализация, музыкалық және сурет салу қызметі сияқты шығармашылықтың мұндай түрлерімен байланысты осындай креативті пәндерді оқытуды бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін жасау қажет.

Бұл пәннің аясында жобалау әдісі өзінің лайықты орнын алады. Оқу пәнінің барысында студент аудандық және қалалық деңгейде әлеуметтік маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін түрлі саладағы әлеуметтік мекемелер үшін мәдени жобаларды өткізуі мен жасауы қажет.

4) Студенттер қызметінің бағдарлық-мақсаттық блогын жасау. Шет елдердегі маман дайындауды ұйымдастыру мен оқу жоспарымен танысу оқыту немесе оқу процесіне негізделген оқу жоспарын жасауға алтернативті келісті көруге мүмкіндік тудырды. Оқыту жағдайында талқылау мен жоспарлау орталығы ретінде оқытушы болса, оқу жағдайында студент болады. Студенттің өсіп келе жатқан кәсіби біліктілігі позициясынан әрбір оқу пәнін игерудің мақсаттарын жасауға талапты тұжырымдау қажет. Пәннің пәндік және операциялдық-техникалық мазмұнын игерумен байланысты дәстүрлі оқу мақсаттарымен қатар, оқытудың субъектілі құрамын, атап айтқанда оның құндылық-мағыналық мазмұнын анықтайтын мақсаттарды тұжырымдау қажет. Осылайша, әрбір оқу пәні студентке игерудің төрт мақсаттық позициясынан берілуі керек:

құндылық-мағыналық (мотивациялық-бағдарланған компонент);

пәндік-мазмұндық құзырлығы;

пәндік-операциялдық құзырлығы;

кәсіби-тұлғалық өсу.

Әрбір курс студенттері үшін материал дайындау қажет, атап айтқанда оқу жоспарына бағдар беретін, сондай-ақ аталған оқу жылының оқу пәндерін игеру логикасын түсінуге көмектесетін «Ақпараттық пакет». Мұндай ақпарат студенттерге өзіндік жұмысты дұрыс жоспарлауға, пәндік салада өзінің ілгері дамуының басымдықтарын көруге, аудиториялық және аудиториядан тыс оқу уақытын рационалды қолдануға мүмкіндік тудырады. Жұмыстың бұл бағыты оқу жоспарларының «мөлдірлігін» жасау есебінен студенттің өзінің профессионал ретінде қалыптасуындағы рөлін көтеруге ықпал етеді.

5) Маманды кәсіби дайындаудың білім процесінің сапасына мониторинг.

Жоғары білім дамуының негізгі тенденциялары мен шет елдік тәжірибесін интеграциялау көмегімен қазіргі кездегі жағдайды көрсету қажет. Алдымен, дайындық сапасын анықтауда барлық қызығушылық танытатын тараптардың позициясын қарастыру керек, білім процесінің түрлі аспектілерін сараптау үшін студенттер, оқытушылар, ЖОО әкімшілігі, оқу-қосымша персонал, жұмыс берушілер мен жұмыс жасайтын мамандар тартылуы керек.

Әлеуметтік жұмыскерлердің кәсіби сапаларын жетілдірудің шет елдік жүйелерінде супервизорлық маңызды орын алады, оның негізіне тәжірибелік жұмыс процесінде жинақталған тәжірибені белсенді пайдалану идеясы жатыр. Ресейде де, Қазақстанда да супервизорлық әлі де дамымай отыр. Бірақ, қолданыстағы әлеуметтік жұмыстың инновациялық ұйымдастырушылық және мазмұндық формалары мен кадрлардың дамуымен қатар өте нәтижелі болатындықтан, оған назар аудару маңызды.

Жас маманның «даму» процесінде оның клиентпен өзіндік жұмыс тәжірибесімен қатар, жұмыстың жаңа нәтижелі әдістері мен технологияларын қолдануға үйрететін, қиын жағдайда көмектесуге қабілеті бар тәжірибелі, білікті профессионалмен серіктестік нәтижесінде пайда болатын білім мен дағдының қосар үлесі үлкен. «Үйретудің» мұндай процесі әдебиеттерде тәлімгерлік деп аталады.

Батыста мұндай құбылысты супервизорлық деп атайды. Ол бірқатар маңызды аспектілер мен көріністерді қамтып, кәсіби сауатты маманның қалыптасуының ерекше маңызды жүйесі ретінде қарастырылады.

Кәсіби білімді жаңартудың негізгі факторы ретінде экономика мен әлеуметтік саланың, ғылымның, техниканың, технологияның дамуының сұраныстары тұр. Түрлі біліктілігі бар мамандарға еңбек нарығының ағымдық және басымды қажеттіліктерінің тұрақты мониторинг жүйесін халқақаралық тенденцияларды есепке ала отырып жасау керек. Территориялық бөліністе еңбек нарығы қажеттіліктерін болжау нәтижелері, сондай-ақ кәсіби білім мекемелерінің рейтингі халыққа таратылып, мемлекеттік БАҚ-та талдануы керек.

Әдебиеттер

1. *Рыбакова Н.А.* К вопросу о профессиональном воспитании: путь-проводитель профессионального становления социального работника // Российский журнал социальной работы. – 1996. – № 1.

2. Социальная работа и подготовка специалистов за рубежом: учеб. пособие / сост. И.В. Фокин, В.А. Фокин. – Тула: Изд-во Тульского гос. пед. ун-та, 2005. – 211 с.

3. *Гришанова Н.А.* Профессиональная подготовка социальных работников: новые подходы и тенденции // СОЦИС. – 2009. – № 2.

4. *Ярская-Смирнова Е.Р.* Профессионализация социальной работы в России Социологические исследования. – 2009. – № 5. – С. 86–95.

Түйін

«Әлеуметтік жұмыс» бағыты бойынша мамандарды дайындаудың өзектілігі мен оларды кәсіби дайындауды әрі қарай дамыту қажеттілігі қазақстан қоғамы өмірінің әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларының жаңашылдығымен, әлеуметтік сала мамандығын игерумен шарттастырылған. Бұл зерттеу жұмысының негізгі мазмұны әлеуметтік жұмыс бойынша болашақ мамандарды кәсіби дайындауға арналған.

Резюме

Актуальность подготовки специалистов в области «Социальная работа» и необходимость дальнейшего профессионального развития обусловлены новыми социально-политическими и экономическими условиями жизни общества Казахстана и освоением специальностей в социальных отраслях. Основное содержание исследовательской работы направлено на профессиональную подготовку будущих социальных работников.

Summary

The relevance of training in the field of social work and the need for further professional development, related to the new socio-political and economic conditions of Kazakhstan is due to the development of specialties in the social sectors. The main content of the research work is aimed at training future Social workers.

ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Г.Т. Сүлейменова,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«Әлеуметтану» кафедрасының аға оқытушысы,
психология магистрі,*

А.Ш. Шымырбекова,

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
әлеуметтік жұмыс мамандығының 2-курс магистранты*

Қазақстан тәуелсіздік алған тұстан бастап қазіргі кезеңге дейінгі дамуы барысында еліміздің экономикалық және қоғамдық-саяси жүйесінде түбегейлі өзгерістер болып, нәтижесінде экономика саласымен қоса, саяси салада да айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Аталмыш салалардағы қайта өзгертулер барлық тұрғын халықтың әлеуметтік қабаттарына, оның ішінде жастарға да ықпалын тигізді.

Қазіргі уақытта, Қазақстан жастары қоғамның келешегін анықтаушы негізгі факторлардың бірі болып табылатын тұрғын халықтың үлкен әлеуметтік тобына айналған. Қоғамның барлық салаларындағы кең көлемді қайта өзгертулерден туындаған ахуалдар жастардың даму ерекшеліктері мен олардың қоғамның әлеуметтік құрылымындағы мәнін тағы бір қырынан аша түсті. Осы аталғандардың барлығы жас ұрпақтың сапалы қалыптасуына, олардың әлеуметтік кейпінің жасалуына ықпалын тигізі отырып, қоғамдық-саяси және экономикалық қайта өзгеру факторларының жастардың қажеттіліктеріне, мүдделеріне, құндылық бағдарларына және әлеуметтік мінез-құлықтарына да айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетті [2, 39 б].

Бүгінгі таңда, он бес жыл бұрынғы кеңес жастарын, тәуелсіз мемлекет пен демократиялық қайта құрылу жағдайында қалыптасқан қазіргі жастармен қатар қою мүмкін емес. Егеменді Қазақстанның сапалы, әрі жаңа экономикалық және саяси жүйесі қазіргі жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, дүниетанымдарын, мәдениеттерін, саяси және құндылық бағдарларын түбегейлі өзгерткен. Әлеуметтік және саяси рефор-

малар арқылы айтарлықтай табыстарға қол жеткізгенімізбен, қоғамдық құрылыс пен тұрғын халықтың дағдылы тұрмыс салтының тез өзгеріске ұшырауы кері әсерін де тигізе білді. Осы ретте, мемлекеттің жастар саясаты саласында, басқа салалардағыдай бұрын аса жоғарғы өзектілікке ие бола қоймаған жаңа проблемалар пайда болды. Нәтижесінде «Еліміздің қазіргі заманғы дамуы барысында Қазақстан жастарының жағдайы мен келешегі қандай?» деген заңды сұрақ туындайды. Нақты сұрақтың салмақты ғылыми-негізделген зерттеулер мен арнайы жастарға қатысты проблемалар кешенін зерттеуді және шешуді талап ететіндігін мойындауымыз қажет.

Азаматтардың денсаулығын сақтау проблемасы әрдайым мемлекеттің құзырындағы айрықша сұрақтардың қатарында тұратындығы рас. Барлық өркениетті елдерде тұрғын халықтың денсаулығы, әсіресе жастардың денсаулығы басты ұлттық құндылық пен мемлекеттік саясаттағы басым бағыттардың бірі болып есептеледі. Өйткені, Халықаралық денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, дүние жүзінің 80-нен аса елдеріндегі тұрғын халықтың денсаулығын сақтау жөнінде жүргізіп отырған мемлекеттік саясатының тиімді нәтижелерге қол жеткізе алмауы денсаулық сақтау жүйесінің әлі де толық жетілмегендігін көрсетеді [3, 23 б].

Денсаулық сақтау жүйесін жақсарту жөніндегі мемлекет қолданып отырған белсенді іс-шараларға қарамастан, Қазақстанның осы саладағы ахуалы әттеген-ай дерлік пікірде қалып отыр. Экология проблемалары, күйзеліс жағдайлары, есірткі мен ішімдіктің таралуы және өзге де себептер қазақстандықтардың денсаулығына тікелей ықпалын тигізіп ауырулар санының артуына, індеттердің, әлеуметтік сипаттағы ауырулардың пайда болуына әкеліп соқтырады. Қазіргі уақытта, тұрғын халықтың әлеуметтік-демографиялық топ тұрғысынан алғанда қазақстандық жастардың денсаулық жағдайын орташа есеппен «қанағаттанарлық» деп бағалауға болады. Зерттеу қорытындылары қазақстандық жастардың басым көпшілігінің өз денсаулықтарына мән беретіндігін көрсеткен.

Сұралған респонденттердің ішінде 42,9% – өз денсаулықтарын жақсы, 40,4% – тәуір, 9,6% – нашарлау, 2,3% – нашар

деп бағалаған. Өз денсаулықтарын бағалауға қиналғандар – 4,0%, ал, респонденттердің 0,8% мүлде жауап бермегендер қатарында.

Жастар арасында кең тараған және мемлекеттік деңгейде ерекше назарды талап ететін ауруларға: тыныс алу ағзаларының аурулары, жыныстық жолмен берілетін аурулар (ЖЖБА), сонымен қатар нашакорлық пен ішімдік құмарлық жатады. Соңғы кездері ЖЖБА шалдыққан жас адамдар саны өсіп отыр. Жыл сайын бұл көрсеткіш орташа есеппен 9–10% дейін артуда.

Ең алғашқы иммуно тапшылық вирусына (ИТВ) шалдыққан адам Қазақстанда 1989 жылы ресми түрде тіркелген. Қазіргі уақытта олардың саны

2300 адамға жеткен, оның үштен бір бөлігін 18–25 жас аралығындағы жастар құрайды. ИТВ және ЖИТС таралуының негізгі себебі есірткіні көк тамыр арқылы қолданудан туындап отыр [3, 15–16 бб.].

Бүгін есірткі құмарлықтың таралуы жас ұрпақтың өміріне қауіп тудырып, ақырында барлық тұрғын халықтың денсаулығына кері ықпалын тигізетіндігі анық. Сонымен қатар, Қазақстан үшін мүмкін болатын есірткі қауіптерін талдау, бұл саладағы ахуалдың бақылауға алынғандығын және төмендеу мүмкіндігінің бар екендігін көрсетеді.

Ұрпақ жаңғырту денсаулығының мәселелері өсіп келе жатқан ұрпақ денсаулығы саласында қазіргі уақытта қоғамдық денсаулықтың көкейкесті мәселесі болып табылады, оның себебінен болашақта ұлт денсаулығы ауыр зардап шегуі мүмкін (туып көбею деңгейінің төмендігі сақталуы, нәрестелік өлім-жітімнің жоғары көрсеткіштері, жүктілік пен босану ақаулықтары). Сонымен қатар, қауіпті ықпалдарға бүгінгі жасөспірім мен жастардың репродукциялық әлеуетін төмендету қауіп-қатерлі ықпалдарына апарып соғатын қауіпті мінез-құлық салалары жөнінде ақпараттанулықтың төмен деңгейі, ұрпақ жаңғырту нұсқамаларының қалыптаспағандығы, сондай-ақ, емдеу-профилактикалық мекемелеріндегі медициналық-санитариялық сүйемелдеу кемшіліктері жатады. Жасөспірім мен жастар денсаулығының үлкен әлеуметтік маңызы бар, себебі олар қоғамның репродукциялық, парасаттық, экономикалық, әлеуметтік, саясаттық және мәдени резервы бо-

лып танылған. Сондықтан да «Жас отан» жастар бағытының съезінде сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев тәуелсіз Қазақстан жастары елдің ең басты дәулеті деп ескеріп қойды [4].

Қазіргі күні Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің алдындағы бірінші кезектегі міндет – жасөспірім мен жастардың денсаулығын сақтау бойынша жас ұрпақ денсаулығының бүгінгі күн жағдайын барабар көрсететін, олардың мұқтаждарына сай болатын, сондай-ақ, өз денсаулығын сақтауды реттеу бойынша шешім қабылдауға белсене қатысуды көздейтін медициналық көмекті ұйымдастыру. Біздің ойымызша, жастар ұрпақ жаңғырту мәселелерінің медициналық-әлеуметтік жоғары маңыздылығы мен көкейкестілігін ескере келе, оларды шешуге арналған ұлт денсаулығын қалыптастыру негізі болып табылатын ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтаудың жаңа қағидатты үлгісін құру болып табылады [5, 26 б.].

Жас ерекшеліктеріне қарай жасөспірім мен жастарға көрсететін қызмет түрінің ересек пен балаларға көрсететін қызметтерден айырмашылығы бар. Мұндай қызмет, әлем тәжірибесі бойынша, жасөспірімдердің ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау орталықтарында ұйымдастырылған «жастарға қамқор клиникалары» шеңберінде жүзеге асырылуы мүмкін (мұнан былай – ЖКК). Сарапшылар пікірінше, ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау «жасөспірім мен жастарға қамқор» орталықтарын құру дәлелдігі ретінде келесі өзара байланысты жайттар болып танылды: 1) жасөспірімдер денсаулығының әлеуметтік маңыздылығы; 2) жасөспірімдер денсаулығы мен әлеуметтік қорғалуы күрт төмендеуі; 3) негізгі медициналық көмектің жетіспеушілігі, медициналық-әлеуметтік көмектің жоғары қажеттілігі; 4) жасөспірімдердің психикалық және әлеуметтік жетілмегендігі, өз денсаулығына деген саналы түрде ұғынған көзқарастың және өздігінен көмек сұрау дағдыларының жоқтығы, өзін-өзі аңғару және өз сезімдері мен ойын барабар білдіру дағдыларының жоқтығы; 5) «қауіпті мінез-құлық ауруларының» үлес салмағы үдей түсуімен қоса жастар ауруларының құрылымы өзгеру; 6) ұрпақ жаңғырту денсаулығының мәселелері бойынша жасөспірімдер ақпараттанулығының төмен дәрежесі;

7) жасөспірім мен жастар денсаулығын сақтауда кешенді тәсілдер мен идарааралық өзара әрекет қажеттілігі [1, 5 б.]. ЖҚК шеңберінде қолданылатын медициналық-санитариялық тәсілдерінің әдіснамалық негізі болып тұрғын халық және даму бойынша Халықаралық конференциясында 1994 жылы қабылданған ұйғарым саналады. Бұл ұйғарым денсаулық сақтаудың басқа салаларымен салыстырғанда ұрпақ жаңғырту және нәпсіқұмарлық денсаулықтың бірегейлігін құрайтын негізгі ерекшеліктерін қоса көрсетеді. Соның ішінде, ұрпақ жаңғырту денсаулығы жеке басы белгілеген мөлшер мен мерзімде дені сау ұрпақ өрбітуге сәйкес келетін қауіпсіз және нәтижелі жыныстық өмір сүру мүмкіндігін қамтамасыз ететін толық физикалық, психикалық және әлеуметтік қолайлық ретінде қарастырылады [2].

Осы жоғарыдағы мәселелерді ретке келтіруде Қазақстан Республикасында әр алғашқы медико-санитарлық көмек көрсету мекемелерінде алдын алу және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімдері мен жастар денсаулық сақтау орталықтары жұмыс жасайды. Жастар денсаулық сақтау орталықтары – бұл заңгер, психолог және әлеуметтік қызметкер мамандарын тарта отырып жастар мен жасөспірімдерге кешенді емдеу-алдын алушылық, психо-әлеуметтік көмек көрсету. Жастарға көмек көрсету қызметін енгізген медициналық ұйымдарға жастар денсаулық сақтау орталығы статусы беріледі. Бұл орталықтар жастарға салауатты өмір салтын қалыптастыруға және алдын ала көмек көрсетуге бағытталады.

Жастарға қамқор клиникалары – бұл денсаулық сақтау мәселелері бойынша жасөспірім жасының ерекшеліктерін алдын ала ескере келе еріктілік, ыңғайлылық, тілектестік пен сенім ұстындар негізінде кешенді медициналық-психологиялық-әлеуметтік көмек көрсететін мекеме [3, 17]. Жасөспірім мен жастарға олардың мәселелерін түсіну арқылы, мінез-құлықтарын өзгерту жолын қоса іздестіру арқылы денсаулық сақтауға бағдарланған ЖҚК көмегі басқа медициналық ұйымдардан ерекшеленеді. Жастар денсаулық орталығының шеңберінде жасөспірім мен жастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету үрдісінде

біз ұрпақ жаңғырту денсаулық жағдайының аңғарымнамасы жүргізіледі. Негізінде әлеуметтік және психологиялық себептерге байланысты осы халық тобының ұрпақ жаңғырту денсаулығының саласында көптеген түйінді мәселелері айқындалды. Жыныс жолы арқылы жұғатын ауыруларға байланысты пайда болатын мәселелерін, жүктілігін жасөспірімдер жасырып, емдеу мекемелеріне қаралуға ұялады екен. Сондай-ақ, жасөспірімдер көп жағдайда өз денсаулығын сақтау мәселелерінде сауатсыз екені анықталды. Жасөспірімдердің ертерек басталған жыныстық белсенділігі ең басты әлеуметтік түйінді мәселе болып шықты, және де еске сала кететін жайт: жастар жыныстық өмір сүруге физиология жағынан болсын, психология жағынан болсын даяр емес, олардың жыныстық жолы арқылы жұғатын аурулар жөнінде жеткілікті білімі жоқ, жыныстық өмірді ерте бастағанның жағымсыз салдары болатынын әрі жүктіліктің үзілуі мүмкін екенін білмейтіні анықталды. Осы себептерге байланысты Жастар денсаулық сақтау орталықтары белсенді қызмет етеді. Орталық еріктілік, қолдетімділік, мейірімділік және сенімділік қағидаларымен жұмыс атқарады. Жастар денсаулық сақтау орталықтарындағы қызмет жастардың өздерінің келуімен және басқа мамандардың бағыттауымен жүзеге асырылады. Мұндағы барлық ақпарат құпиялық қағидасына негізделеді. Жалпы орталық 10 және 24 жас аралығындағы жастарға әлеуметтік қызмет көрсетеді [1, 89 б.].

Жастар денсаулық сақтау орталықтарындағы көмек кепілдірілген тегін медициналық көмек көлеміне сәйкес жастарға тегін көрсетілуі қажет. ЖДО негізгі қызметтері:

- 1) кешеді емдеу-диагностикалық, кеңес беру, алдын алу, медико-әлеуметтік және оңалту көмектерін жүзеге асыру;
- 2) Жастардың келуіне ыңғайлы жағдай жасау;
- 3) аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын құру және насихаттау. Оқытудың интерактивті әдістерін, көрнекі материалдарды қолдану арқылы жастарға семинар-тренингтер өткізу.

Негізінде, Жастар денсаулық орталығы жасөспірімдер мен жас адамдар үшін жас ерекшеліктерін ескере отырып, барлық қажетті қызмет түрлерін тегін әрі құпия ала алатын орын болып табылады.

Жастар мұнда мынадай мәселелер бойынша консультациялар ала алады:

- Маскүнемдіктің, нашақорлықтың және шылым шегудің алдын алу;
- Стрессті және құлазу жағдайларының алдын алу;
- Репродуктивті және сексуалды денсаулық;
- Отбасын жоспарлау;
- Жыныстық жолдармен берілетін АИТВ/ЖҚТБ жұқпаларының алдын алу;
- Дұрыс тамақтану;
- Психикалық денсаулық,
- Жазатайым жағдайлар мен жарақаттанудың алдын алу;
- Қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу;
- Құқықтық консультациялар алу [1, 158 б.].

Сонымен қатар, жастар денсаулық сақтау орталықтарында сенім телефондары қызмет атқарады. Сенім телефондары арқылы жастарға психологиялық және заңдық кеңес беріледі. Бұл телефон арқылы жастар күн сайын жедел түрде құпиялық және тегін психологиялық және заңдық кеңес алады. Сенім телефонының жұмысы қиын өмірлік жағдайға тап болған психикалық деніс сау жастарға бағытталады. Сенім телефонына түсетін психологиялық қаралулардың көбісі тұлғааралық қатынастарға, балалар мен ата-аналар қарым-қатынасы болып табылады. Ал қалған жастар жұмысқа тұру, тұлғалық өзгерістер, кәсіби анықтау сұрақтары бойынша хабарласады. Заңдық сипаттағы кеңес берулер әкімшілік, қылмыстық, азаматтық құқық, еңбек заңдылықтары, конституциялық құқық пен азаматтардың міндеттері сұрақтарына қатысты. Әлемдік тәжірибей көрсеткендей жастарға кешенді көмек көрсету өте тиімді. Сол қызметтердің барлығы жастар денсаулық сақтау орталықтарында жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

1. ЮНИСЕФ. Клиники, дружественные к молодёжи. Пособие для организатора. – Новосибирск, 2004. – 275 с.
2. Декларация и план действий «Мир, пригодный для жизни детей». – 2002 . – 9 с.

3. Европейская стратегия «Здоровье и развитие детей и подростков». – 2005. – 23 с.
4. Стратегия «Казахстан-2030». Часть 2. – 1997. – 35 с.
5. *Обухова Л.Ф.* Возрастная психология. – М., 2006. – 460 с.
6. *Абзалова Р.А.* Социально-ориентированная Первичная медико-санитарная помощь. – Астана, 2005. – 241 с.

Түйін

Мақалада қазіргі таңда жастарымыз арасында кең тараған және мемлекеттік деңгейде ерекше назарды талап ететін аурулар, яғни тыныс алу ағзаларының аурулары, жыныстық жолмен берілетін аурулар, сонымен қатар, нашақорлық пен ішімдікке құмарлық туралы жазылған. Елімізде соңғы кездері осы аталған ауруларға шалдыққан жас адамдар санының жыл сайын артуы өзекті мәселе болып отыр.

Резюме

В данной статье авторы пишут о болезнях, которые получили широкое распространение среди молодежи и требуют к себе особого внимания со стороны государства. А именно, это такие болезни, как наркомания, алкоголизм, болезни дыхательных путей, а также болезни, передающиеся половым путем. На данный момент эта проблема является наиболее актуальной, так как с каждым годом все большее количество молодежи страдает от данных заболеваний.

Summary

In given paper authors were highlight diseases, which widely disseminated among youth and needed special attention from state, such as drugs, alcoholism, respiratory diseases and sexually transmitted diseases. Currently, this problem is most actual, since every year an increasing number of young people suffer from these diseases.

ЖАСТАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

Г.Т. Сүлейменова,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«Әлеуметтану» кафедрасының аға оқытушысы,
психология магистрі,*

У.С. Мырзакулова,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
әлеуметтік жұмыс мамандығының 2-курс магистранты*

Қазіргі замандағы Қазақстан жағдайында жас азаматтардың алатын орны аса елеулі. Жастар қоғамның басым бөлігін құраушылар ғана емес, сонымен жас азаматтар қоғам өміріне, қоғамның саяси өміріне айтарлық ықпал ете алатын әлеуметтік-демографиялық топ. Әрбір жас азамат елінің саяси хал-ахуалы, халықтың түрлі әлеуметтік қабаттарының заңдық қорғалуының құқықтық негіздері, елімізде жүргізіліп жатқан түрлі саяси реформалар мен заңдарға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар, еліміздің сыртқы саяси жағдайы мен елдегі саяси жағдайы алаңдатуға міндетті. Сондықтан осы процестердің ішінде пайда болған қарым-қатынас пен өзара әрекеттестік жағдайы жастардың басты назарында болуға тиісті. Жастардың саясатқа қатысуының ең өнімді үлгісіне жастардың қоғамдық ұйымдарына, саяси партияларға және өзін-өзі басқару органдарында қатысуды жатқызады.

Соңғы жылдары еліміздің саяси саласындағы оқиғалардың тез дамуына қарамастан, жастардың көпшілігі республикадағы саяси ахуалдар сәтті және бірқалыпты (75,5%) деп бағалайды.

Болашақта бүгінгі таңда өз ісін бастауға ниет білдірген жас адамдарды оқыту және оларға несие беру жөніндегі іске асырылып жатқан жобалар, шағын бизнес объектілерін қолдау, бағдарламалар шеңберіндегі өзіндік жұмысбастылық және аймақтық жастар бағдарламаларының жобалары республикада жұмыссыздық деңгейінің қысқаруына оң ықпалын тигізуде. Сонымен қатар, қазақстандық жастардың саяси белсенді топта-

рын олардың саясатқа қатысу үлгілері бойынша анықтауға болады. Мәліметтер көрсеткендей, республиканың жас азаматтары қоғамдық-саяси институттармен демократиялық қарым-қатынас жасауға ниет білдіреді.

Әлеуметтік саясатты жүзеге асыру үшін мемлекеттік реттеу әдістері қолданылады:

- құқықтық реттеу – бұл барлық деңгейде қабылданған құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардағы міндеттердің орындалуы;

- қаржы-несиелік реттеу – қаржы ағындарын реттеу құралдары, яғни әлеуметтік саланы қаржыландыру үшін мемлекеттік бюджетте арнайы баптың қаралуы. Сондай-ақ бюджеттен тыс әлеуметтік қорлар құру (зейнетақы, әлеуметтік сақтандыру, міндетті медициналық сақтандыру т.б.)

- жекешелендіру – әлеуметтік саладағы кәсіпорындарды жеке меншікке беру шектелген, өйткені мұндай кәсіпорындардың шығындарын көпшілік жағдайда мемлекет өтейді. Сондай-ақ әлеуметтік саясатта төмендегі маңызды ұғымдар қарастырылады.

Әлеуметтік саясатты жүргізу құралдарына мыналар жатады:

Әлеуметтік кепілдік – мемлекеттің азаматтар алдындағы, азаматтардың мемлекет алдындағы міндеттері мен жауапкершіліктерін заңды түрде қамтамасыз ету.

Әлеуметтік стандарттар – бұл әлеуметтік қызмет көрсетудің әр түрлі формалары мен көлемдерін қалыптастыру. Бұл қаржы нормативтерін белгілеу үшін қажет. Мемлекеттік әлеуметтік стандарттар бірыңғай негізде және жалпы әдістемелік принциптерде жасалады.

Минималды тұтыну бюджеті тұрмысы төмен отбасыларына көмек беру үшін, сондай-ақ зейнетақы мен жалақының минималды деңгейін белгілеу үшін қолданылады.

Өмір сүру минимумы – бұл минималды табыс. Ол әлеуметтік саясаттың маңызды құралы. Оның көмегімен халықтың өмір сүру деңгейі бағаланады, табыстар реттеледі және әлеуметтік төлемдер белгілегенде қолданады. Өмір сүру минимумы экономиканың белгілі деңгейінде адамның денсаулығын сақтау мен қызметке қабілетін қамтамасыз ету үшін қажет. Оның құрамына ғылыми негізделген азық-түлік, өндірістік тауарлар

мен қызметтердің жиынтық құны және салықтар мен міндетті төлемдер кіреді. Минималды өмір сүру минимумын анықтау үшін тұтыну қаржыны қолданылады.

Жалақының минималды көлемі – квалификациясы төмен қарапайым еңбекке негізделген жалақының ең төменгі шегі. Оны басқа маман жұмысшылардың жалақысын белгілеу үшін қолданады.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты – қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайын реттеудің бір бағыты. Ол елдегі жалпы экономикалық жағдаймен тығыз байланысты және екі жақты қызмет атқарады. Бір жағынан, әлеуметтік саясатта тікелей және жанама түрде экономикалық дамудың мақсаттары көрініс алады, өйткені экономикалық іс- әрекет қоғамның барлық топтарына жақсы жағдай жасау мақсатында жасалады. Екінші жағынан, әлеуметтік саясат экономикалық өсудің факторы болып келеді. Егер экономикалық даму халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартпаса, онда еңбек өнімділігі төмендеп, жұмыс күшінің сапасы кемиді; қоғамда әлеуметтік тұрақсыздық пен қарама-қайшылық артады. Әлеуметтік саясат әр елде әр түрлі әдіспен қалыптасады. Әлеуметтік саясат қоғамның әрбір мүшесіне заңды түрде анықталып бекітілетін жұмыс деңгейін қамтамасыз ететін табыс көлемін алу туралы кепілдік береді. Нарық жағдайында мемлекет қоғамның әрбір мүшесіне өз мүмкіншілігін іске асырып, табыс табуына жағдай жасауға міндетті болады. Әлеуметтік саясатта халықты әлеуметтік қорғау механизмінің орны ерекше. Өтпелі кезеңде экономика дағдарысқа ұшырап, қоғамда жұмыссыздық пен кедейшілік қалыптасқан кезде халықты мемлекет тарапынан жаппай қаржыландыру мүмкіншілігі қысқарады. Дамыған елдердің әлеуметтік саясат жүргізу тәжірибесінде бірнеше бағыттар қалыптасқан: әлеуметтік сақтандыру; жұмыскерлерді әлеуметтік қорғау; еңбекақы саясаты; еңбек нарығындағы әлеуметтік шаралар; тұрғын үй саясаты және т. б.

Сонымен, бүгінгі күндері Қазақстанда халықты әлеуметтік қорғаудың және халыққа әлеуметтік кепілдік берудің жаңа механизмдері қалыптасуда. Республикалық және аймақтық деңгейде, өндіріс ұжымдары мен жеке адам деңгейінде әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік кепілдіктер түрлері мен нор-

маларын анықтау, олардың есептеу-жоспарлау әдістемелерін жетілдіру, заң жүзінде бекіту жұмыстары жүргізілуде.

Әлеуметтік саясатқа ғылыми тұрғыда ерекше мән беріп, оның теориялық әдіснамалық негізін тереңдетуге О.В. Байдалова, Ф.Э. Бурджалов, Д. Белл, Дж. Гэлбрейт, Е.А. Гонтмахер, В.И. Жуков, С.И. Калашников, Дж. Кейнс, В.Н. Лексин, Дж. Милль, Т.В. Негина, Дж. Робинсон, И.А. Соболева, А.Н. Швецов, А. Фон Хайек сынды еуропалық және ресейлік ғалымдардың да қомақты үлес қосқандығы белгілі [1].

Отандық зерттеуші-ғалымдардың, саясаттанушылардың ғылыми-зерттеушілік еңбектерінде әлеуметтік саясаттың кейбір мәселелеріне – табиғатына, мәніне, құрылымы мен қызметіне, жүзеге асырылу механизмдеріне талдаулар жасалуда. Мұндай ғылыми зерттеулердің қатарына А.Ж. Абдрахманованың, Н.А. Аитовтың, М.М. Ахметованың, Р.Б. Әбсағтаровтың, Р.С. Жарқынбаеваның, А. Каримовтың, Н.И. Мұстафаевтың, А.Ж. Мұқажанованың, Н.З. Нығматулиннің, Қ.Ж. Нұғманованың, М.Б. Тәтімөвтің, И.Н. Тасмағамбетовтің және т. б. авторлардың еңбектерін жатқызуға болады [2].

Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясаты мен әлеуметтік мемлекет құруының ғылыми-теориялық тұжырымдамасы және оның негізгі бағыттары мен жүзеге асырылу жолдары ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектері мен жыл сайынғы халыққа Жолдауларында да ерекше атап көрсетіледі. Президенттің жыл сайынғы Жолдауларында әлеуметтік саясаттың мемлекеттік саясаттағы орны мен ролі қаншалықты дәрежеде екендігінен нақты мәліметтер беріледі. Елбасымыздың жолдауында жастар мәселесіне басым көңіл аударылған.

Жастар – жас адамдардың әлеуметтік жағдайы, қоғамның әлеуметтік құрылымындағы олардың орны мен атқаратын іс-әрекеті, ерекше қызығушылықтары мен құндылықтарының жас мөлшерімен анықталатын әлеуметтік-демографиялық топ.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдеде қабылданған «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес жастарға 14-тен 29 жасқа дейінгі тұлғалар жатады [3].

Бүгінгі таңда жастар еліміздің халқының 30% құрап, қоғамның маңызды бөлігі болып табылады. Осыған сәйкес,

жастар саясатының қазіргі жағдайы мен оның болашағын айқындау мәселесі үлкен өзектілікке ие. Жастардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау және дамыту Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының стратегиялық маңызы бар басымдықтарының бірі. Жыл сайынғы Елбасының жолдауларында әлеуметтік-хабардар мемлекеттің құрылуы мен дамытылуына айрықша көңіл бөлінеді. Мұндай әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуы мен алдағы уақытта тұрақты дамуының шешуші факторы – жаһандану жағдайындағы қазіргі халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін отандық бәсекеге қабілетті жастар қатарын қалыптастыру және дамыту болып табылады. Осындай жастарымыздың болуы – ұлттың гүлденуі мен дамыған азаматтық қоғамның кепілі, яғни, еліміздің демократия институтының тірегі.

14–29 жас аралығындағы әрбір қазақстандық жас бала өмірінің маңызды бөлігін жұмыспен қамтылу мәселесі құрайды. Жоғарыда айтылып өткендей, өздерінің жас мөлшеріне байланысты жас адамдар қандай да бір салада үлкен тәжірибеге ие болмағанымен, ірі көлемді инновациялық және шығармашылық мүмкіндіктер, сондай-ақ жемісті еңбек етуге деген айрықша құлшынысқа ие.

18–24 жас аралығындағы жастар, бұл – студенттер немесе кәсіптік дайындықты аяқтаған жастар. Олар еңбек нарығына кіріп жатқан, жеткілікті кәсіптік және әлеуметтік тәжірибесі жоқ, сонымен қоса төмен бәсекелестік мүмкіндігі бар осал топ болып табылады.

25–29 жастағы жастар, негізінен, кәсіптік таңдау жасайды, қандай да бір өмірлік және кәсіптік тәжірибесі бар топқа жатады. Олар не қажет ететінін біледі, көбінесе өзінің жанұясы бар және ұсынылатын жұмысқа үлкен талаптар қояды.

Әлемде жастар саясатын жүзеге асырудың үш моделі бар.

1) Либеральды – жастар жеке әлеуметтік-демографиялық топ ретінде қарастырылмайды және мемлекеттік саясаттың тікелей объектісі болып танылмайды. Бұл жағдайда мемлекет жастарға білім беру, мәдениет, спорт, денсаулық сақтау және т.б. салаларда әлеуметтік қолдау көрсету саясатымен шектеледі. Жастар көшбасшыларының қалыптасу үрдісі мем-

лекетпен қадағаланбайды. Жастар қозғалысын қаржыландыру көздері болмайды немесе бұл мүшелік жарналар мен жеке меценаттардың және қайырымдылыққа берілген қаржылар, сонымен бірге бұған шетелдік қаржыландыру да кіреді. Осы модель англосаксондық елдерде және Африка мен Азияның кейбір елдерінде қолданылады.

2) Максимальды тарту – жастар жеке әлеуметтік-демографиялық топ ретінде қарастырылады және мемлекеттік саясаттың бірыңғай объектісі болып табылады. Осы модельде мемлекет басымдылық ұстаным танытады және эксперттердің ойы бойынша жастардың белгілі саяси көзқарасы мен мәдениетін қалыптастыру арқылы бақылау мәселесін өз алдына қояды. Негізгі механизм ретінде жастарды басымды басқарылатын жастар ұйымдарына тарту болып табылады. Қаржыландыру негізінен мемлекеттік бюджет тарапынан жүргізіледі. Жастар ұйымына мүше болу әр уақытта ерікті емес. Осы модель Қытайда, Солтүстік Кореяда, Кубада және кейбір шығыс-еуропалық пен азия елдерінде қабылданған.

3) Әлеуметтік жауапкершілік – жастар ең осал әлеуметтік топ болып саналады да, оған бөлек ерекше өтемдік саясат құрылады. Осы модельді қолданатын елдерде, оның сәйкес заңы мен арнайы бағдарламасы болады.

Жастар саясатын қаржыландыру мемлекеттік бюджет және меценаттар есебінен жүргізіледі. Бұл модель континенті – еуропалық елдерде қолданылады және Франция, Германия, скандинавтік елдерге тән.

Екінші және үшінші модельдерді қолданылатын елдерде «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы айту қалыпты. Жалпы екі модельде де жастар жеке әлеуметтік топ ретінде қарастырылады және олардың құқықтары мен міндеттері анықталған. Қазақстан Республикасында жастарды әлеуметтік қолдау мақсатында әлеуметтік қызметкер жұмыс атқарады.

Әлеуметтік қызметкер жұмысының бағыттары:

1) психологиялық-педагогикалық, медициналық-әлеуметтік, заңдық көмекті жүзеге асыру және кәмелетке толмағандар мен басқа да жастар өкілдеріне консультациялар беру;

2) өздерінің тәни кемістіктеріне байланысты ерекше қоймайсыз жағдайларда қалған адамдарға әлеуметтік көмек;

3) жас отбасыларына әлеуметтік көмек;

4) еңбек және оқу ұжымдарында жастарды құқықтық қорғау;

5) мінез-құлқы девиантты кәмелетке толмағандарға, қадағалаусыз және панасыз қалған кәмелетке толмаған азаматтарға әлеуметтік көмек;

6) жастар арасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарынан және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарынан оралған адамдарды, нашакорлықтан, уытқұмарлықтан, маскүнемдіктен емдеуден өткен адамдарды, адамның иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын адамдарды әлеуметтік қалпына келтіру (оңалту);

7) құқықтық насихат, жастардың жұмысқа орналасу, білім беру және кәсіптік даярлау, бос уақытын өткізу, туризм және спорт салаларындағы құқықтарын іске асыру мүмкіндігі туралы оларды хабардар ету;

8) жастардың тұрғылықты жері бойынша бос уақытын мазмұнды өткізуді ұйымдастыру, соның ішінде жасөспірімдер мен жастардың аула клубтарын ашу мен қолдау және жастарға көмек көрсету жөніндегі басқа да функциялар;

9) жастардың жұмысқа орналасуына және жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу болып табылады [4].

Жастар саясаттағы басты көңіл аударатын демографиялық топ болып табылатындықтан – жастарға арналған әлеуметтік қызметтер жұмыстарын қаржыландыру мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үшін көзделген мемлекеттік бюджет қаражатының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен жүзеге асырылады.

Біздің елімізде әлеуметтік қызметтердің жастарға арналған мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қызметі шеңберінде көрсететін әлеуметтік қызмет көрсетулері тегін ұсынылады.

Әдебиеттер

1. Технология социальной работы: Учебник / Е.И. Холостова. – М., 2001. – 134 с.
2. Әлеуметтік саясаттың қалыптасу ерекшеліктері // Хабаршы. «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. – № 3(19). – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ. – 2008. – 18–22 бб.
3. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2010.23.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) 15 бап.
4. Жастармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстар: А.Н. Агафанов, Қ.Н. Меңлібаев. – Астана, 2005.

Түйін

Мақалада жастар қоғамның басым бөлігін құраушылар ғана емес, жастар қоғамның белсенді мүшесі, сонымен қатар, жас азаматтар қоғам өміріне, қоғамның саяси өміріне айтарлық ықпал ете алатын әлеуметтік-демографиялық топ екендігі туралы жазылған. Еліміздегі жастарды әлеуметтік қолдау мақсатында көрсетілетін әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік жұмыскерлердің бағыты туралы айтылған.

Резюме

В данной статье молодежь рассматривается не только как основная часть общества, но и как социально-демографическая группа, оказывающая влияние на политическую жизнь общества, как активный участник общественных явлений. В статье отражены основные виды деятельности, социально-государственной поддержки и социальной работы с молодежью.

Summary

In this article, the youth is not only seen as a major part of society, but also as a socio-demographic group has an impact on political life, as active participants in social phenomena. The article describes the main activities of the state social support and social work with young people.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАРҒА ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ш.Ә. Торез,

Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ,

әлеуметтану мамандығының 3 курс студенті (Астана)

Жастар – еліміздің болашағы. Келешегінен үміт күттірер жас мамандарға ірі компаниялардың басшылығы жұмыс тізгінін қаншалықты дәрежеде сеніп тапсырады, яғни сол компанияларда жастардың жұмыс жасай алу мүмкіндіктері қаншалықты дәрежеде деген сұрақ өз жауабын күтуде.

Қазақстан Республикасындағы ірі компаниялардың үлесі трансұлттық компаниялар мен шетел компанияларына тиесілі. Біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты – осы компанияларға жас мамандардың жұмысқа тұру мүмкіндігін анықтау. Қазіргі таңда елімізде жастар саясатының қаншалықты дәрежеде жүзеге асып отырғандығының көрінісі де осы зерттеу нәтижелерімен анықталмақ.

Осы мәселе туралы жастар саясаты аясында және жастарды қолдау бойынша әлеуметтік желілер мен ресми сайттарда, мысалы мәжіліс депутаты Дариға Назарбаеваның ресми сайтында стратегиялық жоба жасалғанымен, бұл мәселені терең зерттеп, талдау үшін нақты қолданбалы зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Аталмыш зерттеу жұмысында жас мамандардың ірі компанияларға жұмысқа орналасу мүмкіндіктері мәселесін зерттеуде алғашқы қадам деуге болады.

Зерттеу жұмысының жүргізілуі барысында сапалық сұхбат әдісі қолданылды. Өз пікірлерімен бөліскен бес шетелдік университет түлегі, олардың ішінде төртеуі – «Болашақ» степендиясы бойынша білім алғандар, бесеуі қазақстандық университеттерді аяқтағандар. Респонденттер – 25–30 жас аралығындағы жастар. Олардың кемінде екі жыл жұмыс тәжірибелері бар, жұмыс жасайтын және жұмысқа қабылдануды күтіп отырған жас мамандар.

Сонымен қатар статистикалық ақпараттармен жұмыс жүргізілді. Ақпарат ұсынған ұлттық компаниялар: ЭйрАстана, Қазақстан Ғарыш Сапары, Қазақстан Темір Жолы, Қазақтелеком, Қазмұнайгаз, Қазтрансгаз, Қазатомпром, Самрұқ Қазына және де шетелдік компаниялар: Karachaganak Petroleum Operating (Англия), Лукоил (Ресей), Chevron (АҚШ), Adip (Италия), China National Petroleum Corporation (Қытай), Royal Dutch Shell (Германия).

Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясы бәсекелестікке қабілетті тұлғаның қалыптасуына бағытталған аса маңызды жобалардың біріне айналды [1]. «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде білім алған жас мамандармен сұхбат жүргізу барысында алынған ақпарат осы зерттеу жұмысында өзіндік көрініс тапты. Шетелдік білімі бар түлектер орташа мүмкіндік деңгейін көрсетсе, жергілікті қазақстандық жоғары оқу орындарында білім алған мамандар мүмкіндіктің мүлдем жоқтығын айтады. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, жас мамандарға жұмысқа орналасу өте қиын екенін көреміз. Жастардың көпшілігі непотизмнің (туыстық ықпал) ықпалын жоққа шығармайды. Керісінше, Қазақстандағы локалды компанияларға жұмысқа орналасуда маңызды рөл атқаратындығы туралы айтады.

Шетел компанияларына жұмысқа орналасуда әлеуметтік желілер аз да болса өзіндік рөлін көрсетеді. Қазіргі әлеуметтік желілер дамып отырған кезеңде, оның кез келген саладағы орны ерекше. «Интернет арқылы танысып, пікір алмасып, форумдарда жастардың өзекті мәселелерді талқылау және жан жақты ақпараттану жас мамандарға жұмысқа орналасуда өзіндік септігін тигізеді», – дейді шетелдік білім алғандар.

Ұлттық және шетелдік жұмыс ұсынушы компаниялары тәжірибесі жоқ мамандарды көбіне қабылдамайды және бұл жағдай жиі кездеседі. Жас мамандардың берген жауаптарынан жұмыс тәжірибесі болмаса да шетелдік диплом, ағылшын тілін білу, ақпараттану аясының кеңдігі, заманауи технологияларды еркін пайдалану маңызды екені анықталды. Бұған себеп – Қазақстандағы ірі шетелдік компаниялар әлемдік нарықта өз орнын тапқан беделді компаниялар және олар басқару процесінде

заманауи принциптерге сүйенеді. Ал, ұлттық компаниялар шетелдік компаниялардың тәжірибесін қолданып отыр.

Зерттеу қорытындылары Қазақстандағы ахуалды Макс Гранновetter мен Р. Сведбергтің [2] теориялары арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Кез келген экономикалық қарым-қатынастар әлеуметтік жүйедегі индивидтердің өзара қарым-қатынасына тікелей байланысты. Бұл экономикалық қатынастарды жеке индивидтердің өзараықпалдастығын, өзара байланысын, өзара тәуелділігін зерттеп, талдау арқылы ғана түсінуге болады. Әсіресе, М. Гранновetterдің «желілік теориясы» әлеуметтік желілердің жұмыспен қамтамасыз ету саласында рөлін түсінуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік желі өз мүшелерінің арасында үздіксіз қарым-қатынасты орнатады. Тіпті жұмысқа орналасқаннан кейін де индивидтердің арасындағы қатынас үзілмейді.

Әлеуметтік желі ішіндегі жұмыс беруші ізденуші адам бойынан белгілі бір ерекше қабілеттерді байқап, оған ерекше сеніммен қарайды. Осы арқылы теорияның артықшылығын көреміз. Яғни маман тарапынан ерекше жұмысқа деген жауапкершілікті көреміз, өйткені объективті көріністе жұмысқа орналастырған желі мүшесінің әрқашан бақылауында болады, ал субъективті жағынан қарайтын болсақ, маманның жұмыспен қамтушысын ұятқа қалдырмау үшін өз міндеттерін толықтай жоғары сапада атқаруынан көрініс табады. Осы жағдайды қаншама рационалды етіп көрсету мүмкіндігі болғанмен, ұят сезімінің рационалды сипатын көру мүмкін емес. О. Конт «Табиғаттан адамның тек бір ерекшелігі бар, ол ұят категориясының адам бойынан табылуы» деп көрсеткені мәлім.

Жұмыс беруші ірі компаниялардың жеке статистикалық ақпараттарына сүйенер болсақ, ондағы бос орындарға тек білімді де білікті, ағылшын тілін жақсы меңгерген мамандар ғана иелік ете алады. Мысалы, Қазмұнайгаз, Қазақстан Темір Жолы, Қазақстан Ғарыш Сапары, ӘйрАстана, Қазақтелеком компаниялары жыл сайынғы жоспарында «Жас маман» атты бағдарламасын жүргізіп отыр. Бұл бағдарламаның мақсаты ойдағыдай жүзеге асырылып жатпағанын ақпарат беруші респонденттердің сөзі дәлелдеді. Осы бағдарламалар ірі компаниялар үшін тиімсіз, әрбір жас маманға арнап тәлімгер – белгілі

кәсіби тәжірибесі бар, жас маман оқыту, үйрету мен кәсіби шеберлігін шыңдауы үшін жетекшілік ететін, компанияның жоғарғы білікті қызметкері тағайындалады. Көп жағдайда компания үшін бұл қадам айқын түрде шығынға алып келеді. Осыған байланысты зерттеу нәтижелері осындай бағдарламалардың Қазақстан Республикасының территориясында өжеткілікті дәрежеде іске аспай отырғандығын көрсетті [3].

Елімізде 1993 жылдан бастап «Career-holding» мамандар жүйесі өз жұмысын атқарып келеді, бірақ осы жұмыспен қамту компаниясы туралы қазақстандықтардың ақпараттануы төмен дәрежеде болып отыр [4]. Бұл жердегі басты себеп – холдингтің отандық болмауында. Компания тұтынушысы екі жақты келісімшартта жалақыны 50% көрсеткішпен екіге бөлетіні туралы шартты қояды. Осыдан кейін уақытша жұмыспен қамтылған қазақстандық азамат екі жыл жалақының 50% көлемінде ғана еңбек етеді және тұрақты жұмыспен қамтылмайды. Осындай қиын шарттарға байланысты жастар арасында кадрлық жүйе қызметін пайдалануға сұраныс көлемі артпай отыр.

Елбасы атап көрсеткендей, жас мамандардың 15–20% ғана өз кәсіптерін жетік меңгерген. Ал қалғандары қандай жолмен жұмысқа қабылданып отыр және өз қызметтерін қалай атқаруда? Осы мәліметке қатысты әлеуметтік желідегі пікірталас та мәселенің өзекті екенін байқатады. Егде жастағы тәжірибелі жетекші мамандардың көпшілігі жас мамандардың білімінің тайыздығын және тәжірибелік дағдыларының мүлдем жоқтығын, оларды қайта тәжірибелден өткізуге уақыт қажеттігін ресми порталдарда жариялап келеді. Мәселені шешуде жасалған қорытынды, жұмыс берушінің қоятын талаптары тек ресми түрде ғана, бірақ күшін толық сақтай алмайды.

Шетел компаниялары туралы қозғалған мәселе, ондағы жас мамандар тек шетелдік білімі бар және ағылшын тілін жетік меңгергендер мен техника тілін түсінетіндер ғана. Бірақ осындай қабілеттерді игере отырып та шетел компанияларына жұмысқа орналасу өте қиын. Осы жағдай М. Гранноветтер мен Р. Сведбергтің теориясы тұжырыммен түсіндіріліп тұр [5].

Жас мамандарды даярлау процесінде олардың мақсатқа жетуде талмай іздену қажеттігін түсіндірудің маңызы зор.

Бәсекелестікке қабілетті білімді де жоғары дәрежелі маман иесі қажет екендігін олардың өздеріне тікелей түсіндіру өзекті мәселеге айналуы тиіс, өйткені зерттеу нәтижелері ұлттық және шетел компанияларында қызмет ету қандай талаптар қажеттігін және мүмкіндіктердің өте аз екендігін көрсетіп отыр.

Елдегі халықты жұмыспен қамту агенттіктері демократиялық бағытты ұстанған мемлекеттердің жастарды жұмыспен қамту стратегиясымен танысып, сапалы талдау жасау, еліміз үшін пайдасы зор болар еді.

Әдебиеттер

1. Болашақ халықаралық бағдарламасының ресми сайты www.bolashak.kz 12.03.2013.
2. *Марк Грановеттер* «Теория социальной сети» (1979/2002) «Centrality in social networks conceptual clarification». *Social Networks*, 1 pp. 215–239.
3. *Байдусенов А.* Экономическое бюро Жас маман. ҚазМұнайГаз www.akylkenes.com 19.03.2013.
4. www.career-holding.kz
5. *Сведберг Р.* «Жаңа экономикалық әлеуметтану: алынған қамалдар мен алдағы мақсаттар?» Swedberg R. *New Economic Sociology: What Has Been Accomplished, What Is Ahead* // *Acta Sociologica*. – 1997/2002. – Vol. 40. – P. 161–182.

Түйін

Мақалада қазақстандық жастардың ұлттық және шетелдік компанияларға жұмысқа тұру мүмкіндіктеріне ықпал ететін факторлар сарапталады.

Резюме

В статье анализируются факторы, влияющие на возможность казахстанской молодежи трудоустроиться в национальных и иностранных компаниях.

Summary

The paper analyses the factors affecting the possibility of Kazakh youth employment in national and foreign companies.

МӘДЕНИ КАПИТАЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ

А.А. Төрбекова,

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Философия және саясаттану факультеті,
әлеуметтану мамандығының I курс магистранты*

Мәдени капиталдың адами белгілері мен белестері еңбектену аясында қалыптасады, қоғамның интеллектуалды және мәдени сұранысына орай жаңғырады. Тер төгер еңбек, интеллектуалды құлшыныс, атқарушы қызметтегі тәртіп пен жауапкершілік бір-бірімен ұласса, сол ортаның әлеуметтік белсенділігі мен серіктестігі де, сонымен қатар адам капиталы да арта бермек. Өндірістің жаңа технология мен кәсіби мамандарға негізделіп, қарқындай түсуі, байырғы қалыптасқан түсініктер мен көзқарастарды қайта қарауға мәжбүр етеді. Нақты жағдайда адам капиталын, оның білімінен, өнімді еңбегінен, сапалы өмір сүру салтынан тыс қарастыруға, қабылдауға болмайтынын, қайта сол индикативті көрсеткіштермен өзара байланыста қарау қажеттілігі тамыр жаюда. Оған ежелгі дәуірден адамның күш-қуатын паш еткен құнды ойлар, идеялар, қағидалар да ұйытқы болды.

Мәдениеттіліктің көрсеткіші – өзінің маңына білікті маманды жинай білу, өзіне сөз, өзі жұмыс істейтін орта мен салаға кір келтірмеу; біліктілік пен бәсекелестіктің, сергектік пен серіктестіктің үлгісі, ізденіс пен іскерліктің нәтижесі. Адам әлеуеті біліктілік пен бәсеке де ғұмырлық арнасын табады, құндылық қажетімен жинақталады, өз қабілетінің әр қырынан жаңғырады. Оның ішкі өлшемдері – біліктілік, адамгершілік, имандылық, инабаттылық, адамды жан-жақты жетілдіретін ұмтылыстар.

Мәдениет адамның мәнді, маңызды күш-қуатын, яғни оның мақсатын, талап-тілегін, қабілетін іске асырып орындауды, оның өзін-өзі қалыптастыру және жан-жақты дамуын қамтамасыз етіп, күнделікті өмірде қолдануды білдірмек. Мәдениет

жеке адам бойындағы қасиеттердің дамуы және қоғамдағы құндылықтармен ұштастырылып, әлеуметтік процестермен біте қайнасуы болып табылады. Мәдениет қоғамның ерекше бір салалы жүйесі. Бұл қоғам мен адам дамуының сапалық сипаттамасы ретінде субъектінің қоғамға, табиғатқа қатынасының деңгейін білдіретін категория. Жоғарыда көрсетілгендей, осыған сәйкес жалпы мәдениет ұғымы нақтыланып, ол еңбек мәдениеті, өндіріс мәдениеті, тұрмыс мәдениеті, көркемөнер мәдениет, саяси мәдениет, мінез-құлық мәдениеті, басқару мәдениеті, т. б. түрінде көрініп отырады. Мәдениет – тұтас бір құбылыс, оны зерттегенде жүйелік талдау әдісі қолданылады. Бұл әдісті негізінде екі тұрғыда қолдануға болады. Бірінші тұрғыда мәдениет қоғамның, оның әрбір саласының сапалық сипаттамасы ретінде болады, екінші тұрғыда – мәдениет жүйе ретінде, яғни оның құрылымы, оған кіретін бөліктер, элементтер, олардың арасындағы байланыс-қатынастарды, мәдениеттің жүйелік салаларын зерттейді. Мәдени процесте адам тек қана жай жасаушы ғана емес, сонымен қатар ол ешқандай табиғи керемет сырт күштерге қарамастан оны дамытушы, жетілдіруші, өзгертуші, қайта құрушы жасампаз қуш. Адам іс-әрекеті дамуының өзі мәдени құбылыстың жеке көрінісі болады [1].

Мәдени капитал көптеген зерттеушілердің жұмыстарында қоғамдық өмір саласына әсер ететін фактор ретінде қолданылады. Қазіргі таңда мәдени капитал ұғымы білім мен біліктілік формасындағы байлық деп түсіндіріледі [2].

Мәдени капиталды әлеуметтанулық категория ретінде талдау М. Вебер, Э. Дюркгейм, Г. Зиммель, Р. Коллинза, О. Конт, Т. Парсонс, Г. Спенсердің идеяларынан бастау алады. Классикалық әлеуметтану аясында қоғамдағы еңбек процесінің мәнін анықтайтын әлеуметтік және әлеуметтік – мәдени факторларға жан – жақты талдау жасалған. Бұл авторлардың еңбектерінде мәдени және әлеуметтік капитал түсініктері жоқ болғанымен де, олар әлеуметтік қатынастарды еңбек процесстерінде адам потенциалын қолдануы арқылы зерттейді [3].

Мәдени капиталды зерттеуде ерекше орынды еңбек етуші адамның әлеуметтік іс – әрекетін зерттеудегі субъективті – құндылықты ыңғайдың социомәдени концепциясы алады.

Берілген социомәдени концепцияның аясында тұрғындардың жалпы және оның жеке топтарының экономикалық мінез-құлқы теориялары қалыптасты. Бұл бағыттың негізгі дамытушыларына В. Зубков, С. Климов, Э. Гидденс, Д.Белл, Г. Петрова, О. Филимоновтар жатады [4]. Мұнда адам потенциалының социомәдени сипаттамасы негізделеді. Зманауи жағдайда индивидтің құндылықтың негіздері мәдени потенциалдың көрсеткіші ретінде сипатталады.

Мәдени потенциалды адам қызметінің кең әлеуметтік контекст жүйесінде П. Боханан, Т. Дыльнова, Э. Маркарян, А. Понукалин, Л. Уайт, З. Файнбург зерттеген [5]. Бұл авторлар негізінен мәдени капиталдың көрініс табуын ең алдымен адамның әлеуметтік мінез-құлқын реттеу жүйесінде қарастырады. Бұл ыңғайға сүйене отырып мәдени потенциал түсінігі барлық өмірлік қызмет саласында адамның іс – әрекетін реттеуші жүйе (норма, құндылықтар, қалыптасқан қағидалар) ретінде түсіндіріледі.

«Мәдени капиталдың» теоретикалық түсінігін ғылыми айналымға француз әлеуметтанушысы П. Бурдьё енгізген. Ол капиталдың үш негізгі түрін көрсеткен: экономикалық, мәдени және әлеуметтік. Сонымен қатар мәдени капиталдың үш түрлі жағдайын ерекше атап кетті. Біріншісі ұзақ мерзімді ақыл мен дене диспозициясы (тіл, мәдениет, дәстүр) формасындағы инкорпоротивті мәдени капитал, екінші мәдени тауарлар формасындағы (кітаптар, сөздіктер, құрал-жабдықтар, құрылғылар) объектелінген мәдени капитал, үшінші академиялық квалификациялар формасында болатын институционалданған мәдени капитал [6].

Сонымен «капитал» концепциясының көмегімен П. Бурдьё әлеуметтік теңсіздікті анықтаған: қоғамда агенттер бірінші өлшемде өздерінде бар капиталдың ортақ көлемімен, екіншіде – өз капиталының келісуімен, яғни меншіктің ортақ жиынтығындағы капиталдың әр түрлі түрлерінің қатысты салмағымен сипатталады [7].

Жалпы «мәдени капитал» терминінің өзі 1964 жылы Еуропалық әлеуметтанулық зерттеу орталығының тапсырысы бойынша Лилль университетінің студенттерін зерттеуіндегі есеп беруінде Бурдьё мен Пассерон ұсынған еді. Екі үлкен са-

уалнама жүргізілген. Біріншісі 52 сұрақтан тұрады. Жасырын түрде респонденттер ұлтына, отбасылық жағдайына, жынысына, жасына, оқитын факультеті мен университетіне байланысты сұрақтарға жауап берген. Ары қарай туыстары, дінге қарым-қатынасы, екінші жоғарғы білімі мен университеттегі білім беруге қатынасы туралы сұрақтар қойылған. Бірнеше сұрақтар респонденттің философия мен әлеуметтануға көзқарасына байланысты, студенттердің зерттеуде қолданылатын техникасы мен әдістеріне байланысты сұрақтар қарастырылған. Сонымен қатар студенттердің газет пен журналдардың оқу жиілігіне қатысты сұрақтар кездесті. Ал респонденттер соңғы сұрақтарға жауап беріп, өздерінің саясат пен кәсіподақтардың қызметіне араласу деңгейін көрсеткен. Екінші сауалнама 41 сұрақтан тұрды. Алғашқы 14 сұрақ бірінші сауалнамадағы сияқты биографиялық мәліметтерге байланысты болды. Қалған сұрақтар студенттердің кино, музыка, сурет өнері мен театрға байланысты білімдері туралы, драматургтер тізімінің ішінен респонденттер шығармашылығымен таныс драматургты таңдап, оның шығармаларын жазуға, композиторлар мен атақты әншілер туралы жалғасты. Интеллектуалды өмір мен университет пәндерінің таңдау мүмкіндіктері туралы сұрақтармен аяқталды. Бұл сауалнамалар әлеуметтанудың, мәдениет әлеуметтануы мен мәдени талдаудың мәселелерін зерттеуге қатысты болып табылады. Бұл зерттеудің басты мақсаты студенттердің академиялық құндылықтар мен институттармен қарым – қатынасына талдау жасау [8].

Бурдые мен Пассеронның зерттеуі мәдени ерекшеліктер әлеуметтік ерекшеліктерді бекітетінін және құрастыратынын көрсеткен. Сонымен қатар, мәдени ерекшеліктер бірегей әлеуметтік шығу тектің нәтижесі болып табылмайтындығы туралы айтылады. Керісінше, бұлар бір – бірінен ажыратылмайтын синонимдес ұғымдар болып табылатынғы байқалған. Кейініректе Бурдые білім беруді мәдени дифференциацияның құралы ретіндегі рөлін атап кетеді.

Мәдени капитал қоғамға тән іс – әрекет пен ойларды сипаттауға қызмет етеді. Әр адам кез келген объектінің мәдени құндылығын бағалай алады. Белгілі экономист Дэвид Трос-

би жоғарыда айтылдарға сүйене отырып, мәдени капиталды иемденушіні мәдени құндылыққа ие объект ретінде, ал капиталды сол құндылық ретінде қарастырады. Барлық капитал сияқты мәдени капиталда өз кезегінде мәдени сонымен қатар экономикалық құндылық бола алатын тауарлар мен қызметтер ағымын жасай алады [9].

Ал бүгінде көптеген зерттеулер нәтижелеріне сүйенер болсақ, көптеген мемлекеттерде жоғарғы мәдениетті тұтынуға белсенді қатысатын адамдар (опера жиі баратындар, сурет өнерін жіті білетін, әдебиет пен кинофотография төңірегінде сөз қозғай алатын), мәдени құндылықтарды тұтынбайтындарға қарағанда әлде қайда өмірде жетістікке жеткен болып саналады. Олар, жалпы алғанда сәтті тұрмыс құрады, некеде бақытты өмір сүреді және қаржыны жақсы табатын адамдар. Қызмет сатысында да едәуір жетістікке жетеді, денсаулығы да мықты, өмір сүру ұзақтығы да үлкен.

Негізінен мәдениеттілік пен әлеуметтанулық термин «мәдени капитал» ұғымы бір мағынада кеңінен қолданылады. Психологиялық теориялардың біріне сүйенер болсақ мәдени капитал индивидтің маңызды сипаттамалары жөнінде сигнал береді. Мысалы, сурет пен әдебиет өнеріне деген қызығушылық ақыл – ой интеллектімен байланысты. Адам ақылды болған сайын, оның қызығушылықтарының ауқымы да кеңейе түседі, өнерге де құлшынысы артады. Рухани құндылықты арттыру арқылы адам барлық салада жетістікке жетеді.

Сонымен қатар, келесі бір теория мәдениет пен жетістікке жетудің ара-қатынасын түсіндіріп береді. Осы мәселені алғашқылардың бірі болып зерттеген американ социологы Торстейн Веблен, ол жоғарғы мәдениетті тұтынуға белсенділік пен өмірлік жетістіктердің байланысын түсіндіруге тырысты. Веблен өзінің теориясында әр топтардағы мәдени капитал деңгейін қарастырады [10].

Мәдени капиталға екі түрлі жолмен қол жеткізуге болады. Бір жағынан ертеректе мәдени капиталды игеруді отбасылық тәрбиеден үйрену, содан білім алу барысында оны ары қарай шыңдау. Екінші жағынан, кешірек тіл мен мәдениетке ерекше қарым-қатынас тудыратын саналы түрде оқып-үйрену. Осы

орайда білім беру процессінің алатын рөлі үлкен. Білім беру мекемелері әлеуметтік ортадан алынатын мәдени тәжірибенің жеткіліксіз орнын толтырады [11].

Қазіргі таңда мәдени капиталға әлеуметтанулық және әлеуметтік-экономикалық зерттеулер жүргізу алдыңғы қатарға шығарылуда, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік-экономикалық трансформациялануын түсіндіруші құралға айналууда. Сондықтанда қоғамның даму перспективаларын зерттегенде әлеуметтанушылар өз зерттеулерінде басты назарын мәдени капиталдың дамуымен байланысты әлеуметтік құбылыстар мен процесстерінің өзара байланысына аударған.

Әдебиеттер

1. *Арнольд А.И.* Введение в культурологию. – М., 1993.
2. *Вебер М.* Избранные произведения / М. Вебер. – М., 1990. – 90–91 бб.
3. *Дюркгейм Э.* Социология. Ее предмет, метод, предназначение. – М.: Наука, 1995.
4. *Горбунова Н.В.* Социальные технологии развития и саморазвития культурного капитала. – Саратов: Изд-во Саратовского государственного аграр. ун-та, 2004.
5. *Гуткина И.М.* К вариативности связи понятий «пространство» и «культура» / Пространство цивилизаций и культур на рубеже XXI века. – Саратов: СГУ, 1998. – Ч. I.
6. *Бурдьё П.* Формы капитала / П. Бурдьё / Пер. М.С. Добряков; науч. ред. В.В. Радаев // Экономическая социология. – 2005. – Т. 6. – № 3. – 60–74 бб.
7. *Шматко Н.А.* Анализ культурного производства Пьера Бурдьё. // Социологические исследования. – 2003. – № 8. – 115 б.
8. *Роббинс Д.* Происхождение, первоначальное развитие и статус понятия Бурдьё «культурный капитал» // <http://elibrary.ru/item.asp?id=9123997>
9. *Дэвид Тросби.* «Культурный капитал» // <http://www.artpragmatica.ru/analytics/?uid=118>
10. Культурный капитал. Почему любители оперы зарабатывают больше любителей поп-музыки? // <http://postnauka.ru/longreads/9644>
11. Пьер Бурдьё: художественный вкус и культурный капитал // http://sociologist.nm.ru/articles/burdieau_01.htm

Түйін

Мақалада мәдени капиталдың әлеуметтік-экономикалық мазмұнына жан-жақты талдау жасалған. Мәдени капиталды алғаш зерттеген ғалымдар мен олардың берген анықтамалары айтылған. Сонымен қатар, мәдени капиталды қоғамның әлеуметтік-экономикалық трансформациялануын түсіндіруші құралы ретінде қарастырылған. Кілт сөздер: мәдени капитал, мәдениет, әлеуметтік-экономикалық зерттеу.

Резюме

В статье анализируется социально-экономическое содержание культурного капитала. Культурный капитал выдвигается на передний план социологического и социально-экономического исследования, постепенно становится инструментом объяснения социально-экономических трансформаций в обществе. Ключевые слова: культурный капитал, культура, социально-экономическое исследование.

Summary

The article analyzes the social and economic maintenance of the cultural capital. The cultural capital is put in the forefront sociological and social and economic research, gradually becomes the tool of an explanation of social and economic transformations in society. Keywords: the cultural capital, culture, socially-economic research.

ЖАСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІК ҚҰНДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ РЕТТЕГІШТІК РӨЛІ

Ж.Е. Турманова,

*ҚазГЗУ, әлеуметтік-психологиялық пәндер кафедрасының
аға оқытушысы, әлеуметтік жұмыс ғылым магистрі*

«Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», Елбасы Н. Назарбаевтың осы жолдауында «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек?» – деген бағытының бірі жастар мәселесі деп айта аламыз [1]. Кезінде «...Мен жастарға сенемін» деп қазақтың алғыр тұлғасы М. Жұмабаев өз заманында-ақ, болшақ жастардың қолында екенін түсіндіріп, олардың болашаққа деген ұмтылысын сипаттап бергендей. Осындай қанатты сөздер елімізде болып жатқан оқиғаларға немқұрайлы қарамай, еліміздің дамуына үлес қосу әрбір жастың парызы мен міндетін нақтылаушы деп білеміз. Ел алдындағы жауапкершілікті сезініп, үміт пен сенімді ақтауға талпынып талмай еңбек ету – ел дамуына үлес қосуға белсенділік көрсету жастардың бірінші қадамы болу керек сияқты. Демек, жастар жаңа ғасырдағы жаңа қоғамның қозғаушы күші болуы тиіс десек, онда білімді жас, білікті маман болашақтың кепілі екені дау жоқ. Ал қазіргі жастардың ұмтылысы және белсенділігі қандай? Қоғамның дамуына, елдегі түрлі жағдайға өзіндік пікір қалыптастыра ала ма деген сұраққа ғылыми негізде жауап іздеп көрейік.

Жастар тез қабылдағыш топ ретінде әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа да қоғамның құрылымдық элементтерімен динамикалық ішкі өзгерістер және қарым-қатынас пен өзара байланыста қиындықтарды кешуде. Сонымен қатар олар қоғамдық-саяси, мәдени, отбасылық, еңбек қызметінде жан-жақты белсенділік деңгейін көкрсетіп келеді. Қалыптасқан қажеттіліктерді, иемденген дағдылары, білімдері, қызығушылықтары, құндылық бағдарларына байланысты әлеуметтік мобилділікке ие.

Белсенділік категориясы жастардың танымдық және шығармашылық мүмкіндіктері туралы негізгі ғылыми білім болып табылады. Қазіргі кезде белсенділіктің табиғаты туралы, алғашқы қайнар көзі, оның қалыптасуы мен пайда болуының формасы және түрі, механизмдері туралы ой-пікірлер, ұсыныстар әрекет пен сана, мінез-құлық және қарым-қатынас мәселелерін теориялық және эксперименттік зерттеулер нәтижелерінің талдамына негізделініп қалыптасуда.

Белсенділік жас адамның өмірлік әрекетінің жалпы сипаттамасы ретінде, оның негізгі қасиеті және тұрақты қалпы бола отырып көпдеңгейлі (нейрофизиологиялық, психофизиологиялық және психологиялық-педагогикалық факторлардың өзараәрекеттестігінің күрделі жүйесін атқарушы) құрылымға ие. Белсенділіктің жан-жақтылық табиғаты оны зерттеудегі жүйелілік бағытты қолдануға негізделеді. Жастардың белсенділігін зерттеуде жүйелілік бағытты қолдануда детерминизм мен дамудың жалпы ғылыми қағидаларын сақтаумен қатар біз сана мен әрекеттің ғылымдықтың бірлігі қағидаларына сүйенеміз.

Белсенділіктің психологиялық-педагогикалық табиғаты тұлғаның иерархиялық құрылымына және нұсқау теориясына сүйеніп базалық құрылым жасайды. Белсенділіктің пайда болу сипаты, оның мазмұндылығының дәрежесі тұлғалық құрылымының (мотивациялық немесе инструменталдық құрылым әртүрлі өмірлік ситуациялардағы адамның мінез-құлқының тұтастылыққа жетуге қатынасын білдіре алады) қандай қасиеттен болатын даралық диспозиция типтеріне де байланысты [2; 53 б.].

Тұлға туралы американдық ілімдердің лидері Г.Олпорттың тұлғаның концептуальды теориясына келісе отырып даралық диспозицияның үш типін бөлуге болады, олар:

- кардинальді диспозиция, бұл адамның практикалық әрекетіне мәнді әсер етеді;
- орталық диспозиция, бұл тұлғаның жалпы сипаттамасын өзіне таңдап алады, және
- қайталанатын диспозиция, бұл біршама тұрақты, қарапайым қажеттіліктермен байланысты. Диспозициялық типтерді таңдау әртүрлі бейнелі өзіндік ұйымдасушы жүйелер ре-

тіндегі түрткінің функционалды автономия қағидасының әсерімен өлшенеді. Г. Олпорт бойынша әрбір жеке индивидуум белсенділігінің ең жоғарғы деңгейі тұлға әрекетіне оның өсуіне позитивті, шығармашыл ұмтылушы «Менінің» қатысуымен шартталады. «Мен» үшін сипатқа ие мотивацияның жоғарғы деңгейі, сезіммен оны реттеуші «Мен» етеді, яғни сол тұлғаның өзін білімді, шеберлікті, өзін-өзі тәрбиелеуді игеруде эффективті түрде қайта жасайды [2; 56 б.].

Жастардың өзіне сыни көзқараспен қарай отырып, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуінің негізінде, өз мақсатын нақтылап, ойын бір тұрақты түйінге байланыстыра алу қабілеттілігі белсенділіктің белгілі-бір мәнді көрсеткішке жеткізетіндігі сөзсіз. Оның ішінде, өзін-өзі бағалау тұлғаның өзіне деген сенімін арттырып, рухани күш алады, өзінің айналасын қоршаған адамдармен қарым-қатынасын, өзіне сыни көзбен қарауын, талап қоя білуін, сәтсіздік пен жетістікке қалай қарайтындығына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тұлғаның өзінің іс-әрекетінің тиімділігіне және оның жеке тұлға ретінде дамуына әсер етеді, мұнда ескеретін жағдай, ең алдымен сол адамға басқалардың беретін бағалау критерийлеріне қарай қалыптасуы бұл тұлға өзін қоршаған адамдар қалай бағалайтындығына қарай өзін-өзі бағалауға бейім екендігін көрсетеді.

Белсенділікті кемелденген және дені сау тұлғаның белгісі деп санасақ, яғни біршама мәнді әлеуметтік әсерді аргументтейтін қимыл дей отырып, тұлға теориясының өзегі Г. Олпорт «өзінділікті» мынадай тұлғалық аспектілерден құралатынын анықтайды:


- өз дененді сезу; өзіндік біртектілік;
- өзіндік пікір айту;
- өзін-өзі бағалау;
- өзін-өзі тану және өзін-өзі рационалды басқару.

Жастардың белсенділігін арттырудағы өзіндік сана сезімнің реттегіштік ролі тұлғаның өзін практикалық және танымдық іс-әрекетінің субъектісі, жеке өзінің адамгершілік қасиеттерін, қызығушылығын, құндылығын, мұратын және мінез-құлпын тұлға ретінде ұғынуы мен бағалауында көрінеді.

Жас адамның тұлғалық белсенділігінің әлеуметтік-психологиялық табиғатын тұлғаның иерархиялық құрылымына байланыстырып түсіндіруді төмендегі сурет арқылы көрсетуге болады:

1-сурет

Тұлға белсенділігінің әлеуметтік-психологиялық табиғаты



Өзін-өзі белсендіретін тұлға қай уақытта болмасын өзінің мүмкіндіктерін үнемі толық ашып дамытуға ұмтылушылық қасиеті тән тұлға. Осындай тұлға болып жетілуде жеткіншектер мен жасөспірімдер болашақта шығармашылыққа, толыққанды қарым-қатынас жасауға, өз ойындағысын орындауға қабілетті бола отырып, ізгілікті, тұлғалық бағдарлы тәрбие жүйесінде өзін қалыптастыра алады. Тұлға өзінің өмірлік қуатының мәнін, мақсатын жүзеге асыратын, тәндік, жандық, рухани күш-қуатын сандық және сапалық өзгеріске түсіретін ішкі объективтік процесс ретінде тұлға белсенділігін арттыруда өзін-өзі жетілдіру қызметі де өз үлесін байқатады. Бұл процесс оқу үрдісін зерттеуде ерекше мәнге ие екендігін дәлелдей отырып психологиялық-педагогикалық мәселелердің бірі етіп алға қояды.

Жас адам тұлғасы өзінің теріс қылықтарын жойып, жағымды қасиеттерін жетілдіру жөніндегі саналы, мақсатты іс-әрекеті бұл өзін-өзі тәрбиелеу болып табылады. Көп жағдайда, жеткілікті әлеуметтік тәжірибенің және психологиялық дайындықтың жоқтығынан жеткіншектер мен жасөспірімдер өз қылықтарының мотивтерін, яғни себеп-салдарын түсіне бермейді. Демек, мұндайда оларға міндетті түрде педагогикалық жетекшілік қажет. Бұлай дегеніміз, олар үлкендердің қолдауы мен көмегінсіз өзін-өзі тәрбиелей алмайды. Осыған орай тұлғалық қасиеттердің едәуір дәрежеде қалыптасқан кезең жасөспірімдік шақта өзін-өзі тәрбиелеуді адамның моральды қасиеттерінің негізгі түрі ретінде дамыту қажет. Нәтижесінде жасөспірім өзінің іс-әрекетін, ақыл-санасын іштей бақылап, бағыттай отырып, өзін-өзі бақылау арқылы жаман әдеттерден тыйылып, жақсы әдеттерін, жағымды мінез-құлқын дамытып жетілдіруге мүмкіндігі туады. Мұндай жағдайда оған ерік күш-жігерін берік ұстау, ұстамдылық, табандылық және т.б. сияқты тұлғалық сапалар маңызды рол атқарады. Бұл сапалар тұлға белсенділігін дамытудағы тұлғаның эмоциялық және әлеуметтік кемелділігінің көрсеткішін көрсетеді.

Жастардың белсенділігін арттыруда өмірлік ұстаным мен құндылықтардың ролі ерекше. Бұл тұлғаның дүниетанымдық, моральдік-психологиялық қасиеттері және оның қоғамға қарым-қатынасын білдіру арқылы көрінетін ішкі қағидасы болып табылады.

Өмірлік ұстаным негізінде жасөспірімдер өз әрекетін белсенді немесе баяу етіп көрсетеді. Дәлірек айтсақ, белсенді деп отырғанымыз, олар айналадағы шындықты өзгертуге үнемі ұмтылады; ал баяу дегеніміз – қалыптасқан тәртіп пен салтты және норманы сақтаумен шектеледі. Жеке тұлғаның іс-әрекетінің белгілі бір бағыттылығы ретінде өмірлік ұстаным адамгершілік бағытта ол тұлғаның мінез-құлық жүйесінен көрініс табады, адамдардың сенімінен, ар-ожданынан, идеялық бір бағыттылығынан байқалады.

Жастық шақ кезеңіндегі өмірлік ұстанымды дамытуды алатын болсақ, оның өмірлік ұстанымның шындығын және дұрыстығын айқындау бұл қоғам прогрессінің дамуына сай келуімен өлшенеді. Жасөспірімнің тұлғалық дамуын анықтаудың ең басты белгісі оның өмір сүріп отырған қоғамдық тарихи-мәдени процестегі орнын белгілеу болып отыр. Оның тұлға ретінде қалыптасуы, ең алдымен, оның тұлға ретінде қалыптасуы, ең алдымен, оның өмірден өз орнын саналы түрде таба біліп, адаспауына байланысты. Жас адамның өмірлік көзқарасын қалыптастырушы факторлар: жеке тұлға, отбасы, қоғам, саясат, идеология және т. б. оның өмірі мен қызметі, болашақ мамандығына деген өмірлік ұстанымына әсер етеді. Жасөспірімнің белсенді ұстанымы оқу-еңбек процесінде айқындалады, шындала бекитіне үлкен мән беруіміз қажет.

Жас тұлғаның өзіндік өмірлік ұстанымы оның қоғамдық байлыққа деген көзқарас пікірінен, іс-әрекетінен, қоғамдық қызметінен, өмірге деген көзқарасынан білінеді, сондай-ақ іс-әрекет пен сөз ұғымының бірлігінен, адамның алға қойған мақсатты орындаудағы белсенділігінен, теориялық білім, білік, іскерлік қабілетін жүзеге асыра білуінен байқалады. Белсенділік – бұл жастардың белгілі мақсатқа ұмтылған әрекеті, мазмұнды, көлемді танымдық қолданылатын, шығармашылықты арттыратын, білімді меңгерудегі тәлімгердің өзіндік үйренуі, дағды мен шеберліктің қалыптасуы, оларды тәжірибеде қолдануға бағытталған. Бұл танымдық-ой еңбегінің төмендеуі мен тоқтап қалуынан сақтайтын, жігерлі, мақсатты бағытталған жүйе. Жас буынның өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігін қоғамдық пайдалы жұмыстарға байланысты тапсырмалар беріп, орындау арқылы

дамытуға болады. Жастардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, барлық тапсырмалармен, яғни түрлі қоғамдық іс-әрекеттермен қамтамасыз етіп отыру керек.

Қорытынды ретінде ой-түйініміз мынаған сайып келеді: басқаға үлгі көрсететін, өзгеден өнеге үйрене білетін ұлағатты адам болашақ жастарға үлгі-өнеге көрсете алады. Осы заманғы демократиялық қоғамның жастарын бәсекелестікке табандылықпен, сауаттылықпен, ғылыми қабілеттілігімен түсе алатындай етіп тәрбиелеу білім беру жүйесінің қызметкерлерінің басты міндеттерінің бірі екені белгілі. Демек, жастардың тұлғалық белсенділігін арттырудың негізі тұлғалық сапалардың, оның ішінде өзіндік сана-сезімнің қағидаларында жататындығы айқындалды.

Әдебиеттер

1. *Назарбаев Н.* «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Халыққа Жолдауы. – Астана қаласы, 17 қаңтар 2014.
2. *Шарковская Н.В.* Психолого-педагогические основы активности личности. – Астана, 2002.

Түйін

Жастар – халықтың ең әлеуметтік белсенді тұлғасы болып табылады, азаматтардың ішінде болашаққа деген жарқын бейнесін ұсынушы, қоғамның даму бағытының дұрыс жүзеге асыруға қабілетті тұлға болып табылады.

Резюме

Молодежь – самая социально активная часть населения, которая представляет собой наиболее перспективную группу граждан, способных обеспечить реализацию ключевых направлений развития общества.

Summary

Youth – the most socially active part of the population which represents the most perspective group of the citizens, capable to provide realization of the key directions of development of society.

ДӘСТҮР ӘЛЕУМЕТТАНУ ПӘНІ РЕТІНДЕ

М.Е. Умирзаков,

*Еуразия Ұлттық университетінің әлеуметтану
мамандығы бойынша 2 курс магистранты*

Жаһандану заманында біз қоғамның барлық саласының унификациялануын байқаудамыз. Барлық елдерде саяси, экономикалық, әлеуметтік салалардың ортақ әлемдік стандарттары қалыптасты. Бұл үдеріс қоғамның мәдени саласын да айналып өтпеді. Жаһандану үдерісімен бірге мәдени салада «вестернизация», «американизация», «магдольнизация» деген түсініктер пайда болды. Ортақ мәдени құндылықтардың пайда болуы, әлемнің түрлі аймақтарындағы мәдени ерекшеліктерге қауіпін төндіре бастады. Бұл әсіресе Қазақстан секілді ұлттық мемлекеттерде өзекті мәселеге айналды. Себебі ұлттық дәстүрлерді конструктілеу – ұлттың мәдени тұрғыда өзінбірегейлендіру құралының бірі болып табылады [1]. Ал бұл өз кезегінде – ұлттың, мемлекеттің тұрақтылығының кепілі.

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында ұлттық экономика мен ұлттық саясаттың бағыттарын айқындап берді. Ал ұлттық саясат пен ұлттық экономика, өз кезегінде ұлттық дәстүрлерге негізделуі тиіс. Жолдауда президент қазіргі жаһандық замандағы қазақ дәстүріне келесідей баға берді: «Тәуелсіздік жылдарында, жаһандану мен вестернденуге қарамастан, біздің мәдени іргетасымыз беки түсті. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек» [2].

Әлеуметтануда біз дәстүр деп – ұзақ уақыт бойы белгілі бір қоғамда немесе әлеуметтік топта сақталатын және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әлеуметтік және мәдени мұраның элементтерін түсінеміз [3]. Дәстүрлер негізінен өзінің бастауын қоғамның қалыптасу кезеңінен бастау алады. Ол – ұлттың генетикалық

коды [2]. Сол қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарының сақталып, келесі ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді. Алайда заманның өзгеруімен, көптеген дәстүрлер сол заманға бейімделе алмай жойылып отырады. Оның орнына жаңа дәстүрлер пайда болады. Бұл дәстүрлер қалай пайда болады? Оларды кімдер құрастырады? Біз, мақаламызда, Қазақстан тәжірибесі негізінде осы сұрақтарға жауап беріп көреміз.

Қазіргі таңда жаңа қалыптасқан тәуелсіз мемлекеттің «дәстүрді құрастыру» процесстерін байқауға болады. Бұл терминді алғашқы болып Эрик Хобсбаум өзінің «Дәстүрді құрастыру» атты еңбегінде, британдық монархия мысалы негізінде ашып көрсеткен. Дәстүрді құрастыру түсінігіне ол келесідей анықтама берген: «Бұл негізінен нақты немесе нақты емес мойындалған ережелер көмегімен реттелетін, ритуалдық немесе символдық мәнге ие қоғамдық практикалардың жиынтығы; оның мақсаты болып белгілі бір құндылықтар мен іс-әрекеттер нормасын енгізу болып, ал мақсатқа жету құралы болып – қайталану табылады» [4].

Дәстүрді құрастыру не үшін қажет, ол қалай жүзеге асады? Еуропадағы революциялардан кейін, батыс қоғамы капиталистік типке трансформациялана бастады. Ұлттық мемлекеттер пайда болды. Қоғам жаңа дәстүрлерді қажет етті, себебі жаңа модерндік қоғамға ескі дәстүрлер сәйкес келмеді. Ендігі кезекте ескі дәстүрлерді жаңа қоғамға бейімдеу мәселесі тұрды. Дәстүрлерді өзгертіп, модернизациялағанымен, көптеген дәстүрлер сол бойы жоғалып кетті.

Дәстүрді құрастыру барысында оның тарихпен байланысы болуы тиіс, яғни жаңа дәстүр қоғаммен қабылдануы үшін тарихқа сілтемесі болуы керек. Осылайша ол жаңа ұлттың, елдің, қоғамның бірлігін сақтауға септігін тигізеді. Ортақ символдардың болуы, ортақ дәстүрдің болуы, тарихтың болуы этностың бірегейлігін жоғарылатады. Ұлттық мемлекетті құрастыруда бұл үлкен мәселе.

Дәл осындай мәселелер КСРО ыдырағаннан кейін жаңа құрылған посткеңестік елдерде туындады. Дәстүрді құрастыру, негізінен, жоғарыдан төмен қарай жүреді, яғни биліктен құрастырылып, өзгертіліп, қоғамға беріледі. Бірақ қоғамда жаңа

дәстүрлер міндетті түрде қабылданады деген сөз емес. Дәстүрдің қаншалықты осы қоғамға қатыстылығы маңызды. Сондықтан дәстүрді құрастыруда жергілікті элиталардың (тарихшылар, ғалымдар, мұғалімдер, этнографтар және т. б.) маңызы зор.

Басқа тәуелсіздігін алған посткеңестік елдермен салыстырғанда, Қазақстан кеңестік мұралықтан көпұлтты қоғамға ие болды. Елде 130-дан астам ұлт өкілдері мекендеген. Титулдық этнос болып табылатын қазақ этносы жалпы халықтың жартысына да жетпейтін. Мұндай жағдайда, дәстүрді құрастыру сұрағында, басқа этностардың мүдделерін ескеру мәселесі тұрды. Сондықтан кеңестік кезеңнен қалған кейбір дәстүрлер сақталып, кейбіреулері өзгертілді.

Жыл сайын жаңа жылда, түнгі 00:00-де елдегі әр отбасы президенттің құттықтауын тындап, жаңа жылды қарсы алу дәстүрге айналды. Бұл дәстүр сонау кеңестік кезеңнен жалғасып келе жатыр. Дәстүрлі түрде дастархан басында, түнгі 00:00-де шампан шарабы ашылады, президент сөз сөйлейді және бұның барлығы салют атылуымен жалғасады.

Сол кезеңнен қалған тағы бір дәстүр бұл – 9 мамыр күні өткізілетін әскери парад. Жеңіс мерекесін өткізу дәстүрі аса қатты өзгертілмеген, тек белгілі себептермен сол кезеңдегідей ауқымды емес. Жаңа әскери техникалар парадымен бірге, соғысқа қатысқан ардагерлердің парады да өткізіледі. Екінші дүниежүзілік соғыс заманындағы кеңес әскерлері типіндегі шатырлар тігіліп, кеңес әскерлерінің киімін киген адамдар жүреді, сол заманғы техникалар көрмеге қойылады. Келген адамдарға экскурсия жасалып, соғыс кезеңіндегі ботқалар ұсынылады.

Бұл жерде «дәстүр» мен «салтты» ажырату маңызды. Дәстүр ретінде біз тарихи қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әлеуметтік және мәдени мұраны түсінеміз, ал салт болса, стереотипті іс-әрекеттер, яғни үнемі қайталанып отыратын, дағдыға айналған іс-әрекеттер [5]. Хобсбаум өзінің «дәстүрді құрастыру» еңбегінде салт пен дәстүрдің айырмашылығына жақсы теңестіру жасаған: «сотта «салт» – бұл төрешінің әрекеті, ал «дәстүр» (бұл жерде құрастырылған дәстүр) – әрекетпен бірге жүретін париктер, мантиялар және сол секілді басқа да формаль-

ды заттар мен ретуалданған әрекеттер. «Салттың» құлауы, ол сөзсіз онымен тығыз байланысты «дәстүрді» де өзгертеді» [4].

Жоғарыда келтірілген мысалдар – кеңес заманынан жалғасып келе жатқан дәстүрлер. Қазақстанда, негізінен, кеңестік кезеңде тәрбиеленген адамдар басым болғандықтан, сол заманда халық арасында кең тараған кейбір дәстүрлерді сақтап қалу мағызды еді. Алайда бұл жаңа, тәуелсіз мемлекет болғандықтан, халық еріксіз кеңестік заманға дейінгі тарихқа үңіледі. Бұл жерде екі ғасыр бойы ұлттық дәстүрінен айырылған халыққа жаңа дәстүрлер мен символдар қажет болды. Титулдық этнос пайызының көбеюімен, ұлттық мемлекет құрастыру жолында, мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақтарға ортақ дәстүрлер қажет болды. Ұлттық дәстүрлерді құрастыру үрдістері соңғы кезде кең етек алды. Бұл үрдіс қазіргі кезеңге дейін жалғасуда.

Дербес мемлекеттің белгісі ретінде мемлекеттік символдар ұлттық ерекшеліктерге негізделіп таңдалды. Қазақстанның туы мен елтаңбасында қазақ халқының тарихы мен дәстүрлерін бейнелейтін символдарды көруге болады. Тудағы көк түс түркі мәдениетінде терең символдық мәнге ие. Ежелгі түркілер аспанды тәңір-атаға балаған, ал олардың көк туы арғы ата-бабаларға деген адалдықты бейнеледі. Бүркіт бейнесі еуразиялық көшпенділердің дүниетанымында айрықша орын алады және олардың түсінігінде бостандық пен адалдық, өрлік пен ерлік, қуат пен ниет тазалығы тәрізді ұғымдармен ұштасып жатады. Тудың сабын жағалай салынған ұлттық өрнектер Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрін символдық тұрғыда бейнелейді [6].

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы дөңгелек нысанды. Бұл – Ұлы дала көшпенділері айрықша қастер тұтқан өмір мен мәңгіліктің символы. Көк күмбезін еске салатын және Еуразия көшпенділерінің дәстүрлі мәдениетінде тіршіліктің негізгі бастауының бірі боп саналатын шаңырақ – киіз үйдің басты жүйе құраушы бөлігі. Өткен ғасырларда мүйіз көшпенділердің табынушылық ғұрыптарында, сонымен қатар, жауынгерлік тудың ұшына орнату үшін белсенді пайдаланылған [6].

Символдардан байқағанымыздай, тәуелсіз жаңа мемлекет өз тарихын көшпенділер тарихымен байланыстырады. Кеңестік

тарихтан қалған белгілер мүлдем көрсетілмеген. Бұл мүлдем жаңадан құрастырылған символдар болып табылады.

Кеңестік кезеңде әнұран, негізінен, Коммунистік идеологияны насихаттау тақырыбында болған. Тәуелсіздіктен кейін жаңа әнұран жазылды, алайда оның музыкалық композициясы өзгертілмеді. Кейіннен 2006 жылы кеңестік заманда қазақ этносының бейресми әнұранына айналған «менің елім» әні қабылданды. Жаңа қабылданған әнұранның сөздері өзгертіліп халыққа ұсынылды. Жаңа қабылданған әнұранда негізінен қазақ этносының мықтылығы мен елге деген сүйіспеншілік жырланған.

Қазақ қоғамының оянуына түрткі болған басты оқиғаларының бірі, ол – 1986 жылғы 16 желтоқсан күні болған «желтоқсан оқиғасы» болатын. Өз дәстүрінен, тарихынан, дінінен ажыраған қазақ қоғамы, бұл оқиғадан кейін коммунистік емес, өзінің этникалық тарихына назар аудара бастады. Бұл елдегі қазақтарды біріктірді.

Желтоқсан оқиғасы қазақ қоғамының жаңа тарихында маңызды орынға ие болғандықтан, Қазақстанда тәуелсіздіктен кейін бұл оқиға қазақтардың тәуелсіздікке ұмтылысы ретінде қайта қарала басады, яғни оқиғаның қоғамды біріктіруші инструмент ретінде қолданылуын байқаймыз. Дипломдық жұмысымызда желтоқсан оқиғасын зерттеу барысында, оқиғаның тек сол оқиғаға қатысқан топтың ғана емес, бүтін барлық қазақ ұлтының бірегейлігін жоғарылатқанын анықтадық. Қазіргі таңда да оқиға қазақ ұлтының азаттыққа ұмтылысы ретінде қабылданады.

Сонымен бірге тәуелсіздіктен кейін кеңестік кезеңге дейінгі дәстүрлерде қайта құрастырыла бастады. Екі ғасыр бойы ұлттық және діни дәстүрлерден арылған халықтың әлеуметтік жадында әлі де болса сақталған болатын. Бұл дәстүрлер өздерінің бастауын тарихтан алулары керек.

22 наурыз күні дүбірлетіп тойланатын «наурыз» мейрамын атап өту дәстүрін алар болсақ, бұл күні қала толығыменен ұлттық нақышта безендіріледі, орталықтарда театрланған көріністер қойылады, ұлттық тағамдар жасалып, ойындар өткізіледі, орталық көшелерде батырлар мен ежелгі тұлғалар кейпінде шерулер өткізіледі. Мереке президенттің сөзімен және

бата оқылумен басталады. Әрине, бұл ежелгі қазақтар тойлаған наурыз мейрамынан мүлдем бөлек. Бұл – дәстүрдің жаңа қоғамға бейімделген түрі. Себебі сол кездегі қоғам мен қазіргі қоғам мүлдем екі түрлі. Ежелгі дәстүрлер қазіргі қоғамға мүлдем сәйкес келмейді, сол себептен дәстүрлер қайта құрастырылып, жаңа қоғамға бейімделеді немесе ол мүлдем ұмытылады.

Ораза айт, құрбан айт секілді діни мерекелерді атап өту дәстүрлері де трансформацияланған қоғамға бейімделуге мәжбүр болды. Садақа салудың ендігі кезде электрондық түрі пайда болды. Халықтың көпшілігі дәстүрге құрмет ретінде атап өткізеді, яғни, ислам дінінің өкілдері ретінде басты діни салттарды орындайды (құран оқыту, садақа салу, құрбандық шалу және т. б.).

Жоғарыда келтірілген дәстүрлер кеңестік кезеңге дейінгі тарихтан алынған дәстүрлер. Олар қазіргі заман талаптарына сай модернизацияланған. Әрине, ол заманда дәстүрлер өте көп болған, олардың барлығын қазіргі қоғамға алып келіп бейімдеу мүмкін емес.

Сонымен бірге салыстырмалы түрде аз уақыттың ішінде пайда болған жаңа дәстүрлер де кездеседі. Оған жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін президенттің халыққа БАҚ арқылы жолдауы мысал бола алады.

Тағы бір мысал – «Қазақстан барысы» сайысы. Ұлттық күресті насихаттауға бағытталған бұл турнир ұлттық дәстүрде негізінде өткізіледі. Осы секілді жаңа құрастырылған дәстүрлердің ары қарай жалғасуы, өміршендігі бұл басқа сұрақ, бізді бұл дәстүрлердің пайда болуы.

Дәстүрді құрастыру өзгерген қоғамға тән құбылыс. Ескі өмір салты сақталған жерлерде дәстүрлерді құрастырудың қажеті жоқ. Мысалы ауылдық аймақтарды алар болсақ, көптеген дәстүрлер өзгеріссіз сақталған.

Бұрынғы заманғы дәстүрлер мен қазіргі заманғы дәстүрлердің басты айырмашылығы – қазіргі кезде дәстүрлерді орындау міндетті еместігінде. Ерте заманда дәстүр орындауға міндетті парыз ретінде саналатын. Қазіргі кезде дәстүр бірегейліктің символына айналған. Оны орындау міндетті емес, алайда өзінді сол қоғамның, ұлттың мүшесі ретінде сезінуің үшін, сол қоғамға тән дәстүрлерді, салттарды орындайсың.

Сонымен, қайта құрастырылған дәстүрлер болсын, қайта қаралған дәстүрлер болсын, біздің қазіргі трансформацияланған қоғамымызға қажетті. Бұл дәстүрлер сақталуы үшін қоғам мүшелерінде «менікі» деген ұғым болуы керек, олай болмаған жағдайда, дәстүрдің қоғамда орнауы екіталай.

Біз жоғарыда келтірілген мысалдар негізінде, Қазақстан қоғамындағы дәстүрді қалыптастырудың бірнеше жолдарын қарастырдық. 1. Кеңестік кезеңдегі дәстүрлерді бейімдеу; 2. Кеңестік кезеңге дейінгі дәстүрлерді бейімдеу; 3. Жаңа дәстүрлерді қалыптастыру. Соңғы екі жолын, біз соңғы жылдары байқаудамыз.

Дәстүрді құрастыру, жоғарыда айтып кеткеніміздей, жоғарыдан төмен жүретін үрдіс. Бұл үрдіске сол қоғамның жергілікті интеллектуалды элиталары (тарихшылар, этнографтар, ғалымдар) қатысады. Алайда, бұл үрдістің кері де жағы бар, ол – қоғамды ыдырату. Ол негізінен дәстүрді құрастырушылардың мақсаттарына байланысты.

Дәстүрді құрастыру үрдісі біздің қоғамда әлі де жалғасуда. Бұл мәселе қай заманда да, қандай қоғамда болмасын, өзекті болып қалмақ. Болашақта жаңа дәстүрлердің пайда болуына куә болуымыз да мүмкін.

Әдебиеттер

1. *Бурмистров С.Л.* Культура как ментальный конструкт и проблемы интеркультурной коммуникации.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2014 жылғы халыққа жолдауы.
3. <http://socnauka.ru>
4. Изобретение традиций, Эрик Хобсбаум, 48-бет
5. <http://sotsiologia.ru>
6. <http://www.akorda.kz>

Түйін

Мақала дәстүрді құрастыру үдерісіне арналған. Ескі дәстүрлердің жаңа қоғамға бейімделу мәселесі жан-жақты қарастырылады. Автор үш тарихи кезеңдегі (Қазақ хандығы, КСРО, ҚР) дәстүрлерді қамтиды.

Талдау барысында бұл дәстүрлердің қазіргі трансформацияланған Қазақстан қоғамындағы бірегейлендіруші және тұрақтыландырушы функциясы анықталады. Кеңестік кезеңдегі дәстүрлер сол заманнан мұра ретінде сақталған болса, ұлттық дәстүрлер жаңадан құрастырыла бастады. Сонымен бірге екі кезеңмен байланысы жоқ, жаңадан құрастырылған дәстүрлер де көрініс тапқан.

Резюме

В статье рассматривается процесс складывание традиций. Рассматривается приспособление старых традиций в новом обществе. Автор охватывает традиции трех исторических периодов (Казакское ханство, СССР, РК). В ходе анализа определились идентификационные и стабилизирующие функции традиций в современном трансформирующемся казахстанском обществе. Если традиции советского периода сохранились как наследие, то национальные традиции начали трактоваться по-новому. Также появились новые традиции, не имеющие отношение к двум вышеперечисленным периодам.

Summary

The article considers the process of the invention of the tradition. Discusses the adaptation of old traditions in the new society. The author covers the traditions of three historical periods (the Kazakh khanate, the USSR, the Republic of Kazakhstan). During the analysis determined the identification and stabilizing function of tradition in modern transformed Kazakhstan society. If traditions of the Soviet period have been preserved as a heritage, national traditions started to be invented by the new. Also, new invented traditions that are not related to two of the above periods.

ӨМІР САПАСЫ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУДЫҢ КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕ

*М.К. Шнарбекова,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ,
«Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс»
кафедрасының оқытушысы*

Еліміздің «Қазақстан-2050» стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін, халықтың өмір шарттарын жақсартуға және осы салада туындайтын мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін жаңғыру жолы. Стратегия – күннен күнге, жылдан жылға елімізді, қазақстандықтардың өмірін жарқын ете түсетін нақты практикалық істер бағдарламасы. Ұлттық маңызды құжат еліміздің басты мақсаттарының бірі болып табылатын азаматтардың өмір сапасы мен деңгейін жақсартуға, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғалуды нығайтуға бағытталған [1].

Қазіргі кезде өмір сапасы идеясы – әлеуметтік саясат контекстінде ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады, себебі қоғам мүшелерінің барлығына социум өміріне қатысуға тең мүмкіншіліктер мен шарттар жасау – барлық дамушы елдерге тән алдыңғы қатарлы міндеттердің бірі болып табылады. Экономикалық дағдарыс шарттарында өмір сапасын жоғарылату мәселелері стратегиялық мән мен өзектілікке ие, сонымен қатар, мемлекеттік және муниципалдық басқарудың стратегиялық мақсатына айналды.

Өмір сапасы категориясының қалыптасуы, өмір деңгейінің көрсеткіштері халықтың өмір шарттарын бағалауға жеткіліксіз болғандықтан, экономикалық жоғарылау мен әлеуметтік даму, ғылыми техникалық даму мен экономиканы, әл-ауқаттың материалдық және материалдық емес көрсеткіштерін сипаттайтын бір ортақ категорияға қажеттілік туындайды. Басқаша айтқанда, қоғам дамуын тек сандық, экономикалық көрсеткіштер арқылы бағалау емес, сонымен бірге, әлеуметтік индикаторлар негізінде бағалау қажеттілігі туындайды. Осындай индикаторларды қамтитын күрделі әлеуметтанулық категория «өмір

сапасы» болып табылады. Аталмыш категория өмір шарттары, тұрмыстық жағдайларды, дүниетанымдық көзқарастарды, қоршаған орта, мінез-құлық, жеке адамның еңбек іс-әрекет, әлеуметтік таптар, әлеуметтік топтар мәселесін қамтиды.

Өмір сапасының алғашқы тұжырымдамалары негізінен американдық және батыс германдық әлеуметтануда қалыптасады. Өмір сапасын социологиялық талдауда ерекше мән адамдардың әлеуметтік сезімдеріне, олардың қоғамдағы жағдайына деген көзқарастары, халықтың әлеуметтік өзгерістерге реакцияларына аударылады.

Американдық зерттеуші О. Тоффлер осы категорияны өмір стандарттарының логикалық және тарихи нәтижесі ретінде, яғни, «тұтынушының негізгі материалдық қажеттіліктерінің» қанағаттану деңгейінен «тұлғаның өзге сұлулық, мәртебе, индивидуализация мен сезімдік қатынастарды» қанағаттану деңгейіне өту кезеңі ретінде қарастырады. Негізінен, оның өмір сапасы категориясына көзқарасы адам мен қоршаған орта арасындағы теңдікке негізделген. О. Тоффлер теориясының негізгі ерекшелігі – өмір сапасы категориясының мазмұнын айқындауда психологиялық критерийлерді қарастыруы. Ол өмір сапасын жақсы көңіл-күймен, эстетикалық қажеттіліктердің қанағаттануымен шектей отырып, «өмір салтымен» сәйкестендіреді [2].

Өмір сапасы мен өмір деңгейі тығыз байланысты, дегенмен, өмір сапасы ауқымды түсінік ретінде адамдар қажеттіліктерінің кең спектріні қамтиды.

Өмір деңгейі адамның тұтыну саласындағы өмір шарттарымен айқындалады және адамның жалпы әл-ауқатының әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштерімен өлшенеді. Бұл көрсеткіштер табыс, тұтыну, тұрғын үй мәселесі, білім беру, денсаулық сақтау салалары және т.б. Олар статистикалық көрсеткіштер жүйесімен бірге субъективті бағалау пікірлері арқылы өлшенеді.

Өмір сапасы адамның өмір шарттарының ауқымды жүйесін және өмір деңгейін, сонымен қатар, қоршаған орта экологиясына, әлеуметтік әл-ауқатқа, саяси жағдайға, психологиялық жайлылыққа жататын құрылымдарды да қамтиды. Өмір сапасын өлшеу үшін жан-жақты, нақты статистикалық мәліметтердің өзі

жеткіліксіз, аталмыш көрсеткіштер адамдардың қажеттіліктері мен субъективті бағалауларының сәйкестілігін айқындау қажет. Негізінен, өмір сапасы – тұлға қажеттіліктері мен өз өмірін субъективті бағалауына тәуелді объективті – субъективті сипаттамасы. Өмір сапасының кейбір объективті құрамдас бөліктері адам санасында нақты бейнеленуі мүмкін, екіншілері салыстырмалы, ал үшіншілері тәжірибе деңгейіне, мәдени капиталға, құндылықтарға байланысты өзекті болмауы мүмкін. Субъективті бағалау маңыздылығы ерекше, олар аймақтар, әлеуметтік, демографиялық топтар бойынша жіктелінуі мүмкін және қоғамның көңіл-күй бейнесін жасауға мүмкіндік береді. Өмір сапасының субъективті бағалауын өлшеу қоғамда әлеуметтік қысымның пайда болуы мен қалыптасуы туралы мәліметтер береді.

Жоғарыда айтылғанның негізінде өмір сапасына мынадай анықтама беруге болады: «өмір сапасы» – объективті көрсеткіштер мен адамдардың мәдени ерекшеліктеріне, құндылықтық бағдарларына және қоғамдағы әлеуметтік стандарттарға тәуелді өзінің жағдайын қабылдаумен материалдық, әлеуметтік және мәдени қажеттіліктерінің қанағаттануын субъективті бағалау негізінде сипатталатын халықтың өмір шарттарының жүйелі сипаттамасы.

Көптеген әдебиеттерді талдау «өмір сапасы» түсінігінің біржақты қарастырылмайтынын айқындауға мүмкіндік берді. Негізінде көзқарастарды үш топтамаға бөлуге болады.

Бірінші топ зерттеушілердің пікірі бойынша, өмір сапасы – бұл индивидтің, әлеуметтік топтардың және қауымдастықтардың өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру кезінде пайдаланатын материалдық және рухани құндылықтарды сипаттайтын экономикалық категория. Олардың көзқарастары бойынша, бұл категорияның мәні өмірлік әл-ауқат көлемін айқындайтын сандық көрсеткіштер жүйесімен сипатталады.

Екінші топтың авторлары өмір сапасын материалдық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктердің қанағаттану деңгейі ретінде қарастырады. Бұл категорияны олар негізінен, халық өмірінің әлеуметтік көрсеткіштерімен сипаттайды, яғни «жаңа адамның қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік, рухани және материалдық қажеттіліктердің үйлесімді дамуы».

Зерттеушілер негізінен қоғам мүшелерінің әлеуметтік күйін, адамдардың өндірістік қатынастарының әлеуметтік нәтижелерін қарастырады.

Үшінші топ өмір сапасын халық және оның жеке топтары үшін жасалынатын өмірлік құндылықтар жүйесін қолдану саласында қалыптасатын өндірістік қатынастарды сипаттайтын категория ретінде қарастырады.

Мәні бойынша өмір сапасы – өзінің күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыру кезінде индивидпен (отбасымен, әлеуметтік топпен, қоғаммен) қолданылатын материалдық және рухани мүдделерді сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық категория. Осы зерттеуде өмір деңгейі тікелей тұтыну саласымен бірге қарастырылады. Ол негізінен экономикалық құндылықтармен байланысты, яғни өндірістің қызмет етуімен қанағаттандырылатын барлық қажеттіліктер.

Өмір деңгейін тұтыну саласымен шектей отырып және оны адамның басқа іс-әрекет саласынан бөле отырып, біз адамдардың басқа іс-әрекет аспектілерін қарастырмаймыз деген сөз емес. Керісінше, әлеуметтік-экономикалық категория ретінде өмір деңгейінің өндіріс, алмасу, саяси өмір және т.б. үрдістер кезінде қалыптасатын қоғамдық қатынастардың жиынтығымен байланысты. Өмір деңгейін тұтыну саласымен шектеу оны өлшеу, салыстыру және болжау үшін практикалық міндеті бойынша қажетті конструктивті бағыт деп есептейміз.

Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерде «өмір сапасы» түсінігімен қатар, «әл-ауқат» термині кеңінен қолданылады, ол өмір сапасы секілді алуан түрлі зерттеушілермен түрліше түсіндіріледі. Бір топ авторлар оны халықтың өмір үшін қажетті әр түрлі физиологиялық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктердің материалдық және рухани құндылықтармен қамтамасыз етілуі ретінде қарастырады.

Өзге ғалымдар әл-ауқатты халықтың әр-түрлі қажеттіліктерінің қанағаттану деңгейі ретінде немесе өмірлік құндылықтардың жиынтығы ретінде қарастырады. Біздің пікіріміз бойынша, «өмір деңгейі» және «әл-ауқат» категориялары бір-біріне сәйкес келмейді, егер әл-ауқат өмір деңгейімен салыстырғанда, өмірлік құндылықтар жүйесінің әлеуметтік-экономикалық фор-

масы, яғни ол өндіру мен иелену кезінде қалыптасатын қоғамдық қатынастарды айқындайды. Бұл категория индивидтің даму қажеттіліктерін сәйкестендіру элементтерін қамтиды.

Халық әл-ауқаты материалдық құндылықтар мен қызметтермен қатар, индивидтің физикалық, мәдени және интеллектуалдық даму индикаторларын сипаттайды: денсаулық, мәдениет және білім деңгейі.

Әдебиеттерде, әсіресе, философиялық әдебиеттерде, өмір деңгейін тәуелсіз категория емес, тек өмір салты категориясының құрамдас бөлігі ретінде қарастыратын көзқарас кеңінен таралған. Өмір салтында адамның әлеуметтік келбеті, оның қоғамдық жүзі, іс-әрекетінің әдістері, сонымен бірге, адамдардың мінез-құлқын айқындайтын өмірлік мақсаттары, нормалары мен ұстанымдары, еңбек ұжымындағы, отбасындағы, өндірістегі және тұрмыстағы қарым-қатынастарда көрініс табады. Өмір салты категориясы адамның тікелей немесе жанама түрде оның еңбек сипаты мен шарттарына, материалдық құндылықтар мен қызметтерге қажеттіліктердің құрылымына талаптарын айқындайтын қоғамдық қатынастар жүйесіндегі адамның мәртебесін сипаттауға бағытталған.

Әрине, өмір сапасы өмір салтына орасан әсер етеді. Белгілі бір әлеуметтік топтың бос уақытын өткізуі, өзінің мәдени және білім деңгейін жоғарылатуы, өзгелермен қарым-қатынасқа түсуі, демалуды ұйымдастыру және т. б. өмір салты мен өмір сапасы оның мүмкіншілігіне тәуелді.

Өмір салты құрылымында халықтың іс-әрекет түрлері екі үлкен топты құрайды:

1. жұмыс уақыты кезіндегі іс-әрекет;
2. бос уақыт кезіндегі іс-әрекет.

Іс-әрекеттің ішкі құрылымының формасы арқылы жұмыс уақытында еңбек саласына, әлеуметтік топқа, еңбекті ұйымдастыруға қарай жұмысбастылықтың сипаттамасы айқындалады. Жұмыс уақыты кезіндегі іс-әрекетті терең зерттеу өмір салтының маңызды сипаттамаларының бірі болып табылады. Сонымен қатар, жұмыс уақыты кезіндегі іс-әрекет формалары мен өндірістегі еңбек өнімділігі бос уақыттағы іс-әрекеттің бірқатар түрлеріне әсер етеді, оның құрылымы өмір салтында

отбасылық-тұрмыстық, мәдени, бос уақыт, қоғамдық және т.б. іс-әрекеттің орны мен мәнін айқындайды.

Өмір салтының көрсеткіштері мынадай негізгі іс-әрекет салалары негізінде жүйеленеді, еңбек, тұрмыстық сала, қоғамдық – саяси өмір, мәдениет. Сәйкесінше, өмір салтының құрамдас бөліктері айқындалады: өндірістік іс-әрекет саласындағы қатынастар, материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру нысандары, әлеуметтік-саяси қатынастар, рухани іс-әрекет.

Жоғарыда айтылған негізінде, біз академик А.К.Кошановтың анықтамасын қолдаймыз: «өмір салты қоғамдық, топтық және жеке мүдделер мен қажеттіліктердің жүзеге асырылу үрдісі кезінде материалдық және рухани құндылықтарды тұтыну, бөлу саласында қоғам мүшелерінің іс-әрекетінің белгілі бір әдістері мен нысандарының жиынтығын айқындайтын саяси-экономикалық категория ретінде сипатталады».

Сонымен қатар, халықтың өмір сапасы өзгермелі және динамикалық, ал өмір салты керісінше, тұрақты болады және өзгерістердің баяулығымен сипатталады.

Өмір салтымен салыстырғанда, өмір сапасы қысқа тарихи уақытта және бір әлеуметтік жүйе шеңберінде өзгере алады. Мысалы, қысқа мерзімді экономикалық дағдарыстар кезінде халықтың өмір сапасы біршама төмендейді, ал өмір салты, яғни осы қоғамға тән адамның мінез-құлқы елеулі өзгерістерге ұшырамайды.

Өмір шарттары – өндірістің қоғамдық және жеке факторларын, өндіріс әдістерін, географиялық және демографиялық ортаны, әлеуметтік, идеологиялық, саяси шарттар мен қатынастарды және т. б. қамтитын біршама ауқымды категория.

Профессор Аитов Н.А. өмір шарттары ретінде өмір салтына енетін қоғам тарапынан индивидке алуан түрлі іс-әрекетін жүзеге асыруға берілетін мүмкіншіліктерді қарастырады. Осындай тар анықтаманың өзінде автордың пікірі бойынша, өмірдің маңызды факторларына өмір деңгейі (табыстар мен қоғамдық тұтыну, соның ішінде баспана мен қамтамасыз ету сапасы), тұлғаның жан-жақты дамуында барлық қажеттіліктерінің қанағаттану деңгейі (еңбек, бос уақыт, білім мен мәдени демалыс-

ты алу мүмкіншілігі), адамның ертеңгі күнге деген сенімділігінің деңгейі (уақтылы және мамандандырылған медициналық көмек, жұмыспен қамтамасыз етілу, қылмыс пен нашар әлеуметтік-психологиялық қысымнан туындаған күйзелістік жағдайлар) енеді.

Өмір сапасының тұтынуың тұлға дамуына әсері, адамдардың мінез-құлқы мен әлеуметтік көңіл-күйі, қанағаттану деңгейі мен қажеттіліктердің даму деңгейі т. б. бірқатар әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық аспектілері XIX ғ. аяғында және XX ғ. басында атақты экономистердің пәні болған. Олар (Т. Веблен, В. Парето, Т. Гобсон және т. б.) осы мәселені негізінен экономистік және әлеуметтанулық және этикалық бағыттар бойынша зерттеді.

Т. Веблен салыстырмалы пайдалылық теориясын сынай отырып, тұтыну сипаттамасына мәртебе мен қоғамдағы жағдай, сәйкестендіру, бейнелі материалдық тұтыну мен демонстративті шығындалу әсер етеді деп атап өткен, яғни заттарды тек олардың бағалары мен мәртебесі үшін құрметке ие болу амалы ретінде иелену [3]. Осы көзқарасты басқа ғалымдар қолдады, солардың ішінде, Д. Гобсон пікірінше, тұтыну сипаттамасы көптеген жағдайларда рационалдылықпен емес, ал мәртебемен, дәстүрмен және тиімділіктің шынайы емес нормаларымен айқындалады [4].

Белгілі бір қоғамдағы халықтың өмір сапасы сонымен бірге, сыртқы қауіпсіздікпен, әлеуметтік инфраструктураның дамуымен, әлеуметтік топтар мен қауымдастықтардың арасындағы қатынастармен, ұлтаралық қатынастар мен өзге факторлармен айқындалады. Өмір сапасы әлеуметтік категория ретінде кең және ауқымды түсінік, өзінің мәні бойынша, өмір шарттарымен байланысты. Өмір шарттарын кең мағынада қарастырғанда, біздің көзқарасымыз бойынша, өмір шарттары көптеген шынайы шарттарды қамтуына байланысты әлеуметтік-экономикалық категория бола алмайды.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес өмір сапасын, біздің көзқарасымыз бойынша, мынадай индикаторлар сипаттайды:

- Өндірістің даму деңгейімен сәйкес материалдық қоғамдық әл-ауқат (қажеттіліктердің қанағаттануы мен дамуын қамтамасыз ететін табыс, тұтыну);

- Әлеуметтік әділеттілік нормаларының сақталуы (қоғамның басым көпшілігінің құндылықтық көзқарастарымен сәйкестілігі);

- Жұмыссыздықтың табиғи шарттарында жұмысбастылық, кәсіпкерлікке және еңбек іс-әрекетіне еркіндік;

- Тұлғаның жан-жақты дамуына қажетті шарттармен қамтамасыз етілуі (білім беру, мәдениет және т. б.);

- Қоршаған ортаның жағдайы;

- Сыртқы саяси жағдай;

- Ішкі саяси жағдай (азаматтық және ұлтаралық ынтымақтастық, әлеуметтік бейбітшілік);

- Құқықтық қорғаныс және жеке өмір мен мүліктік қауіпсіздік;

- Халықтың, отбасының, некелік қатынастағы одақтардың, аналар мен балалардың денсаулығын қорғау;

- Өндірістің әлеуметтік факторлары (әлеуметтік серіктестік, әлеуметтік-психологиялық климат, еңбекті қорғау жағдайы және т. б.);

- Зейнеткерлікке шыққанда, жұмыссыздық болған жағдайда және уақытша жұмысқа қабілетсіз болған жағдайда әлеуметтік қорғанысқа сенімділік.

Әрине, халықтың өмір сапасының мазмұнын жоғарыда айтылған құрамдас бөліктермен шектей алмаймыз.

Әрине, қоғамдағы трансформациялық өзгерістер қазіргі зерттеушілердің «өмір сапасына» деген көзқарастарыне әсер етеді. Сәйкесінше, қазақстандық қоғамдағы өмір сапасы критерийлерінің өзгеруіне әкеледі. Осы критерийлер тек қоғамның «жоғарғы» және «төменгі» таптарының арасындағы әлеуметтік алшақтықты жоюмен шектелмейді, кең мағынада айтқанда, индивидтердің маргинализациялау деңгейін анықтауды да қамтиды. Әр түрлі топтарға жататын адамдар өмір сапасын жақсарту мүмкіншіліктерін түрліше меңгереді, сәйкесінше, қоғамның әлеуметтік трансформациялануында әр түрлі деңгейде белсенділікті көрсетеді. Қазіргі шарттарда еліміздегі мұхтаж адамдарға әлеуметтік көмекті ұйымдастыру үшін халықтың өмір сапасы мен әл-ауқаты туралы нақты және толық ақпараттарға негізделген әлеуметтік бейімдеу мен оңалту бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 17 қаңтар 2014.
2. *Тоффлер Э.* Шок будущего / Пер. с англ. / Э. Тоффлер. – М.: ООО «Издательство АСТ», 2002. – 557 с.
3. *Веблен Т.* Теория праздного класса / Пер. с англ., вступ. ст. С.Г. Сорокиной; Общ. ред. В.В. Мотылевой. – М.: Прогресс, 1984. – 367 с.
4. *Гобсон Дж.* Проблемы бедности / Пер. с англ. – М.: URSS: [ЛИБРОКОМ, 2011]. – 211 с.

Түйін

Мақалада «өмір сапасы» терминінің әлеуметтануда қалыптасуына әсер еткен негізгі шарттар, осы категорияны зерттеудің алуан түрлі әлеуметтанулық тұжырымдамалары қарастырылған. Сонымен қатар, өмір деңгейі, өмір салты, өмір шарттары, әл-ауқат секілді категориялармен өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданған.

Резюме

В статье понятие «качество жизни» рассматривается в социологическом аспекте и анализируется современное благосостояние казахстанского общества. А также анализируются различные концепции и направления социологического изучения качества жизни. Определяются критерии разграничения таких понятий, как: качество жизни, уровень жизни, благосостояние, стиль жизни, условия жизни и т. д.

Summary

In the article the concept of «quality of life» consider in the sociological aspect and the current welfare Kazakh society is analyzed. Different concepts and approaches to the sociological study of quality of are considered as well. Criteria of differentiation of concepts such as quality of life, standard of living, welfare, lifestyle and living conditions are defined.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨҢІЛ-КҮЙ КАТЕГОРИЯСЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

М.К. Шнарбекова,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

«Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс»

кафедрасының оқытушысы,

А.Б. Алтынбеков,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD-докторанты

«Көңіл-күй» категориясын ғылыми тұрғыдан зерттеу ХІХ ғғ. аяғынан бастау алып, Т. Адорно, Э. Эриксон, Д. Кэмпбелл, М. Шериф, К. Левин, С. Халл, Э. Толмен, К. Чемберлен, В. Хесле, С. Москвич, Н. Луман, М. Шелер және Г. Таджфел еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Әлеуметтік көңіл-күй түсінігі екі мағынаны қамтиды: психологиялық және әлеуметтік. Әлеуметтік көңіл-күйді зерттеудің алғышарты ретінде ғалымдардың әлеуметтік – психологиялық феномендерді, соның ішінде, көңіл-күйді қарастыратын бағытты жатқыздыруға болады. Сезімдердің маңыздылығының салыстырмалығы туралы жеке пікірлерді ежелгі ойшылдарының еңбектерінен табуға болады.

Ежелгі Шығыста адам жаны, оның эмоционалдық, рухани әлемі Сансараның шектеусіз тізбегінің бір бөлігі ғана болған. Осындай түсініктеме бойынша, көңіл-күй жағдайға емес, сана типіне байланысты. Осы кезеңде индивидтің материалдық және рухани – эмоционалдық мәндерінің арасында нақты шектеу болады.

Даосизм бойынша, көну және өкіну сезімдерін сезіну үшін қатыгез қарым-қатынас керек, себебі тек ол ғана индивидуалдық көңіл-күйді басып, қоғамдық көңіл-күйдің тұрақтылығын қамтамасыз етеді [1].

Ежелгі Қытай идеологиясы көңіл-күйдің өзгергіштігіне ерекше мән береді, консервативті тәртіпке кері әсер ететін жағдайлар шынайы қауіп ретінде қарастырылады.

Аристотель пікірі бойынша, адамдарың сезімдері мен көңіл-күйі мемлекеттің саяси өмірінің «рухына» сәйкес айқын-

далады. Ол дауыс беру құқығы тек ерікті адамдарда болады, себебі құлиеленушілік адам табиғатына жат нәрсе. Сәйкесінше, қоғамдық пікір де тек бинарлы, сонымен қатар, ерікті адамдардың қоғамдық пікірі «шарт» бойынша басымдылыққа ие.

Платон моделі де ұқсас болып келеді, ол көңіл-күйді еске түсіруге ықпал жасайтын ойлар айналымының диалектикасының нәтижесі ретінде қарастырады [1].

Пифагор бойынша, көңіл-күй – музыканы, түсініксіз және сана деңгейінде айқындалған әлемдік тұрақтылықтарды сезіну ортағасырлық реализмде – көңіл-күй абстракты рухани құндылықтарға тәуелді болады. Ф. Аквинский, А. Блаженный адамдар мен әлеуметтік топтар көңіл-күйіне теологиялық анықтама береді [2].

Стоицизм парадокстерінің бірі: кез-келген нәрсені қабылдау оны қайтару болып табылады. *Р. Декарт* ғылыми ойлау негізіне түсініктілік немесе тікелей нақтылық қағидаларын енгізу керектігін айқындаған, яғни өзгелердің пікірі мен көзқарастарын қабылдау емес, керісінше, өзіндік индивидуалдық пікірді қалыптастыру [3].

Т. Гоббс бойынша, көңіл-күй қанағаттандыру және қанағаттанбау сезімдерін қалыптастыратын қабылдаудың жиынтығы [4].

XX ғ. 30 жж. *К. Левин* әлеуметтік-психологиялық мәселерді талдау үшін бірқатар түсініктерді енгізді және оны кеңінен пайдалана бастады: «мәдени атмосфера», «әлеуметтік атмосфера», «топтың жалпы атмосферасы», «топтық климат», «әлеуметтік климат» [5].

К. Левин «әлеуметтік атмосфераны» кез келген әлеуметтік-психологиялық жағдайдың маңызды динамикалық сипаттамасы мен жалпы сипаттамасын бейнелейді және жеке жағдайлардың фоны болып табылады. «Әлеуметтік атмосфераны», «әлеуметтік климатты» бейнелеу үшін *К. Левин* екі үлкен сипаттаманы пайдаланған:

- топтың құрылымдық, мінез-құлықтық, институционалдық сипаттамалары

- мысалы, көшбасшының билік құзыреттілігінің көлемі, шешім қабылдау процедуралары, топ ішілік мәртебені бөлу, топ мүшелерінің арасындағы өзара қарым-қатынастың мінез-құлықтық ерекшеліктері және т. б.

- эмоционалдық сипаттамалар – «индивидті қоршаған ортада, социумда басымдылыққа ие сезімдер» [6].

«Әлеуметтік климат» түсінігін К. Левин салыстырмалы кең пайдаланды: кіші және үлкен топтарды, сонымен қатар, қысқа мерзімді жағдайлар мен ұзақмерзімді тенденцияларды сипаттау үшін. Климаттың эмоционалдық құрылымдардың өзгерістерін К. Левин топшілік үрдістермен, топаралық өзара қатынастарымен және психологиялық емес сипаттағы әр түрлі факторлардың-экономикалық, саяси және т. б. әсерін байланыстырған.

К. Левин теориясының артынан Ж.де Ривер өзінің «эмоционалдық климат» концепциясында қоғамның эмоционалдық климатын «мінез-құлық ортаның» бір аспектісі ретінде қарастырады және ол адамдардың іс-әрекеті мен қабылдауына, саяси бірлік пен қоғамның мәдени тұтастығына елеулі әсер етеді, - мысалы, адамдардың саяси бастамаларды қолдауына немесе қабылдауына, мәселелерді келісім арқылы немесе керісінше, қақтығыстар арқылы шешуіне әсер етуі және т.б. [7].

Сонымен қатар, К.Левинмен салыстырғанда Ж.де Ривер «эмоционалдық климат» түсінігіне бірқатар шектеуліктер жасайды. Ж.де Ривер «эмоционалдық климатты» қоғамдағы барлық эмоционалдық қатынастармен сәйкестендірмейді. Эмоционалдық климатты эмоционалдық әлемнің өзге құбылыстарынан бөліп алу үшін ол екі талапты ұстанады: эмоция құрылымы және олардың тұрақтылығы. Ж.де Ривер құрылымдық көзқарас бойынша эмоционалдық климат пен эмоционалдық атмосфераны жіктейді (немесе ұжымдық көңіл-күй мен ұжымдық сезім). Д.же Ривер бойынша, эмоционалдық климат – қоғам мүшелерінің арасындағы эмоционалдық қатынастардың сипаттамасы, (олардың бір-біріне көмектесуге немесе көмектеспеуге деген бейімділіктері), ал эмоционалдық атмосфера ортақ құбылыс бойынша ортақ уайымдау.

Д.же Ривер уайымдаудың тұрақтылығына байланысты эмоционалдық климатты эмоционалдық атмосфера мен эмоционалдық мәдениеттен бөлу қажеттілігін айқындайды. Эмоционалдық климат эмоционалдық атмосферамен салыстырғанда тұрақтылығы жоғары, ал эмоционалдық мәдениеттен

төмен: эмоционалдық климат бір адамның өмірінде бірнеше рет өзгеруі мүмкін, ал эмоционалдық мәдениет өзгеріске ұшырауы үшін ұрпақтың ауысуы қажет [7].

Әлеуметтік көңіл-күйдің пәндік және нақтық көрінісіне құндылықтық бағыттар жатады, қоғамның қайта жаңғыруында адамның қатысу деңгейін сипаттайтын оның белгілі бір деңгейде материалдық жүзеге асырылуы. Қоғам құндылықтары мен тұлғаның құндылықтық бағыттарының әлеуметтік функциялары әлеуметтанулық ойлардың классиктері М. Вебер, Э. Дюркгейм, Т. Парсонс, П. Сорокин және т. б. еңбектерінде талданған.

М. Вебер бойынша, бұхараның пікірі мен көңіл-күйі әлеуметтік іс-әрекеттің негізгі сипаттамасы болып табылатын белгілі бір әлеуметтік-мәдени кангломератты қалыптастырады. М. Вебер еріксіз ойлау конструкциялардың ғылыми абстракцияларының орнын өзгертуге талпыныс жасады, ол тек жеке факторларды жүйелеу мен түсінудің құралы, ол арқылы тарихшы шынайылықты салыстырады. М. Вебер үшін қоғамдық көңіл-күй басқаға деген субъективті пікір мен бағытқа байланысты әлеуметтік іс-әрекеттердің құрылымын бейнелейді [8].

Э. Дюркгейм бойынша, кез келген қоғамның негізі қоғамдық маңызды, ұжымдық түсініктер деп атап өткен [9]. Қоғамдық дамудың негізгі құрамдас бөлігі халық тығыздығы және қауымдастықтардың даму жолдарын факторы ретінде қарастыра отырып ұжымдық сананы бөлген. Қоғамдық көңіл-күйді айқындайтын маңызды факторлардың бірі – әлеуметтік салиқалық. Қазіргі кезде салиқалық еңбек бөлінісіне, яғни өмірге қажетті заттарды достық серіктестік негізінде табуға негізделген және «органикалық» сипатта болады. Басқаша айтқанда, қоғамдық немесе ұжымдық көңіл-күй қоғамның дамуы мен гүлденуін қамтамасыз ететін адамдардың басын қосатын түрткі болады; осы мәнде көңіл-күй макроқұрылымның диалектикасының мәні болады. Дж. Фишер және К. Чон көзқарастары бойынша, «Э. Дюркгеймнің пікірі эмоциялар туралы әлеуметтанулық теорияларда негізгі рөлді атқарады және атқаруы керек».

Өзінің «Әлеуметтану әдістері» еңбегінде Э. Дюркгейм әлеуметтік факторларға «бір сәтті толқулардан», «көп адамдар-

дың жиналысындағы энтузиазм, жанашырлық, түсінбестіктен» бастап тәрбиелеу үрдісі барысында қалыптасатын «сезіну» әдістеріне дейін» кең ауқымды эмоционалдық құбылыстарды жатқызды [10].

«Өзін-өзі өлтіру» еңбегінде Э. Дюркгейм экономикалық конъектураның динамикасымен байланысты, әсіресе, агрессивтілікпен және апатиямен байланысты қоғамның кейбір эмоционалдық күйлерін сипаттап берген [11]. Өзінің кейінгі еңбектерінде «Діни өмірдің элементарлық бөлімдері» (1912) Э. Дюркгейм эмоцияларды «әлеуметтік желім» және қоғамдық эволюция кезінде әлеуметтік шынайлықты құрылымдаудың маңызды факторлардың бірі ретінде қарастыруға бейім еді.

Бихевиористік бағыттың жақтаушылары Б.Ф. Скиннер және Г. Маркузе бойынша, адам мінез-құлқының өзгеруі, тұлғаның ұстанымдарының өзгеруі, өзіндік құрмет сезімдерінің қалыптасуы, түрткілер, жауапкершілік сезімінің жоғарылауы, уайымшылдықтың төмендеуі өмір сапасын жетілдіруді қамтамасыз етеді, сондықтан да ол – әлеуметтік феномен.

Субъективті бағыттың өкілдері (К. Терюн, С. Маколл, П. Конверс, А. Кэмпбелл) бойынша субъектінің санасының күйі өмір сапасының көрсеткіші болып табылады. Аталған авторлар өмір сапасы түсінігін «бақыт» түсінігімен, жалпы өмірмен қанағаттанушылықпен сәйкестендіреді.

Дж. Ван Гиг көзқарасы бойынша, әл-ауқат күйі, тұлғаның әлеуметтік сезімі өмір сапасын айқындауда және өмірдің құқықтық, азаматтық аспектілерімен қанағаттанушылығын айқындауда маңызды рөл атқарады.

Осы контексте нақты қоғамда басымдылыққа ие әл-ауқат көрсеткіштерін материалдық қамтамасыздықпен сәйкестендіруге негізделетін, салыстырмалы кедейшілік концепциясын қарастыру маңызды.

Салыстырмалы кедейшілік концепциясының негізін салушы И. Таунсенд өзінің кедейшілікті талдау негізіне «тұлғаның, отбасының немесе топтың қауымдастық, толығымен ұлттың фонындағы көрінетін және дәлелденетін тиімсіз жағдайы» ретінде түсінілетін біздің сезінетін шеттеуліктермен, көпөлшемді депривацияны жатқызамыз. «Көпөлшемді депривация» терми-

нін П. Таунсенд тамақтану, киім, баспаналық шарттар, ұзақ уақыт қолданатын заттар, өмір сүру орны мен шарттары секілді көрсеткіштерден тұратын, жұмысбастылық, бос уақытты өткізу, білім секілді көрсеткіштерді қамтитын «материалдық депривация» жүйесі ретінде енгізген. Салыстырмалы кедейшілік сақталып отырады, себебі теңсіздік қазіргі қоғамның ажырамас бөлігі. Осылайша әлеуметтік көңіл-күй немесе қоғамдағы әл-ауқат индивидті қоғамның өзге мүшелерімен сәйкестендіруге және салыстыруға негізделеді [12].

Жоғарғы рационалдық интуиция немесе қоғамның «идеалистік» әмбебап жүйелері арқылы қоғамдық сананы түсіндіруді американдық әлеуметтанушы П.Сорокин ұсынды [13].

П. Сорокин пікірі бойынша, оның жеке көріністерінен асатын әлеуметтік-мәдени шынайылық шексіз әр түрлілігімен сипатталады: ол сезімдердің шынайылығын, рационалдық интеллектіні және жоғары рационалды интуицияны қамтиды.

Иррационалды, мистикалық бағыт осы мәселені логикалық механизм арқылы ашу мүмкінсіздігін қолдайды, қоғамдық көңіл-күй табиғатында мистикалық және жоғары жаратылыстанулық бастама жатыр.

Қоғамдық көңіл-күйді интерпретациялау рухани феномендердің, соның ішінде қоғамдық көңіл-күй, шексіз айналмасын сипаттайтын тарихи айналма теориялары шеңберінде қарастыру тән.

Әлеуметтануда және әлеуметтік психологияда көңіл-күйді талдау көбіне топ мінез-құлқын талдаумен байланысты. Адамдардың белгілі бір бұқаралық іс-әрекеттерін сипаттайтын эмоционалдық күйлерді талдау Г. Лебон, Г. Тард, З. Фрейд, К. Юнг, Х. Ортеги-и-Гасет, Л. Фриман, Н. Фуут, К. Харт, У. Липпман және т. б. еңбектерінде көрініс табады.

Мысалы, *Г. Лебон* бұқараның рухани бірлік заңдылығын қалыптастырған. Оның пікірі бойынша, бұқара – бейсаналы құбылыс. Индивидті оның саналы тұлғасы жоқ болатын күйге әр түрлі әдістер арқылы әкелуге болады. Ағымдағы бұқараның арасында белгілі бір уақыт болғаннан кейін, олардың әсерінен, идвивид гипноздалған тұлға күйіне дейін жетеді.

XIX ғасырдың аяғында *Г. Тард* өзінің «Әлеуметтік логика» еңбегінде қоғамның эмоционалдық атмосферасы феноменін

түсіну үшін маңызды бірнеше негізгі ойларды қалыптастырды. Негінен, «эмоционалдық (психологиялық және т. б.) атмосфера-сы/климат» терминін Г. Тард пайдаланған жоқ, көбіне сезімдердің әлеуметтік жүйесін пайдаланды. Эмоциялар мен көңіл-күй Г. Тард бойынша, қоғамның тұрақтылығы айқындалатын әлеуметтік бастамасының маңызды элементтерінің бірі.

Қоғамды қамтитын эмоциялар мен көңіл-күй өзара байланысты, сондықтан «ойлар мен сенімдердің әлеуметтік және индивидуалдық жүйелері, ынта мен қалаудың әлеуметтік және индивидуалдық жүйелеріне» сәйкес «сезімдердің әлеуметтік жүйесін» қалыптастырады. Жеке сезімдердің арасындағы байланыс жүйелігі Г. Тард пікірінше, белгілі бір құбылыстың құндылығы мойындалатын не басқа да сезімдердің (мысалы: біреудің мақтанышы, біреудің қызғанышы және т. б.) себепкері болатын қоғамда ортақ құндылықтақ парадигма бар.

«Сезімдердің әлеуметтік жүйесі» қоғамның және сәйкес әлеуметтік құрылымдардың өзгеруі мен күрделенуіне байланысты құндылық және мазмұндық жағынан өзгеруі мүмкін. «Сезімдердің әлеуметтік жүйесінің» өзгерістері, өз кезегінде қоғамдық дамудың міндетті шарты болып табылады. Қоғамда эмоционалдық атмосфераның құрылымдық өзгеруіне (симпатия мен антипатия балансының өзгеруі және т.б.) әкелетін факторлар болады. Мұндай факторларға саяси толқулар мен саяси сайлау науқандары жатады. Сонымен қатар, қоғамда «әлеуметтік жүректің» «реттеушілік» рөлін атқаратын факторлар болады. «Реттеушілер» жеке индивидтер мен топтардың көңіл-күйлерін синхронизациялануын қамтамасыз етеді. Мұндай «реттеушілерге» Г. Тард белгілі бір уақыт аралығында өмір сүретін харизматикалық көшбасшыларды (діннің негізін салушыларды, апостолдар, реформашылдарды), кезекті қоғамдық іс-шараларды және т. б. жатқызады Г. Тард теориясының негізгі түсініктерінің бірі – жұғушылық, көңіл-күйдің бір әлеуметтік топтан екіншісіне берілуі [14].

Г. Лебон мен Г. Тард теорияларын талдай отырып, психологиялық ғылымдардың докторы *Н.Е. Симонович* мынадай қорытындыға келеді: қоғамдық көңіл-күй белгілі бір сипаттамаға ие болады. Бұл топта ерекше көрінетін индивидтердің руха-

ни біртұтастығы (Г.Лебон), немесе белгілі бір мінез-құлықты жұқтыру механизмі болуы мүмкін (Г.Тард).

Әлеуметтік көңіл-күйді оның жалпы психологиялық негіздерінсіз, оның генезисінің, қызмет етуінің және дамуын негізгі заңдылықтарын есептемей әлеуметтанулық қарастыру мүмкін емес. Осы мәнде зерттеу үшін *Ч. Кули, Дж. Мид, Р. Линтон рөлдік теориясы мен Т. Парсонс пен Р. Мертонның функционализм теориялары* ерекше құндылық. Ғалымдардың ғылыми жұмыстарыне негізделе отырып, индивидтің әлеуметтік сезімдері оның өмір сүру кезінде берілген рөлдерді қандай деңгейде меңгеруіне, бір рөлден екіншісіне ауысу дайындығына тәуелді деп айтуға болады. Егер рөлді меңгеру үрдісі белгілі бір қиындықтармен жүзеге асырылған болса, рөлдік қысым қалыптасады, ол адекватты емес рөлдік дайындықпен, осы рөлді орындау кезінде туындайтын рөлдік қақтығыспен және сәтсіздіктермен күшейе түседі.

Л. Уорд – американдық әлеуметтанудағы психологиялық эволюционизмнің негізін салушы, оның пікірі бойынша, әлеуметтану негіздеріне психология қағидалары енгізілуі керек. Қоғамдық өмірдің психологиялық механизмдерін талдауға ол өзінің негізгі ғылыми еңбектерін арнаған. Ол оларды «табиғи» прогресс (эволюцияның жалпы заңдылықтарының жүзеге асырылуы) және «жасанды» (адамдардың белсенді іс-әрекеті) деп екіге бөледі.

Л. Уорд ең алдымен, қоғамды қозғалысқа келтіретін қоғам дамуының субъективті, белсенді жақтарына ерекше қызығушылық білдіреді. Қоғамдық өмірдің негізгі факторы ретінде *Л. Уорд* адамдардың қалауын қарастырды (аштық, сексуалдық қызығушылықтар), олардың негізінде күрделі қажеттіліктер қалыптасады: интеллектуалдық, адамгершілік, эстетикалық. Қоғамдық өмірде сонымен қатар, саяси өмірде маңызды рөлді ақыл емес, эмоциялар атқарады. *Л. Уорд* сезімдері күшті болған адамдар тарих қозғалысына елеулі әсер етеді деп есептеген.

Осылайша «әлеуметтік көңіл-күй» ғылыми термин ретінде алуан түрлі бағыттағы ғалымдармен белсенді түрде XIX ғасырдың аяғынан XX ғасыр бойы зерттелініп келе жатыр және XXI

ғасырда да жалғасады, себебі, әлеуметтік көңіл-күйдің құрылымы мен топтамасымен байланысты көптеген мәселелер пікірталас туғызады және анық болмайды. Осы түсініктің күрделілігі, талдаудың қалыптасқан теориялық-әдістемелік негіздерінің жоқтығы, әлеуметтік көңіл-күй мониторингісі мен айқындаудың құрал-саймандардың жетілмегендігі концептуалдық жаңа жүйелік негіздердің тереңдігін қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде әлеуметтану әлеуметтік көңіл-күйді түсінудің өзіндік бағытын қалыптастырады. Бұл категория – қазіргі әлеуметтанудың ажырымас бөлігі. Осы әлеуметтік құбылыстың көп жақтылығы оның әлеуметтанудағы көп анықтамалығына негіз болады.

- Әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық бағыттардың біртұтастығына ерекше мән беріледі;

- Тұлғаның және әлеуметтік топтың өмір шарттарына деген тұрақты эмоционалдық-психологиялық жауап қайтаруы. Осы кезде субъектінің белсенділігі, оның өзіндік актуализациялануы, оның әлеуметтік үрдістерге ену сипаттамасы айқындалады,

- Әлеуметтік субъектілердің өзіндік мүмкіншіліктерін бағалау және өмірінің әр түрлі аспектілерімен қанағаттану деңгейінің арасындағы өзара байланыстың интегралдық сипаттамасы.

«Әлеуметтік көңіл-күй» түсінігінің эмпирикалық интерпретациясы әлеуметтік көңіл-күй деңгейін, сипаттамасын талдауға және бағалауға мүмкіндік беретін нақты индикаторларға, көрсеткіштерге шығуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік көңіл-күйдің индикаторы ретінде өмірдің әр түрлі аспектілерімен қанағаттану/қанағаттанбаушылық деңгейі, ертеңгі күнге деген сенімділік/сенімсіздік, уайымдататын маңызды мәселелер, экономикалық және саяси реформалардың әлеуметтік маңыздылығы туралы бағалау, саяси құрылымдарға қатынас.

Қазақстанда 2004 жылдан бастап отандық социологиялық ғылымда және саяси алаңда әлеуметтік көңіл-күй категориясы қоғамдық-саяси жағдайдың интерпретациясы ретінде бекітіледі. Әлеуметтік көңіл-күй, таңдаулар мен түсініктердің құрылымының және факторлардың негіздемелері қалыптаса басталады. Қазақстанда қоғамдық көңіл-күй мен қоғамдық рух феноминологиясына қызығушылық қалыптаса бастайды.

Осылайша, әлеуметтік көңіл-күй түсінігі психологияға жақын, тіпті медицинаға және әлеуметтік медицинаға жақын. Әлеуметтік көңіл-күй – социологиялық диагноз қойылатын нақты индикаторлар негізінде өлшенетін белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғамдық ағзаның күйі.

Американдық әлеуметтанушы *Л. Уорд* «Тарихтағы барлық елеулі қозғалыстардың қозғаушы күші күшті сезімдер, тек ақылмен адамдардың көп бөлігін көтеру мүкін емес», – деп жазған.

Әдебиеттер

1. *Яковлев С.П.* Общественное настроение как объект изучения социологии духовной жизни: Дис... канд. социол. наук. – Тамбов, 2004. – 169 с.
2. *Аквинский Ф.* Доказательство бытия Бога в «Сумме против язычников» и «Сумме теологии». – М.:ИФРЛН, 2000. – 531с.
3. *Гайденко П.П.* Эволюция понятия науки (формирование научных программ нового времени XVII–XVIII вв.). – М.: Наука, 1987. – 447 с.
4. *Гоббс Т.* Человеческая природа / Гоббс Т. Соч. в 2-х т. – Т. 1. – М.: Мысль, 1991. – 622 с.
5. *Левин К.* Разрешение социальных конфликтов. – СПб.: речь, 2000. – 408 с.
6. *Урнов В.Ю.* Эмоции в политическом поведении. – М.: Аспект Пресс, 2008. – 240 с.
7. *Rivera de, J., Paez, D.* Emotional Climate: Social structure and emotional dynamics // International review of studies on emotion / Ed.by K.T. Strongman. – John Wiley & Sons Ltd. – 1992. – Vol. 2. – P. 197–218.
8. *Вебер М.* Избранное. Образ общества / Пер. с нем.; отв.ред. и сост. Я.М. Бергер [и др.]. – М.: Юрист, 1994. – С. 309–439.
9. *Дюркгейм Э.* Социология. Ее предмет, метод и предназначение. – М.: Канон, 1995. – 352 с.
10. *Дюркгейм Э.* О разделении общественного труда. Метод социологии / Пер. с франц. и послесловие А.Б. Гофмана. – М.: Наука, 1990. – 575 с.
11. *Дюркгейм Э.* Самоубийство: Социологический этюд / Под. ред. В.А. Базарова. – М.: Мысль, 1994. – 399 с.
12. *Townsend P.* Poverty in the United Kingdom: a survey of household resources and standards of living. – Harmondsworth: Penguin Books, 1979. – 245 p.

13. *Sorokin P.* Society culture and personality. Their structure and dynamics: A system of general sociology. – N.Y.: Cooper Square Publishers, 1962. – 742 p.

14. *Тард Г.* Социальная логика. – СПб: Социально-психологический центр, 1996. – 410 с.

Түйін

Мақалада элеуметтік көңіл-күй категориясына байланысты социологиялық тұжырымдамалар хронологиялық деңгейде талданған. Олардың негізгі мазмұны айқындалды және өзара салыстыру жүргізілді. Өмір сапасының субъективті индикаторы ретінде халықтың элеуметтік көңіл-күйіне әсер ететін негізгі факторлар айқындалды.

Резюме

В статье в хронологическом порядке анализируются социологические концепции социального самочувствия населения. Раскрывается их суть и проводится сравнительный анализ концепций социологов. А также определяются факторы, влияющие на социальное самочувствие населения.

Summary

In the article in a chronological order sociological concepts of social well-being of the population are analyzed. Their essence is revealed and held comparative analysis of concepts of sociologists. And also factors the population influencing social well-being are defined.

ҰЛТ ЗИЯЛАРЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ЖАСТАР

Б. Әди,

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің 2-курс магистранты*

Қазіргі тандағы еліміз тәуелсіздігінің нығаюының басты бір шарты – мәдени, рухани саламыздың өркендеуі мен дамуы болып табылады. Этномәдениеттің маңызды бір саласы болып табылатын бейнелеу өнерінің тарихи тамырлары зерделеніп, оның ұлттық рух шеңберінде дамуы үшін терең астарлы мәдени философиялық көркем шығармалардың тууы, көрерменіне айтар тағылымы мен көзқарастарын анықтау, зерттеуді талап етері шындық. Қазіргі заманғы жаһандану үрдісі тұрғысынан карағанда ұлттық құндылықтарымызбен, ұлттық өнер туындыларын тарихи-әлеуметтік тұрғыда қайта жаңғырту жастардың рухани-мәдени дамуы үшін қажет.

Қазақ бейнелеу өнерінде дара тұлға атанған айтулы сыршыл суретші, реалистік мектептің дәстүрін жалғастырушы Жұмақын Қайранбаевтың алар орны ерекше. Өнерде өзіндік қолтаңбасымен дараланған қылқалам иесі өмірді, дүниені түс бояулар арқылы қабылдап өз ой сезімін, толғаныстарды бояулар тілімен жеткізген шебер. Бойында табиғат берген таланты бар Жұмақын мектеп бітіргеннен кейін, осы өнердің әліппесін танып, жазу сауатын меңгеру үшін, Алматыдағы Көркемсурет училищесіне келіп оқуға түседі. Өз мамандығының қырымен сырын жетік білу үшін күні-түні еңбек пен талантын шындай отырып, өнердің биік шыңдарынан көрінеді.

Тәуелсіздік жылдарындағы пейзаж жанрының қалыптасуы мен оның зерттелуі көңіл аударарлық жайт. Себебі бұл күнде көп жас суретшілердің батыс авангартына еліктеп, кәсіби шеберлікке мән берілмеуінен, көрерменді тұщымсыз туындыларымен жалықтыруда. Әрбір суретшінің қалыптасқан өзіндік стильмен бағытына байланысты туындылары айырықша танымдық сипатқа ие.

Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихы өзінің ғасырға жетер-жетпес уақыт аралығында орын алған біршама оқиғаларымен сипатталды. «Қазақстанның кәсіби бейнелеу өнерінің тарихы ұлы «Октябрь революциясынан кейін басталады» деген тұжырымда аталған уақыт өлшеміне сай келеді. Осыдан келе, Қазақстан бейнелеу өнері басқа елдермен салыстырғанда жас өнер екенін байқауға болады. Сондықтан да оның толық зерттелмеген, теориялық және практикалық негіздерінде игерілмеген тың проблемалары баршылық. Жаңа заманда ғылыми-техникалық прогресс негізінде пайда болған жетістіктер күнделікті үйреншікті қалыпқа енген шақта, ата-бабаларымыз тудырған байырғы халықтық дәстүрлі мәдениетке, соның ішінде қол өнерге, сәулет, ою-өрнекке деген көзқарасымыз өзгерді. Көнеден қалыптасқан ой пікірімізді, санамызды, өзгерткен жаңа заман өзінің әлеуметтік, мәдени өмірінде жаңа құндылықтардың пайда болуымен ерекшеленді. Әлемдік мәдениетпен тығыз байланысқан біздің дәстүрлі өнер басқаша формада түрленіп, жаңаша қалыпқа ие болды. Соның ішінде бейнелеу өнері мен халықтық дәстүрлі өнер өзара тоғысу мен өзара ықпал әсерінің негізінде дамып отырды. Бейнелеу өнерінде халықтық, ұлттық негіздер тақырып, сюжет, колорит, пластика, кеңістік және архитектуроналық шешім көріністерінде орын алды.

Қазақстан Республикасы егемен ел болғанша жетпіс бес жыл аралығында әр кезеңді бастан өткерген еліміздің бейнелеу өнері бүгінде алды. Кәсіби кескіндеме мектебін қалыптастыруда еңбек еткен суретшілердің көш басында Ә. Қастеев тұрса, одан кейінгі буын суретшілердің қатарында Қ. Телжанов, М. Кенбаев, С. Мәмбеев, С. Айтбаев, Ж. Шарденов, Л. Леонтьев, Н. Нұрмұхаммедов, А. Ғалымбаева, Г. Ысмайлова т. б. суретшілер болды. Жалпы, Қастеевке дейінгі қазақ суретшілері мен онымен бірге замандас болған суретшілердің де белсенділігін айта кеткен жөн болар. XIX ғасырда аққан жұлдыздай қазақ көгінде жарқ етіп өткен ғұлама ғалым Шоқан Уәлихановтың бізге жеткен графикалық және акварельдік суреттерінен-ақ ғалымның қазақ бейнелеу өнерінің фундаментальді тұлғаларының бірі деуге болады. Шоқанның інісі Мақы Уәлиханов та кәсіби суретшілікпен айналысқан деген тұжырым бар. Бертін келе, Ә. Қастеевпен замандас болған О. Таңсықбаев, Ә. Ысмайлов, ағайынды Қожы-

ковтардың да отандық бейнелеу өнерінде алатын орнын ерекше атап өтуге тұрарлық.

Бүгінгі күнге дейін кәсіби бейнелеу мектебінің негізін қалауда еңбек етіп жатқан отандық шеберлер алдыңғы буын ағалардың салып кеткен ізін жалғастырып, жаңаша құндылықтарды игеру жолында өзіндік көзқарастар қалыптастырып келеді. 1990 жылдардың басынан бастап әр суретші өнердегі өз бағытын анықтағандай болды. Себебі, суретшілер өздерінің көркем іс-тәжірибесіне, машықтылығына, біліміне, дарындылығына, рационалды не иррационалды ойлау қабілетіне орай, яғни, өздерінің табиғи бейімділігіне байланысты реалистік не авангардистік шығармаларын жаза бастады. Көркем өнер мен мифологияға, фольклорға бай халқымыздың мәдени мұрасы, философиялық ой-санасы, дүниетанымдық түсініктері суретшілер үшін әрі тың, әрі сарқылмас мол қазына еді» [1, 65, 66 бб.]. Осыдан келе, Кеңестік кескіндеме өнерінің әсерімен қалыптасқан Қазақстандық кескіндеме өнері аталмыш ұлттық құндылықтардан, және ұлттық тамырдан айырыла қоймағанын байқауға болады. Республикамыздың мәдени өміріне түбегейлі әсер еткен «еуропалық классикалық реализм» негіздері ұлтымыздың рухани, әрі мәдени тыныс тіршілігіне етене сіңіп кеткеннің өзінде тамырымыздан ажырата қойған жоқ.

Уақыт пен қоғам арнасында зулап өткен өмір белестерін саралай келе, отандық суретшілерді үш буынға бөліп, олардың білімдік деңгейлерін салыстырып көрейік. Бірінші, жоғарғы сатыдағы буын өкілдері, яғни қазақ бейнелеу өнерінің ақсақалдары мен ардагерлері. Олардың 70% 1960–80 жылдар аралығында Мәскеу мен Ленинградта оқығандар. Екінші, ортаңғы сатыдағы буын өкілдері. Олардың да 40% ғана жоғарыда аталған шаһарларда білім алғандар қатарында. Ал үшінші, төменгі сатыдағы буын өкілдері, яғни 1995–2008 жылдары білім алып шыққан бүгінгі жастар. Бұлардың 5% ғана Мәскеу мен Санкт-Петербургда, немесе өзге шетел мемлекеттерінде өз қаражатына оқып жатқандар, қалғандары отанында білім алып жүргендер. Алдыңғы екі буынның арасында аса көп айырмашылық байқалмайды. Ал, соңғы буын өкілдері жаңа заманға қадам басқан жас буын өкілдері.

Ж. Қайрамбаев Кеңес Одағы тарамай тұрып, білімін өзге елде шыңдаған суретшілердің бірі болды. Европаның дәл іргесінде батыстық мәдениетті санасына сіңіріп келген суретші өзінің табиғи болмысын жоғалтпай, екі жақтың синтезін өз шығармашылығында көрсете білді. Отыз жылға жуық ұстаздың қызметті шығармашылығымен ұштастырып жүрген Жұмақын Қайрамбаев бүгінгі буын өкілдерінің аяқ алысынан хабардар, олардың көпшілігінің шығармашылық жолымен жете таныс. Ұстаз өнерінен сусындаған шәкірттердің әрқайсысының салып келе жатқан өзінше іздері бар, өзгелердің жолын қайталамайтын бағыттары бар. Талай жылдар шәкірт тәрбиелеуде, сурет заңдылықтарын жете меңгерген кәсіби мамандарды даярлауда суретші-ұстаздың сіңірген еңбегі зор. Өміріндегі қызметінің бір қыры-ол өз тірлігінің 27 жылын оқытушылық жұмысқа арнайды. Т.Жүргенов атындағы Ұлттық Өнер академиясында ұстаздық етіп келеді. Ленинград институтын бітіре салысымен бірден оқытушылық жолға түседі.

Бүгіндері халқымыздың көптеген тарихи тұлғаларының қайта оралуы суретшілерді де бей жай қалдырған жоқ. Суретшінің «Абылай» «Кенесары», «Райымбек батыр», «Менің Абылайым» атты қазақ ардақтыларының портрет плакаттарын жасады. Автордың шығармашылығында көркемдік тілінің ерекшелігіне тоқталмай кетпеуге болмайды. Кескіндеме өнерінің, «Тілсіз тілі-түстер» бояулардың өзара қатынасы. Жұмақын туындыларында тақырыпты бейнелеу ақ пен қара, жасыл мен қызыл, көкпен қызғылт, күлгін мен сары сияқты қарама қарсы түстердің қайшылығына құрылып, ақ пен көленкенің қарсылығы арқылы шешіледі пасторальдық тақырыптағы еңбектерінде бұл әдіс кейде сюжеттің ішкі мәніне онша келісім таппай жатқанын кездеседі.

Еуропа мен орыс өнерінің әдістерін ұлттық сипатпен ұштастыра білген суретші өз шығармашылығын өткен ғасырдың соңғы жиырма жылдығында қалыптастырса да, күні бүгінге дейін оны жаңаша тәсілдермен дамыту үстінде. Туындылары өзіндік орындалу тәсілімен ерекшеленеді. Көркем бағыттарда өзін жан-жақты сынап көрген суретші қалыптасқан қолтаңбасын өзгертпей, шығармашылық жолында шеберлігін шыңдап жүр. Суретші туындыларындағы тақырыбы, сюжет-

тік көрінісіндегі мән мағынасы мен көркемдік идеясы өзгеше үн катып, басқа қылқалам шеберлерінің туындыларынан дараланып тұрады. Бейнелеу өнерінің барлық жанрында қылқаламымен бейнелеп жүрген Жұмақын Қайрамбаев портрет, пейзаж, жануарлар дүниесін және тұрмыстық жанра болсын өзіндік ұлттық накышын, өзіне тән түстік ерекшелігін сақтайды. Ұлттық әуен шебердің творчествосында өзекті мәселеге айнала отырып, көрерменге суретшінің тілімен үндеседі. Оның туындыларының басым бөлігінен терең философияны байқауға болады. «Шығармаларының сыртқы көрінісі сюжетінің қарапайымдылығымен, нәзіктігімен ерекшеленсе, ішкі құрылымы терең философиялық мазмұнға негізделген» [2, 8 б.]. Суретшінің дүниеге көзқарасы мен өмір жайлы ой- пікірі сұлулыққа деген құмарлықпен астасып жатады. Ж. Қайрамбаев бір сөзінде: «Алғаш сурет сала бастаған кезден мен әр нәрсені анық мағына ретінде ғана емес, әсемдіктің, сұлулықтық бір көрінісі ретінде қабылдап, мәнін ашуға тырыстым»[3,101] деген еді. Сұлулықтың мәнін, әсемдіктің көрінісін өзіндік сезім түйсігімен ашуға тырысқан суретші шығармашылығына осы түсінікті арқау ете отырып, жан-жақты көрсете білуге тырысады.

Суретшінің өзіндік қолтаңбасымен жазылған реалистік бағыттағы картиналарын қарастыра отырып, суретшінің көздеген ортақ бір мүддесін байқауға болады. Ол – Тылсым табиғат әлемінің өзіндік сырларымен шынайы болымысын кенеп бетінде суреттеуде автордың ерекшеліктің болғандығынан болар, суретші батысқа көп еліктемей, қонеден жеткен бабалардың асыл құндылықтарын атаумен келеді. Ж. Қайрамбаев шығармашылығында жан-жақтылық басым. Себебі, бір ғана ағыспен жүзу суретші табиғатына жат болғандықтан, туындыларындағы тақырыпты өмірдің түрлі тіршілігіне арнайды. Шығармашылығының даму кезеңі егемендік алған жылдарға сәйкес келгендіктен, ұлттық идеология негіздерінде орындалған туындыларының бір бөлігі тарихи тұлғаларды сомдауға арналды. Табиғат пен адам арасындағы тығыз байланыс Ж. Қайрамбаев шығармаларында көшпелі елдің сана-сымен сабақтасып жатады. Өйткені, туындылардың басым

көпшілігінде орын алған төрт түлік мал мен жануарлардың бейнелері табиғат пен адам өмірінің ортақ бөлігі ретінде сипатқа ие болды. «Аллегорияда», «Жаңбыр астындағы екеу» мен «Екеу-2 де» бұқа бейнеленсе, «Пастораль», «Құрбан айт» сияқты туындыларда қойлардың кескіні көрінеді. «Пастораль XVIII-ғ. Француз өнерінде мал бағушылар өмірін әдемілік арқылы көрсететін өнер жанры. Суретші еңбектерінде де осы әдіс көрініс табады. Туындылар – мал мен табиғат, адам арасындағы жарасымдылықты, ішкі үйлесімділікті паш етеді. Бұл шопандар өмірінің қиындығы, ауырлығын білмегендік емес. Жұмақын жас кезінде малшы әкесіне көмектесе жүріп, бұл кәсіптің бейнетінің арғы жағында жатқан, тереңінде жасырылған адам, жануар, табиғат арасындағы үйлесімнің ішкі әсемдігіне тәнті болатын» [4, 133 б.].

Ж. Қайрамбаев туындыларының басым бөлігінде жылқы жануарының бейнеленуі суретшінің аталмыш жануарға деген сүйіспеншілігінен ғана туындамаса керек. «Құдай тағаладан онсыз да сұлу жаралған қыл құйрық жануар – суретші шығармасына әсем басып кіреді. Жылқы малының сырын жетік білген суретші өзін бейнелеу өнеріндегі атбегі ретінде санап, жануарды қылқаламымен баптайды. Жеті қазынаның бірі – жылқы суретшінің туындыларындағы орны ерекше. «Табын», «Күн тұтылғанда», «Шеру», «Хан тәңірі» картиналарды эпикалық сарындарға толы. Киелі жануардың кескінін байқалады. Автор бұл шығармаларындағы жылқылардың бойынан буырқанған қайсар мінез бен еркіндік күші сезіледі. Бұл өмірдің күйбелең тіршілігінен тәуелсіз болған жануарды бейнесі.

Қайрамбаев шығармашылығында өзіне ғана тән стильдердің бірі, шектеулі түсті пайдалана отырып, композиция құрлымын түстердің айрықша әсері арқылы жіктеу. Осы туындыларының ішінде «Іңір» атты шығармада, кең дала төсіндегі жалғыз киіз үй орналасқан табиғатта тыныштық күй анық сезіледі. Киіз үй көшпенді халқымыздың баспанасы, ұлттық мүліктеріміздің бірі, бүгінгі күні ұлттық жәдігерге айналған мұраны, суретші түстердің кереғарлығы арқылы айшықтайды. Автор табиғаттың сыры мен құпиясын дәл осы

картинаға сиғызғандай. Күн батып тіршіліктің абыр сабыр күйі басылған тыныштық сәті.

Кеңістіктегі күнгірт аспан әлемі бұлттарды тербеп, өз құшағына алған. Киіз үйден будақтаған түтін көкке көтеріліп, көкжиекпен тілдесіп жатыр. Ол осы үйдегі тіршіліктен хабар берсе керек. Композиция құрлымында көкжиек сызықтары қайталанады, бірақ оны бір ғана будақтаған түтіндегі вертикал сызығы кесіп өтеді. Бұл сызық туындыдағы тыныштыққа жан бітіріп, қозғалыс берері сөзсіз.

Табиғи дарынын кәсіби білімімен ұштастырып, оларды жүрек лүпіліне бағындыра білген суретші өз шығармаларын сыртқы әсемдікпен сұлулыққа бағыттап, ішкі мазмұнын философиялық астармен жеткізеді. Ең бастысы, суретші шыққан тегін, халқының ғасырлар бойы жинақталған асыл мұраларын, кең даланың жаңғырған үнін өз туындыларымен көрермен көңіліне ұялата алды. Өзіндік қалыптасқан техникасы мен түстік ерекшелігі арқылы туындыларын өзге қылқалам шеберлерінің шығармаларынан өзгешелендіріп тұратын «Іңір», «Даладағы жаңбыр», «Күміс жаңбыр» еңбектері өз ұлтына жақын дүниені өмірге әкеледі. Өзінің үзілмей жалғасып келе жатқан творчестволық ғұмырында отандық бейнелеу өнерінің келбетін қалыптастыруда атқарылатын ісін жалғастырып келе жатқан өнер иесінің өзінің кәсіби білікті еңбегімен ел мәдениетін, отандық жастардың мәдени-адамгершілік тәрбиесіне қосар үлесі әлі алда.

Әдебиеттер

1. *Байжігітов Б.К.* Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері. Кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері. – Алматы, «Өлке», 1998. – 65–66 бб.
2. *Қайрамбаев Ж.Қ.* Альбом. – Алматы, «Өнер», 2008. – 8 б.
3. Мастера изобразительного искусства Казахстана // Сборник научных статей. 4-выпуск. – Алматы, «Жибек жолы», 2009. – 101 б.
4. *Болатбаев Қ.К.* Көкжиек және кеңістік. – Алматы, «Алматы баспа үйі», 2008. – 133 б.

Түйін

Мақалада қазіргі заманғы жаһандану үдерістердің ауқымында ұлттық құндылықтарымызбен, ұлттық өнер туындыларын тарихи-әлеуметтік тұрғыда қайта жаңғырту мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, ұлт зиялыларының бейнелеу өнерін ұлттық мәдениет шеңберде қарастыру жастардың рухани-мәдени дамуына әсері мәселесіне де көңіл бөлінген.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы модернизации национальных ценностей, произведений национального искусства в рамках современных глобальных процессов в историко-социальном контексте. В то же время, уделено внимание вопросам влияния на духовно-культурное развитие молодежи – в исследованиях изобразительного искусства представителями национальной интеллигенции.

Summary

The article deals with the problems of modernization of national values, the work of national art in contemporary global processes in historical and social context. At the same time, attention is paid to the impact on the spiritual and cultural development of young people study fine arts the national intelligentsia.

ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Қ.Е. Юсупов,

*Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
«Әлеуметтану және саясаттану» кафедрасының оқытушысы,
әлеуметтану магистрі*

XXI-ғасырда индустриалды-инновациялық даму Қазақстанның басты бағыттарының біріне айналып отыр. Мұндай жолды таңдау, мыңжылдық тоғысуында жас мемлекеттің алдынан шығып отыр. 90-шы жылдары экономикалық және әлеуметтік дағдарыстан сәтті өткеннен соң, (әсіресе посткеңестік елдермен салыстырғанда) Қазақстан қоғамдық және экономикалық өмірінің барлық салаларында түбегейлі реформалар жасалды. Әлемдік тәжірибені есепке ала отырып нарықтық экономиканы құруға жағдайлар жасалынды, елде меншік иелерінің класы пайда болып, орта және шағын бизнес дамыды. Осы жасалынған реформалардың арқасында ел экономикасы динамикалық қарқынмен дамып отырды.

Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы 2012–2013 жылдарға арналған есебінің қорытындылары бойынша Қазақстан әлемнің 144 елі ішінде 51 орынды алып отыр, бұл өткен жылғы позициядан 21 тармаққа жоғары болып табылады [1, 1 б.].

Бірақта сарапшылар ғана емес, сонымен бірге биліктің өзі де бұл байқалып отырған қарқынды өсім елдің экономикасында сапалы өзгерістерге байланысты емес, көбінесе әлемдік шикізат нарығындағы бағаның жоғары болуымен байланыстырылды. Ал, бұл өз кезегінде экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етпейтіні белгілі. Міне, соған байланысты Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның дағдарыстан кейінгі дамуының жана принциптерін ұсынып, индустриалды-инновациялық даму бағытын алға тартып отыр: «Барлық мемлекеттер өткен ғасырдың басында индустрияландырудан өтті, Қазақстанда ол 30-шы жылдары болды. Бірақ мұндай индустриализация бізге жарамайды, біз

инновациялық индустриализация туралы айтып отырмыз және ол бүгінгі күнгі әлемдік экономиканың тәртібіне сәйкес келуі керек» [2, 60 б.].

Бастапқыда инновациялық даму мәселелері 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспарда, содан кейін 2003–2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясында, Қазақстан Республикасының ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005–2015 жылдарға арналған бағдарламада көрініс тапты. Инновациялық қызметті құқықтық реттеу 2006 жылы «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңның қабылдауынан бастау алды.

Соған байланысты, индустриалды-инновациялық саясат пен оның негізгі құрамдас бөліктерінің сараптамалық бағасы өте маңызды болып отыр. Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму стратегиясының әлеуметтік аспектісін сараптамалық бағалауды зерттеу барысында, анкеталық сауалнама мен терең сұхбат алынды. Зерттеу барысында барлығы 33 сарапшы сұралып, оның 25 анкеталық сауалнама алынып, 8 адаммен жеке сұхбаттастық. Сарапшылар ретінде саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, мемлекеттік орган жетекшілері, журналисттер мен қоғам қайраткерлері инновациялық мәселелермен айналысатын мамандар қатынасты. Сарапшыларды таңдауда басты критерилер ретінде, олардың индустриалды-инновациялық даму мәселесіне қатысы бар, осы тақырыпқа байланысты зерттеу тәжірибесі немесе инновациялық қызмет секторында тікелей жұмыс жасайтын адамдар тартылды. Ендіге жерде біз, сарапшылардың индустриалды-инновациялық даму түсінігі мен рөлі туралы көзқарастарын қарастырамыз.

Сарапшылардың пікірлері бойынша, кең мағынада индустриалды-инновациялық даму – бұл экономикалық жүйенің жедел түрде дамуы, ғылыми білімдерді инновацияларға және өндірістік қызметке айналдыру процесі. Оның ажырамас бөліктері ретінде сарапшылар жаңа технологиялық құралдарды енгізу, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жою, инновациялық қызметті ынталандыру, алдыңғы қатарлы технологиялар мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуді атап отыр. Яғни, бұл ең алдымен мемлекеттің және оның институттарының жан-жақты экономикалық жүйесінің модернизациясына бағыттал-

ған іс-шаралар кешені. «Индустриалды-инновациялық даму» терминінің өзі арнайы түсіндіруді талап етеді. Сарапшылар көрсетіп отырғанындай, дамудың индустриалды кезеңінен Қазақстан кеңестік кезеңде өтіп қойған. Сондықтан, индустриалдық пен индустриалды-инновациялық дамуды нақты түрде өзара арасын ажыратып алу керек. Егер алғашқысы экономикалық жүйенің кәсіптік және өндірістік негіздерін қалыптастыру процесін білдірсе, екіншісі сол қалыптасқан өндірістік-кәсіптік базаны жақсарту, оны жаңа жағдайларға байланысты қайта құрылымдау дегенді білдіреді. Кейбір сарапшылар инновация түсінігін экономикалық шеңберден шығарып, оны адамгершілік-мінез-құлықтық құрамдас бөлігін алғашқы орынға шығарып жібереді. Яғни, бұл мағынада инновация ішкі өзгерістерді білдіріп, уақыт қажеттілігіне байланысты адамдар санасының «реформасын» көрсетеді.

Келесі міндет, ол инновациялық даму шеңберінде шешуді талап ететін – әлемдік экономикалық дағдарыстың салдарынан тиімді өту. Әлемдік дағдарыс айқын түрде көрсеткеніндей, мемлекеттің барлық экономикалық құрылғыларының әлсіз жақтарына әсер етеді. Бұл тек қана өңдеуші салалардың дамымағандығы мен экономиканың шикізаттық бағыттылығы емес, ол сонымен бірге экономиканың бөлек секторларының әлсіздігінен. Дағдарыс жағдайында, алып сатарлық капитал негізінде өскен экономикалық «көпіршіктер» жарылғанда, жаңа нарықтар мен инновациялық өнімдерді іздеу қажеттілігі туындайды.

Үшіншіден, маңызды мәселелердің бірі, инновациялық дамудың байланысты – бұл адам капиталының сапасын көтеру. Жаңа индустриалды-инновациялық саясат шеңберінде жоғары кәсіби білікті мамандар класын қалыптастыру жоспарлануда, ол өз кезегінде елде заманауи өнеркәсіп орындарын ашуға, жоғары қосымша құны бар өнім өндіруге және өндірістен қол үзбей ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндіктер ашылады. Ол үшін елімізде білім беру саласын қаржыландыру көлемі ұлғайтылуда, студенттерді шетелде тәжірибеден өткізу жүйесі белсенді түрде жүргізілуде, орта кәсіби білімі бар мамандарды даярлау мәселесі қарастырылуда. Соған байланысты, индустриалды-инновациялық экономикаға өту сарапшылардың бағасы бойынша дамудың қалыпты кезеңі ғана емес, ол сонымен

бірге Қазақстан мемлекеті үшін таңдаусыз жол және өз кезегінде таяу жылдарда Азия елдерінің, сонан соң әлемнің мейлінше бәсекеге қабілетті ел ретінде ортаға шығуды мақсат қойып отыр. Осыдан келіп біз, Қазақстан қоғамының инновациялық даму деңгейінің ағымдық бағасына тоқталамыз.

Бізге белгілі, инновацияларды енгізу – үлкен еңбекті қажет ететін процесс және тек қана мемлекеттік институттардың күшін ғана емес, сонымен қатар кең түрде қоғамның белсенді қатынасуын да талап етеді. Ақиқатында атқарылып жатқан шараларға қарамастан, Қазақстанда инновацияларды енгізу деңгейі салыстырмалы төменгі деңгейде қалып отыр. Сарапшылардың елдің әлеуметтік және экономикалық өмірінің түрлі секторларында инновацияларды енгізу дәрежесін қалай бағалап отырғанын қарастырып көрейік. Бағалау үшін барлығы 7 сектор ұсынылды. Олар: шағын бизнес, орта бизнес, ірі бизнес, ұлттық компаниялар, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары мен мемлекеттік басқару саласы. Сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғанындай, инновацияларды енгізу қарқыны сарапшылардың көзқарасы бойынша қанағаттанарлықсыз деңгейде қалып отыр. Жоғары білім, мемлекеттік басқару мен шағын кәсіпкерлік салаларында инновацияларды енгізу бәрінен де баяу жүруде. Жалпы алғанда, сарапшылардың 80% ойынша бұл салаларда модернизация қарқыны төмен және өте төменгі дәрежеде. Әсіресе жоғары білім саласындағы жағдай алаңдатарлықтай, сұралған сарапшылардың 63% пікірінше инновацияларды енгізу деңгейі өте төменгі дәрежеде қалуда.

Орта кәсіпкерлікке байланысты да сарапшылардың пікірлері сын көтермейтін баға беруде. Тек қана сарапшылардың 5% инновацияларды енгізу бұл салада жоғары қарқынмен орындалуда деген пікірде.

Ұлттық компанияларға байланысты жағдай біршама өзгеше сипатқа ие болып, мұнда сарапшылардың пікірлері бөлінуде. Яғни, сарапшылардың 37% инновацияларды енгізу баяу жүруде деп пікір білдірсе, 30% сарапшы осы жағдайға қарама-қарсы пікірлерін білдірген. Осыған қоса 1/3 бөлігі «орта қарқынмен» деген жауапты таңдаған.

Ғылыми-зерттеу институттарына байланысты сарапшылардың пікірлері екіге, яғни, инновацияларды енгізу деңгейі

төмен және бұл өзгерістерге орташа деп баға бергендер болып бөлінді.

Сонымен қоса, Қазақстанда негізінен алғанда шетел компаниялары басқаратын ірі кәсіпкерлік саласында біршама салыстырмалы жағымды жағдай байқалды. Соған байланысты сарапшылардың берген бағасына қарағанда, қызметтері бұқаралық сипатқа ие салаларда модернизациялау деңгейі төменгі дәрежеде қалып отыр. Аталған әрбір сала, көптеген құрамдас бөліктерден тұратыны және өзімен күрделі әлеуметтік және экономикалық құрылымы бар екені, оларды модернизациялау үшін қомақты қаржылық, уақыттық және саяси ресурстарды қажет ететіндігі белгілі. Орта кәсіпкерлік, ұлттық компаниялар, ғылыми-зерттеу институттары және ірі кәсіпкерлік – бұл құрылым көлемі бойынша салыстырмалы шағын, көбіне ұйымдасқан түрді білдіреді. Сондықтанда модернизация мұнда өзінің нәтижесін жылдам көрсетеді.

Сұхбаттасу барысында, сарапшылардың басым көпшілігінің Қазақстанда инновацияларды енгізу деңгейінің төмен екендігімен келісті. Сарапшылардың бір бөлігі бұл жағдайды елімізде «ақылды» экономиканы құрудың дайындық кезеңі енді ғана аяқталғанын, ал инновацияларды жүзеге асыруға біз енді келгенімізді түсіндіреді. Басқабір сарапшылар, инновацияларды жаппай енгізуге қажеттілік жоқ деп ойлайды. Өйткені қалыптасқан салалар мен дәстүрлі технологиялық процестер бар, ол жерде модернизация қалыптасқан жағдайды қиратып, өнімділік деңгейін төмендетіп жіберуі мүмкін деген ой айтып отыр. Сондықтанда бұл сарапшылар инновациялық саясат үшін «ұрандаудан» қашып, нысандарды таңдау әдісімен жанасу қажет екенін ұсынып отыр.

Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуына кедергі келтіретін негізгі факторларға келсек, эксперттік сауалнама көрсетіп отырғанындай, ел экономикасының индустриалды-инновациялық дамуына кедергі келтіретін қандайда бір жеке проблеманы немесе бір себепті бөліп көрсету қиын болып отыр. Бұл жерде әсер ететін кешенді факторларды көрсету керек, солардың ішінде барынша маңызды болып отырғаны, жоғары кәсіби білікті техникалық мамандардың тапшылығы. Сарапшылардың 74% оның өзектілігі туралы атап көрсетті. Шын мәнінде, кәсіби білікті техникалық мамандардың жетіспеушілігі

себебінен елдің экономикалық әлеуетін айтарлықтай шектеуде. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, қаржылық және саяси тұрғыдан қолдау тапқан кез келген мықты идея болса да, оның соңғы нәтижесінде жүзеге асыруда маман мәселесіне келіп тіреледі. Бұл проблема көп жағдайда объективті өзгерістердің нәтижесінде, қазақстан қоғамында соңғы 20 жыл көлемінде жүруде. Тұрғындардың эмиграциясы, жақсы мамандардың шетелге кетуі, білім сапасының төмендеуі, жастар арасында техникалық мамандықтар мәртебесінің төмендеуі және осы сияқты көптеген себептердің нәтижесінде кәсіби мамандар тапшылығына алып келді.

Инновациялық даму жолында тұрған екінші мәселе – бұл ғылым, технологиялар мен инновациялар саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы кезеңділіктің жеткіліксіздігі (58%). Бұл жағдайда сын, инновациялық саясатты кезеңімен атқармаған тікелей мемлекетке айтылады. Мүмкін мұнда әңгіме, жоғары мінберлерде айтылып жақан сөздермен инновациялар саласында атқарылып жатқан нақты істер мен декларациялар арасындағы сәйкессіздіктерге байланысты болуы ықтимал. Сарапшылардың баға беруі бойынша, кәсіпорындардың бастапқы технологиялық және басқарушылық деңгейінің төмендігі мәселесі де өзектілікке ие. Бұл мәселеге де объективті мінездеме тән, өйткені, адам капиталы сапасының төмендігіне байланысты болып отыр.

Сарапшылардың пікірлері бойынша, осы салада қабылданып жатқан нормативтік құжаттардың жалпы кемшіліктері, олардың қазақстан жағдайына бейімделмегендігінен. Яғни, бұл Бағдарламалар батыс елдерінде қабылданған осы сияқты құжаттарға ұқсас. Сондықтанда оларды жүзеге асыру туралы сөз қозғалғанда, Бағдарламалар қалыптасқан өндірістік-технологиялық жағдайдың ерекшеліктерін есепке алмайды екен. Жалпы алғанда, сарапшылардың барлығы да бұл бағдарламалар мен заңдар модернизацияның негізін қалады деген пікірмен келісті. Пайда болған технологиялық парктер инновациялық саясатты жүзеге асырудың алғашқы нәтижелері болып табылады. Тағы бір оң нәтиже – қазір ғалымдарға барлық құқықтық жағдайлар жасалып, соның нәтижесінде өз зерттеу жұмыстарын инновациялық идеяларға айналдыруға мүмкіндіктер алды.

Инновациялық салаға қолдау көрсетудің тағы бір бағыты – бұл түрлі конкурстар мен іс-шаралар өткізу. Соңғы бірнеше жылдың көлемінде дөңгелек үстелдер мен семинар-

ларды айтпағанда, тұрақты түрде Инновациялық форумдар, инновациялық жобалардың Республикалық конкурсы өткізіліп келеді. Аталған шаралардың басты міндеттері, қазақстан қоғамының инновациялық әлеуетін көтеру мен осы идеялардың әсіресе жастар арасында қызығушылығын туғызуда болып отыр.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы елімізде инновациялық дамудың негізін құраушы және бағыттаушы тетігі болып табылады. Сонымен қоса, елдің инновациялық саясаты болашақ ұлттық сәйкестік, бәсекеге қабілеттілік, азаматтардың әл-ауқаты мен экономикалық өміршеңдігі үшін іргетас ретінде қаралады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму Тұжырымдамасы // <http://www.edu.gov.kz>

2. Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық дамуының 2003–2015 жылдарға арналған стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы №1096 Жарлығымен бекітілген // «Юрист» анықтамалық құқықтық жүйесі, версия 4.0-60 б.

Түйін

Бұл мақалада автор, Қазақстан Республикасы индустриалды-инновациялық даму стратегиясын инновациялық дамудың негізі ретінде қарастырады. Сонымен қатар, тақырыпқа байланысты автормен жүргізілген эксперттік сауалнаманың негізгі нәтижелеріне талдау жасалған.

Резюме

В этой статье автор рассматривает стратегию индустриально-инновационного развития Республики Казахстан как основу инновационного развития. Также автором статьи дан анализ основных выводов экспертного опроса.

Summary

The author considers strategy of industrial and innovative development of the Republic of Kazakhstan as a basis of innovative development in this article. Also in this article the author gave the analysis on bases to conclusions of expert questioning (poll).

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ САЯСИ
БАҒДАРЛАРЫ**
(әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерінің негізінде)

Ә.А. Кокушева,

*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және
дінтану институтының ғылыми қызметкері,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ I курс PhD-докторанты*

Посткеңестік мемлекеттердің бірітіндеп демократиялық басқару формасына ауысу кезеңдері нарықтық экономика мен көпвекторлы сыртқы саясаттың күшеюімен сипатталып қоймай, сонымен қатар жаңа бір қозғаушы күш кейпіндегі жастардың саясатқа етене араласуына әкеліп соқтырды. Жастардың азаматтық қоғамның іргетасын қалаудағы маңызды рөлі олардың өзгерістерге тез бейімделіп, жаңа үрдістер мен үдерістердің өзектілігін нығайтуға, оларды қоғамдық қатынастар жүйесіне енгізуге негізделеді. Мәселен, қоғам мен саяси жүйенің, сонымен қатар саяси жүйе ішіндегі элементтер өзара әрекеттесуінің вертикалды формадан көлденең түрге ауысуы жастардың мемлекеттің саяси өміріне белсенді араласып, белгілі бір идеология қағидаларын ұстанып, оларды өз мүддесіндей қорғауға себеп болып отыр. Осы орайда жастардың, оның ішінде студенттердің жалпы саясатқа және жекеленген жағдайда оның құрамдастарына деген қатынасы әркелкі болып келетінін ескеру керек. Олардың саяси бағдарларының мазмұндық негіздерін түсіну үшін, ең алдымен «саяси сана», «саяси мәдениет», «саяси әрекет» категориялық ұғымдардың арақатынасын анықтап алу жөн.

Қазіргі саясаткерлер мен саясаттанушылардың өзара ортақ ұстанымы жоқ болғанымен, олардың саяси сананы саясаттың маңызды құрамдасы ретінде мойындап, оны зерттеудің қажеттілігін түсінуі аталмыш екі тараптың бірлесуіне себеп болып отыр. Алайда, саяси сананы зерттеуде көптеген түсініспеушіліктердің пайда болуы ықтимал. Мәселен, әр түрлі саяси мәдениеттердегі саяси сананы қалыптастыру мәселесі

терминологиялық тұрғыдан әр түрліше түсініледі. Мысалға, батыс саяси психологтардың эмпирикалық зерттеулерінде «сана» категориясы сирек аталады. Әдетте олар саяси «сенім», «ұстаным», «менталитет» және «идеология» категорияларын қолданады. Отандық әдебиетімізде, әсіресе кеңестік кезеңдегі, «сана» термині марксистік дәстүр рухында түсіндірілген болатын. Қазіргі әдебиетте бұқара психологиясы, қоғамдық ой түсініктеріне артықшылық беріліп отыр.

Саяси-психологиялық зерттеулерде саяси сананы сипаттау мақсатында психологиялық категориялар қолданылады (ұстанымдар, стереотиптер, бағдарлар, қызығушылықтар, құндылықтар және т. б.). Осы орайда саяси сананың теориялық моделінің әлі де болса қалыптаспағанын атап өту керек. Мәселен, эмпирикалық зерттеулерде саяси сананы өлшеу үшін бірөлшемдік көрсеткіштер ғана қолданылады. Мысалға, тұлғаның саяси санасының даму дәрежесі құндылықтар, нормалар мен ұстанымдар, сонымен қатар басым дүниетанымның жүйесін ескерусіз тек саясаттан хабардар болу факторымен өлшенеді. Саяси ұстанымдарды анықтайтын саяси орта, топтық коммуникация, экономикалық шарттар факторларын бөліп көрсету мәселелері де тиісті түсіндірмелік жұмысты талап етеді [1].

Саяси сана дегеніміз субъектінің саясатпен, билеп-төстеу мен бағыну сұрақтарымен, мемлекет және оның институттарымен байланысты шынайылықты қабылдауы болып табылады. Осы орайда адамның саясат туралы негізгі білімдері мен ойлары оның жеке басты тәжірибесінің ғана азығы болып табылмайды. Тұлға оларды әлеуметтену барысында өз әлеуметтік ортасынан сіңіріп алады. Алынған білімдер, бағдарлар, құндылықтар мен ұстанымдар біртұтастық құрып, саяси менталитетті қалыптастырады.

Саяси сананың саяси менталитеттің негізін құрап, оның шынайылықтағы материалды проекциясына әсер етуі саяси мәдениеттің белгілі бір формасын қалыптастырады.

«Саяси мәдениет» терминінің жүйелі түрде қолданылуы 20 ғасырдың 50-шы жылдарынан басталады. Аталмыш терминді саясаттанушылар қарапайым құбылысты сипаттау үшін қолданған болатын. Мәдениет, рух, көңіл-күй мен құндылықтар

жүйесі түсініктері саясаттың пайда болу кезінен бастап қолданылып келеді. Аристотель тұрақтылық пен революцияны тудыратын «ақыл-ойдың жағдайы» туралы жазған болатын. Токвиль, Дисей, Бэджот өздерінің теорияларында саяси үрдістердегі өзгерістер мен тұрақтылықты түсіндіру үшін құндылықтар мен сезімдер түсініктерін қолданды. Осы уақытқа дейін тарихшылар мен антропологтар ұлттық мінез бен дәстүрді саяси оқиғаларды анықтайтын факторлар деп қарастырып келді. Ал «ұлттық мінез» түсінігі «саяси мәдениет» терминінің негізін қалаған болатын [2].

Алмонд пен Вербаның классикалық анықтамасы саяси мәдениетті бағдарлардың белгілі бір бейнесіне, саяси әрекетке деген ұстанымдардың, сенімдердің, рәміздер мен құндылықтардың жүйесімен түйістіреді. Л. Пай саяси мәдениетті жалпылама формада көрсетілген саясаттың психологиялық өлшемі деп анықтайды [1, 96 б.].

Осы орайда біз «саяси сана» мен «саяси мәдениет» арақатынасының азығы «саяси әрекет» формасында көрініс табатынын толықтай ұйғара аламыз. Алайда, саяси әрекет көбінесе стихиялы түрде, яғни белгілі бір оқиғалар мен жайттардың орын алу жағдайында «саяси сана» мен «саяси мәдениеттің» бар-болмыстылығын есепке алмай, көрініс табуы мүмкін. Оған қоса, жастарға тән саяси белсенділік көзқарастар мен ұстанымдардың нақты қалыптасқандығын білдіре бермейді. Жастар белгілі бір акцияға қатысқанымен, аталмыш іс-шараның нақты мақсаты қандай екенін түсіне бермейді. Жастардың психологиясына тән «өзгерістерге күштарлық» олардың «өздерінікі» деп есептемейтін мақсаттарды қолдау мүмкіндігін туғыза алады. Жастар санасының саясаттандырылуына кез-келген жаңа наразылық қозғалысы түрткі бола алады. Бұл жағдайда жастарға қазіргі кезеңнің қоғамдық қатынастары, халықаралық жағдай, әлеуметтік саладағы жетістіктер мен күйреулер, ұлттық қатынастар, отбасы мен қоғамдағы адамгершіліктің климат әсер етеді.

Қазіргі жастардың мемлекеттік және саяси билікке деген қатынастары әкімшілік ресурсы бар аталмыш құрылымдардың қызметіне сенім арту, оларды бағалаумен өлшенеді. Бұл

жағдайда біз «сенім арту» және «бағалау» факторларының саяси бағдардың бір қырын құрап, олардың өз кезегінде «саяси әрекет ету» мен «саяси белсенділік» феномендеріне әсер ететінін ескеруіміз керек. Осыған орай ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты 2012 жылдың қараша-желтоқсан айларында Қазақстан жастарының құндылықтық және саяси ұстанымдарын анықтау бойынша зерттеу жүргізген болатын.

Жүргізілген социологиялық зерттеудің нәтижелері бойынша жастардың саяси ұстанымдары әдетте мемлекет пен билік өкілдеріне сенім білдіру, сонымен қатар мемлекеттік институттардың қызметін бағалауға негізделіп отыр. Бұл жағдайда тұлғааралық сенімнің билік институттарына сенім білдірумен тығыз байланысты екені анық көрсетіледі. Биліктің кез-келген институттарына деген қатынастың астарында солардың атынан қызмет ететін тұлғаларға деген жеке қатынас жатыр. Әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері көрсеткендей, жастар Президентке, Үкіметке, Парламентке, әкімдіктерге, яғни мемлекеттік биліктің институттарына сенім артуға бейім болып келеді.

Президент Н.А. Назарбаевты жастар жаңа лидер деп қабылдайды. Сауалнаманың көрсетуінше, жас респонденттердің жартысынан көбі (53,7%) Президенттің қызметіне жоғары баға берді, ал үштен бір бөлігі (37,4%) оның әрекеттерін оңынан бағалады.

Этникалық көрсеткіштер бойынша Президентке 94,5% қазақ сенім артса, 90,1% қолдау көрсететіні анықталды. Президенттің қызметін негативті тұрғыдан бағалайтын жастардың көлемі көп емес: қазақ жастардың бағалауында сыни көзқарастар жиі кездеседі.

Ауыл мен қала жастары Президенттің қызметін бірдей бағалайды. Ал гендерлік көрсеткіштер бойынша қыздар (56,6%) жігіттерге қарағанда (49,3 %) Президенттің қызметін қалыпты бағалайды [3, 86].

Мемлекетте жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат Президенттің ерекше көңіл-назарының объектісі болып табылады. Жастар мәселесі Президенттің жыл сайынғы Жолдауларында, «Нұр-Отан» жастар қанатының форумында және басқа құжаттарда да көтеріледі.

Жастардың көп бөлігі Үкіметке (79,8%), Парламентке (Сенат 70,8% және Мәжіліс 69,3%), жергілікті билік органдарына (Әкімдік 66,9% және Маслихат 61,2%) жоғары дәрежеде сенім білдіреді.

Үкімет қызметіне орыс жастарына қарағанда қазақ жастары белгілі бір дәрежеде көбірек сенім білдіреді: 82,5 % қазақ және 77,8 % орыс. Сонымен қатар Үкіметтің қызметіне қала жастарына (76%) қарағанда ауыл жастары (85,9%), ал ер адамдарға (31,0%) қарағанда әйел адамдар (39,8%) көбірек сенім білдіреді. Жалпы алғанда Үкіметке деген қатынас қалыпты болып келеді. Парламент, оның ішінде Сенат пен Мәжілістің қызметіне сенім білдіру деңгейі Үкіметке деген сеніммен салыстырғанда төмен екені аңғарылады [3, 9 б.].

Жергілікті билік халыққа ең жақын болып келетін және халықтың өз бастамасымен құрылатын билік болып табылады. Сауалнаманың мәліметтері халықтың билікке деген сенімінің деңгейін анықтаған болатын. Әкімдіктерге толық сенім артатын жас азаматтардың үлесі – 20,6%, ал «көп жағдайда» сенім білдірем деген жастардың үлесі 46,3% құрайды. Мұндай көрсеткіш жас қазақстандықтардың Әкімдіктің жұмысын қалыпты бағалайтынын білдіреді. Оған қоса, әкімдіктердің жұмысын бағалауда этникалық айырмашылықтарды да байқауға болады: жергілікті билік органдарына орыстардың 59,9 % сенім білдірсе, қазақтардың 73,0 % сенім артады.

Жастар муниципалды қызмет көрсетулерге неғұрлым қанағаттанса, соғұрлым жергілікті билік органдарына сенім білдіреді. Аталмыш институт, бір жағынан, жастардың мемлекетпен өзара қарым қатынасындағы мүдделерін көрсетсе, екінші жағынан, үкіметтің жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынасындағы мемлекеттік мүдделердің делдалы болып табылады.

Республикадағы саяси жағдай туралы қалыптасқан қоғамдық көзқарасты зерттеу мақсатында респонденттердің мемлекет дамуының саяси бағыт-бағдарын бағалау мен саяси партияларға сенім білдіруінің деңгейін анықтау сияқты көрсеткіштер бойынша өлшемдер жүргізілген болатын. Сауалнамаға қатысқан жастардың көбісі Қазақстанның дұрыс бағытта дамып келе

жатқанына кәміл сенеді. Жастардың тек 8,3 % ғана сенімсіздік білдірген болатын. Осы орайда аға ұрпаққа карағанда жастардың мемлекеттің даму бағдарын қалыпты бағалайтыны да аңғарылды [3, 10 б.].

Қазақстандағы саяси жағдайды жас респонденттердің көбісі (84,1%) қолайлы деп есептейді. Бұлай деп қазақ жастарының 29,0%, ал орыстардың 19,8% деп бағалайды. Тек 6,8% ғана осы көзқарасты жоққа шығарады. Осы орайда орыстардың 8,0% ал қазақтардың 5,8% мемлекеттегі саяси жағдайды қолайсыз деп есептейді. Байқағанымыз, орыс респонденттері мемлекеттегі саяси жағдайды бағалауда сыни қатынастарын жиі білдіреді.

Ақырғы жылдары түрлі жастар қозғалыстары пайда болып жатыр. Алайда олардың көбісі өз мүдделерін қорғау мақсатында жастармен емес, ал аға ұрпақпен құрылған болатын. Ол өз кезегінде жастардың елдегі саяси партиялар мен олардың қызметі туралы хабардар болу деңгейінен көрініс табады.

Сауалнама нәтижелерінің көрсетуінше, қала тұрғындары ауыл тұрғындарына карағанда саяси партияларды жақсырақ біледі. Алайда жастардың өздерінің белгілі бір партия немесе саяси қозғалысқа деген қатынастарын анықтауда қиналғандары анық байқалады. Осы жағдайда жастардың әдетте «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы, «Болашақ» жастар қозғалысы, «Ақ жол» демократиялық партиясын қолдайтындары олардың тек мемлекеттік саясаттың қызметін бағалаумен шектелетінін көрсетеді. Сауалнаманың мәліметтері жастардың әсіресе «Нұр Отан» партиясына жоғары деңгейде (89,5%) қолдау көрсететінін аңғартады. Біздің ойымызша, ол біріншіден, «Нұр Отан» партиясының қазіргі Президенттің атымен байланысты болып, екіншіден, олардың мемлекеттегі әлеуметтік және саяси ахуалға қанағат білдіретіндеріне негізделеді.

Қазақ және орыс жастарының абсолюттік көпшілігі «Нұр Отан» партиясын қолдайды – 88,2% қазақ және 91,1 орыс.

Жастар қозғалыстары жастардың ортасында аса танымал емес. Мәселен, «Жас Отан» қоғамдық қозғалысын қазақтардың 10,2% және орыстардың 3,1 % қолдайды, ал «Болашақ» жастар қозғалысына 12,8 қазақ және 10,4 % орыстар қолдау көрсетеді [3, 14 б.].

Жастардың саяси белсенділігіне келетін болсақ, екі жалпы бағдарды бөліп көрсетуге болады: саяси және қоғамдық қызмет ету мүддесін көрсететін мықты ұстаным мен саясат туралы әңгімемен шектеліп қоятын орнықсыз ұстаным. Талдау нәтижелері мен жауаптар реттілігінің салыстырылуы өз кезегінде саяси белсенділік деңгейінің төмен екенін, алайда жастардың бойында мұндай уәждеменің бар және де оның белгілі бір себептердің кесірінен орындалмайтынын көрсеткен болатын. Қазіргі Қазақстан жастарының саясатқа етене араласпауы олардың «электоралды топтарда» аздық өкілеттілік етуінен байқалады. Жастардың өз әлеуметтік-саяси белсенділігі бойынша берген жауаптары олардың белсенділігінің кең таралған формасы «саяси әңгімелер» болып табылатынын көрсетеді: достармен саяси жағдайды талқылау, БАҚ-да жаңалықтарды оқып, көру. Жастардың белсенді әрекеттерге баруы сирек жағдай. Жастардың көпшілігі үшін саясат пен саяси өмір жанама жүріп жатқан құбылыстардың бірі болып табылады, өйткені, олар өздерінің негізгі уақытын оқу, отбасы, жұмыс пен мансапқа арнайды.

Сауалнаманың нәтижесінде алынған эмпирикалық мәліметтер қазіргі жастар санасының саяси емес, ал әлеуметтік-экономикалық (білім алу, жұмыспен қамтылу), әлеуметтік-мәдени (отбасы құру, тұлғалық қабілеттерді жетілдіру), рухани (ұлттық және діни бірегейлікті сақтау, салт-дәстүрлерді жаңғырту) құндылықтарды дамытуға бағыттталып, өмірге әсер ететін әмбебап факторларды қамту күйінде қалыптасып жатқанын көрсетеді. Осы орайда біз жастардың көп бөлігінің саясаттың астарында мемлекеттегі әлеуметтік және экономикалық тұрақтылық пен этносаралық келісімділікті қамтамасыз ететін билік органдары мен институттардың қызметін түсінетінін аңғарып отырмыз. Олардың мемлекетке деген қатынастары да, саяси ұстанымдары мен әрекеттері де осы шеңбердің аумағында дамитынын ескеріп, жастардың алдағы уақытта саяси жүйе мен қоғамның өміріне тұрақсыздық орнатпайтынына сенім білдірсек болады.

Әдебиеттер

1. *Шестопал Е.* Психологический профиль российской политики 1990-х. – Москва, 2000. – С. 156.
2. Политическая наука: новые направления. – М.: Вече, 1999. – Гл. 13.
3. *Ешпанова Д.Д.* Социально-политические ориентации казахстанской молодежи // Аналитический отчет. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 33 с.

Түйін

Мақалада қазіргі Қазақстан жастарының саяси бағдарлары қарастырылған. Автор «саяси сана», «саяси мәдениет» және «саяси белсенділік» сияқты түсініктердің «саяси бағдарлар» жүйелік түсінігінің мазмұндық құрамдастары болып табылатынын көрсетеді.

Резюме

В статье рассматриваются политические ориентации современной молодежи Казахстана. Показывается, что такие понятия, как «политическое сознание», «политическая культура» и «политическая активность» являются содержательными компонентами системного понятия «политические ориентации». Автор выявил, что политические ориентации взаимообусловлены с происходящими в стране событиями и реформами, и, в основном, выражаются через отношение к институтам власти, которые являются инициаторами и исполнителями политических инноваций.

Summary

The article focuses on the political orientation of modern youth of Kazakhstan. It is shown that such concepts as «political consciousness», «political culture» and «political activity» are substantial components of the system concept «political orientation». The author has revealed that political orientation interdependent with events in the country and reforms, and mostly expressed in terms of the ratio to the government institutions that are initiators and executors of political innovations.

РОЛЬ НРАВСТВЕННО-ДУХОВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СИСТЕМЕ ЦЕННОСТЕЙ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ

М.Б. Алтысбаева,

КарГУ им. Е.А. Букетова,

старший преподаватель, магистр социальной работы

Человеческое общество стремительно развивается, возрастает благосостояние, создаётся больше условий для физического и интеллектуального развития, всё большее количество людей получает образование. Казалось бы, есть причины для оптимизма. Человечество стало могущественной силой благодаря своему развитому техническому и интеллектуальному потенциалу. Судьба планеты и всего живого на ней зависит от нас, так велика наша технократическая власть над природой. Но парадокс заключается в том, что наша цивилизация и сама планета, такой, как мы её знаем, находятся на грани самоуничтожения. К сожалению, при высоком уровне интеллектуального потенциала снижаются нравственные качества людей, поэтому ситуация становится все более опасной: все мы наблюдаем такие явления, как террористические акты, войны, рост самоубийства, дети-сироты при живых родителей, болезни, обездоленные старики, загрязнение окружающей среды.

Как писала С.А. Назарбаева, в поисках ответа на вечные вопросы: «...считается, что главная цель образования – научить ребенка компьютерной грамотности, иностранным языкам для дальнейшего получения диплома престижного вуза. В итоге вырастает «дитя прогресса», которое не в состоянии отличить добро от зла, сострадать и сопереживать ближнему своему. С самых первых шагов в жизни детям нужно прививать знания об извечных общечеловеческих ценностях: любви, всепрощении, терпимости и милосердии» [1, с. 23–27].

К сожалению, главный упор в сегодняшнем образовании делается на интеллектуальных достижениях, другими словами, на сдаче экзаменов и получении хороших оценок. Образование сегодня состоит из того, что в голову детей вкладывают информацию, которую затем они выдают на экзамене и после этого уxo-

дят, больше не обремененные ею. Ученики получают огромные объемы знаний и информации без умения разбираться, что с ней делать! Так что же является целью образования, если большая часть того, что мы учим, так быстро забывается? Реальная ситуация, сложившаяся в образовательной среде, свидетельствует о девальвации нравственных ценностей, смещении приоритетов в сторону материального благополучия.

Действительно, несмотря на растущие удобства современной цивилизации, в мире отсутствуют спокойствие и надежность. Например, вспомним о глобальных проблемах современного мира: экологические катастрофы, социально-экономический кризис, террористические акты, межнациональные и межрелигиозные конфликты. Также кризис сегодня остро проявляется не только в плоскости социально-экономических отношений и экологии, но и во внутренней жизни личности в виде потери смысла жизни, наркомании, суицидов. Приобретая сумму знаний, но все меньше задумываясь о духовном, о добре и зле, о любви и милосердии, человек не может чувствовать себя счастливым.

Вышесказанное позволяет сделать вывод о том, что сейчас следует обратить особое внимание на цели и приоритеты образования. Современное образование с избытком удовлетворяет потребности ума, давая ему огромные объемы информации. Великий Абай («Слова назидания», слово 17) считает, что истинно научный подход к воспитанию Разума и Воли – это воспитание Сердца: «Разум человека совершенствуется безграничной, неиссякаемой любовью к добру». К сожалению, современная наука и образование служат, скорее, разуму и воле, чем сердцу, поэтому, основная задача современности – возвращение науки и образования к своему высокому изначальному предназначению.

В результате неверно расставленных приоритетов в образовании развитые одаренные школьники могут получить все знания и навыки, положенные по программе, но не будут подготовлены для того, чтобы использовать накопленные знания в целях своего дальнейшего развития и на благо общества. Образование должно быть ради жизни, а не только ради заработка на жизнь.

Цель образования – во всестороннем целостном развитии ребенка. В процессе образования следует развивать не только физические и интеллектуальные аспекты личности ребенка, но

и, прежде всего, раскрывать высшую нравственно-духовную природу ребенка.

Нравственно-духовное образование – это целенаправленный педагогический процесс организации и стимулирования активной учебно-познавательной деятельности учащихся через включение в содержание образования общечеловеческих ценностей, способствующих раскрытию высшей нравственно-духовной природы учащегося, и имеющий целью становление человека совершенного характера, живущего в единстве мысли, слова, дела.

Сегодня необходимо гармоничное развитие двух аспектов образования – интеллектуального – внешнее, образование для ума, нравственно-духовного – внутреннее, образование для сердца. Необходимо слить образование и жизнь в одну прекрасную гармонию. Мировоззренческие основы интеграции нравственно-духовного образования учебных дисциплин состоят в целом понимании мира и человека, как обладающих не только биологической и социальной, но и высшей духовной природой, которая в окружающем мире проявляется как жизнь, движение, развитие, порядок и гармония; в сознании человека проявляется как вечные общечеловеческие ценности.

Интеграция духовно-нравственного образования в предмет – это прежде всего, оживление знания, выявление его духовно-нравственной сущности, это целостное знание, синтез всех предметов на основе общечеловеческих ценностей и видения единства в многообразии. Вечные ценности должны стать фокусной точкой образования, другими словами должны составить единое целое во всем, чему мы учим.

Педагогическая межпредметная интеграция рассматривалась в работах А.А.Бейсенбаевой. Ученый подчеркивает в своих работах, что «задача усовершенствование учебных планов, программ и учебников состоит в том, чтобы отразить в них не только достижения отдельных отраслей знаний, но и аксиологический характер современной науки, ее преобразующее значение, влияние на нравственность человека, его духовный мир» [2, с. 57–61].

Педагогические принципы, которыми следует руководствоваться в процессе интеграции духовно-нравственного образования в учебные дисциплины:

- принцип общечеловеческих ценностей;

